



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: БІЛІМ. ҒЫЛЫМ. ИННОВАЦИЯ

*Мақалалар жинағы
(3-шығарылым)*

АҚТАУ, 2020

**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ:
БІЛІМ. ҒЫЛЫМ. ИННОВАЦИЯ**

Мақалалар жинағы

(3-шығарылым)

АҚТАУ, 2020

ӘОЖ 37.0
ББК 74.00
Р87

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті ғылыми-техникалық кеңесінің шешімімен, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Маңғыстау өңірлік сараптама кеңесінің шешімімен баспаға берілді.

Р87 Рухани жаңғыру: Білім. Ғылым. Инновация., 3-шығарылым. Ақтау: Ш.Есенов атындағы КМТИУ, 2020. – 253 б.

Құрастырғандар: ф.ғ.д., профессор Нұрдәулетова Б.И.
ф.ғ.к., доцент Жеткізгенова Ә.Т.

Жауапты редакторлар:
Ахметов Б.Б., т.ғ.к., Ш.Есенов атындағы КМТИУ ректоры
Нұрмағанбет Е.Т., з.ғ.к., Ш.Есенов атындағы КМТИУ ғылыми жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректоры
Аманиязова Г., э.ғ.к., Ш.Есенов атындағы КМТИУ тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор

ISBN 978-601-308-242-4

Ғылыми жинаққа «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша Ш.Есенов атындағы КМТИУ-де жүзеге асырылған ғылыми-зерттеу жұмыстарының материалдары енгізілді.

Кітап әлеуметтік, жаратылыстану және гуманитарлық бағыттағы білім алушылар мен ғылыми ізденушілерге, оқытушылар мен мектеп мұғалімдеріне арналады. Жинақ 2018 жылдан бері жүйелі түрде шығарылып келеді, аталған кітап жинақтың 3-шығарылымын қамтиды.

ӘОЖ 37.0
ББК 74.00

© Ш.Есенов атындағы Каспий
мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, 2020

ISBN 978-601-308-242-4

ПРОФЕССОР Т.ТЕБЕГЕНОВ – ӘДЕБИЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМ

Қабылов Ә.Д., ф.ғ.к.

«Қазақ филологиясы» кафедрасының профессоры
Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Мақала көрнекті әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Темірхан Тебегеновтің еңбек жолы мен еңбектеріне арналған. Педагог ғалымның еліміздің білім саласы мен ғылымын дамытудағы жүріп өткен жолы мен ғылыми еңбектері сараланып, кейбір ғылыми еңбектеріне талдау жасалады. Мақала ғалымның 70 жылдық мерейтойына арналып дайындалған.

Кілт сөздер: әдебиеттану, филология, ғылыми-зерттеу, жоғары білім, университеттік білім, ақындық мектеп, халық поэзиясы.

Ұлттық сөз өнерін зерделеу, ана тілінің терең тамырлары мен құнарына бойлап, тылсым табиғатын ашу – қасиетті іс. Ал ана тілдің асыл қасиеттерін туған әдебиет арқылы шәкірттің бойына сіңіру – өмірін ұстаздыққа арнаған жанның мың сан сауапты қызметі. Ғылыми-зерттеу жұмысын оқу процесіндегі шәкірт дайындау ісімен сабақтастыра еңбектену танымдық шығармашылықтың күрделі, сатылы, кешенді қызметі. Ғалымдық пен ұстаздық салада қатар еңбектеніп, қазақ әдебиеттануының мерейін өсіріп келе жатқан аға ұрпақтың өнегесі – көпке үлгі, жас буын үшін өнеге мектебі. Бүкіл саналы ғұмырын ұлттық сөз өнерін зерттеу мен шәкірт тәрбиелеу ісіне арнап, осы салада жарты ғасырға жуық адал қызмет етіп келе жатқан азаматтардың бірі – Темірхан Тебегенов.

Тебегенов Темірхан Сақаұлы 1949 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданының Ақжар мекенінде дүниеге келген. 1958–1968 жылдары «Ақжар» кеңшарындағы № 28 «Бестам» орта мектебінде оқып, орта білім алған.

1968–1972 жылдары Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы мемлекеттік педагогикалық институттың филология факультетінде оқып, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша жоғары білім алып шығады. Жоғары оқу орнында Ә.Қоңыратбаев, Н.Жүнісов, Ә.Жақыпов, Ә.Байжолов, Г.Смағұлова, М.Кереев, Ү.Абдуллаев сынды ұстаздарының берген білімі мен бойға сіңірген білік-дағдылары, адамгершілік ұлағаты зерделі жастың алдағы өміріне өшпес із қалдырады. Студенттік кездің өзінде ғылыми пәндерді үздік меңгерумен қатар, ғылыми ізденістерге де талпынып, студенттердің ғылыми қоғамының жұмысына белсене араласады, республикалық ғылыми конкурстарға қатысып, жетістіктері үшін марапатталады. Институттағы «Сыр сұлуы» ән-би ансамблінің өнерпаздары құрамында (1968–1969 жж.) мерекелік концерттерде өнер көрсетіп, бойындағы өнерпаздық талантын да шыңдай түседі.

Еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған Темірхан аға әуелі Қызылорда облысындағы Қармақшы ауданының «Қуандария» кеңшарындағы №186 орта мектебінде (1972–1974), сосын Қызылорда қаласындағы №10 Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепте (1974–1981) қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болды, соңғысында кейін директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін де атқарды. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу саласындағы ізденістері мен озық тәжірибелері аудан, облыс көлемінде таратылып, әдіскерлер тарапынан оң бағасын алды. Мәдени-ағарту шараларына да белсене қатысып, ауыл көркемөнерпаздарының күшімен концерттер қойып, шағын пьесаларды сахналауға мұрындық болды. Қалалық, аудандық, облыстық педагогикалық оқуларда қазақ әдебиетін мектепте оқыту мен тәрбие мәселелеріне арналған ғылыми-әдістемелік баяндамалары жоғары бағаланды.

Темірхан Сақаұлы 1981-1991 жылдары Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтында (қазіргі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік

университеті) еңбек етті. Аталған пединституттың бастауыш оқудың педагогикасы мен әдістемесі, қазақ тілі және әдебиеті кафедраларында оқытушы, аға оқытушы, доцент, қазақ тілі және әдебиеті (1989–1990 жж.), қазақ әдебиеті және араб тілі (1990–1991 жж.) кафедраларының меңгерушісі қызметтерін атқарды.

1986-1987 жылдары қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті аспирантурасында оқыды. 1987 жылы «Ақындық дәстүр және Нартай Бекежанов поэзиясының өзіндік ерекшеліктері» тақырыбында кандидаттық, 2002 жылы «Ақындық поэзиядағы фольклор мен әдебиет дәстүрі» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. «Әдебиеттану» мамандығы бойынша «доцент» (1991), «профессор» (2004) ғылыми атақтарын алды.

1991 жылдан қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде доцент (1991-2003), профессор (2004 жылдан), «Қазақ әдебиеті» (2008-2011), «Қазақ әдебиеті және журналистика» (2011-2014) кафедраларының меңгерушісі қызметтерін атқарды. Қазіргі кезде академик С.Қирабаев атындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының профессоры болып еңбек етеді. Университетте «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Шетел әдебиеттері тарихы» пәндерінен дәрістер оқиды.

Профессор Т. С. Тебегеновтің ғылыми жетекшілігімен 1 докторлық, 13 кандидаттық, көптеген магистрлік диссертациялар қорғалған. Отандық және шетелдік (Ресей: Татарстан, Башқортостан, Қытай, Түркия, Болгария, Өзбекстан, Қырғызстан, т.б.) ғылыми басылымдар мен жинақтарда 500-ден аса ғылыми мақалалары жарық көрген. 11 монография, 2 оқулық пен 17 оқу құралының авторы. ҚР БҒМ бекіткен 5 оқу пәнінің типтік бағдарламаларын жасақтаған («Қазақ әдебиетінің тарихы (XIX ғ.)»; «Қазіргі қазақ әдебиеті (XX ғ. 70-90 жж. және XXI ғ. басы)»; «Шетел әдебиеттерінің тарихы (Барлық кезеңдері бойынша)»; «Шығыс әдебиетінің тарихы»; «Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері»).

Профессор Т.Тебегенов ғылым мен жоғары білім саласындағы халықаралық қатынастар мен академиялық ұтқырлықты дамыту бағытында да белсенді қызметімен көрінуде. 2016 жылдың Қытай Халық Республикасының астанасы Бейжіңдегі Орталық Ұлттар университетіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетінде «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Әдебиет теориясы зерттеулерінің методологиясы», «Қазақ әдебиетінің эстетикалық табиғаты», «Шетел әдебиетінің тарихы» пәндері бойынша арнайы шақыртылым бойынша дәрістер оқыды, магистрлік, PhD диссертациялар қорғау кеңестерінің жұмыстарына қатысты.

Халықаралық республикалық ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік конференцияларда үнемі баяндамалар жасап келеді. Сулейман Демирел және Фатих университеттерінің бірлескен халықаралық бағдарламасы бойынша қазақ және түрік халықтарының фольклоры мен әдебиеті мұраларын, әдеби байланыстарын оқыту, зерттеу мәселелеріне арналған тақырыптарда зерттеулер жүргізуде.

Т.С.Тебегенов ғылыми-педагогикалық Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршысы», Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегі «Ай-Ару», «Сүлейман Демирел университеті Хабаршысы», «Қазақ және әлем әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті қазақ, орыс сыныптарында», әдеби-танымдық «Тұрмағамбет» «Әлімсақ», «Дәстүр» журналдары редакция алқаларының мүшесі, «Қазақ және әлем әдебиеті» журналының (2009-2010 жж.), «Жамбыл әлемі» газетінің (2016 ж.) Бас редакторы болып келеді. 2009 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданының Ақжар ауылындағы №28 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті педагогикалық кеңестің шешімімен «Профессор Темірхан Тебегенов атындағы кабинет» болып аталды.

Темірхан Тебегенов – Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар Академиясының, Қазақ ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр Академиясының академигі. Халықаралық «Бейбітшілік әлемі» сыйлығының, Түркі Әлемі Халықаралық «Қызыл Алма» сыйлығының, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты. ҚР БҒМ «Ыбырай Алтынсарин» медалімен, ТҮРКСОЙ, Қырғыз Республикасының «Тоқтағұл

Сатылғанов – 150» медалімен, «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Қазақ Творчестволық Бірлестігінің «Ел ардақтысы» медалімен, Қазақ хандығының Бас батыры «Текей батыр» медалімен, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың «Үздік Түлек» медалімен, «Қорқыт Ата атындағы Алтын медалімен», Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Абай» медалімен, марапатталған. ҚР Жазушылар Одағының мүшесі. Қармақшы ауданының Құрметті азаматы.

Темірхан Сақаұлының ғылыми ізденістерінің негізгі бағыты – ақындық поэзия табиғаты мен әдебиет тарихының мәселелері, қазақ ақын-шығармашылығы. Қазақтың ақындық өнерінің табиғатын талдауға арналған ілгерідегі еңбегі «Әдебиет тарихында» (1999) дәстүрлі ақындық поэзия өкілдері шығармашылығының ерекшеліктері сараланып, XIX–XX ғасырларда өмір сүрген көрнекті ақындар Базар Оңдасұлының, Бұдабай Қабылұлының, Нартай Бекежановтың әдеби мұралары жан-жақты қарастырылып, ғылыми-теориялық талдаулармен бағаланған.

Ақындық поэзия туралы ғалым бір сөзінде: «Қазақ әдебиеті тарихындағы дәстүрлі ақындар поэзиясы – ұлттық сөз өнері дамуындағы негізгі әдеби үдеріс желісін құрайтын ұлттық рухани құндылық. Халықтың қалыптасуы, өсіп-өркендеуі жолындағы тарихи кезеңдердің ежелгі дәуірлерден бастап қазіргі заманымызға дейінгі көркемдік дәстүр жалғастығы жүйесінде ауызша авторлық әдебиет өкілдері сөз өнерінің халықтық сипатын танытумен келеді. Байырғы түркі өркениеті (V-VIII ғғ.) жазба жәдігерліктерінің мәні де, Ислам діні тарала бастаған алғашқы кезең (IX-XI ғғ.), Алтын Орда (XII-XIV ғғ.), Қазақ хандығы (XV-XVIII ғғ.), XIX-XX ғғ. дәуірлері әдеби үдерісінде ауызша авторлы поэзияның ықпалы қоғамдық-әлеуметтік ортаның тұрмыстық хал-ахуалымен тығыз бірлікте жырлануымен ерекшеленеді», – деп тұжырымдайды.

«Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» (2001) атты монографиялық еңбекте дәстүрлі ақындық поэзия өкілдерінің шығармаларындағы қоғамдық сананың ұлттық сипаттарын жинақтайтын этнографиялық өрнектер, психологиялық иірімдер мен танымдық-тәрбиелік астарлар, діни-философиялық сарындар салмақты пайымдалады. Автордың дәстүрлі ақындық поэзиядағы авторлық тұлға, автор мен адресаттық нысан арасындағы психологиялық байланыс хақындағы ой-тұжырымдары мен психологиялық уақыт пен кеңістікті құрайтын шежірелік, болжалдық, мұсылмандық-мүнәжаттық және пантеистикалық өлеңдерді ғылыми-танымдық негізде талдаулары өте тартымды шыққан.

«Халық ақындары» (1997) еңбегі қазақтың ақындық поэзиясында орны бар көрнекті халық ақындарының шығармашылығына арналған. Кітапта Қожаберген Толыбайұлының (1663–1773), Шортанбай Қанайұлы (1818–1881), Ерімбет Көлдейбекұлы (1844–1916) шығармашылығы жеке тарауларда қарастырылып, тақырыптық-идеялық сипаты мен көркемдік ерекшеліктері талданады. Қожаберген Толыбайұлының жыр-толғаулары мен дастандарының мән-маңызына XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің даму үдерісі тұрғысынан баға берілген. Қожаберген жыраудың ақындық-жыраулық болмысы оның жорық жырауы, заманының би-шешені ретіндегі қоғамдық-әлеуметтік қызметімен сабақтастықта қарастырылып, шығармашылығының ұлтыммыздың рухани мәдениеті тарихындағы маңызы көрсетілген. Сондай-ақ «Елім-ай!», «Баба тіл» дастандарының тақырыптық-идеялық, сюжеттік-композициялық, стильдік-көркемдік ерекшеліктері сараланған.

Шортанбай Қанайұлының әдеби мұрасындағы насихат, терме-толғау, арнау, жоқтау, айтыс өлеңдері, дастан жанрындағы шығармалары талданып, XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі діни-исламдық өркениеттегі сопылық-философиялық дүниетаным мен зар замандық поэзия сарындарын тұтастырған ерекшеліктері сөз болады. Сонымен қатар, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихының көрнекті тұлғасы Ерімбет Көлдейбекұлының өмір жолы дерекнамалық материалдарға негізделе баяндалып, дидактикалық-философиялық толғау-термелерінің, жазба айтыстарының, дастандарының поэтикалық ерекшеліктері талданған. Аталған ақындар

шығармаларының халықтық әдебиетті дамытудағы ролі мен әдеби процестегі көркемдік заңдылықтар тұрғысынан суреткерлік ізденіс ерекшеліктеріне баға беріледі.

«Әдебиет тарихының мәселелері» (1998) еңбегінде сөз өнерінің кейбір теориялық өзекті мәселелері ұлттық әдебиет пен әлемдік әдебиеттің сабақтастығы мен көркемдік жалғастығы контекстінде қарастырылады. Қай халықтың әдебиеті болса да, томағатұйықтықта оқшау дамымайтыны, ақыл-ой мен көркемдік сана жұғыстығы мен жалғастығынан сабақ алып, кең өріске шығатынын исламдық дүниетаныммен сусындап қалыптасқан классикалық әдебиет өкілдері шығармаларындағы философиялық, дидактикалық, лирикалық, эпикалық сарындарды пайымдау арқылы дәлелдейді. Бұл орайда ХІХ–ХХ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының әдеби мұралары мысалында талдаулар жүргізіп, орнықты ой-тұжырымдар ұсынады. Хакім Абай шығармаларындағы діни-исламдық дүниетаным бастаулары адамзатқа ортақ гуманистік-эстетикалық көзқарастар тұрғысында дәйектеледі. Ыбырай Алтынсарин мұрасындағы діни-исламдық көзқарастар («Мұсылманшылықтың тұтқасы» («Шариат-ул-ислам»)) төркіні сөз болады. Сондай-ақ кітапта Омар Шораяқұлының, Тұрмағамбет Ізтілеуұлының, Сәкен Сейфуллиннің, Ғабит Мүсіреповтің, Асқар Тоқмағамбетовтің, Қалижан Бекхожиннің шығармашылығы жеке-жеке ғылыми очерктер түрінде беріліп, әдебиет тарихының түрлі кезеңдеріндегі ақын-жазушылар мұраларында жалғасып келе жатқан көркемдік дәстүр сабақтастығы мәселелері зерделенген.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген ширек ғасырдан бері де ұлттық әдебиетіміз жаңа мазмұн, тың тақырыптармен толығып, заманәуи көркемдік көкжиектерін бағындыруда. Осы жылдар ішіндегі сөз өнерінің дамуын ғылыми тұрғыдан пайымдаған еңбектер жазылуда. Солардың бірі – 2013 жылы жарық көрген ғалымның «Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдебиеті» (ХХ ғ. 90-жылдары және ХХІ ғ. бас кезі) монографиясы [1]. Бұл еңбекте еліміздің тарихындағы Тәуелсіздік салтанат құрған кезеңнің, атап айтқанда 1991-2013 жылдардағы, жаңа әдебиетіміздің даму беталысы, көрнекті қаламгерлердің поэзия, проза, драматургия жанрлары бойынша шығармалары жеке тарауларда қарастырылады. «Қазақ поэзиясының жаңа белесі» деп аталатын алғашқы тарауда тәуелсіздік жылдар поэзиясының сипаттары, идеялық-тақырыптық ерекшеліктері, көркемдік қырлары қарастырылып, діни-мінәжат жырлары, азаматтық лирика, табиғат-атажұрт толғаулары, махаббат лирикасы, патриоттық-қаһармандық сарындар, философиялық поэзия төркіндері жан-жақты қарастырылып, көптеген ақындардың шығармалары талданған. Жаңа дәуір поэзиясының беталысын ғалым: "Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиетінің негізгі арнасы – қазақ поэзиясы жаңа тарихтың көркемдік-эстетикалық болмысын романтикалықкөтеріңкі рухпен, реалистік сипатымен жырлап келеді. Ғасырлар бойы халықтың жан ділін танытып келе жатқан ұлттық поэзиямыз жаңашылдық жолмен дами береді», – деп бағалайды.

«Прозадағы көрнекті туындылар өрнектері» тарауында қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Адам Мекебаев, Ұзақбай Доспанбетов, Қажығали Мұқанбетқалиұлы, Сәбит Досанов, Жанат Ахмади, Нағашыбек Қапалбекұлы, Серік Асылбекұлы, Жолтай Әлмашұлы, Жәди Шәкенұлы секілді көрнекті жазушылардың тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген көлемді шығармалары талданып, басқа да жазушылар шығармаларына шолу жүргізілген.

«Драматургия: өмір шындығы және көркемдік шешім» тарауы осы кезеңдегі драматургия жанрында жазылған шығармаларға арналған. «Қазіргі қазақ драматургиясы әлемдік классикалық дәстүрді шығармашылықпен қабылдай отырып, ұлттық топырақтағы осы өнердің өркендеуіне жаңашылдықпен үлес қосып келеді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі салтанат құрған жылдары жазылып, бірқатары театр сахналарында қойылып келе жатқан әртүрлі тақырыптардағы пьесалар классикалық драматургия жанрларының уақыт пен кеңістіктегі өміршен ұлағатын айғақтайды», – деп сараптаған ғалым драматург-жазушылар Қ.Ысқаков, Д.Исабеков, И.Оразбаев, Н.Оразалин, С.Балғабаев, С.Асылбекұлы, Ж.Әлмашұлының пьесалары сөз болады.

Монографияның соңғы тарауында тәуелсіздік кезеңіндегі абайтану саласы мен Қазақстандағы туысқан халықтар әдебиетінің жаңа кезеңдегі дамуы сөз болады. Тұтастай алғанда, бұл ғылыми еңбек «Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиеті және зерттеу салалары ұлттық рухани құндылықтарымыздың уақыт өзгерістерімен үндесе даму болмысын танытатынын» дәлелдей алған.

Ғалымның «Біртұтас қазақ әдебиеті» атты оқулық-монографиясы (Алматы, 2018) Қытайдағы және атажұртқа оралған ақын-жазушылардың шығармашылығына зерттеуге арналған [2]. Еңбекте шетелдегі (Қытайдағы және тарихи отанына оралған көптеген ақын-жазушылардың шығармашылығы біртұтас ұлттық әдебиетіміздің бір тармағы ретінде қарастырылып, олардың қысқаша өмірбаяны мен еңбектері, шығармашылық ерекшеліктері сарапталып, талданады. Көпшілік назарына ілінбей жүрген осындай қаламгерлердің шығармашылығына назар аудартып, ғылыми айналымға енуіне ықпалдасады.

Темірхан Тебегенов – шетел әдебиетінің тарихынан еліміздің жоғары оқу орындары үшін оқулық дайындап келе жатқан осы саладағы жетекші ғалымдардың бірі. Оның қаламынан шыққан оқулықтар мен оқу құралдары қазір жоғары мектепте оқу процесіне пайдаланылуда. Мысалы, «Шетел әдебиеттері тарихы» (1996, 2006), «Әлем әдебиеті (XIX-XX ғасырлар)» (2016) оқулықтары мен хрестоматиялық оқу құралдары Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихындағы жоғары мектепте шетел әдебиетін мемлекеттік тілде оқыту мақсатында ұлттық әдебиеттанудың көркем аударма үрдісінің жетістіктеріне негізделіп құрастырылған еңбектер екенін айту лазым. Бұлардың бәрі білім алушылардың қажеттілігін қанағаттандыруда уақыт сұранысына жауап беріп келеді.

Дәстүрлі ақындық поэзиясының көрнекті тұлғалары Жүсіп Ешниязұлының (2003), Молдахмет Дабылұлының (2005) шығармалары жинақтарын құрастырып жариялады. Көрнекті халық ақындары шығармалары жинақтарының («Көмейден төгіл, жауһар жыр» (2008); «Дала дарындары» (2008), «Мұзарап ақын шығармалары» (2008) жауапты редакторы болып, алғы сөзін жазып жариялауға қатысты.

Профессор Т. С. Тебегенов – ҚР БЖҒМ М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындап жарияланған қазақ әдебиеті тарихы көптомдығының 6-томындағы (2006) «Тайыр Жомартбаев», «Тұрмағамбет Ізтілеуов» шығармашылығына арналған бөліктердің авторы. Іргелі зерттеулер бағдарламалары бойынша жұмыстары жалғасуда. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясына (5, 6, 7-тт.) қазақ және әлем әдебиетіне арналған мақалалары енгізілген.

Профессор Т. С. Тебегеновтің қазақ әдебиеті тарихындағы ақын-жазушылар, ғалымдар туралы мақалалары да жарық көрген. Қорқыт ата, Жамбыл Жабаев, хакім Абай, Махамбет Өтемісұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Жүсіп Ешниязұлы, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Қалмахан Әбдіқадыров, Зейін Шашкин, Молдахмет Дабылұлы, Нұртуған Кенжеғұлұлы, Әлкей Марғұлан, Бауыржан Момышұлы, Бейсенбай Кенжебаев, Әуелбек Қоңыратбаев, Ханғали Сүйіншәлиев, Нысанбек Төрекұлов, Серік Қирабаев, Нығмет Ғабдуллин, Әбділхамит Нарымбетов, Қайнекей Жармағамбетов, Зейнолла Шүкіров, Рымғали Нұрғалиев және т.б. кейінгі толқын шығармашылық тұлғалар туралы еңбектері жарияланған.

Зерттеушінің шетелдердегі (Түркия, Ауғанстан, Қытай, Монғолия) қазақ әдебиеті мәселелері, Ақыт Үлімжіұлы, Көдек Маралбайұлы мұралары, әлем әдебиетінің көрнекті тұлғалары Р. Тагор, Дж. Г. Байрон, А. С. Пушкин, Л. Соболев шығармашылығы хақында мақалалары да жарық көрді.

Профессор Т.С.Тебегеновтің Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орны – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің 80 жылдығына орай жарық көрген еңбегі – «Қазақ әдебиетін оқыту мен зерттеудің іргелі орталығы» (2008) атты әдеби-танымдық кітабында осы білім ордасындағы қазақ әдебиеті кафедрасының тарихы қамтылған. Кафедраның ілкідегі құрылуынан бері осы ұжымда еңбек еткен көрнекті әдебиетші ғалым-ұстаздар туралы танымдық-дерекнамалық материалдар іргелі жоғары

білім мен ғылым орталығының ұлтымыздың рухани даму тарихындағы орнын танытады. Кітапта қарашаңырақ тұңғыш жоғары оқу орынының қалыптасуына зор ықпал еткен қазақ ұлтының қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Қажым Жұмалиев, Мәлік Ғабдуллин, Қайнекей Жармағамбетов т.б. ғалым-ұстаздардың шығармашылығы туралы мақалалардың танымдық мәні зор.

Ғалым-педагогтің туғанына 70 жыл толуына арналған «Әдеби шығармашылық үдерісін зерттеудің өзекті мәселелері және Темірхан Тебегенов шығармашылығы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда мерейтой иесі туралы толғамды баяндамалар жасалды [3]. Бұл – еңбегі елеулі ғалым азаматқа берілген лайық баға деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тебегенов Т. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиеті // Семей. Үш биік, 2013.
2. Тебегенов Т. Біртұтас қазақ әдебиеті. Оқулық-монография. Алматы. Мерей, 2018.
3. Әдеби шығармашылық үдерісін зерттеудің өзекті мәселелері және Темірхан Тебегенов шығармашылығы. Оқулық-монография. Алматы. 8 қараша, 2019.

ӘОЖ 82.091

ЕЛ МЕН ЖЕР ТАРИХЫ – ШЫҒАРМА ӨЗЕГІНДЕ

Қабылов Ә.Д., ф.ғ.к.

«Қазақ филологиясы» кафедрасының профессоры
Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Мақала жергілікті қаламгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Бектұр Төлеуғалиевтің шығармашылығындағы әңгіме жанрына арналған. Жазушының «Зираттағы оттар» мен «Құткелдінің оралуы» атты әңгімелерінің негізгі сюжеті Маңғыстау өлкесінің тарихынан өрбитіні, ел өмірінде өткен оқиғалардың негізге алынғаны айтылады. Осы әңгімелердің тақырыптық-идеялық сипаты мен автордың көркемдік ізденістері пайымдалады.

Кілт сөздер: проза, әңгіме, сюжет, мазмұн, авторлық баяндау, концепция, көркем бейнелеу.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, тарихи тақырыпқа бірнеше кітап жазған жерлес маңғыстаулық қаламгер Б.Төлеуғалиев шағын проза саласында да аз жазғанымен, қаламының ұшқырлығын таныта алды. Оның «Зираттағы оттар» мен «Құткелдінің оралуы» деген екі әңгімесінің өзі-ақ осы айтқанымызды қуаттай түседі. Маңғыстау өңірінің өткен тарихынан сыр тартатын әлдебір оқиғалардың ізімен нақты сюжетке құрып, көркем мәтінге жинақтап, шынайы да шымыр дүние ұсына білген.

«Зираттағы оттар» әңгімесінің оқиғасы автордың бозбала шағында ауыл ақсақалынан естіген ғибратты әңгімесіне негізделген. Өткен заманның оқиғасы нақты кейіпкердің іс-әрекеті арқылы оның тылсыммен тілдесетін қасиетіне бас идіреді. Әңгімеде баяндалатын жер атаулары қазіргі Маңғыстау ауданына қарасты Тұщықұдық аулының маңындағы елді-мекендерді, орындарды қамтиды. Қазақта қасиетті саналатын әулиелі жерлердің тарихынан сыр шертетін шағын әңгімеде Санаубердіұлы Әби ақсақалдың әңгімелеуі арқылы қасиет иесі Сармолда әулие мен оның немересі Атанафестің бойындағы әулиелік қасиеттің сипаттарын бірнеше эпизодтармен танытады.

«Қапам» қауымына барып әйет оқыған Әби ақсақал осы зираттың екі жерінен от көрінетінін айтқан авторға былай деп жауап береді: «Мен ең бірінші әйетімді барлық өлілерге арнадым. Содан кейін барып арнап оқыған адамым Сармолда әулие, одан кейінгі

барған зират Сармолданың немересі Атанафестікі... Жарық осы екі адамның қабірінен көрінеді. Бұл адамдар тірі кезінде үлкен әулие атанған, еліне пайдалы қызметтер жасаған, халқына қадірлі болған азаматтар» [1,234].

Әби ақсақал әуелі ата-баба шежіресі, ру-тайпа түзілісімен таныстыра келіп, Тастемірдің бір баласы Сармолда мен оның немересі Атанафестің қасиеттері туралы әңгімеге ауысады: «Тастемірде бала көп болған. Сол балалардың ішінде зерделі ақылды, ойлы баласы деп аталған, артынан оқымысты болып келгесін жеңгелері ат қойып, солдан Сармолда атынып кеткен. Сармолданың зеректегін бала кезінен байқаған әкесі Түркияға жіберіп, көптеген жыл оқытып алған көрінеді. Сармолда оқуын бітіріп келгеннен кейін үйленген, қызметін мешіт салдырып, балаларды оқытудан бастаған» [2,234].

Әңгімеде Сармолданың Стамбулдағы оқуын аяқтағаннан кейін Меккеде де бір жыл сегіз ай оқып, ауылға оралғаннан кейін әкесінің жұмсауымен ел ішіндегі жұмыстарға араласып жүргенде басынан кешкен кейбір оқиғаларын баяндау арқылы оның оқымыстылық, әулиелік қасиеттерін суреттейді. Әуелгі оқиға былай өрбиді. Сармолда бір шаруамен бара жатып, жолдағы бір ауылға қонғанда, сол ауылдың өзімен құрдас баласы онымен таныса келе, мұның кім екенін білгесін: «Менің бір қызда ойым болып жүр, бірақ ол мені жанына жуытпайды, маған сол қызды қаратып бер» – деп құрдас ретінде өтінішін айтады. Мұны әділетсіздік деп, өтінішін қабылдамай, таңертең ерте тұрып кетіп қалмақшы болғанда, құрдасы да тұрып, түндегі өтінішін қайталап, Жалынып тұрып алғасын амалсыздан: «Сен қоңырадың ғой, онда қыздың бір тал шашын алып кел» – дейді. Жігіт шеткі үйге кіріп кетіп, бір тал қыл әкеліп береді. Сармолда қылды қолына алып тұрып, құрдасына: «Осы шаштың иесін сүйемін, мәңгі жолдас етемін, сөзімді қайтып алмаймын», – дегізіп, үш рет қайталап айтқызып, қылға дем салып, «енді түстен қалмай қыздың өзі ке деп аттанып кетулі.

Сәске кезінде шеткі үйдің тулағы жатқан жерінен қозғалып, атын ерттеп жатқан жігіттің басына келіп сарт етеді. Жігіт қайда барса да, соңынан қалмайды. Ел әбігерге түсіп, адамдар шошып, ауыл ақсақалы мән-жайды сұрағанда жігіт болған жайды айтып береді. Сармолдаға ат шаптырып шақырғанмен, «мені мазақ қылмақ болды» деп келмегесін, үйдің иесі Тастемір ақсақалға өзі барып, кешірім сұрап, оқиғаны шұғыл тоқтатуды сұрайды. Тастемір баласына кісі жіберіп, ол ақыры тулақты орнына қойғызады. Осы оқиғадан кейін «Тулақты ұшырған Сармолда хазірет» деп аталып кетеді.

Үйленгеннен кейін Сармолда бала оқытумен айналысады. Түрікпен басқыншыларымен арада жиі қақтығыс болып жүрген сол кезеңдегі шапқыншылықтарда Сармолдадан жиі көмек сұрайтын болған. Ол жолда келе жатқан түрікпен басқыншыларының жолын тұман қылып адастырып, аттарын болдыртып, кері қайтуға мәжбүр қылып отырған дейді.

Тағы бір оқиғада Сармолданың баласымен аңға шығып келе жатып, түрікпеннің шабуылынан елді сақтап қалғаны айтылады. Жолда кісіней берген соң, екі атты бірінен соң бірін бауыздап, қатты шаңқылдап дыбыс шығарған құсының басын кестіріп, қайта-қайта ұли берген итін атып тастап, алдарынан шыққан төбелдірікті тамға жаңбырдан паналауға кіргенде, сырттан адамдардың сөйлеген дауыстары естіледі. Тамға кірген адамдардың сөздерінен өз ауылдарына шабуылдамақ болған түрікпендер екенін білгеннен кейін айла жасап, «аттарды біріне-бірі байластыру керек» дегенде «біз байластырайық» деп білдірмей зираттан шығып, аттардың тұсауын қиып, екеуінің екі атпен ауылға келіп, елді оятып, адамдарды қаруландырып, тамның ішінде жаяу қалған жауларды тұтқындаған көрінеді.

Бұдан кейін екінші зиратта жатқан Сармолданың немересі Атанафестің жайы баяндалады. Он жасында Қазан қаласына барып, жеті жыл оқып келген Атанафестің демалысқа бір келгенінде бұлар отырған үлкен ақбоз үйге беттеп келе жатқан құйынды атасы сыйлаған алтын кездігін лақтырып қайтарғаны, оқуын бітіріп келгеннен кейін Қаратөбе деген жерде перілердің үйіне тап болып, оқуының арқасында Шолақ перімен арбасып, ақыры алтын кездігін қайтарып алған оқиғасы әсерлі суреттеледі.

Жастықтың желігімен жүріп, осылай басынан кешкенін, көрген-білгенін атасына айтқанда, ол: «Бүгіннен бастап ойын-сауықты қой, мектеп даяр тұр, алған білімінді еліңнің қажетіне жарат, ұстаздық етіп, бала оқытуға кіріс» – дейді. Бұл тапсырманы орындауға асықпай, жігіттіктің жетегінде жүре бергенде, бір күні оқыс оқиға орын алады. Ақс үйек ойнап жүргенде ағарып жатқан затты сүйек екен деп ұстай бергенде ол ақ жылан болып шығып, өзіне ұмтылады. Тұра қашқан оған жеткен жылан шақпастан санының үстінен өтіп кетеді. Жыланның өткен орнында қара жолақ із қалып, мұны атасына айтқанда, ол тек қана: «Енді баланы дұрыстап оқыт!» – депті. Келесі күні түнде ұйықтап жатып, оқыс тарс еткен дыбыстан оянып кетсе, аяғының жыланның қалдарған ізінен сынып, бөлек жатқанын көреді. Осыдан кейін жастықпен қоштасып, ұстаздық жұмысқа біржола кіріскен екен.

«Атанафес – емсектік, сынықшылық, құмалақ ашу өнерлерінің биік шыңында болған адам. Ұстамалы, талып қалатын немесе есінен адасқан ауруларды емдеп жазып отырған. Үлкен-үлкен қауіпті сынықтарды орнына сала беретін болған. Құмалақ арқылы айтқан болжамдары барлық кезде шынға айналып, елінің құрметіне бөленіп, алғысын алып отырған. Алпыс жасқа жетер-жетпесінде дүниеден өтті. Мен ол кісіні көріп, жүздескен адаммын», – деп автор, бір жағынан оқиғаның шындыққа негізделгенін меңзесе, екіншіден, Атанафестің ұрпақтары туралы да нақты деректер келтіре кетеді. Әңгіменің соңында «Маңғыстаудағы үш жүз алпыс әулиенің қатарынан орын алып жатқан Сармолда, Атанафес хазіреттердің басына барып тәу етушілердің аз еместігін, алайда олардың басына қойылған белгілердің тоза бастағанын айтын, әруақты сыйлайтын азаматтардың есіне сала кетеді. Әңгіменің арқауында ата-баба аруағына сыйыну, олардан медет тілеу, солардың атын ұлықтап, құрметтеу идеясы жатыр.

Қаламгердің туған жердің бір кішкене төбешігінің тарихына негізделген тағы бір әңгімесі «Құткелдінің оралуы» деп аталады. Бұл – алты-ақ беттен тұратын шағын әңгіме. Автор шағын көлемге шымыр сюжетті сыйғызып, танымдығы мен тағылымы мол әңгіме түзген. Шығармадағы композициялық тұтастыққа жинақталған бірнеше эпизодтық бөліктер мәтінге оңтайлы жымдастырылған.

Әңгіменің басында автор құла түзде суыт жүріп келе жатып, алдарындағы сауда керуенін көретін қарақшы топты суреттей отырып, оның басшысы – түркменнің атақты қарақшысы Таған-Дұрдыны таныстырып өтеді: «Таған-Дұрды жасы отызды орталап қалған, осыдан он жыл бұрын әкесі Мәмедқұлдың жасағының ішінде болып, Адай ауылдарына тұтқиылдан шабуыл жасағанда тұңғыш рет кісі өлтіріп, адам қанын жүктегеннен бері талай елді тонап, талай керуенді олжалап, талай жазығы жоқ жандардың өмірін өз қолымен қиған қандықол қарақшының өзі болатын. Алғашқы өзі қатынасқан жорықта қолға түскен жесірлердің ішінде Сүйінқара батырдың екі қызы Айсалқам мен Жансалқам да болатын. Он алты жастағы Жансалқамды Мәмбетқұл әкесі кіші әйелдікке алған. Енді жылға жетпейтін уақыттан кейін сол өгей шешесі Жансалқамның қолынан өлетінін Таған-Дұрды сол кезде білмеген еді» [1,42]. Әңгіменің басындағы осы үзіндіде сюжеттің шешіміне меңзеу бар: көктем туа Таған-Дұрды он шақты күн ауырып, Жансалқамның шұбатқа қосып берген уынан көз жұмады.

Бұдан кейін қуаңшылыққа ұшыраған Бесқаладағы елдің жағдайын естіген Акбар саудагердің жолда отыз атан-нарға ақталған жүгері, тары, тұқымдық бидай т.б. тиіп алып Бұхарадан шығып, жол тосып жүрген Таған-Дұрдының тобына тап болғанын, керуеннің алты адамының түгелдей қарақшылардың қолынан қаза тапқаны баяндалады: «Одан кейін болған жай көзді ашып-жұмғанша аяқталды. Акбар атының басын кейін бұрам дегенше қара арғымақтың өзінің қасына қалай келгенін де, көз ілеспес жылдамдықпен Акбардың басын қылышпен қағып жіберіп допша домалатқанын да, керуеннің қалған алты адамының қарақшылардың қылышынан эп-сәтте қан-қасап болғанын да айтатын қалашылардың түйелерінен басқа тірі куә қалмаған еді» [1,43].

Әңгіменің негізгі кейіпкерлерінің бірі Есіркеп ақсақалдың мекендеген жері Жарқұдық пен қазіргі Маңғыстау ауданындағы жер-су атаулары аталып («Қияқты мен

Тұщықұдықтың арасында Сорқұдық, Ақшақұдық, Көндікұдық деген суы тұщы құдықтар бар»), кейінгі оқиға орны ретінде көрсетіледі. Өлке тарихының өткен ғасырдағы бір кезеңі еске алынып, оқиғаға қатысты деталь ретінде аталады: «Есекең асқан бай адам емес, өзінің күнелтісіне жететін жүз елуге тарта уақ жандығы, онның үстінде түйесі, бір айғырдың үйір жылқысы бар орта шаруаның бірі болатын. Осыдан 3-4 жыл орыстың байлары (купецтері) Маңғыстау түбегінің Каспиймен шектесетін жағалауына қалашықтар салып, олардың атын «Сарыташ», «Долгий», «Бұрынжық» пристандары деп атап, балық аулатып Астраханға жіберіп отырған» [1,43].

Сөйтіп, жыл сайын малдың терісі мен жүнін Долгийге апарып сатып, керекті заттарын алып жүрген Есіркеп бір жолы қасына ертіп апарған баласы Дәлубай үйдің көлеңкесінде ойнап жүрген жерінен бір күшікті ешкімге білдірмей қапшығына салып алып, орта жолға келгенде әкесіне көрсетеді. Міне, содан бері үш қар басып, енді сарғылт-қоңыр түсті төбет болған сол Құткелдіні Есекең «Бұл ит ит сияқты емес, сөйлей алмайтыны болмаса, сөздің бәрін түсінеді, адамнан кем емес», – деп мақтап отыратын көрінеді. Ендігі әңгіме осы Құткелдінің нақты оқиғамен дәлелденетін ақылдылығы мен ит пен адамның арасындағы достық туралы болады.

Бұлардың жамағайыны Бердібек Бесқаланың жәрмеңкесіне керуен алып жүретін болып, керек-жарағын алдырту үшін бірер ірі қара мал қосып, қасына Дәлубайды ертіп жібереді. «Жолда түнемелікке ұры-қары тап болса, иттің қажеттілігі болар» деп, Дәлубай Құткелдіні де ертіп ала кетеді.

Үргеніштің базарында шаруаларын бітіріп, енді елге қайтамыз деп отырғанда, «қызыл қоңыр, теңбіл шұбары бар, басы үлкен, аяқтары жуан» арлан итті алыстан көріп, бұрылып келген Таған-Дұрды Құткелдіні саудалайды. Иттің құнына төрт қанар ақталған тары мен жүгері және екі атан түйе беремін деген Таған-Дұрдыға итті беретін болып, Дәлубай айтылғандардың үстіне оқ-дәрісімен екі мылтық беруді сұрайды. Сөйтіп бұлар олжалы болып елге оралады, «Бір иттің құны екі түйе, екі мылтық, төрт қанар ақталған түйір астық болыпты» деген әңгіме елге аңыз болып тарайды.

Қыс аяқталар шақта соңғы қанар астық орталағанда Есіркептің бәйбішесі қанардың ішінен салмағы әжептәуір, іші алтын теңгеге толы кенеп қалта тауып алады. Сол теңгелерді тексертпекке Долгийдегі орыс байына апарып, алтын екеніне көздері жетіп, тоғыз теңгеге «бір пұт шай, екі қап ұн, 20-30 метр мата» сұрағанда оның үстіне орыс байы есептеп шығып, оның үстіне «осының үстіне балаңыз екеуңізге екі етік және осы заттарыңызды тиіп апаратын бір арба, оны сүйреп апаратын бір ат алуыңызға жетеді», – деп қол қойдырып, бармақ бастырып, хаттап береді. Қуаныштары қойнына сыймаған әкелі-балалы екеуі алтынның азғантайын үйлеріне қалдырып, қалғанын белгілі жерге көметін болады. Кешкі тамақтарын ішіп бола бергенде үй сыртынан иттің гүр еткен дауысы естіледі. Бұл – Құткелді еді: «Үйдегілердің бәрі түгелдей сыртқа жүгіріп шықса, ит шекесінен жатқан күйінде бауырымен жылжып келіп, Есіркептің екі аяғының арасына тұмсығын тығып, құйрығын бұлғаңдатады. Есекең үнсіз жатқан итті көтеріп алып, үйге әкеліп қараса, иттің азып кеткенін, бұрынғы жылтырап тұтарын қызыл қоңыр шұбар терісінің ұйпа-тұйпа болып қалғанын, көзінің жасының төгіліп ұрғанын көріп, шыдай алмай:

– Құткелдім-ай, қалай келдің, қалай таптың? – дегенде босап, даусы бұзылып кетіпті. Кемпірі мен баласы да көздерінен қалай жас шығып кеткенін байқамай қалыпты [1,46].

Осыдан кейін Есіркеп үлкен байлардың қатырана қосылады. Олар отырған үлкен төбенің аты «Құткелді» аталып кетеді. Шынында да, Құткелді десе – Құткелді еді. Есіркептің шаңырағына құт дарытқан Құткелді болмаса, саудагер Акбардың ішіне алтын тыққан ала қанары Есіркептің үйіне келер ме еді?!

Өмірде сирек кездесетін, ешқандай азулы аңнан қорықпайтын нағыз иттің сырттанын танып, аулына алып келген Таған-Дұрды сол қаста қырықтың үстінде түлкі, жиырмаға тарта қасқыр алыпты. Көктем шыға шұбатқа қосып берген уынан көз

жұмғаннан кейін Жансалқамның Құткелдіге бір аяқ жас етті сорпасымен беріп, жеп болғасын жылап тұрып:

– Құткелді, еліңе қайт, мен енді елге бара алмаспын, себебі түрпкеннің әйелі болдым, топырағым осы жақтан бұйыратын болар, кегімді алдым, – деп көзінің жасын сүртіп тұрып, ел жаққа қолымен нұсқап қақпаны ашқанда, Құткелді түсіндім дегендей гүр еткізіп бір дыбыс шығарып, басымен Жансалқамға сүйеніп жіберіп, есіктен шыға жүре беріпті. Бұл жайды кейіннен, Адай жігіттері жоқ іздеп жүрген жолаушы болып Сүйінғараның қыздарының хабарын білмек болып түрпкен жеріне барғанда, жасы қырықтарға келіп қалған Жансалқамның өз аузынан естиді.

Міне, қаламгердің туған жерінің бір төбесінің атауының шығуын негізге алып, тарих көшіндегі оқиғадан індетте отырып, көркемдікпен жинақтап шыққан шағын хикая осылай түйінделіпті. Мұнда Құткелді секілді ақылды иттің адамға адалдығы мен достығы, жаугершілік замандағы адамдар тағдыры мен еларалық қатынастар көрінісі, Жансалқам секілді қазақ әйелінің аянышты тағдыры мен кек алуы, жоқшылық кезінде Есіркеп ақсақалдың қолына түскен Құткелдінің құт болып, оның байлардың қатарына қосылуы секілді қат-қабат жайлар шағын көлемде жымдаса бейнеленіп, сол заманның шындығын шымыр да шынайы, қат-қабат әрі қызықты хикая түрінде оқырманының көз алдына әкеледі. Осының бәрі туған жер тарихындағы болып өткен сан мыңдаған оқиғалардың бірін көркемдікпен тірілтіп, санада жаңғыртуымен де құнды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады, – дей келе: – Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» [3], – деген болатын.

Б.Төлеуғалиевтің туған жер тарихына қатысты оқиғаларға негіздеп жазған бұл әңгімелері шетел басылымдарының да қызығушылығын тудырып, өзге тілдерде басылып шыққан. Атап айтқанда, «Зираттағы оттар» («Огни на магилах святых») әңгімесі Ресейдің «НГ-религии» басылымында орыс тілінде, сондай-ақ Испанияның «PAIS, EL» газетіне испан тілдерінде жарық көрсе, Испаниядағы «Миф и религия» ғылыми орталығы автордың еңбегін жоғары бағалап, арнайы сыйлықпен марапаттаған. Ал «Құткелдінің оралуы» («Возвращение Куткелды») әңгімесі «Русская литература» журналына жарияланып, редакция алқасының жоғары бағасын алды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Төлеуғалиев Б. Ғасырлар құндылықтары. Алматы. Арыс, 2014.
2. Төлеуғалиев Б., Қабылов Ә. Салт-дәстүр және қазақ тілін оқыту. Алматы. Арыс, 2013.
3. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2017 ж.

ҚАШАҒАН ЖЫРАУ КҮРЖІМАНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ

Нүрдәулетова Б.И., ф.ғ.д., профессор
Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Мақалада Маңғыстаудан шыққан жыр дәлділі Қашаған Күржіманұлының кейбір шығармаларының текстологиялық жай-күйі талданады. Жыраудың кеңестік идеологияның қыспағымен қысқартуға ұшыраған жыр жолдары Тәуелсіздік самалымен қайта қаралып, жинақталғаны баяндалып, бірнеше баспа мәтіндерге салыстыру жасалады.

Кілт сөздер: Қашаған, Топан, текстология, ресми басылым, коммуникация, алқа (публика), жыр т.б.

Қашаған жырау Күржіманұлы басқан топырақтан түлеген қара сөздің абызы Ә.Кекілбайұлы ақынның 150 жылдық мерейтойына арнаған лебізінде: «Сонау бала кезімдегі бұқпантай жиындарда жұрттың кеуде керіп отырып, желпіне айта алмай, төмен қарап отырып, күрсіне айтқан осы бір лебізі көкірегімде талайғы шемендей шер байланып қалыпты. Сөйтсек, іргедегі Тайсойған мен Жылыойда да, қиырдағы Шыңғыс, Баян, Шұбартауда да, одан бергі Қарқаралы, Қаратауда да сол жылдары тап осындай ұры жиындар Мұрат, Бала Ораз, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Нарманбет, Мәделіқожа, Шәдітөрелердің сөздерін айтса да өздерін атамай, «Әй, несін айтасың», – деп кіжініпті. Ел басына түгел келген осы нәубеттен әсіресе Маңғыстау аймағында туып-өскен халық өнерінің өкілдері айрықша зардап шекті... Бірақ болат кездік бәрібір қап түбіне жатпайды ғой. Әділет түгенделер жаңа кезеңде елінің көкірегіне де, жерінің көкірегіне де қазына тұнып тұрған қара жұрт – қасиетті өлке – санаттағы орынын қайта иеленді... Әлі де болса, бар сыр, бар сиқырымен түгел танылып бола қоймаған Маңғыстау жыр мектебінің орман иесіндей ата бәйтерегі – Қашаған ақын Күржіманұлы» [1], – деп жазған еді. Рухани тәуелсіздігіміздің 20 жылдық белесінде әлі де бас-аяғын жинатпай жатқан Маңғыстау жыр мектебі өкілдері қатарында шығармалары барынша мол жеткен әрі республикалық басылымдарда насихатталып жүрген Қашаған жырау екені белгілі. Ақын өлеңдері жеке жинақ түрінде де жарияланды. Жыраудың 170 жылдық мерейтойы қарсаңында маңғыстаулық мұратанушы Ж.Жылқышиевтің күшімен жинақталған «Қайыртпай кеткен Қашаған» атты шығармалар жинағы баспаға әзірленуде. Жәдігер жырдың жоқшысы Қабиболла Сыдиықов аға құрастырған жыраудың «Топан» аталатын жинағы мен Маңғыстау жыраулары шығармаларына арналған «Жырдария» жинағындағы өлең-толғауларын күні кешеге дейін ел арасында ауызша жырланып келген нұсқаларымен салыстырып, мәтінтанымдық талдау жасау барысында түсінгеніміз: ақынның ресми басылымдарда көрініп жүрген жыр-мұралары – «асылдың шашырап түскен сынықтары» ғана, ал «шын алтынның құймасы» халықтың зердесінде сақталып келген. Жыраудың біршама шығармаларының мәтіндері қысқартылған, өзгертілген, ресми басылымдарға мүлде енбей қалған туындылары да табылуда. Осы тұста Ә.Кекілбайұлының: «Жыр сұңқарға неге томаға кигізілді? Жыр тұлпарға неге кісен салынды? Айтпаса да белгілі.» деген жолдары еске түседі.

Жазбаша мәтінге қарағанда ауызша тараған мәтіннің бастапқы (канондық) нұсқасын қалпына келтіру әлдеқайда қиын екені белгілі. Дегенмен мәтінтану теориясының өзіндік жүйесі, заңдылықтары мен әдіс-тәсілдері бар.

Мәтінтанушы И.Р.Гальпериннің көрсетуінше, мәтіннің мынадай басты белгілері бар: 1. мәтіннің ақпараттылығы – мәтін арқылы жүйелі ақпарат берілуі тиіс (мазмұнды концептуалды, мазмұнды фактуалды, мазмұнды астарлы); 2. когезия – мәтін ішіндегі ой бөліктері бір-бірімен байланыста болуы керек, онсыз мәтін тұтастығы болмайды; 3.

континиум – уақыт пен кеңістікте дамидытын мәліметтер мен оқиғалардың бірізділігі; 4. мәтін үзіктерінің автосемантикасы (тұтас мәтін немесе оның бөліктерінің мағыналық қарым-қатнасы); 5. мәтіннің модальдылығы (ой-предметтің субъективті бағалауыштық сипаттамасы); 6. ретроспекция (оқырманды бұрынғы мазмұнды-фактуалды ақпаратқа апаратын тілдік өрнектердің грамматикасы); 7. проспекция (мәтіннің келесі бөліктерінде хабарланатын мазмұнды-фактуалды ақпараттарды білдіру үшін түрлі тілдік формаларды байланыстыратын мәтіннің грамматикалық формасы); 8. интеграция (мәтіннің тұтасымдылығына қол жеткізу мақсатында оның барлық бөліктерін бір-бірімен ұластыру); 9. аяқталғандық (аяқталғандық ұғымы мәтін бөліктеріне емес, тек қана тұтас мәтінге байланысты) [2]

Түсініктірек тілмен баяндасақ, жыр мәтінінің мақсаты – коммуникация, яғни жырау мен тыңдаушы арасындағы байланыс. Байланыс жыраудың айтпақ идеясының тыңдаушыға толыққанды жеткізілуімен, түсініктілігімен сипатталады. Жыр мәтіні оқырманына (тыңдаушысына) түсінікті болу үшін оның біртұтастығы, белгілі бір ойды жеткізудегі жүйелілігі сақталуы, басталуы мен аяқталуының болуы, тақырып тандалымы, мәтін арқылы белгілі бір ақпараттың берілуі (информативтік қызметі) және мәтіннің қарым-қатынас құралы (коммуникациялық қызметі) бола білуі сондай-ақ ең маңыздысы мәтін арқылы адам дүниетанымының, ұлттық рухани мәдениетінің көрініс беруі (мәтіннің кумулятивтік қызметі), сол арқылы жеке адам тұлғасының, дүниенің тілдік бейнесінің жасалуы (мәтіннің концептуалдық-тілдік қасиеті) тиіс.

Жыр мәтіндеріндегі ұлттық дүниетаным, қазақы салт дәстүр, өмірдің діни, мифологиялық, жалпы адамзаттық мәселелері, заман, ұрпақ жайы, ел, жер, ағайын, туыс мәселелеріне қатысты кез-келген білім саласы, ақпарат қоры қаншама ғасырлар бойы өз құндылығын жоғалтпай келуі, жыраулардың сыр сөздерінің кейінгі жыршылық үрдіс арқылы ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей беріліп отыруы адресант (жырау) пен адресат (тыңдаушы) арасындағы көзге көрінбейтін рухани көпірдің жалғастылығын, сол арқылы жыр мәтіні коммуникациясының толық мақсатқа жетуін көрсетеді. Жыр мәтіндері арқылы жырды тыңдаушы орта (аудитория), сол ортаға (аудиторияға) ортақ мәдени дәстүр байланыстылығы, сабақтастығы қалыптасады. Қашаған жырау шығармаларындағы жырдың концептуалдық кеңістігінде көрініс беретін мәдени-тілдік болмыс осы жыр мәтіні дүниеге келген қазақ ұлтының мәдени дәстүрімен астасып, кейде оны толықтыруға қызмет ететіні сөзсіз.

Енді жыр мәтіндеріне талдау жасап көрейік. Жыраудың «Оразмағамбет ахунға» арнау өлеңі «Топан» жинағына енген, 1995 жылы жарық көрген «Жырдария» жинағында бар. Қазіргі нұсқасымен салыстыру барысында анықталғаны: жыр мазмұны бастан-аяқ діни танымға құрылғандықтан ислам дінінің қағидаларын баяндайтын жолдардың жүйесі бұзылған, діни терминдер өзгертілген, алынып тасталған. Бұның өзі өлең шумақтарының бүтіндігіне, ұйқас, ырғақ тұтастығына залалын тигізгені көзге ұрып тұр.

Бастапқы жол «Ұлуғы Алла ісімен, Біссімілләдан бастайын» деп берілген. Дұрысы: «Ұлуғы Алла ісімімен, Біссімілләдан бастадым», яғни «Алла атымен бастадым» деген ұғымда алынуы тиіс.

«Жыр дарияда»:

Әкеліп шайтан үстіңе
Жылы көрпе жапқаны [1], -

Дұрысы:

Білдің бе, шайтан үстіңе
Жылы көрпе жапқанын

жапқанын – бастадым, жадқа алың, тапқаның, жадқаның түріндегі ұйқаспен үйлеседі әрі мағыналық жақтан да дұрысы осы деп ойлаймыз. «Жырдарияда» төртінші шумақ толық емес:

Үстің көрпе, астың құс,
Ойласаң, ұйқы жаман іс,

Ғаламат болар көрген түс,
Бұл – шайтанның сыйлап баққаны [1].

Толық шумақ:

Үстің көрпе, астың құс,
Ойласаң, ұйқы жаман іс,
Ғаламат болар көрген түс –
Дәреже көріп сен жүрсің,
Бұл – шайтанның сыйлап баққанын.

«Жырдариядағы»

Ертеде өтті Бақырған,
Мүшкілін айтқан бастағы...[1]

деген жолдар мағыналық жақтан айналасымен қиыспай, оқшау қалған. Бақырғани – сопылық поэзияның өкілі. Олай болса, жыраудың айтпағы сопылық ілімнің шайтанмен, нәпсімен күресудегі құралы – кісілік философиясы болса керек. Бұл концепция жырдың ауызша нұсқасында толық берілген. Дұрысы:

Мұсылман кемдік көрген жоқ,
Әзірет Сұлтан – Қожа Ахмет
Шайтанға соғыс ашқалы,
Зікірмен зарлап ерте-кеш,
Нәпсісін байлап тастады.
Соңынан өтті Бақырған
Мүшкілін айтқан бастағы.
Кәміли инсан – шын асыл
Мүрсәлім өткен Бастамы... [3]

Әрі қарай пайғамбарлардың басынан өткен қиындықтар баяндалады.
«Жырдарияда»:

Хазіреті Салолла
Ақырын хақтан сұраған.
Кәуірлер қамап келгенде
Дұға қылып, қол жайып,
Бір Аллаға жылаған.
«Әләм тара кәйфа фәғала
Раббука би асхабил фил...» -
Сүре түсіп Алладан,
Кәпірдің туы құлаған [1], -

деген жолдар жоқ. Сондай-ақ, Мұхамбет пайғамбар туралы ой оралымы аяқталмаған:

Мұхамбет бізден не көрді,
Үмбетім деп қайғырған,
Тілегін бізге аударып,
Аяулы жаннан айырылған?
Құбыланың оңында
Жасыл туы қолында
Көзінен қанды жасы ағып...[3]

дегеннен кейінгі:

Мүбәрәк саған қайырылған.-

деген, ойды тиянақтайтын жол түсіріліп, «Жантәсілім болар уақта...» деп басталатын келесі жыр шоғырына ұласып кетеді.

«Санаңыз келді жақындап...» деп басталатын жыр шоғырындағы қорытынды ойды білдіретін:

Шайтанға жолдас болсаңыз,
Иманың оңай сатылмақ.

Хаққа мойынсұнбасаң,
Қаларсың бір күн ғапылда-ақ
шумағы алып тасталған.
«Жырдариядағы»:

Сан пайғамбар, сахаба
Құдайдың досты бұ да өткен,
«Аллалаған» пір де өткен
Зікір, таспих жария,
Мешіттің ішін гүл еткен [1].

деп келетін шоғыр толық емес, қысқартылған, жеке сөздер өзгертілген, орындары ауысқан. Толық нұсқасы мынау:

Сан пайғамбар, сахаба –
Құдайдың досты – бұ да өткен.
«Аллалаған» пір өткен,
Туына жұртын түнеткен.
Жария зікір, таспих –
Мешіттің ішін гүл еткен.
Расулының сүннетін,
Қожа Ахметтің міндетін
Өшіре көрмең жүректен.

Келесі шоғырда «Ғаділ патша, хан да өткен, Ғаділдігі бар да өткен» деген жолдардан кейінгі шумақ:

Тақуалар бар еді
Зікір, пікір пар жеткен.
Жаратқанның ісімін
Көкіректе тербеткен.
Он сегіз мың ғаламды
Ауазымен тербенткен.
Айырылмаса жұртым жақсы еді –
Расул салған өрнектен.

«Қазақтан өткен жақсы адам, Құдайсыз жағын ашпаған» деп басталатын жыр шоғырының қорытынды шумағы: «Фәниден бұлар көшкесін Дініміз біздің ақсаған!» (ұйқас: ашпаған – ақсаған) түрінде болады. «...Сол төртеуі қайтқанда, Сынғандай болды діннің тіреуі» тармағы: «Тұрекеңнің тұяғы, Өздеріңді көргесін Кеткендей көңіл кіреуі» тармағымен толық шумақ құрайды. «Жырдарияда»: толғаудың соңындағы шоғыр түсініксіз, жүйесіз құрылған: «Бұзылғалы заман тұр, Бітінә болып адам тұр» деген шумақ аяқталмай келесі шумақпен астасып кеткен. Дұрысы: «Бұзылғалы заман тұр, Бітінә болып адам тұр – Қайтпаса халық райдан» түрінде тиянақталуы керек. Осы шоғырдағы ой: «Сүйреген жұртын жарыққа, Сарыбектің сол сөзі – Бұл күнде тіпті тыңайған» деген жолдармен түйінделеді. Жырдың соңы «Көрпедегі Қуанбай Хабары айтқан шын екен...» түрінде дүдәмал аяқталады. Ауызша нұсқасындағы концовка әлдеқайда қисынды және толғаудың тұтас концептуалдық құрылымын ашады:

Жақсы мен жаман айырылмақ –
Ғарасаттың күні екен.
Ахли сүннет қуаты –
Исламның діні екен...

Жыраудың әрбір шығармасы қазақ халқының тарихы мен танымынан концептуалдық, фактуалды, астарлы ақпарат беретін әлденеше шоғырды құрайтын кешенді композициялық құрылым деуге болады. Жыраудың, әсіресе, дастандарының мәтіні қатты өзгеріске ұшыраған. Жыр жолдары қалып қойғаны өз алдына, біртұтас шығарманың әр шоғыры әртүрлі атпен бөлек-бөлек шығармалар түрінде кездеседі.

Мысалы, ақынның «Жұт жылы» дастанының үзінділері «Топан» жинағында «Жұттан кейін», «Замана халі» деп аталатын бөлек-бөлек жыр үзінділері түрінде берілген.

1900 жылы Жем өзені арнасынан асып, жағасына жақын орналасқан елді мекендерді су шайып кетеді. Адам, мал шығыны көп болады. Табиғат апатынан зардап шегіп сансыраған халыққа сол кездегі қазақ жерін уысында ұстап отырған патша үкіметінің жергілікті әкімшілігінен ешқандай жәрдем көрсетілмейді. Осы жайларды көзімен көріп, күйінген ақынның ашу-ызасы жыр болып төгіледі. Жыр бірте-бірте тереңдеп, «Топан» деп аталған дастанға айналады. Осы дастан «Топан» жинағында 335 тармақпен берілген. Жергілікті баспасөз беттерінде дастанның бір бөлігі «Топан», келесі бір бөлігі «Жем тасығанда» деп аталып, екі бөлек шығарма ретінде жарияланып келді. Кейіннен бұл екі жырдың тұтас бір дастан екені анықталды. Сонымен «Топан» дастанының толықтырылып, қалпына келген нұсқасы 534 жолды құрайды.

Дастанның негізгі мағыналық шоғырлары:

1. Кіріспе. Бегім төреге арнау сөз. (Бегім төре, нәніміз, Сөзге құлақ салыңыз, – деп басталатын 23 тармақ).

2. Асан қайғының Еділ мен Жайықты тастап көшуі туралы (Күндердің күні болғанда...)

3. Өткен тарихтан мысал-үлгі айту (Ноғайлының елінде, Үш қиянның жерінде, Талай хандар шалқыған...)

4. 1900 жылғы оқиға тұсында қазақ жеріндегі саяси-әлеуметтік жай-күйді сипаттау. (Әлеумет, пәнді ішпен сез, Асанқайғы атам айтқан сөз. Еліңді кімнің алғанын Көріп тұр шыққыр, міне, көз...)

5. Оқиғаны суреттеу (Құтырынған бір құйын Кетірді жаман ел күйін...)

6. Оқиғаның себебі мен салдарына талдау жасау, жырдың түйіні

«Топан» жинағында дастанның 1-шоғыры мүлде жоқ. 2-шоғырдағы кейбір шумақтар арасындағы түсіп қалған жеке тармақтарға тоқталып жатпай, алынып тасталған тұтас шумақтарды көрсете кетсек: Күндердің күні болғанда, «Орыстар зорлық етер, – деп, – Жағама қолы жетер, – деп, – Еңіреп ерлер өтер», – деп, Асан қайғы бабамыз Жерінен безіп сол үшін, Амалсыз тастап кетіпті Көк Еділ мен Ақжайық, Кең Нарынның қонысын!.. Қалып қойған келесі шумақ: Батырлар да өтті әруақты, Қанжығасы қанға малынған. Бексауытын жамылған, Дұшпаннан кегі алынған. Көрмесе жауын сағынған, Алмастан қару тағынған. Қамалға шауып, шеп бұзып, Жүрегін басқан қабынған. Он сан ноғайлының хандығын Билігімен басқарып, Орақ, Мамай, Телағыс, Асанқайғы атам, Қазтуған – Олар да кеткен шарасыз Мынау көлденең жатқан Нарыннан. Өлең жолдары Асанқайғының Еділ, Жайық, Нарынды тастап көшу тарихын, себебін баяндайды [4].

Дастанның ең көп қысқартылған бөлігі төртінші мағыналық шоғырда. Ақын «Асанқайғының болжап айтып кеткені шынға айналды, соны шыққыр көзіміз көрді» деп күйіне сөз етіп отырғаны – Ресей патша үкіметінің қазақтың жерін шындап жаулай бастаған тұсы. Жем мен Жайықтың бойындағы қорғасындай балқыған құйқалы жер, Жайықтың исі аңқыған бекіресі талайдың арманына айналып еді. Сарытау, Самар, Қазанның саудагерлері мен келімсек қоныстанушылары, Хиуаның саудагер сарттары ағылып келіп, олжаға белшесінен батып, ақшаны сарайлап жинап, елдеріне тасушы еді. Сол келімсектер тойынғасын «құдайларын» ұмытып, жергілікті елді көзіне ілмей, кемсітіп қорлауға айналды. (Жем мен Жайық құт еді, Тарқамас базар-дүкені. Берекелі қазаным, Қызығы кетпес базарым, Ақ шуақты ажарым. Кешіп жатыр басынан Келімсектер мазағын). Халықтың қазанына қол сұғып, өз несібесін өзіне татырмады (Сарытау, Самар, Қазаннан Келгеннің қызық көргені, Тастары өрге өрледі. Бектерімді баяғы, Есіктегі, аяғы, Құлы құрлы көрмеді. Билеп ап судың балығын Бұқара байтақ халықтың Жеуіне де бермеді...). Қазақтың мүддесімен ешкім санаспады, бас көтерсе, жазаға тартты (Бас көтерген қазақты Пәлеге тартты кесектеп). Бір кездерде қазақты «қой баққан надан ел» деп менсінбей, қазақтың жеріне аяқ басуға жиренетіндер енді басқаша сайрап жүр (Сахыраның елі шашық деп, Баруға алыс-қашық деп, Шанды-аяқ елге бармайық, Бара

алмаспыз асып деп... Жоламаушы еді әуелде. Бүгінде басқа сайрап жүр, Тор-тұзағын сайлап жүр «Зердесіз елдің байлығын Қарпып қалуға асық» деп...). Бұл келімсектер қазақтың байлығына сұғынғаны аздай, енді елдің рухани болмысын бүлдіруге әрекеттенуде. Алдымен елдің жүрегін жадылап, арамза молдалары келді (Ноғайлар тапқан жан-айла, Указной молдалар Өп-өтірік құдайлап). Артынан елдің санасын тұмандатып, есінен адастыратын арағы мен темекісі қоса жетті (Қалаға келген билері Арақ ішіп, елірді. Кеудесі бұған семірді, Папиросы шегулі...). Тентек-тебірін қазы мен билердің алқасына салатын салтымыз аяқасты боп, түрме деген сұмдығы шықты (Тентек қылса бір қазақ, Түрмеге барып маталды). Қазақтың сөзін сөйлеуге тиісті бай-мырзаларын арзан қызықпен алдап-сулап, басын айналдырып қойды (Қайырсыз кілең қаста бай Айдаған малға қуанып, Қой-қозыға жұбанып; Қалалы жерде мырзасы Қос арғымақ пар жегіп, Тарантас арба туарып, Кәршөндікке қамалып, Шалқыды талай мас болып, Нәпсісін ылайға суарып...). Бұған дейінгі жарияланымдарда нәпсісін шайға суарып түрінде беріліп келген тіркес жаңа нұсқада нәпсісін лайға суарып болып түзетілген. Біздің ойымызша, ақынның лай деп отырғаны арақ болса керек. Қаладаға мырзалар кәршөндікке қамалып шай емес, арақ ішетіні түсінікті. Шалқыды талай мас болып деген тармақ та лай (арақ) сөзіне меңзейді. Арақ – адамның санасын лайлайтын жағымсыз, лас сұйық ретінде образдалып беріліп тұр деп түсінеміз.

«Топан» жинағында төмендегі шумақтар жоқ:

Бес күндік дәулет мас қылып,
Болмайтын іске бәс тігіп,
Дұшпанға артын аштырып,
Жақсыны жаман табалап.
Бәледен бәле балалап,
Көбейді хабар жаманат...

Сарттан болды молдасы,
Шайтан болды жолдасы.
Құл-құтанға қор болды,
Азамат ердің ордасы.

Алла деген артық бақ,
Бұрынғы өткен заманнан,
Қызыл тілім, сайрасаң,
Оқиғаларды айтып бақ.
Жастабан, Шарға, Келдібай –
Таз деген туыс жұртымның
Жүрегі жаман шайылды-ақ.
Байұлының ішінде
Білікті қарттар қайымдап,
Білген екен пайымдап.
«Су тасады жымдай» деп,
«Байтақ жатқан халыққа

Бәле келеді мұндай» деп.
Алты күн бұрын өтулі
Елі-жұртын аралап,
Айтқан екен шамалап:
«Елді бүлгін шалад» деп
«Топан су тасып ағад» деп.
«Бәле келед тұлданған
Кер заманға қырындап, –
Айдың басы қауіп» деп.

Білікті шалдар айтыпты
Оқиғадан бұрын-ақ.
Тыңдаған бірақ жан бар ма,
Шалдардың сөзін ырымдап? [4]

Адамзаттың азғындауының белгісі: тәубе, шүкір, қанағат деген кісіліктің үш критерийін ұмыту. Алланы ауызға алмау. Бәленің белгісін болжаған даналыққа құлақ аспау. Міне қаншама жанды жалмаған қасіретті оқиғаның себебі. Алланың құдіретін жария ететін жолдар міндетті түрде қысқартылып не өңі айналдырылып, өзгертілген. Мысалы: «Салих құлын бір Алла От ішінде сақтар» деген сөз Көнеден жеткен ақпар-ды. Бітіне, бұзық көбейіп, Хаққа қарсы іс қылғасын, Қайсысын аман сақтар-ды. – деген жолдар бұрынғы нұсқада: «От ішінде сақта» деген сөз Қайсысын аман сақтады. – түрінде құйрық-жалы күзеліп ұсынылған. Бірінші нұсқасында: «Салих (адал) құлын Алла от ішінде де сақтайды деген көнеден жеткен қасиетті сөз бар еді, бірақ адамзат күнаға шексіз батып, Хаққа қарсы іс қылғасын Алла оларды жазалады» деген ұғымды берсе, қысқартылған кеңестік нұсқасы «от ішінде сақта деген сөздің жалған екені осыдан көрінеді» деген ойға меңзейді. Ақын осыншама жазықты-жазықсыз адамды жалмаған апаттың сырын «табиғаттың мылқау күшінен» емес, адам баласының өзінің ішкі болмысынан іздейді. Адамның рухани азғындауына, пейілінің бұзылуына жіберген Алланың жазасы деп ұқтырады. Жырдың ресми мәтінінде осы ойларды айғақтайтын жолдар түсіп қалған:

Асылың шикі топырақ,
Асылы топырақ болған соң,
Адамның ісі ғапыл-ақ,
Өлмейтіндей көргенмен
Адамға ажал жақын-ақ.
Өлерін адам білгесін
Төсекке түнде кіргенде
Иманыңды айтқан мақұл-ақ.
Алласы түспей ауызына
Сөйлемек жаман шатынап.
Тәубаға кел тірлікте
Құдайға жылап аһылап.
Ақыреттің қайығын
Бір мінгесін ылаулап,
Келмегің қиын қатынап.
Ізінді бағып шайтан жүр,
Қалт жібермей бақылап...

«Ресми мәтіндегі» «кеңестік түсініктің» немесе «кеңестік түсінбеушіліктің» салқыны тиген өлең тармақтарын көрсете кетейік.

«Ресми нұсқасында»:

Ғаламат мұндай түс болды,
Азғындар азып мыс болды.
Әлпештеген арудың
Кеудесіне қара құс қонды.

Ауызша жырланған нұсқасында:

Ғаламат мұндай түс болды,
Алтындар азып мыс болды.
Қызылдан киім киінген,
Мамықтан төсек жиынған
Әлпештеген арудың
Кеудесіне қара құзғын құс қонды [3].

«Қызылдан киім киіну» мен «мамықтан төсек жиыну» образы «әлпештеген арудың» қаншалықты аяулы екендігін, соның ішінде арудың қазақ деген ұлттың дүниетанымындағы, болмысындағы орнының ерекше екендігін, сөйтіп әлпештеген аруыңның – ұлтыңның болашақ анасының – кеудесіне жай кара құс емес, кара құзғын құстың қонғанын (құзғынның өлексеге қонатынын ойласақ) сол арқылы қазақ ұлтының басына түскен ахуалдың қаншалықты қасіретті екендігін меңзеп отыр. Сондай-ақ, «ресми нұсқадағы»:

Малынан пайда көрмеген,
Қанағатсыз Қарынбай,
Барын жоқ деп құрынған.
Жұлдызды жатқа санасақ,
Қисап етіп қарасақ,
«Мың тасқанға бір тосқан»
Бар емес пе еді бұрыннан?!

деп берілген жолдардың ауызша жырлаудағы нұсқасы әлдеқайда терең әрі жүйелі деуге болады:

Малынан пайда көрмеген,
Қанағатсыз Қарынбай,
Барын жоқ деп құрынған.
Табалап оны қайтейін, –
Құдайдың торы құрылған!
Өнеге үшін айтамын,
Кейінгі туған жас бала
Таймағай деп жол мен ырымнан.
Жұлдызды жадқа санасақ,
Хисап етіп қарасақ,
«Мың тасқанға бір тосқан»
Бар емес пе еді бұрыннан?!

«Табалап оны қайтейін, Құдайдың торы құрылған!» деген жолдар жыраудың өкініші мен шарасыздығын танытады. «Жұлдызды жатқа санау» дегеннен гөрі «жұлдызды жадқа санау» тіркесі қисындырақ тәрізді. «Жад» – арабтың «ес» ұғымындағы сөзі десек, «жұлдызды жадқа санаудың» мағынасы «халықтың өткені мен болашағын жұлдыздарға қарап, болжап, есептеп отыру», қазақ халқының астрономиялық қабілеті туралы айтылып тұрған болу керек деп ойлаймыз. Сонда «жұлдызды жадқа санау» тіркесін: «жұлдызды халықтың жады деп санау, есептеу» ұғымында алу керек болады.

«Ресми басылымнан» сусып түсіп қалған жырдың ендігі бір қомақты шоғыры – «пікір ету» мен «тәубаға келу» идеясын насихаттайтын діни мазмұндағы өлең жолдары:

Және бір мысал айтайын:
Әзіреті ер Ғали:
«Тұтқасы болса ұстайтын

Қара жердің қабатын
Қозғар едім», – деп еді.
Көңілін Алла семдірген –
Сол сөзінің себебі.
Дәуіттің ұлы Сүлеймен
Он сегіз мың ғаламға
Патша болып ол тұрған.

Нұры суға түскен соң
Патшалықтан айырылып,
Бұқарашылық жол қуған.
Өтірік айтып тайсалман,
Наданның сөзін айта алман,

Айырма, Алла, тағаттан.
Хақ жолға баста, Жаратқан!
Дәуіттің отыз ұлына
Әзірейіл құрық салғанда,
Бәрін жинап алғанда,
Арасы алыс болмапты
Анығы жалғыз сағаттан.
Перғауын патша зор болған,
Шайтанға құлқын билетіп,
Зұлымдықты мол қылған.
Тәккәпарлық еніп көңіліне,
Мөлшерлі күні мұны да
Ніл дария жұтып қор қылған.
Қазинесі көп Алланың,
Фазылынан шет қалмаң.
Алласыз іс қылам деп,
Пайда бермес мақтанған.
Менмендіктен қайыр жоқ,
Арам қан жиып көңілге,
Көкірегі таттанған.
Адамзатқа сол керек –
Құдайдан қорқып сақтанған.
Тәкәппар мен менменнің
Пиғылына тап келіп,
Осындай рет көп болған.
Мейлің патша, мейлің құл,
Өлшеулі сағат соққанда
Бәрі де соның жоқ болған.
Жан жаратқан Алланың
Кеңшілігіне тап болар
Тәуба мен шүкір еткен жан...[3]

Патшалығынан айрылған Дәуіттің ұлы Сүлеймен, отыз ұлы бір сағаттың ішінде көз жұмған Дәуіт, Әзіреті ер Ғали – Алланың көзі түскен пайғамбарлары болса, қауымымен бірге Ніл дарияға жұтылған Перғауын – кәпірлердің патшасы – бірі көңіліне сәл болса да күпір ой келгендіктен, енді бірі Аллаға жақпас іс қылып, менмендік, жауыздық іс қылғандықтан, қатерге ұшырады. Әрқайсысы бір-бір қиссаға азық болатын оқиғаларды Қашаған жырау тәптіштеп баяндап жатпаған. Қара күштің иесі Әзіреті ер Ғалидың жауыздардың қолынан мешітте өлтірілуін «көңілін Алла семдірген» деп ишаралайды. 18 мың ғаламды билеген Дәуіттің ұлы Сүлейменнің пері қызының сөзіне еріп, құстарға қиянат жасамақ болғаны үшін патшалықтан айырылуын «нұры суға түскен соң, патшалықтан айырылып...» деп береді. Оның себебі – біріншіден, бұл оқиғалар Қашағанның өмір сүрген кезеңінде кез-келген қазақтың баласына көзін тырнап ашқаннан тындап өскен қиссалары арқылы таныс болатын; екіншіден, жырдың прагматикалық мақсаты (әсерлілігі) үшін оқиғаларды тізбектеп жату маңызды емес, сол оқиғалардың салдарын, ұрпаққа сабақ болатын өнегесін айту маңыздырық болса керек.

Жырдың концовкасындағы қорытынды ой – ақынның өзін де, елін де жұбатып айтқан жолдары «ресми басылымда»:

Кейіндегі бозбалалар,
Налымаңыз, шырағым,
Күндердің күні болғанда,
Көк дария көл болса,
Бай мен жарлы тең болса,

Суда – балық, қырда – егін,
Бәле-бәтер жоқ болса,
Диқаншылық көп болса,
Талаптың күші сел болып,
Кетерсіз-дағы ел болып.
Ауызша жырлаудан жазып алынған нұсқада:
Кейіндегі бозбала,
Налымаңыз, шырағым,
Әлі де Құдай оңдаса,
Күндердің күні болғанда,
Көк дария көл болса,
Бай мен жарлы тең болса,
Суда – балық, қырда – елік,
Бәле-бәтер жоқ болса,
Диханшылық көп болса,
Талаптың күші сел болып,
Алладан болып кеңшілік,
Пендеден кетпей кемшілік,
Талабың еткен жөнделіп,
Кетерсіз-дағы ел болып [3].

Қарайтылып берілген жолдар – Алла атымен байланысты ой оралымдары – «ресми басылымда» жоқ. Сондай-ақ, «суда – балық, қырда – егін» тіркесі «суда – балық, қырда – елік» түрінде айтылған. Судан балық аулау, қырдан аң аулау, өзеннің бойына егін салу («диханшылық көп болса») – қазақтың үш түрлі күн көріс көзі меңзеліп тұр деп түсінеміз.

Қорыта айтқанда, Қашаған Күржіманұлы шығармаларының мәтіндеріндегі «репрессияланған» шумақтардың дені діни-идеологиялық және саяси астары бар жыр жолдары деп батыл айта аламыз. Мұсылман дінінің кісілік қағидаларын насихаттап, үлгі етіп қана қоймай, қазақтың ділі мен дініне қол сұға бастаған саяси-идеологиялық күштердің арамза әрекеттерін әшкерелейтін ақынның жан айқайына құрылған шумақтар «кеңестік цензурадан» өтпейтін болғандықтан азаматтарымыз амалсыз қысқартуға, өңін өзгертуге мәжбүр болған. Кейбір тұстарда тәуекелге барып, сыналап енгізіп те отырғаны байқалады. Кеңестік империя билік еткен 70 жылда қазақ халқының рухани дамуының ұлттық сипаты тоқырау кезеңін басынан өткізді. Әсіресе ұлттық тілдің қолданыс аясының тарылуы, қазақ тілін білмейтін ұрпақтың саяси-қоғамдық аренада басымдыққа ие болуы, қазақ ұлтының болашағына деген сенімсіздіктің етек алуы ұлттың рухани дағдарысқа ұшырауына жеткізді. Бұл дағдарыстың нәтижесінде бабалар танымы мен кейінгі ұрпақ танымының арасындағы байланыс үзілді. Сондықтан жыраулар поэзиясы жас ұрпаққа ақыл-кеңес, өсиет айтудан әріге бармайтын құрғақ дидактика немесе заманы өткен байлар мен батырларды мақтайтын мадақ жырлары ретінде ғана танытылып келді. Дегенмен адам баласының түпкі санасында сақталып қалған, сол адамның өзі де байқай бермейтін оның болмысымен бірге жаратылған ұлттық діл қандай да бір мезгілі туғанда жарып шығары сөзсіз. Әр жерде жұлым-жұлымы шығып, шашырап қалған жыр үзіктерін қайта жалғап, бағзы қазақтың рухани кеңістігін қазіргімен жалғастыру – ХХІ ғасырдағы ұрпақтың пешенесіне жазылған тәрізді. Тәуелсіздік туымыздың астында қалпына келіп, алқалаған әлеуметімен қайта қауышқан, қай заманмен де үндесе алатын, өзектілігі өшпейтін оймен өрілген жақсыдан қалған жәдігер жырдың жаңа ұрпақпен қауышуы мәңгілік болғай.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жыр дария. Ақтау, 1995. -590б
2. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. –Москва: Наука, 1981. -134 с.

3. Нұрдәулетова Б.И. Көне күннің жыр күмбезі. Алматы: Жазушы, 2007. –320 б.
4. Қашаған Күржіманұлы Топан А., 1991. -174б

ӘОЖ 82.01/09

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ ТАҚЫРЫБЫ

Қамарова Н.С., ф.ғ.к., профессор
Ш. Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Бұл мақалада Фариза Оңғарсынова поэзиясындағы туған ел, туған жер, Маңғыстау тақырыбы сөз болады. Маңғыстау өлкесінің имиджін көтеруде Фариза Оңғарсынованың поэзиясы үлкен рөл атқаратындығы нақты мысалдармен талданады.

Кілт сөздер: Қазақ поэзиясы, ақындық өнер, Фариза Оңғарсынова поэзиясы, туған ел, туған жер, Маңғыстау тақырыбы.

Ф.Оңғарсынова лирикасы қазақ әдебиетінің қазынасындағы баға жетпес шексіз теңіз сияқты. Ақынның әр тақырыптағы лирикалық шығармалары, ондағы кейіпкерлер әлемі, яғни лирикалық қаһарман мәселесі, ақындық шеберлік сырлары әр адамды қызықтырады айдан анық.

Мен даланың қызы едім,
Жазығында жатпайтын көз ілер қара.
Жазира менің жанымның өзі де дара.
Асқар көрмеген мен шіркін биік дегенді

Өлшеуші ем сонау аспанның өзімен ғана [1, 78], - деген шумақта қаламгердің шыққан, өскен ортасын дәл көрсететін поэтикалық деталь, әдемі образды сурет жатыр. Сондай-ақ , ақынның биік арманы анық көрінеді. Фаризаның беріліп, шабыттанып, аса құмарта, кең көсіліп жырлаған табысты тақырыбы – махаббат, сүйіспеншілік тақырыбынан басқа да саяси-әлеуметтік тақырыптарды әуелде публицистикалық толғау үлгісі арқылы игерген ақын бірте-бірте философиялық, психологиялық монолог формаларға ауысып суреттегенін көреміз. Туған жер, Отан-Ананы нақты сурет, бейнелі тіл, көркем тәсілмен өрнектейді.

«Маңғыстау монологтары» – ақынның отыз жасындағы қолтаңбасы. Өзі туған Атырау өлкесімен қатар Маңғыстау өңірін ерекше құрметтеген Фариза Оңғарсынова өзін «Маңғыстауда патшадай сезінемін» деп жырлайды. Маңғыстауға деген тартылыс күшінің себебін өзі де түсінбесе де өзін дәл осы өлкеде керемет сезінеді екен. Өзіндік ой-толғамдарға толы ақынның өлеңдерінде Маңғыстау имиджі ерекше көрінеді.

Фариза Оңғарсынова Маңғыстауға деген ерекше сәлемін «Шашу» өлеңінде бейнелі сөз орамдарымен береді:

Айналайын, Маңғыстау!
Мінезің маңғаз, жаның ақ.
Киелі қара шаңырақ
көтерілгенде көк тіреп,
үлкен мен кіші жамырап
сүйінші деген хабарды
бірінен бірі қағып ап,
Жатырсың ба екен жадырап?!

Бір аунап түскен шығар-ау
үш жүз алпыс аруақ! [2,162]

Бұл жерде көріп отырғанымыздай Маңғыстаудың қандай киелі топырақ екенін, үш жүз алпыс әулиелі мекен екенін шабытпен жырлайды. Өзін Маңғыстаудың белгілі бір

бөлшегі ретінде сезінеді. Елдің бірлігін өзінің ұраны етіп қабылдайды. Маңғыстаудың әр жақсылығына, жаңалығына ерекше қуанатын болған.

Иә, Маңғыстаудың кербез кеңдігі мен сұңғыла сырбаздығы ерекше. Бұл өлкеде туған жандар ел есінде мәңгі жатталған. Маңғыстау дегенде адам жадына бірден орала кететін Қашаған, Сәттіғұл, Абыл, Есір сынды жыр дүлдүлдерінің имиджін Фариза апамыз төмендегі өлең жолында әдемі өрнектейді.

Қашаған – сөздің дүлдүлі,
Сәттіғұл – жырдың шынжыры
қос тұлпар мініп көсілтіп
тойыма келе жатқандай.

Оғыланды жақтан нұр шапақ
даламды түгел жапқандай.

Абыл мен Есір дәл бүгін
төгеді күйдің жаңбырын.

Ақбөбек мінген ақ боз ат
алшаңдап аяқ басқандай [2, 163].

Ақынның өлеңдері туған ел мен жерге деген махаббатқа тұнып тұр:
Маңғыстау!

Мұнарларың шаншылса аспанды ұрып,
Тайталаса алмай қалады асқар бұғып.

Жанартаулардай лапылдап отты алауларың
жанары жасық жандарды жасқандырып. [3,298]

Ақынның бұл жырында мұнайлы Маңғыстаудың жанарған, жасарған, күрескер портреті өрнектеледі. Әр жолдағы екпінді, салмақты сөз тіркестері Маңғыстаудың бүгінгі еңбеккер бейнесін аша түсуге қызмет етумен бірге өркенді, өрісті Қазақстан өндірісіне лайық, үндес келер әуендік сипатпен сабақтастық байқатады. Осы жырдағы

Осынау асқақ жандарға замандас болып,
мен асылы тектен тек тумаған екем!

– деуі де соншалықты үйлесімді өзін-өзі аларлық қуаттылықпен түйінделеді:

Көкірегінде жыр тұнған,

Топырағында сыр тұнған,

Қасиеттім менің – Маңғыстау,

Қасіреттім менің – Маңғыстау [3, 298].

«Ертегі» өлеңінен автордың балалық кезіне деген үлкен сағынышын көре аламыз. Бетін қара торғынмен қымтаған түн, қиялдап жатып ұйқыға кету, киелі ана сүті, құс төсек, қойнына алып отыратын анасы, ғажайып әлем, таусылмас қиял ақынның тәтті балалық шағын аңсайтынынан хабар береді. Себебі өлеңге негіз болып тұрған тіркестердің барлығы дерлік – баланың жанын жадырататын, көңілі мен қарнын тоқ ететін, мейірімге қандырып, мауқын басатын қасиетті дүниелер. Оларды қасиетті етіп тұрғаны – балалықтың енді қайтып оралмайтыны, анасының ертегі айтып еркелетпейтіні, әр нәрсені қиялдай беруге де оң мен солды танып есейіп кеткендігі.

Қонды тағы даланың төріне түн,

Қымтап қара торғынмен өңі-бетін.

Жұлдызды аспан көнерген киіз үйдей,

Үзігінен моншақтар көрінетін [2, 166].

Ақын өлеңінің алғашқы шумағында ең керемет сәтінің орын алатын жайын суреттейді. «Дала төріне қонған түн», «киіз үйге ұқсайтын жұлдызды аспан» баяғы балалық шағын есіне салып жібереді де, екінші шумақта есіне түскен балалығын – құндақта жатқан кезінде ана сүті арқылы берілген киеден дейді. Ертегіге оралған өзін, иесіне оралған жүйрікке теңейді. Ақынның бұл ойы арқылы, нағыз қазақы тәрбие алған жан екенін, қазақша ойлайтынын аңғара білуге болады. Келесі шумағында өзіне өткен

уақыттың көп сәті ыстық екенін жеткізіп, қойнына алып күні-түні жыр айтқан анасына «самай шашы содан ағарды ма екен?...» деп жаны ашып, бір сәтте «қызуымнан кеудесі нәр алды ма?» деп өзін жұбатқандай болады. Анасының айтқан ертегісі мен жыры алдына «ұлы әлем» боп елестеп, сол әлемді көру үшін, қиялға батып, арманға берілу үшін анасы ертегі айтатын кешкі мезгілді асыға күтетінін ұқтырады. Сағыныш, өкініш, қуаныш, асығу, тынымсыздық секілді арпалысқан сезімдер, ақынның жанын түрткілеп, балғын кезінің естеліктері арқылы көңіліне орала береді. Өз өлеңін ертегіні – өмірдің бастауы ретінде қорытындылай келіп, бойындағы дарынның да оянуын ертегіден деп санап, бала қиялын жебеуші әулиеге теңейді.

Ақынның «Жаулықтар» атты өлеңі анасының құрбыларына арналған. Дегенмен, өлеңнің идеясына қоғамдағы қыз-келіншектер болмысының ұсақталуы негіз болғандай. Мұндағы «жаулықтар» көненің көзі болған ақ жаулықты аналар.

Жүргенде жанымды арбап жыр бұлағым,
Өтіпті зымыраумен сұңғыла күн.
Бүгінде армандаймын бір көруді,
Анамның сыр шертіскен құрбыларын.

Ұқсайды өмір кейде түстенгенге,
Адамға оны бөгер күш берген бе?
Бір сәлем берсем-ау деп асығамын
Анамның қолынан шай ішкендерге... [2, 167].

Ақын өлеңінде «зымыраумен өткен сұңғыла күн», «түстенгенге ұқсайтын өмір» сияқты теңеулер арқылы өмірдің келтелігін суреттесе, «адамға оны бөгер күш берген бе?» деген риторикалық сұрақ тастау арқылы өмір заңдылығына көндігеді. Жазушының қысқа өмір турасында сөз бастауы – ауылға, анасының құрбыларын көруге деген асығысынан. «Бір сәлем берсем-ау», «армандаймын бір көруді», «анамның білезігіндей олардың да көзі сиреді ме екен?» деп уайымға салынып, сол игі жақсыларын енді көре алмай қалмас па екенмін деп қорқады. Анасының құрбыларының тізе бүкпей жүретін тынымсыздығын, ата-ананы аялап күте білген адалдығын, көршінің де түндігін түріп, қою шайына қаймақ батырып, күле қарап құрмет жасайтынын, таң атпай талықсып шаруа соңында жүргенін, ұл мен қызды таудай ғып өсіріп бір шаңырақты ұйытып ұстап отыруын суреттеу арқылы өткенді аңсайды. Аналардың күнделікті тіршілігін дәл осындай сүйіспеншілікпен суреттеуі – ақынның қазіргі қоғамдағы әйел адамдардың бейнесіне көңілі толмайтынын көрсеткендей. Содан болар, аналарының ақ жаулықты құрбыларын арлы аналардың соңына балағандай, «жаулыққа» сыйған бар қасиет көзден ұшып, ғайып болар-ау деп қорқады. Ақын Фариза Оңғарсынованың «Суаттар» және «Туған жер» өлеңдері Маңғыстау тақырыбына арналған өлеңдерінің ішіндегі туған жерге деген сүйіспеншілікті айғақтап тұрған туындылары болып саналады.

«Суаттар» – Әбіш Кекілбаевқа арналған өлең. Шығарма ақынның күйбең тіршіліктен шаршап, досына үндеу тастауынан басталады. Ақын «жүзімді жоннан ескен желге жанып, сатусыз сезімдерге бір сұңгісем, сол ғана жүрегімді емдері анық» дейді. «Сатусыз сезім» дегеніміз қандай сезім? Ақынның неден көңілі қалған? Осындай ой төңірегінде іштей сұрақтар қойыла берері анық. Сатусыз сезім – сендік үннің қоштаушылары, сезімге адалдық, адам бойындағы рухани тазалық көрінісі. Ақын сол сезімді туған ауылынан табарына сенімді. Бас сүйер бір туғаны болмаса да, ол жерде ақын қызын аялар аяулы жұрты барына үміттенеді. Ондағы жұрттың өз баласын елеңдеп күтіп жүргеніне ақын жүрегімен сенеді, иланады.

Бір сергіп қайтсам ба екен елге барып,
Жаныма жарқын мінез жеңгені алып.
Жүзімді жоннан ескен желге жанып,
Сатусыз сезімдерге бір сұңгісем,
Сол ғана жүрегімді емдері анық... [2, 160].

Суат – ақынның ішкі әлемі. Сол ішкі әлем «шаршай» бастағанда, туған жерге аялдау арқылы ғана сүйеніш тапқан. Туған дала қуатымен суаттарға су толмақ. Ақын қайда жүрсе де, туған жерден нәр алатынын баяндайды.

«Туған жер» өлеңінде ақын қайда жүрсе де, өзі туылған өлкені ешқашан ұмытпайтынын айтады. Өлең деген ағыспен алысып жүріп, туған жерден алыстап кеткеніне қынжылады. Биіктерге өрлей жүріп, жалғыз қалғанын сезеді. Өнерді түпсіз терең құдыққа, өмір күрес майданына теңейді. «Салқын дүние көжектей қалтыратты, сәбиіңе қойныңды аш, үйім – далам». Ақын мұндағы дүниенің салқындығынан емес, адамдардың бір-біріне деген салқын қарым-қатынасынан шаршаған. Десе де, өлең соңында туған елдің құшағының жылуы ақын үшін талай шындар мен қиырды алуға жететінін аңғарамыз.

Бұдан да басқа Фариза ақынның Маңғыстауға арнаған өлеңдері көп. Сағынышқа толы бұл өлеңдерінде ақынның туған жерін ерекше аңсауын байқаймыз. Қоғамдағы қымқуыт оқиғалардан шаршай жүріп, туған жер туралы ойдың өзінен үлкен қуат алатыны байқалады.

Маңғыстаудай киелі өлкенің әсем де бейнелі келбетін өз туындыларында ыстық махаббатпен, ерекше жүректілікпен халық жүрегіне жол тарта білген поэзия падишасы Фариза Оңғарсынованың өзін киелі топырақтың бір бөлшегі санауы Маңғыстауға деген ерекше құрметі еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. – Астана, 2004. 1-том. Өлеңдер, дастандар. – 324 б.

2. Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы, 3-том. Астана: Өлеңдер, дастандар. – 2004. - 328 б.

3. Оңғарсынова Ф. Екі томдық. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, I том. 1987. – 352 б.

ӘОЖ 929(09) 045

ДАЛА АКАДЕМИГІ

Қамарова Н.С., ф.ғ.к., профессор

Ш. Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Есімі Маңғыстауға белгілі аңшы Бабық Нұр атаның қыры мен сыры жетерлік. Нұр атаға Алла тағала өнердің небір түрін, атап айтқанда, мергендікті, аңшылықты, жершілікті, аспаздықты, болжампаздықты, оң қолынан өнер төгілген ұсталықты үйіп-төгіп берген екен. Сонымен бірге атамыз киелі жердің жануарлар мен өсімдіктер әлемін жетік білген. Мақалада көзі тірі кезінде-ақ «Дала академигі» атанған аңшы Нұр атаның қасиеттері туралы жазылған. Мақала материалдары атаның көзін көрген өлкетанушы Ә.Спан, О.Көшбай және атаның ұрпағы Саламат Нұрұлы ағалармен сұхбаттасу барысында жиналды.

Кілт сөздер: Маңғыстау мақтаныштары, Аңшы Нұр ата, мергендік, аңшылық, болжампаздық, ұсталық өнер.

Елбасымыз «Ұлы даланың жеті қыры» атты терең мазмұнды, тағылымы мол мақаласын жариялағанда өткенімізді тарих тұғырынан бағамдап, терең зерделеуге үндеп отырғанын да бағамдадық. Маңғыстау облысында «Маңғыстау мақтаныштары» сериясымен түбекке еңбегі сіңген тұлғаларды дәріптеу қолға алынып жатқан тұста Нұр атадай тұлғамыз туралы айтпасақ, бізге сын болар еді.

Несібесін көк пен жерден іздеген көшпенді елдің ит жүгіртіп, құс салу, қақпан құрып, аң аулау күн көрістің көзі болумен бірге ата кәсіп те болған. Аңшылық – Маңғыстау өңірінде ежелден бар өнер. Соңғы кездері аң аулау қосымша кәсіп болып та қалыптасты. Әсіресе мал шаруашылығымен айналысқан Маңғыстауда мал шаруашылығына зиян келтіретін қасқыр аулау аңшылар үшін негізгі міндет болып саналды. Қасиетті өңірде аңшылықпен аты шыққан әйгілі аталарымыз болған. Солардың бірі Бабық Нұр ата есімі айтулы аңшы ретінде құрметпен аталады. Игілікті істерімен ел жадында сақталған абзал азаматтардың атын қайта тірілту, өткеннің өнегесін айту, тағылымын дәріптеу бүгінгінің ісі деп санап мен бұл мақаламда аңшылық кәсіптің асқан шебері болған Нұр Оңдағанұлы атамыз туралы жазбақпын.

Нұр атаның баба күлдігі Аданың аралы екен. Бұл – кәдімгі Әбіш Кекілбаевтың «Күй» повесінде айтылатын Ада. Қайнар бастауы Алтайдан бастап, Алатауды артына тастап, Сауранда талай рет еру болған Адай көшінің алдына шолушы, артына тосқауыл болған, Таутайлақпен алыса, Жезтырнақпен жұлыса жүріп халқына пана болған әрі батыр, әрі мерген, аңшылықтың пірі атанған айтулы Айназар атаға жеткен сабақтастық Бабық Ата ұрпақтары Сүйіндік Оңдаған, одан соң Аңшы Нұрға жалғасып жатыр. Аңшы Нұр атамыз асқан мерген, айтулы аңшы болған. Аңшы Нұрдың бабасының азан шақырып қойған аты Есболай болса да, Майемер атанып кеткен. Есболай бабаның қырқынан шықпай әкесі Сүгірбай дүниеден өтіп, шешесі Өтер нәрестені мезгілімен емізуге қолы тимей, бесікке қойдың құйрық майын баланың қолы жететін жерге байлап кететін болған. Содан май еміп өскен Есболай бабамыз бала кезінен Майемер атанып кеткен екен. Майемердің шешесі көріпкел, аруақ қонған, (Бекет Атамен тілдескен деген де аңыздар бар) өмірінің ақырына дейін айтқаны келіп, атқаны тиген қасиетті әже атаныпты. Ауыл көлемі түгелдей сол кісінің ауылын «Қалпе енемнің ауылы» деп құрмет тұтып кетіпті. Сол қасиетті әже тоқсаннан асқанда дүниеден өткен. Нұрдың әкесі Оңдаған Сүйіндікұлы 1870 жылы туып, 1936 жылдары қайтыс болған. Оңдаған мен Ұлжаннан Нұр, Бірімжан деген екі бала болған. Үлкені – Нұр, біздің кейіпкеріміз 1895 жылы, Кендірлі-Құрық жерінде дүниеге келіпті. Бұл әулеттің қонысы Кендірлі-Құрық, Темір-Баба, Сарқұл жағында болыпты. Қазіргі кездегі Сарқұлдағы «Майемер шыңырауы» Нұрдың үшінші атасы Майемердің қаздырған құдығы екен.

Нұрдың анасы Ұлжан өте көрікті, еңбекқор адам болған. Жармадан Өзенге қарай жүргендегі «Соққы» деген Төрткілдің етегіндегі «Ұлжан тақыр» осы кісінің атымен аталған деседі. Шаруаға пысық Ұлжан ана су тоқтамайтын тақырдың айналасына бөгет жасатып, су кідіртіп, мал-жанның қамын ойластырған екен. Сол тақыр бүгінде «Ұлжан тақыр» деп аталып кеткен. Ел қамын ойлаған абзал ана Ұлжанның қолымен бөгелген тақырға тұрақтаған табиғат нұрынан пайда болған мөлдір судан бүгінгі ұрпақтары да, жайылған мал да сусындап келеді.

Әулие Өтер анасы аян берді ме, әлде басқа бір күш жетектеді ме, аңшылықпен мүлдем шаруасы жоқ, аз ғана малымен қыс болса, Сұмсаны, жаз болса, Қауынды-Қорғанбайдың оңтүстік шығысын мекен етіп, сол жерден тұщы су көзін тауып күнелтіс жасап жүрген Майемер бір буаз түйесіне қырлы мылтық сатып алып баласы Сүйіндікке берген екен. Ол заманда күнелтіске байланысты кәсіби дәстүрдің көпшілігі елге тән азды-көпті мал ұстаудан басқа екі түрі болыпты. Оларды «атпалы», «ашпалы» деп атаған. Ашпалысы – оқу, білім жолын қуу, кітап ашу, ал атпалысы – аң аулау, бұйырған несібе аңды қақпанға қосымша мылтықпен алу. Қырлы мылтық сол мақсатпен Сүйіндік атамыздың қолына түскен. Міне, бұл әулеттегі аңшылық өнердің басы осы Сүйіндік атамыздан басталып Нұр аңшыға жеткен. Әуелдегі қырлы мылтықтардың ұңғысы тым ұзын, алып жүруге ыңғайсыз болатын. Соны Сүйіндік атамыз ұстаға кестіртіп қысқартады. Және тағы бір ыңғайсыздығы білтелі, күмен тұтанып атылатын. Нұр аңшының әкесі Оңдаған Бесқалаға барып, әйгілі шеберлердің біріне сол қырлыға шүріппе салдырады. Біле білген адамға мылтық – киелі қару. Оны қолдану үшін не мақсатқа арналғандығы жөнінде құжаты болуы тиіс. Сол құжатта тек «аң атуға арналған» деп

айқын жазылады. Тек сондай мылтықпен атылған аң адал несібе о дүниеде пырақ деп көрсетілген. Бірақ оның да шегі бар. Шегіне жеткенде белгісін атылған аң арқылы береді. Содан кейін ол кәсіпті тастау керек немесе мылтықты ауыстыру керек. Нұр жиырма жасынан бастап мылтығын ауыстырып, аңшылықты кәсіп еткен. Жас кезінен-ақ істеген ісіне тындырымдығымен, қатарындағыларға қайырымдылығымен көзге түсе бастаған, жастайынан әкесіне еріп үлкен кісілердің әңгімелерін тыңдап, зердесіне құйып өскен зерек бала атанған. «Мен Нұрекеңмен қанша кездессем де, талай түнде қара шәйнекті қайната отырып, әңгімесін тыңдасам да, мейірім қанған жоқ еді. Өйткені өмір бойы далада болып, сол даладағы аң-құстардың тыныс-тіршілігін білетін, олардың бар мінез-құлқын бойына сіңірген әйгілі аңшының айтары көп еді. Халқымыздың асыл өнерінің бірі болып табылатын аңшылықтың биігіне көтерілген адам болатын. Әттең, кезінде оның қасында болып, аузынан шыққан әрбір сөзін жазып алып отырғанда, кейінгі ұрпаққа мол мұра қалатын еді ғой» [1, 57], - дейді белгілі өлкетанушы Отыншы Көшбайұлы. Нұр атаның санасында сақталып қалған небір тарихи шежірелі әңгімелерді Саламат Нұрұлы да айтып берген еді. Оның бәрі бір мақала көлеміне сыймайды, әрине.

Қайсар да батылдық, ержүректілік – аңшы адамға керек қасиеттер. Бірде далада ұйықтап кеткен Нұр атамның жанынан салқын самал еседі. Ұйқылы ояу жатқан кезі болса керек, салқын кеудесіне қарай жақындай түскен. Бір көзін ашып қараса, сарыүйек жылан екен. Әлгі жылан аяқ жағынан келіп, кеудесінен асып барып, өз жөніне кете беріпті. Сол кезде Нұр атам қозғалмастан жата берген. Олай-былай қозғалса, шағып алуы да мүмкін екен. «Сол әңгімені әкемнің аузынан естігенде менің денем түршігіп кетті. Ол да бір ерлік іс екен-ау деп ойлаймын», - дейді Саламат Нұрұлы.

Нұр атамның емшілік қасиеті ерекше болған. Он бес жасында өрісте айқасып жатқан үш сарүйек жыланды көреді. Қапелімде сескенгенмен, көп ұзамай бойы үйреніп, жыландарды қолындағы таяғымен ұрып өлтіріп, асықпай зерттеп қарап, оратылып жатқан жатқан сарүйектерді ажырату үшін «біссімілә, өзіңнен өзгеге ем бол!» деп бір саусағымен ажыратып тастапты. Бірақ қай саусағы екені есінде жоқ, ортаңғы саусақтарының бірі екен. Халықтың наным-сенімі бойынша қай саусағымен жылан ажыратса, сол саусағының емдік қасиеті болады екен. «Әкемнің саусақтары тиген адамдар ауруларынан айыққанының талай куәсі болдық, - дейді Саламат Нұрұлы, - баяғыда ауылда киіз үйде отырғанымызда бізден бірер жас үлкендеу Есенқұл деген азамат әкемді іздеп үйге кіріп келді. Біраздан бері көтеріліп ауырып, ауылды басына көтеріп айқайлап жүретін. Әкем: - Ау, Есенқұл, шашың өсіп кетіпті ғой, шашыңды жуып келші, - дейді. Даладан шашын жуып келген Есенқұлдың шашын ұстарамен әкем әдемілеп алады. Сол кезде ылғи айқайға басатын Есенқұлда үн жоқ екен, тырп етпей отырыпты. Шашын алып болған соң, Есенқұл: - Кәке, ұйқым келді, - дейді де, қорылдап ұйқыға кетеді. Ұйқыдан тұрған соң әкем шөптен дәрі дайындап, шайға ма, сорпаға ма салып ішкізеді. Содан кейін Есенқұл үйімізге үш күн қонып, құлан таза айығып кетеді. Бұрынғы емен жарқын Есенқұл ортамызға қайта оралғанын көріп, қуандық». Нұр атаның емшілік қасиеттерін көзі көрген, дертіне дауа тапқан адамдар аңыз қылып айтады. Далада жүріп, шөптердің қасиеттерін де жақсы білген. Қай ауруға қай шөптің ем екенін тап басып айтатын қасиеті де болған.

Айтқаны келіп, атқаны тиетін Нұр атаның ғаламат қасиеттері туралы әңгіме көп. Соның біріне тоқталайын. Тұщыбекте тұрғанда Нұр атаның көрші отырған үйі алапат өртке оранады. Үйдің жанында көлік тұрған гараж, шөп қора қоса өртеніп жатады. Өрттің беті жаман екен. Гаражда бензин толы бочка бар, шөп толы қора бар, жиналған адамдар бәрі өртеніп кетті-ау деп қайғырып тұрады. Қолдан келер шара жоқ. Ол кезде ауылда өрт сөндірушілер де, өрт сөндіре қоятын техника да жоқ. Сол кезде үйінен үстінде ақ киімімен «Біссімілә» деп шыққан Нұр ата өртке қарап тұрып, дұға оқыпты. Одан соң үйіне қайта кіріп кетеді. Айтса, адам сенбес, Нұр атаның дұғасынан өрт лезде сөнген екен. Шоңай Ізімтай деген кісі сол оқиғаны көзімен көрген, әлі күнге аңыз қылып айтып келеді.

Нұр атаның тағы бір қасиеті – ұсталығы. Ол кезде көрік, ұсталық деген де кез келген адамның қолынан келе бермейтін іс болатын. Көрік ұстау үшін дуалы ауызды

аталардан бата алу керек екен. Батасыз ұста дүкен аша алмайтын болған. Және бір емес, үш кісіден бата алу керек. Нұр атамызға ұсталық дүкен ашу үшін бас батаны Құнанорыс көріпкел Сарбек ұста береді. Әкесі Ондаған ол кісімен әрі құда, әрі дос болатын. Кітап ашатын, білімді, білікті жан екен. Көрпе Разманбеттің төс қағысқан үзеңгілес жолдасы болған. Одан кейін баталарды Жаманадай Жұбаназар мен Жұмағазы деген ұсталар берген. Сол кісілердің ықылас-ниетімен Нұр атаның істеген ісі елдің игілігіне жарады. Ұсталықтан гөрі аңшылық кәсібіне көбірек назары ауған екен. Ең алғаш он төрт жасында арқардың құлжасын алып келгенінде-ақ әкесі Ондаған батасын беріп, өзі аңшылықты біржола қойған болатын. Әкесі сүйікті кәсібі – аңшылықты тым ерте тастап, баласына сенім артады.

Кешегі ел басына күн туған соғыс жылдарында ел қорғау үшін соғысқа да аттанған Нұр атамыз 1943 жылы жараланап қайтады. Соғыс жылдары елді ашаршылықтан сақтап қалу жолында Нұр мергеннің атқарған еңбегі орасан зор болғандығын сол кездегі көз көргендер әлі күнге дейін ықыласпен еске алады. 1943 жылы өзі соғыстан оралған Нұр ата аңшылық одаққа мүше болып, аңның етін дайындаушы агент Шолақ Ермағанбет аң еті мен терілерін қабылдап алып, аудандағы мекемеге өткізіп отырыпты. Ермағанбет Маңғыстауға кеңінен мәлім болған палуан адам болған. «Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен алып», далада азып-тозып жүрген малшылардың еңбегі еш болып, малдарына қасқыр шаба берген кез екен. Сол кезде Бозащыдағы екі колхоздың бастығы арнайы адам жіберіп, тиісті орындардың рұқсатымен Нұр мергенді алдыртқан. Құралайды көзге атқан мерген атамыз бас-аяғы бір-екі айда Қаратау, Боздақ шатқалдарынан сексенге жуық қасқыр соғып, елдің күн көрісі малды аман алып қалған екен. Одан бері де 1950 жылдары Шайыр, Бөген бойындағы малдарға шабуылдаған түз тағыларын атып, ел алғысын арқалады. «Нұр аңшы көбіне жаяу жүретін. Алғаны екі аң болса иығына асып әкеледі де, жіліктеп ауылдастарына бөліп беретін. Ал бір аң болса, түгел қазанға астырып, ауыл болып жегенді дұрыс көрген. Нұрекеннің табаны тиіп, өкпесі күйіп, иығын қидырып жүріп істеген осы қайырымдылығын көрген адам аңшының есімін ұмытуы мүмкін емес. Нұрекен ел тарихынан лайықты орын алады деп есептейміз», - дейді кезінде Нұр атаның қасына еріп жүрген інілерінің бірі, еңбек ардагері, Сенек ауылының тұрғыны Әлқуат Дауылбайұлы.

1946 жылы Үстірттің ернегіндегі Бөрі бас тауының үстінде Әли деген жылқышы атамыздың құрған қақпанына қарақұйрықтан бас жағы өзгешелеу бір аң түседі. Сол жердегілер әлгі аңның қандай аң екенін білмей, даурығысып жатқанда аңды бір көргеннен танитын Нұр аңшы келіп, бұл аңның денесіне, табанына қарап: «Бұл – киік деген аң, бұл жақтан ауып кеткеніне көптеген жылдар өтті, жануар алыстан келген екен, табаны ағарып қалыпты. Арқада киік отарымен жүреді деп еститін едік, Алла жеткізсе Маңғыстауға да киік келеді», - деген екен. Шынында Аңшы атамыз айтқандай, сол кездерде Маңғыстау даласын киік жайлай бастады. Нұр атаның: «Кез келген адам аңшы бола алмайды, балам. Әрине, қолына мылтық ұстап, алдынан тап болған аңды кім болса да ата алады. Болмаса аңның жолына қақпан құрғанды меңгерген де көп. Бірақ бұлардың бәрін аңшы деуге болмайды. Нағыз аңшы табиғаттың адам баласына сыйлаған осы бір ырзығына жанашырлықпен қарауы керек», - деген сөздері ұрпақтарының санасында сақталып қалды. ССР Одағы географиялық қоғамының мүшесі, Маңғыстаудың аң-құсын зерттегісі келген ғылыми ізденуші Залетаев Владимир Степанович 1955 жылдың шілде айында Маңғыстауға арнайы іс сапармен келеді. Келген сапарында бір айдан астам уақыт Нұр Ондағанұлының қасында болып, көп нәрсе білгісі келеді. Аңшы Нұр атамыз ол кісіні Балатемір деп атаған. Атамыз өзінің аңшылық өнерге деген құмарлығын толық жеткізе алмай өкініште қалады. «Балатемірге айтарым өте көп еді, әттең ол мені түсінбеді», - деп қынжылыпты. Әскерден келген, орысша көп сөз білмейтін Қазақбаев Жұмахан деген тілмаш болғанмен, ештеңе де түсіндіре алмаған екен. Нұр атамыз 1956 жылы осындай арқардың 5-6 құлжасын колхоз председателі Алман Байдолов деген кісіге ұстап әкеліп берген. Мақсаты арқарды қоймен будандастырғысы келген екен.

Атақты аңшы, көріпкел, ұста, емші Нұр Ондағанұлы 1978 жылы 83 жасында қасиетті қара шаңырағында кіндігінен тараған алты ұл мен қызының, немерелерінің алдында өсиетін айтып, дүниеден озыпты. Бишенбибі Нұрқызы әкесінің өмірмен қоштасарда айтқан «Ашушаң болма, ашық жүзді бол! Адам баласына пайданды тигіз! Өзіңді өзгеден жоғары санама!» деген өсиет сөздерін жазып алған екен. Нұр атамыз өз бойындағы осы бір асыл қасиеттер болашақ ұрпағымның бойына дарысын деп айтып кеткен екен. Аңшының қасиетті ата кәсібін жалғастырар ұрпақтары артында қалды. Нұр атаның қай ұрпағы да – ата кәсібін кез келген уақытта да жалғастырып кетуге қабілетті, түйгені мол жандар. Бірақ қазір аңшылық кәсіпке деген қызығушылық азайды. Нұр атаның ұзақ жылдар қолынан тастамай ұстаған қара мылтығы сол ораулы күйінде Ұштаған ауылында қара шаңырақтың иесі Түгелбай үйінің қақ төрінде ілініп тұр. Алғаш рет Қырымкүл Назарәлі ұстадан бата алып ұстаған қасиетті қара көрігі, сол баяғы қалпында Нұр атаның өзі салған «дүкен үйінде» сақтаулы тұр. Табиғатты ойлап, құмартып өскен Нұр аңшының артында қалған өшпес мұраларының бірі оның өз қолымен отырғызған бау-бақшаға айналған жеміс-жидек ағаштары да бұл күнде жасыл желекке айналып, Нұр ата ұрпақтарының сүйікті демалыс орнына айналды.

Ағайынның зарығып көрген перзентіне Нұр атадан бата алмағаны жоқ екен. Ұштағанның әр үйінде айтулы аңшының қолынан шыққан киелі киіктің мүйізінен сапталған кездік пышақты көп кездестіресіз. Перзент келген әр шаңырақтың қуанышына өзінің ұста үйінде отырып ізгілік жүрекпен, ақ тілегін, ата кәсібін паш ететін қолтаңбасымен қалдыру тек қана аңшы Нұрдай абзал ақсақалдың ауқымына сыятын іс болған екен. Бастауын ата-баба қонысы сонау Аданың сүзбе суынан ауызданып, дәстүрлі кәсіпті жалғастырған аңшының өмір жолы Маймер, Балой, Бірқарын, Сүйретпе, Қансу, Сарбұлақ, Көкесем, Аққуыс, Асқарбұлақ, Үкілі, Шайтанкүп, Шаңырақкүп..., қысқасы шалқар Маңғыстауды аралаған ізі, тындырған ісі Маңғыстаулық белгілі қаламгер журналист, жазушы Әбілқайыр Спанның «Аңшы Нұр» атты кітабында [2] жазылған. Аң қасаптағанда, қызылдан ас баптағанда жұртында жаңқа-сүйек қалмайтын тазалығындай оның өмір жолы мен іс-қимылында да ақаулық пен жаңсақтық байқалмаған екен.

Өзі аңшы, мерген, өзі емші, көріпкел, өзі ұста, өзі бағбан Нұр атамызды «Дала академигі» деп атасак, артық емес. Маңғыстауда бір-екі аңшылық кәсіпке арналған дүкендер бар, сол дүкендерге есімі Маңғыстауға белгілі Нұр ата аңшының атын берсек, ата рухына тағзым деп есептеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көшбайұлы О. Маңғыстаудағы аңшылық дәстүр. Алматы: Орхон, 2008. -208 б.
2. Спан Ә. Аңшы Нұр. Алматы: Информ –А, 2000. – 112 б.



Суретте: ғылыми ізденуші Залетаев Владимир Степанович пен Маңғыстаулық аңшы Нұр Ондағанұлы арқардың құлжасын ұстаған сәті. 1955 жыл, шілде айы

МӘШҲҮР-ЖҮСІП ПЕН АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҮНДЕСТІК СИПАТЫ

Отарова А.Н., ф.ғ.к., доцент
Ш. Есенов атындағы КМТИУ

Андатпа. Мақалада XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясының аса көрнекті ақындарының бірі М-Ж.Көпей шығармашылығы көркем сөз құндылықтары тұрғысынан қарастырылады. Ақын еңбектеріндегі рухани, адамгершілік, имандылық мәселелер Абай шығармаларымен үндестік тұрғысынды сарапталады.

Кілт сөздер: діни ағартушылық ағым, ұлттық рухани дәстүрлер, дүниетаным, хадис, қисса-әпсенелер, діни дастандар, қарасөз үлгісіндегі жазбалар, шығыс аңыздар, қазақтың ауыз әдебиеті дәстүрлері, жазба әдебиет, шығыстың философиясы, классикалық әдебиеті, нәзіралық үлгі, түрік жазба шайырлары, қисса-хикаяттары, философиялық ой.

Белгілі бір кезеңдегі әдебиеттің даму, өрбу эволюциясын білу үшін оның алдындағы ағымға, болмысқа қарау керек. Бүгінгі күнге дейін әдебиет тарихынан өзінің нақты әділ бағасын ала алмай келе жатқан тұлғалар бар. Олар кезінде кітаби, діншіл ақындар деген желеу сөзбен әдебиет тарихынан, елдің мәдениет тарихынан шеттетілді. Бұл діни ағартушылық ағым XIX ғасырдың екінші жартысында прогресшіл рольге ие болды. Басты өкілдері Ақмолла, Нұржан, Әубәкір, Шәді, Мәшһүрлер сол кездегі қоғамдық ойға зор ықпал етті.

Олар XX ғ. басындағы қазақ әдебиетінің тарихында өз орны бар, үлкен мұра қалдырған, өзіндік стильдері қалыптасқан ақын-жазушылар. Қазақ әдебиетінің даму жолындағы мәдени тарихи мұралар ұлтымыздың ұлан байтақ даласының, діні, тілінің сақталуына негізгі тірек дәнекер болып келді. Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы бағдары рухани мәдениетіміздің өркениеттік даму деңгейлерімен теңдес, үндес мұраларын уақыт талабына орай жаңаша қарастыру қолға алынды.

Қазақ халқының ұлттық рухани-адамгершілік тәлім тәрбие дәстүрінде Мәшһүр-Жүсіп мұрасы баға жетпес құндылықтардан саналады. Кеңестік дәуірдегі космополиттік қаулылар мен өкімдердің кесірінен кезінде өз бағасын ала алмаған Мәшһүр-Жүсіптің бай әдеби мұрасы тәуелсіздік алғаннан соң өзіндік табиғи болмысымен жадымызға толыққанды сипатымен оралып отыр.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы ақын-жазушылардың ішінде Абайдан кейінгі, Шәкәріммен қатар тұрған Мәшһүр-Жүсіп. Мәшһүр-Жүсіп Абайды рухани ұстазы тұтқан, өзіне үлгі санаған. Абайдың ел ішінде таралған өлеңдерін жаттап, жинап жүрген. Олар ислам, шығыс, орыс (еуропа) мәдениеті арналарын рухани азық етті. Олардың шығармаларында қазақтың бұрынғы сөздік қорынан ортақ жайлары көп ұшырасады. Олар тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, көне этнографиялық сөздер, фразеологизмдер, тұрмыс-салт т. б. лексемалар болып келеді. Ауыз әдебиетінің түрлері, ежелгі шығыс дәстүрлері, қазақтың шаруашылығынан, тұрмысын суреттейтін тілдік дереккөздерді көп байқаймыз. Халқының өз елінде еркін өмір сүре алмай, ана тілінде еркін сөйлеп, оқу-білім алуға да, дінді сақтауға құқтарының шектелуі жандарын жүдетті. Осыдан кеп, одан құтылудың бірден бір жолы елдің бірлігінде, ғылым, білімге ұмтылуында, өзге жұрттың боданында қалмаудың негізі осында деп түсінді. Сондықтан да халық туралы, олардың мұңы мен тағдыры туралы өлеңдер, дастандар туды. Шығыстың жауһар қисса, дастандарын қазақ дүние танымына, рухани дүниесіне жақындатып, өздерінше дамытты.

Мәшһүр дүниетанымының қайнар бастаулары мен рухани нәрлері: ұлттық рухани дәстүрлер. Ұлы Дала, шығыс мәдениеттері мен мұсылмандық философиясы, Еуропа

мәдениеті. Рухани әлемін қалыптастыруда әсер еткен шығыс ғұламалары: Фирдоуси, Саади, Хафиз, Низами, Руми, Аттара, Омар Хаям, Жами, Науаи, Йассауи т.б. Ұлы дала жерінің даналары да ерекше ықпалын тигізген еді: Асан Қайғы, Сыпыра Жырау, Қазтуған, Досмамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара т.б. Мәшһүр Жүсіптің еңбектерінде ислам дінінің шығуы, құдайға сену, тануы, ислам тарихына қатысты пайғамбарлар мен тарихи тұлғалар жайлы деректер берілген.

Мәшһүрдің дүниетанымы мен философиясының негізгі қайнары ислам философиясы және шығармашылығының қайнар нәрі Құран-кәрім, хадис, шариат. Оның діни философиясында Алла, нәпсі, инсани-камил, ақиқат, фана, о дүние, жұмақ, тозақ, күнә, пенде, періште, ғашықтық, махаббат, әулие, шариат, сопылық т.б. ұғымдар негізгі өзекті құрайды. Мәшһүрдің діни- философиялық көзқарастарының түпкі тамыры – Алла тағала, оның расулы Мұхамед (с.ғ.с.)

М-Ж. Көпеевтің шығармашылығына оның өмір сүрген дәуіріндегі барлық басылып шыққан әдебиеттер мен түрлі дереккөздер игі әсер етті. 5 жасынан халықтың ауыз әдебиетін жаттап өсті, көптеген жырларды ауызша жырлады, атақты Шорманның Мұсасы оның ерекше талантын байқаған, үнемі тыңдаған. Мәшһүр-Жүсіп халық ауыз әдебиетінің жоқшысы болып, рухани мол қазына қалдырды. «Мәшһүр-Жүсіптің жырлауындағы «Қозы көрпеш-Баян сұлу», «Алтынбас-Күмісаяқ» жырының варианты бар. «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Сайын батыр», «Нәрік ұлы Шора батыр» да сүйікті жырлары болған. Ә. Марғұлан жазбасында: «Сүйіндік: Олжабай батыр» ертегісін «Сақау ақынның айтуынан 1865 жылы жазып алған Мәшһүр-Жүсіп Көпеев» – деген мәлімет бар. Бұл кезде ақын 7- ақ жаста. М-Ж. Көпеев өзі түсірген үлгілерінің көлемін белгілеп отырған.

Ол – қазақтан шыққан Ш. Уәлихановтан кейінгі фольклорист – ғалым. М-Ж. Көпеевтің ауыз әдебиетінен жинаған үлгілерін зерттей келіп Ф.ғ.д., профессор Н.Қ. Жүсіпов: «Соның бір көрінісі – қазақ фольклорын ең көп жинаған көлемі 15-20 томдай... – дейді [1, б.5]. Ол көбінесе аңыз бен әңгімелер. Әулиелер: «Болған ана мен Белең ата», «Талмас ата әулие», «Шайқы Бұрқы әулие» т.б.; пайғамбарлар: «Сүлеймен пайғамбар мен Байғыз», «Нұх пайғамбар мен бір кемпір», «Сүлеймен пайғамбар мен құмырсқа», Жер-суға байланысты «Ой түндік белеңде деген қай жерде т.б.»; тарихи адамдар «Асан Қайғы»; т.б. болып келеді. «Сүлеймен пайғамбарға байланысты хикаялар туралы С. Қасқабасов ел арасында негізінде үш сюжет төңірегінде құрылатынын, тәрбиелік мәнінде екендігіне жете көңіл бөледі». Фольклорист фольклордың бірнеше жанрлық түрлерін тұрмыс-салт жырларын, шешендік сөздерді, аңыз-әңгімелерді, ертегі, мақал-мәтел, ақындар айтысы жинақтағаны аян. Н. Жүсіптің авторефератында «[1, б.14]: М-Ж. Көпеев ел арасынан «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Сайын батыр», «Нәрік ұлы Шора батыр» т.б. тәрізді батырлар жырларын «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Алтынбас-Күмісаяқ» лиро-эпосын мысалы, «Қыз Жібек» жырының желісі негізінде «Гүлшат-Шеризат» дастанын жазады. «Бозторғай» – 460 жолдан, «Дін үйренетұғын» – 200 жолдан тұрады дей отырып, бұл жыр үлгілерін тұңғыш қағазға түсірген В.В. Радлов екендігін де М-Ж. Көпеев көрсетіп кеткендігі айтылады. Бұлар ғылыми мұрағаттарда сақталып келген. Бұл еңбектер М-Ж. Көпеевтің артына қалдырған мұрағаттарының соншалықты құндылығын танытады.

Ә. Тәжібаев «Мәшһүр-Жүсіп Көпеев дегенді білмейтін қазақ зиялыларында жан жоқ. Әрі ақын, әрі ақылгөй жан, ұлы Абайға ілесе шықты да осы данышпан ұстазының ағартушылық жолын берік ұстанды. Ақындығын да өзіне мұрат етті» – дейді [2,15 б] Ол Құнанбай әулеті шежіресін жан-жақты білген. М-Ж. Көпеев Абай жөнінде баспасөздегі алғашқы мәліметті 1890 жылғы 26 санындағы «Дала уалаяты» газетіне береді. Ол осы мақаласында Абайдың бұрын газетке жарияланған «Жазды күн шілде болғанда...» – деп басталатын өлеңін «...тек Құнанбаевтардың өмірі мен байлығын суреттеуге арналған, өлең халықтың тұрмысын жақсарту сияқты пайдалы нәрсеге шақырмайды» – деп сынайды. Оның себебі бұл шығармаға «Семей оязы Шыңғыс елінің қазағы Ибраһим

Құнанбай ауылының Бақанас өзенінің Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі» деген тақырып берілген. Екіншіден, кедейдің қиын тұрмысын суреттеген кейбір жерлер Абайдың нұсқасынан газетте өзгертіліп, тіпті алынып тастап берілген. Бұл мақаладан және де бір аңғаратынымыз, өлең Көкбай атынан жарияланғанмен, Абай жазғанын ол кезде халықтың білетіндігін байқадық.

М-Ж. Көпеев Абай жайлы дұрыс пікірде екенін оның ол туралы жазған дүниелерінен көреміз. Абай шығармаларын қазақ халқына таныстырып, уағыздаған. «Нүсіпхан» поэмасының оқиға желісіне Абайды арқау етіп, елдің ішіндегі жер, жесір дау-дамай, ел тағдыры туралы мәселелерді Құнанбай мен Абайды қатыстыру арқылы сөз қылады. Поэмада Семей бойы қазақтарының өмірі ашық суреттеледі. Тобықты руын, Құнанбайдың әулеттері мадақталып, Құнанбайдың жеке бас қасиеттері, діндар қажылығы, өте сұңғыла ақылдылығын сипаттайды. Ұлы Абай туралы, оның ерекше таланты, дарынын қатты қадір тұтады:

Ыбырай еді жан достым-

Құнанбайдың баласы.

Арғын атасы Өскенбай-

Тобықтының ағасы-

– дейді Мәшһүр-Жүсіп [3,289б]

Абайдың туындыларымен жақсы таныс болғанын мына деректен аңғарамыз:

«Құнанбаев Ыбырай марқұм айтты ғой:

Өмір дүние дегенің ағып жатқан су екен,

Жүрген – тұрған жұмысың ойлап тұрсаң у екен

– деп.

Тағы да бір сөз:

Адам бір боқ көтерген боқтың қабы,

Өлсең сасық боласың боқтан тағы.

Менімен сен теңбе деп мақтанасың,

Білімсіздік белгісі ол баяғы,

– дейді [4, 97 б] Олардың кездескендігі жөнінде мәлімет әлі белгісіз болғанмен, бір-бірімен хат жазысқаны мүмкін болған сияқты. М. Әуезов те бұл туралы айтқан.

Мәшһүр-Жүсіп немересі ф.ғ.д., профессор Қуандық Жүсіп: «Расында да Абай мен Мәшһүр-Жүсіп туындыларын зерттегенде, екі ақында тақырып орайластығы, идея айтудағы төркіндікпен қатар бейнелеу құралдарын жетілдірудегі сарындастықты т.б. көреміз» – дейді [5,73б.] Бұндай мәліметтердің Абай мен Мәшһүр-Жүсіп Көпеев бірімен-бірі өте жақын таныс болғандығын дәлелдейді. Олардың жақын таныстығы шығармаларының өзара байланысына, үндестігін тудырды. Ұлы Абай Құнанбаев «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол» – деп, бес дұшпанға: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ; бес асыл іске: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақымды жатқызады. Ал, М-Ж. Көпеев «Төрт асыл, бес берекенің шешуі» деген философиялық өлеңінде төрт асыл іске: жаратқан алла тағаланы бір деп білмек тіліменен, сол тілдің бір дегенін шын деп көңілге алу, он екі мүшесін құдайдың құлшылығында қылу, пайғамбар сенетін орынға келтіру; бес береке: құдайдан қорқып уақытымен оқыған намаз, сөзден бой баққаны, зікуат уа қайырхасен, екі аяғының арасына ие болу, құдайға және халыққа қылған аманат уағдасында қалу» – дейді. Осылар ақынның Абай негізін салған жазба әдеби тілді, Абайша таныған Шәкәрімнің дүниесін, қазақтың жазба поэзиясының өрнек, үлгісін Дулаттан үйренген деуге нақты негіз болады.

М-Ж. Көпеев Шәкәрімді де жақсы біліп, туындыларымен таныс болған.

Мәселен, «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр», оқиғасын өте жақсы білгендігін «Қазақ шежіресінен» оқи аламыз. Мәшһүр-Жүсіп:

Өзіне бет берген соң патша құдай,
Ешбір жан дей алмаған: «Мұның былай!»
Ақаев, Шәкәрім мен Нармамбеттер,
Алдына бәрі бірдей келген сұрай – дейді.

Рухани білімінің көзі арыдан басталатыны Мәшһүр-Жүсіп ақын Сұлтанмахмұттың атасы Торайғыр би туралы оң пікірін білдіріп, кейінгілерге өнеге қылады:

Торайғыр би:
Асың барда ер таны беріп жүріп,
Атың барда жер таны желіп жүріп!
Бұ дүниенің өтерін білген сырбаз,
Малың бер де, сұлуды ал көріп жүріп!

– деген афоризмін келтіреді де мынадай ой түйеді: «Жастықта жүріп, тұрып, не нәрсені болса да көзден көріп, басынан кешіріп, тұрмыс тартысынан таяқ жемеген кісі болмайды. Мұндай болып жетілген жандарды бұрынғы көзі қырағы танушылар «көшпелі алтын» деуші еді. Бұл күнде кісі дерлік кісі жоқ, кісіні кім танысын?» – дейді. Ол Бөгенбай батырдың немересі Саққұлақ бимен өте жақсы таныс болып, тығыз қарым-қатынас жасаған. Ақан сері мен Қажымұқандармен араласып жүрген, өлеңдерін, дастандарын арнаған. М-Ж. Көпеевтің сөзіне Мұзафар Әлімбаев қатты мән бере отырып: «Мәшһүр-Жүсіптің Ғылым академиясындағы «Месін» оқып көрші. Өзі қандай болса, сөзі сондай: «Местің» бір жерінде Мәшекең «Құлагер өлген соң, Ақан Серінің де күні біткен деп» – жазып қойыпты» – дейді [6,1496]

Ақын Абайдың «Қасиетті дұға», «Дұға» өлеңдерінің, «Қарасөздері», «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы», т.б. Мәшһүр-Жүсіптің «Қазақ шежіресі», «Дұғаның пайдасы туралы», «Бұл қазақ қай уақытта үш жүз атанған»; Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» сияқты зерттеу мұра үлгілері бір-бірімен мазмұны жағынан үндеседі. Дулаттың «Алладан сұрап иманды», «Пайғамбардың ұлын айтар он бір деп», «Әуелі Алла айталық», «Әуелгі қазақ деген жұрт» т.б. мәні мен идеялық жағы Абай, Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп шығармаларымен мазмұндасады.

М-Ж. Көпеевтің мифологиясын, қисса-әпсенелерін, діни дастандарын, қарасөз үлгісіндегі жазбаларын тереңірек қарастыруға еліміз тәуелсіздік, егемендік алған соң жағдай жасалды. М.Ж. Көпеевтің бұрын соңды еш жерде айтылмаған: «Хаятбақшы», «Пайғамбардың дүниеден өтуі», «Жер мен көк», «Миғраж», «Екі жігіт пен бір шалдың әңгімесі», «Яһуда, Патрос әңгімесі», «Нүсіпхан», «Жантемір қажы», «Ай мен күндей, Һаммаға бірдей», «Әдһам диуана мен Ибраһим», «Нұх пайғамбар мен кемпір», «Шонтыбай қажы», «Дуаның пайдасы туралы», «Аспан, жер және адам жаратылысы туралы», «Дуаның пайдасы», «Шын дәулет пен жын дәулет туралы», «Адам мен жұлдыздар арақатынасы», «Ібіліс лағын шайтан хикаясы» т.б. баспасөздерде аударылып, басылды. Олар кейін 11 томдық шығармалар жинағына енді. Ақын шөбересі, ф.ғ.д., профессор Н.Қ. Жүсіпов зерттеу еңбегінде бұл туралы жазған болатын. Жоғарыдағы шығармаларда ғарыш пен жер байланысы, дүние жаратылысы туралы әңгіме қозғалып, Шумер, Үнді, Көне Қытай, Египет, Грек мифологиясы жайында сөз болады.

Зерттеуші Г. Жүсіпова пікірін келтірсек: «М-Ж. Көпеев дастандары сюжетінің бастау көзіне Шығыс аңыздары мен дастандары ғана алынып қоймай, Інжілдің (Библия), Құранның алынуы да ақын ой-өрісінің терең екендігін байқатады. Айталық, жұмақпен байланысты өзендердің пайда болуы Библияда орын алған еді»[7,156] Ал, шығармалардағы айтылған топан су аңызының бастау көзін іздесек Інжілден де (Библия) әрі барамыз. В.В. Весюков Библиядан көп бұрын қағазға түскен Көне Шумер аңызындағы топан су дерегіне көңіл бөледі (Г. Жүсіпованы – қараңыз). М-Ж. Көпеев шығармалары көбіне шығыс аңыздарымен тығыз байланыстылығына ақын шөбересі Естай Жүсіпов

баса назар аударған. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев мұсылманша білім алып, қазақтың ауыз әдебиеті дәстүрлерімен, өз заманындағы жазба әдебиетпен, шығыстың философиясымен, классикалық әдебиетімен, тарихымен, таныс тығыз байланысты болған. М-Ж. Көпеев нәзіралық үлгіде келген түрік жазба шайырларының, қисса-хикаяттарының қазақтық үлгісін тудырған. Оған шығыстық оқиғаға құрылып, қазақ ауыз әдебиеті дәстүрімен төл шығарма секілденіп кеткен «Мұңлық-Зарлық» шығармасын алуға болады. Қазаққа сай ислам діні тармағының идеологиялық үлгісі Қожа Ахмет Иассауиден бастау алатыны аян. «Зарқұм», «Сал-сал», «Сейітбаттал» шығармаларында көне діни-наным үлгілерін насихаттайды. «Шаһмаран», «Сейфүлмәлік», «Бозжігіт», «Абулхарис», «Шәкір-Шәкірат», араб елінің ертегісі «Мың бір түн», үнді ертегісі «Тоты-наме», Шығыс жұлдыздары Фирдауси, Физули, Науаи, Низами дастан етіп жазған «Шаһнаме», «Ләйлі-Мәжнүн», «Таһир-Зуһра», «Фархат-Шырын», «Ескендір» т.б. өзге елдер мен басқа шығыс халықтарының бұрынғы аңыз-әңгімелері, классикалық әдебиеттің үлгілерінің желісін қазаққа сәйкестендіріп өңдеп, өзінше қайтадан жырлайды. Қорқыттың «Қорқыт ата кітабы», «Оғыз қаған» туралы аңыздың желісін, әл-Фарабидің әлем туралы түсінігін, таным мәселесін, Баласағұнның – тіл, ақыл, білім жайындағы ілімін, Махмут Қашқаридің – медицина, астрономия қағидасын, Қожа Ахмет Иассауиден дінге адал болуды, адамды сүю сияқты тәлімдерді үйренуінен оның «Ежелгі дәуір әдебиетіне» де қатты көңіл бөлгендігі деп білеміз. Сүлеймен Бақырғани мен Ахмет Йүгінеки Қожа Ахмет Иассауидің шәкірттері ретінде түркі елінің рухани дүниесіне жақын сопылық поэзия арқылы имандылық, адамгершілік, рухани құндылықтарға насихаттағанын білеміз. Бұл игілікті істер мұсылмандардың рухын асқақтатары сөзсіз. М-Ж. Көпеев осы бағытта қаншалықты мол дүниелер тудырғаны шығармаларынан белгілі. М-Ж. Көпеевтің «Шайтанның саудасы» хикаясын жазуына Рабғұзидің «Нух ‘алайһи с-салам» хикаяларының (Нұхтың кемесі, топан су) желісі, «Сүлеймен ‘алайһи с-салам» хикаясының құмырсқамен сөйлескені, Лұқман Хакимнің әділдік ұлағаты әсер етсе, жауыздық пен әділеттілік сияқты идеясы, «Хару мен Мару» хикаясындағы-нәпсі құмарлық, қызығушылық, күнә мәселесі, Құтыптың, Әзірбайжан халқының ұлы ақыны Низамидің парсы тілінен жазылған «Хусрау уа Ширин» поэмасы үлгісіндегі шығарманың желісі, Хорезмидің «Махаббатнама» дастаны, Хұсам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтан» діни шығармасы, Сәйіф Сарай «Ядгарнама», «Сұһаил уа күлдірсін» дастаны да М-Ж. Көпеевтің діни сенім-нанымға толы шығармаларының желісіне арқау болды. Мәшһүр-Жүсіптің: «Кітабы бізге әперген «Мұхаммедия», Өзі ескі және жыртық далба-далба; «Қиссасу-Әнбияны» бізге алуға, Шарық қайда, шіркін дүние, шама қайда?» – деуі тегіннен-тегін емес еді.

«Шығысым батыс, батысым шығыс боп кетті» деген сөз, Абайдың ішкі дүниесінің барлығы бірдей қопарыла өзгеріп кетті дегенді білдірмейді» – дейді М. Әуезов[8, 133 б] Бұл пікірді Мәшһүр-Жүсіпке де қатысты қолдануға болады деп ойлаймыз.

Олай болса, Мәшһүр-Жүсіп Шығыс поэзиясын қазақ ұғымына лайықтап өңдеуші, қайтадан жалғастырушысы деуге болады.

Қорыта келгенде, Мәшһүр-Жүсіп Шығыс ақындарынан үйреніп, назирағөйлік шығыс дәстүрін одан әрі жалғастыра отырып, өз тұжырымдарын, жаңаша ойларын, тілдік қолданыстар мен тіркес, өрнектерді суреткерлік шеберлікпен қолданған.

Мәшһүр-Жүсіп те Абай сияқты қоғамдағы күллі кемшіліктердің сырын халықтың білімге, ғылымға ұмтылмауында, қараңғылығында, өзгелермен теңесудің дұрыс жолына бармай жалқаулыққа салынуында деп соған орай шығармаларында осы мәселелер төңірегінде толғана сыр шертеді. Сол кезең үшін қоғамдық, әлеуметтік мәні зор, тың тақырыптарды ізгілік, адамгершілік тақырыптарда шығармаларын көптеп тудырып, идеяларын уағыздады. Халықты өнер, білімге, ғылым үйренуге, адамдық қасиеттерден ауытқымауға, теріс мінез, қылықтардан қашық жүруге шақырды. Бұндай адамгершілік ұстанымдары оның шығыстық сюжеттегі шығармаларында, мысал өлеңдерінде, дастандарында басым түсіп отырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жүсіпов Н. Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының фольклорлық еңбегі / Н. Қ. Жүсіпов // ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты / Ақмола. – 1998. – Б.
2. М-Ж. Көпеев таңдамалылары. 1990:560б
3. Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары. 3 том. – Павлодар, 2003. – 329б
4. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. 1992: – 497 б.
5. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. 1992: – 497 б.
6. «Жалын» журналы, №3, 1978 жыл, 149-бет // Мұзафар Әлімбаев «Халқына тартқан қаламгер»
7. Г. Жүсіпова. Мәшһүр-Жүсіп қиссаларындағы Мұхаммед бейнесі. – Павлодар, 2000. – Б. 231б.
8. М. Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Он бесінші том. – Алматы, Жазушы: 1984, 287б.

ӘОЖ 821.547. (051)

НАРМАНБЕТ АҚЫН ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ИДЕЯЛАРЫМЕН РУХАНИ БАЙЛАНЫСЫ

Отарова А.Н., ф.ғ.к., доцент
Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Мақалада Нарманбет ақынның Алаш қозғалысы идеяларымен және қалам қайраткерлерімен рухани үндестігі және саяси ұстанымындағы ортақ мүдде мен мақсат бірлігі талданады. Ақын еңбектеріндегі рухани, адамгершілік, имандылық мәселелер алаш қайраткерлері идеяларымен үндестік тұрғысында сарапталары.

Кілт сөздер: ұлт азатшыл тақырыптық идеялық дүниетаным, ақын поэзиясы, құзырхат, демократтық, гуманистік, азатшылдық озық ой, ұлтты ағарту мен ояту, ұлт зиялылары, Алаш азаматтары, отаршылдық саясат, оқу-білімге, рухани ояну, әлеуметтік мәселелер.

Бүгінгі әдебиеттануда, яғни XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетін жаңа көзқараста жаңаша көзқараста зерттеу нысаны етіп алған Ө. Әбдиманұлы: «Нарманбет поэзиясының басты жетістіктерінің бірі – онда отаршылдыққа қарсы үн көтерген азатшылдық сарынының көрініс табуы. Ол – орыс отыршылдығының кесір-кесапатының терең ұғып, еркіндік жырын жырлаған ақын. Отаршылдық тұмшалаған сананың оянуын тілеп, «Оян, қазақ!» деп алғаш ұран көтерген Нарманбет ақын» [1, 281б], – деп поэзиясындағы ұлт азатшыл тақырыпты басты орынға қойды. Бұл пікірлер, түптеп келгенде, Нарманбет шығармашылығындағы басты тақырыптық идеялық арнаны, өзекті сарынды танытуымен құнды. Әр ғалым ақын поэзиясын түрлі бағытта қарастырғанымен, оның бәрі Нарманбеттің сыншыл реалистік әдебиет өкілі ретінде демократтық, гуманистік, азатшылдық озық ойдың айтулы тұлғасы болғанын айқындайды. Қоғамдық өмірге белсене араласқан Н.Орманбетұлы Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы халықтық үн көтерілген 1905 жылғы Қоянды жәрменкесіндегі атақты Қарқаралы петициясына қатысушылардың бірі болды. «Патша өкіметі бұл акцияны барып тұрған саяси күрес деп тауып, жергілікті басқару органдарынан бақылауды күшейтуді талап етеді. Дала генерал-губернаторы хұзырхатты ұйымдастырған адамдарды анықтап, олардың үстінен іс қозғау жөнінде Қарқаралы уезінің бастығына нұсқау береді. Уезд бастығы Оссовский өзінің тексеру жұмыстарының барысында хұзырхатты дайындағандардың басшылары Ө. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов екендерін

дәлелдеп, қазақ тілінен орыс тіліне аударған Т.Нұрекенов болғанын да анықтап, олардың үстінен іс қозғап, арттарынан аңдушылар қойды» [2, 64 б]. Бұл жерде атақты Қарқаралы петициясының ұйымдастырушылар Алаштың көсемдері, соның ішінде А.Байтұрсынұлы десек, халқымыздың қоғам және әдебиет қайраткері Қарқаралыда бастапқыда сыныптық орыс-қазақ, кейін қалалық училищенің оқытушысы болғаны мәлім. Міне, Нарманбет ақын «Мектеп бастығына» өлеңінде А.Байтұрсыновтың ұлтты ағарту мен оятудағы қызметін ерекше бағалап, халқымыздың орталық қысымдағы мүшкіл халін жеткізеді:

Мүбәрак болсын тойыңыз,
Мақпұл болсын ойыңыз,
Зерек болып шәкірттер,
Бәлент болсын бойыңыз!
Бұйырмаңыз айыпқа, ауыл алыс,
Болмады тойға сояр қойыңыз.
Қараңғы қасірет бұл күнде –
Басында тұр қазақтың.
Қатарында біз қалдық –
Ойын-күлкі мазақтың.
Дүниесін түзей бер!
Дін көңілді безей бер!
Атын естіп қорқамыз,
Ақыретте дозақтың [3,73 б.].

М.Әуезов «Ахаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында «1905 жылы Қарқарылыда Ахаңнан басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік үкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген, ол петициядағы аталған үлкен сөздер: бірінші жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған, екінші, қазақ жұртына земство беруді сұраған, үшінші, отаршылдардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін, ол күннің құралы барлық мұсылман жұртында қосылуында болғандықтан, қазақ жұртын муфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған үлкен мәселелер осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселесі осылар болғандықтан, Ахаңдар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан. Көпшіліктің оянуына себепшы болған» [4,188 б.], - деп жазғанындай, сол оянған ұлттық санаға серпін берушілердің қатарында Нарманбет те болды.

«Қазақты жүруші едің қойдай бағып» өлеңінде Қарқаралы петициясының маңызын, осы ңске ұйытқы болған Алаш азаматтарының елдік жолындағы қызметін:

Жазылды жәрмеңкеде патшаға дат,
Мұнан соң мәшһүр болды ғазағат.
Тоқтамға жұрт қатарлы елді сұрап,
Жанақтан болсын деген келді рұқсат!
Қазақты жүруші едің қойдай бағып,
«Қабаған сәттерінде қоңырау тағып,
Халықты аяй тұрғын асыл заттар.
Бір-екі түйғын ұшты қанат қағып.
Ұшқан жоқ ол түйғындар қызыл үшін,

Соқты ғой дін мұсылман қызығы үшін [3,113б], - деп бағалаған ақын дүниетанымына, шығармашылығына 1905 жылғы бірінші орыс төңкерісі де айырықша ықпал етеді. Ол оның саяси-әлеуметтік поэзиясына жаңа үн, жаңа сарын әкелді деп айта аламыз.

Адал мінез, ақ кәсіп,
Үйде отырып қорланбай,
Ашық тұрғой кең есік –
Кіріп хаққа жылайық!
Қаршыға аңдып қоянды,

О да шошып оянды,

Кел ұйқыдан тұрайық! [3, 74 б], - деп ұлттық ояту ұранына

өздік үнін қосады.

Бұл өлеңде Нарманбеттің 1905 жылы қандай бағыт ұстанғаны, қандай мақсат көздегені айқын көрінеді. Ол сол кездегі барша көзі ашық, көкірегі ояу ұлт зиялылары сынды заман ағымы, қоғам өзгерісіне сергек қарады. Сол себепті де қазақ әдебиетінде алғашқылардың бірі болып, өз дәуірінде алғашқы болып, өз дәуірінде барша Алаш азаматтарын толғандырған қоғамдық және әлеуметтік мәселелерді батыл көтереді. Ол империялық отаршылдық саясаттың әдейі жасап отырған рулық тартыстарды, олардың халықтың бірліген нұқсан келтірген кереғар әсерін, еліміздің алауыздығын, сол кезеңдегі қоғамдық қайшылықтарды сынай отырып, халықты оқу-білімге, рухани оянуға шақырады. Өз дәуірінің өзекті мәселелеріне сергек қараған ақын заман ағысын жіті аңғарып, сол заманға қарай туған халқының бейімделу керектігін дереу ұғынды.

Ақын 1906 жылы Семей қаласында өткен Мемлекеттік Думаға депутаттық кандидат ұсыну жөніндегі жиынға қатысса, 1907 жылы Семей облысының қазақтарынан Мемлекеттік Думаға сайланатын осы өңірдің сайлау жиналысының Қарқаралы уезі болыстығынан сайлаушысы да болып бекітіледі. Осындай әлеуметтік өмірге араласа жүріп, ақын патшаның отаршылдық қазақ халқын жерінен айыру, елдігін жою екенін терең ұғына бастайды. Ол «Сарыарқаға қарасак», «Қазақ елі біз тұрмыз», «Шал қайғысы», «Ауыл қайғысы», «Бұл күнде байлар ғаяр, билер мекер» өзгеде саяси- әлеуметтік тақырыптағы өлеңдерінен анық көрінеді. Сондықтан да оның поэзиясының негізгі арқауы – патшалық отаршыл саясат озбырлығы, дерт қайғысы, әлеуметтік теңсіздік, халық бостандығы болып келеді. Нарманбет Орманбетұлы «Қазақ» газетіне хабар жазған, тілшілік міндет атқарған. Әсіресе XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған патша отаршыларының қазақ даласына орыс шаруаларын жаппай қоныстандырулар барысында байырғы ұлт өкілдері өз жерінде өгейлік күй кеше бастады. Ол барша ойлы қазақ азаматтарын ауыр мұңға батырды. Ел мен жер қайғысы XIX және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі «Зар заман» және Алаш ақындары өткір көтеріп, батыл әшкерелеген отаршылдық саясатты айыптау, ұлт қайғысын жырлау үрдісінің дәстүрі Нарманбет ақынға да тән.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ даласының саяси-әлеуметтік жағдайын жырлауда – Нарманбеттің орны ерекше. Кеңес дәуірінде отарлауға қарсы жазған өлеңдрі үшін «кері тартпа», «кер заман ақыны» деген саяси айыптаулар, негізінен, ақын көзқарасының қалыптасу себебін саяси-әлеуметтік тұрғыдан тыс бағалаудан туған мін болатын. Әйтпесе Нарманбеттің поэзиясынан ешқандай «кері тартпалықты» көрмей, қайта ойшыл ақынның отарлау саясатының басты мақсатын жете түсініп, оған бейтарап қарамаған елдік қасиеттен суарылған азаматтық тұлғасын танимыз. Кеңес дәуірінде отаршылдық саясаттың талай тарихи шындығы бұрмаланғаны мәлім. Ал оның тарихи шындығын әлеуметке еш боямасыз жеткізуде ұлт ақындары өлшеусіз қызмет атқарды. Әдебиетті ұлттанудың құралына айналдырды. Осы тұрғыдан алғанда, Нарманбеттің 1900-1905 жылдар аралағында жазған «Әждаһаның аузында», «Сахараға қарасак», «Қазақ ұлы біз тұрмыз», «Ауыл қайғысы», «Сарыарқа», «Шал қайғысы» өлеңдері отаршылдық саясаттан туындаған әлеуметтік өмір шындығын танудан үлкен маңызға ие деуге болады. Аталған өлеңдер XIX ғасыр мен XX ғасыр әдебиетіндегі заман шындығын суреттеудегі тұтас әдеби дамуды барынша толықтыра түседі. Әрине, Нарманбеттің «Зар заман» ағымымен және Абайдың ақындық дәстүрімен тоғысып жатқан өзіндік шығармашылығын айта отырып, отаршылдық дәуірдің шындығын реализм билігінде берудегі қуатты сөз өрімін назардан тыс қалдыруға болмайды. Ал, «Бұл күнде байлар ғаяр, билер мекер», «Партия туралы», «Кер заман» өлеңдерінде шен-шекпенге таласып, отаршылдар қолшоқпары болған екі жүзді ел билеушілерді «Зар заман» Абай дәстүрінде сынға алады. «Кер заман» өлеңінде отарлау саясатымен бірге ел ішіндегі тұтас рухани және саяси береке-бірліктің кете бастауын шынайы суреттейді. Қазақ

атқамінерлерінің ел ішіне шыққан патша шенеуніктеріне алданып, оңай жем болған күлкілі де қасіретті психологиялық портретін жасайды. Ел ішін жайлаған арыз бен шағым, атақ пен шен үшін болып жатқан келеңсіздіктерді әшкерелей келіп, халық сенен азаматтардың басқаға мазақ болуының әлеметтік себеп-салдарына үңіледі.

«Партия туралы» өлеңі Абайдың сыншыл реализмі дәстүрінде жазылып қана қоймай, ұлы акын өткір сынап, әжуалаған ел билеушінің кескін-келбетін тағы да көз алдымызға әкеледі.

Партияға кірісті,
Біреуді біреу икемдеп,
Ығыр болды көп адам
Жауыр аттай кикеңдеп.
Әркім бір ит алып жүр-
«Қаптырам деп үргізіп»
Түбі жоқ қиын тереңге,
Есебін тапса итермек.
«А» десең «мә» деп,
Қасқайып қарсы тұрады-
«Сен үйткенде
Мен бүйтем» деп,
Екі ұртының қаны бар,
Ойдағы тағы бар,
«Ақша бетке бүркем» деп [3, 82 б.].

Қазақ қоғамының осындай шындығын барынша терең де шынайы жырлаған акын отаршылдық саясат халықтың береке-бірлігін кетіріп отырғандарын: «Бірікке ықылас пен шын тілеу жоқ, Ағайын ала көңіл, достар бекер» деп көрсетеді. Сондықтанда туған халқын надандықтан арылтуды діттеген акын «Жау жағадан алқымдар, Бөрі еткен тақымдар, Бұған ылаж қылайық! Балаларды оқытып, Көңіліне өнер тоқытып, Талап қылып сынайық! Адал мінез, ақ кәсіп, Үйде отырып қорланбай, Ашық тұр ғой кең есік – Кіріп хаққа жылайық!» [3, 74 б], - деп, ұлтын өнер-білім, қылымға шақырады, адал еңбек пен кәсіпке үндейді.

Жүйелі жүргізілген орыс отаршылдығы қазақ даласында бұрыннан да басталып келе жатқан егін шаруашылығымен айналысқан отырықшылық мекендерді қасақана бұза отырып, шөл және шөлейт аудандарға қазақтарды күштеп көшіріп жібереді. Бұл дәуірдің басты кескін-келбеті мен болмыс-бітіміне классик жазушы М.Әуезов XX ғасырдың басында-ақ төмендегіше баға берген болатын: «Қалың елдің қамын тұтас ойлап, тұтас жоқтайтын қамқордың бәрі біткен. Заманның өзгерісі мезгіл сайын құбыла келіп, аяғында танымастық болып бастаған. Енді кәрі күйді жоқтаудың өзі ескірген сарын болып, ол жайлы сөз қылатын алжыған шал сияқты бірен-саран ғана болып қалған. Елдің жақсысы деген кісісінен Абылай заманының күйін күйлеу түгіл, Кенесары, Исатайдың да ісі мен мақсатын білетіндер де бірен -саран-ақ болған. Қалың ел бұрынғы елді кемітіп, бой ұсынып болып, жаңа заман жетегіне жүруге ынтық бола бастаған, құлдыққа, қорлыққа, таршылық пен зорлыққа елдің еті үйреніп, денесі уланып, өліп кеткен. Енді зар заманды Махамбетше айтып, жаңалыққа қарсы болса, ақынды елдің өзі де тыңдамайтын сияқты болған» [4, 220 б].

«Сарыарқаның» басты зар заманшылардың ескі құлақ күйінен басталады. Ақын алдыңғы сөзде заман бұздыған соң табиғат та бұзылып, бұрынғы көркінен, бұрынғы жарқын қызығынан айырылады дейді. Зар заман Нарманбетке келгенде жоқтау болып кеткен, ескі күнгі қош айтумен бірге сол ескінің қасиетін айтып, жоқтау араластырады. Бұндай бұрынғылардай ем айтып, ел дертінен шығарлық жол іздеу жоқ, өзінің мақсаты ескіні жоқтау болғандықтан, сол үлгіден ауыспай отырады. Зар заманның артқы ақыны бұрынғы зарлы мұңының бәріне ақырғы күмбезді тұрғызып, әдебиеттің бір ғасырлық дәуірін осы жоқтаумен тындырады» - деп жазған М. Әуезов пікірі нақты да айқын

айтылған тұжырым [3, 221-б]. Шындығында, қазақ халқының Ресей империясы тарапынан отарлауының тұтас кездерін шынайы суреттеген ұлт ақындарының мұрасына үңіле келіп, халқымыздың басына төнген қауіп-қатерді және елдігінен айырылу себеп-салдарын ұғына түсінеміз. Оның яғни, Ресей империясы мақсатты түрде жүргізген отарлау саясатынан қазақ халқын сақтандырған ақындардың шығармашылық тұлғасына бас иіп, тарихи тағылымнан сабақ алуға міндеттейді.

Міне, осындай тарихи деректерді келтіре отырып, патшалық отарлаудың кешегі кеңестік тарихта барынша дәріптелген «прогресті» сипатының қазақ халқы үшін қаншалықты қасіретті болғанын байқаймыз. Демек, тарихи шындық тұрғысынан үңілсек, озбыр отаршылдықтан туындаған заңсыздық шектен шыққан билеп-төстеу, қисапсыз алым-салық, ұлттық кемсіту, қорлау, мұң бәрі халық тарапынан қарсылық тудырып, ұлттық ояну, азаттық жолындағы күресті күшейе түсті. Халық арасынан шыққан оқыған, ел басындағы ауыртпалықты түсінген азаматтар – Б. Қаратаев, Ә. Бөкейхановтар Мемлекеттік Думаның мінберінен патша үкіметінің отаршылдық саясатын аяусыз сынады, әшкереледі. Ол оянған ұлттық сана-сезімдегі бұлқынысты аңғартумен қақтығыстар барынша көбейді. Бұрынғыдай емес, енді заңсыз жер бөлу ісіне ашық қарсылық өрістеді. «Қамсыз жатқан қазақтың көңіліне соңғы кезде ғана қайғы кіре бастады». Оның жарқын сәті XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстар еді. Әсіресе, бодандық пен отарлық қысымдағы қазақ халқының намысы мен жігерінің ерекше ширыққан сәті 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілістер болды. Бұл көтеріліс себебін тек қазақтарды тыл жұмысына алу туралы патшаның маусым жарлығымен ғана байланыстырудың қажеті жоқ. Өйткені ғасырлар бойы қорлау мен тонауға тап болып, содан әбден титықтаған халықтың ашу-ызасы мен азаттық жолындағы бұлқынысы пісіп-жетілген де болатын. Азаттық жолындағы көтеріліс бүкіл қазақ даласын шарпыды. Ол сан жылдар бойы жинақталған қазақ халқының ашуының көрінісі бола отырып, қандай да болмасын елдің басқаның құлы бола алмайтынын ұғындырды. 1916 жылғы қазақ тарихының шындығы бүгінгі тарихшылар тарапынан енді ғана кешенді зерттеліп жатқанын айтар болсақ, сол көтерілістің бүкіл стихиясын жырлаған тағы да ұлт ақындары еді.

«Қарқылдап күлген шал қайда?», «Сарыарқа сайран жерім-ай?» өлеңдері замана шындығы, дүрбелең дәуір ақиқатын барша реалистік қуатта суреттеуімен ерекшеленеді. «Сарыарқадан сән кетті, Қазақтан қуат, әл кетті. Ойын-күлкі сауықты, Бозбаладан ән кетті» [3, 101 б] – дей келіп:

Жалпағынан өрт алды,
Көк тарлауы қуармай,
Мезгілінен ерте алды,
Көк түтін қаптады,
Ішкен асым батпады

Жүрегімді дерт алды [3, 101 б] – деп, ел қайғысына терең үңіледі. Ел ішін жайлай бастаған қиянат, соған жол беріп отырған патша әкімдері мен жергілікті атқамінерлердің әділетсіздігін «Ауру кетіп, сау қалды, Алды-артында дау қалды. Кім табады жүйені?» деп аяусыз әшкерелейді. Реалистік қуаты ерекше өлеңді Ә. Бөкейханов 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің он жылдығына арналған «1916-1925 (26 июль)» деген зерттеу мақаласында толық келтіруі де кездейсоқтық емес. Ол сол кездегі қан жылаған қазақ баласының қасіретін ұғынуда, еш боямасыз тануда әдебиетіміздегі шоқтығы биік өлең болатын. Ал «Келтірілген Сарыарқаға құдай бастап» өлеңінде: Бір тілек-бабамыздан солдат алма, Болмасын дінге зорлық, ықтиярға» [2, 216 б.], - деп, жырлаған ақын қазақтың қолына қару беріп ел қорғату емес, майданның қара жұмысына салып қорлауына күйінеді.

1917 жылдар ақынның өмір белсендігі қоғамдық істерге белсене аралсқан кезеңдері болып табылады. Бұл тұста ақын Алаш қозғалысының халық азаттығын, еркіндігін ту етіп көтерген саясатын қолдап, оған өзінің тілектестігін білдірді. «Ұран», «Құрылтайға

барғанда» өлеңдері сол бір тарихи кезеңдегі тұтас қазақ халқының қоғамдық өміріндегі айтулы күндер болмысын айқын танытады. Мәселен, 1917 жылы жазылған «Ұран» өлеңі Алаш идеясынан туындап, соны қолдаған ақынның әлеуметті Алаш ұранының туы астына бірігуге шақырған азаматтық тұлғасын да танытады. «Құрылтайға барғанда» өлеңі Алаш қозғалысы, Алаш Орад үкіметі өмірге келген тарихи сәттерде жазылды десек, осы өлеңінде ақынның айқын әлеуметтік көзқарасы, саяси ұстанымы да танылады.

Туған елінің отаршылдық қысымынан аралып, азат та еркін болуын мұрат тұтқан оның өнегелі өмірі, қоғамдық қызметі қашан да ақындық тұлғасымен асқақтай бермек. Бұл тараудағы жоғарыда сөз болған саяси-әлеуметтік мәселелерді ақын ғұмырнамасына байланыстыра қарастырғанданғы негізгі мақсатымыз, дарынды ақынның өнерпаздық тұлғасының қалыптасуына әсер еткен негізі арналарды анықтау еді. Қандай да болсын дауға түскен ділмар шешен, арқалы ақын өз заманы алға тартқан заманауи құбылыстардан шет қала алмайтыны мәлім. Ендеше Нарманбет ақын да өзі өмір сүрген кезеңінің белсенді өкілі ретінде сырт қала алмауын заңды деп ұққан дұрыс болмақ. Сондықтан «Өмір – өлеңі, зман жыр толғауы болған» Нарманбет ақын шығармашылығын өз ортасынан ойып тұрып орын алуға қол жеткізген өнерпаз тұлға ретінде бағалау қажет.

Нарманбет ақынның шығармашылық ғұмырнамасынан әділдік іздеген қалың жұрттың жоқшысы, ескіден келе жатқан надандық дерт пен орыс отаршылығын күйзелген елдің зар күйінің жыршысы, «алтыбақан алауыздыққа апарар жағымсыз мінез-құлықтың сыншысы» әлеумет ісінде халық қамқоры бола алған тұлғалы да арқалы ақын екеніне көз жеткіземіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбдиманұлы Ө. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 430 б
2. Қарқаралы хұзырхаты. // Қазақстан Ұлттық энциклопедия. 5 том. – Алматы: Қазақстан энциклопедиясы, 2003. – 720 б.
3. Нарманбет Орманбетұлы. / Шығармалары. – Қарағанды: Болашақ – Баспа, 1998. – 356 б.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240б.

ӘОЖ 32.019.51(045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

Жеткізгенова Әлия Түгелбайқызы, ф.ғ.к., доцент
Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Мақалада бүгінгі таңда тандалған оқулықтарды аудару процесі жүріп жатырғандығы, іріктелген оқу құралдарын қазақ тіліне аударуға Қазақстанның алдыңғы қатарлы оқу орындарының оқытушылары, білікті аудармашылар мен редакторлар, ғалымдары, зерттеу орталықтары, сала мамандары мен жобаға қызығатын барша жұртшылық ортақ іске атсалысуға шақырылғандығы айтылып, білімге ынталы топтың назарына ілігіп, кәдесіне жарай бастаған оқулықтар тізімін сараланған.

Кілт сөздер: жаңа оқулық, жоба, идея, білім алу, әлемдік деңгей.

Қазіргі таңда «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең үздік деген университет оқулықтары қазақ тіліне аударылып, білім алушыларымызға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға барлық

мүмкіндіктер қарастырылуда. Алдағы мақсат гуманитарлық бағыт бойынша әлемнің 100 үздік оқулығы қазақ тіліне аударылмақ.

Осы орайда ауқымды ғылыми аударма жобаны қолға алған «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ атқарушы директоры Рауан Кенжеханұлы: «Аударылатын кітаптарды таңдау үшін еліміздегі барлық оқу орындарынан ұсыныс жиналып, жалпы саны 800-ден аса оқулық атауы келіп түсті. Жинақталған тізімдердің негізінде бірнеше рет басылған, соңғы басылымы кейінгі 3 жылда шыққан, мазмұндық тұрғыдан бейтарап болуы қажет деген талаптарға сүйене отырып, 2017 жылға 18 оқулық таңдалды. Жоспарға сай, бұл оқу құралдары қазақ тіліне аударылып, ЖОО-на тегін жеткізілді. Жаңа оқулықтар 2018-2019 оқу жылынан бастап жоғары білім беру жүйесіне енгізілді. 2018 жылы 30 оқулық аударылып басылды. Республика бойынша 130 ЖОО-на таратылды. Бүгінгі таңда жобаның келесі кезеңіне таңдалған оқулықтарды аудару процесі жүріп жатыр. Іріктелген оқу құралдарын қазақ тіліне аударуға Қазақстанның алдыңғы қатарлы оқу орындарының оқытушылары, білікті аудармашылар мен редакторлар, жалпы саны 300-ге жуық маман қатысып жатыр. Мәтіндер бірнеше лек әдеби және ғылыми редакциядан өтеді» деп Қазақстан ғалымдарын, зерттеу орталықтарын, сала мамандары мен жобаға қызығатын барша жұртшылықты ортақ іске атсалысуға шақырған болатын.

Бүгінгі таңда осы жоба ауқымында жарыққа шығып, білімге ынталы топтың назарына ілігіп, кәдесіне жарай бастаған оқулықтар тізімін сараласaq: Философия (6), Социология (3), Психология (4), Экономика (1), Менеджмент (4), Кәсіпкерлік (1), Дінтану (1), Лингвистика (4), Мәдениеттану (2), Антропология (1), Тарих (1), Инновация (1), Медиа (2), Өнер (1), Саясаттану (1), Әдебиеттану (2), Құқықтану (2), Бизнес (2), Маркетинг (1) салалары бойынша көңіл қуантатын тамаша жетістігі бар жаңалықтар деуге болады.

Міне, бұл көрсеткіш дүниетанымымды кеңейтіп, өремді өсіремін, әлемдік деңгейде заман талабына сай білім аламын деген талапты жасқа ана тілінде қиналыссыз-ақ ақпарат алуына мол мүмкіндік қарастырылып жатқандығының айғағы. Басым бөлігі ағылшын тілінен, біреуі – француз, екеуі – орыс тілінен аударылған кітаптардың сапасы жоғары деңгейде, іліммен сусындауға ынталы жандардың сұранысын нәтижелі қанағаттандандыра алады.

Адамзат ұрпағын жалғайтын, келешек тағдырын батыл сеніммен ілгері апаратын жастар тәрбиесіне қазіргі таңда заманауи талапқа сай тәрбиелік ошақтар қажет-ақ.

Жастарымыздың кітап оқымайтындығы, жат қылықтарға бой алдырғаны, жат ағымдар ықпалына кете бастағандығы, ойын түйіп, пікірін жинақтап, қорыта әңгіме айта алмайтындығы секілді толып жатқан «әттеген-ай» мәселелері кез-келген жерде алға тартылып жатады. Жасы үлкендер арасында «біз жас кезімізде бәлен едік-ау, түген едік-ау» деп қынжыла отырып жиі айтылатын әңгімелердің куәсі болып жүрген жастар әбден мезі болып, еті үйреніп кеткендігі сонша, жекелеген жиындарда «Бүгін неге сол қалпыңызды сақтамадыңыз? Жасы ұлғайғанмен көңіл қартаймайды, іс-әрекет, тәрбие қартаймайды» деп күңкілдесе пікірін айтып жататындығы жасырын емес. Жаны бар сөз. Алдымен үлгі болатын өзіміз – ата буын, аға буын ғой.

Светқали Нұржанның «Шыңғыс ханмен шайқас» поэмасындағы:

«Отырарды ойрандаған, өртеп кітапханасын

Хас қанішер Хан Шыңғыстың өшірейік қарасын!»

Осы ұранды тамызық қып отша шалқып лапылдар –

Киізтұмсық ғалымдар мен мүйізтұмсық ақындар!

Кітапхана табылса егер – оқи қояр жан құсап,

Екіленіп есіреді «тағындағы» әңгі «шах»!

деген рухты поэмасындағы кейіпкерлер қазіргі таңдағы ең өзекті кітап оқу мәселесіне келгенде арзан ақылмен аузын ауыртып жүргендер прототипі. Ақын қызыл сөздің шылауында су татыған жылымық сапырма ақылмен лағып, өркениет әлеміне өзінше өміршендік әкелмекші өпіремдеу, өкініші күштірек, кесірлікке құрылған есерсоқ

ессіз есептің иелерін юмормен іледі. Өлең жолдарындағы нақты тарихи оқиға фактісін айғақтайтын сенімді деталь мағыналылығымен құнды. Өздерін ақтап алғысы келген тоғышарлардың тұжырымы арқылы әлеуметтік ахуалды әшкерелеген, Әл-Фарабише айтсақ: «Тәрбиесіз берілген білімнің адамзаттың қас жауы екендігін» тағы бір айғақтаған мықты дәлел. Ө.Кекілбаев та: «кітапқұмарлық шек пен шекараны білмейді екен. Расына келсек, кітапқа немқұрайдылық та тап солай. Оның да шек шекарасы болмайды. Тек бір миллиард жарлы-жақыбай ғана кітап оқудан құралақан емес көрінеді. Талай дамыған және дамып келе жатқан елдердегі миллиондаған сауатты кісі қолына кітап пен журналды тым сирек алады екен. Ал студенттер мен мектеп шәкірттерінің көпшілігі көз майын тек оқулықтарына немесе болашақ мамандықтарының жай-жапсарына жұмсайды екен. Қысқасы, кітапқа қалай қарайтынына қарап, кім-кімнің де болашағын алдын ала біле беруге болатыны даусыз» деп, [1, 31-32] сауатты жан көп-ау, бірақ сана мен сауатты рухани бітіммен үйлестіре алмағандардың қанша оқыса да кітап бетін құр парақтаумен бірдей саналатын әрекеті жалқыға ғана емес, жалпыға ортақ трагедия екендігіне оқырманының көзін жеткізе пайымды пікір қорытады. Қырсығы көпке тиетіндігін меңзейді.

«Қазақстандық «Бір ел – бір кітап» жобасының идеясы АҚШ-та өте танымал болған «Бір кітап, бір Чикаго» және «Егер Сиэтлдің бүкіл тұрғыны бір кітапты оқыса» деген кітапханалық жобаларына негізделген. Шартқа сәйкес бүкіл қала тұрғындары бір мезгілде бір шығарманы оқуға тиіс.

Бір кітапты жалпы қала болып оқу идеясы АҚШ-тың солтүстік-батысындағы ірі қала Вашингтон штатына қарасты – Сиэтл көпшілік кітапханасының кітап орталығы тарапынан ұсынылған. 1998 жылы «Егер Сиэтлдің бүкіл тұрғыны бір кітапты оқыса» тақырыбымен алғаш өткізілген акцияның мақсаты – Сиэтл халқының бірлігін нығайту және оларға оқуды насихаттау. Бұдан соң осыған ұқсас мәдени шаралар Чикаго, Буффало, Рочестер қалаларында да ұйымдастырылды.

«Бір кітап, бір Чикаго» (One book, one Chicago) бағдарламасы Чикаго жұртшылығына белсенді ықпал ету арқылы Чикаго көпшілік кітапханасында басталды. Оның негізгі мақсаты қаланың ересек тұрғындары мен жастарын бір кітапты бір уақытта оқуға және оны ұжым болып - отбасында, жұмыста жолдастары мен таныстары арасында, кітапханаларда, оқу мекемелерінде, кітап дүкендерінде, діни ұйымдарда, кафелерде және басқа да қоғамдық орындарда талқылауға ынталандыру болып табылады. Бұл - қаланың кенеттен кітапсүйерлер клубына тән өзгерістермен құбылатын күні. 2000 жылдың қазан айында Чикаго қаласында «Чикагода кітаптар апталығы: Оқуға құмар қала» тақырыбымен тұңғыш рет қалалық фестиваль өтті. Осы фестиваль аясында қоғамдық талқылаумен және авторлар баяндамаларымен бірге кітап тұсаукесерлері, сондай-ақ семинар, экскурсия секілді басқа да шаралар ұйымдастырылды. 7 апта бойы Чикагоның он мыңдаған халқына ауқымды іс жүргізіліп болған соң, Пулитцеров сыйлығына лайық деп танылған американ жазушысы Харпер Лидің (1926 ж.) «Убить пересмешника» (1960 ж.) атты романы талқылауға түсті. Кітап авторы бүкіл әлем мен осы замандық Чикаго үшін өзекті болған толеранттық және нәсілшілдік сияқты маңызды мәселелерді алға тартады.

Бүгінде «Бір ел – бір кітап» жобасының идеясы әлемдегі көптеген елдерге кең тараған (Испания, Латын Америкасы елдері және Корея т.б.). «Сто лет одиночества» романының авторы Габриэль Гарсиа Маркестің 80 жылдығына арнап Испанияда оқу марафоны өткен еді. Қалаушылар романды бірнеше күн бойы үздіксіз дауыстап оқыды. Осы марафонды Испания Үкіметі басшысының орынбасары Мария-Тереса Фернандес де ла Вега ашты. Бұдан дәл 40 жыл бұрын жарыққа шыққан романды 7 бетке сыйғызып айту үшін әрбір қатысушыға 15 минуттан уақыт бөлінді.

2003 жылы Кореяда бірлесе оқуға негізінен балалар кітабы таңдалды. Бұл жоба одан кейін «Бір кітапхана – бір кітап», «Бір ауыл – бір кітап» деген жобалар түрінде көрініс тапты» [2].

Сонымен, жастар арасындағы рухани құлдыраудан сақтандыру себептерінің бір қатарында: Рухани көз – кітап екендігін жадымыздан шығармау, даңғаза құр мақтаннан аулақ болу екендігін естен шығармасак.

- «1. Кітап оқу – қоршаған ортаны, дүниені және өзін тануға көмектеседі.
2. Кітап оқу – жадыны және ойлауды дамытады. Яғни, көп оқыған адам жады мықты, тез ойлап, тез қорыта алады.
3. Кітап оқу – талдауға, сараптауға, өзіндік жүйелі пікір қалыптастыруға үйретеді.
4. Кітап оқу – көптеген табыс пен жетістіктің ең басты негізі.
5. Кітап оқу – адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіп, әдемі сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.
6. Кітап оқу – сөздік қорды байытады және жалпы сауаттылық деңгейін арттырады.
7. Кітап оқу – адам бойында бұғып жататын шығармашылық қабілеттерді дамытады» [2].

«Күш – білімде, білім – кітапта» демекші, әлемге танымал ойшылдардың жетістігі білімге деген құштарлықтың, кітапқа деген құрметтің нәтижесі. Алған біліміне ақы сұрамайтын кітаптың талапты жанға сенімді серік боларына текті әулеттің тінінен тарайтын аса қабілетті тұлғалардың бірі Чарльз Уильям Элиот: «Кітаптар – сөйлемейтін ең адал достар: олар – әрқашан жаныңнан табылатын данышпан кеңесшілер, сондай-ақ, олар – сабырлы ұстаздар» дейді.

Иісі түркі халқына мақтаныш, әлемнің ұлы ақыны, ойшыл Әлішер Науаи "Кітап ақылына ақы сұрамайтын ең құнды қазына" деген сөзі араға сандаған ғасырлар салып өтсе де, құндылығын жоймаған асыл дәйексөздердің биік мінберінде тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кекілбаев Ә. Өркениет өзегі. Ақтау, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, 2010 ж. 356.
2. Арал аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ресми сайты
3. Massaget.kz сайты. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/47588/>

ӘОЖ 32.019.51(045)

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ ҰЛТТЫҚ ТІЛДЕН НӘР АЛАДЫ

Жеткізгенова Әлия Түгелбайқызы, ф.ғ.к., доцент
Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Мақалада тіл құдіреті, ана тілге деген құрмет, жеке тұлға туған тілдің жетелеуімен дамитындығы, тіл байлық, сөздік қордың молдығы рухани, мәдени байлыққа жетекші болатындығы, кітап оқу арқылы келетін рухани байлығыңды арттыратын мол мүмкіндік қырлары сараланған.

Кілт сөздер: рухани құндылық, ұлттық тіл, ана тілі, кітап оқу, білім алу.

Қастерлі, қасиетті, құдыретті Тіл бойымызға ана сүтімен беріліп қалыптасады. Алғашқы нәр – ана сүті арқылы дарыған қасиеттер де осы туған тілдің жетелеуімен дамиды, өзіңді айналаға таныстырады, рухани, мәдени байлығыңа жетекші болады. Тағдыры талайлы болса да, ұлтына жауһар жырымен қоса, ұстаздықтың ұлы жолында тамаша із қалдырып үлгерген педагог, ақын Мағжан Жұмабаев «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады» деген еді. Айналада адамдарға, өзіңнің өскен ортаңа, Отанға деген ерекше сезім мен көзқарас та туған тілінді білуден басталады. Тіл – халықтың рухани, мәдени байлығы дамуының баға жетпес құралы.

Н.Назарбаев «Қазақстан-2050»: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек және осыған өзіміз атсалысуымыз қажет» деген жолдауындағы пафосқа толы, оқырманына ерекше күш-қайрат беретін жолдарындағы бірлігіміздің тірегі, халқымыздың ұлттық байлығы – Тілге құрметімізді арттыра түсіп, сақтауға, аялауға үндейді.

Әлемдегі ең бай, ең сұлу тілде сөйлейтін ұлт болғанымыз – мақтан, көздің қарашығындай сақтап, болашаққа таза жеткізу – міндет.

Тіл байлығын тереңдету арқылы ойынды өсіріп, өренді биіктететін басты көмекші құрал – кітап.

Кітап оқу мүмкіндігі – адамзатқа берілген сый, уақыт жылжыған сайын кемелдене толысатын ақыл-ойының жемісі, жүріп өткен жолымыздың шежірелі тарихы мен тәрбиетағылымының бай қазынасы жинақталған таусылмас, сарқылмас ілім көзін, баға жетпес құнды мұраны көзбен көріп, қолмен ұстап, рухани көкірек көзін ашуы.

Итальяндық ойшыл Антони Грамши зиялыларды қарапайым халықтың ортасынан шыққан көзі ашық азаматтар мен сауатты білімдар, кәсіби маман деңгейіне көтерілгендер деп екі топқа бөлсе, орыс ұлтының зиялысы Достоевский оларды табаны жерге тиіп тұрғандар мен тимей тұрғандар деп саралайды. Ендеше, табаны жерге тиіп тұрған, ұлттық ділі бар, ұлттық рухына арқа сүйеп, ұлтын сүйетін сауатты да саналы жастар қатары көбейсін десек, «Әу баста не болғанын білмесек, бүгін оңбай қателесуіміз, ал ертең атымен айдалаға лағып кетуіміз ғажап емес. Ондай қатердің үрейлі бір белгісі – қазір көп сөз болып отырған кітап оқу дағдарысы. Жұрттың кітап оқуға немқұрайды қарауы – ең алдымен оқу тарихын ұмытудан басталып жатқандай.. Ал бұл бағзы бабалардың адал еңбегін аяқасты еткендік, өз болашағымызға өзіміз қалай болса, солай қарағандық болып шығады» [1, 4] деген Ә.Кекілбаев пікіріне сүйене отырып, адамзат мәдениетінің дамуы әлімсақтан-ақ оқу, жазу өнерімен тығыз байланысты болғандығын мықты ескергеніміз жөн.

«Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», – деп сақтандырған еді Ғабит Мүсірепов.

Зиялы жас буын – мемлекет үшін, ұлт үшін адал перзент болуы тиіс. Жас буынға ғана емес, жалпы адамзат атаулыға жаңалық арқылы жақсылық үйрету тәсілдері сөзден ғана тұрмаса керек. Жан-жақты саналы бағыт, сара жол, сапалы тәрбие, түзу қадамға сілтейтін қаншама көрнекілік сипаттағы құралдар бар.

Қазіргі таңда ақпарат алудың ең оңай, ең жеңіл, ең тиімді, ұтымды, уақыт үнемдейтін, әйтеуір артықшылығы көп делінетін интернет желісі көмегіне сүйену десек, Ә.Кекілбаев осы мәселені де назардан тыс қалдырмай, дәйекті деректермен: «...кітап оқу дағдарысы – біз сияқты аяусыз қатал экономикалық тұралауды жуық арада ғана бастан кешкен «жауыр» қоғамдарда ғана емес, көптен бері қоры отайып, қоңы сөгіліп көрмеген іргелі қоғамдарда да айта қаларлықтай мөлшерде орын алып отырған келеңсіздік. Ендеше, оның біздің бүгінгі ұлттық кеңістігімізден де тысқары әлемді қамтитын жаһандық себептері да аз болмаса керек. Оған бұл әңгіменің соңғы отыз-қырық жылды түгел қамтып келе жатқандығы да дәлел бола алады. Бұндай індеттің күшейгені сонша, өз дін, өз идеологиясын қалыптастырды. «жазба әдебиет дәурені өтті, ауыз әдебиет дәурені қайта келді», «Гутенберг (баспа өнімдері) галактикасын Маклюзи (аудиовизуалдық құралдар) галактикасын жұтып қояды» дейтін сәуегейлер де табылды. Сол тұста АҚШ-тың «Дженерал Электрик» компаниясы тәжірибе жасап, бір адамға бір мазмұнды хабарды текст, радиохабарлама, телебейне арқылы жеткізіп, әсерін жеке-жеке тексереді. Сонда адамның ми қабылдағыштарының қызметін тексеретін аппарат телебейне көрсетілген кезде атымен жайбарақат тұрса, радиохабар тұсында аздаған тітіреністі көрсетіп, ал тексті

өз көзімен оқып танысу кезінде оның шкалалары үздіксіз қозғалыс үстінде болыпты» [1, 31] деп кітап оқу ерекшелігі адамның дүниетаным көкжиегінің жарқырай көрініп, өресі биіктей түсуіне айрықша ықпалды екендігін атап көрсетеді. Бұған қоса мәтін, радиохабарлама, телебейне арқылы жасалған тәжірибе арқылы нақты дәлелдерді ұсына білген. Аталмыш ақпарат құралдары бірін-бірі толықтыратын күшке ие болғанымен, қалай болған күнде де кітап арқылы әлем тану көзқарасы күн тәртібінен түспейтіндігін нақтылаған озық ойлы ойшылдың толымды толғамдарымен қалың көпшіліктің толық келісері анық.

Тарихымыздан дәулеті тасып, сәулеті аспандаған қаншама ел осынша берекеге рухани байлығының арқасында ие болып, даңқы жайылғандығын дәлелдейтін деректер бар. Ендеше, сол елді тарих бетінде атын қалдырмай жойып жіберудің тиімді тәсілі ілім-біліміне қол салу болғандығынан тұжырымдар дәйектеген абыз: «Бір мемлекеттің екінші мемлекеттің тарихына қиянат жасайтынын былай қойғанда бір билікші әулеттің екінші әулеттің тарихи мұраларына өш келетінін адамзат талай рет бастан кешкен. Б.ж.с.д. VII ғасырда эламдықтар Месопотамиядағы ежелгі білім көзі болып табылатын Ур-Намму Зикуратин көзапара жойып жіберді. Осыдан жиырма үш ғасыр бұрын Қытай императоры Цин Ши-Хуанди мажусилермен алысқан болып, өзінен бұрынғы кітаптардың бәрін өртетті. Біздің VII ғасырда арабтар атақты Александрия кітапханасын талқандады. XVI ғасырда католик иерархтары майя мұрағаттарын құрттырды. XII-XIV ғасырдағы католик иезуиттері ежелгі қолжазбалар мен антикалық әдебиетті құртып шығады. Ежелгі иезуиттер кітаппен алысса, кейінгі иезуиттер жазуды өзгерту арқылы қоғамды тарихи жадынан айырып отыруды әдетке айналдырды. Қытай билікші династияларының осындай озбырлығына, басқаны қойып, конфуций мен даосизм мұраларының өздері аз ұшыраған жоқ. Тарихта болған төрт жүзден астам жазу түрі көбіне-көп бейбіт түрде емес, сондай күштеп өзгертуден азайды. Жазу мен оқуға монополия династиялық билік кезінде негізгі саяси күрес әдісі болды» [1, 19-20] деп жазуды, жазба мұраларды сақтап қалу өркениеттер өзектестігі мен ұрпақтар сабақтастығының басты кепіліне айнала бастағандығынан хабардар етеді.

Кітап оқу арқылы келетін рухани байлығыңды арттыратын әдемі әлемнің есігіне енуді біріміз түсініп, біріміз түсінбей жатамыз. Кейде бас қатырғымыз келмейтініміз де жасырын емес.

Кітап оқу қай кезең талабында да кенже қалмауға тиісті. Кітап оқу арқылы келетін адами қасиеттердің кәдірін түсіне, түйсіне білуіміз керек. Осы орайда әдебиеттанушы ғалым А.Кемелбаеваның «Сөз хикмет» еңбегінде: «Кітап – ұлы мағынаға ие, ол өркениеттің өзі мен көзі. Кітап – өте күрделі образ, оның құдіреті шексіз...Ұлы данышпандық кітапсыз тұл.

Кітапхана адамзатты қараңғы дүниенің қапасынан жарыққа, нұрлы әлемге алып шыққан рухани күштің символына айналды. Дүние жүзін мекендеген ұлттардың тағдырына осы бір кітапханалардың қасиеті мен әсері өз билігін жүргізбей қоймаған. Әсіресе, көктен түскен төрт кітапқа кенелген халықтардың ризығы ерекше екенін қазір толық ұғынсақ керек» [2, 100] деген пікірін айта отырып, Ұлы Абайдың данышпандық деңгейге жетуіне алтын көпір – кітаптың рөлі мықты болғандығына терең мән бергендігін атап өткен орынды.

Қымбат рухани қазынамыздың алтын кілті – кітап десек, адами құндылықтың асыл өзегін, әдеп-ибаны, ұятты, жанның әдемілігін, дүниенің ғажап сырларын ұқтырар ілім тек осы кітапта екендігін мойындағанымыз жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кекілбаев Ә. Өркениет өзегі. Ақтау, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, 2010 ж. 35б.
2. Кемелбаева А. Сөз хикмет. – Алматы; Дәстүр, 2016. -382 б.
3. Massaget.kz сайты. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/47588/>

ХАЛЫҚ АҚЫНЫ С.ЖАНҒАБЫЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Жеткізгенова Әлия Түгелбайқызы, ф.ғ.к., доцент
Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Андатпа. Халық ақыны С.Жанғабыловтың шығармаларындағы рухани құндылықтар сараланып, ақынның насихат өлеңдеріндегі дидактикалық-ғибраттық ақыл-кеңестердің арнасында көптеген гуманистік мұраттар жырланатындығы, пәни мен бақи аралығындағы тіршілік кезеңін мағыналы, адами қалыптан ауытқымай өткізуді уағыздайтындығы талданған.

Кілт сөздер: ұлттық рух, қазақ әдебиеті, ақын-жырау, зерттеулер, ғибрат өлеңдер.

Тереңнен тамыр тартқан ұлттық рух пен ұлыстық ұлық қасиеттердің тамаша бір белгісі – үлкеннің сөзін тыңдау, мейлі ол, жас болсын, жасамыс болсын ақсақалдық деңгейдегі орнын сыйлап, төрелігіне жүгініп, ақылға келу. Бұл, әрине, бабаларымыздың адамгершілік қағидаларын салмақтайтын, қастерлі қазынасы, мәдени байлығы – ата заңының бұлжымас туралығы. Әлбетте, сонау ертедегі қазақ билері халқының бірлігін, тұтастығын елдің басты мүддесі етіп ұстанған.

Сәттіғұл шығармаларының тақырыбы әр алуан. «Насихат сөз», «Мұштарих сөз» шығармаларында тірі пендеде болатын сан қилы мінез-құлықтар, биік кісілік қасиеттер, мұсылман дінінің имандылық негіздерімен салыстырыла, дәлелдене асқан шеберлікпен жырланған.

Сәттіғұлдың дін тарихынан, пайғамбарлар қауымынан, ата тегі шежіресінен мол білімін аңғартатын шығармалары 7-8 буынды жыр үлгісінде өрнектелген.

Ақын өлеңдерінің негізгі идеясы – пайдалы іске ұмтылу, адалдықты ардақ тұту, адамгершілік мәселесі.

«Насихат сөзі» мен «Мұштарих сөзінде» бастан-аяқ діни мысалдар өте бай жинақталған, туынды мұсылман діні шежіресінің нақты деректеріне сүйене жазылған. Автор толғанысқа толы жырларында адамгершілік, имандылық, әдептілік мәселелерін қозғайды. Өсиет, үгіт-насихат түрінде берілген толғауда ата-анаға бала мейірімі, адамдар арасындағы шынайы сыйластық қарым-қатынас, жанұя жарастығы, татулық, туыскандық сезімдер, тәрбие маңызы сөз болады. [1, 35]

Ақынның насихат жырларында қазақтардың дүние, тіршілік туралы таным-түсінігі, жақсы-жаманның ара жігі жайында түсінік ұғымдар жеріне жеткізіле көрініс тапқан. Жақсы әйел, тәрбиелі ұл, көргенді қыз, келін, бай, батыр, кедей, т.б бойында қандай қасиеттер болуы керектігі осы насихат өлеңдерде көрінеді. Мұнда үлгілі қасиет – мінездер мырзалық, мейірімділік, ұқыптылық, т.б мадақталып, ал жаман, зиянды, жиіркенішті құлық-әрекеттер зинақорлық, ұрлық, өтірікшілік, кекшілдік, тасжүректік, сараңдық, қонақты күтпеушілік, т. б сыналып, сақтандырылады. Насихат жырларында қазақтың имандылық пен ізгілік туралы барша таным-түсінігі алақанға салғандай анық көрініс тапқан.

Шығыс әдебиеті дәстүр негізінде қазақтың ақын-жыраулары шығармаларында қисса-дастандар деп аталатын жанр пайда болғандығы белгілі. Әдетте, ақын-жыраулар өздері шығарған қисса-дастандарға сюжетті ежелгі мифтерден, ертегі-хикаялардан, құраннан алған.

Міне, осы аталған халықтық жанрдың дәстүрлі тақырыбын өз шығармасына арқау еткен ақындардың бірі Сәттіғұл Жанғабылов болса, ол өлке тарихын, ата-баба тарихын жақсы білетін шежірешілігімен қоса, ислам тарихының да білгірі болған. Ақынның Құран, «Қисса-сул-Әнбия» ізімен жазылған инабаттылық, парасаттылық, имандылық жайындағы

діни ұғым араласқан көптеген шығармалары кеңестік дәуір кезеңінде саясат салқынына ұшырап, көпшілік назарынан сыртқары болып келді.

Бірақ, «аққа құдай жақ» дегендей, тәуелсіздік күні туып, халық арасында үлкендердің, жыршылардың жадында сақталып қалған ислам дінін насихаттау бағытындағы «Насихат сөз», «Мүштарих сөз», «Абдолла хазіреттерге», «Әзіреті Ғалидың құл болып сатылуы» сияқты кейбір шығармалары, сондай-ақ, дін тақырыбындағы жұмбақ айтыстары табылып, оқырмандарымен табысуда.

Ақынның «Насихат сөз», «Мүштарих сөз», «Абдолла, Әбді хазіреттерге», «Әлеумет, келдің алқалай» туындылары өсиет-нақылдық мазмұнмен жазылған өлеңдер. Аталған шығармаларында ақын бұл дүниедегі қозғалыстардың, қасиеттердің бәріне де мұсылмандық-ағартушылық танымымен баға береді.

Ақынның насихат өлеңдеріндегі дидактикалық-ғибраттық ақыл-кеңестердің арнасында көптеген гуманистік мұраттар жырланады. Ол пәни мен бақи аралығындағы тіршілік кезеңін мағыналы, адами қалыптан ауытқымай өткізуді уағыздайды.

Ақынның «Төрт Назарға арнау сөзінде» Адай руының Жары тармағынан тарайтын Қыдыр көрген Назар аулының жақсылары мен жайсаңдары, яғни, ел қорғаны болған батырлары, тура билері мен қайырлы байлары, ауру жанға шипасы тиген көріпкел-емшілері, мұсылман дінін адал ұстанып, шайхы атанған, «ілімге көңілін байлаған» бойына ерекше қасиет дарыған қазірет, ишандары санамаланып, тарихи аңыздар, нақты деректер негізінде баяндалады.

Халық аузында айтылатын «Қыдыр көрген Назар» атауының негізі аңыздық желіні құрайды.

Арғы түбі ел аузындағы жайды Сәттіғұл ақын төмендегіше жырлайды.

Харазымның ойында
Мәткерім пірге қол берген
Ақиқат түзу жол көрген,
Ең әуелі Адайда
Атанған шайхы-пір болды,
Бұл да бір үлгі-түр болды
Тастемірдің Айдары,
Пір тұтылып қол берді
Бірқатар жұрты-аймағы,
Медіресе, мешіт сайлады.
Адамдарын оқытып
Ілімге көңілін байлады.
Тәуекел етіп тәңірге
Тарихат жолдан таймады
Сескенткендей серпіліп
Шайтанға болды айбары...
...Арғы атасы Тастемір
Асқар таудай салмағы
Дария екен жатқан арналы [2, 67]

Мұндағы ақын туындысында сөз болатын Айдар ишан атты азамат Назардың Тастемір руының перзенті, ол 1848 жылы туып, 1922 жылы дүниеден өткен. Дін жолы мен адамгершілік жолын берік ұстанған. Бұқарада оқып, діни білім алған. Елге оралғаннан кейін мешіт ашып, балаларға дәріс береді. Оның қарақалпақ пірі Мәткерімге қол бергендігі де маңғыстаулықтар арасында айрықша әңгіме болып айтылады. Қол берудің мағынасы – өзінің жолын ұстауға бел буған жанның білімінің тереңдігін мөлшерлеу үшін пір келген кісіге әртүрлі сұрақтар қояды. Бұған қол беруші дұрыс жауап берген жағдайда ғана қол беру рәсімінің дегеніне жеткені, ықыластың қабыл болғаны болып табылады. Мұндай кісіге жоғары білімді, оқыту, үйрету шеберлігі жеткілікті делініп, шатырқат (диплом) беріледі.

Айдар ишан Сәттіғұлмен аталас туысы болып келеді. Сәттіғұлдың жұбайлары біреуі бала үстінен, біреуі ауырып қайтыс болып, өз кіндігінен тараған он екі перзенті де бірінен соң бірі шетінеп, «қайғының күшті зарпынан көңілі ауып түңілген» сәттерінде жанына жалау болып, жұбатып, иіні кеткен ақынның еңсесін көтеретін жанашыр ағаларының бірі – Айдар ишан болған. Өле-өлгенше Сәттіғұл мен Айдар ишан бірін-бірі қатты сыйласып, туған бауырдай қадірлесіп өткен. Айдар ишанның Әли деген баласы өліп, үш жасар қызы Ақбибімен қалған жесірі Сәттіғұлға атастырылған. Қазір Ақбибінің өзі балалы-шағалы, Маңғыстау ауданы, Шетпе кентінде тұрады. Сәттіғұл өзі қайтыс боларының алдында «Айдекемнің жанына жерлерсіңдер» деп арнайы өсиет етіп, аманат айтқан екен. Айдар ишан мен ақын жерленген қорымы – Кемеш ата деп аталады. Ұлты түрікмен – Кемеш әулие Айдар ишанның түсінде аян беріп, жатқан жерін нұсқағасын, басына белгі қойып, құрмет көрсетілген екен. Қазір ауырып не болмаса қиналып, қысылған жандар тілегін айтып, басына түнейтін әулиелі қорым. Кемеш ата ауырып жаны қиналғандарға шипа берсе, Айдар ишан өмірде жолы болмай, тауы шағылған талай-талай қамкөңіл жандардың кем-кетігін толықтырып, желеп-жебеген. Сәттіғұл ақынның басына барғандар ең алдымен осы Кемеш атаның, сосын Айдар ишанның, содан кейін барып ақын аруағына тәу етеді. 1922 жылы дүниеден өткен Айдар ишанның аталары ақын жырында:

Тастемір байдың кенжесі
Ағеділ екен аржағы
Бұ да тахуа екен шамалы,
Қасиетімен бір түрлі
Өлінің халін шамдады, – [2, 68]

деп айтылғандай, Ағеділден бері тараған үрім-бұтақтарына ерекше қадір-қасиет дарыған. Ағеділ – Айдар ишанның әкесі.

Аңызда Назардың бір баласы Тастемірді Қыдыр атаның «жүзі қанды екен, көзі жанды екен» деп сынап беруінің өзі жарқыраған көз арқылы таралатын нұр, энергия шуағымен берілген рух ұлылығын, көріпкелдік қасиетін меңзеп тұр емес пе? Адам жүзіне қан ерекше күш-қуат пен тіршілік таралымын, даралық қасиет пен даналық келбет дарытып тұрғанын көрсетеді. Тастемірдің көзі мен жүзіне айтылатын «қанды», «жанды» анықтауыштар оның жеке дене бітімі ғана емес, ұрпағына ұласатын қасиетін болжап берген.

Айдар ишанның баласы Әбдіжаппар діни сауатты молда болып, бала оқытқан кісі. 15 жасында әкесі Айдар ишанның жаназасын шығарған екен. Бірақ қызыл империяның қылшылдаған қылышы бұл ауылды орағытып өте алмайды. Қолында қара құманы, аузында қасиетті құраны жолдас болып Әбдіжаппар Магаданға 25 жылға айдалып кете барады. Бірақ, аман-есен елге оралғаннан кейінгі айтылған әңгімесіне қарағанда аштық-жалаңаштық көріп тарықпапты. Алланың құдіретімен намаз оқыр алдында дәрет алуға ниет етсе, темір тордың құлыбы өзінен-өзі ашылып, жол беріледі екен. Құдірет иесінің қасиетін көзбен көріп, тілдері байланып, бастарын шайқаған түрме қызметкерлері Әбдіжаппардың есігін құлыптамайтын болған деседі. Тағы бір кереметі, күнде таңмен ұйқыдан ояңғанда төсегінің бас жағынан 18 сом ақша шығып тұрады екен. Сол ақшаның арқасында тамағы тоқ, дені сау болып, тарықпаған екен. Шындығында, ол елге Сібірде 18 жыл өмірін өткізіп барып, оралған екен. Демек, бұл сан оның айдаудағы өмірінің мерзімін де көрсеткен болып шығады. Туған атамекені Маңғыстауда 1986 жылы дүние салды. Бейіті Тұщықұдық аулының шетінде орналасқан тарыққанды желеп-жебейтін қасиетті қорымда жатыр.

Ақында шығыстық сюжеттердің діни тақырыпты туындылары молынан ұшырасады.

Халық ақыны Сәттіғұл Жанғабыловтың қазақ әдебиетіндегі ақындық тұлғасын майталман жазушы Сәбит Мұқановтың ақын шығармашылығына айрықша назар аударып айтқан сөзімен: «Сәттіғұл Қашағаннан кейінгі Маңғыстау, Жайық бойындағы суырып

салма халық ақындарының дарындысы, шоқтығы биігі, қарт Жамбылдың ізбасар, мұрагер шәкірттерінің бірі» [3,2] деп түйіндеуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жанғабылұлы С. Аманат: – Алматы: Ер-Дәулет, 1996. – 386 б.
2. Әуезов М. Уақыт және әдебиет: – Алматы: ҚМКӘБ, 1962. – 428б.
3. Мұқанов С. Ғасыр сырласы. //Социалистік Қазақстан. 1966. – №130. – 8-маусым.

ӘОЖ 82.091

Ж.ТІЛЕПОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ТАРИХИЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жеткізгенова Әлия Түгелбайқызы, ф.ғ.к., доцент
Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Мақалада белгілі әдебиет зерттеушісі, ғалым Ж.Тілеповтің қазақ қаламгерлері шығармаларының тарихилығын айқындап, ғылыми айналымға түсіргендігі айрықша аталып, ғалымның тарихилық мәселесін нақтылай, жүйелей отырып, әлеуметтік, қоғамдық, адамгершілік мәселелерді тұтас көркемдік жүйемен, автор идеясын жүзеге асырып тұрған нақты бейнелеуіш құралдармен қосып қарастырғандығы сараланған.

Кілт сөздер: тарихилық, ғалым, зерттеуші, әдебиет тарихы, тарихи жырлар.

Сан ғасырлық тарихы бар қазақ поэзиясындағы ерлік жыры саналатын тарихи жырлардағы тарихи тұлғалар туралы зерттеулер үлкен шығармашылық ізденісті талап етеді. Көркем туындыдағы оқиғалардың тарихи фактілермен сәйкестігін нақтылау да үлкен табандылық пен жалықпай іздену арқылы шығатыны белгілі. Шығарманың мазмұны былай тұрсын, оның әр жолынан тарихи деректерге қатыстылығын іздеудің өзі шөмеле ішінен ине іздеу әрекетінен де қиынның қиыны.

Адамзат қоғамы дамуындағы белгілі бір кезеңнің әлеуметтік, саяси оқиғасының әдеби көрінісі – тарихи жырлар.

Қазақ халқының басынан өткен небір елеулі оқиғалар тек ғашықтық жырлар мен батырлар жырын туғызып қана қоймай, көптеген тарихи жырларды да өмірге әкелді. Мұндай туындылар әсіресе, тарихи үлкен өлшеммен қарағанда бергі кезеңдердегі, яки, XVIII–XIX ғасырларда өмір кешкен қаһармандардың ел мүддесіне өміріне сарп еткен ерлігіне арналды. Тарихи жырлар туралы ұлы ғұлама М.О.Әуезов: «Патша өкіметінің соғыс отаршылығы мен қысымы, хан-сұлтандардың, болыстардың өктемдігі қазақ арасында көтеріліс тудырып отырды. XVIII ғасырдың алғашқы жарымы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысы бойына қазақ халқы өзін езіп-қанаушыларға қарсы қару алып күресті. Көтеріліс кең сахараның әр тұсынан-ақ уақыт-уақыт бұрқ етіп жатты. Күреске шыққан халықтың осындай ерлік айбары бірқатар тарихи жырлар тудырды» [1, 75-б.] дейді.

«Тарихи жыр» терминін алғаш рет Ш.Уәлиханов қолданды десек, ал М.Әуезов оның жеке дара екенін баса айтып көрсеткен болатын.

Шоқаннан кейін қазақ жырларында тарихи оқиғалардың көрінісі бейнеленетінінен А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Х.Досмұхамедовтер құлағдар етті.

Бұдан кейінде тарихилық мәселелері сөз болған С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е.Исмаилов, Б.Шалабаев тағы басқалардың еңбектерінде тарихи жырлардың өзге эпос түрлерінен елеулі сапалық айырмашылықтары бар фольклорлық жанр екендігі дәлелденеді.

Қазақ әдебиетіндегі ғалымдардың тұжырымды ойлары болашақ зерттеулерге жол салып береді.

Бұл ретте белгілі ғалымдар Р.Бердібаевтың «Қазақ эпосы» /1982/, Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ эпосы және түркология» /1987/, К.Сейдахановтың «Күрес пен жеңіс жырлары» /1991/, Ш.Ыбыраевтың «Эпос әлемі» /1993/, Ж.Тілеповтің «Қазақ поэзиясының тарихилығы» /1994/, З.Сейітжановтың «Тарихи эпос» /1994/, Б.Ибраһимнің «Тарихи жырлар тағылымы» /1997/, т.б. еңбектерін атауға болады.

Сондай-ақ, С.Сәкеновтің «Қазақ тарихи жырларының сюжеттері: тарихилығы мен типологиясы», Б.Рақымовтың «XVIII ғасырдағы қазақтың ұлт-азаттық қозғалысына байланысты туған тарихи жырлар» атты диссертациялық жұмыстарында да тарихи жырлардың зерттелуі, жанрлық сипаты, қазақ тарихи жырларының өмір шындығына қатысы және типологиясы жөнінде байыпты тұжырымдар таратылып айтылған.

Жалпы, тарихи жыр туралы аталған еңбектерден де басқа орыс, қазақ фольклористерінің құнды-құнды шығармалары көптеп саналады.

Қазақ ауыз әдебиетінде тарихи жыр үлгілерін жинап, жарыққа шығарып, үлес қосқан ғалымдар қатарында В.Радлов, И.Березин, Р.Потанин, И.Аничков есімдері белгілі.

Сондай-ақ, Р.Н.Смирнова «Проблема исторического и эпического в казахском эпосе XVIII века» /1951/ еңбектерінде және «Қазақ әдебиетінің тарихы» /1960/, «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» /1979/, атты кітаптарға енген мақалаларында классикалық эпостан тарихи жырлардың айырмашылығын нақты фактілермен жан-жақты көрсеткен.

Академик Қ.Жұмалиев қай елдің эпосы болсын белгілі бір тарихи оқиғаның ізін баса туатынға ұқсайды және ол бір күн, не бір жылдың ғана жемісі емес, халықтың басынан өткізген талай заман, талай тартыстардың нәтижесі екендігін айтса, «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» атты ұжымдық монографиялық еңбекте топтастырылған Б.Уахатов, Б.Адамбаев, Е.Тұрсынов, Н.Төрекұлов, т.б. мақалаларында тарихи жырлардың зерттелуі, жанрлық сипаты, тегі мен дамуы, тарихи өлеңдердің өзге жанрлардан айырмашылығы туралы құнды-құнды ой қорытындылары жасалып, бұрын зерттелген тарихи жырлармен қоса, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Олжабай батырлар туралы жырлардың қатарында «Досан батыр» жырын да талдауға орын берілген.

Ғалым М.Атымов батырлардың ойы мен арманы ел мұңы, халық тағдырымен бірге болғандықтан, қазақтың батырлар жырының айтпақ болған идеясы мен мазмұнының бұзылмай сақталуы халықтың көкейіне қонып, оның мұң-мұқтажымен тығыз бірлікте ұштасып жатқандығында екендігін баса айта келіп, «Бұрынғы қазақтың ауыз әдебиетіндегі батырлар жырындағы кейіпкерлер кейінірек келе 18-19 ғасырларда тарихи шындықта болған Сырым, Исатай, Махамбет, Бекет, Иса мен Досан тағы басқа сол сияқты батырлар бейнесімен ауысты. Бұл батырлар бұрынғыға қарағанда шындық өмірге біршама жақындай түсті» [2, 7-б.] дейді.

Зерттеу еңбектердегі пікірлерге сүйене отырып әдебиет зерттеушілері тарихи жырларда белгілі мөлшерде тарихи шындықтың ізі сақталатындығын жоққа шығармайды деуге болады.

XIX ғасырдағы халық қозғалыстары тарихи жырлардың тиісінше орын алып, көптеген жыр-дастандарға арқау болған.

Халық көтерілісін басқарған Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов, Бекет Серкебаев, Досан Тәжиев, Жанқожа Нұрмұхамедов, Өтеген Өтелұлы, Саурық Стамбекұлы, Сұраншы Ақынбекұлы тәрізді даңқты батырлардың қаһармандық ерлігі, қолбасшылық рөлі жайында жыр-дастандар туды.

«Тарихта аты мәлім батырлар хақындағы жырлар, Балұанияз батыр туралы, Ер Қармыс туралы Қалнияздың, Досан батыр туралы Сәттіғұлдың, Исатай, Махамбет туралы Ығылманның дастан, жырлары – бәрі де елі үшін құрбан болған ерлер ісін елеусіз қалдырмау мақсатында туған» [3, 42-б.].

Тарихи жырларда сөз болатын өзекті мәселе – өмірде нақтылы болған әлеуметтік, саяси оқиғалар.

Қазақтың ауызша үрдістегі әдебиетіндегі тарихи жырлардың көпшілігін алсақ, ел өміріндегі болған тарихи оқиғалармен тығыз байланысты. Оған ХҮІІІ ғасырда жасалған Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Олжабай, Өтеген, Сырым турасындағы жырлар дәлел.

Бұл тұрғыда белгілі әдебиет зерттеушісі, ғалым Ж.Тілепов қазақ қаламгерлері шығармаларының тарихилығын айқындап, ғылыми айналымға түсіргендігін айрықша атаған жөн.

Ғалым «Махамбет пен Шернияз», «Ығылман Шөреков», «Алып тұлға», «Ұлтқа ұран болған ұлы жырдың ерекшеліктері» атты ғылыми мақалаларында еліне ерлігімен айбын болған тұлғалар туралы толғаған толымды туындылардағы тарихилық мәселесін тарихи деректер негізінде түзіп, еліміздің елдігін танытуды мақсат етеді.

«Тарихи ақиқат пен әдеби көркем шындықтың өзара арақатынасы туралы мәселе – өте күрделі де қызықты тақырып. Мұның келешекте келелі де кесек зерттеулердің объектісі болуға лайықты екендігі даусыз. Өйткені, бір ғана ХІХ ғасыр поэзиясындағы тарихи тақырыптардың жырлануы, басқаша айтқанда осы ғасыр ақындары творчествосында тарихи шындықтың көркем шындық түрінде бой көрсетуі дегеннің өзі көптеген проблемалық жайлардан тұрады» деп ғалым тарихилық тақырыбының ғылымдағы өзектілігі туралы өзі де атап өткен болатын.

Ж.Тілепов «Махамбет пен Шернияз» атты көлемді зерттеу мақаласында «Махамбет творчествосындағы көрініс тапқан оқиғалардың бәрін тарихтағымен бір әріпке де айырмашылығы жоқ деп түсінсек, солай қабылдасақ, асығыстық болар еді. Себебі көркемөнерде де өмірде де шыншыл ақын кей жағдайда өткен жайдың кілтипан-сырынан толық хабарсыздықтан шамалы ауытқуға да ұшырайды» [4,80-б.] деп, жіті зерделеу арқылы, шығармадағы оқиға шындығына тереңірек тарихи тұрғыдан барлау жасап, ғылыми-теориялық еңбектерден сілтеме береді, ғалымдар қауымын да асығыстықпен пікір тұжырымдаудан сақтандырады.

Бұған қоса, ғалым Махамбет Өтемісов шығармаларындағы жекелеген деректерден жаңсақ кетіп, мүлт жіберіп алған тұстарын қадағалап, себебін ашып беруді де назарда мығым ұстаған. Әрине, бұл тұста шығарма көркемдігіне ешқандай нұқсан келмегендігі, тарихи тұрғыдан да солғындық танытпайтындығы турасында: «М.Өтемісов творчествосы шаруалар көтерілісінің сырынан көп мағлұмат беретін иландырғыштық күшімен тәнті етеді. Бұл ретте оған ақындық қуаты ғана емес, сол оқиғалардың жай-жапсарын, екі жақ адамдарының пиғыл-құлқын айна қатесіз білетіндігі де көмектескендігі сөзсіз» [4, 81б.]деп дәйекті пікір ұсынады.

Ғалым аталмыш еңбегінде шығармадағы тарихилық мәселесін нақтылай, жүйелей отырып, әлеуметтік, қоғамдық, адамгершілік мәселелерді тұтас көркемдік жүйемен, автор идеясын жүзеге асырып тұрған нақты бейнелеуіш құралдармен қосып қарастырады. «Жалпы, ақын творчествосына тән негізгі бір ерекшелік. Адам бейнесін бедерлеуде, оның құлқы мен кісілік қасиетін беруде әдеби алмастыру әдісін мол пайдалануы дер едік. Мысалы, Исатай батырды жырлайтын Ақбұлақ оқиғасынан соң дүниеге келген толғауларының көбінде-ақ ол қаһарманын табиғаттағы жүректілік өлшемі болып табылар небір айбынды аңдар мен құстарға, табиғат құбылыстарына мензей суреттейді. Сондай ұғымдарды берер эпитет, салыстыруларды мол қамтиды» [4,89-б.] деп қаламгердің кейіпкер сомдауындағы қолданған көркемдегіш құралдар қызметін саралайды.

Ығылман Шөреков дастаны мен Махамбет толғаулары арасындағы өзара ұқсастықтарды санамалай отырып, ой айту жағынан олардың бір-бірін көп қайталамағандығын баса көрсетіп, ақындардың өзгешеліктерін де жеке-жеке саралауы ғалымның талғампаздығын, еңбекқорлығын танытады. Олардың ақындық тұрғыдан тарихи тұлғалардың адамдық кейпін әдеби алмастыру, метафора әдісімен өрнектеу ерекшелігін екі ақынның шығармашылық байланысы, деп көрсетеді.

Ғалымның шығармалардағы айқас картинасының нақты көрінісін тарихи деректермен дәлелдеуін «ақын мұрасының тарихилық бағасын арттыра түсетін де осындай шындық сәулесі екендігі даусыз» [4, 79-б.] деген пікірі айқындай түседі.

Шотан, Наурызбай, Бекет, Сүйінғара, Исатай, Досан, Иса сынды ерлігімен еліне қорған болған айтулы тұлғалар туралы жазылған сандаған зерттеулер ғалымның ел тарихының білгірі, шежіреші екендігін дәлелдейді.

Ғалым «Махамбет Өтемісов пен Шернияз Жарылғасұлы шығармаларындағы тарихи шындық пен көркем шындықтың ара қатынасын анықтау – бұл тараптағы шағын ғана барлау іспетті» деп өз еңбегіне қарапайымдылықпен баға бере отырып қорытындылағанымен, үлкен жауапкершілік жүгін арқалаған тақырыптың қарымды қаламнан ғана туатыны көкірек көзі ояу оқырманға аян.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиеті тарихын зерттеуші ғалым, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Тілеповтің әдебиеттегі тарихилық мәселесі турасында жасаған сүбелі зерттеулерін, ғылыми тұжырымдарын, тың ойларын, тұшымды пікірлерін, салмақты ойларын қазақ әдебиетіндегі үлкен қызметі деп тануға болады.

«Жазба дерегің болмаса күнің қараң. Ұлы мәртебелі тарихтың қалдырған аз жазба жолынан үлкен қорытынды шығарудың өзі мұң» [5, 3-б.] деп санаулы ғана ғұмырында сапалы да сазды еңбек қалдырған ғалым С.Қондыбай ел тарихын жазушылардың қызметін ерлікке балаған-ды.

Сол зиялы ортада тарихи жазба дерек пен көркем туынды арасындағы тарихи байланыс ара-жігін саралаушы, еліне еңбегі сіңген ғалым Ж.Тілеповтің де есімі қазақ әдебиеті тарихынан орын беруге лайық тұлға деп бағалануы әбден орынды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т-17. – Алматы: Жазушы, 1985. – 400 б.
2. М.Атымов. Қазіргі қазақ романдарындағы замандас бейнесі. Алматы, Білім, 1983. – 40 б.
3. Сыдиықұлы Қ. Біртума жыр саңлақтары./XVIII- XXғғ/ 2001. – 268 б.
4. Тілепов Ж. Ел мүддесі – ерлер еншісі. Алматы, Үш қиян, 2010. – 352б.
5. Қондыбай С. Маңғыстау-нама. Алматы, Арыс, 2006. – 443 б.

ӘОЖ 32.019.51(045)

РУХАНИЯТ ӨЗЕГІ: ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ

Аймуханова Алма Алтынбекқызы

Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау гуманитарлық колледжі

Жеткізгенова Әлия Түгелбайқызы, ф.ғ.к., доцент

Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Әл-Фараби мен Алаш зиялылары еңбектеріндегі руханият мәселелері. Ұлы ғалымның «Қайырымды қала тұрғындары» атты трактаты. Алаш арыстарының мұраты мен бағыт-бағдарлары бір арнада тоғысып, арман-тілегін жұптаған ұлттық идея XX ғасырдың алғашқы ширегінде ұлт болашағының көлеңкелі тұстарын көріп саяси тұрғыдан ширыға, шыңдала түсіп, жарыққа шыққандығы. Осы идеяның жетіліп, тәуелсіз мемлекет болып қалыптасу үшін аса қажеттілігін бүкіл жан-дүниесімен, сана-сезімімен сауатты ұғына алған Алаш қайраткерлері бар мүмкіндігін жұмсап, айрықша еңбек еткендігі

Кілт сөздер: руханият, трактат, кемеңгерлер, алаш қайраткерлері, саси-тарихи еңбектер, елбасы, рухани жаңғыру, ел мүддесі.

Ел үшін туған ерлер есімдерінің тарих сахнасынан өшпей, халық жадында мәңгі сақталып қалуы – олардың еңбектерінің қоғам даму үшін маңыздылығы өте зор болғандығында.

Зерттеуші Ж. Каттыгарин өзінің мақаласында: «Ұлы дала небір кемеңгерлерді өмірге әкелді, оларды жіктеп айтар болсақ әлеуметтік ұйымдастырушы реформаторлар Атилла, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Индияда билік құрған Бабур мен Акбар, Қытайда – Құбылай (Юань династиясының негізін салған), беріш Бейбарыс (мамлюк деңгейінен Египеттің билеушісі дәрежесіне көтерілген, Шыңғыс хан әскерлерін тоқтатып, кресшілер мен ассасиндерді күйреткен), қазақтың Солоны атанған Тәуке және Абылай хан. Бүгінгі өз уақытымызға келсек бұлардың жалғасы Қонаев, Назарбаев, Аман Төлеев (Ресейде президенттік сайлауда үшінші орында болған). Дарынды философтар, ғалымдар, діни көшбасшылар мен ақындарға келсек, олар Орталық Азияда өмір сүрген Заратуштра, элиндік әлемнің философы скиф Анарыс (Платон оны таңдаулы тоғыз ғалымның қатарына жатқызған. Аты аңызға айналған скиф, Грекияға саяхат жасағанда Солонмен кездесіп соның ықпалында болып данышпандығымен аты шыққан), «ортағасырлық Аристотель және кемеңгер ұстаз» әл-Фараби, дала түріктері үшін ислам тұжырымдамасын енгізген Қожа Ахмет Яссауи, Қорқыт Ата (мәңгілік өмірді аңсаған, әдемілік шығармашылығындағы «Нирвананы» көксеген), біліктің құттылығына сапар шеккен Жүсіп Баласағұн, Асан қайғы – жер жаннаты Жер Ұйықты іздеген алғашқы ізденімпаз, ұлт жол басшылары Бұқар Жырау, Махамбет, Шыңғыс Айтматов, Олжас Сүлейменов және т.б.» – [1, 123] деп, Әл-Фарабидай данышпанның ел тарихындағы өлшеусіз орнын атап өткен.

Әл-Фарабидің «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткердің афоризмдері», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету жөніндегі кітап», «Бақыт жолдарын көрсету» трактаттары мемлекеттік тәуелсіз қоғамда әділ басқару салтын саралауға арналған. Данышпан ғалым өзінің саяси философиялық теориясында қайырымды басқаруды сақтау мен оны ұйымдастырудың тәсілдерін, қала тұрғындарына қайырымдылық пен игіліктің қалай келетіндігін және бұл нәтижеге қандай жолмен жетуге болатындығын түсіндіреді. Өзінің көзқарастарын ол «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекеттік билеушінің нақыл сөздері» және «Азаматтық саясат» трактаттарында кеңірек баяндайды.

Ұлы ғұламаның қайырымды қала туралы ілімінде азаматтық қоғамның мұраты көрініс тапқан. Аталмыш трактатында қала тұрғындарының бақытты өмір сүруіне жағдай жасаған жоғарғы билікке, ел тізгінін ұстаушыларға көңіл бөлген. Қайырымды қала тұрғындарының жақсы және игілікті өмір сүруі көбіне басқарушы билік саласына байланысты екенін, тек қайырымды билеушілер билеген халқы бар қалалар ғана бақытқа жете алатынын айтады.

Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі орны бөлек, идеясы біртұтас ұлт тәуелсіздігіне ұштасқан Алаш қайраткерлері мен Әл-Фараби еңбектерінің рухани мықты байланысы көрінеді. Алаш арыстары да, Әл-Фараби да бір-бірімен қарым-қатынас жасайтын қоғамды білімді, сабырлы, ақылды адами қасиеттерді бағалауға қабілетті адамдар басқарғаны жөн деп ой түйген еді.

Еліміздің қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі екендігін, өз кезеңінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отырғандықтан, күн тәртібінен түспейтін ең өзекті мәселе ретінде басты орында болатындығын елбасымыз өзінің саяси-тарихи еңбектерінде үнемі ескертіп келеді.

Алаш қайраткер-қаламгерлерінің мұраты мен бағыт-бағдарлары бір арнада тоғысып, арман-тілегін жұптаған ұлттық идея XX ғасырдың алғашқы ширегінде ұлт болашағының көлеңкелі тұстарын көріп саяси тұрғыдан ширыға, шындала түсіп, жарыққа шыққан болатын. Осы идеяның жетіліп, тәуелсіз мемлекет болып қалыптасу үшін аса қажеттілігін бүкіл жан-дүниесімен, сана-сезімімен сауатты ұғына алған Алаш қайраткерлері бар мүмкіндігін жұмсап, айрықша еңбек етті.

Алаш азаматтарының жан аямай тер төккен осы бір елеулі еңбектеріне елбасымыз Н.Назарбаев: «Олар өз қызметінің басты мұраты қазақ халқының ұлттық төлтумалылығын сақтау, сонымен бірге оның тарихи өткенін қалпына келтіріп, ұлттық санасын шындау деп санаған» [1, 157], – деп аяулы арыстардың алмағайып тұстың айтулы кезеңіндегі азаматтық әрекеттеріне шынайы баға берген болатын.

Н.Ә.Назарбаев өзінің: «Еуразияның кіндігіндегі ең соңғы көшпелілер құрлығының тағдыры, ұлттық сана мен байырғы қорғандар құпиясы, тоталитаризм мен ұлы әмірші Бейбарыс, қазіргі Қазақстанның диаспоралары мен орта ғасырдағы Үндістан, ұлттық тұтастану мен «Алаш» – міне, осылардың бәрі де басымыздан өтіп жатқан бүгінгі күрделі өмірімізге күш дарытумен бірге ұлы халқымыздың тарихымен де тамырласып кеткен» [1, 6], – деген пікірі арқылы еліміз тарихының тұтас бір сатысын қалап, кезеңін құрайтын мазмұны бар Алаш қайраткерлерінің жанкешті еңбегінің келер ұрпағымызға жалғасар асыл тінін ардақтау, аялау міндетін қойып отыр. Тұтас сөйлем ішінде «Алаш» сөзін ерекшелеп алуының өзі оның ұлт тарихындағы айрықша маңызын айқындайды.

Ел мүддесін көздеп, рухани жүдеуліктің етігімен су кешкен күйін көріп назырқаған Алаш зиялылары азаттық идеяларымен толыққанды дәрежеде ұлт мүддесіне қызмет ету мақсатында алмағайып уақытқа қарамастан, сол кезеңдік руханият мәселелерін күн тәртібінен түсірмей, көпшілікті ақпараттандыру мәселесін мерзімдік баспасөздер арқылы жүзеге асырып, рухани құндылықтарын сақтап қалуға, дәстүрлі желі сабақтастығын үзбеуге үздіксіз қызмет еткені белгілі.

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана.

Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» [2], – деп рухани жаңғыру қағидаттарын генетикалық негізімізді сақтай отырып, ұлттық санамыздың аясында саралау арқылы мемлекетіміздің іргесін бекітіп, рухын асқақтатындығын атап көрсеткен болатын.

Мақаланың «Ұлттық бірегейлікті сақтау» атты үшінші бөлімінде «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. ...ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» [2], – деген тұжырымы Алаш арыстары арман еткен ұлт тәуелсіздігін сақтау мен алдыңғы қатарлы ел сапына қосылу үлгілеріне қосқан мәдени, рухани құндылықтар туралы ойлы пікірлерімен астасып жатыр.

Келесі «Прагматизм» бөлімінде «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді» [2], – деген ойлардың мемлекет қайраткерлері арасындағы айрықша тұлға, Алаш зиялысы Әлихан Бөкейхановтың «Әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» деген барлық игілік халыққа қызмет ету керектігін меңзейтін ұстанымымен рухани үндесе, жымдаса өріле үйлесім тапқан. Аталмыш жолдарда мүдделі мақсаты толықтай экономикалық тәуелсіздікке ұмтылысымен орайласатын тұшымды пікірлер мен тұжырымды ойлар көрінісі бар.

Еліміздің мемлекет мәртебесін алып, тәуелсіз түрде салтанатты көш түзеу бақытына ие болғандығы арқасында, халқымыздың ұлттық құндылықтарын шынайы тарихи танымда танып білу мүмкіндігі айқындалып, көптеген мәселелер шешімін тауып, ақтаңдар жолы аршылғаны белгілі. Алаштануға қатысты келелі ой түзіп, салиқалы пікір айтқызып, түйінді тұжырымдар жасататын мәселелер қозғалып, талқыға түсіп, өзектілігі айқындалып, ғылыми айналымға енгізілді. Алаштық идея, алаштық таным деген тіркестер ұлтын сүйген жанның көкейіне мықтап түйіліп, жүрек төріне тұрақты орнықты. «Алты алаштың баласымыз...» делінетін жолдар тек жаттанды, ұйқастық мағынамен емес, әрбір қазақтың санасында сайрап тұрған ұлттық ұғым болып қалыптасты.

Халқым, отаным, жерім, ұрпағым деп ұлт болашағын байыпты бағамдап, ел келешегін бүтіндікпен, бейбітшілікпен ойлаған әрбір қазақ азаматының жүрегінің терең түкпірінен орын тепкен ойдың Алаш идеясы екендігіне толық мойын бұрды.

Қазақ идеологиясы үшін темірқазық болып келетін «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» деген ұранға лайық қасиет, киесі жоғары қастерлі сөздің бағасы артты, айрықша құрметпен аталды. Сондықтан ұлтымыздың тұтастығын сақтауға ұлттық сананың негізі болып тұрған Алаштық идея қазіргі таңда ел тарихына, ел ертеңіне, қазақ халқының рухани байлығының өшпей, өркендей түсуіне қызмет етуін тоқтатқан емес. Алаштанушы ғалым Д.Қамзабекұлы үлкен пафоспен «Алаш – өркениет бағытындағы Қазақ елінің, зиялыларының айнымас темірқазығы» [4, 41], – деп Алаш жолының адастырмас арнасына түсе білуді нұсқайды. Ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өміршеңдігін жоғалтпай, соқпақ жолдан сарабдал ойларға негіз бола сара жолға түскен Алаш идеясының жарқын бір көрінісі елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында сабақтастық жалғай, тін таратқанын айтуға болады.

Алмағайып заманның аласапыран сәтінде ел бағына туған Алаш қайраткерлері туған халқының отаршылық езгіге қарсы тұра алатын қабілет-қарымын ашуда олардың саяси санасын, құқықтық сауатын ашпаса, өзге ел қатарынан қалып қоятындықтарын саналы түрде ұғына отырып, қазақ халқының ұлттық санасын оятуда, білімі мен білігін жетілдіріп, мәдениеті мен руханиятын дамыту қажеттігін өздері тамаша түсіне алған және айналасындағыларға осы мәселені өзекті етіп түсіндіре алған зиялы қауым еді. Олардың қай-қайсысы да ел руханиятының назардан тыс қалмауы жолында қазақ халқының мәдени, әдеби бай мұраларын жете зерделей отырып, насихаттау, таныстыру жұмыстарын жандандыра жүргізген еді. Туған елінің, сол елді атамекен еткен қазақ халқының рухани кеңістігінің тар шеңберде қалып қоймай, дамып, жетіліп, өзге жұрттың да жетістігі бар жетелі дүниелерінен таныстығы болғанын қалап, озық еңбектерін қазақ тіліне тіліне аударып, халқына пайдасы тиер тұстарын қармап, шығармашылық табысы мол жұмыстар атқарды.

Алаш руханияты көсемдерінің қазақ жерінде ұлттық идеяны ұстану жолынан айнымай, ақ жол, адал қадаммен алда жүруі жөнінде Н.Ә. Назарбаев: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққан, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX

ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал», - деп атап көрсеткен болатын [1, 156]. Ел тарихының білгірі, көрнекті ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиев Алаш идеясының маңызын оның халықтығында, бай руханиятында екенін: «Алаш идеясы бұл белгілі бір топтың еркімен өмірге келген жасанды, сондықтан да өткінші құбылыс емес. Ол ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру концепциясы. Алаш идеясын өмірден біржола ығыстыруға көп күш жұмсаған большевиктер құрған билік өмірден кете салысымен Алаш идеясының қайта жаңғыруы, қайта күш алуы оның өміршеңдік сипатын айғақтайды. Алаш идеясының өзегі – ұлттық мемлекеттік. Құрметті Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық – жетім халық. Кез-келген болашағынан үміті бар ұлт үшін мемлекеттік негізгі құндылық. Міне осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы – Алаш идеясының өмірлік шындыққа айналуының көрінісі ретінде бағалануы әбден орынды. Ал оның ішкі әлеуметтік мазмұны, демократиялық принциптерге сүйенген қоғамды халықтың мәдени деңгейіне және саяси белсенділігіне тәуелді екендігін ұмытпағанымыз жөн» [4, 87], – деп сарабдал ой мен салмақты пікір түйеді.

Парламент мәжілісінің депутаты А.Әбілдаев та Алаш идеясының XX ғасырдағы қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея болғандығын, еліміздің тарихында Алаш арыстарының орны ерекше екендігін «Алаш идеясының өзектілігі және XXI ғасырдағы қазақ қоғамында жаңғыртылуы» атты мақаласында: «Қазақтың елдігі мен тұтастығын аңсаған Алаш қайраткерлерінің идеясы бүгінде іске асты. XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасы қаланды. Олардың еліміздің тәуелсіздігін ту етіп, XX ғасырда Қазақ елін өз алдына дербес те егемен мемлекет ретінде көргісі келген ізгі де жасампаз ниеттері тек XX ғасырдың соңында ғана жүзеге асты. Заманында бар қазақтың қамқорына, сүйенішіне айналған «Алаш» партиясының саяси тұжырымдамасына, алашордашылардың саяси өмір жолы мен қызметіне қарап отырып, сол дәуірдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелердің бүгінгі таңда да өзектілігін жоймағанын байқайсыз. Қазақ халқының азат ел ретіндегі тағдыры, тарихы, мемлекеттік дербестігі, жері мен шекарасы, тілі мен діні туралы мәселелер арада ғасырға жуық уақыт өтсе де, күн тәртібінен түскен жоқ» [5, 126], – деп ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүрген асыл идеалдың өміршеңдігін атап көрсетті.

Қазіргі таңда қазақ зиялыларының ұстамдылығы мен парасаттылығы, ізденгіштігі мен зерттеу еңбектері нәтижесінде ұлттық бірлік нығая түсіп, рухани-зерделі ұрпақ жады эстафеталық жалғастық жолына түскендігін Д.Қамзабекұлы «Қазір Алаш тарихы кеудесінде – жаны, бойында қаны бар кез-келген отандасымызды ойландырады, толғандырады. Неге? Біріншіден, олар бүгінгі болмысымызды, қасиет-қадірімізді сол кезбен салыстырады. Екіншіден, сапалы жаңаруда ұлттың «алпыс екі тамырына» әсер беретін Алаш жолын қалайды. Біз әлеуметтанушы емеспіз, бірақ қарапайым байыпқа салсақ, байқайтынымыз: ұлт тарихын жақсы білетін 10 адамның 9-ы Алаш десе «ішкен асын жерге қояды». Бұған, әрине, қуанамыз. Үзілмеген үміт үшін, жалғасқан рухани-тағылымдық сабақтастық үшін» [3, 35], – деген пікірлерімен бекітеді.

Ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығын саралаған, ұлттың өмір сүру концепциясын айқындаған Алаш арыстарының армандарын асқақтата жалғап, қазіргі таңдағы осы өзектілікті нақтырақ айқындауға жол ашып, бағыт-бағдар беріп отырған елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы ой өрімдерімен тығыз байланыса сабақтасатындығына қапысыз көз жеткізеді.

Өз кезеңінде халқына қамқорлық қамдап, қалың қазақтың сүйенішіне айналған Алаш арыстары мен Әл-Фараби еңбектеріндегі өзекті мәселенің бүгінгі күн тәртібінен бір мысқал да түспегеніне дәлел болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Каттыгарин Ж. Әл-Фараби мен Жүсіп баласағұн дүниетанымының түркілік негіздері// «Түркі халықтарының рухани мұралары және Маңғыстау жыраулық дәстүрі»: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары, Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2019. - 404 б.
2. Назарбаев. Н.Ә. Тарих толқынында.-Алматы, 1999.
3. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2017 жыл.
4. Қамзабекұлы Д. «Алаш – Темірқазық», «XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» ұлттық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Алматы: Экономика, 2013. - 248 б.
5. Қойгелдиев М. «Алаш қозғалысының ұлт тағдырындағы орны жөнінде», «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Семей, 2008.
6. Әбілдаев А. «Алаш идеясының өзектілігі және XXI ғасырдағы қазақ қоғамында жаңғыртылуы», «XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» ұлттық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Алматы: Экономика, 2013. - 248 б.

ӘОЖ 80.075

ӨМІР ҚАРАҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕР НЕГІЗІНДЕГІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КӨРІНІСТЕР

Жеткізгенова МәрзияТүгелбайқызы

Ақтау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі,
тарих пәні мұғалімі

Аңдатпа. Мақалада ақын-жыраулар мұрасындағы батаның ерекше орын алатындығы, Өмір Қараұлы мұраларын тиянақтап жинақтап, зерделеп, ақын шығармаларына текстологиялық талдау жүргізіп, шығармаларындағы тілдік ерекшеліктерді саралаған ғалымдар еңбектері, Өмір Қараұлының шынайы ақындық зердеден туған, зергерлікпен тоқыған сөз саптаулары әсерлі, тартымды шыққандығы, ақынның бата-тілек өлеңдерін кейінгі толқынға жеткізу үшін эстетикалық талғаммен жеткізгендігі сараланған.

Кілт сөздер: рухани мұра, бата, ақын-жыраулар, ғалымдар, зерттеушілер, сөз, образдар.

Этнопедагогикалық өлеңдер тобындағы нақыл-өсиет, насихат, қонаққәде, дидарласу-сәлемдесу жырларымен салыстырғанда магиялық әсері мықты шығарма. Себебі, бата сөзінің мән-мағынасы, құрылымы адам жанын серпілтіп, көңілін марқайтып, талабын қанаттандыра ақ тілек түзеді.

Бата – бабаларымыздың ұлағат өрілген қастерлі сөз түйіндерінің екшеліп, ақыл елегінің сүзгісінен өткізіліп, өмір тәжірибесінің жоғары сана деңгейінде қорытындыланып, даналық мәйегі тұнған, адамгершіліктің ереже-қағидасы болып саналатын қасиеті мен киесін бойына жиған рухани байлығы. Бата-тілек жырларын халықтық психологиялық көзқарастары танылатын, ғасырлар бойы жинақталған ұлттық дәстүрлер негізінде этнографиялық мәселелер көрініс беретін, тәрбиелік-тәлімдік ізгі ойлардың түйдек-түйдегімен төгіліп, бейнелі сөз өрнектерімен өріле жырланып, сөз бен саз тоғыса ұйқас, әуезділік құдіреті басым көрінетін философиялық-дидактикалық шығарма деп көрсетуге болады.

Ақын-жыраулар мұрасындағы батаның ерекше орын алатындығы осында. Сапарға дайындығы бар жанның бас амандығы мен, жол жеңілдігін қалап, қадірлі тұлғалардан, ауыл ақсақалдарынан бата сұрап, үлкен мән беруі де халқымыздың тыныс-тіршілігіндегі мықтап орныққан құбылыс.

Осы орайда Маңғыстау ақын-жыраулары қатарында рухани әдеби-мәдени мұралар жасауда өзіне тән айрықша қолтанба қалдырған Өмір Қараұлының шығармаларында бата-тілек жырларының үздік үлгілеріне назар аударуды жөн санадық.

Өмір Қараұлы 1856 жылы Маңғыстаудағы Тұщыбек мекенінде дүниеге келіп, 1918 жылы сол өңірде өмірден озған. Бейіті Тұщыбекте. Ауылының жазғы қонысы – Мырзайыр, Басқұдық мекендері болған ол ауыл молдасынан сауат ашып, білім алған. Жасөспірім шағынан-ақ жиын, тойға қатысып, ақындық, зергерлік, сәулетшілік өнер жолына түскен. Өлеңді жазып шығарған Өмір қазақ өлеңінің гармониялық үйлесімін, әуездік байлығын толық сақтаған. Ит жылғы (1910) жұттан кейін Жаңғақ ойына (Түрікменстан) көшіп барып, жұтқа ұшырап, тұрмыс таршылығын көріп, Маңғыстауға қайта оралады. Ел арасына тараған, ұрпақтарының қолында сақталған басты шығармалары: «Терме», «Беташар», «Қара өлең», «Тойбастар», «Атасы барда арман жоқ», «Тойбастар» (екінші түрі), «Ит жылғы жұт», «Шалбар Оспанға», «Мұхаммедия Кентаевқа», «Штатқа», «Біздің халық әуелде», «Аппаққа», т.б. өлең-толғаулары.

Өмір ақын мұраларын тиянақтап жинақтап, зерделеуде И.Ұйықбаев, Қ.Сыдиықұлы, Ж.Жылқышыұлы, Ә.Мәткерев, М.Ақмырзаев, Б.Нұрдаулетова, Ж.Қобланов, Е.Еміл, С.Құдайберген, А.Өтешов, т.б. зерттеушілер мен жыршылар көп еңбек сіңірді. Әсіресе, ақын шығармаларына текстологиялық талдау жүргізіп, шығармаларындағы тілдік ерекшеліктерді саралаған ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.И.Нұрдаулетованың ғылыми еңбегін айрықша атауға болады.

Жалпы, Өмір Қараұлы шығармашылығына қатысты ғылыми мақалалар қатарына ғалымдар Қ.Сыдиықұлының «Сәулетші, ақын, Қырымқұл Өмір Қараұлы», Ж.Қоблановтың «Ақсұңқар құстың сойы едің...», Ә.Т.Жеткізгенованың «Тойынды базар ду қылып...», «Өмір Қараұлы шығармашылығындағы қонаққәде жырлары», Поэтические произведения (стихи), связанные с культурой гостепреимства, в творчестве Омира Караулы» және танымдық мақалалар қатарына І.Шыртановтың «Ескерткіш жайлы бірер дерек», журналист С.Құдайбергеновтің «Зайырлы тұқым сойынан», Өмірдің немересі З.Назарованың «Сәулетші» еңбектерін атауға болады. Сонымен қатар арнайы зерттеу нысанына айналдырмаса да Маңғыстау ақын-жырауларының тілдік ерекшелігін зерделеген ғалым Б.Нұрдаулетова «Маңғыстау ақын-жырауларының тіліндегі ерекше сөздердің түсіндірмесі», «XVIII-XIX ғасырлардағы Маңғыстау ақын-жырауларының тілдік ерекшеліктері», «Көне күннің жыр күмбезі», «Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуальдық бейнесі», «Когнитивті лингвистика» атты монография, оқу құралдары, оқулықтар, жинақтар арқылы ақын шығармашылығының ғылыми айналымға түсуіне көп еңбек сіңіргендігін баса айтқан жөн.

Символикалық сөз-образдарға бай Өмір Қараұлының шығармалары Ұзақбай Қазжанұлы, Асан Әминұлы, Әбдірахман Қожақұлов, Дәнебай Нұржанов, Өткелбай Ұзақбайұлы, Қайролла Әбдіұлы, Ниязхан Қоңырбайұлы, Жеткізген Сейітов, Амандық Көмеков, Ақылбек Өтешов, Аманбек Сәуірбаев, Болат Бисенқұлов, Измұрат Молбаев, Изжан Қалқанов, Сәттіғали Нұрдаулет, Бердібай Тойғұлиев, т.б. жыршылармен орындалып, олардың репертуарынан тұрақты орын алған.

Өмірдің бізге жеткен әдеби мұраларының ішінде екі түрлі батасы бар. Екеуі көлемі мен мазмұны жағынан біршама ерекшеленеді.

Бірінші батасы көлемі – 116 жолдан, 7-8 буыннан, екінші батасы 16 жолдан 11 буынды өлшемнен тұрады.

Бірінші батасы мұсылман діні шежіресінен мысалдар келтіру арқылы, адамзаттың даму тарихындағы өмір сүру кезеңдерін санамалап, адамның ана құрсағына пайда болған күнінен бастап дүние есігін ашып, ата-ана қамқорлығында болған сәті, жетілу жас

кезеңдеріндегі қимыл-әрекет, мінез-құлық ерекшеліктері тізіледі. Бала шағынан болашағына дейінгі рухани қажеттіліктерді ойшылдық тағылыммен өре отырып, өмірбаяндық бағытта жырлап өтеді. Кеше мен бүгінді, болашақты тұтастыра жырлаған ақын бұл өмірдің өткіншілігін, адамзат ғұмырының өлшеулі уақыт аралығында келер ұрпағына тағылым болар сөз қалдыруды көксейді.

Мұны естіген адамдар,

Бізбенен болсын тілектес.[1, 86]

деп, сөз өнерінің құдіретін игерген ақын оқырманына қорыту, жинақтау, түйсіну жолдарымен шығарманы қабылдату арқылы адами қадір-қасиеттің салмақтылығын ұғындырады.

Адами абзал қасиеттер қатарынан саналатын :

Шеберлік берсең шенсіз бер,

Дүние-мәшінді айналтып,

Халыққа үлгі бергендей

Билік берсең берекет –

Жер көгерткен жауындай.

Ерлік берсең – есепсіз –

Толықсып соққан дауылдай.

Жұпты берсең – сұлу бер –

Сүйеге жанның сауында-ай.

Перзент берсең – жүздеп бер –

Қатар шықсын сауырлай[1, 87], -

деп, бата-тілек түрінде жалғаса береді. Осы бата өлеңінде Өмір пенденің тойымсыз, қанағаты кетіп, дүниені ұмытып, байлық қуып кететін ашкөз қасиетінен сақтанып, өлең жолдарында «Дәреже берсең – өлшеп бер, Мұқату үшін жауымды-ай, Дәулет берсең – шақтап бер, Қиямет күні ауырды-ай» деп ескертеді. Ғалымдық, абырой, бақ, тақ, сабыр, ақыл, сана, шапағат ұғымдарын жалаң тізбей, қажет тұстарын, парасатпен өлшейтін шамаларына қарай беруін сұрайды. Ең бастысы, рухани баға жетпес қазына – иман тілейді. Ұлттық сөз өнерінің имандылық кеңістігіндегі мұсылманшылық көзқарасын өлеңге орайластыра өріп, философиялық түйін жасап отырады.

Өмір Қараұлы тағылымының дүниетанымдық мәні зор екендігі бата-тілек берер алдындағы кіріспе бөлімінде жалпы адамзатқа қарата айтылған ойларының имандылық иірімдеріне қосыла үндесуінен-ақ көрінеді.

Баянсыз пәни-дүние,

Берсең де қанша тоймадық.

Өлі күнге мен жүрмін

Нәпсіні жеңіп, тия алмай

Ақылым жетіп, жия алмай.

Ақыреттің азығын

Аллаға көп-ті жазығым[1, 86], -

деп, пендешілік жолмен сана таяздығынан, жан-дүниеміздің ұсақтық, тоғышарлық, екіжүзділік, опасыздық, дүниеқоңыздық қасиеттер бұғауында тұралап қалмай, Алланың алдына ар тазалығымен баруды, кейінгі ұрпақ жадында тәрбиелік мазмұнға толы рухани бай мұра қалдыруды мақсат етеді. Ақын осы тұста авторлық ойының бағытталу, арналу нысанын жеке адамға, яғни өзіне қарата, өз бойына таңа отырып, жалпы көпшілік бойындағы мінді тізбелейді.

Ақын-жыраулар әдеби мұрасындағы осындай авторлық адресат мәселелері турасында Т.Тебегеновтің: «Ақындық ойдың белгілі бір адресатқа арналуында авторлардың лирикалық қаһарман қалпында Жаратушыға бағытталатын арнау өлеңдерін арнайы атауға болады. Лирикалық қаһарман – жалпыадамзаттық эстетикалық, философиялық-гуманистік ойлау жүйесіндегі пайымдауларды авторлық қорыту арқылы аңғартатын күрделі бейне. Сондықтан ақындар авторлық, лирикалық толғаныстарын

адресатқа бағыттауда жеке ұғымдардың жалпылық-жинақтаушылық мәнмен айтылуына ерекше назар аударады. Авторлық ақындық өнер шығармаларында Жаратушыны (Тәңірі-Алла-Құдай) адресаттық нысан бағдарында алып жырлауы – жеке ұлттық және әлемдік әдеби дамудың ортақ дәстүрлер арнасындағы үндестіктерін танытатын ерекшелік» [2, 125] - деген пікірімен Өмір Қараұлының бата-тілек жырларындағы ой түзулеріне тұжырым жасауға болады,

Сондай-ақ, ғалым ұлттық поэзиямыз тарихындағы автор ойы бағытталатын нысан түрлерін санамалай отырып, жырлаушы ақын өзінің шығармашылық мұратындағы айтылған ойларына, сөздерінің көркемдік-эстетикалық қуатына сене, тыңдаушыларына (адресатына) сенім білдіре жырлайтындығын саралаған болатын [2, 124].

Өмірдің бата-тілек жырларының мазмұнында тапсырма талабы басты орынға қойылып отырады. Бата беру арқылы кемшілік-қателіктерді түзету, тыңдаушысын сыннан өткізе отырып, жан сарайынан адамгершілік қасиеттерге орын беру, халық үлгісімен, тіршілік ережесінен ауытқымай, тура жолмен жүру талаптары міндеттеледі.

Ал екінші батасы:

Ойында Маңғыстаудың Шақпақ ата,

Берейін қолыңды жай, саған бата [1, 89], –

деп басталып, «Қарағым менің батам қабыл болса, – Жылына қысырақты жүзден мата. Ауылдың қонған жері жүлгелі сай, Астыма мінген атым кертторы тай. Шырағым менің батам қабыл болса, Боларсың жыл айналмай мыңғырған бай...» болып тізіледі. Алғашқы батадан соңғы батаның ерекшелігі мұнда негізгі мазмұн мал-дәулеттің молаюына арналған. Шындығында бастан-аяқ бата мазмұны тұтасымен төрт түліктің көбеюі, берекелі болуымен баяндалады. Ата-бабамыз көшпенді өмір салтында төрт түлік малды күнкөріс көзіне айналдырғаны, тірліктің жалғасуы, материалдық қазынаның бірден-бір көзі – осы төрт түлік екені ақын өлеңінде ерекше жарасыммен өрілген. Бұған қоса Маңғыстаудың табиғат ерекшелігінен орай бағуы қолайлы түйе түлігінің: «Ақ отау – әкең берген тозбасын-ай, желінде – үш жүз інген боздасын-ай» басы өссін деген тілегі көрініс береді.

Ақ отау – баспана, киелі ұғым, ұрпағың жалғассын, басың көбейсін, ата-баба салтын жалға, жолдан тайма деген тілектің атауы. Ақын ең алдымен қажетті баспана, тұрақ-жайдың маңыздылығына айрықша мән бере жырлаған.

Бата берудің небір тамаша үлгілері қырғыз фольклорында да аз емес екендігін көрсеткен зерттеуші Б.Уахатов ұсынған бір үлгіні мысалға көрсетуге болады:

Бата башы дың-дың,

Малды берсин миң-миң.

Жылқы берсең ала бер,

От жақалай бала бер.

Жүктөрүнө төө бер,

Жүктөп алып жүре бер.

Саарына бээ бер,

Сааған сайын ие бер.

Желеңдин ал учу менен бул учуна

Ат чуркаса жетпесин,

Қас санаған душманың,

Келерки ушул убакқа жетпесин [3, 81]

«Тегінде бата беріп, ақ тілеу айтып, алғыс білдіру ежелгі ата-бабалар дәуірінен келе жатқан түркі халықтарының ескілікті дәстүрі екені ақиқат. Бұл мазмұны мен мақсаты жағынан да көшпелі түрік тайпаларының ортақ тірлігінен туған.

Ақ тілеу айтып, бата беру қазақ секілді қарашай, татар, алтайлықтарда да бар. Олар мұны «алғыс» дейді. Алғы бірде жаңа түскен жас келінге айтылса, тағы бірде алыс сапарға аттанып бара жатқан жолаушыға, иә, жаңа өспірім жас балаға қаратып айтылады. Мысалы қарашайларда жаңа түскен жас келінге берілетін» [3,80]

Б.Уахатов бата берудің татар фольклорындағы үлгісін де ұсынады:

Қазаның өреле булсын,
Китмәскә килерең булсын.
Чүмергәнең май булсын,
Ашағаның бал булсын,
Семьяң ишле, бай булсын
Абзаның тулы мал булсын
Күңелең кенә тотмасын! [3, 80]

Ғалым осы шығарманың татарлар арасында «арбау» деп те аталатынын және жаңа түскен жас келінге айтылатын татар арбаулары қазақтың беташар өлеңдеріне мазмұн, формалары жағынан өте жақын екендігін атап көрсетеді.

«Алқышлар – татарша ізгі тілектер. Алқышлар – адам тұрмысындағы белгілі бір қуанышты оқиғаларға байланысты айтылады. Мысалы, той қуанышына арнап «Яңа туй булсын, чәкчәк күңелле булсын, һәммәгез де озын гомерле булсын» десе, жас келінге «Алғы итәгеңне бала бассын, арт итәгеңне мал бассын» дейді. Алғысты сахалар (якуттар) «алғыс тылларға» деп атайды» [3, 80].

Қазақ ақын-жыраулары шығармаларындағы «Той бастар», «Беташар» жырларының құрылымында да бата-тілек мол кездесетіндігі. «... той бастар өлеңінің қорытынды бөлімі – ұзатылғалы отырған қызға ақынның бата-тілек жыры. Жұбайлық-жұптық тұрмыстың байлыққа, молшылыққа, сән-салтанатқа, берекеге толы болуын тілей жырлаған ақын жыры – халық көңіліндегі ойларды қорыта жеткізген тілектер» [2, 147]деп ғалым Т.Тебегенов халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрін саралаған еңбегінде атап өтеді.

Міне, Өмір ақынның шынайы ақындық зердеден туған, зергерлікпен тоқыған сөз саптаулары әсерлі, тартымды шыққан. Көркем қазына-байлығымыз бата-тілек өлеңдерін кейінгі толқынға жеткізу үшін эстетикалық талғаммен жеткізген. Жалпы, Өмір шығармаларынан ащы, уытты, ызалы, ауыр тіркестерді кездестірмедік. Ақын кез-келген ойын асқан сақтықпен, мәдениетпен жеткізуге тырысқан. Сәулетшінің материалдық мәдени ескерткішті салу үдерісінде әр тасын жымдасып, жігі білінбей қалансын деген арманы өлеңдерінде де көрініс бергендей ме деп топшыладық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Өмір Қараұлы. Бісміллә – сөз басы. –Алматы: «Бабамұра», 2015. – 120 б.
- 2.Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. –Алматы: Білім. 2001. – 332 б.
- 3.Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. –Алматы: Ғылым, 1983. -160 б.

ӘОЖ 82.09 (574)

ДРАМАТУРГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ШОҚТЫҒЫ БИІК ТУЫНДЫ

Каримсакова Б.А., ф.ғ.к., доцент

Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Драматург «Ақан сері – Ақтоқты» пьесасында әр түрлі толыққанды, құнарлы образдар жасай білген. Онда ең алдымен көзге түсетін Ақан образы. Ол ақыл-ой иесі, жалынды, қайратты жас, сұлу сезімі, үлкен жаны бар, өз заманында, өз ортасында озық білім алып, өмірдің мағынасын іздеп толғанған адам. Өмір шындығын дін жолынан, құдайға құлдықтан іздейді. Бірақ, ол дін жолынан шындық таппайды. Жазушы пьесаны Ақанның рухани жағдайының өте бір шиеленіскен кезінен, яғни дін жолының жалғандығына, әділетсіздігіне көзі жетіп, ескіліктен безінген драмалық кезінен бастайды.

Кілт сөздер: драматургия, пьеса, образ, тартыс, шиеленіс, сахна, жазушы шеберлігі.

Драматургия жанры - әдебиетімізде ең күрделі жанрдың бірі. Тартысқа толы, қым-қиғаш оқиғалардың көрінісін береді. Кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы образдар сомдалады. Образға енген тұлғаның бет-пердесі әр қырынан таныла бастайды. Оны драматург шебер сомдап, сахна төріне алып шығады. Тарих сахнасына шыққан драмалық шығармалардың құндылығын халық өзі таразыға салады.

Соңғы кезде әдебиетіміздің проза саласында ғана емес, сонымен қатар, драматургия саласында да өшпес із қалдырған шебер драматургтеріміз бар. Сондай драматургтер қатарынан орын алатын Ғ. Мүсіреповтің қазақ әдебиетінде алатын орны ерекше. Жазушының қазақ театрының дамуына өз септігін тигізгенін драматургия саласындағы еңбектерінен аңғаруымызға болады. Бүгінде жазушы қаламынан нәр болып төгілген құнды еңбектерін атап айтсақ, «Ақан сері – Ақтоқты», «Амангелді», «Болашаққа аманат», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» атты пьесалары театр сахналарынан үзілмей, көпшілік назарынан тыс қалмай, ұлттық өнеріміздің құндылығы ретінде бағаланатын асыл мұраларымыздың бірі болып саналады.

Ғ. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» атты трагедиясы күні бүгінге дейін өзінің көркемдік құндылығының арқасында қазақ театрларының сахнасынан түспей келеді. Осы уақыт ішінде бұл шығарма туралы сан түрлі сын-пікірлер мен мақалалар жарық көрді. Солардың ішінде көрнекті әдебиет сыншысы М. Қаратаев пьесаға жоғары баға берген болатын. Пьеса туралы былай деген: «Ақан сері – Ақтоқты» пьесасы бүкіл қазақ драматургиясының құнды туындыларының қатарына қосылды».

«Шебер туынды шебер сомдаушыдан байқалады», - демекші «Ақан сері – Ақтоқты» пьесасын жарыққа алып шыққан драматург Ғ.Мүсіреповтің еңбегінің ерекше атағанымыз жөн.

Ғ. Мүсірепов шығармашылық жолында халық өмірінің түрлі мәселелерін көтерді, жаңа заманға лайықты, талапқа сай жарқын бейнелер жасап, ұлттық әдебиетіміздің көркемдік қорына аса бағалы үлесін қосты. Қазіргі қазақ әдебиетінің өсіп, өркен жаюына үлесін қосқан сөз зергері, шебері Ғ. Мүсіреповтің қалдырған әдеби мұрасы ешқашан ескірмейді әрі көркемдік әсерін де әлсіретпейді.

Кезінде жазушының өзі: «Кеңестік шығыс елдері әдебиетіміздегі жаңа жанр – драматургияның туған шағында, оның дамуының алғашқы кезеңдерінде «ескі тақырыптарды» сахнаға шығару өте керек еді» - деп айтқан.

Осы қағиданы басшылыққа алып, жазушы адам өміріндегі ерекше мәнді оқиғаларға көңіл бөліп, тарихта болған әнші-ақындарымыздың, өнерпаздарымыздың ғұмырлық өмір жолын танытуда алдына биік мақсат қойып, тарих сахнасына шығаруда сын көзбен қарап, әділ баға берген қаламгерлеріміздің бірі болатын.

Жазушының 1941 жазған «Ақан сері – Ақтоқты» тарихи трагедиясы қазақ әдебиетінің драматургия саласындағы шоқтығы биік туындысы. Бұнда XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ халқының әйгілі әнші-композиторы, әрі ақыны, сал-серісі Ақан Қорамсаұлының өмірдерегін суреттейтін және замана шындығын танытатын тарихи шындық сипатталады. Бұл пьеса 4 перделі, 5 суретті драма. Драматург осы шығармасының 2 түрлі нұсқасын жазған. Яғни, ол бірі драмалық шығарма болса, екіншісі «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиясының опера либреттосы болып табылады. Осы опера либреттосын жазғанда автор былай деген болатын: «Соңғы кезде опера либреттосына көңіл аударып жүрген қазақ драматургі байқалмай келеді. Себеп – драматургияның бұл саласын менсінбеуде ме, әлде тіпті драматургиямыздың өзінде жалпы мағынадағы «аялдама» бар ма? Бұл сұрау жол-жөнекей жауап бере кетуді көтермейді. Сондықтан түрткі салайық деген мәселемізден аумай-ақ қоялық. Драматургтеріміз либретто жазуға көңіл аударулары керек».

Романтизм үлгісінде жазылған «Ақан сері – Ақтоқтының» барлық кейіпкерлерінің мінез-құлықтары, іс-әрекеттері жалындап сөйлей жөнелетін шешендіктері пьесада нанымды суреттелген. Мұнда ұзақ монологтар, қаһармандардың өз-өзімен сырласып кету сәттері жиі кездеседі. Дәуір мен уақыттың қилы шындығын түп тамырымен қопарып, өмір ағысынан дамылсыз туындап жататын кесек құбылыстарды тұтастай қамтыған «Ақан сері – Ақтоқты» пьесасының әрбір кейіпкерлерінің өзіндік іздері сайрап жатыр.

Ақан Қорамсаұлы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас жағында өмір сүрген. Қазақ халқының атақты әнші-композиторы, ақыны. Оның адам жанын тебіртетін әндері халқымыздың көнермес мәдени мұрасы болып есептеледі. Сонымен қатар, төле әдебиетімізде орна бөлек. Өлеңдерінде адамгершілік пен достықты, адал махаббатты, сұлулықты және әлеуметтік мәселелерді, әсіресе сол заманғы қараңғы қазақтың өмірі туралы жырлаған.

Ақан жас кезінде көбінесе махаббатты, сұлулықты жырласа, есейе келе сүйіспеншілік тақырыбына ел мәселесі де қосылады. Ол бай-болыстардың қараңғы халыққа көрсеткен озбырлығын, қастандығын ашық түрде айтады. Қазақ елінің Ресей қосылу тарихының маңызын тереңнен түсіне алмады және осы жайлар кейбір қайшылықтарға да әкеліп соқтырды.

Өмірде Ақан серінің өз басының қайғы-қасіреті де көп болған адам. Оның сүйіп қосылған жарының өмірі қысқа болып, жалғыз ұлы мылқау болады. Ақтоқтыдай сұлу қызға ғашық болып, үйленбек мұратына жете алмайды. Сөйтіп ол Ұрқия деген қызға үйленіп, үш айдан кейін шешек ауруынан ол да қайтыс болады. Бір басына осы жылы қайғы тым ауыр тиеді. Оның қыран құсы Қараторғай өледі. Қасқырға салған уды жеп тазысы да өледі. Құлагердей пырағы опасыз байлардың қолынан мерт болады. Ақан патшаның отаршыларынан да опасыздық, зорлық көріп, туған жерінен айырылып, жалғыз мылқау ұлын қасына алып, мұңлы жүрегіне домбырасы жұбаныш болып, елден безіп, көл жағасында қайғырып күн кешеді. Оған елдің «Ақан сері перінің қызымен көңіл қосыпты» деген сөздері жаралы жүрегіне бата түседі. Ақан Қорамсаұлы өмірден осындай ауыр қайғы-қасірет пен азап көреді. Ол қартайып, ұзақ уақыт науқастанып 1913 жылы жездесінің қолында қайтыс болады.

Драматург «Ақан сері – Ақтоқты» пьесасында әр түрлі толыққанды, құнарлы образдар жасай білген. Онда ең алдымен көзге түсетін Ақан образы. Ол ақыл-ой иесі, жалынды, қайратты жас, сұлу сезімі, үлкен жаны бар, өз заманында, өз ортасында озық білім алып, өмірдің мағынасын іздеп толғанған адам. Өмір шындығын дін жолынан, құдайға құлдықтан іздейді. Бірақ, ол дін жолынан шындық таппайды. Жазушы пьесаны Ақанның рухани жағдайының өте бір шиеленіскен кезінен, яғни дін жолының жалғандығына, әділетсіздігіне көзі жетіп, ескіліктен безінген драмалық кезінен бастайды.

Ғ. Мүсірепов тарихи Ақанды трагедияның басты кейіпкері етіп алып, әнші-ақын өмір сүрген заманның шындығын ашып көрсету үшін, қарама-қарсы екі дүниені алады. Қараңғы, надан халық пен ақыл-ойды күрес үстінде суреттейді. Н. Ғабдуллин: «Ғ. Мүсірепов «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиясындағы әр кейіпкері – ақиқат өмірдің өзінен еш қоспасыз, өзгеріссіз күйде алынғандай жанды образ, драматург шебер мүсіндеген әр бейне ақиқат өмірдің нақ шындығын танытады», - деген болатын. [2,76 б.]

Шығармадағы басты кейіпкерлері тарихта болған адамдар. Ақтоқты - Ақанның ауылдасы Боқтабай деген байдың қызы. Ақанның ғашықтың әндері Ақтоқтыға арналған. Ақтоқты Ақанды сүйген, оған тұрмысқа шығуға уәде беріп, Ақан оны алып қашады. Қыздың ағайын-туыстары қызды қорқытып, үркітіп оны айнытып тастайды. Сөйтіп, Ақтоқты сертінен тайқып, Ақаннан кетуге рұқсат сұрайды. Ақан өз сүйгеніне зорлық жасай алмай, бұл азапқа көнеді. Ақтоқты өзін атастырған жерге тұрмысқа шығып, бірнеше баланың анасы болып, жасы жетпістен асқанда қайтыс болады. Ақтоқтының өмірде айттырған күйеуі Шамұқан, ал пьесада Жалмұқан. Сүтемеген деген байдың баласы.

Пьесадағы Сердалы өмірде шындығында болған ақын. Ол көптеген қиссалар, өлеңдер жазған ақын. Сердалы Ақанның құрдасы әрі жерлесі. Сердалы - күншіл, іші тар

адам. Ақанды халықтың жақтағанына, Ақтоқтының қалауы да Ақан болғандықтан, онымен өш. Өйткені, Сердалының басында ойы Ақтоқтыда болған. Сол себепті де, Ақтоқты Жалмұқанға келісімін бермесе, кәрі әке-шешесінің қап арқалап, ал Ақанды халықтан бездіріп жіберетіндігін мақтана айтқан болатын.

Сонымен қатар, пьесада Балта, Мәрзия, Жылкелді, Мұрат, Балуан сияқты халық өкілдерінің бейнелері де шындық тұрғысында суреттелген. Бұлардың бойынан қайнаған қайратты, қауқарлы күш барын сезінеміз. Сейіт, Дәмелі, Қоңқай, Қорамса бұларда халық өкілдері. Бірақ күш-қуаты аз, қайраты кем қарт адамдар.

Пьесада ақынның топас, надан, катігез қоғамға қарсы күресі қақтығыста бірден байқалмай, қым-қиғаш іс-әрекеттер арқылы өрбіп, наразылық сезімінің өзі бірден емес, барлық қайшылығымен бірте-бірте жетілуі тарихи шындыққа да, драматургияның даму заңына да сәйкес келеді.

Осы күресте Ақанның ең алдымен өзінің немере ағасы Науан хазретпен алысуы да реалистік нанымды түрде алынып, Ақан мінезінің диалектикасын танытуға айрықша септігін тигізгені анық. Оның үстіне Ақанның әділеттік пен адамгершілік, теңдік пен азаттық туралы асқақ романтикалық арманы және Ақтоқтыға арналған кіршіксіз таза, романтикалық махаббаты Ақан образын рухани биікке көтеріп, жарқын келешекпен үндестірген. «Көтеріңкі шиллерлік рух, поэзиялық құнарлы тіл, шиыршық атқан драматизм – бұл жазушы пьесасының даусыз шеберлік сипаттары» - [5, 268-269б] деген пікірі арқылы ойымызды түйіндей аламыз.

«Ақан сері – Ақтоқты» пьесасы сол заманның шындығынан туған құнды драмалық шығарма болып табылады. Онда драмалық тартысы шебер құрылған, әрі тілі көркем, бай суреттелген қазақ драматургиясының тарихында өзіндік орны бар ерекше шығарма.

Қорыта айтқанда, драматург бұл драмалық шығарманы танытуда өнер адамының қоғамға қажетті құндылығын байқатады. Сол кейіпкердің ашу-ызасы арқылы қоғамдық шындықтың әлсіздігін ұқтыртады. Сүрінгенді сүйейтін жанның жоқтығына наразы болады. Тағдыры тәлкекке түскен жандардың жанашыры болған, тырнақтының шеңгелінен ажырамас шырмауықтай жабысқан қандала заманның ащы зәріне қарсы тұра білген Ақандай жанды сомдау тек қана Ғ. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» атты пьесасы арқылы көркемдігін тапқан деп айтуымызға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Белинский. Собр. соч., Москва, 1948. I т, С. 233.
- 2.Ғабдуллин Н. Ғабит Мүсірепов – дараматург. Монография. А., Өнер, 1982ж.
- 3.Мүсрепов Ғ. 5-томдық шығармалар жинағы, - 4 т. А., 1975ж., -79-бет.
- 4.Нұрғали Р. Драма жүгі. А., 2000ж.
- 5.Қаратаев М. Шеберлік шыңына. -А., 1963ж.

ӘОЖ 82.09 (574)

Қ. МЫРЗАЛИЕВ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ СЕРІЛЕР ОБРАЗЫНЫҢ СОМДАЛУЫ

Каримсакова Б.А., ф.ғ.к., доцент
Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Халық өзінің басынан өткізген ұлан-асыр тарихи оқиғаларды ән арқылы бейнеледі, өз көкірегіндегі арман мен үмітті ән арқылы білдірді. Әншілік – қазақ халқының ежелден бергі өнері.

Кілт сөздер: әнші, орындаушы, ақын, поэзия, серілер образы.

Әншілік – қазақ халқының ежелден бергі өнері. Халық өзінің басынан өткізген ұлан-асыр тарихи оқиғаларды ән арқылы бейнеледі, өз көкірегіндегі арман мен үмітті ән арқылы білдірді. Сондықтан болар А. Затаевич жинаған қазақ әндерімен танысқан француз жазушысы Ромен Роллан: «Қазақтың отаншылдық жігерге толы халық музыкасының ешкімге, ештеңеге ұқсамайтын ерекше тартымдылығы сондай, қазақ әнін тыңдағанда күллі дала көз алдыңнан өткендей болады», – деп жазды.

Қазақ тарихындағы қайталанбас дара тұлғалар, серілер туралы сөз болғанда Сегіз сері есімі аталатыны ақиқат. Сегіз туралы бүгінгі зерттеушілер әр түрлі пікірде болғаны белгілі. Бірі мақтап, бірі даттап Сегіздің өмірін сергелдеңге салған таласты дауы да көз алдымызда өткен. Қалай болған күнде де Сегіз серінің өз заманында асқан сері, беделді тұлға болғаны анық. Талайлаған серілер өзінің ұстазы Сегіз сері болғанын өлеңдерінде, әндерінде жиі айтатыны жасырын емес.

Тілге тиек еткен кейіпкеріміз туралы жазылған шығармалар да аз емес. Бүгінгі қазақ әдебиетінің алдыңғы буын өкілі ақын Қадыр Мырзалиевтің «Сегіз сері Баһрамұлы» атты өлеңі де сол ойымыздың бір дәлелі.

Неге сегіз?

Сегіз қырлы болмысы,

Қалай сыймақ тар қалыпқа ол кісі.

Алдыңғысы болса болар тұлпардың,

Емес бірақ сәйгүліктің соңғысы.

Шырқағанда ғашықтардың атынан,

Көкірекке ұялаған жатық ән.

Неге сегіз?

Иықтағы жалғыз бас,

Бір ғана бас сегіз басқа татыған.

Осы бір өлең шумақтары арқылы «неге сегіз?» деген сауал төңірегінде Қадыр ақын да біраз бас қатырған сыңайлы. «Сегіз сері Баһрамұлы» деп ат қойылған осы өлеңнің тақырыбына қарап оқырман ойға қалмас үшін Сегіз серінің шын аты Мұхамет Қанапия Баһрамұлы екенін де айта кету орынды. Ал оның Сегіз сері атануына Қадыр ақынның өлеңдері толымды жауап болса керек. Жоғарыдағы шумақтардың жалғасы мына бір тіркестерге көз салайық:

Құдай оған жүрек берген, көз берген,

Қырдан – құрмет, арулардан – сый көрген.

Дауысымен көк аспанды көтеріп,

Бес қаруды бес саусақтай игерген.

Шамырқанса,

Қайрат-күші тасты ма?!

Жұдырығы қақ айырған тасты да.

Күрескенін кілемдейін бүктеген,

Алысқанын алып ұрған астына.

Сегіз қырлы Серінің «көк аспанды көтерген» дауысы әлі де ел құлағын елеңдетіп келе жатқаны жасырын емес. Айбынды әнімен әсерлі серілігін айтпағанда «бес қаруды бес саусақта игерген» ептілігі мен «жұдырығы қақ айырған тасты да» мықтылығына:

Күрескенін кілемдейін бүктеген,

Алысқанын алып ұрған астына,

алыптығын қосыңыз.

Неге Сегіз атанғанын байыптай беру қиынға соқпайтын сыңайлы. Өз дәуірінің батыры да, палуаны да, ақыны да, әншісі де бола білген Сегіз серінің айтылмай жатқан қай қыры бар екен, ақын өлеңінің жалғасына көз жіберейік:

Қазық қаққан жалаң қолмен қаруды,

Сондай ерге қорғансыз қыр зәру-ді.

Керек жерде таспа тіліп, қамшы өріп,

Керек жерде «арбай» білген аруды.

Біздің оқып білгеніміздей «жалаң қолмен қаруды қазық қылып қағар» қасиет қазақ тарихында Қадырдың айтқанындай Сегіз серіге ғана бұйырап мықтылық. «Керек жерде таспа тіліп, қамшы өрген» ісімердің «керек жерде қалың елдің шипагері, тәуібі» бола білуі де бекер адамның қолынан келмес кереметтілік екені көз жұмдырмайды. «Жігітке жеті өнер де аз» дейтін атам қазақтың дана қағидасын бір басынан үлгі еткен Мұхамет Қанапия Баһрамұлының «Сегіз емес, Сексен сері» аталып кетсе де атағына аздық етері ақиқат еді.

Сегіз сері өміріне сегіз шумақ өлең арнаған Қадыр ақынның соңғы екі шумағын оқып көрелік:

Көмейіне құйып алған бал әнін,
Ә, дегенше өте шыққан бала күн.
Жендеттерге ертелі-кеш індеткен,
Ұстатпаған сағымындай даланың.

Қазақ даласында қайталанбас өнерлерімен ізі қалған, атағы аңызға айналып, баяғыда бақилық болған Сегіз сері есіміне бүгінгінің ұрпағы бас араздық жасап, бақастық танытып жатқанын ескергенде өз заманының күндестері мен күншілдерінің қылығына тәубә етіп, кешіріммен қарауға болады.

Жендеттерге ертелі-кеш індеткен,

Ұстатпаған сағымындай даланың», – деп жырлаған Сегіз серінің аруағын талатқын да келмейді.

Қара халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтап қуғынға түскен ерлерге қай ғасырда да «құс төсегі ат үсті болғаны» тарих көрсеткен дәлел.

Қазақ серілерінің бірі алаш аспанында әні қалықтаған әнші Мұхит болғаны жалпыға мәлім. Мұхит әндері бүгінде өз биігінен төмендеген емес. Келешек ұрпақта оның әсерлі әнін әуелете берері ақиқат.

Бүгінгі қазақ поэзиясында Мұхиттың жарқын бейнесін өз шығармашылығында жарқырата көрсеткен ақынымыз Қадыр Мырзалиев болатын. Оның «Мұхит» атты өлеңін оқығаныңызда Мұхиттың әнін тыңдап, сезіп білмеген жанның өзі үлкен мағлұматқа ие болады. Қадырға тән айтқыштық, айшықты сөздер әнші Мұхит болмысын көз алдыңа бірден алып келеді.

Сақараның сазгері ол бір – ақын,
Жер түбінен қолпаштап алдыратын.
Мына қырдан ән салса ана қырдың,
Құлағының құрышын қандыратын.

Әуелеткен әні алты қырдың астынан естілетін баяғының әншілері туралы сөз болғанда, бүгінгінің микрофон күшімен кішкентай залдың ішіне зорға жеткізетін әншілеріне жаның ашитыныда жасырын емес.

Мұхит әншінің «көкжиекті итеріп, аспанды әрірек ысыратын» ән құдыреті тек өзіне ғана тән. Арада ғасыр өтсе де ешкімнің оны қайталай алмай келе жатуы да – соның айғағы. Өлеңінде осыны өрнек еткен Қадыр ақын:

Өткізсе егер думансыз бір түн ақын,
Айдынына көңілдің жұрт тынатын.
Әнін салса Мұхиттың, салмақ болса,
Біреулердің көмейі жыртылатын.
Таныс дауыс, даланың киігіне,
Күйік қосар іштегі күйігіне.
Мұхит қана салады Мұхит әнін,
Шырқауына жеткізіп, биігіне.

Мұхит қана салады Мұхит әнін десек те Мұхитты бүгінге және ертеңге жеткізу үшін, бабалар мұрасын балалар ұмытпас үшін осындай өрелі ойларын ортаға салатын ақындар өлеңі әмәнда жазыла бергей.

Қорыта айтқанда серілер өмірі туралы сарабдар пікір айта алмағаныммен, қазіргі қазақ поэзиясында бедерленген бейнелеріне шамам келгенше тоқталып, талдау жасадым. Менің қолымдағы бар материалдар көлдей әдеби басылымдардың біразы ғана. Ал, тоқталған серілеріміз де – қазақ қоғамының қасиетін арттырған арыс ұлдарымыздың санаулылары. Олай болса, бұл тақырып әлі талай зерттеу жұмыстарының өзегі болары сөзсіз деп сенемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ Мырзалиев. - Алма-Ата : Жалын, 1991. - 288 б.
2. Жұбанов А. Ән-күй сапары. – Алматы: Ғылым, 1976. – 472 б.
3. Жұбанов А. Өнер өрісі. – Алматы: Ғылым, 1975. – 464 б.
4. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. – Алматы: Өнер, 1975. – 400 б.

ӘОЖ 82.09 (574)

СӘКЕН ПРОЗАСЫНДАҒЫ «ӘУПІЛДЕК» ӘНІНІҢ ТАРИХЫ

Каримсакова Б.А., ф.ғ.к., доцент
Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Жазушының әңгімесінде орасан зор шындықтың сыры жатыр. Қазақтың жаны - әні мен күйінде екен. «Әупілдек» әнін естіген соң ақынның өзі лирикалық кейіпкерге айналып кетеді.

Кілт сөздер: әнші, орындаушы, ақын, лирик, роман, Әупілдек әні.

Сәкен Сейфуллин әдебиеттің барлық жанрларында – шағын әңгіме, очерктерден үлкен прозаға дейін, саяси, азаматтық лирикаларынан көлемді поэмаларына дейін, драмалық шығармаларында қазақ әдебиетін идеялық, көркемдік, шеберлік жағынан дамытуға баға жетпес үлес қосты. Соның бір айқын көрінісі – «Тар жол, тайғақ кешу». Жазушы мұнда алғашқылардың бірі боп роман жанрының сыр-құпияларын танып, күрделі уақыт сипатын шынайы бейнелей отырып, романның идеялық-мазмұндық, формалық ауқымын кеңейтті.

Романның «Әупілдек» бөлімі қара сөзбен қатар өлең тілімен жазылғанын да байқауға болады. Өйткені поэзияның әуелгі, прозаның кейінгі дүние екенін, түп негізі бір құбылыс екенін танып аңғару да жеткілікті. Сондықтан болар, «өлең – сөздің патшасын» сүйгендіктен жұрт таңғажайып көркем прозаны кейде ақ өлең дейді.

«Әупілдек» - көлге, әнге, өнерге барар жол басы. Сәкен үшін Әупілдек жыр мен қиялдың, арманның, мұң мен сүйіспеншіліктің, өмір мен өлімнің символы ғана емес, поэзияның мөлдір бастауы тәрізді. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында Ай мен Таңсықтың:

«Бақалы, балдырғанды көл аман бол!» - дейтін қоштасуында да құс мекендейтін көл осы - Әупілдек. Әупілдек – қамысты көлдерді мекендеп, түнімен әуіпдеп шығатын үлкендігі үйректей, қоңыр қара дақты су құсы. Оның тағы бір атауы оқпақ. Ол – түп негізі құтан, ләйлек тұқымдас құс. Құтан тұқымдастар таяз немесе батпақтанған-шалшықтанған сулы жерлерде мекендеуге бейімделген болса, әуіпдек шағын көлдерді сүйеді. Әуіпдек – нағыз бұқпантайдың өзі, өте құпия, тұйық тіршілік кешетін тұңғықтың құсы. Ол - адам баласының көзіне мүлде түспейтін құс. Әуіпдек түнде ғана ұшады. Ал жауынды-шашынды, бұлыңғыр ауа райында күндіз де ұшатын жасырынғыш құс, сол себепті оған айнала қамысы қалың, ну, қопалы көл керек. Ол көбінесе тұйық, тоспа суларға үйір, кейде ағыны баяу өзендердің маңында да ұялай береді. Ұясын су ішінен шығып тұратын томарларға, қалың қопаға салады. Негізгі қорегі – балық, бақа, су жәндіктері. Әуіпдектің

бір ерекшелігі – оның көзінің орналасуы, ол бір мезгілде көз алдындағыны ғана емес, көзінің астындағыны да көре алады. Сондықтан бұл құс басын қозғамай-ақ айнала жемін аңдып отырады. Әуілдек құтан тұқымдас барлық құстарға тән дерлік сабырмен ұзақ уақыт қыбыр етпестен жемін аңдиды, сонан кейін тұмсығымен балық, бақаны шапшаң іліп түседі. Әдетте бұл құс құтан тектес болған соң бүкірейіп, мойнын ішіне тартып алып бір аяғымен күнұзақ тұра береді. Әуілдек күндіз енжар. Қалың қамыстың ішінде қарекетсіз тапжылмай тығылып тұрғаны. Кейде оны осындай кейпінде қамыстың құраған сабағы деп қалуың да ғажап емес. Табиғатта әуілдекті өз көзімен көрген адам сирек. Қас қарайғанша сыр шашпайтын әуілдек түн бойы әуілдеп, қатты гуілімен, үкі сияқты созыңқырап үн шығарып, күшті үнімен сыр білдіріп қояды. Көктемнен жаз ортасына дейін түнімен дауыстап, төңіректі дабылдап шығады. Алыс жерлерге естілер өкпек үні бар. «судың күрсінгені сияқты күңкілінен өзгеше бір суық үн шығады көлден,- деп жазады Сәкен. Енді оның есіл-дертін, ақындық жаратылысын осы бір тылсым үн түгелімен жаулап алады.

Ендеше, әуілдектің үнін бұқаның өкіргеніне ұқсастыратыны ақиқат екен. Украинада бұл құстың атауы – бугай. Сонда түркі тілдес сөзге ұқсас – «бұқа-әй» деп таңырқанған тәрізді. Сол себепті, әуілдекті қазақтың көлбұқа деп те атайтыны да бар.

«Күнбатыста, Атбасарға қарайтын жақта, алыстан бұлдырап қатар жатқан екі көл көрінеді.

— Анау, не көл?- дедім.

— Ол — Әуілдек, Алакөл, - деді».

— Уай! Әуілдегің әлгі, кәдімгі, өлеңдегі «Әуілдек» пе?

— Иә, сол өлеңдегі Әуілдек» - деп жазушы кейіпкерлерін көл атауымен таныстырады.

Сәкен оқырманына ел ішіндегі деректі жайтты – географиялық көріністі айта келе, оны дереу поэтикалық мекенге айналдырып жібереді.

Қазақ мәдениетіне бұл құстың жаратылысы асқақ, таңғажайып, сүйіспеншіліктің қасіреті тұнған ән болып келеді. Оның ең әуелгі жанкүйері халықтың өзі болса, үлкен әдебиетке еншілеп, айрықша қастерлеп жария еткен Сәкеннің шығармасы болды.

Өзен жақтан әуілдейді әуілдек,
Көтере алмай үстіне бір зар тиеп,
Жатыр ма әлде естір жерде елге айтып,
Осы түннен бар ғой менің қаупім де?!

(Ғ. Қайырбеков. «Қосбасар»).

Сәкен ақын «Әуілдекті» қимастық сезім баурап, жан-дүниесімен беріле елтіп, бұл әннің мәтінін кітабында екі қайыра келтіріп, әннің соңына киелі мекенге асыққандай, өзі қоса ілесіп кетуі оқырманның назарынан тыс қалмайды.

Әңгімеде өз сүйгеніне бара алмаған қыз тағдыры Әуілдек көлімен үндесіп жатқанын жазушы былай сипаттайды: «Сүйгеніне бара алмаған, малға сатылған сорлы қыз қайғыдан өлді ғой...

...Көз алдыма ... оның жылағыны... сатылып барған жерінен Әуілдек көлін жағалап, неше рет жаяу қашқаны... жылап келіп, көл жағасында отырған жалғыз әйел. Жалғыз-ақ еңіреген әйелмен бірге көлдің қамыстары ғана теңселіп сыбдырласып, сусылдасып сөйлейді. Көлдегі құстар ғана еңіреген әйелмен бірге сыңсып, шулап жырлайды... Әйел жылайды...

Қамысы Әуілдектің мүше-мүше,
Сарғайдым осынау көлдің суын іше!
Қос қанат құсқа біткен маған бітсе,
Барар ем қалқа жанға әлденеше!...

Еріксіз Әуілдекті мекен еттім,
Жасым жас, он алтыға жаңа жеттім!

Айырған екі ашықты еңіретіп
Ісіңе бар ма шара құдіреттің!..

Сәкен прозасында ел жігіттерінің ойын-сауық құрғаны әңгімеге тиек болады. Осы бір салт-дәстүрде бар кәдімгі оқиға артынша ұлғайып, өсіп дүниеге сыймай аласұрып кетеді. Адамзаттың күллі болмысын қамтитын қуатты сәтке айналады. Жастық шақтың бұлаңдаған арда көңілі «Қайғысыздың бәрі – асау» деп Абай айтатын кейіп ақыр аяғында сұлулық пен өлімнің өзара байланысын айғақтайтын шынайы әннің жаратылысына әкеп соғады.

«Жұрт отауда дөңгелек айналып отыр. Қыз, келіншектер барын киген. Қозғалса, шаштарына таққан күміс шолпылары, білезіктері сылдырлайды... Арқаның жұтынған мөлдіреген сұлулары» Ән салу кезегі Қабиба қызға келгенде, ол Ақынның мұзасы болып шыға келді. «Домбыры тартқанда әдемі сүйріктей саусақтары лашынның қаққан қанатындай ойнап, табаққа алтын бұршақ атқылағандай домбыраны шертіп, қағып-қағып жіберді. Әнінің, дауысының ырғағына ертіп, домбыраны да шырқатты... Жаз күні жырлаған бозторғай, жерден ұшып қалықтап, шырқап-шырқап, мұң құбылтып даусын құйқылжытып, көкке қарай өрлейді. Көкке жүріп шырқ көбелек айналып, тағы мың құбылтып жырлайды. Бір уақытта дөңгеленіп тұра қалып, қанаттарын қалтыратып, әдемі, зарлы сұлу дауыспен жырды үзілтіп, түйдек-түйдек тізбектейді. Ойнаған әннің тізбегі жібекке тізген меруерттей тізбектеледі...». Жас қыздың құдіретті, әсем даусында құстың үні мен қимылы қоса көрінеді. «Әнге сұқтанды. Әдемі дауысқа, Қабибаға сұқтанды», «Әуілдекті айтты»».

Қамысы Әуілдектің мүше-мүше,
Сарғайдым осынау көлдің суын іше!
Қос қанат құсқа біткен маған бітсе,
Барар ем қалқа жанға әлденеше!

Мұны ғажайып лириканың бір маржаны десек те болады. Төрт шумаққа махаббаттың сағынышы ғана емес, адамзаттың ежелгі сұлу арманы түгел сиып тұрған жоқ па!

Бұл Сәкен прозасындағы ақиқаттың бер жағы болса, маңызы одан бетер сүйікті.

Әнші қыз Қабиба өнерінің бағасын, түптеп келгенде қазақ әнінің құнын ақын емес, оның қасына еріп сауыққа барған жас ноғай жігіті Ғалымжан береді.

"Үйге қайтып келе жатқанымызда:

— Но, Сәкен, қазақты мен жаңа ғана білдім. Шарық музыкасының не екенін жаңа аңладым. Мен, уаллаһи, қазақ болмағаныма өкінемін. Қазақ ішінде өспегеніме өкінемін!- деді. Және: «үйленбей тұрған кезімде қазақтың мұндай екенін білсем, міне, уаллаһи, қаладан безіп, қазақ арасына сіңіп кетер едім», - деді».

Демек, адамзаттың асқақ арманы болған тамаша адам образы біздің қазақтың халық әндерінде кемеліне жете толықсып, жүректерді жаулайды. Антикалық ежелгі гректердің шығармаларында жан мен тәні сұлу адамзат бейнесі сомдалған. Өнердің ең негізгі, ұлы миссиясы да осы – адамзаттың көркем жаратылғанын, яғни Жаратушы Құдай идеясын әспеттеу және ардақтау болатын.

Жазушының әңгімесінде орасан зор шындықтың сыры жатыр. Қазақтың жаны - әні мен күйінде екен. «Әуілдек» әнін естіген соң ақынның өзі лирикалық кейіпкерге айналып кетеді. Мұнда, әңгімеде «сұлуды сүймектік» - жігітшілік, махаббат шырғалаңын іздеу атымен жоқ. Ақынның буын-буынына түсіп, есін алған сүйіспеншіліктің аяғы басқа.

Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен,
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық, - дейді Абай.

«... Әуілдек құстың үні көл астынан тұншығып шыққан мылқау үн сияқты. Әуілдек құстың терең су астында тұншыққан үніне қосып еңірейді мұңлы әйел».

Мұндағы Әуілдек – құстан бұрын көл атауы. Көлді – су құсынан, су құсы әуілдекті – көлден бөліп алмастай біртұтас құбылыс.

Аққу құс іздей ме әлде ұяласын?

Сұңқылдап төгіп мендей көзден жасын...

Аққуға Әуілдек құс үн қосады,

Әуілдек күңіrentіп көлдің басын.

Көзге көрінбей дымыңды құртатын Әуілдектен Аққуға ойысып, құс сұлуын сүйіп жырлаған ақын жүрегі мынау әппақ дүниеден тұна қалған таңғажайып көркемдікті, рухани үндестікті аңдайды. Өйткені ақын үшін өлең – ғұмыр ғой. Сәкен аққу құс бейнесі арқылы өзін-өзі жоқтап, зар төгіп жырлағандай.

Ажалға үкім етілген сұлулық сипаты әуелден осы. Олар артық туғанда ардақты болуға жаралып еді, бұлғақ заманның тарлығынан аяр адамы қор қылды.

Әуілдек тұңғықты көтереді,

Көтерсе, көлді ойран етер еді.

Тағдыр да рақымы жоқ меңіреу ғой,

Күш берсе тұншыққанға нетер еді?!

Бәлкім, қайғы-зардың басы әуілдектің момын табиғатын адамзаттың өзінше тұспалдауы, теріс ишаралауы болар?! Әуілдектің су астында тұншығуы, шын мәнісінде, адам баласының өзіндік жорамалы ғана емес пе? Бұл құстың үні оның биологиялық ерекшелігі, қалыпты құбылыс болса керек. Одан зорығып, өлермен болып жатқан көлбұқа жоқ. Бірақ адамзаттың бір ерекшелігі сол адаспаса әсте жүре алмайды. Ол жаратылысы құдайшылықты аңсап тұрып, адасуға бейім. Осы соңғы шумақтағы өкінішті бір мезет – құдайға сенбеу ме, әлде? Ақын «тағдыр да рақымы жоқ меңіреу» деп үкім айтпаса ше?

«Әуілдек» әні – сүйгеніне қосыла алмай малға сатылған, соның үшін қайғыдан өлген жас келіншектің мұңы мен шері. Ән қазақ музыкасында Шедевр, хас үлгі болып қала береді. Романда оның дерегі бар. «Ол келіншек әлгі, Сыздық дегеннің қарындасы ғой, қазір өлген ғой, ә?»- дедім».

Сәкенге дейін де, Сәкеннен кейін де «Әуілдек» халық әні болып қала береді. Дегенмен ақын оны - өз поэзиясының бойтұмары, ардағы етті, мұның өзі аз емес. Сәкеннің суреткерлік тұлғасы халқымен бірге жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу [Текст]: Тарихи-мемуарлық роман / Төртінші басылым.- Алматы "Жазушы", 1977.- 387 б.

2. Тілеуов Е. Бір әннің тарихы/Е. Тілеуов // Сарыарқа. -Жезқазған, 2012,N 2 наурыз (№ 10).-С.5

ӘОЖ 82.09 (574)

ӘНШІ МАЙРА УӘЛИҚЫЗЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ

Каримсакова Б.А., ф.ғ.к., доцент

Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Әбділда Тәжібаевтың «Майра» пьесасы атақты композитор, өткен ғасырда ғұмыр кешкен қазақтың атақты, сүйікті әнші қызы Майра Уәлиқызының өмірінен сыр шертеді.

Кілт сөздер: әнші, орындаушы, ақын, жазушы, пьеса, Майра бейнесі.

XX ғасырдың 60-80 жылдары қазақ драматургиясын зерттеуге көп көңіл бөліне бастады. Зерттеуші ғалымдар тарапынан да оң шешімдер көрініс тапты. Қазақ драматургиясының өзекті мәселелеріне арқау еткен еңбектерде классикалық туындыларды жан-жақты қарастыру, талдау, қаламгер шеберлігін саралаумен бірге жанрдың дамуы мен қалыптасуына үлкен мән берілді. Қазақ драматургиясының

қалыптасу кезеңдері мен көркемдік дамуының басты белестері айқындалып, драматургия саласына еңбектері арқылы танылып жүрген жазушыларымыздың ішінде сол жылдары М. Әуезов, Б. Майлин, Ж. Шанин, Ғ. Мүсіреповтердің пьесалары арнайы зерттеу нысанына алынып, жан- жақты қарастырылды.

Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуына жоғарыда аттары аталған жазушылардың драмалық шығармаларының маңыздылығы ерекше болды. Сонымен бірге соңғы жылдары драма саласына қалам тартып жүрген Ә. Тәжібаевтың «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы» монографиясының құндылығын да атап кеткеніміз жөн. Бұл еңбекте ұлттық драма өнерінің халықтық бастауларынан нәр алғандығынан бастап, классикалық үлгідегі туындыларының туып, қалыптасуымен бірге өрістеуі және де озық үлгідегі шетелдер әдебиетімен байланысы сияқты мәселелер кеңінен қамтылғандығы көрінеді. Осы негізде М.Әуезовтің ұлттық театр бастауларын халық әдебиеті, мәдениетімен тығыз байланысты зерделеген «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» мақаласын негізге ала отырып, «Біз қазақтың драмалық поэзиясын (драматургиясын) тереңдей қарауға, оның ұлттық, халықтық тегін сырттан емес, іштен, яғни халықтың бай поэзиясының өзінен, халық өнерінің ұлан-асыр бай дәстүрлерінің жалғасы және дамуы ретінде іздеуге тиіспіз» [1, 14 б.] деген пікірі орынды келтірілген.

Драматург Ә.Тәжібаев 1964 жылы «Жүректілер» атты пьесалар жинағын шығарып, оған «Майра», «Жалғыз ағаш орман емес», «Көңілдерестер», «Қыз бен солдат», «Монологтар» драмалары мен «Той боларда», «Дубай Шубаевич» сынды комедиялық туындыларын енгізді. Драматург қазақ театры репертуарының кестесін осындай мазмұнды, салмақты шығармалармен толтырды. Шебер жазушы үздіксіз ізденістің арқасында осы жылдары «Өмір және поэзия», «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы» атты монографиялық зерттеулері мен сыни мақалалар жинағын жарыққа шығарды. Бұл жазушының қазақ драматургиясының дамуына қосқан көрнекті еңбектерінің бірі болып табылады.

Ә.Тәжібаевтың пьесалары аса мықты тартыстан тұрмаса да, қызу шиеленістерге құрылған. Оның драмалық шығармалары жайлы белгілі театр сыншысы Б. Құндақбаев: «Ә.Тәжібаевтың драмалық шығармалары оқиғаның қызықтылығымен, көркемдік әсерлілігімен жұртшылықтың жүрегіне жол табады. Ақынның бұл саладағы шығармаларынан поэзия самалы есіп тұрады, ой еркіндігі сезіледі. Сондықтан монолог пен диалогтарда ішкі қуат, екпін күшті. Және соның барлығы жанр табиғатына саяды» [2, 23 б.], - деп көрсетіп, оның пьесаларының ерекшеліктерін дәл басқан.

Әбділда Тәжібаевтың «Майра» пьесасы атақты композитор, өткен ғасырда ғұмыр кешкен қазақтың атақты, сүйікті әнші қызы Майра Уәлиқызының өмірінен сыр шертеді. Туындының атынан байқалып тұрғандай, аталмыш драма қазақтың XIX ғасырда өмір сүрген күміс көмей, жез таңдай әншісі Майра Уәлиқызының тартысқа толы тағдыры мен өнердегі өскелең қадамдарын суреттеуге арналған. Автор бұл жерде бостандыққа ұмтылған қазақ қыздарының білім мен өнерге деген құштарлығын ашып көрсетуді негізгі идея етіп алған.

Мұнда ақын ескіліктің бұғауына қарсы шыққан жас қыздың тағдырын пьесаның негізгі тақырыбы етіп алады. Оқиға Майра образы арқылы сомдалады.

Драматург Майра өмірінің драмалық шығармаға өзек болатын ұтымды жақтарын таңдап алған. Пьесада әлеуметтік тартыс арнасында ашылған бірнеше кейіпкерлердің бейнесін қатар сомдау сипатталған.

Пьесада белгілі қайраткер, көрнекті тұлғаның өмір өткелдері мен халық мұңын, халық күресін, халық арманымен ағастыра көрсету – көкейтесті мақсаттың бірі болуы да Майра бейнесі арқылы ашылып жатады.

Драматургтің суреттеуіндегі әрбір бейненің қоғамдағы өзіндік орны анықталған, әлеуметтік сатысы, тұрмыстық жағдайына қарай өзіндік ой-тұжырымы бар екендігі аңғарылады. Кейіпкерлердің әрқайсысы өзіне тән мінезімен, ұтқыр тілімен ерекшеленеді. Оның кейіпкерлері өмірге қабілетті әрі күрескер ретінде сипатталады.

Академик З.Қабдолов: «Драмадағы ең шешуші нәрсе – тартыс. Көлемді эпикалық шығарманың сюжеті секілді, драмадағы тартыстың да кезең-кезеңдері – басталуы мен байланысы, шиеленісі мен шешімі болады; драматургиялық шығармалардың классикалық үлгілерінде бұл кезеңдер композициялық жағынан шебер қиыстырылып, оқиғаны өрбіту тәртібі жазылмаған заң ретінде катал сақталған» [3. 34 б.], - дейді.

Пьесадағы тартыс бірден оқиғаның шиеленісінен туындайды. Жоқшылықтың, қиыншылықтың зардабын тартқан Майраны сол ауылдың атақты байы Тайманның ынжық баласына айттырып қоюдан басталады. Жастайынан ән мен өнерге бейім боп өсіп келе жатқан Майра болашақ күйеуін ұнатпайды. Амалдың жоғынан Майра өзі ұнатпаған жанға еріксіз ұзатылады. Ол жаққа барғанымен, жат босағаны аттаған Майраның көңілі байыз тауып, жүрегі тынши қоймайды. Бойында өжеттік бар Майраның өзге елдің босағасын еріксіз аттағанымен, өз алтын басын саудаға салып, тар бұғауда қала бермейтіндігі оқиғаның тартысынан-ақ байқалады. Ал драматург Әбілда Тәжібаевтың пьесасы тап осы оқиғаның тартысынан басталады.

Драмалық шығармадағы негізгі қолданылатын құрал – диалог. Драмалық шығармадағы диалогтың басты қызметтерінің бірі – адам бейнесін жасау болып табылады.

Р.Рүстембекова: «Драматургияда негізгі құрал – диалогтың әсерлі, орынды, ықшам болуының зор маңызы бар екені белгілі. Әр кейіпкер сөзінен оның жеке өзіне тән ерекшелігі, мінезі пьесада көрініп тұруы шарт» [4, 12 б.], – деген пікірден драма диалогының тереңдігін, сан алуан қырынан танимыз.

Майра әні арқылы ауылдың да базары ашылғанын пьесаның алғашқы актісінен байқауға болады.

Уәли: Үніңнен садаға кетейін, Майражан.

Көшедегі дауыстар: Майра, Майра ғой! Жүріндер, тезірек жетелік!

Зәру: Барлық базар солай қарай лап қойды.

Уәли: Қарғашым келді деді, қала қайта тірілді - ау [5,43 б.].

Осы диалогтан кейіпкерлердің Майраға деген көзқарасын байқауға болады. Майра тек үйдің ғана ажары емес, ауылдың базары екенін көруге болады.

Драматург Майраның әу баста-ақ өзінің мінезінің тұйық, ынжық екенін танытқан жоқ, қайта өмір арнасында өзіндік, қозғалыс, ізденіс, болашаққа талпыныс жан екендігін пьеса барысында таныта білді.

Пьесада Майра өзінің бас бостандығы мен өнерінің еркіндігін аңсап, отауын тәрк етіп тастап, ұшқан ұясы ата-анасының мекеніне қайтып оралады. Төркініне қайтып келген Майра әлгіндегі күресінің жемісі – бостандығын енді бұғауда көп ұстап тұрмай, достарының ортасында жанға серік сырнайымен ән салуға көшеді.

Майра әуенінен қамкөңіл Майраның мұңын, ішкі жан дүниесін аңғаруға болады.

Сұлу сазды сырнайдың мың құбылған үніне қосыла шырқалған ән бірде баяу қалықтап, аспанға көтерілген көңіл күйдің толғанысын жеткізсе, бірде жан азабына түсірген қапалы сезімнің бұлағын барып бусанғанын байқатады. Қайғы мен қуаныш, мұң мен сүйініш қатар келіп жататын, алмасып тұратын өмірді әнімен танытады. Сонымен бірге азаттықтың ақ таңы ашылғанын аңғартатын буырқанысты шаттыққа толы шадыман шақта сол пернелерден төгіле құйылып, әсем әннің шартарабына шырқатады.

Пьесада сол Майраның үй маңындағы қымызханада өнер көрсетіп жүретіні баяндалады. Кеше ғана қолдарында болған келіндерінің әке-шешесі үйіне барғаннан кейін еркіншілікке бой алдырып, алаңсыз думандауына араласып кеткені туралы хабар Тайман байдың ауылына да жетеді. Майраның бұлай жүргені сол ауылдағыларға ғана емес, өзінің анасына да ұнамайды. Қыздың шешесі Зәру мұнда ашкөз, тоғышар жан болып суреттеледі. Басында қызын қалың малына бола сүймеген жігітіне ұзатуға барын салған ана оның қайтып келгенін де жақтыра қоймайды. Сол уақытта Майра әкесінен үлкен пана, зор қолдау табады. Ол ендігі жерде қызының еркін болғанын, көңілі қалаған адамға

барғанын жақтайды. Сондықтан Зәрудің «мына қызынды тыйып ал» деген зілді талабына оншалықты ыға қоймайды. Оның табандылығы құдасы Тайман келгенде де қайтпайды.

Сауық-сайран салып жүрген келінін қарабет етіп, бетіне қара май жағып, алып кетпек болған Тайман мен оның нөкерлері Уәли есігінің алдына келіп, ішке баса-көктеп кіреді. Есікті теуіп ашқан олардан етікші қаймықпайды. Қайта қарсы шығып, өзін басынбауды талап етеді. Бұған Тайман бастаған тобыр келіндерін алып кетуге келгендерін айтып шамданады.

Уәли: – Қызымның өз еркі өзінде, бармаймын десе бармайды [5,45 б.], – дейді. Бұдан әкенің қызының тағдырына арашашы болғанын байқаймыз. Ал қалың мал үшін қырық жетісі мен көп ақшасы кетіп қалған Тайман алған бетінен қайтпайды. Майра атасымен сөйлескенде одан зиян көрмегенімен, күйеуінен жылылық таппағанын, өзінің тар қапаста отыра алмайтынын айтады. Осының аяғы дауға ұласады. Оның негізгі арнасы қалың мал қалай қайтарылады дегенге келіп саяды. Кейіпкерлер арасында бірін - бірі түсінбейтін қарама қайшылық көрініс береді.

М.Әуезов: «Драматургиядағы конфликт мәселесі – пьесаның жанрлық белгісін көрсететін шешуші элементтердің бірі...драматургияның негізгі компоненті. Драматургиялық шығарманы нықтап, проза, поэзиядан бөлектеп тұратын шартты белгі жалғыз осы конфликт» [6. 29 б.] , - деп атап өткен болатын.

Пьесаға өткір тартыс, психологиялық сезім, тұтастық дарытып тұрған Майра - Мұрат, Майра - Дүрбіт араларындағы әрекеттерден байқалады.

Драманың шарықтау шегі осы кейіпкерлердің негізінде өрбиді. Сол тұста жаңа заманның сойылын соғушы, кеме капитаны Мұрат пайда болады. Мұрат іштей Майраны қатты ұнатады. Сол себепті оны Тайман байдың шеңгелінен құтқарып қалуға құштар. Бірақ, оған құн ретінде беретін қаражаты жоқ. Содан кейін, жаңа заманның тәртібін араластырғысы келеді.

Драмадағы содан кейінгі сомдалған тұлға – Дүрбіттің образы. Дүрбіт образы пьесада жан - жақты іс әрекеттері арқылы ашылады. Ол сауатын саудамен ашқан бай адам бейнесінде танылады. Сонымен қатар айлалы істерімен белгілі. Жүрген ізін білдірмейтін жымьсықы, өте қу. Майраның қалың малы жайындағы талас барысында Стамбулдан келе қалған Дүрбіт те оқиғаға араласа кетеді. Ол да Майра дегенде жүрегі елжіреп қоя беретін жанның бірі. Пьесада Дүрбіт қалай еткенде де Майраны өзіне қаратуды ойлайды. Майра үшін қолынан келер көмегін де аямайтындығын көрсетеді. Қалың мал тартысын пайдаланып тек қана Майраны емес, сонымен бірге Майраның әкесі Уәлиді де өз мүмкіндігіне пайдаланбақшы болады. Уәлидің Тайман байға беретін берешегін төлеп, оның қызын өзі алуды да ойлайды.

Сол тартыстың шығуына негізгі себепкер болып табылатын Майраны драматург оқиғалар барысында тек халықтың сүйікті әншісі ғана емес, сонымен қатар елінің шын жанашыры, ақылшысы етіп бейнелеген. Ол қашанда көпшіліктің ортасында. Көңілі жарқын, жүрегі ашық. Өнге құмар ару қыз Дүрбіттей пайдакүнем, арам жандардың пиғылын тез танып, оны өз бойынан алшақ ұстайды. Бұл ретте автор басты шиеленісті Дүрбіт пен Мұраттың, бұдан соң Тайманның арасында құрып, пьесадағы драмалық қайшылықтарды тереңдете түседі. Майра бейнесі – оқиғаның өн бойына күшті тартыс сыйлаған. Драматург Майраның табиғатына терең бойлап, білгірлікпен тоқталып, ерекше бір тың серпінмен, әр кейіпкерлерінің аралығындағы диалогын тыңнан өрбітеді, әр түрлі пиғылдағы кейіпкерлерінің аузына сөз салып, олардың іс әрекеттері арқылы Мұраттың да, Дүрбіттің де образдарын терең танытады.

Драматург кейіпкер мінездерін сомдауда оларды бірімен - бірін қарама-қарсы қойып, қақтығыс тудыратын іс әрекеттер арқылы оқиғаны шарықтау шегіне дейін бірте-бірте өрбітіп отырады. Пьесада тарихи шындық пен көркем шындықты заман шындығымен қатар бойлатады. А.Корягин: «Предмет драмы – общественный конфликт и человек в его отношении к данному конфликту. Логика этого конфликта и определяет

художественную структуру драмы» [7, 32 б.], – деп, драматургияның негізгі табиғатын танытып, драмадағы басты қазық – адамдар арасындағы тартыс екенін көрсетеді .

«Майра» пьесасы – қазақ драматургиясындағы жаңа бір белестердің биігінен көрінетін туынды. Белгілі театр сыншысы Бағыбек Құндақбаевтың ойымен өрнектейтін болсақ: «Драманың он бойына арқау болған Майра бейнесінің тұтас, көркем шығуы, басқа кейіпкерлер характерлерінің де даралануына дұрыс бағыт сілтеген. Майраның басы таусылмас дауға, бітіспес саудаға түскенде жанашыр арашашысы болып, әніне қанат бітірген Мұрат образы ұтымды шешім тапқан. Әсіресе, Майраға қарсы топтан Тайман, Дүрбіт, Ақаев бейнелерінің көркем де жинақы суреттелуі – пьесаның әлеуметтік мазмұнын тереңдете түскен. Жалпы, «Майра» тарихи шындық пен көркем шындықтың өзара жүйелі түрде қабысып, тұтастық табуы тұрғысынан қарағанда үлгі тұтарлық пьеса» [2, 45 б.]. Мұнда біз сыншының қаламгер тақырыбының құндылығына, көркемдік-идеялық мазмұнына айрықша көңіл бөлгенін көріп тұрмыз. Ал әдебиет сыншысы Рымғали Нұрғалиев өзінің «Айдын» атты монографиясында бұл пьеса туралы былай деп жазады: «Әбділда Тәжібаев «Майра» пьесасында қазақ драматургиясының тіл мәдениетін көтеруге күш салған. Халықтың әр түрлі өкілдерін өзіне лайық айшықпен сөйлету – сахналық өнердегі қиын талаптың бірі. «Етікшіден құда, өрмекшіден құдағи табу», «Аспандағы аруақ сасқанда ауызға түседі», «Майра – мыңның қызы», «Қорықпаған кісі қорқыта да алмайды ...», – осы алуандас шебер оралым, өткір тіркес мақал-мәтел поэтикасына жақындығымен көз тартып қоймай, жүрекке жол тауып, көкейге қонады, есте қалады.»[8, 46 б.]. Байқасаңыз, Р.Нұрғалиев драматургтің жазу стиліндегі поэзиялық тіл көркемдігіне ерекше назар аударады. Зерттеуші пьесадағы кейіпкерлердің бірі дәулетімен, екіншісі билігімен, үшіншісі кедейлігімен бір-біріне қарама-қарсы тұратынын дәл тапқан. Сыншы, ғалым Ә.Тәжібаевтың бұл туындысын ғұмырнамалық драма ретінде қарастырады.

Қорыта айтқанда Ә.Тәжібаевты поэтика тілімен жазылған спектакльдердің қазақ театры сахнасынан орын алуын бастап берген драматург, ақын, жазушы деп танимыз. Оның поэзия әлемінен өрілген шығармалары қазақ драматургиясындағы жарқын жаңалықтардың бірі болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б.Құндақбаев. «Мұхтар Әуезов және театр», монография. –Алматы: Ғылым, – 1997. -124 бет.
2. Құндақбаев Б. Уақыт және театр. – А.: Өнер, 1981. -185 бет.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Мектеп, 1976. – 374 бет.
4. Рүстембекова Р. Қазақ совет комедиясы.Алматы: Ғылым, 1978. -164 бет.
5. Тәжібаев Ә. Драмалар, комедиялар. 3 том. – А.: Жазушы, 1980. -636 бет.
6. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. Алматы: Жазушы, 1962.-123 бет.
7. Корягин А. Драма как эстетическая проблема.М:Наука, 1971.-224 с.
8. Нұрғалиев Р. Айдын. Алматы: Өнер, 1985. -400 бет.

ӘОЖ 82.09 (574)

АҚЫНДАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӘНШІЛЕР БЕЙНЕСІ

Каримсакова Б.А., ф.ғ.к., доцент
Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Ұлттық поэзия тарихында бір басында ақындық-әншілік, композиторлық-орындаушылық, жыршылық-әңгімешілік өнерді аса сәтті тоғыстырған әнші - ақындардың, сал-серілердің өрелі өнерпаздық табиғаты айрықша мәнділігімен ерекшеленеді.

Кілт сөздер: әнші, орындаушы, әнші - ақындар, сал-серілер, өнерпаз.

Қазақ халқы әнге бай. «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай болып көрінеді» деп, қазақ халқының әдебиеті мен өнерін көп зерттеген Ш. Уәлихановтың досы Г. Потанин айтқандай, қазақта әнсіз өмір жоқ.

Ал Ш. Уәлихановтың өзі: «Қазақтар өздерін музыкантпыз деп есептейді. Ол қабілеттің тууы жөнінде олардың аңызы да бар. «Ән аспаннан қалықтап ұшып жер бетіне жақын келеді. Құдайдың құдіретімен келген ән қазақ жерінде, тіпті, төмен ұшқанда да қазақ халқы оны естіп, әнді жақсы айтатын болған. Қазақтардың басқа халықтардан әнді жақсы айтатын себебі осы», – деген тұжырым жасайды [1].

Әрине, ән – қазақтың маңдайына берген асыл сыйы. Ән – қазақтың қайғысы, дерті, мұңы-шері. Ән – қазақтың сағынышы, жүрек қылын шертетін сезімі, жан сыры, қуанышы. Ғасырлардан ғасырларға жалғасып келе жатқан қазақтың әнінде өткен уақыттың белгісі жатыр... Қазақтың әні – ұлтпен бірге біте қайнасып жатқан, біртұтас ажырамас дүние. Дауылды, боранды уақыттардан да, аласапыран жылдардан да, етігімен қан кешкен азапты кезеңнен де ұлтпен бірге жалғасып келеді және жалғасып кете береді. Қазақ серілерінің бірі алаш аспанында әні қалықтаған әнші Мұхит болғаны жалпыға мәлім. Мұхит әндері бүгінде өз биігінен төмендеген емес. Келешек ұрпақта оның әсерлі әнін әуелете берері ақиқат.

Бүгінгі қазақ поэзиясында Мұхиттың жарқын бейнесін өз шығармашылығында жарқырата көрсеткен қаламгерлердің бірі – ақын Қадыр Мырзалиев. Оның «Мұхит» [2] атты өлеңін оқығаныңызда Мұхиттың әнін тыңдап, сезіп білмеген жанның өзі үлкен мағлұматқа ие болады. Қадырға тән айтқыштық, айшықты сөздер әнші Мұхит болмысын көз алдыға бірден алып келеді.

Сақараның сазгері ол бір – ақын,
Жер түбінен қолпаштап алдыратын.
Мына қырдан ән салса ана қырдың,
Құлағының құрышын кандыратын.

Шалқан шабыт құдайдан жасқанды ма?
Өтті дәурен, қызықтар бастан мына.
Көкжиекті итеріп төтен даусы,
Ысыратын әрірек аспанды да.

Әуелеткен әні алты қырдың астынан естілетін баяғының әншілері туралы сөз болғанда, бүгінгінің микрофон күшімен кішкентай залдың ішіне зорға жеткізетін әншілеріне жаның ашитыныда жасырын емес.

«Мына қырдың астынан ән салса,
Ана қырдың құлағының құрышы қанатын»

Мұхит әншінің «көкжиекті итеріп, аспанды әрірек ысыратын» ән құдіреті тек өзіне ғана тән. Арада ғасыр өтсе де ешкімнің оны қайталай алмай келе жатуы да – соның айғағы. Өлеңінде осыны өрнек еткен Қадыр ақын:

Қай дарын да жек көрмес мақтағанды,
Қас жүйріктей ол өзін баптап алды.
Шығаратын ол әсте, өзгеге емес,
Көмейіне өзінің шақтап әнді.
Өткізсе егер думансыз бір түн ақын,
Айдынына көңілдің жұрт тынатын.
Әнін салса Мұхиттың, салмақ болса,
Біреулердің көмейі жыртылатын.
Таныс дауыс, даланың киігіне,
Күйік қосар іштегі күйігіне.
Мұхит қана салады Мұхит әнін,
Шырқауына жеткізіп, биігіне.
Бұлдай берсін біреулер бұлдағанын,

Сенің әнің – ғұмыры тыңдағаным.
Болмаса егер дауысың көкті кернер,
Іші пысып кетпес пе ет бұл даланың.

«Мұхит қана салады, Мұхит әнін тыңдайық» десек те Мұхитты бүгінге және ертеңге жеткізу үшін, бабалар мұрасын балалар ұмытпас үшін осындай өрелі ойларын ортаға салатын ақындар өлеңі әмәнда жазыла бергей.

Біздің қарастырып отырған ақындарымыз ән табиғаты туралы да аз қалам тартпаған. Айтар болсақ, Қ. Бекхожин «Баянауыл әуендері» [3] өлеңінде Баянауылдың әсем табиғатын суреттей келе, ол жерден Бұхар жырау жырлап өткенін, Жаяу Мұса әнімен Шорманды шенеп, осы жерде алысып өткенін жырлайды. Әнші-ақындарға шабыт беретін де осы өлкенің, яғни Баянауылдың әсем табиғаты екенін айта келіп:

Несіне айтпай соны тартынамыз,
Разымыз Баян таудың даңқына біз.
Шертілсе қарағайы домбыра боп,
Еседі көлдерінен шалқып аңыз, –
деп сыр шертеді.

Қ. Бекхожин «Мәди әнін шерткенде» өлеңінде де атақты әнші Мәдидің үлкен өнер иесі екендігіне мән берді. Ақын өнер құдіретін сезіне отырып, Мәди рухымен сырласады, оның әуелетіп салған әсем әнін сағынады.

Қолыма ұстағанда домбырамды,
Шертемін шері терең сол бір әнді.
Сазымен жас дәурендей сырласамын,
Есіме алып сонау сорлы жанды,

деп жастайынан жан дүниесіне сырлас болған Мәдидің бұл фәниден жауған бұлттай өте шыққанына қайғырады. Мәди әні шырқалғанда жаны елжірейтіндігін білдіреді.

Ақынның «Күзетші» атты өлеңі Жаяу Мұсаға арналған. Ән кейіпкері күзетші шалдың әнші екенін бәрі де біледі. Бәрі де оның әнін естуге құмар. Бірақ әнші кей кездері мола басына барып әндететін. Молада жатқан жақыны ма, туғаны ма белгісіз. Бұл күзетші әншінің аты Сымақ еді. Ол ән салатын мазар Жаяу Мұсанікі болатын.

Өр еді Ақшоқыдай тұлғасы да,
Ән еді мұрасы да, дұғасы да.
«Үстінен қабірімнің ән кетпесін», –

деген ақын тілегін орындап, Сымақ әнші оның мазарында сүре емес, ән айтатын. Ақын өлең арқылы өз оқырманына өнерге адал болуды ғана емес, оны жеткізушілерді де бағалай білу қажеттілігін айтады.

Ж. Нәжімеденовте «Ән» [4] өлеңінде ән құдіретін жырлайды. Ән тыңдағанда біреуге салмақ болып қосылса, біреу жеңілдеп сала береді.

...Ер тыңдаса – екілене тасыған,
Ез тыңдаса – ежегейдей жасыған, –
деген егіздеу арқылы ол музыканың қасиеттерін ашқан.

Бұл жүрекке жолай алмас тосаң-мұң
Ән жанымен тосамын мен дос алдын.
Сөзбен айтып жеткізе алман, мен Сізге
Өзін салып берсем қайтед осы әннің? –

деп, әнді сөзбен айтып жеткізудің қиын екенін, одан да әннің өзін тыңдаған әлдеқайда артық екенін айтады.

Бұл мақаламызда Серілер өмірі туралы сарабдар пікір айта алмағанымызбен, қазіргі қазақ поэзиясында бедерленген бейнелеріне шамамызша тоқталып, талдау жасадық. Біздің қолымыздағы бар материалдар көлдей әдеби басылымдардың біразы ғана. Ал, тоқталған серілеріміз де – қазақ қоғамының қасиетін арттырған арыс ұлдарымыздың

санаулылары. Олай болса, бұл тақырып әлі талай зерттеу жұмыстарының өзегі болары сөзсіз деп сенеміз.

Ұлттық поэзия тарихында бір басында ақындық-әншілік, композиторлық-орындаушылық, жыршылық-әңгімешілдік өнерді аса сәтті тоғыстырған әнші - ақындардың, сал-серілердің өрелі өнерпаздық табиғаты айрықша мәнділігімен ерекшеленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұбанов А. Ән-күй сапары. – Алматы: Ғылым, 1976. – 472 б.
2. Мырзаәли Қ. Еңіреп өткен ерлер-ай (өлең-тарих, өлең-портреттер). – Алматы: Арыс, 2001. – 112 б.
3. Бекқожин Қ. Дәстүр мен жаңашылдық. Поэзия туралы толғаныстар. – Алматы: Жазушы, 1969. – 247 б.
4. Нәжімеденов Ж. Өлеңдер // Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1999. – 1 т. – 554 б.

ӘОЖ 82.09 (574)

Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ «ӘНШІ» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ ӘМІРЕ БЕЙНЕСІ

Каримсакова Б.А., ф.ғ.к., доцент
Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Ж. Аймауытовтың «Әнші» әңгімесінде қала психологиясына бейімделе бастаған қазақ елі тұрмысындағы өзгерістер ғана емес, әнші бейнесі, ән өрнегі қоса өріліп отырады.

Кілт сөздер: әнші, орындаушы, әнші - ақындар, Әміре Қашаубаев, кейіпкер бейнесі.

Әміре - өз заманында әлем жұртшылығын таңдандырған, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы адамзат баласының қайталанбас ұлы тенор әншісі. Оның әншілік құндылығы Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Жарылқапберді, Мәди сынды замана тұлғаларының әншілік дәстүрін кеңестік кезеңге жалғастыруында болып саналады. Елубай Өмірзақовтың Өмірені «самородный сары алтын» деуі. Серке Қожамқұлов пен Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержановтардың «Әміре бәрімізге ұстаз болды» дейтіні асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы екенін дәлелдейді.

Қазақ сахарасында әнімен жұртшылықты тәнті еткен өнер саңлағы Әміре жайында қазақ прозасында қалам тартқан жазушы Ж. Аймауытов.

Қаламгердің тақырыптық тұрғыдан ерекшеленетін әңгімесі – «Әнші» (1925). Оның ең алғашқы өзгешелігі - өнерпаз тағдырын өз ортасымен алып қарастырып, сол кезеңдегі өнер, ел тағдырынан мағлұмат беру.

Ж. Аймауытовтың «Әнші» әңгімесінде қала психологиясына бейімделе бастаған қазақ елі тұрмысындағы өзгерістер ғана емес, әнші бейнесі, ән өрнегі қоса өріліп отырады.

Ғалым Қ. Ергөбек айтқандай: «Жүсіпбек Аймауытов поэзияны қайдам, қарасөзге тайпалған жорға, бір сөзі бір сөзіне сәуле түсіріп, бір сөйлемі бір сөйлеміне шуақ шашып, бір ойы бір ойды қолтықтай қошеметтей жөнелетін төгілген ақындық» талантын «Әнші» әңгімесінде анық көреміз.

Әңгімеде ән, әнші жайында баяндалады. Ән – халық әуені, әнші - Әмірқан шығармадағы басты тұлға. Оның прототипі - Әміре Қашаубаев. Шығармадағы ән де, әнші де осы есіммен байланысты. Алғаш ол мынадай көріністен көрінген болатын: «Әзілі жараса алмай, қымыз ұсынуға зорлап отырғанда арсаландаған бір жігіт кіріп келді. Бұл -

Әмірхан еді. Ән саларда ол гармонды барылдатып күйледі. Ұшатын құстай қымтанып, қомданып алды. Ал әнді: «Сүмірейте, қылмита соқты. Желеңдете, құтырта соқты. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, тамырды желпіндірді, бойды шымырлатты». Ән мен әншінің әсеріннен: «Көңіл бір жадырап шайдай ашылды. Өттең ауыздың дәмін ала алмай қалдық!» деген тыңдаушылардың сөзінен де әнге деген құмарлықты байқаймыз.

Жазушы кейіпкерлердің кескін-келбетін, жүріс-тұрысын, қимыл-қозғалысын, киім-киісін суреттеу арқылы кейіпкердің мінез-құлқын ашып, толық образын шығарады. Осы орайда жазушының ерекшелігін көрсетер айрықша бір тұсы бар. Ол – жазушының толық әрі шебер түрде кейіпкердің бүкіл болмысын беруі.

Әмірқанның әні театрда өткен ойын-сауық кешінде де айрықша зор, асқақ болды. Оның сахнадағы киімі де, жүріс-тұрысы да: „қазақтың еркіндігін еске түсіруші еді”.

Әннің тегін тану, тамырын білу – тыңдаушының да, айтушының да жан сарайын кеңейте түсері сөзсіз екендігін мына үзіндіден байқайық: «Бір-бірін қиып кете алма, мұратына жете алмай, қош айтысқан жарға ұсап; жалғзынан айрылып, қанатынан қайырылып, зарлаған бейне жанға ұсап, болмаса жылап егілген, көзден жасы төгілген, бейне бір қайғы-зарға ұсап, өкінішті, өксікті, қасіретті, мұңды әнді сарнады. Қалғып кетіп оянған, қызықты тәтті түс көрген, қайтарам деп талпынған кісідей, жанға жаққан тәтті үннің кеткеніне өкініп, өршелене соғылды».

Жазушы кейіпкер бейнесін сомдауда әнші бойындағы асқақтық рухани сезімді ерекшелендіріп көрсетеді. Оның ешкімге де ұқсамайтын өзіндік жұмбақ сырын аша отырып сипаттайды. Әнші бойындағы табиғи таланттың құдіреттілігін ашады. Ән салудағы әнші даусының ерекшелігі фонограф аппаратына салынған екен. Гректің «фонодыбыс, граф – жазамын» деген сөзінен шықса керек. Осы фонограф аппаратына дүние жүзіне әйгілі Э. Карузо, М. Ланцо, Ф. Шаляпин тәрізді әншілермен қатар Әміре атамыз да жазылған екен.

Жазушы «Әмірқандай әнді ешкім сала алмайды. Жай жүргенде Әмірқанды ешкім де елемейді. Әмірқан ән салса, сонда кім екенін білесің. Ән салса, ол өзін-өзі ұмытады, әннің әуеніне төңкеріледі, оның дауысы көмейінен шықпайды, жүрегінен шығады... Әмірқан кісі емес, әнге айналады...» деп сипаттап отырып, әншінің өнердегі орны мен бейнесін танытады.

Сондай-ақ жазушы кейіпкердің әншілік қасиетін ғана емес өжеттік, қайсарлық мінезін де аша түседі. Абай атамыздың:

«Әннің де естісі бар, есері бар

Тыңдаушының құлағын кесері бар» демекші Әмірқан әнін тыңдаушы болса шабыттана айтады я құлаққа қағары болмаса, жыбырлап отырса орнынан тұрып кетеді, ән де айтпайды.

Әмірқанның ән өнері хақындағы ойлары да маңызды. Оны Әмірқан әңгімесінен байқауымызға болады. Әкеден қалған мұра жас Әмірқанға тағылған тұмардай болып көрінеді. Әнге деген әуестігі әкеден де, әнші Жұмабектен де байқалады. Әсіресе Жұмабектей әншіні көрмегенін, тіпті әншінің әнін бір ат беріп үйренсең де тұратындығын сөз етеді. «Әнді еркіне жіберіп, қысылмай салған ғой қызығы, - дейді ол. - Әншілердің көбі мақтан үшін не мал табу үшін айтады. Шабыты келмесе де зорланып айтады. Зорланып айтқан ән дұрыс шыға ма? Ән салу көңілден ғой... Кейбіреулер орысқа еліктей ме, ноғайша жырлай ма? Қазақ әндерін бұзып жібереді. Қазақтың нағыз өз әнін салшы, қандай тынар екен? Бұ шіркіннің соңына түскен соң құнттамаса болмайды ғой...» Мұндай ой-пікірлерді жоққа шығару қиын әрі қиянат болар еді. Керісінше, ән өнерін зерттеушілер, орындаушылар мен насихаттаушылар Әмірхан ойларына көз жүгіртсе, ден қойса шын таланттың бағасын беріп, бағын ашар еді дейсің...

Г. Пірәлиева: «Кез келген жазушы психолог болуы керек. Ол кейіпкерлердің типтік қарекеттерін суреттеп қана қоймай, сол қаракеттердің бұлтартпай сендіретін психологиялық мотивировкасын көрсете білгені жөн», - деп тұжырымдайды.

Әдебиет зерттеушісі Г. Бельгердің: «Еске түсіру, елестетудің адам психологиясын берудегі ерекше тәсілдердің бірі екені белгілі», - дегеніндей Ж. Аймауытов кейіпкерінің бейнесі арқылы олардың психологиясын тамыршыдай тап басып көрсетеді.

Кейіпкердің жастық өмірінен, ерекше жай күйінен сыр аңғарту мағынасында

Келесі диалогтерде ұрыларға ұсталған әншінің өнері арқасында басына төнген қауіптен құтылу тұсы суреттеледі:

«Көзімді ашып жіберді. Алдымда ақ қос тұр. Үймелесіп жігіттер тұр. «Кір» деді. Қоста Ақтамақ бар екен. Мені көргенде жылап жіберді. Қостағы маңғаз жігіт менің жөнім сұрады. Шынымды айттым. Қымыз бергізді. Ірге жағынан бір шешен домбыраны алып, қолыма берді де: «Қане, ән сал!» - деді. Айтпасқа лаж бар ма?

Осы эпизодты бейнелеуде қаламгер диалогке иек артады. Бір қарағанда шығармадағы көп эпизодтардан айырмасы аз тәрізді. Алайда ойлана қарағанда арқалап отырған жүгі орасан. Әрі оны авторлық талдау арқылы тәптіштеп жатпай шағын диалог арқылы өте ұтымды жеткізе білген. Олар ән сұрайды, бұл мөлдірете орындайды. Әнші талантының арқасында ән өзегінде жатқан бостандық сүйген батыр жандардың сезім сырлары толғанады.

«Бұл кезеңдегі шығармаларда кейіпкердің сырт пішіні негізінен оның образын жасау процесінде айқындалып отырады. Ол туындыдағы жалпы уақиға арқауымен, эпизодтардың өзара өрілу, өрбу ерекшелігімен белгілі бір стильдік мақсатта жанастырылады» дейді ғалым Е. Жанпейісов (қазақ прозасының тілі, 1968).

Жазушы прозасындағы кейіпкерлер портреті кейіпкердің түрін сыртқы көрінісін, бой-тұлғасын ғана суреттеп қоймайды, сонымен қатар кейіпкердің мінез ерекшелігін ашып көрсетеді.

Жазушы кейіпкерін өнерпаз ретінде даралай отырып, оның мінез табиғатын да қатар көрсету үшін бірде авторлық баяндау, мінездеу, бірде диалогтің түрлерін шығарма композициясына енгізеді. «Кейіпкері жан-дүниесіне психолог ретінде үңілетін жазушы, авторлық баяндауда лирик болып төгіледі» [202 б] . Авторлық мінездемеде: Әмірқан – кісі алдауды білмейтін, ел-жұрттың бәріне сенгіш, сондықтан да тез алданғыш, тұрмыстық жайттарға мүлде көңіл бөлмейтін жан. Бірақ Әмірқан жүрегінің түкпірінде сырт көзден жасырын жатқан жан жарасы бар. Автор осы сырды ашу үшін диалогті психологиялық деталь ретінде пайдаланған.

Жазушы өз кейіпкерінің ішкі сезімін, көңіл-күйін, бір-бірімен астастыра суреттейді. «Мұнаймақ түгіл жылағанын көрдім» дейтін авторлық баяндауда да, Әмірқан мен Ақтамақ арасындағы ғашықтық хикаясын бейнелеуде де кейіпкердің эмоциялық жай-күйін, мінез қырын айқындайды.

«Сөйткен Ақтамақпен бір-ақ жұмадай дәурен сүрдім. Ой дүние-ай! - деп, Әмірқан ауыр күрсінді де, дыбыссыз қалды. Бетіне қарасам, көзінің жасы парлап тұр екен.

Жұбатайын деп:

— Ой, саған ен болды?! – дедім.

— Әншейін... Көңілім бұзылып...

— Бала болдың ба? Өткен іске өкіне ме екен...

— Ақтамақтың қылығы бетер еді... – деп, солқылдап тұрып жылады. Кәне уата алсамшы.

— Армансыз жан бола ма? Қалай айрылдың? – деп қоймаған соң:

— Дүниеде күліп-ойнап жүрген жолдастың мырт-мерезі жаман екен... Ұры құрлы болмады. Не де болса, ердің қолынан келеді ғой,- деді» [131 б.].

Жазушы әңгімесінде әншінің әнге деген талғампаздығын жан-жақты көрсете білген. Ең негізгісі, өнер адамы, оның өмірдегі қарапайым қасиеттерін ашу қырларынан терең таным, мол парасаттың сыр-сипаты анық аңғарылып отырады. Ән айтуды ермін деп емес, таза өнерпаздық тұрғыда бағалайтын Әмірқан ойын жазушы шеберлікпен жеткізген. Бұл ойды автордың өзі «Мұндай сөз Әмірқанның ғана аузынан шығады» деп авторлық баяндаумен түйіндеп отырады.

Ән құдіретінің әсерін авторлық суреттеумен құлпырта, ойната бейнелейді. Өзі де ән тыңдаушы көппен бірігіп кетеді де, ән мен әншінің талабына тамсанады.

Әдебиетші Г. Бельгердің: «Ж. Аймауытов әлсін-әлсін ырғақты прозаға қалам безеп, инверсияға бой ұрып кетеді» деген пайымдауларын осы «Әнші» әңгімесінен кездестіруге болады.

«Сүмірейте, қылмита соқты, желдете құтырта соқты. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, тамырды желпіндірді, бойды шымырлатты.

— Ойт, шіркін!.. Пас-сабазым-ай!..

— Ой, пәле-ай!» [12 б].

Әнші туралы көптің тоқтамы, көптің пікірі осылай.

Әмірқан туралы бір адамның шектеулі көзқарасы емес, көптің көзі жетіп, ұйғарып қойған, танып берген тоқтам бағасы екенін байқату үшін солай, жазушы көпшілік атынан айтқызады.

Ж. Аймауытов көптің пікірі арқылы кейіпкерінің әншілік талғампаздығы, сыршыл сезімталдығына қоса адамдық кейпі мен жүріс-тұрысына дейін қазақтың кең даласындай еркін, бейғам етіп нанымды бейнелейді. Жүсіпбек оның әніне еліте жазады. Ол жайында профессор Р. Тұрысбектің тұжырымы аса бағалы: «Жай жүргенде Әмірқанды ешкім де елемейді. Әмірқан ән салса, сонда кім екенін білесің. Ән салса ол, өзін-өзі ұмытады, әннің әуеніне төңкеріледі, оның дауысы көмекейінен шықпайды, жүрегінен шығады. Әмірқан кісі емес, әнге айналады» [123 б]. Міне, өнерпаз тағдыры, өнер құдіреті деген осы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ж. Аймауытов шығармалары. Алматы «Жазушы» 1988 ж.
2. Е. Жанпейісов «Қазақ прозасының тілі», 1968 ж.

ӘОЖ 94 (574) (045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: МАҢҒЫСТАУДЫҢ ДЕЙТҮРКІЛІК МӘДЕНИЕТІ

Алтыбаева Гүлдана Құлбатырқызы

Педагогика ғылымдарының магистрі Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Бұл мақалада рухани жаңғыру аясында белгілі мифолог ғалым С.Қондыбай мұрасында деректелген Маңғыстаудың тарихы туралы шежірелер, топонимикалық атаулар мен соған қатысты аңыздар, аңыз әңгімелер мен мифтік таным түрлері, көне дәуірден сақталып жеткен салт-дәстүр, әдет-ғұрып түрлері, этнографиялық атаулар, би-шешендер сөздері, жыраулар поэзиясындағы тарихи, тілдік, танымдық деректер Маңғыстау мәдени мәтінін, өлкенің руханиятының әлемдік контекстегі орны мен жалғастырушылық қызметі айқындалады.

Кілт сөздер: Маңғыстау, этнографиялық атаулар, аңыз, әдет-ғұрып, мифтік таным.

Рухани жаңғыру бұл - ұлы дала тарихының алтын тамыры, мыңжылдықтар тереңінде ашылуға даяр жатқан ғажайып рухани қазына. Тарихымызды түгендеуге арналатын алдағы үлкен жұмыстар біздің тарихи санамызды, тарихи жадымызды қайта жаңғыртып, өз ішімізге, өткен замандарға, бабаларымыздың ұлы істеріне жаңаша қарауға мүмкіндік беретіні анық. Өткеніміз жаңғырып, өлгеніміз тіріліп, жоғымыз табылған кезде ғана біз ұлы ұлтқа айналамыз. Бұған бүгін сенім мол. Ұсы тұста Маңғыстау өлкесіне қатысты кешенді зерттеу жүргізген талантты ғалым С.Қондыбайдың ғылыми мұрасын «Қырымның Қырық батыры» жырындағы әдеби және тілдік деректерге, топонимдер мен сакралды атауларға, мифологемалар мен прецеденттік мәтіндерге ғылыми сараптама жасау, ескерткіштерде сақталған көне жазба мұраларға графикалық, текстологиялық,

лингвистикалық талдау жасау тәрізді кешенді де ауқымды жұмыстар құрайды. Мысалы, Қырым топонимінің құрамындағы Қыр компонентін Үстірт атауымен синонимдес деп тануы немесе «Асан Қайғы~Есен ата, Асан Қайғы~Қазтуған бір бейне ме?» деп зерттеуі [Баба түкті Шашты Әзиз, Бәйтерек, Балқан тау, Жерұйық, Кемпіркосақ, Құмай, Ұмай [7] мифологемаларының негізін сипаттайтын прецеденттік мәтіндерді талдауы, иттің түркілер санасындағы о дүниенің өкілі ретіндегі мифтік бейнесін дәйектейтін иткөйлек, қызғанғаны қызыл итке жем болды, итжан т.б. модельдер арқылы талдауы [7,4-кітап] т.б.

Атап айтқанда, С.Қондыбай мұрасында деректелген Маңғыстаудың тарихы туралы шежірелер, топонимикалық атаулар мен соған қатысты аңыздар, аңыз әңгімелер мен мифтік таным түрлері, көне дәуірден сақталып жеткен салт-дәстүр, әдет-ғұрып түрлері, этнографиялық атаулар, би-шешендер сөздері, фольклордағы, жыраулар поэзиясындағы тарихи, тілдік, танымдық деректер Маңғыстау мәдени мәтінін, өлкенің руханиятының әлемдік контекстегі орны мен жалғастырушылық қызметін айқындайды.

Ұлт, тіл, мәдениет арақатынастарының, өзара байланысын зерттеудің жаңаша антропоцентристік парадигмасы С.Қондыбайға тілдік деректерді кешенді түрде, яғни қазақ халқының санасымен, дүниетанымымен, өмір сүрген табиғи ортасымен, ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылығымен, т.б. тұрғыда қарастыруға үлкен мүмкіндіктер беріп отыр. Мысалы, қазақ тіліндегі өте бай ономастикалық қорда қазақ этносына қатысты орасан мол этнотанымдық ақпараттар жинақталғаны белгілі. Осымен байланысты антропоэзектік ұстанымда жүргізілетін лингвистикалық зерттеулердің нысаны ретінде қазақ тілінің аймақтық (регионалдық) жүйесін қарастыру белгілі бір шектеулі аймақ – жер-су аттарының сол өңірдің этномәдени, рухани тарихымен байланысын зерттеу болып табылады. Аймақтық деректер сол аймаққа ғана тән лингвотарихи, этномәдени, этнотанымдық тарихына қатысты және соның жалпы қазақ топонимиясына тән заңдылықтарды айшықтап, аражігін көрсетіп бере алады.

Мысалы, Маңғыстау атауы – қазақ тілі ономастикалық кеңістігіндегі түркі халқы мәдениетінде айрықша мәнге ие феномендік атау, 362 әулие мекен еткен ұлтымыздың бойтұмары.

Осы тұжырымды дәлелдейтін дәйек деп, Маңғыстау атауының сиэнергетикалық қуатын бейнелейтін мифологиялық таным жүйесіне сәйкес ерте заманнан қазақ халқының, жалпы түркі әлемінің рухани құндылықтар (аксиологиялық) жүйесінен мықтап орын алған мәдени дерек екенін санаймыз. Ал, С.Қондыбай зерттеулерінде Маңғыстау өңірі топонимиясының лингвоменталды (этнотанымдық) кеңістігі мифтік танымға сай тарихи-топонимиялық қабаттар негізінде қалыптасқаны нақты дәйектеледі. Соның негізінде Маңғыстау феномені қазақ мәдени кеңістігінде рухани эталон, әулиеліктің (киеліліктің) бір метафорасы мен символы ретінде танылады; бұл феноменнің және оған қатысты Маңғыстау прецеденттік топонимінің мәдени-философиялық, тарихи-танымдық, діни, идеологиялық және аксиологиялық мәні дәлелденеді.

Ұлттық санада, қазақ халқының рухани мәдениеті мен тарихында қайталанбас және мәңгі өшпес өз орны бар Маңғыстау аймағында қалыптасқан мәдени-ұлттық сипаттағы С.Қондыбай жан-жақты көрсеткен эталондар, стереотиптер, мифологемалар мен т.б. ассоциацияға түсетін бейнелі оралымдар осы мәдени кеңістікте өмір сүруші тіл иесінің санасында біртұтастылық жүйені құрайды.

Маңғыстау Каспий және Арал теңіздері арасындағы жер жаралғалы дей-дей-түркілер мекені болған қазына жарты аралы. Түбектің Ақтау және Қаратауы Тұран даласынан Үстірт шыңдарымен оқшауланады. Осы табиғи үңгірлер, тас дәуірінде адамдар панасы болған (кейін жақсылап өңделген жер асты мешіттеріне, сопылық ілім орталықтары желісіне айналды).

Соңғы кездегі археологиялық ізденістер Маңғыстау аймағынан б.д.д. I, II мыңжылдықтарға жататын тас дәуірінің артефактылары мен алғашқы киіз үй тәрізді қорған қалаларда жүріп жатыр. Маңғыстау Ұлы Мақта (Жібек, Ноғай) жолының тіке теңіз қатынасына тиімді орын.

Маңғыстау 362 әулиелі киелі мекен, және «Ашық аспан астындағы мұражай» атағымен де белгілі. Мұнда Қазақстандағы архитектуралық, мәдени ескерткіштердің 70 пайыздан астамы шоғырланған.

Халық ақын-жыршысы, жырау Түмен Балтабасұлы (1884-1957) Маңғыстау тарихын: "...Бұл жерде кімдер кетіп кім қалмаған, Қара Жер қаза жетсе кімді алмаған? Қызылбас, Қытай, Қыпшақ, Қырым, Қырғыз, Айладыр алтау болса, Қалмақ жетеу, Ерлерден ертедегі қалынған Жер..." [1,304], - деп толғаған.







Маңғыстаудағы ата баба мұраларына мысал келтірелік.

1. Мол рухани мұра мысалы «Қырымның қырық батыры» немесе «Ноғайлық батырлары» аталған ерлік эпос, барлық дейтүркілік еуразия халықтарына ортақ рухани қазынаның бір бөлігі. Бұл 36 батыр династиясы туралы баға жеткісіз шығарманы Мұрын жырау Сенгірбекқұлы ел арасында түн асып төрт ай жырлағанының өзі миф. Бұл жазу сексен үш жастағы жырау аузынан Алматы қаласында Ұлы Отан соғысы жылдарында 1942 жылы жазылып алынды.

Серікбол Қондыбай жырдың ежелгі тамыры туралы: «...жырлар циклі XIV-XVI ғасырлардағы ноғай дәуірінің тарихи оқиғаларына байланысты қалыптасқан деген пікір әлдеқашан қағидаға айналып кеткен. Бірақ бұл жырдың жасы әлдеқайда үлкен, оған қазақ мифологиясының мәселелерін қарастыру кезінде көзіміз жетті. ...Жырдың құрылымы мен идеясының өмір сүру уақыты қазіргіден 1500-2500 жыл бұрынғы аралық, бірақ дәл «қазақ жыры» кейінірек қалыптасқан», деп тұжырымдайды [2,86.]

Әлемдік эпостық жырлардағы стиль, ұйқас пен ырғақтың біртектілігі «Авеста» гаттарында, Гомер «Илладасында», «Игорь полкі туралы сөзде» өзгеріссіз сақталғандықтан Серікбол бұл ерекшелікті Ас, Сақ дәуірлерінен бері «мифологияның осы кезеңінде генеалогиялық, батырлық мифоэпикалық бағыты ерекше тез дамыды» деп көрсетеді [3,17].

Шындығында да «Мұрын жыраудан жазылған мұралар» жинағының бірінші бөлімінде «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» аталып: Аңшыбай батыр, Парпария, Құттықия, Едіге, Нұрадын, Мұсахан, Орақ-Мамай, Қарасай-Қази тектік қатарын жырға қосса, екінші бөлім: «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» болып келесі тоғыз ұрпақтың ел қорғау тарихын жалғастыра жырлайды. Халықтық рухы зор эпос оқиғасы мен оны жырлау жағдайы мемлекеттіліктің ұйымдасу қуатына, қауымның мал-жан санының өсуі, сарбаздың әскери машығы мен қару-жарақ қуатының артуы кезеңінде ғана мүмкін болады. Жырдағы кейіпкерлердің генеалогиялық бір желіні құрайтындығына орай 36 ұрпақтың жиынтық жасы - 36*25 немесе 36*28,9 ~900-:-1062 жылды құрайды. Сондықтан «Ноғайлы» жырлары қалыптаса кезең IV-VI ғғ. Кейін XIV ғасырда қыпшақтардан бөлінген Ноғай ордасы жеке дәулет құрды деп пайымдауға болады.

2. Материалдық мұра мысалы туралы Маңғыстауда сол кездегі Қыпшақ-Оғыз тайпаларына жататын көптеген руналық таңбалар мен ру белгілерінің бар екендігін айтуға болады. Таңба жүйесі де мифтік артефакт. Бұдан мың жыл бұрын Махмұд Қашқари [4,85] Оғыз таңбалары туралы мәлімет қалдырды, тіпті 22 оғыз таңбасының суреттерін хатқа түсірген. Өгіз ханның жаратылыс дамуын ұғынудың алғашқы түсініктеріне сәйкес келетін алты ұлының есімдерінің (Күн, Ай, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңіз) символдары 24 Оғыз немересіне бөлінген. Мысалы, «Күн» таңба - ; «Ай» таңба - ; «Тау» таңба -  ,  ,  ,  өлкенің әрбір мекеніндегі пантеондарында сақталған, олар 22 емес 40 тан аса нұсқада салынған. Олардағы мәйіт иесі туралы эпитафия түрік есімдерін тұрады [91].

Өкінішке орай, Орал-Алтай кеңістігіндегі тегі бір тайпалар ауыз әдебиеті туындылары мен шежіресі салыстыра зерттеуден тыс қалып келеді. Осы бағыттағы ізденіс бүгінгі күнге жеткілікті үйлестірілмеген. Серікбол Қондыбай – ескі мен жаңаның жалғаушысы, кеңістік пен уақыттың рухани мол қазынасын түзген абстракциялық

аралықтағы жолбасшы рөлінде көрінеді. Ол көненің шырақшысы, сақтаушысы әрі жеткізіп берші, мән-мағынасын түсіндіріп беруді алдына мақсат қояшы.

Ежелден ақиқат деректерге негізделген тарих қана - жастарды отансүйгіштікке баулып, олардың баба мұрасы мәртебесін ұғынуына, мирасқа лайықты мұрагерлік жасауды рухани мақсат тұтып, әлемдік өркениеттегі өз орынына ұмтылуға тәрбиелей алады. Серікбол Қондыбай мұрасындағы дей түркілік іргетас, осы бағыттағы жаңа ұлттық тұжырымдама негізі, яғни: «Ертедегі адам мифті ойдан шығарылған ертегі деп емес, керісінше, бүткіл дүниенің жалғыз ақиқаты деп білген... Олай болса, Миф – бүгінгі ғылымның, өнердің, мәдениеттің бастапқы, бір-бірінен ажыратылмаған сатысы», оны түйсіну, сол деңгейге шығу қазіргідей ғаламдану кезеңдерінде ұлт тәуелсіздігін сақтап қалу кепілі. С.Қондыбайдың ең басты ұстанымы – барлық рухани құндылықтардың түп-төркінін үнді-еуропалық тектен тарататын еуроөзімшілдікке негіз болып жүрген дәлелдемелердің дұрыс еместігін, бұрмаланған тұстарын әшкере ету.

Демек, әлемдік мәдениеттің, мифология тарихын зерттеудің бағытын қайта қарауға тура келеді. Өйткені С.Қондыбай мұраларындағы тың көзқарастар тек қана қазақтың тарихын емес, басқа да ұлттардың шығу тегін зерттеп жүрген әлем ғалымдарының да назарын аударары сөзсіз. Оның тапқан деректері бүкіл әлемдегі ірілі-ұсақты жүздеген ұлттардың өз тектерін іздеудің жаңа бағытына түрен салып, жаңаша кезеңге аяқ басуына бағыт сілтеп отыр. Серікбол Қондыбай мифтік танымның жалпыадамзаттық табиғатын мойындай отырып, мифтің арғықазақтық, дейтүркілік негізін сақтап қалуға, ондағы ұлттық танымдық құндылықтарды көрсететін жалғыз көз – қазақтың ұлттық тілі мен мәдениеті екендігіне баса назар аударады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Қондыбай С. Казахская мифология. Краткий словарь. – Алматы: «Нурлы әлем», 2005.
- 2.Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. Т.5 Батырлар жыры /Құраст. О.Нұрмағанбетова, Қ.Сыдықов. Жауапты шығарушылар А.Айдашев, Е.Құдайбергенов 1989. 384 бет
- 3.Қондыбай С. Мифология предказахов /Пер. с каз. яз. З.Наурызбаевой. – Алматы: «СаҒа», 2008. кн. 4. - 472 стр.
- 4.Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 15-том. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 444 бет.
5. Махмуд Қашқари. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік) 3 томдық шығармалар жинағы//Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. –Алматы: Хант; 1997.
6. Ақмырзаев М.М. Маңғыстау - дейтүркілік рухани және материалдық мұралар өлкесі // Мәдени мұралардың танымдық негіздері республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Ақтау, 2004, 2 желтоқсан
7. Философиялық сөздік. Алматы, 1996.

ӘОЖ 94 (574) (045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: С.ҚОНДЫБАЙ МҰРАЛАРЫ

Алтыбаева Гүлдана Құлбатырқызы

Педагогика ғылымдарының магистрі, Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Бұл мақалада рухани жаңғыру аясында мифолог ғалым Серікбол Қондыбайдың мұраларына тоқталып, мифтік таным мен жалпы адамзаттық табиғатын мойындай отырып, мифтің арғықазақтық, дейтүркілік негізін сақтап қалуға, ондағы

ұлттық танымдық құндылықтарды көрсететін жалғыз көз – қазақтың ұлттық тілі мен мәдениеті екендігіне баса назар аударады.

Кілт сөздер: Серікбол Қондыбай, миф, мифология, дейтүркілік, ұлттық таным, археология, антропология, өнертану, теология, логика, мәдениеттану.

Өмірлік құндылықтардың қайнар көзі кез келген халықтың рухани дүниесі ретінде жалпы адамзаттық мұралардың туу, даму заңдылықтарымен сабақтасады. Сол себепті қай халықтың болмасын рухани даму сатыларына баршаға ортақ типологиялық ұқсастықтар тән. Солардың бірі адам санасының өте ерекше қабаты болып табылатын, жан-жақты да ауқымды құбылыс - мифология.

Дарында да, талантты, мифолог-ғалым Серікбол Қондыбай аз ғана өмірінде өзінің негізгі парызы ретінде, қазақтың мифологиялық келтірімдерін өзге халықтардың деңгейіне көтеріп, зерделеуге арнады. Қазақта миф бар ма, жоқ па деп жүрген таяз ойлы «ғалым-сымақтардың» солақай пікірінің жаңсақтығын «Арғықазақ мифологиясы» атты төрт томдық еңбегінде дәлелдеп, нағыз мифологиялық таным-түсініктердің біздің бүгінгі тіл қолданысымыздағы сайрап жатқан іздерін көрсетіп беріп кетті.

Ол жалпы дүниежүзілік мәдениеттегі ғаламның жасалуы туралы мифологиялық таным-түсініктердің қалыптасуындағы қазақтың үлесін, қазақтың есесін қайтаруды мансұқ етті, және соған жете алды да.

С.Қондыбайдың өзіне дейінгі осы қазақ мифологиясын зерттеуші ғалымдардан ерекшелігі – ол қазақ мифологиясын жеке тақырып етіп, жеке зерттеу нысанына айналдырды және оны ғасырлар бойы жинақталған жалпыадамзаттық және ұлттық таным-тәжірибеден (немесе жинақталған білім аясынан) аршып алып, жаратылыстану, гуманитарлық ғылымдарының ортақ межесі ретінде ұсынды. Бұл сөз жоқ, қазақ ғылымына қосылған өте үлкен үлес, ауқымды жаңалық.

Бұрын-соңды басы ашылмаған көптеген сұраулы мәселелерге мифологиялық пайым, филологиялық тереңдік тұрғысынан жауап іздеп, өзіндік амал-тәсілдері арқылы «Арғы Қазақты», әрбір қазақтың ішіндегі «Мәңгі Қазақты» сөйлетуге өзінің барша мүмкіндігін сарқа пайдаланды.

Олай болса, нақты алғанда, мифология дегеніміздің өзі не? Ең алдымен мифология (гр. mythos-аңыз және logos-ілім) - алғашқы санадағы шындықтың ерте дүниедегі творчествоға тән қиял түрінде бейнеленуі. Философиялық тұрғыдан ол көне қоғамдағы дүниетаным көрінісінің өзгеше бір формасы деп сипатталады [1,279]. Миф – нақты бір тарихи уақытта, нақты бір географиялық кеңістікте, саяси-әлеуметтік, мәдени, шаруашылық жағдайында тірлік етіп жатқан адамзат қоғамының өзі өмір сүріп отырған орта, ғалам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адамға ықпал ететін ішкі-сыртқы күштер туралы түсініктерінің жиынтығы.

Соған сай таза мифологиялық ойлау-белгілі бір дәрежедегі абстракция. Сондықтан оның нақты түрде анықталмайтындығы оның адамзат мәдениеті тарихының, тіпті сананың өзінің дамуының көне, синкретті кезеңімен төркіндес екендігінде [2,167]. Бұл кезеңде қай заттың болмасын мәні оның тегімен теңестіріледі: объективті дүние субъективтіден, ішкі форма сыртқыдан бөлінбейді; адам мен табиғат, аспан мен жер, жанды мен жансыз бір-бірінен ажырамайды. Яғни мифологиялық таным бойынша дүние, дүниедегі заттар мен құбылыстар бір-бірімен тығыз байланысқан тұтас бір бүтінді құрайды. Сонымен бірге ғалымдар миф тек таза түсінік күйінде я болмаса тек қана таза әңгіме түрінде ғана сақталып қалған архаикалық, реликтілік құбылыс емес, оның дүниені танудың алуан түрлі формаларында құбылып, өзгеріп отыратын, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын сипатын да атап өтеді [17,22].

Миф - адамзат мәдениетінің базистік феномені, адам баласының ең ерте заманғы ұғым-түсініктерінің, дүниені танып білу ой-өрісінің өте ерте ескі көрінісі. Сондықтан да, ол қоғамдық сананың барлық түрлеріне ортақ, бәріне де қатысы бар [4,90]. Серікбол осы айтылғандарды ой елегінен өткізе отырып, осыған қарағанда, мифология - Адам мен

табиғат туралы ғылымның қай-қайсысының да күрделі негіздерінің бірі. Миф туралы ілімнің философия, психология, лингвистика, әдебиеттану, археология, антропология, өнертану, теология, логика, мәдениеттану т.б. толып жатқан ғылымдармен тоғысып, шектесіп жататындығы да содан болса керек деп түйіндейді.

Жалпы дүниежүзілік мәдениет тарихында, ғылымда мифологияның адам танымында алатын орны жайындағы таным-түсініктер тұжырымдалған. Ол еңбектерге шолу жасау барысында мынадай негізгі түйіндерді атап өтуге болады.

Мифке жеке ілім ретінде көңіл бөлу XVIII ғасырда өмір сүрген итальяндық философ Дж. Виконың 1725 жылы жарық көрген "Основания новой науки об общей природе нации" деген еңбегінен басталады. Мифтік шығармашылықты алғашқы қауым адамының болмыс жағдайларына бейімделуіне мүмкіндік беретін ерекше тәсілдері көрсетілген мифтер "адамзаттың ақыл-ойы сөздігінің" бірінші басылымы деп көрсетеді ойшыл [5,377-379].

XIX ғасырдың екінші жартысында мифологияны қарастырудың негізгі екі бағытын атап өтуге болады. Оның біріншісі - Я.Гримм, А.Кун, В.Шварц, В.Манхардт, М.Мюллер, Ф.Буслаев, А.Афанасьев, А.Потебня т.б. ғалымдар бастаған мектеп. Ол – үнді-еуропалық салыстырмалы-тарихи тіл білімінің ғылыми жетістіктеріне және үндіеуропалық тілдердегі этимологиялық салыстырулар арқылы көне үндіеуропа мифологиясын жаңғыртуға (реконструкциялауға) негізделген. Екіншісі – «антропологиялық» және «эволюционистік» мектеп. Оның негізгі өкілдері - Э.Тейлор, Э.Ленг, Г.Спенсер сияқты ғалымдар болды. Бұл мектептің негізгі бағыты салыстырмалы-этнографиялық зерттеулердің алғашқы ғылыми нәтижелерімен тығыз байланыста дамуымен сипатталады.

XX ғасыр басында ағылшын этнографы Б.Малиновский этнографиядағы функционалдық мектептің негізін салды. Осымен байланысты ол мифті символдық, аллегориялық т.б. мағынаны білдіретін аңыз, әңгіме ғана емес, сонымен бірге әлем мен адам дүниесіне ұласатын ақиқат шындық ретінде қарастырады. Француздың социологиялық мектебі - Э.Дюркгейм, Л.Леви-Брюль т.б. ғалымдар мифті әлеуметтік психологиямен бірлікте қарап, тотемдік мифологияны рулық қауымдастықтың алғашқы моделін жасаушысы ретінде көрсетті.

Бұдан кейінгі зерттеулер мифтің мәнінен гөрі, мифологиялық ойлаудың танымдық ерекшеліктерін ашуға бағытталады. Нақты атап айтар болсақ, мифтің психоаналитикалық концепциясын жасаушылар Фрейд, Ранк, Ринклин, Юнг т.б. ғалымдар адамның психикасындағы құбылыстарды алғашқы қауымдық кезеңнен қалған «архаикалық қалдықтар» немесе «архетиптермен» байланыстырса, мифтің құрлымдық (структуралық) теориясын ұсынған француз этнологы Клод Леви-Стросс мифологиялық ойлаудың ерекшеліктерін негізге ала отырып, мифтің сансыз мағыналық трансформацияға бейім екендігін көрсетеді [6,161-171].

Мифтің символдық теориясының негізін салушылардың бірі - неміс философы Э.Кассирер. Ол мифті тіл мен өнер сияқты мәдениеттің дербес (автономный) символдық формасы ретінде қарастырады. Кассирердің мифтік символизмі бойынша, айналадағы деректі-сезімдік заттар белгілі бір символдарға, таңбаларға айналу арқылы ғана санаға сіңеді, деректі заттар өздерінің деректілігінен айрылмай-ақ басқа заттар мен құбылыстардың таңбасы, яғни олардың символы бола алады. Осылайша мифология «өзіндік шешуі бар жұмбаққа айналады» [7,66].

Әр халықтың, мәдениеттің, діннің өз мифі бар. Тек осы мифтің танымал болу дәрежесі әр халықта әр түрлі. Біреулер оны дамыған күйінде сақтай алса, екіншілері оны сақтай алмаған, ал үшіншілері өздерінің тіліндегі, фольклорындағы мәдениеті мен өнеріндегі мифті танып, таба алмайды. Өйткені әр халықтың тарихи тағдыры әр түрлі болып шыққан, сондықтан мифтік мұраны түсінудің, оның жасырылған шифрларының кілттерін тауып ашудың нәтижелері түрліше болып шығады [16,17].

Мифологиялық теориялардың барлық түрінің тоғысатын жері-мифтің жасампаздық қасиеті. Неміс психологиялық мектебінің негізін салған ғалым В.Вундт мифтің осындай

ерекше қасиетінің мәнін анықтауды ең алғашқылардың бірі болып басты мәселе етіп қойған болатын. Ол мифтік танымның өміршендігін, оның өз формасын өзгертіп отыру арқылы жалғаса беретін үздіксіз процесс екендігін көрсетеді: «Мифтік таным үстемдік етіп тұрған кезең өтіп кетсе де, мифтің жасампаздық қасиеті, оның сан алуан танымдық өрістерді туғызушы өзгешелігі жоғалмақ емес; ол кез келген эстетикалық іс-әрекетте, шығармашылықта, өнер туындыларында, адамның түрлі қызметінде өмір сүреді» [8,21].

Мифтік сананың адамның дүниетанымына осылай үздіксіз әсерін зерттеу ісін аналитикалық психологияның негізін салған, швейцариялық ғалым К.Г.Юнг одан әрі дамытады. Оның мифологияны архетиптік образдар арқылы түсіндіретін мына тұжырымы жоғарыдағы қағидамен үндесіп жатыр: «Архетиптік образдар мыңдаған жылдар бойына адамзат баласын жетелеп келеді, олар мифология, дін, өнердің қайнар бұлағы болып табылады. Архетиптер дегеніміз бейсаналы мазмұндағы жүйелер, олар түйсіну мен қабылдау барысында өте тез өзгеріп отырады және әрбір жеке тілдік ойлаудың танымдық деңгейіне сай, соның әсерінен өзгеріске ұшырайды» [9,120].

Жалпы алғанда, К.Г.Юнг, В.Вундт және оның идеясын қолдаушы Г.Вернер, Р.Мюллер Фрейнсфельс және басқалар рухани дамудың заңдылықтарын адамның рухымен, психологиялық заңдылықтармен тікелей байланыстырады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жан-жақты зерттеле бастаған алғашқы қауым адамына тән ойлау мен алғашқы қауым мәдениеті, сондай-ақ этнология мен этнографиядағы ашылған жаңалықтар мифологияның да зерттелу шеңберін кеңейтті. Жоғарыдағы мәселелермен айналысқан ірі ғалымдар Э.Тейлор, Дж.Фрэзер, Э.Кассирер, Л.Леви-Брюль, К.Леви-Стросс, М.Мюллер тағы басқалардың іргелі еңбектерінде мифология логикалық, лингвистикалық, философиялық аспектіде қарастырылады.

Тіл мен мифологияны сабақтастықта қарауға ерекше көңіл бөлген, өзіндік із қалдырған орыстың көрнекті ғалымы - А.А.Потебня. Ол тілдік құбылыстардың тарихи негіздерінде мифтік түсініктер мен образдардың трансформациясы жатыр, яғни мифтік семантика сөздердің "ішкі формасында" деп есептейді. Ғалымның пікірінше, мифтік танымда сөздердегі образ бен мағына әлі бөлінбеген заттың қасиеттері, одан бөлінгенде ғана мифтік образ тілдік метафораға айналады.

А.А.Потебняның тіл мен ойлау, сөз бен мифті қамтитын символдық теориясы ерекше құнды. Оның мифтік теориясының негізі - сөздің семантикалық қатарын тіл мен ойлаудың тұтас, кең құлашты контекстінде қарастыру принципінде. Ол өзінің "О некоторых символах в славянской народной поэзии" деген еңбегінде мифті зерттеудің символдық теориясының тамаша үлгісін көрсеткен. Оның айтуынша, мифтік негіздегі символдар тіл мен ойлаудың тығыз байланысында туады. Осы байланыстағы дамудың жетілу барысында, даму жолында сөз өзінің ішкі формасын, ең жақын этимологиялық мағынасын біртіндеп жоғалта бастайды. Символдар арқылы тілде көмескілене бастаған сол мағыналар поэзия тілінде көрініс табады. Яғни мағына белгілі бір мифтік образдарда, символдарда өмір сүреді [10,18]. Демек, А.А.Потебняның пікірінше, миф - тілдің, барлық рухани эволюцияның алғашқы нүктесі, бастауы: миф-поэзия-проза (ғылым).

Сол сияқты, мифтің символдық табиғатын ашып, мифті тікелей тілмен байланыстырып жан-жақты талдаулар жүргізген орыс ғалымы - А.Ф.Лосев. Ол былай дейді: «В мифе содержится модель бесконечного ряда предприятий. Это значит, что всякий миф есть в нашем смысле слова, символ. Он модель бесконечных порождений, субстанциально-тождественных с самой моделью» [11,174]. Өзінің ғылыми еңбектерінде ол сөз бен мифті философиялық деңгейде алып талдайды да, сөзді магиялық дәрежеге дейін көтеріп, сөздің табиғатын толық ашу - көркемдік мәнге жетумен бірдей деп санайды [12,131].

Мифтердің шығу тарихын тілдің тарихи дамуымен тығыз байланыстыратын ғалымдардың бірі – А.Н.Афанасьев. Оның: «Мифтік танымның алуан түрлі қырлары адам баласының сөзінде сақталған. Метафора мен бейнелі түйдекті сөздердің тереңінде мифтердің қалай шыққандығы туралы ғаламат тарихи шындықтар жатыр. Сондықтан

тілдің тарихын зерттеу арқылы тілдегі тұнып жатқан мифтік танымның іздерін түсіндіруіміз керек» деген ой-пікірі [13,57], академик Ә.Т. Қайдардың мына пікірімен үндес: «Тіл фактілерінің тұлабойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз ең алдымен содан іздеуіміз керек» [14,19].

Адам баласын түп санадан біріктіріп тұратын мифтік архетиптік символдар адамдардың психо-соматикалық, рухани-танымдық іс-әрекеттерін басқарады. Мифтік танымның осы жалпыадамзаттық табиғатын мойындай отырып, мифтің этностық негізін сақтап қалуға, ондағы ұлттық-танымдық құндылықтарды барынша жарқыратып көрсетуге көңіл бөлу қажет. Себебі әлемдік мифологиялық жүйелердің қаймағы бұзылмай сақталып қалған жалғыз көз - қазақтың ұлттық тілі мен мәдениеті. Біздің тіліміздегі кез келген сөз - символ. Өйткені оның астарында мифтік мазмұн жатыр.

Мифтің мәні неде, мифтік ойлаудың өзіндік ерекшелігі, логикасы қандай, жалпы мифтің өзіндік табиғаты қалай болады деген мәселелерді анықтау үшін, мифтің дүниежүзілік немесе универсалдық (эмбебап) сипатына тоқталмай кетуге болмайды.

Бұл орайда, ең алдымен, дүниежүзі халықтарының тарихи дамуындағы мифологиялық жүйелерде кездесетін бір-біріне өте ұқсас, ортақ принциптер мен ортақ заңдылықтарды атауға болады. Олар - мифтің универсалдық сипатын көрсететін мифтің құрылымындағы архетиптер мен ауыспалы сюжеттердің, сондай-ақ ортақ кейіпкерлердің «жасампаз қаһармандардың», ру көсемдері, ру иелерінің белгілі бір типологиясы. Мұндай ұқсастықтарды анықтаудың, түсіндірудің бірнеше жолдары бар: 1) жалпы мифтердің бір мәдени негізден шығуы; 2) мифтегі ұқсастықты мәдени байланыстардың нәтижесі деп қарау; 3) жалпы адамзат қоғамының алғашқы кезеңдерінің тарихи-мәдени жағынан бірдей дамуы.

Алғашқы екі әдіс бірін-бірі қайталап, бір-бірін толықтырып тұр. Біздің көңіл аударатынымыз - үшіншісі. Бұл әдіс бойынша миф - дүниежүзілік тарихи сипаттағы құбылыс, өйткені барлық халық өзінің тарихи дамуының алғашқы кезеңінде мифтік сана дәуірін басынан кешіреді. Осы арқылы біріншіден, мифтің универсалдық сипаты; екіншіден, сюжеттердің қайталанатындығы; үшіншіден, мифтік кейіпкерлердің ұқсастығы; төртіншіден, мифтік құндылықтар мен танымдық бірліктердің дүниеге қатысы түсіндіріледі.

Мифтің дүниежүзілік тарихи құбылыс екендігін тану - мифтік бастапқы интуиция (Канттың терминологиясында «синтез первоначального целого») қайдан пайда болды, феноменологиялық жағынан алғаш пайда болғанда қандай мазмұнға ие болды деген мәселелерді анықтаумен қатар жүреді.

Мифтік бастапқы интуицияны зерттеудің бірінші кезеңі мифке тән емес қасиеттерді оның мазмұнынан алып тастаудан басталады. Мұндай зерттеу өз кезінде орыстың энциклопедист ғалымы А.Ф.Лосевтің еңбектерінде көрініс тапқанын жоғарыда айттық. Оның пікірінше, миф алғашқы қауымдық қоғамдағы адамдардың идеалдық болмысы да, ғылыми болжамы да, поэтикалық көркем шығармасы да, ойлап тапқан қиялы да емес. Миф сол кездегі өмір шындығы, адамдарды қоршаған болмыстың символдық бейнесі болып табылады [15,23].

Бұдан шығатын қорытынды: 1) миф - қоғамдық сана мен болмыстың белгілі бір формасы; 2) миф - дүниетанымның бір түрі; 3) миф - дүниеге қатынастың бір әдісі; 4) миф - адамның ойлау қабілеті, эмоциясы, шығармашылық қиялы тұтасқан өмірлік тәжірибесі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Философиялық сөздік. Алматы, 1996.
2. Мелитинский Е.М. Поэтика мифа. М.: Наука, 1976.
3. Миф-фольклор-литература. Сборник статей. М., 1978.
4. Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. Алматы: Ғылым, 1978.
5. Философский словарь. М.: Советская энциклопедия, 1983.

6. Мелитинский Е.М. Мифологические теории XX века на Западе. Вопросы философии, 1971, № 7.
7. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Үшінші кітап – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.
8. Ақбердиева Б.Қ. Қазақ тіліндегі мифтік жүйе. Алматы.

ӘОЖ 94 (574) (045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ЛИНГВОТАНЫМДЫҚ МӘНІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Алтыбаева Гүлдана Құлбатырқызы

Педагогика ғылымдарының магистрі, Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Бұл мақалада Абайдың тілдік тұлғасын ашуға байланысты негізгі мәселелердің бірі қарасөздердің жанрлық мәртебесін нақтыланады. Абай Қарасөздерін этникалық сана мен оның тілдік бейнесі ретінде, тіпті қоғамдық ой мазмұны сипатында зерделегенде ғана оның сапалық қасиеті айқын көрінбек. Ол -Абайдың әлеуметтік-философиялық дүниетанымы арқылы халықтың қоғамдық сана-сезімін қалыптастыруға ықпалы зор болған еңбек. Осы мәселені саралау арқылы тілдік тұлғаның нақты прагматикалық деңгейі айқындалады. Абай Қарасөздері өз дәуірінің әлеуметтік, тарихи-мәдени және коммуникативті контексті (жағдайы) аясында қарастырылады.

Кілт сөздер: Абай философиясы, Абай мұрасы, қара сөз, ұлттық әдебиеттану, руханият.

Абай мұралары – ұлттық болмысымыздың, мәдениетіміздің, руханиятымыздың өзегі. Даналық өлшеміне айналған ойшыл Абайдың ой дүниесі біздің негізгі идеялық, ұлттық қаруымызға айналып, қазіргі заманғы сын таразысынан өтіп, бүгінгінің биігінен түспей, ертең де еңселі болуы үшін әлі де зерттеп-зерделей, танып-таразылай береріміз заңдылық, айнымас ақиқат. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, «Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әр бір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады.

Абай дана өзінің кемел пайымымен әлемдік диалогқа қосыла алады. Өз халқының данылығын жете меңгерген, дала данагөйі әлемдік ақыл-ой шыңына көтеріле алғанын өлеңдері мен Қарасөздері өзегінен таба аламыз. Абай шығармаларының өміршен болуының бір уәжі - даналық дүниетанымында екені ақиқат. Абай философиясы - оның ойлау биігінің, пайым-парасатының өлшемі, ал философиялық ілімнің өзі адамзаттың ой құдыретінің биік көрінісі екендігі шүбәсіз. Абай ақыл-ойының жүлгесі дала философиясындағы "көне көздердің" терең ой иірімдеріне жетелейді. Осы мәселеге орай, ұлы Абайдың әлемдік ой алыптары мен ой таластырған, "сөз жарыстырған" дүниетанымын. олардың шығармаларын салыстыра отырып, көз жеткізе аламыз. Абай Қарасөздері - ұлттық рухтың бірегей көрінісі, рухани биіктіктің өлшемі. Ұлы Абай қазақтың тілі мен ойының мәйегі, пайым-парасатының деңгейіне

айналған шығармаларды ұрпаққа мұра етті. Абайдың бізге қалдырған рухани мұрасында әлемдік философиялық ой қазынасына қосылар құнды пікір-пайымдаулар мол және ол жайлы үнемі айтылып келеді. Философиялық сырын тарқатқан зерттеулер де бар. Ойы терең, мәні құнды еңбектердің қатарында Қарасөздер қомақты орын алады.

В. фон Гумбольдтың тілді адамның ой-санасы мен мәдениеті және рухани өмірімен тығыз байланыста қарағаны - вербалданған тілдік таңбаның бір көрінісі болып табылатын осы Абай Сөздеріне де қатысты деп есептейміз. Қарасөздер де М.Монтеннің

"Тәжірибелерімен", М.Достоевскийдің "Күнделіктеріндегідей" және Абайдың өзі Бірінші Қарасөзінде анықтағанындай уәжді басшылыққа алады:

..."Осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған бел байладым".

Абай Қарасөздері этникалық сана мен оның тілдік бейнесі ретінде. Оны ой мазмұны сипатында зерделегенде ғана еңбектің сапалық қасиеті айқын көрінеді: Ол - жай ғана көркем туынды, әдеби жанр қатарындағы шығармашылық емес, көркемдік сипат иеленген қоғам өмірінің көрінісі. Ол - һакім Абайдың әлеуметтік-философиялық дүниетанымы арқылы халықтың қоғамдық сана-сезімін қалыптастыруға ықпалы зор болған еңбек. Қарасөздердің бағасы - Абай заманындағы жағдайды, тарихи шындықты бүлжытпай толық танытып бергендігінде [2,228], ол сонысымен де өміршең әрі құнды.

Абай Қарасөздері өз дәуірінің әлеуметтік, тарихи-мәдени және коммуникативті контексті (жағдайы) аясында қарастырылады..

Абайдың тілдік тұлғасына қатысты алғандағы зерттеу нысанының бірі Қарасөздерінің табиғатымен байланысты. Зерттеу пәні - Абайдың тілдік тұлғасы құрылымын автордың танымдық әрекетінің нәтижесі ретінде зерделеу болғандықтан, ол негізгі мәселенің бірі саналады. Онымен шарттас тағы бір қыры - қаламгердің шығармашылық жолындағы әлеуметтік-тарихи жағдайлардың тілдік тұлға мәртебесіне әсер-ықпалын ескеріп, маңызды көркемдік деталь ретіндегі мәнін айқындау. Қарасөздер табиғаты толық саралану үшін мына мәселелерді анықтап алу міндеті жүктеледі: 1) Абай Қарасөздерінің категориялық сипатын анықтау; 2) "Қарасөздердің" жанрлық мәртебесін нақтылау, оның өзіндік ерекшелігін айқындайтын детальдарын көрсету; 3) Абай Қарасөздерінің Батыс, Шығыс ойшылдарымен үндестігін анықтау; 4) Абай дүниетанымын, тілдік тұлғасын пайымдаудағы "Қарасөздердің" орнын анықтай отырып, талдау жасауға ниет етеміз.

Қарасөздердің идеялық-композициялық мазмұны лексикалық бірліктерді (олардың семантикасын) өзіне бағындырып, тілдік тұлғаның тезаурус деңгейін анықтауға бағдар жасайды. Қарасөздердің семантикалық құрылымы мен эмотивті-экспрессивті реңкі антропоцентристік негізден бастау алып, тілдік тұлғаның лингвокогнитивті таным әрекетінің көрсеткіші болып табылады. Көркем шығармашылық мәнмәтінге автор тұлғасының дүниетанымдық ықпалы зор болғандығы анық. Автордың өзі өмір сүріп отырған қоғамға, "заң мен заманға" деген көзқарасы мәтін мазмұнын анықтап отырған тілдік бірліктердің вербалдануынан байқалады.

Тілдік тұлға шығармашылығындағы өлеңдер мен Қарасөздердің философиялық, танымдық мәнін анықтау барысында мына мәселелерді ерекше бөліп алуды жөн көрдік. Абай туындыларының прагматикалық мақсаты: 1) адресатты, қоғамды моральдік тұрғыда жетілдіру; 2) қоғамдағы адамгершілік принциптерді талап етуі оның өзінің рухани болмысымен үйлесім тапқан, сондықтан өмірдегі мәртебесінің ("Мен") көрінісі ретінде қабылданады және өмірлік қағидаттармен мәндес. Абай Қарасөздері - заман шындығы болып табылады. Қарасөздер - қоршаған ортаның, Абай айналасының рухани-әлеуметтік, психологиялық жағдайының метафорасы. Немесе көркем шығармаға қойылар шарттылықты елемегенде, Абай Сөзі мен шығарма мәтініндегі ой бір бүтін дүниенің көрінісі: ақынның "жан әлемі мен өмір сүрген ортасының шындығы" болып кіріге бірігіп, егіз өрімдей ұласқан. Мысалы, Тоғжанға арнаған "Жарқ етпес қара көңілім не қылса да", Күлембай болысты сипаттаған "Болыс болдым, мінеки" өлеңдері сияқты өмірлік шындықтан алынған. Қарасөздердің формасы - стильдік көп қырлы болумен ерекшеленеді. Қарасөздер - көп стильдердің қабаттаса, араласуымен келсе де, тұтаса байланысқан, жүйелі ой-толғаммен сабақтасқан, мазмұн тереңдігімен өлшенетін рухани құндылық.

"Абайдың толық жинағында 1890 жыл мен 1898 жыл арасында жазылған бір алуан шығармалары - "қара сөз" деп аталған [2,2176.]. "Абайдың прозалық шығармалары

тұңғыш рет ақын мұрасының 1933 жылғы басылымында "Ғақлия сөздері" деген атпен жарық көрген" [4, 5286.]. Бұл - Қарасөздің жазылуы, баспа бетін көруі жайлы жарық көрген құжаттық дерек-мәліметтер ғана емес, абайтану ғылымының негізін қалаған әлемге әйгілі М.Әуезов пен Абай сөзінің сыр-сымбатын саралаған абайтанушы ғалым Р.Сыздықованың терең танымды ғылыми зерттеулерінің негізгі өзегіне айналған еңбекке жасалған бағдар. Ұлы Абайдың дүниеге көзқарасы, негізінен, осы Қарасөздерінде толық әрі молырақ көрініс береді, ақын мұрасы туралы пікір айту мен ішінара зерттеу сипатындағы еңбектер төңкеріске дейін-ақ жүргізіле бастағанымен, Қарасөздер жайындағы пікірлердің тұңғыш рет 40 жылдар шамасында ғана көрініс бергенін дәйектейді әрі табиғаты терең ашылып, арнайы зерттеуді күтіп тұрған өзектілігіне бағыт сілтейді.

Абай Сөздеріндегі қоғамдық-саяси, моральдық-философиялық пікір-байламдар - адамгершілік биікке, рухани өркениетке шақырады. Абайдың ақындық мұрасына қосылған "бағалы қазынадан" өзінің жан-дүниесін толтыруға, рухани жұтақдығын байытуға асығатыны да рас.

Шексіз мұраның бір бөлігі осы "бағалы қазынаны" - ой жауһарын -ғылым тілінде қалай атасақ оның табиғатына үйлеседі. Пікірлер әртүрлі:

Қарасөздер жанрын анықтауға талпыныс І.Жансүгіров тарапынан да жасалған. Әдебиетші ақын, сонау отызыншы жылдары жазылған "Абайдың сөз өрнегі" атты мақаласында былай дейді: "Өйтсе де Абайдың қарасөздерін, әлеумет пікірінің ортаға түсетін қарасөзінің (публицистика) алғашқысы деп ұғынуымыз керек. Өйткені Абайдан бұрын қазақтың таза тілімен мақала, нақыл, үгіттер жазған адам, сірә, бола қойды ма екен?" деген сараптама жасайды және бұндай ерекше сөз өрнегінің публицистика стиліндегі сипатын иеленгенін дәл анықтайды.

І.Жансүгіров әдебиеттің жанры толық қалыптасып үлгермеген кездің өзінде-ақ Қарасөздің құрылымдық, стильдік ерекшелігіне назар аударған. Ақын шығармашылығына терең зерттеу жүргізгін І.Жансүгіров Абайдың суреткерлік шеберлігін, ақын поэзиясының көркемдік ерекшелігін танып, лайықты бағалай білген.

Абай Қарасөздері - Ахмет Байтұрсынұлы танымында. Ұлттық әдебиеттану ғылымының негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы "Әдебиет танытқыш" атты еңбегінің "Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі" деген екінші бөлімінде Абай шығармашылығының осы бір тұсына ғылыми бағдар жасайды.

Ахмет Байтұрсынұлының "Әдебиет танытқыш" атты еңбегі - ұлттық әдеби теориялық ой пікірді ғылыми жүйеге түсіріп, әдебиеттің тегі мен түріне ұлттық сипат дарытқан ірі туынды. Сол теориялық-әдістемелік құнды дүниенің бір парасы "Қарасөз" деп аталып, оны 1) Әуезе, 2) Әліптеме, 3) Байымдама деген салаларға ажыратады. Ал Әуезені іштей бірнеше түрлерге жіктей отырып, (Шежіре. Өмірбаян. Мінездеме. Тарих. Тарихи әңгіме. Заманхат.) әрқайсысына ғылыми сипаттама береді [1, 211-2146.].

Абайдың "билердің білігін, шешендердің сөзін", көсемдердің үлгілі істерін көп білгендігін айта отырып, лингвист-ғалым оның рухани кемелдігі жайлы мынадай ой түйеді: ..."Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, таспен би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдында білімін салғанда, басқалар малын салған"... [1,300].

Шындығында, А.Байтұрсынұлы ерекше екпін түсіре айтқан Абай білімі ел билеу үстінде танылған білігі мен түйінді сөздерінен ғана байқалмайды, оның өлеңі мен Қарасөздеріндегі ой қуатынан, сөздер сырынан да ұғынылады. Оның тілдік тұлғасының қалыптасу уәжін айқындайды.

Абай шығармашылығын әр қырынан зерттеліп келеді. Абай прозасының тіл көркемдігі кеңінен сөз болғанда, Абай тілін танудың қырларын зерттеп-зерделеп келе жатқан абайтанушы ғалымдар Қарасөздердің стильдік-тілдік болмысына лингвистикалық, филологиялық талдау жасау арқылы Абайдың сөз әлемін тануды одан әрі тереңдете

түседі. "Абайдың сөз өрнегі" атты еңбегінде ұлы қаламгердің "поэтикалық тіл үлгісінің көркемдік бітімін "Қарасөздердің тілі қалай өрілген" "арауында ғылыми-теориялық тұрғыда шеберлікпен сомдап береді. Зерттеуші-ғалым Абайдың "Қарасөзді жазған тілін" (М.Әуезов) қай тұрғыда, қалай сөз етті деген мәселеге келетін болсақ, мына бағыттар аясында талдау-сараптама қасап, еңбектің тілдік сипатын жан-жақты саралап бергеніне көз жеткізе іламыз. Зерттеуші, алдымен, "Қазақ ұлттық әдеби тілінің тағы бір функционалдық стилі пайда болуына Абай қаламының ықпалын", уәж-мотивін көрсетеді. "Абайдың бір кезек поэзия әлемінен ауысып, проза дүниесіне көшу" себептері мен негізін анықтайды. М.Әуезов тура нұсқағанындай, "Абай өзінің өлең сөздерінің көбі оқушы мен тыңдаушыларына түсінікті болмайтындай көреді... сондықтан өлеңдерінде айтқан кейбір ойларын қайталап, Қарасөздер тақырыбын нақтылайды. Ағартушылық бағыттағы мораль, тәлім-тәрбие жайындағы ой-толғамдарының публицистикалық шығармалар, дидактикалық әңгіме, психологиялық, филологиялық этюд болып келетініне назар аудартады; үшіншіден, Абай прозасының стильдік белгілерін ажыратады; төртіншіден, прозалық мәтіннің өзіне тән көріктеу өрнегін танытады, Сөздің әсем, әсерлі болу амалын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер. Публ.мақалалар және әдеби зерттеулер. -Алматы*. Жалын, 1994. - 464 б.
2. Әуезов М. Абайтану мәселелері. - 20 т. -Алматы: Жазушы, 1985. - 496 б.
3. Мүсірепов Ғ. Абай тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. Н.Ғабдуллин. -Алматы: Жазушы, 1986. - 432 б.
4. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. -Алматы: Арыс, 2004.-616 б.
5. Ғайнуллина Н.И. Языковая личность Петра Великого. -Алматы, 2002. - 141 с.
6. Ахмедьяров К.К. Лингвистическая поэтика: традиции и новации. - А., 2002. 224с.
7. Абай тағылымы: Әдеби сын мақалалар мен зерттеулер. Құраст. Н.Ғабдуллин. - Алматы. Жазушы, 1986. - 432 б.
8. Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағы. I-II том. -Алматы: Ғылым, 1977. -454 б.

ӘОЖ 94 (574) (045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: С. ҚОНДЫБАЙ ҚАЗАҚТЫҢ МИФТІК-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МЕКТЕБІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ.

Алтыбаева Гүлдана Құлбатырқызы

Педагогика ғылымдарының магистрі, Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Бұл мақалада Серікбол Қондыбайдың армандаған, тек жай армандап қана қоймай, оны іс жүзіне асырып, өзі негізін қалап беріп кеткен «қазақтың мифтік-лингвистикалық» мектебінің бүгіні мен ертеңі, даму бағыттары мен зерттеу әдістері ежелгі заман танымының, ақиқатының ақпаратын сақтаған техникалық тіл мифологияның сегіз қырлы, бір сырлы табиғатынан туындап, оның онтологиялық негіздеріне бағындырылуы туралы сөз етілмек.

Кілт сөздер: Миф, мифология, мифтік- лингвистикалық мектептер, мифтік аспект, когнитивтік модель.

Рухани жаңғыру - қазақ елінің тарихы мен түптамасын танудың тиімді жолы – өткенін сұрыптап, бүгінгісін таразылап, болашағын бағдарлау мәселелерін бір желіде сабақтастыру. Осымен байланысты мәселенің өзегі – рухани қазыналарымызда сақталған ұлтты ұйытып, тұтастыратын арқауды анықтау. Ол арқау – тіл арқылы ұлттың рухани тарихы мен таным-тәжірибесін сақтайтын қазынасы, елдік мұрат-мүддесі мен тұтастығын сипаттайтын тілдің ұлттұтастырушылық құралы ретіндегі қуаты.

Осы қуатты анықтауға негіз болатын қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағытқа сәйкес қарастырылатын халықтың рухани қазынасын бойына сіңіріп, көркем тілінде сақтаған тілдік деректердің бүгінгі ұрпаққа жеткізілген құдіреті – тілдің кумулятивтік (мұрагерлік) қызметі.

Осымен байланысты қазіргі тіл білімінде этностың бүкіл тарихи, мәдени байлығының куәгері іспетті ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Жоғарыда атап көрсеткендей, әр тіл өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Бұл арада тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, тіл – этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, келесі ұрпаққа жалғастырушы, сайып келгенде, ұлтты бір бүтін етіп тұтастырушы. Демек, қазіргі қазақ тіл біліміндегі кешенді зерттеулерге сәйкес, атап айтқанда, белгілі бір тарихи /әлеуметтік/ географиялық т.б. ортадағы тілдің қызметін, қалыптасқан дағды мен әлеуметтік мәртебені кеңістік пен уақыт сабақтастығында және белгілі бір коммуникативтік кеңістікте жүзеге асырылатын ерекше тілдік қатысым аясында айқындауға дәйек болатын тілдік деректерді кешенді де жүйелі түрде зерттеудің теориялық негізі де, қағидасы да бар.

Осы тұрғыдан тілдің мәні мен қызметі туралы В.Гумбольдт, Э.Сепир, А.Потебня сияқты әлемдік шеңбердегі көрнекті ғалымдардың тұжырымдарын былай қойғанда, «тіл - құрал», «тіл - қор» деп санаған А.Байтұрсынұлының, «тіл – таным қоймасы» деп қараған проф. Қ.Жұбановтың, тілдің ұлт мәдениетін архетиптік, мифтік деңгейінен бері сақтаған құдіретін нақты көрсеткен Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, Ө.Жәнібеков, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов т.б. ғалымдардың еңбектерінде тұжырымдалған «тіл арқылы ұлт болмысын таныту» деген қағидасы белгілі.

Олардың зерттеуіне арқау болған – ұлттың болмыс-бітімін, дүниеге көзқарасын, рухани-мәдени құндылықтарын, әлеуметтік мәнін ұлттық таным қорында жинақталған тілдік таңбалар. Себебі қазақ ұлты да басқа ұлттар секілді ғасырлар бойы жинақтаған ой-тәжірибесін, даналығын, дүниетанымдық көзқарастарын, салт-дәстүрін т.б. тілінде көрсете білген. Олар халық өмірінің, тұрмысының, мәдениетінің ортақ сипаты ретінде тұтас құрылымдық жүйе құрайды. Ал адамзат үшін ақиқат дүние біреу болғанымен, оны түсіну, тану, сол дүниенің біртұтас бейнесін санада қалыптастыру әрекеттері әр адамда, әр ұлтта, әр аймақта әр мәдени кеңістікте әртүрлі деңгейде, сан алуан интерпретацияда беріледі. Соған сай әрбір әлеуметтік жүйеде, ұлттық ұжымда, түрлі аймақта әрбір қоғамның өркениеттік даму барысында дүние бейнесі тілде өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылып отырады. Сондықтан тіл иесінің ой-өрісіне, тұтас (концептуалды) әлеміне байланысты дүниенің танымдық бөлшектері тіл тұтынушының қолданысында өзінше көрініс табады. Сөйтіп, тіл иесі танымдық ойын өз тілінде сақталған дүние бейнесіне сәйкес танытуға тырысады.

Бұл – қазақ тіл білімінде адам санасында қалыптасатын ақиқат дүниенің бейнесі арқылы сақталатын тілдік қорды зерттеуге мүмкіншілік жасайтын антропоэзектік бағыттың үрдісін сипаттайтын жаңа теориялық-танымдық қағида. Осымен байланысты ғылыми шығармашылығы қазақ мәдениетінде ерекше рухани кеңістік құрайтын Маңғыстау аймағының этно-генезистік түп-тамырына тереңдеуге арналған талантты зерттеуші С.Қондыбайдың ғылыми мұрасын кешенді сипатта игерудің маңызы зор.

Олай болса, қазіргі тіл білімінде тіл мен мәдениет сабақтастығын, атап айтқанда, тілдің бойындағы ұлттық сипатты, ұлттық рухты тануға негізделген когнитивтік лингвистика, оның лингвомәдениеттану, этнолингвистика т.б. салалары бойынша кешенді

сипатта зерттеуге С.Қондыбай мұрасының ғылыми мазмұны мен бай дереккөзі толық дәйек береді.

Тіл біліміндегі бірнеше құрылымдардың тоғысында қарастырылуы қажет күрделі мәселелерді тек тіл ішінде түсіндірудің мүмкін емес екендігін соңғы жылдары қорғалған ғылыми зерттеу жұмыстары көрсеткен болатын. Біз тақырыбымызға арқау еткелі отырған Серікбол Қондыбайдың қазақтың тіл санасын, тіл рухын, тілдік мәнін қалпына келтіруге, қайта жаңғыртуға жасаған батыл қадамының жемісі – «Арғықазақ мифологиясы» атты төрт кітаптан тұратын еңбегі шешуін таппай жүрген осындай көптеген мәселелерге жауап беретіні сөзсіз. Гуманитарлық ғылым салаларының арасында іс жүзінде байланыс жоқ, әрқайсысы өз бетімен дамып, өз бетімен өмір сүруде. Жөні дұрыс қоғамда барлығы да керісінше болуы керек еді. Ең сорақысы, ғылыми салалардың барлығының да сүйенер ортақ парадигмасы, басы жоқ. Гуманитарлық ғылым салаларының барлығы да бастапқы ғылым – мифологияға арқа сүйеуі керек, олай болмайынша аталмыш салалардың жүйелі дамуы мүмкін емес дейді ол. Демек, мифология – адам мен табиғат туралы ғылымның қай-қайсысының да күрделі негіздерінің бірі.

Өзіне дейінгі қазақ (түркі) мифологиясын зерттеу мектебінің табалдырығын қалыптастыруға өз үлестерін қосқан зерттеушілерді атай келіп, С.Қондыбай былай деп жазады: «Әр түрлі бағыттағы, әр түрлі өрелік, әдістемелік деңгейдегі, әр түрлі тақырыптағы мифтік мәселелер және мифтік аспект қарастырылған басқа салалық (мәдениеттану, өнертану, тарих, т.б.) еңбектермен танысу барысында, осылардың барлығын бір теңдеуге, бір сызыққа келтіріп, бір жүйелі сүрлеуге, ортақ өлшемге түсіре алатын «мифтік-лингвистикалық ғылыми-зерттеу мектебін» жасау керек-ау деген ой келді. Яғни әр уақытта, әр жерде, әр еңбекте айтылған ойларды бір-бірімен байланыстыра отырып, олардың кездейсоқ айтыла салмағандығын баянды ету үшін «біз қайдан шықтық, қашан шықтық, қалай шықтық?» және «біздің бастауымыз қай жерде, қай уақытта және сол бастаудан бергі жолдарымыздың ұлы нобайы қандай?» деген сауалдарға жауап іздеуден туындайтын ортақ принцип-ұстанымдар жүйесін қалыптастыруымыз керек еді. Ұсынып отырған кітаптарым да осындай «қазақ мифтік-лингвистикалық мектебінің» базасын қалыптастыруға бағытталған шаралардың алғашқысы болып табылады».

Тіл адам санасының материализациялануы болса, онда сананың қоршаған әлемді тану сатыларының алғашқы нүктесі – мифтік ойлау өзінің субстанциясының да бастапқы «нүктесі» болуға тиіс. Сондықтан, тілдік таңбаның тұрпаттық жағынан оның мазмұндық жағына қарай бағытталған лингвистикалық зерттеуден гөрі, алғашқы нүктеден бері қарай, яғни, мифтік ойлаудан тілге, «көрілместің көресіндеріне» қарай зерттеу жүргізуді бастап бергендігі - Серікбол зерттеуінің жасампаздығы болып табылмақ.

Бұл міндетті өзінің толық орындай алмағандығын, тек із кесуге, алғашқы барлау жасауға ғана мүмкіндігі жеткендігін ескерте отырып, «өйткені, миф – ежелгі заман танымының, ақиқатының ақпаратын сақтаған «техникалық тіл», бұл тіл астарлап беріледі, яғни ол – сегіз қырлы, бір сырлы жәдігер» дейді.

Оны түсіну, іздерін аңғару оңай шаруа емес, оның шырғалаңының қандай екендігін ғылыми іздену мен зерттеудегі өре мәселесіне қатысты мынадай ойлармен өрнектеуге болады: «Көне заманның жасампаздық айғағын қарастырып отырған зерттеуші, әзірге оның, ең болмаса таза теориялық біліктілігінің деңгейі, сол жасампаздық айғақты туғызған өркениеттің таным деңгейінен анағұрлым төмен болып тұрған болса, оны түсіне алмақ емес. Дәл осындай жағдаят дәстүрлі қазақ мәдениетін зерттеу ісінде де байқалады: ғалымдар өздері тап болған әлдебір құбылыстың сарқындарына кезіккенде оған жауап бере алмай жатады, не оны байқамай кетеді, не қате түсіндіреді, өйткені мұндай құбылыс ауызекі түрде өмір сүріп, ұстаздан шәкіртке осындай жолмен жеткізілген еді, ал мұндай жеткізілу формасы өткен ғасырдың онжылдықтарының өне бойында түбегейлі түрде жоқ етілген болатын. Қазақтардың дәстүрлі мәдениетінің мәйегін құрап отырған жоғарғы, рухани қабаттағы құбылыстар осылайша «ақтаңдақтар ауқымында» - қазіргі заман ғылымының соқыр да, меңіреу болған белдеуінде қалып қойған. Бұл жағдай біз зерттеу

нысанына сайма-сай келер әдістерді ғылыми тұрғыдан пайдалануды үйренбейінше жалғаса бермек» деген философ, мәдениеттанушы ғалым З.Наурызбаеваның ой-пікірін құптай келе С.Қондыбай дәл осындай үкіи-тұжырымды қазақ мифін, фольклорын, тарихын зерттеушілерге тікелей қатысты екендігін айтады. Себебі ежелгі ата-бабаларымыздың жасап кеткен, бүгінгі мәтіндерде, жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінде, әдет-ғұрып пен сенім-нанымдағы, материалдық туындылар (қолөнер, сәулет өнеріндегі) және өмір мен мәдениеттің басқа қырларындағы жасырын «байырғы мәдениет пен өркениет айғақтарын» (артефакт) түсіне алдым деп, соларды түсіну, тану дәрежесіне жеттім деп айту мүмкін емес. Біздің бүгінгі таңдағы әрекетіміз Серікболша айтқанда: «жоғын сипалап іздеген соқырдың қарекетінен сәл ғана жоғары деңгейде».

Адам баласын түпсанадан біріктіріп тұрған мифтік архетиптік символдар адамдардың психо-соматикалық, рухани-танымдық іс-әрекеттерін басқарады. Бірақ, Серікбол мифтік танымның жалпыадамзаттық табиғатын мойындай отыра, мифтің арғықазақтық, дейтүркілік негізін сақтап қалуға, ондағы ұлттық танымдық құндылықтарды барынша жарқыратуға көңіл бөледі. Себебі, дейді ол, әлемдік мифологиялық жүйелердің қаймағы бұзылмай сақталып қалған жалғыз көз - қазақтың ұлттық тілі мен мәдениеті. Біздің тіліміздегі кез келген сөз - символ. Себебі, оның ар жағында мифтік мазмұн жатыр. Әр халықтың, мәдениеттің, діннің өз мифі бар. Тек осы мифтің танымал болу дәрежесі әр халықта әр түрлі. Біреулер оны дамыған күйінде сақтай алса, екіншілері оны сақтай алмаған, ал үшіншілері өздерінің тіліндегі, фольклорындағы, мәдениеті мен өнеріндегі мифті танып, таба алмайды. Өйткені, әр халықтың тарихи тағдыры әр түрлі болып шыққан, сондықтан, мифтік мұраны түсінудің, оның жасырылған шифрларының кілттерін тауып ашудың нәтижелері түрліше болып шығады, дейді Серікбол.

Расында да ұлттық мәдениеттің кілтін кез-келген халық өкілі аша алмайды, ол үшін сол тілде сөйлеп, сол тілде ойлап, сол халықтың топырағында аунап, суын ішіп, ауасымен демалу керек. Себебі, мәдени кодты ашудың кілті сол атрибуттармен тікелей байланысты.

Кез-келген тілдік құбылыстың табиғатын тілдің өзінің ішкі заңдылықтары негізінде ғана немесе тілдік шеңберде қарастырып зерттеу тілдің даму, өзгеру, қалыптасуының тарихи барысын, жүйе-құрылымын, бай мазмұны мен ішкі мәнін жан-жақты ашып, өз дәрежесінде таныта алмайды. Сондықтан, тіл ғылымының қазіргі таңдағы мұраты – тілдік құбылыстардың табиғатын тану жолында кешенді, жүйелі түрдегі жаңа бағытты дамыту.

Ол бағыттың арқауы – тіл туралы онтологиялық зерттеуді сол тілде сөйлеуші халықтың рухани дүниесі, ой-санасы, тіл-санасы қалыптасуымен, соның негізінде дамиды ұлт санасымен тығыз байланыста қарау.

Атап айтқанда, ол байланыс гуманитарлық ғылым ретіндегі лингвистиканың әдістемелік мүмкіншіліктері арқасында адамның дүниені біртұтас күйінде тануын анықтайтын, тіл мен таным сабақтастығында қарастыратын когнитивті лингвистика және антропологистика ғылымдарының концептуалды бағыттарымен сипатталады.

Осыған сәйкес когнитивтік лингвистика тілдің құрылымдық, функционалдық жүйесінің кешенді моделдерін айқындауды мақсат етеді де, тіл мен таным сабақтастығын адамға қатысты біртұтастықта қарау когнитивтік парадигмада бірнеше жалпы және жеке ғылыми зерттеулердің тоғысуына әкеледі. Нақтылай түссек, тілдік санада қалыптасатын тілдің терең құрылымдары логикалық, философиялық, психологиялық, әлеуметтік т.б. негіздер арқылы санада абстракцияланып, когнитивтік модель арқылы тілде көрініс табады. Серікбол былай деп жазып кеткен: «Қазақ тілінің жекелеген сөздерін саралай келе, маған тап болған, мені таңдандырған ой, «осы қазағымның тілі өңін айналдырған тазша-бала сияқты екен» дегенге сай еді... Қазақ тілі - ауылдың аңқылдақ шалының тіліндей тым қарапайым, тым қарабайыр, тым созылыңқы сияқты. Бірақ бұл сырттай қарағандағысы ғана. Қазақтың кез келген қара сөзінің қабығын қырсаң, оның астында жылтыраған алтын көрініп тұрғанын көріп таң қаласың... Қазақ тілі - екінді тіл, яғни туынды тіл. Ол көне жұмбақ тілдің қарабайыр, күнделікті тілге айналған түрі. Қазақ тілі -

арғы дүние тілі. Біз оны қарапайым сөздердің ежелгі мағынасын анықтау арқылы көрсеттік те. Ал дәстүрлі ежелгі таным заңдылығы бойынша бір нәрсе бір дүниеден екінші дүниеге өткенде, өзінің болмысын түбегейлі түрде қарама-қарсы сипатқа өзгертеді. Әлгі Алпамыс батыр о дүниеде қалай тазша балаға айналып кетсе, қазақ тілі арғы дүниеден мына жалған дүниеге келгенде өңін айналдырып, қарабайыр тіл болып көрінеді. Ақиқатында ол - асыл да жұмбақ тіл». Серікбол Қондыбай ежелгі аңыздардың мәтінін ашу үшін, қазақ тіліне аса назар аудару қажеттігін, осылай түсіндірген болуы керек. Ол осы ілімнің жалғыз ғана сақталып қалған көзі – қазақ тілі екендігін астын сыза көрсете отырып, тіліміздегі әрбір сөздің символдық қуатын бұлтартпас дәлелдермен талдап береді. Себебі тарихи-әлеуметтік тұрғыдан алғанда, тіл - мифологиялық дүниетанымының жинақталған бірден-бір көзі. Миф және тіл мәселесін тілдің пайда болуымен байланысты қарастыратын авторлардың бұл бағыттағы басты жетістігі - тілдің, оның құраушы элементі болып сөздің түп негізінде бейнелеу амалының жатқандығын тап басып тануында деп білеміз. Сонымен, мифология - адамның өзін айнала қоршаған әлемге, бүкіл дүниеге деген қатынасы және оны танудың архаикалық формасы. Жоғарыда айтылған еңбектерде мифтің құрылымын анықтау, оның бір бүтін ретіндегі функционалдық бөліктерін тексеру - миф феноменін жан-жақты зерттеуде жаңа теориялық мүмкіндіктерге алып келді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Питина, С.А. Концепты мифологического мышления как составляющая концептосферы национальной картины мира. Челябинск, 2002. 459 с.
2. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: учеб. пособие. 2-е изд. Мн.: ТетраСистемс, 2005. 256 с.
3. Тұржанова О. С.Қондыбай шығармашылығы және ХХІ ғасырдағы гуманитарлық ғылымдардың жаңа парадигмалары // ІІ республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы: «Арыс», 2006.
Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Екінші кітап – Алматы: Дайк-Пресс, 2004
4. Қасқабасов С. Бірінші том. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. Алматы
5. Нұрдәулетова Б.И. С.Қондыбай зерттеулері және тіл білімінің антропоцентристік парадигмасы // ІІ республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы: «Арыс», 2006.
6. Қондыбай Серікбол. Арғықазақ мифологиясы, Бірінші -:- төртінші кітаптар, Алматы, "Дайк-Пресс" 2004.

ӘОЖ 94 (574) (045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: С.ҚОНДЫБАЙ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ МИФОЛОГЕМАЛАРДЫҢ МИФТІК-ТАНЫМДЫҚ, СИМВОЛДЫҚ СИПАТЫ

Алтыбаева Гүлдана Құлбатырқызы

Педагогика ғылымдарының магистрі, Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Рухани жаңғыру аясында мифолог ғалым С.Қондыбай мұраларындағы мифологемалардың мифтік-танымдық, символдық сипатын қарастыру мәселелері және халықтың ауызекі сөйлеу тілінде немесе ертегі-аңыздарында немесе әлі күнге дейін маңызын жоймаған халықтық әдет-ғұрыптарда сақталып келе жатқан, сырттай қарағанда әбден үйреншікті болып кеткендіктен де аса көп мән берілмейтін деректерге ескінің аса маңызды факторы түрінде қарай білу қасиеті – оның ғылымдағы табысының басты қайнар көзі ретінде қарастырылады.

Кілт сөздер: концепт, мифологема, миф, мифология, ұлттық таным.

С.Қондыбай мұраларындағы мифологемалардың мифтік-танымдық, символдық сипатын қарастыру мәселелері бүгінгі таңда өте өзекті.

Осы мақсаттарды шешу үшін қажетті кілт сөздердің: концепт, мифологема терминологиялық жағынан қандай ұғымдарды беретіндігін қарастырып көрейік. Е.С. Кубрякованың анықтауынша, концепт дегеніміз - бұл ой-сананың нысаны бола отырып, адамның ғалам туралы белгілі бір мәдени таным-түсініктерін бейнелейтін және атайтын шындық дүниенің тіл арқылы біздің ойлауымызда берілуі [1,89].

В.И. Убийко концептіні сөз-бейненің мазмұндық жағы, яғни ой-бейнесі деп анықтайды [2,125]. Ал, мифологема - С.И.Питинаның анықтауынша, ұжымдық сананың дискреттік бірлігі, яғни тілді қолданушы ұлттың жадында вербалды қалыптасқан ғалам бейнесіндегі түрлі нысандардың концептілер арқылы бейнеленуі [3,48].

Мифологема термині қазіргі тіл білімімен қатар тарих, археология және т.б ғылым салаларында мифологиялық жүйелерді белгілеу үшін қолданыла отырып, тілдің ұлттық-мәдени қатпарларын ғылымдар тоғысында қарастыруда тұрақты орынын тапқан.

Сонымен, мифологеманы концепттердің айрықша бір тобы деп есептеп, кең мағынада "этноөзектенген концепт" (В. А. Маслованың термині бойынша) ретінде қарастыруға болады [4,69].

С.Қондыбайдың халықтың ауызекі сөйлеу тілінде немесе ертегі-аңыздарында немесе әлі күнге дейін маңызын жоймаған халықтық әдет-ғұрыптарда сақталып келе жатқан, сырттай қарағанда әбден үйреншікті болып кеткендіктер де аса көп мән берілмейтін деректерге ескінің аса маңызды факторы түрінде қарай білу қасиеті – оның ғылымдағы табысының басты қайнар көзі.

Қазақтың көрнекті ойшылы А.Байтұрсынов осыдан дәл бір ғасыр бұрын өзінің еңбектерінің бірінде «аңыздар мен ертегілерді сақтаңыздар» деп жазған болатын. Оның мәнісі «Кеңестік кезеңде айта алмаған көне тарихымызды, яғни түп тамырымызды анықтауға жол көрсететін деректер сол ертегілердің ішінде жатыр. Сол деректерді осы ертегі-аңыздарымызбен көлегейлеп алып жүрейік» деген астарлы ой болса керек. Бүгінгі таңда сол шыныдығымызды ендігі жерде көлегейлемей-ақ, ешкімнен жасқанбай ақтаруға мүмкіндік туып отыр. Серікбол Қондыбайдың еңбектері соның алғашқы көріністерінің бірі екендігі даусыз.

Ол өзінің «Арғықазақ мифологиясы» атты еңбегінде дейтүркілік негіздерді іздестірудің сан-салалы жолдарын баяндай отырып, солардың ішіндегі аса маңыздыларының қатарында дейтүркілік бастауларды ғаламдық шоқжұлдыздарға қатысты мифтік келтірімдерден іздестіруі. Ғалымның басқа зерттеулері сияқты бұл пайымдаулары да аса құнды және әлем ғалымдарының назарын аударатын маңызға ие. Ең бастысы С.Қондыбай өз зерттеулерінде әлем ғалымдарының мифтік келтірімдерді зерттеуіндегі және оны талдауындағы қателіктерді дөп баса алған дейді, - филолог ғалым О.Тұржан [5, 44].

Үркер шоқжұлдызына қатысты тың жаңалықтарды ұсына отырып, ол осы шоқжұлдызбен байланыстырылатын мифтік оқиғалар ішіндегі кейіпкерлердің коммуникативтік қызметтерін тереңдете зерттеу арқылы ғалым еуроөзімшілдікке әкеліп соқтырған көптеген ғылыми тұжырымдардың көбесін сөге алған.

С.Қондыбай осы шоқжұлдыздың басқа халықтардағы атауларын жеке-жеке келтіре отырып, олардың барлығының бастау көзі – дейтүркілік «Үркер» сөзінде жатқандығын дәлелдейді. Ғалым қай мәселені қозғағанда да айқын деректер келтіріп, нақты тұжырымдар ұсынады және деректерді бір-біріне қатысты салыстырмалылық әдіс арқылы қиыннан қиыстырып, алуан түрлі мифтердегі оқиғаларды бір-бірімен табыстыра білуі – ғалымның осы саланы терең меңгерген зердесін көрсетеді.

С.Қондыбай римдіктердің осы шоқжұлдызды «Вергилий» деп атауының арғы жағында «үркер» деген сөз жатқандығын нық сеніммен айтатына бір қарағанда илану қиын. Себебі сыртқы тұлғалануы жағынан бір-біріне мүлдем жақындамайтын сөздер. С.Қондыбай мұндай деректерді салыстырып көруде бірден тек қазақтың бүгінгі сөзіне

жармаса кетпейді, ол оны көнетүркілік туыстас халықтардың бүгінгі тіліндегі белгілі бір ұғымға қатысты сөздерін алдыңызға жайып салады да, ұқсастықты солардан іздейді. Мысалы: түркі тектес халықтар болып табылатын саха-якуттардың немесе тувалардың, хакастардың бүгінгі тілін түсіне бермейміз, ал дарынды ғалым арғы түбі бір халықтардың тіліндегі реңктік өзгешеліктерге белгілі бір тарихи аса маңызды деректерді жасырып тұруы мүмкін бастаулар ретінде қарайды.

Яғни тілдің өзгеріске ұшырау заңдылығын ішкі интуициясымен сезініп, сөздің өзгеріс процесі кезінде қандай дәрежеде өңін ауыстырып тұрғанын, яғни өзгеріске ұшырау жолдарындағы дыбыстық құбылулардың қай тұста нені қалдырып, қай тұстан қандай ерекшелікті іліп шыққанын да «тамыршыдай» дәл басады. Ол римдік «Вергилия» атауын саха-якуттық «Уөргәл» сөзімен уөргәл>вургел>вергилия деп сәйкестендіреді. Бұл Вергилия деген сөздің түбінде көне түркілік негіз жатыр деуге мұрындық болатын ғалым тапқан бірінші сәйкестік.

Түрлі халықтардың аңыздарында Үркер жұлдызының тек қана қыз кейпінде бейнелену ерекшелігін зерттегенде де Үркер атауының дейтүркілік негізін бағамдауға болатындығын ғалым айқындап отыр. Қазақы ұғымда Үркер жаңбырлы және желді ауа райымен тұспа-тұс келетіндегі, сондай-ақ ежелгі Грекияда Үркер мен Гиаданың көріне бастау уақыты да жаңбырлы маусымның басталуына тұспа-тұс келетіндігін, ал «гиада», «гиас» сөзінің жаңбырлы, жаңбарлылар деген ұғымды беретіндігін айта келіп, С.Қондыбай Үркерге қатысты екі халықтың ұғымындағы сәйкестікке назар аударады. «Үркер шоқжұлдызы Құс жолына жақын жерде, ал Құс жолы дегеніміз – «Аспан дариясы», яғни үркерлер – дария жағалауында өмір сүретін қыздар» деп келтіреді. [7,27].

Грек мифологиясындағы үркерлер мен гиадалардың шешесі – Плейонаның «океанида», яғни мұхиттың қыздары болып шығуы көнетүркілік негізге сілтейтіндігі С.Қондыбай назар аударған басты деректердің бірі. Осы тұста ғалым ежелгі грек ақыны Гесиодтың туындысында Плеядаларды Орион деген аңшының қуатын оқиғасын еке алады. Қыздар Орионнан қашып көгершінге айналады, ал Зевс оларды аспан жұлдыздарына айналдырып жібереді. Ал гректік аңшы делініп жүрген Орионның гректік емес, дейтүркілік аңшы екендігін де ғалым нақты мысалдармен дәлелдеп шыққан. Мифтік оқиғалардағы осы Орионға қатысты ұқсастықтарды таба отырып, Орион сөзінің көнетүркілік «Ерен» сөзімен үндестігінің кездейсоқ емес, «арғы» және «анг» праформаларының дыбыстық өзгерістерге ұшыраған варианттардың қосылуы негізінде жасалғандығын, яғни ар(ғ)ы-анг – арғы адам, пенде, тіршілік иесі сөзі ар(ғ)и-анг>орги-онг>орион ретімен, Ерен сөзі де ар(ғ)и-анг>ер(г)-ен>ерен ретімен өзгергендігін, осылайша грек мифінің іс жүзінде түркі сөзін сақтап отырғандығын дәлелдеп шыққан еді [6,397].

Осындай сөздердің дейтүркілік негізін таныту арқылы ғалым аспан ғылымына қатысты көне замандарда халықтар арасында кең таралған аңыздарды жасаушылар үндіеуропалықтар емес, көнетүркілер деген ойды қолында бар деректердің барша мүмкіндігін сала отырып дәлелдеп шыққан. Орионның, сол арқылы Үркер сөзінің дейтүркілік негізін таныту арқылы ғалым аспан ғылымының қатысты көне замандарда халықтар арасында кең таралған аңыздарды жасаушылар үндіеуропалықтар емес, көнетүркілер деген ойды осылайша қиыннан қиыстырған. Ал мұның өзі көне гректердің жұлдыздарға, ауа-райына, аспан денелеріне қатысты әлемдік маңызы бар негізгі мифтік құндылықтарды о баста көнетүркілерден еншілеп алғандығына дәлел.

Сонымен бірге С.Қондыбай Үркерді көнетүркі тіліндегі Йелбі – сиқыр деген сөзбен төркіндес болу ықтималдығын да саралайды. Қазақ ертегісінде кездесетін Үлпілдек деген қыздың есіміндегі «үлп» бөлігі «өл» деген түбірге қатысты деп болжайды.

Волос, Велес, Велс, яғни о дүниенің мал құдайы деген ұғымдағы сөздердің Вал деген түбірден басталатындығын, ал «валь» түбірлі атаумен жүрген бар кейіпкерлер тохар, үндіиран, герман, славян, балтық мифтерінде кездесетіндігін, бұл түбірдің, яғни валь-өлім деген сөздің иесі әлемдік танымда көне үндіеуропалықтар болып айтылып жүргендігін, ал шын мәнісінде оның түркінің «өл» деген сөзінен бастау алып

жатқандығын ешкім байқамағандығын, әдейі солай еткендіктеріне С.Қондыбай қатты ашынғандығын жасырмайды.

Валь сөзін үндіеуропалықтардың б.з.д. 3 мыңжылдықта дейтүркілерден алған деген жорамалын айтады. Сөйтіп зерттеуші вол түбірі арқылы жасалған атауға ие болған «волосыньялардың қой шаруашылығымен («осветит огнем негасимым белояровых овец») байланысы бар екендігін бізге Үркердің кейінгі қазақ түсінігіндегі үркіп кеткен қойлар анықтамасын еске түсірсе, волосыньялардың о дүниемен, о дүниедегі мал бағу - өлген адамның жандарын бағу деген ұғымда болуы арқылы осы сөздегі вол/өл түбірінің түркілік негізі дәлелдене түседі» деп жазады.

Алдымен, «бұны тек қазақ тілі арқылы көне аңыздарды түсіндіруге болады» - деген мәселе бойынша не айтуға болады. Серікбол бұл тарапта да бірегей ой айтқанын білеміз. Біріншіден, ол қазақ тілі, қазақ сөзі мыңдаған жылдың ақпаратын сақтағанын көрсете білген. «Ғалым үшін біздің тіліміз - мифологияны қалыпқа келтіретін бірден бір құрал» - деп айтқан. Одан соң ол былай деп жазады: «Қарапайым болып көрінетін сөздің тылсымын ашқанда, адам амалсыз таңқалады екен. Мысалы, Батыс ғылымы көп жазған, көптеген көне құдайлардың есімдеріне және мифологиялық ұғымдарға (атақты Вальгалла, Елисей жазирасы, Элизиум сияқты) негіз болған «индоеуропалық» көне түбір «ел», «вал» кәдімгідей түріктің «өлу» деген сөзінен шыққан екен».

Осы аспан мифологиясына қатысты тың ойларына ғалым «Арғықазақ мифологиясы» еңбегінің 2-ші кітабында толық тоқталған [6].

«Ес білгелі көріп келе жатқан түнгі аспанның шырақтары, олардың қозғалысы адамзат бақылауының, ой машығының, тәжірибе жинақтауының қайнар-көзі болған аспан, ең алдымен түнгі аспан – адамзат танымының әліппесі мен зертханасы іспетті. Жұлдыздар, жалпы аспан шырақтары адамзат өмірінде ежелден-ақ ерекше рөл атқарып келеді, сондықтан аспан шырақтарының кез келген халықтың мифологиясының негізгі нысанына айналғанына таң қалмаймыз. Ұзақ уақытқа созылған тәжірибе барысында жұлдыздарға, планеталарға, аспанның басқа да денелері мен құрлыстарына қарасты мифтік түсініктер (понятия) мен келтірімдер (представления) қалыптасты. Міне, осындай аспан шырақтары жөніндегі мифтерді зерттеушілер «жұлдыздық (аспандық) мифология» (немесе «астралдық мифология») деген салаға топтастырылып жүр» .

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кубрякова Е.С. Краткий словарь когнитивных терминов. М. : Изд-во МГУ им. М. В. Ломоносова, 1996. 245 с.
2. Убийко, В. И. Концептосфера внутреннего мира человека в русском языке: функцион.-когнитив. слов. Уфа, 1998. 232 с
3. Питина, С.А. Концепты мифологического мышления как составляющая концептосферы национальной картины мира. Челябинск, 2002. 459 с.
4. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: учеб. пособие. 2-е изд. Мн.: ТетраСистемс, 2005. 256 с.
5. Тұржанова О. С.Қондыбай шығармашылығы және ХХІ ғасырдағы гуманитарлық ғылымдардың жаңа парадигмалары // II республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы: «Арыс», 2006.
6. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Екінші кітап – Алматы: Дайк-Пресс,
7. Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына кіріспе: - Алматы; “Зерде”, 1999. – 304 бет.

ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМҒА СӘЙКЕС «ӘЙЕЛ» КОНЦЕПТІСІ

Дуйсенова Камар Есбосынқызы

«Қазақ филологиясы» кафедрасының оқытушысы, магистр Ш.Есенов атындағы
КМТИУ

Аңдатпа. Әр тіл – өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол жай таңбалық жүйе емес, ол – мәдениеттің көрсеткіші. Сондықтан осы мақалада тілдің этномәдени ақпараттарды сақтаушы, жеткізуші қызметіне сәйкес халқымыздың дүниетанымындағы «әйел» концептісі талқыланды. Халық танымындағы ежелгі діни түсініктерден бастап, көркем шығармалардағы әйел бейнесі зерделенді. Халқымыз әйелге қыз, қарындас, жеңге, жар, ана ретінде көзқарас танытты. Мақалада әйел сұлулық пен даналықтың озық үлгісі, ұрпақты жалғастырушы, аяулы жар, әулет абырайы бағытындағы когнитивтік құрылымдар прецедентті және көркем мәтіндермен дәйектелді.

Кілт сөздер: қазақ дүниетанымы, концепт, әйел, қыз, ана, жар.

Ежелгі қазақ дүниетанымында орын алған барлық діндер мен діни сенімдердің олардың ежелгі діні тәңіріліктің бір сатысы түрінде қабылданып, оның негізгі нышандарының, сонымен қатар әйелге Ілкі Ана, Ұлы Баба, Түпана (арғы тек) түрінде табынушылық пен құрметтің іргесін қайта шайқалта алмағанын байқалады. Ислам дінінде де әйелге ерекше орын берілгені «Алдымен анадан, анадан, тағы да анадан, одан соң әкеңді сыйла», «Ең қайырлы болғаныңыз, әйелдерге ең жақсы мәміле жасағандарыңыз болмақ», «Балаларды махаббатпен бағу, әйелдерге жақсы мәміле жасау Исламның бармақпен басып көрсеткен ахлақ ережесі», «Жұмақ кілті ананың қадамы астында» т.б. хадистік қағидалардан айқын көрінеді. Бұл хадистердің мәнін діни сипаттағы прецедентті мәтіндер арқылы анықтауға болады: «Бірде Мұхаммед пайғамбарға бір адам келіп былай деп сұрайды: «О, Алланың Елшісі! Мен анамды арқама салып ап қатты шыжыған ыстықта он алты шақырымдай арқалап жүрдім. Егер ондай аптапта жерге ет кесегін тастасам, ол бірден қуырылып шыға келетін еді. Мен осы әрекетіммен оның еңбегін өтедім деп санауға бола ма?». Бұған Пайғамбарымыз былай жауап беріпті: «Сенің бұл ісің анаңның толғақ кезінде көрген азабының азғана бөлігінің төлеміне жатады» [1,33]. Халқымызда жиі айтылатын «Анадан үш рет арқалап Мекеге апарсаң да, парызыңнан құтылмайсың» деген мақалдың мәні осында болса керек. Мұның бәрі ана еңбегінің өлшеусіз, рөлінің, барлық уақытта жоғары, мәртебесінің қай қоғамда болсын биік болуы тиістігін танытатыны сөзсіз.

Әйел – сұлулық пен даналықтың озық үлгісі. Қазақ әйелдері туралы сөз болғанда, әсіресе олардың сырты мен іші үйлескен сұлулығы, мінез байлығы, ақыл-парасаты жөнінде әңгімелегенде, ең алдымен батырлар жырындағы, аңыз әңгімелердегі әйел кейіпкерлердің көз алдыңызға келері сөзсіз. Құртқа – қазақ әйеліне тән ақыл-парасат пен көрегенділіктің, Жібек – сұлулық пен сымбаттың, Айман мен Ақжүніс, Қарашаш әйел үшін таптырмайтын қасиет – қулық пен айлакерлік, тапқырлықтың, Домалақ ене көрегенділік пен қарапайымдылықтың, ал Баян, Айша бибі – сұлулықпен бірге махаббатқа адалдықтың, сезімге тұрақтылықтың символы.

Ар-ұят, абырой деген ұғымдарды жоғары ұстаған қазақ қыздарының именшек, шектен тыс төменшек болмағанын дәлелдейтін дәйек мысал көп. Ел қорғар батырларды дүниеге әкелетіндіктен, ұрпақ жалғастығы, ұлт тәрбиесі анаға байланысты болғандықтан қыз баланың, әйел – ананың басқаша болуға қақысы да жоқ деп ойлаймыз.

Қайсарлық, өжеттік, тәкаппарлық, көрегенділік пен даналық қазақ қыздарына ғасырлар бойы ел аузындағы аңыз әңгімелерге, батырлар жырына, ән-жырға арқау болған Тұмар, Зарина, Домалақ ене, Айша бибі, Құртқа, Гүлбаршындардан келгені даусыз.

Шамамен біздің дәуірімізге дейінгі 570-520 жылдар арасында өмір сүрген сак патшайымы Тұмар өз бақытынан бұрын елінің еркіндігін жоғары қойып, өзін әйел етіп, халқын билемек болған «Азия әміршісі» атанған Кир патшасының қаһарынан қаймықпай, құда түсе келгендерге:

– Мен – елімнің падишасымын. Мен иілсем – елімнің иілгені... Кир көзін маған емес, еліме салып отыр. Ал еліме бұғау салдыртпаймын, ата-баба әруағы жатқан жерді жаттың табанына таптатқызып қорлатпаймын. Соны есінде сақтасын, – деп қайыра сәлем айтты.

... Жанарынан жасы үзіліп түскен Тұмар ханым Кирдің кесілген басын қолына жиіркене ұстап тұрып:

– Іздегенің қан еді, ал іш, ендеше! – деді де сабадағы қанға басын батыра малып жіберді...[2, 166-179]

Қазақ дүниетанымында әйелдің негізгі міндеті – жаратушылық, ұрпақты жалғастырушы. Осыған сәйкес қазақ дүниетанымында берік орныққан көзқарас бойынша, әйел ана бесігімен сұлу көрінеді. «Ақылды әйелдің ішінде алтын бесікті ұл жатады» деген мақалдың да мәні осы. Сол себепті де қазақ әйелдері Бибі Фатимаға табынып, қыздарына отбасылық бақыт, келіндеріне перзент сұраған.

Алланың Елшісі Мұхаммед пайғамбардың балалары шетіней береді де, төртінші перзенті Фатима дүниеге келгенде кәпірлер «ұрпағы жалғаспай, тегі үзілді» деп Елшіні мазаққа айналдырады. Оларға жауап ретінде «Кәусар» сүресі түседі. Аталған сүре күш-қуат беретін таусылмайтын бұлақ, қайнар көзі Фатима болатынын меңзеген болатын. Фатимаға Елші ұрпағын жалғастыру сияқты қасиетті құрмет көрсетілді. Мұхаммед пайғамбар қызы туралы: «Фатима – жұмақтағы әйелдердің бастаушысы» дегенді айтып, ерекше нәзік сезіммен, үлкен қамқорлықпен қараған [1,34-36]. Осылайша, ислам дінінің әсерімен Тәңірді Аллаға алмастырып, екеуінің қайсысы аузына бірінші түссе, соны атай бастаған қазақтар отбасы, жас нәрестенің қамқоршысы Ұмайды Бибі Фатимамен теңестіреді. Бірақ ол исламдық көзқарастың әсерінен ол Ұмайдай Тәңір серігі дәрежесіне көтерілген жоқ, Фатимаға көбінесе әйелдерді, отбасын, жас нәрестені қорғаушы рух ретінде сыйына бастады. Мысалы,

Құр босқа айғайлағанша «Бибі Бәтима пірім, қолдай көр» деп сыйынбайсың ба?! – Шешесінің қатқыл даусынан өктем сыз білінеді (Ж.Шаштайұлы «Жала мен нала»).

Қызды ерекше сыйлап, төріне отырғызған халқымыз оған болашақ ана, ұрпақ тәрбиелеуші ретінде қарап, оның тәрбиесіне, үйдегі, түздегі жүріс-тұрысына жауапкершілікпен қарап, іс-әрекеттерінің қызға тән әдептен озбауына, шекарадан асып кетпеуіне айрықша көңіл бөліп, қатты қадағалаған. «Қызға қырық үйден тыю, одан қалса, есіктегі қара күннен тыю» деген мақал-мәтелдер соның айғағы. «Ұят, ар, абырой, иба, ізет, қылық, наз» сияқты қасиеттер қыздарға тән деп есептелген. Бұл қасиеттер прецедентті және көркем мәтіндермен де дәйектеледі. Мысалы,

Бірақ сен Адам Ата ұрпағы қауым-қауым боп бөлініп жатыр дедің ғой. Солардың қайсысында ұят мол, қайсысында аз екенін қалай білуге болады? Жұрт қайсысының жүзіне үңіліп жүрмек?

Қызына қарап білсін. Қызы инабатты қауым – ұятты қауым. Қыз бала беттің қызылына балансын.

Шарапаттың қоржынындағы Ұятқа Кесепат қос шеңгелін екі қоржынға жүгіртіп алып қалған соң, ожданның мөлшері кеміп, қалған адамға бір ұятты екіге бөліп үлестірді (М.Сқақбай. «Ұят туралы аңыз»).

Осы бетте жүгіріп барып, жігітті құшақтай алатындай еді, бірақ қыз ұяты сонан артыққа жібермеді; оның үстіне ауыл адамдарынан қысылып, амалы құрып, құшағындағы көк қозыны бауырына қысып, құшырлана сүйіп алды; қара көзі ұшқындана қуана күліп,

Райға қозының тасасынан ұрлана қарап тұр. Көкіректегі көп сырды көзбен ұғысқысы келгендей, жігіттің бұрылғанын бағып тұрған (Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер»).

Қазақ қоғамында қыздың абыройы әулеттің, бүкіл елдің абыройына баланған. Мысалы, бұл көзқарас Ә. Кекілбаевтың «Үркер» романында былайша түйінделеді:

«... Оларға айтқызсаңыз (ел ақсақалдары – Б.А.) – жұрт болар жұрт қызыл өнешінен гөрі атабаба аруағы мен қыз баласының абыройын көбірек күйттейді; атабабаның аруағын салғыртсынғаның – жұртыңның кеше кім болғанын ұмытқаның; қыз балаңның абыройын қастерлемегенің – жұртыңның ертең кім боларын ойламағаның.

Оларға айтқызсаңыз – жұрт болар жұрт атабабаның аруағы мен қыз баланың абыройының жолында халықты ұстаған атан жілікті азаматтың алтын басын садағаға шала алады». Себебі, кез келген қоғамның тірегі, ұлттың негізі болашақ ана немесе бүгінгі ана екені дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат.

Кез келген қоғамның маңызды институттарының бірі – отбасы. Ал отбасындағы әйел жағдайы – отбасы мен неке тарихындағы келелі мәселелердің бірі. Қазақ әйелінің қоғам өміріндегі теңсіздігін атап көрсеткен бірқатар зерттеушілер олардың Орта Азияның өзге елдерімен салыстырғанда, барынша дербес және еркін екендігін айтады. Шын мәнінде көптеген тарихи және тілдік деректер қазақ әйелінің отбасылық мәселелерді шешуге белсенді қатысқанын, ерлеріне шаруашылыққа қатысты істерде көп көмектескенін дәлелдейді. Ал күйеуі жоқ кезде оның орнын жоқтатпай, барлық тіршілікке қатысты мәселелерді өзі шешіп, тіпті қазақы салт-дәстүрге сай қонақ күтіп, оны жөн-жоралғысымен шығарып салуға, күйеуін жаманатқа қалдырмауға міндетті болған. Ондай Айғаным, Бопай, Ұлпан, Зере, Ұлжан сияқты әйелдерді халқымыз жоғары бағалаған.

Шоқан ел кезген, жер кезген сапарында батыс түгіл, шығыс әйелдерінің ішінен мұндай мінезді, жомарт та өжет әйелдерді көп көрді. Басқаны былай қойғанда, өзі жақсы білетін Айғаным әжесі ше... Бүкіл аймақты билеп-төстеген әкесі Шыңғыс емес, әжесі Айғаным болатын. Ел адасқанда ақылды Шыңғыстан емес, Айғанымнан сұрайтын. Көзін жұмғанша Айғаным әжесі осындай боп өтті (С.Бакбергенов «Ақ боз атты ару»).

Қазақ жырауларының эпикалық мұраларында маңызды орын алатын бақыт ұғымының мәнін аша отырып, қазақ ойшылдары бақытты жұбайлық өмірмен байланыстырады, оны бақыттың бір бөлшегіне жатқызады. Үйдегі барлық бақыт пен игіліктің ұйытқысы ошақтың иесі, отбасының тірегі болып табылатын әйелге деген құрмет пен ізет ойшылдардың бәріне тән.

Жақсы жар мәселесінің қазақ өмірінде қаншалықты маңызды болғанын осы тақырыпқа соқпай кеткен ақын-жыраудың болмағанынан байқауға болады. Жақсы әйел мен жаман ерді қалай тануға болады? Айналып келгенде, жақсы әйелдің ең басты қасиеті ер қадірін білу болса, жаман әйелдікі, керісінше ерін сыйламау, қадіріне жетпеу екені ақын-жыраулар поэзиясында айқын көрініс табады. Осыған сәйкес «жақсы әйел» және «жаман әйел» концептісі шығармашылық танымда былай өрілген:

Мінезді болса алғаның,
Одан артық жан бар ма,
Екі жаман қосылса,
Күнде жанжал, күнде шу.
Ұяларлық ар бар ма? (Ақтамберді жырау) [3, 66]
Келін жақсы болса –
Үйіңе көп кісі келеді.
Келін жаман болса –
Келген кісі кеткісі келеді.
Ас құй десен төккісі келеді,
Төкпей құй десен сөккісі келеді (Шал ақын) [3,141]
Қайын енесі ас ішпес,
Қабағын түйген келіннен (Шортанбай Қанайұлы) [3,280]

Қазақ: «Асыл әйел әрі еркек, әрі қатын, - дейді. Осыған орай «Жақсы әйел» және «аман әйел» концептісінің көрінісін шешендік сөздер үлгісінен де көруге болады:

«Жиренше шешен жолаушылап жүргенде әйелі Қарашаш кенеттен дүние салады. Сапардағы шешенге бұл қайғылы хабарды қалай естіртуді білмей, ел қиналысады. Сонда қой соңында жүрген бір тазша бала: «Мені апарыңдар, мен естіртемін», - депті.

13 жасар тазша баланы алып, ауылдың ақсақалдары Жиренше жатқан ауылға келеді. Биік төбенің басында, дүйім жұрттың ортасында Жиренше шешен отыр екен. Тазша бала Жиреншеге келіп:

- Ассалаумағалейкүм, ақылы елден асқан Жиренше аға! Сізді аузымен құс тістеген, аққан өзенді тоқтатқан шешен дейді. Үш сұраққа мұрсат беріңіз, - депті.

Жас баланың батылдығына риза болған шешен мойын бұрып:

– Айта ғой, - депті ықыласы түсіп.

– Бауырың өлсе недейміз? – депті Тазша бала.

– Бауырың күйіп түсті десейші.

– Балаң өлсе не дейміз?

– Қос бүйрегінді тірідей суырып алды десейші.

– «Қатын өлсе, қамшының сабы сынды» дейміз ғой онда, аға? – депті Тазша бала.

– Жоқ, қарағым. Жарың өлсе ошағыңның күлі шашылып, 32 қабырғанды сөгіп алдым десейші!

– Ал, аға, бүкіл қабырғаңызға қалқан боламыз деп қалың ел-жұрттың келіп тұр, - дегенде Жиренше секем ала:

– Әй, көбейгір, балаларымның анасы, үйімнің жарық панасы, көзімнің қарасы, Қарашашым арманда кеткен екен-ау дүниеден, - деп ботадай боздағанда сақалынан алты тарам жас ағыпты деседі (Ел аузынан, 16-б.)

Жалпы кез келген халықтың мәдениетінің деңгейі қоғамдағы әйелге деген қамқорлықтан көрінетін болса, оның жоғары екені қазақтардың әйелге жар, ана, қыз ретінде көзқарасынан көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ибрагим Д. Адамзаттың асыл тәжі (Мұхаммед пайғамбардың өмірі). Алматы: Алтын қалам, 2004 – 418 б.

2. Жұртбаев Т. Дулыға. Алматы: Жалын, 1994 – 368 б.

3. Мағауин М. Бес ғасыр жырлайды. Том 1. Алматы: Жазушы, 1989 – 352 б.

ӘОЖ 81.1:398.9

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРДЫҢ САКРАЛЬДЫ МӘНІ

Дуйсенова Камар Есбосынқызы

«Қазақ филологиясы» кафедрасының оқытушысы, магистр Ш.Есенов атындағы
КМТИУ

Аңдатпа. Ұлттық мәдениетіміздің жарқын бір үлгісі, құрамдас бөлігі ретінде саналатын зергерлік өнердің халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде, ең бастысы тілінде айрықша көрініс тапқаны белгілі. Қазақ әйелдерінің шашына, бойына, қолына, сырт киімдеріне тағылған зергерлік бұйымдар өздерінің әсем ою-өрнектері мен таңғажайып үлгілерімен талайды тамсандырып қана қоймай, жаратылысы нәзік әйелдер үшін қорғану қызметін атқаратындықтан, сакральды мәні бар екені де анық. Осы ойды көркем мәтін үлгілерінен, мақал-мәтелдерден айқын аңғаруға болады. Түрік ойшылы, этнографы М.Қашқаридың еңбегінде де көне түркілер заманында қасты (нефрит) жүзікке көз етіп қондырса, ол адамға найзағайдан, жай отынан қауіп болмайтыны жайында, асыл тастар

салынған әшекейдің тіл-көзден қорғайтын тұмар есебінде қолданылғаны жөнінде айтылған. Мақалада қазақ халқының зергерлік өнеріне қатысты лексикасына түсініктеме беріліп, зерделенді.

Кілт сөздер: зергерлік бұйым, асыл тас, сакральдық мән, наным-сенім.

Кез келген нәрсенің асылы мен жасығын асқан талғампаздықпен айыра білген халқымызды асыл тассыз, алтын-әшекейсіз елестету мүмкін емес тәрізді. Күн көрісін негізінен төрт түлік малдан айырған ата-бабаларымыз үшін зергерлік кәсіп те бөтен болмаған. Қазақ шеберлерінің қасиетті өнердің бұл түрімен өте ерте кезден айналысқанын осы күнге дейінгі түрлі археологиялық экспедициялардың деректері де дәлелдейді. Түп аталарымыз мекендеген көне қалашықтар мен тарихи орындардан табылған қолөнер бұйымдарымен қоса кәсіби шеберліктің шынайы үлгісі ретінде бағаланатын алтын, күмісті, неше алуан асыл тасты әшекей заттардың көптеп табылуы осыларды айғақтайды.

Сұлулық пен әсемдікке жаны құштар бабаларымыз ұсталық, зергерлік өнерді киелі, қастерлі санап, екінің бірінің қолынан келе бере бермейтіндіктен, оның қыр-сырын сырт көзден жасырын ұстап, құпия кілтін тек қана өздерінің жолын қуушы тікелей ұрпағына немесе түрлі қиын сыннан сүрінбей өткен және өнерге адалдықпен, тазалықпен қарайды деп сенген рухани туыстас адамына ғана ашқан.

Зергерлікті жете меңгерген шеберлер түрлі әшекей бұйымды жасауға қабілеті жеткенімен, оған шикізат ретінде қажетті алтын-күмісті өздері өндірімеген. Ертедегі қазақ зергерлері алтын, күміс ақшаларды балқытып, кейде сол күйінде пайдаланған. Ресей көпестеріне малға айырбастаған күміс, алтын теңгелер саудасын мал арқылы бітіретін

...Осыдан он жыл бұрын Алшынбай аулына Құнанбай кеп құда түсіп, Ділдәні Абайға айттырған уақытта, бас құда Құнанбайға кит деп, Алшынбай аулы күміс тартқан. Ол күмістің аты - тайтұяқ, мына бесік жамбыдан кіші еді (М. Әуезов. Абай жолы).

Алуан түрлі пішіндегі алтын-күмістің қорытылған түрлері қазақ халқының өмір сүру салтының құрамдас бөлігі ұлан-асыр той, үлкен астарда өткізілетін түрлі бәйгелердің жеңімпаздарына, ерлік көрсеткен батырға, құлақ құрышын қандырған әнші мен сөздің майын тамызған ақын-жыршыға сый есебінде берілген. Қазіргі кезде аламан бәйгеден озып келген адамға тігілетін сыйлықтың басы отандық немесе шетелдік автокөлік болса, ол замандарда алтын-күмістің қомақты кесегі қатты бағаланған.

Байдалы атына мінер кезде Ұлжан азырақ тоқтатып, оңашалап алды да :

- Тамақ пен күтім бір басқа ғой. Ертең ат шабады, балуан күреседі. Әр алуан бәйгелер бар. Түйе бастатқан тоғыздан бәйге шығарыпсыңдар .Жақсы екен! Ағайынның аянып қалатын жері емес қой. Менің балам өз үлестеріңнен де қалмаймын дейді. Соның ақылымен, мына бір бұйымды әкеліп ем! – деп, қалтасынан жібекке ораған бір кесек түйін алды да, Байдалыға ұсынып тұрып: - Бәйгенің бір тоғызының басы осы болсын! – деді .

Бергені үлкен кесек күміс – «тайтұяқ» болатын (М.Әуезов «Абай жолы»)

Біз зергерлік атаулардың сакральды мәнін қолда бар тілдік деректер арқылы талдауды жөн көрдік. Зерттеуші А.Керімбаевтың пікірінше, «сакральды (магиялық) вербальды мәтіндердегі сакральды лексика ауруды қуу, дуалау, көз тию, қастандық жасау немесе «жолын ашу», яғни бір нәрсеге деген ізгі ниет тәрізді белгілі бір мақсатты көздейтін магиялық ғұрыптық әрекеттердің сөздік бөлігін құрайды»[1, 7].

Ж.Манкееваның зергерлік бұйымдарды саралау бағытымен келісе отырып, әйелдерге қатысты зергерлік бұйымдарды шартты түрде: 1) бас киімге тағылатын зергерлік әшекей; 2) шашқа тағатын зергерлік әшекей; 3)сырт киімге тағатын зергерлік әшекей; 4) бойға; 5)қолға тағатын зергерлік әшекей деп бөлінді [2].

1) Баскиімге қатысты зергерлік бұйым, әшекейлер:

Айшық – жаулықтың шекесіне, ердің қасына, жүгенге орнатқан жарты ай бейнелі күміс [3, 27 б.]

Бергек –желекті ұстап тұратын әшекейлі қатырғы, әйелдердің бас киімі [3,39]

Жас келіншек сәукелені той өткенше киіп отырып, тойдан соң сәукелені іліп қойып, оның орнына бергек киетін (С. Қасиманов)

Бетмоншақ – сәукеленің екі жағына, маңдайына салбырата қадап қоятын бірнеше қатар төгілмелі моншақ [3, 39-б.]

Гүлдарайым – бетмоншағын салбыратып, қарқарасын жарқыратып, жібек жамылғышын желбіретіп сәукеле киген – Бекболаттың сұлу тоқалы (С.Сматаев. Елім- ай).

Жырға – көптеген моншақ тұратын сәукеленің салпыншақтары. Жақ – кимешектің екі бет тұсы мен астын ала тігілген оқалы, алтын, күміс шытыралы әшекей, сәнді кесте. Көзотаға – бас киімге қадайтын асыл тас. Тана – қыздардың тақиясына, бөркіне т.б. тағылатын түйме тәрізді асыл тас немесе күміс.

2) Қазақ қыздарының, әйелдерінің бұрымын ерекше сәнді етіп көрсететін зергерлік өнер туындысы – шолпы. Шолпы, шашбау ең алдымен өрілген бұрымды тарқатылып кетпеу үшін қажетті зат болса, екіншіден, әйел сұлулығының, сән-салтанатының символы.

Шолпы – бойжеткен қыздар мен жас келіншектердің бұрымының ұшын бекітуге арналған күміс немесе алтын теңгелерден жасалатын сәндік бұйым. Шашбау – өрілген шаштың ұшын бекітетін алтын, күміс тиындар қадалған лента тәріздес ызған мата [3,114].

Аталған әшекей бұйымдарына қатысты қолданыстарды көркем мәтінде жиі ұшырастыруға болады:

Сүйретіп алтын шашбауын,

Ордаға барып кіреді («Қамбар батыр» жыры)

Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі – жас түлегі – айы-күні – жалғыз қызы алтын сырға, күміс шолпы сылдырлатып, ақ көйлегін көлендетіп, қызыл-жасыл көрпелерін қағып үйге әкелген еді (Ж.Аймауытов «Ақбілек»).

Қазақ қыздары мен әйелдері бұрынғы кезде шолпы мен шашбауды бұрымы тарқатылып кетпеу үшін таққаны белгілі. Халқымызда қалыптасқан сенім бойынша, неше түрлі асыл тастан жасалған сылдырмақ, салпыншақтан тұратын салмағы ауырлау шолпының әсерінен шаш ұзын болып өседі. Сондай-ақ ауыр шолпы таққан адамның басы ауырмайды деп есептелген. Халық ұғымында «адам жанының бір ұшы шашында» деген де түсінік бар. Соған байланысты «тарағанда түсетін шашты кез-келген жерге тастауға болмайды, оны адам баспайтын жерге көміп тастау керек» деген ырым-тыйымның бар екені белгілі. Ал енді осы халық санасындағы кодталған ақпараттың кілтін ашу үшін белгілі бір білім аясы керек. Оның кілтін төмендегі прецедентті мәтінде:

«Әйел баласы шашын беталды тастамас болар,-деді Айша.– Тарақтан түскен шаш әлдеқалай отқа күйсе,о дүниеде балалары шырылдайды дейді.Анасының шашының отқа күйген исін танып қояды екен де:«Анамыз тозақ отына түсіп кетті- ау!» деп шыр айналып,шырылдайды екен.Тозақ отынан анасын құтқарып алмақ болып, өздері де сол тамұқ өртіне түсіп кете жаздайды екен.

Әне, сондықтан шашты көміп таста. Далаға тастасаң, жел ұшырып немесе құс ұя салып, әйтеуір , бір себептен отқа күйсе, о дүниелік нәрестенің обалына қаласың...» (Ш. Мұртаза «Ай мен Айша»).

Осы түсінікке байланысты аналарымыз шаштарын әр жерге тастамай, түскенінің әрбір талын жинап, мұқият орап, адам баспайтын жерге көміп отырған және аталған ырым-тыйымның мән-мағынасын қыздары мен келіндерінің құлағына жалаң, құрғақ сөзбен емес, ұлттық ұғымға жақын осындай аңыз-әңгімелермен құйып отырған. Қазақтың қыз-келіншектерінің шаштарына сылдырмақты шолпы тағуына «адам жанына зиян келтіретін бәле-жалалар жоламасын» деген сенім-түсінік те өз әсерін тигізбей қоймаған.

Шашқа тағылатын бұйымның тағы бір түрі – жемелек. Аталған сөзге «өрілген бұрым ұшын бекітетін жіп, лента», «шашбау, әйелдердің шашына тағатын бау» [3,77] деген түсініктер берілген. «Жемелек» сөзін көбінесе Қызылорда, Атырау, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарының тұрғындары қолданады. Аталған сөзге тек диалект ретінде қарау теріс сияқты, байқағанымыздай, жоғарыдағы сөздердің үшеуі де өрілген

бұрым тарқатылып кетпеу үшін шаштың ұшына байланатын, бекітілетін бұйым; айырмасы – шолпы, шашбауға алтын, күміс тиындар қадалатын болса, жемелек – ондай қымбат әшекейі жоқ қарапайым ғана жіп, бау.

... Сөйтсе, қос бұрымы біресе белінің бергі жағына аунайды, біресе арғы жағына ойнайды. Қымбат шолпы тағынбай, жіптен ескен шашбауы – жемелегі еркелеп Балбастаудың балағына оралар балдыр болып ойнайды (М.Байғұт. «Жемелек»).

3) Ал сырт киімге тағылатын әшекейлерге бастырма, жарма, қапсырма, түйме, ілгек сияқты күмістен не өзге асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдар кіреді. Мұндағы «бастырма» атауы «әйелдердің көйлегіне, қамзолына түйме орнына қадайтын әшекей зат, қапсырма» дегенді білдірсе, «жарма» сөзі «әйелдер көйлегінің екі алдыңғы жақ өңіріне тағылатын жапырақ бейнелі екі жылтырауық » деген мағынада жұмсалған.

Халық санасында орныққан сенім бойынша, асыл, бағалы тастардан, кейде жасанды тастардан көз орнатқан зергерлік бұйымдар оны таққан адамды көз тиюден, түрлі аурулардан, қауіп-қатер, бәле-жаладан сақтайды. Сол себепті бұрын да, қазіргі кезде зергерлік әшекейлер жалаң сәндік бұйым ретінде емес, оларды таққан адамдарды жаманшылықтан сақтайтын, табысқа жетелейтін қорғаныс құралы саналған. Қазақ әйелдері « көз өтпесін» деген ниетпен перзенттерінің бас киімдері мен сырт киімдеріне тана-моншақ тағып, әсем түйреуіш қадап беретін болған. Сондай-ақ сыртқы киімнің түймелерін бағалы металдан жасап, оған асыл тас орнату да байлық пен барлықтың көрсеткіші болуымен бірге жоғарыда айтылған ниеттен туындағаны анық.

Қалың қара жібек кемзасында қымбат тасты үлкен күміс түймелер бадыраяды... (М. Әуезов «Абай жолы»).

4) Бойға тағатын зергерлік әшекейлерден сырға, алқа, моншақ, тұмар тәрізді бұйымдарды атауға болады.

Бұлардың арасында ең жиі қолданылатыны – сырға. Алтын, күміс сияқты бағалы металдан жасалып, көздің жауын алар асыл тастардан көз қондырылып дайындалған сырғаны тақпайтын қыз-келіншекті кездестіре алмаймыз.

Барлық халықтарда сырға әшекейлік зат болуымен бірге махаббат символы, оның иесінің қоғамдағы орнының көрсеткіші, магиялық қорғаушы зат ретінде қолданылады. Ал қазіргі кезде сырға өзінің мифтік маңызынан айрылып, тек әшекей зат, әсемдіктің құрамдас бөлігі болып қалғаны белгілі.

Сырғаға қатысты мысалдарды ертедегі батырлар, ғашықтық жырларынан да, қазіргі жазушылардың шығармаларынан да жиі кездестіруге болады :

Дүрі – гауһар сырғасын

Көтере алмай тұр құлағы («Қыз Жібек» жыры)

Әйелі әшиінде қаншама берік болса да, мына ұсақ шытыралы алтын сырғаны құлағына таққанда, іштегі алғысын жасыра алмай, аппақ беті алғыспен ду етіп қызарып кетерін білді... (Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер»)

Алқа – алтын, күміс, маржанмен әшекейленген омырауша, өңір, өңірше. Алқа – қыз-келіншектер мойнына, омырауына сәнге тағатын әшекейлі зат, маржан, меруерт.

Гүлдарайым – омырауына он түйме қадаған кеудесі тар, етегі кең көйлек киген, қынама жеңсіз аш белін аймалаған зер кесте төккен, алтыннан алқасы бар төстік таққан келіншек. (С. Сматаев «Елім – ай»)

Бойға тағатын ерекше әшекейдің қатарынан әйкелді атауға болады.

Қостан әйкел тағынған,

Жүз теңгелік опа, ендік

Екі бетке жағынған («Қыз Жібек» жыры)

Халықтық сипаты анық, ұлттық бояуы қанық, алайда қазіргі кезде сирек қолданылатын, белгілі бір ортаға ғана таныс сөздердің сырын ашып, көпшілік назарына дәлелді дәйектермен ұсынып жүрген тілші-ғалым Р.Сыздық аталған сөздің мәнін былайша ұғындырады: «Әйкел сөзінің «барқытқа зер қадап, оған күміс ақша тағып, сол

иықтың үстінен әкеліп, оң қолтықтың үстінен түймелейтін, қыздардың сәндікке киетін әшекейінің бірі» [3, 17]

Ертеде қазақ әйелдері үшбұрышты күміс құты тәрізді зат тағып жүргенін, оның тұмарша, бойтұмар деп аталғанын, кейінірек олардың қолданыстан шығып, зергерлер бойтұмар үлгісіне қарап камзолға тағатын салпыншақ, қапсырма жасаған. Қазақтар үшін алқа, әйкел, өңірше, моншақ әсемдіктің, барлық пен байлықтың белгісі болса, орта ғасырлардағы мойынға тағатын алқа түрлері тек қана әшекей бұйымы ғана емес, жоғары әлеуметтік жағдайдың нышаны, айқын белгісі саналған.

5) Қолға тағатын зергерлік әшекей қатарына білезік, жүзік, сақина, балдақ сияқты бұйым атаулары кіреді.

Білезіктің (білек жүзік) білекке салатын сәнді зат екені белгілі. Білезік түрлерінің, оларға салатын өрнек-әшекейдің алуандығы қазақ қыздары мен әйелдерінің осы әшекей түрін көп таққанын байқатады. Олардың білектің сәні саналатын білезіктің алтыннан, күмістен, тіпті мыстан соғылғандарын да салтанатты жиындарда ғана емес, күнделікті тастамай қызыға тағатынын аңғаруға болады. Білезіктің құдағи-құдашаларға ілтипат, ал ұзатылатын қызға етжақындарының сый-сияпаты ретінде ұсынылатыны мәлім. Ертедегіні айтпаған күннің өзінде қазір де қыздың жасауын, сәбидің бесігін әкелердегі жөн-жоралғының, түрлі тоғыздың басында сақинамен бірге білезік жүретіні, «сондай қуаныш, той бізге де жұғысты болсын» деген ниетпен жиналғандардың оларды таласа-тармаса алатыны шындық.

Әдейілеп барған жақын-жегжат ауылдар танысқан қызды құр қол қайтармай, көзімдей көріп жүр деп, кілем-кілше, оюлы сырмақтан бастап, сақина, білезік, кемер белдік секілді естелік заттар беретіні тағы бар (Қ.Жұмаділов «Тағдыр»).

Сонымен бірге босағадан енді аттаған жас келіннің жаңа тірлікті жатсынбай, үй шаруасына, әсіресе ерекше кірпияздықты керексінетін ас дайындау ісіне адалдықпен әрі тез кіріссін деген ырыммен енесі қазақ танымында «тазалықтың белгісі» ретінде саналатын күмістен жасалған қос білезік сыйлайтын болған. Жалпақ бауырлы тұтас, үстіңгі беті қатарласқан қос жұмыр болып келетін, түрлі ою-өрнекпен ажарланған мұндай білезікті сыйлауда халқымыздың ең жиі айтатын игі тілегі есебіндегі «Қосағыңмен қоса ағар» мақалы мәндес ниеті де бар екені байқалады.

Қазақ әйелінің әшекейінің бірі – жүзік, сақина. Алтын, күмістен жасалып, сырт жағына зергерлер түрлі асыл тас орнатқан сақиналар бұрын да, қазір де тек әйелдің ажарын ашатын сәндік бұйым ғана емес, адамның денсаулығына оң әсер ететін, сыртқы-ішкі кері әсерлерден қорғайтын, бақ-дәулет шақыратын құрал саналады.

Сұлудың қылығы бар неше түрлі,

Қолына лағыл, яхонт, тақты дүрді («Қамбар батыр» жыры)

– Көзімдей көр. Қиналған сәтте кәдеге асырарсың. Жоғалтпауға тырыс, - деп зұмаржат тасты алтын жүзігін саусағына кигізген. – Сенің тойыңа шашуым, жеңгеңнің ескерткіші (К. Сегізбаев «Біз қалада тұрамыз»).

Қазақ танымында тамақ әзірлейтін әйел қолына міндетті түрде жүзік не балдақ тағуы тиіс болған. Осыған байланысты «Тамақ адал болу үшін қолда жүзік болу керек» деген мақалдың айтылуы аталған әшекейлердің киелі, тазартқыш күші бар деген жалпышығыстық сенімге байланысты болса керек.

Қазақ зергерлері әрбір тастың өзіне тән қасиеті, ерекшелігі, кереметі бар екенін білген. Олардың біреуі адамға құт әкелсе, ендібірі тіл-көзден сақтайды, ал кейбірінің тіпті құрғақшылықта жаңбыр шақыратын, т.б. қасиеттері бар екен. Мысалы, көпке белгілі янтарь тасының ғажайыптарын ертедегі гректер бұдан екі жарым ғасыр бұрын білген. Оны парсы тілінде «хахруба» деп атайды екен, «өзіне тартқыш» деген мағынаны білдіреді. Ол шашты, шөпті өзіне тартып алады және оның ішінде түрлі жәндіктер өзінің тірі қалпын сақтайтын көрінеді. Қалқанша безі ісіп, зоб ауруымен науқастанатын әйелдердің мойнына янтарь алқа салып жүруінің бір ұшы әлгі тастың аталған қасиеттерінде жатса керек. Орта ғасырларда емші, дәрігерлер алтын, нефрит, маржан тастарын жұту өмірге қауіп

төндірмейді, қайта оны ұзартуға септігін тигізеді деп есептеген. Сонымен бірге әлгі тастарды жұтқан адамның өлгеннен кейін денесі іріпшірімейді деген сенім болған.

Қазіргі таңда мойындалып, сәнге айналған астрология ғылымында да «әрбір жұлдыз иесі өзіне сай келетін тасы бар әшекей тағу керек, қасиеті белгісіз тастан тағылған әшекей адамға бақытсыздық әкеледі, денсаулығына зиян келтіреді» деген түсінік қалыптасқан. Мысалы, тек күміске орнатылған аметист тасы баласы жоқ әйелге ана болу бақытын әкелсе, ерлерге өз әйелінің кемшілігін түзеуге көмектеседі. Ал гиацинт тасын таққан жас әйелде өз сүйіктісін жоғалту қаупі жоғары, алайда үміт пен қайта құру тасы болып саналатын бұл тас уайым мен депрессиядан айығуға мүмкіндік береді. Тау хрусталі ертеректе аналардың сүтін көбейту үшін қолданылған. Аталған тасты бойтұмар ғып таққан әйелдің дүниеге перзент әкелуі жеңілірек өтеді деп есептелген. Ал інжу тасы махаббаттағы тұрақтылық кепілі саналғандықтан, ол неке мен шаңырақты қорғайды деген сенім бар. Антропософтық медицинада ерте қартаюдан сақтайтын күмістің әйелдер ауруын емдейтін қасиеті кері әсері көп антибиотиктерден анағұрлым жоғары деп саналады.

Жоғарыда келтірілген деректерден зергерлік бұйымдардың тек әсемдік, нәзіктік, әшекейлік қызметімен қоса оның тұмар қызметін де атқарғанын дәлелдей түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Керімбаев А. Қазақ тіліндегі сакральды атаулардың этнолингвистикалық сипаты: Филол. ғыл. канд. дис.авторефераты – Алматы, 2007. – 25 б.
2. Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.
3. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Өнер, 1987 –128 б.

ӘОЖ 94 (574) (045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: «АҢШЫЛЫҚ» КОНЦЕПТІСІНДЕГІ ТІЛДІК-ТАНЫМДЫҚ БЕЛГІЛЕР

Дуйсенова Камар Есбосынқызы

«Қазақ филологиясы» кафедрасының оқытушысы, магистр Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Халқымызды рухани-мәдени өміріндегі ең көне, маңызды өнердің бірі – аңшылық өнер. Халықпен біте қайнасқан бұл өнер қазақ халқының бүкіл болмыс-бітімін, даму деңгейін, наным-түсінігін көрсетеді. Осы өнерге қатысты туған бүгінгі күні қолданыста бар немесе қолданыстан мүлдем шыққан, қолдану аясы тар атаулар, тұрақты тіркестер тілімізде мол кездеседі. Мақалада «Аңшылық» концептісін анықтайтын тілдік-танымдық белгілер талқыланды. Осы бағытта аңшылық кәсібіне байланысты туған тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, эфемистік қолданыстарға талдау жүргізілді.

Кілт сөздер: аңшылық, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, эфемистік қолданыстар.

Аңшылық – адамзаттың ең көне және ең алғашқы күнкөріс қарекетінің бірі болғанымен, уақыт өте келе кәсіпке ұласып, орта ғасырдың соңына дейін шаруашылықтың бір түріне айналды. Тарихи даму барысында табиғат ананың қорының, дәлірек айтсақ, аң-құс фаунасының қатарының сиреуі, адамзат баласының санының күрт өсіп, экологиялық апаттың қылаң беруі мен технократтың өркениеттің кең қанат жаюы аңшылықты тежеуге мәжбүрледі. Әрі діни фактордың күшеюі, адамдардың ақыл-парасатының арта түсуі, өркениетті қоғам элементтерінің дамуы табиғатқа деген

камқорлықты аттырды. Сондықтан аң-құстарды жөн-жосықсыз, шектен тыс аулауға, құртуға шек қойыла басталды. Әсіресе, адамдардың санасындағы мифтік түсініктері мен байырғы дүниетанымындағы табиғат ананы қастерлеу оның аң-құсын, әсіресе қазақтар «Құдайдың малы», «қоңыр аң» деп қастерлеген бұғы, қарақұйрық, тауешкі, құлжа қатарлы аңдарды және киелі құстарды шектен тыс аулауға, жөн-жосықсыз қыруға жол берілмеді.

Академик Ә. Т. Қайдар: «Халық пен тілді бір тұтас құбылыс деп қарасақ, тіл-халық өмірінің материалдық және рухани байлықтарын бойына жинаған, оның наным-сенімдерін, дәстүрін көрсететін, ұрпақтан ұрпаққа беріп отыратын баға жетпес байлық», - деп айтады.[1,14]. Аңшылық өнер көне замандардан бастау алғандықтан, бүгінгі қазақ тілінің ауызекі, жазба әдебиетінде кездесетін жүздеген тұрақты тіркестер мен атаулары қазақ тілінің сөздік қорының ең байырғы әрі құнарлы құрамы болып табылады.

1. Аңшылық кәсібіне байланысты туған тұрақты тіркестердің мәні. Ұлттық сөздік қордың кең қабатын құрайтын фразалық тіркестер құсбегілік, аңшылық кәсіпке байланысты тілімізде молынан кездеседі. Аталған фразеологиялық тіркестедің мол ұшырасуы халықтың тіл байлығынан, салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан мағлұмат береді. «Әр халықтың ұлттық тұрмыс-тіршілігіне сай, наным-сеніміне қарай, табиғат құбылыстарының түрлі әсеріне байланысты туған фразеологизмдер сол халықтың күн көріс тұрмысынан, әдет-ғұрпынан хабардар етеді», - дейді ғалым Г.Н.Смағұлова[2,46].

Олай болса, күн көрістің көзі болып, кейін өнердің бір саласына ауысқан аңшылық өнерге қатысты туған фразеологизмдердің мән мағынасына зер салатын болсақ, көлденең келген көк аттыға байлау немесе көлденең жүрген (келген) көк атты тұрақты тіркесі бар. Бұл тұрақты тіркес кез келген, кім көрінген мағынасында жұмсалады. Аталған фразеологизмнің шығу төркіні аңшылыққа қатысты. Осы фразалық бірлікке негіз болып тұрған сөз – байлау. Қазақ дәстүрінде қанжығадағы олжаны ешкім сұрамайды, ал алғысы келген адам аңшыға жоралғысын жасап, тек үйінде алатын болған. Ал қанжығаға байланып үлгермеген аң-құсты сұраушы адам «байлансын» десе, аңшы ұстаған аң-құсты сол жерде-ақ берген. «Көлденең келген көк атты» тіркесінің туу уәжі аңшылыққа байланысты екені анық.

Фразеологизмдердің ішінде кейбір сөздер ерен байқалып, түп қазық есебі қызмет атқарады. Ондай сөздер әлденеше фразеологизмдерде қайталанып отырады. Аңшылық кәсібіне қатысты біраз фразеологизмдерге «қанжыға» сөзі ұйытқы болған. Негізінен қанжыға сөзі түсіндірме сөздікте:

Қанжыға – бір нәрсені байлау үшін ердің екі жақ қапталының арт жағынан тесіп өткізілген жіңішке қайыс. Ал тілімізде аталған сөздің ұйытқы болуынан бірнеше фразеологизмдер қатары туындайды

1)Тіліміздегі қанжығаға байлады; қанжығасында кетті фразеологизмі «олжалады, сыйға берді» деген мағынасында көкпарды немесе аулап алған аңды сыйға берді деген мағынасымен қатар, «ықпалында кетті; шылауында кетті» мәнінде де жұмсалады.

2) Сондай-ақ қанжыға байланды (қандады); қанжыға қанданды, аузы майланды; қанжыға қандалып, мылтық майланды фразеологиялық варианттары аңшының сәтті сапарына қатысты олжалы болуына қатысты қолданылады.

3) Басы қанжығасында жүру тіркесінің беретін мағынасы – біреуге тәуелді, бағынышты болу. Авторлық қолданыста бұл тіркес өзгеріске ұшырап, «Кімнің басы кімнің қанжығасында жүр» (Абай) деп қолданылған.

4) Адамның қанжығасында кездесейік. Аңыз әңгімелерге сүйенсек, қоян көзінің маңдай тұсы шұңқыр болып келеді. Қоян балалағаннан кейін «адамның қанжығасында кездесейік» деп теуіп, кейде тіпті емізбей тастап кетеді делінген. Қоян – табиғаттың адамға тартқан сый-несібесі.

Үйірімен үш тоғыз – олжа көбейсін деген мағынада аңшыларға айтылған тілек. Бұл қазақтың көшпелі мал шаруашылығына қатысты айтылған тіркес. Малдың басын көбейту мақсатында үйірге еркек малдар және тоғыз ұрғашыдан бөлген. Бұл тіркеске қатысты ғалым Ә.Хәзімова: «Аса үлкен сый-құрмет жасағанда, сонымен қатар құн

төлетіп, ерекше айып-жаза тарттырғанда тоғыз-тоғыздан атап көрсетіп, межелік өлшем етіп белгілеуді қалыптастырған» дейді.

Бұл келтірілген мысалдардан еркін тіркестердің негізінде фразеологиялық жасалғандығы аңғарылады. Тілдің ішкі заңдылығына сәйкес тұрақты тіркестің негізгі мағынасы көмескіленіп, ауыспалы мағына бергені талдау барысында айқындалды. Мысалы, қанжығасында жүру, көзі майланды т.б. Халықтың өзімен бірге туып, бірге жасайтын фразеологизмдер уақыт өте келе ішкі мазмұны да, сыртқы құрылысы да өзгеріске ұшырап отырады. Аңшылық өнері ертеден бар. «Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген бір қызық ісім екен бұл жалғанда» деп Абай айтқандай, аңшылық, әсәресе құс салу қазақтың бір сүйікті қызықшылық кәсібі болған.

Аңшылыққа қатысты айтылатын сөздердің мағынасы жеке тұрғанда емес, тек контексте көрініс табады. Аңшылыққа қатысты атаулардың мәнін, мазмұнын ашу, кең тұрғыда қарастыру бүгінгі күн талабынан туындап отыр. Себебі, тіл мен таным, тіл мен мәдениет тығыз байланысты.

2. Аңшылыққа қатысты мақал-мәтелдер. Аңшылық концептісіне қатысты тілімізде мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер, нақыл сөздер мен эвфемистік қолданыстар қалыптасқан.

Ұлттық сөздік қордың кең қабатын құрайтын мақал-мәтелдер аңшылық кәсіпке байланысты тілімізде молынан кездеседі. Мақал-мәтелдердің мол ұшырасуы халықтың тіл байлығынан, салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан мағлұмат береді. Қазақ халқының баға жетпес бай мұрасының бірі – мақал-мәтелдер. Ол – өткеннің куәгері ғана емес, қазіргі тіліміздің де қаймағы, көкке көтерер бейнелі айшығы. «Мағынасыз сөз болмайды, мақалсыз ел болмайды», - дейді халық. Сөз мәйегі мақал-мәтелдердің кез келген өзге халықта да болуға тиіс екенін атам қазақ айтып кеткен. Тегінде, мақал-мәтелдер елдің белгісі, дана халықтың рухани көрсеткіші десек те асыра айтқандық емес. Мақал-мәтелдер халық өмірін, философиялық түсінігін, тіршілік тынысын, ерлік-рухын, әдет-ғұрпын кеңінен қамтиды.

Олай болса, күн көрістің көзі болып, кейін өнердің бір саласына ауысқан аңшылық өнерге қатысты туған мақал-мәтелдерге зер салайық.

Аңшының өзіне байланысты тілімізде қалыптасып кеткен төмендегідей мақал-мәтелдер кездеседі: «Аңшыдан – олжа-сауға», «Жаман мерген құлжа атқан жеріне үш келеді», «Аң таппаған аңшы атынан көреді, ата алмаса мылтығынан көреді», «Аңды не көрінбеген, не ерінбеген атады», «Шын аңшының алдына аңның өзі келеді», «Атқанның аңын – жатқан байланар», «Аңшының кешіккеніне сүйін», «Ақымақтың оғы аңға тимейді, тауға тиеді», «Атасы басқамен аң аулама, Атар да жанына байланар», «Атқанның құсын жатқан байланар», «Атқан мерген емес, тигізген мерген» тағы басқа мақал-мәтелдер бар.

Аңшылыққа қатысты мақал-мәтелдердің ішінде тек аңшыға байланысты ғана емес, сол аңшының аулайтын аңына да байланысты мақал-мәтелдер қазақ тіліміздің қорында жиі ұшырасады. Мысалы, қасқырға қатысты төмендегідей мақал-мәтелдерді тізуге болады: «Бөрі бақауыл, түлкі жасауыл», «Бөрінің аузы жесе де қан, жемесе де қан», «Бөрі азығы мен ұры азығы жолда», «Бөрі көмеді, түлкі ашады», «Бөрі кәрісін талайды», «Бөрі баласын асырағанмен ит болмас», «Бөрік тастап бөріден құтыла алмассың», «Орман бөрісіз болмас», «Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен алады», «Өлі бөріні ит аттамас», «Қасқыр – ауыз, түлкі – құйрық», «Қасқыр қартайса да, қойға әлі келеді», «Қасқырдан қайрат кетсе, Ешкіні «Апа», текені «Жезде», - дейді. «Қасқыр қарызын терісімен өтейді», «Кәрі қасқыр қақпанға түспейді», «Кедей мен бай жолдас болмас, Қасқыр мен қой жолдас болмас», «Қасқыр тойғанына емес, қырғанына мәз», «Қасқырдың жылағаны құдайдың құлағына жетпейді», «Қасқыр ұлысып табысады», «Бөрі аштығын білдірмен – итке жүнін кампайтар», «Қасқырдың ойлағаны – арамдық, қойдың ойлағаны – амандық», «Қасқыр жүйрік – жылыс жоқ, Түлкі жүйрік – дыбыс жоқ, Қоян жүйрік – тыныс жоқ», «Қасқыр байлағанға көнбес, шошқа айдағанға көнбес», «Қасқыр да жолдасына қас қылмайды», «Бөрі қартайса тышқаншыл», «Қасқырды сұрлығы үшін ұрмайды, ұрлығы үшін ұрады».

Аңшылыққа қатысты мақал-мәтелдердің ішінде тек жыртқыш аң қасқырға ғана емес, халық «қу аң» деп атап кеткен түлкі аңына да байланысты мақал-мәтелдер жетерлік: «Көбік қарда түлкі ойнар», «Түлкінің жүрдектігі – терісінің соры», «Бір түлкі жеті бөріні алдайды», «Түлкіні түн асырайды», «Түлкінің қызылдығы өзінің соры», «Түлкінің өз терісі өзіне жау», «Түлкі терісінен жазады, Бай малынан жазады», «Әр таудың түлкісін өз қыраны алады», «Түлкі бөрінің тілегін тілейді», «Арыстандай әлің болса, Түлкідей айлаң болсын», «Қарғаның құдасы көп, Түлкінің жолдасы көп», «Түлкі өз құйрығын куәлікке тартады», «Тазыдан қашқан түлкі, қақпанға тап болады», Түлкінің ақыр тоқтайтыны – ішік сататын дүкені», «Түлкі жатарында жер таңдамайды», «Айдалы түлкі алдырмас» «Ит жүйрігін түлкі сүймес».

Тілімізде аңшылыққа қатысты мақал-мәтелдердің ішінде аң патшасы арыстанға да байланысты мақал-мәтелдерді мол кездестіреміз. Олар төмендегідей болып келеді: «Арыстан айға шауып мерт болған», «Арыстанның ойнынан түлкінің мойны үзіледі», «Қасқырдан сая іздегенше, Арыстаннан пана ізде», «Өлі арыстаннан тірі мысық», «Қорқақ қасқырға жем болғанша, арыстанға жем бол», «Ақырғанның бәрі арыстан емес», «Ұйқы арыстанды да жығады», «Арыстанда бір жігіттің күші, Қырық жігіттің жүрегі болады», «Бақ десең де, шақ десең де жейді арыстан», «Арыстанға түлкі айланы жараспас», «Арыстан мінсең, қылышыңды қамшы қыл», «Құс патшасы –бүркіт, Аң патшасы – арыстан», «Арыстан асқынса айға шабар, Ақымақ асқынса анасын сабар», «Арыстан аш, доңыз тоқ», «Арыстанды тырнағынан танымын, Көк есекті тұяғынан танымын», «Арыстанға темір шынжыр ар емес» тағы да басқа мақалдар бар.

Қазақ аңшылары аулайтын тағы бір аңның бірі – қоян. Қазақ мақал-мәтелдерінің ішінде қоянға қатысты мақалдарды да молынан байқаймыз. Мысалы, «Бір жылда қоян шарқ», «Бір жылға қоян терісі де шыдаған», «Қоянның қарасын көріп, қалжасынан түңіл», «Қашқан қоян жатқан қоянды ала кетер», «Ата білсең ақ қоян, Сата білсең сақтыян», «Қашайын деп тұрған қоянға, "Тәйт!" десе не жарық», «Ай жарық – қоян арық», «Қоян көленкесінен қорқады», «Көкпар тартқандікі, қоян қаққандікі», «Ақ қоян алдырмайды, өрде болса, Ақсақал бас мүжиді, төрде болса», «Екі қоян қусаң біреуін де тұта алмассың», «Қоян туысымен қанжығада табысады», «Қоянмен ойнасаң, шаршарсың, отпен ойнасаң күйерсің».

Аңшылық өнеріне қатысты мақал-мәтелдер қатарынан құланға да қатысты мақалдар тізімін көруге болады: «Құлан қырда, құндыз суда», «Үйірлі құлан көсемсіз болмас», «Алпыс құлан ат болмас», «Құлан қағын қорғайды», «Ордалы құлан ақсағын білдірмес», «Керқұланның қадірін ойда, қырда қақ білер», «Құланның оттауы бірге, жусауы бөлек», «Құлан өз қағынан жерімейді», «Қағынан жеріген құлан қаңғырып өлер», «Құлан қайда семірсе, сол жерге түгін төгеді», «Құлан семірген жеріне жынын шашады», «Бір оқты бұлан көтереді, екі оқты құлан көтереді», «Қақты жердің қадірін құлан білер, Орман-тоғай қадірін бұлан білер», «Құланның қасуына, мылтықтың басуы», «Құлан құдыққа құласа, құлағында құрбақа ойнайды», «Құланға ерген шиеге аунайды».

Мақал-мәтелдерден халықтың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін көруге болады. Сол қазақ халқының өмірін, әдет-ғұрпын танытатын аңшылыққа байланысты мақал-мәтелдерді төмендегідей тізіммен тізуге болады. Мысалы, «Тау текенің тауға шықпаса тұлғы қышиды», «Бір киікті бір тау аш қылмайды», «Киікті көрінбеген атады, не ерінбеген атады», «Балалы марал маңырайды, баласыз марал зарлайды», «Әр таудың шүйгінін аңсаған бұғы аштан өледі», «Тауда жүрген киіктің, көзінен өзге айыбы жоқ», «Бір тауда бір киік», «Балалы арқар баурайды, Баласыз арқар маңырайды», «Киікті құралай білдірер, елді дүрегей білдірер», «Ажалды киік адырға қашады» тағы да басқа.

3. Аңшылық кәсібіндегі эвфемистік қолданыстар. Қазақ өмірінде, әсіресе аңшылыққа қатысты атын тура айтуға болмайтын жан-жануар аттары бар, олар-қасқыр, аю т. б. Мұндай құбылысты тілде табу деп атайды. Табу – кейбір сөздерді, есімдерді, сөйлемдерді атауға тиым салу. Табу құбылысы тілдің магиялық қызметімен байланысты, яғни сөз арқылы қоршаған әлемді өзгертуге болады деген нанымнан туындайды.

Аңшылыққа жиі ауланатын қасқырға қатысты көзқарас екі жақты болып келеді. Біріншіден, қасқыр тотемдік жануар ретінде құрметтелсе, екіншіден малдың жауы, жыртқыш аң деп, аты айтылған жағдайда малға шабады деп түсінген.

Қасқырдың эвфемистік баламасы – бөрі, тік құлақ, қара құлақ, серек құлақ, қар ауыз, ұлыма, көкжал, ит-құс, салпаң құлақ, теріс ауыз, жиен т.б.

Бөріге байланысты қазақ халқының таным-түсінігі, мәдениеті, ырым-жоралғылары туралы тілімізде мол мағлұмат бар. Себебі тілімізде бөріге байланысты айтылатын аңыздар, тотемдік ұғымдар көптеп кездеседі. Бөрі түркілердің ұрпағын құтқарып қалған. Көне қытай жылнамасында түркілердің арғы аталарын Лин мемлекеті талқандайды. Он бір жасар бала аман қалыпты, дұшпандар баланы өлтірмей, тек аяқ-қолын шауып, көлге лақтырады. Оны ұрғашы қасқыр тауып, ет беріп асырайды. Қасқыр баланы алып, Алтай тауына дұшпандардан қашып кетеді. Қасқыр баладан он ұл туып, кейіннен ол он тайпа елге айналады. Ұлдарының ішінде біреуі ерекше ақылды болып, көсем болып сайланып, бөрі атанады.

Енді бір аңыз бойынша аспан рухы қатерден құтқарған ұрғашы қасқыр Алтай өңіріне келіп паналайды да «он ұл» туады. Соның бірі түрік болған және ол барлық түркі халықтарының түпкі, бірінші атасы саналған. Ұрғашы қасқырдың «он ұлы» туралы аңыз Жетісу түркілерінің (оның ішінде Үйсін де бар) он таңпасына мезгейді. Бұл арада бөрі бейнесі қорғаушы тотемін білдіреді.

Көне түркілер өздерінің шығу тегін көкбөрімен байланыстыруы қазақ ақын-жырауларының аузына «бөрелі менің байрағым» деген жолдарды салса, қарапайым халық арасында Көкбөрі рухына арналып жасалатын бәйге түрі көкпар тарту жүргізілген. «Көкбөрі» деген ат спорты ойыны тілімізде дыбыстық өзгеріске ұшырап, қазір «көкпар» деп аталады.

Ұлттық болмыстағы заттар мен құбылыстардың дүниеге келіп танылуы ұрпақтан-ұрпаққа сақталып жетілуі тек тіл арқылы ғана жүзеге асады. Қазақ тіліндегі қасқыр мен бөріге қатысты ұғым-түсініктер ұлттық тіл негізінде пайда болып, ғасырлар бойы халық жадында сақталып, бүгінгі күнге дейін жетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы, 1998. -304 б.
2. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық -мәдени аспектілері. Алматы: Ғылым, 1998. - 196 б.

ӘОЖ 81.364.2

ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЭТНО-МӘДЕНИ СИПАТЫ

Дуйсенова Камар Есбосынқызы

«Қазақ филологиясы» кафедрасының оқытушысы, магистр Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының әйел бейнесіне қатысты қалыптасқан тұрақты тіркестер мен паремиологиялық қордың этномәдени сипаты талданған. «Жолымды кеспе», «қабырғаңмен кенесейін» тұрақты тіркестерінің және «байтал шауып, бәйге алмас», «қызым саған айтам, келінім, сен тыңда» мақал-мәтелдерінің пайда болуын халық танымымен сабақтастықта қарастырылған. Қазақ халқының әйелге байланысты ұғым-түсініктері, қалыптасқан көзқарасы ғасырлар бойғы өмір тәжірибесінде түйінделіп, елпекшеліп, сұрыпталудан өткен.

Кілт сөздер: ұлттық болмыс, әйел, мақал-мәтел, тұрақты тіркес.

Халықтың ұлттық болмысы, менталитеті, дүниетанымы, өмір сүру салты, әдет-ғұрпының айқын көрінісі тілде қалыптасқан тұрақты тіркестер мен паремиологиялық қорда айшықталып, сақталады, баға жетпес рухани құндылық ретінде ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады.

«Жолымды кеспе» тұрақты тіркесі қазақ халқының әйелге қатысты ырым-тыйымдарының бірі негізінде пайда болған. «Бағымды байлап, жолымды тоспа» деген мағынада қолданылады. Бүгінде ауылды жердің әйелдері ер адамның жолын кеспеуге тырысады.

Жәнібек елең етіп қарап еді, бір келіншек пен жастау қыз бастаудан су әкеле жатыр екен. Солар өтіп кетсін деп сәл аялдады. Бірақ аналар орнынан қозғалар емес, тосып тұр. Бұл ештемеге түсінбей аңырып беттеріне қараған.

Өтіп кет, қайным, – деді келіншек күлімдеп, – Жолыңды кеспейік деп тұрмыз. Білмеуші ме ең... Әйелге жолыңды кестірме.

Жәнібек күлді. Аяғын жеделірек басып өте берді. «Міне, нағыз ауыл! – деді ішінен, – қалада болса, жолыңды күніне мың әйел кесіп өтер еді... » (Қ.Жұмаділов «Бақыт жолында»). Қазақ халқының сенімі бойынша, жол жүріп бара жатқан жолаушының жолын әйел адам кессе, оның жолы болмайды деп есептелген. Этнографиялық деректерге қарағанда, жолаушы ер адам жолын әйел адамның, әсіресе айлығы келіп жүрген әйелдің жолын кесуінен қатты қорыққан. Осымен байланысты қазақ әйелдері ер адамның алыстан қарасы көрінгеннен ақ ол өтіп кеткенше қанша асығыс болса да, тосып тұратын болған.

«Жолымды кеспе» тұрақты сөз тіркесінің қалыптасуы мен қазіргі таңдағы мән мағынасында жұмсалыуына жоғарыдағыдай наным-сенімдер негіз болған.

Ал «қабырғаммен кеңесейін» тұрақты тіркесі әдетте әйеліммен, үй ішіммен ақылдасайын деген мағынада жұмсалады. Мұнда «қабырғам» деп әйелін айтып отырғаны белгілі. Христиандардың киелі кітабы «Таураттың» ішіндегі «Жаратылыстың басталуы» атты тарауында құдай көк пен жерді жаратқан соң оларға қатысты барлық табиғат бөлшектерін толықтай жаратады да, топырақтан адам жасап, оған жан бітіріп, алдымен Адам еркекті жаратады. Содан кейін Жаратушы ие «Адамның жалғыз болғаны жақсы болмас, мен оған өзі сияқты біреуді жасап берейін», – дейді. Алайда, Адамға өзі сияқты ешкім де табылмайды. Сонда Құдай адамды терең ұйқыға батырады да, ол ұйықтап жатқан кезде, оның бір қабырғасын алып, орнын етімен жауып қояды. Сонан соң Жаратушы ие жаңағы алынған қабырғадан әйел жасап, оны адамға алып келеді. Сонда адам: «Бұл менің сүйегімнен шыққан ет, ол әйел («әйел» көне еврей тілінде «еркек» деген сөзден құралған) деп аталсын. Себебі, ол еркектен алып жасалған», – дейді. Сондықтан, еркек әке-шешесін тастап, әйеліне қосылады, сөйтіп екеуі бір адам болады [1,51].

Демек, әйел ердің (Адамның) қабырғасынан жаралған деген христиандардың қасиетті кітабы Таураттағы ұғымнан тіліміздегі «әйеліммен кеңесейін, ақылдасайын» дегеннен «қабырғаммен кеңесейін» деген тұрақты тіркес қалыптасқан. Тек бұл емес, Жоғарғы әлемнің билеушісі Өлгеннің қабырғасынан (түркі тілдес халықтардың саян-алтай мифологиясына сәйкес) әйел жаратылған. Ал иран мифологиясында Каюмарс атты алғашқы адамның қабырғасынан екі тамшы пайда болған, олардан өз кезегінде екі бұта жараған. Осыдан соң 9 айдан соң аталған бұталардан алғашқы адам жұбы пайда болған.

Қазақ халқының әйелге байланысты ұғым-түсініктері, қалыптасқан көзқарасы ғасырлар бойғы өмір тәжірибесінде түйінделіп, елеп-екшеліп, сұрыпталудан өткен халық даналығының мәйегі мақал-мәтелдерде сақталған. Қазақ әйелі бейнесінің көрінісін мына мысалдар аңғартады: «Жақсы қатын жүн қарыз алады, жаман қатын су қарыз алады», «Асыл әйел әрі еркек, әрі қатын», «Олақ қатын оймақшыл, Салақ қатын сауықшыл», «Төркіні жақын қатынның төсегі жиылмас», «Ақылды әйелдің ішінде алтын бесікті ұл жатар», «Ердің атын я аты шығарады, я қатыны шығарады», «Жақсы қатын алғанның тойы өз үйінде», «Еріншек әйел опа жағады, ерінбес әйел еңбек табады», «Жақсы әйел асын жасырмайды», «Қапияда қатын ақыл табады, «Әділсіз болса, би оңбас, Әйелсіз болса үй оңбас «Ердің асылы күшінен білінеді, Қатынның асылы ісінен білінеді»; «Атың жақсы

болса, бұл дүниенің пырағы, Қатының жақсы болса, бұл дүниенің шырағы»; «Жақсы әйел теңі жоқ жолдас, түбі жоқ сырлас», «Әділсіз болса, би оңбас, Әйелсіз болса үй оңбас» [2].

Бүгінде жиі айтылатын мақалдың бірі – «Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда». Бұрынырақ оң жақта отырған қызын қадірлеп, үлде мен бұлдеге орап, ойынсауыққа қатыстырып, еркін өсірген қазақ қыз баласына шай құю, кесте тігу сияқты жеңілжелпі істерді тапсырған. Ал үйдің күтімі, басқа да күрделі шаруаларды жеңгелер, келіндер, қызметші әйелдер атқарған. Отбасына жаңа түскен келінге үй шаруашылығы жайын, қонақ күту сияқты дәстүрлерді бүгешігесіне дейін үйретіп, келін тәрбиелеуге көшкен анасы барған жерінде сол тірліктер алдынан шығарын ескертіп, қызы да аталған жайлардан хабардар болып, бірге үйренуін құлаққағыс қылып отырған.

Ал құндылықтар өзгеріп, өзгеге еліктеп, біреудің жасығы біреуге асыл боп көрінетін заманда ене-келін қатынасы өзара түсінушілік пен сыйластықтан өзгеше сипат алғаны жасырын емес. Ене ақылын, тәрбиесін елең қылмайтын, қит етсе төркініне қашып, отбасының берекесін кетірген келіндер шықты.

Келіні бір құшақ отынды пештің алдына тастай салды :

Кеше әкеп қоятын отынды маған тастап, көмір де салмай кетіпті шелектерге. Тамызық та сақталмапты. Бұларға қақсап отырмасаң, орындамайды, қашанғы қақсайсың жаманатты боп. Осы мола маған керек пе екен? – Пештің күлі салынған легенді дәлізге шығарғанша біраз сөйледі. Айғаным мән бермеуге тырысты. Өзіне қыстыға күбірлейді (М.Қожахметова «Жантәсілім»).

Қатты айтсам, көңіліне тие ме деген оймен енелер айтылған сөз жанама түрде болса да келініне жетіп, содан қорытынды жасай ма деген ниетпен енді ойындағысын қызына батыл айтуға көшті. Соның әсерінен аталған мақалдың тікелей және жанама адресаттары орын ауыстырды деп айтуға әбден болады.

Тілімізде кездесетін «әйел» концептісіне қатысы бар мақал-мәтелдерде жақсы әйел мен жаман әйелге қатысты халық көзқарасымен бірге әйелдің қоғамдағы орнына байланысты қазақ қауымына тән стереотиптер де ұшырасады. Мысалы,

Денсаулық ғанибет,
Сырқаулығы болмаса.
Ер жолдасы – қатыны,
Ақ жаулығы болмаса.
Байтал шауып бәйге алмас.

Тумысынан атқа құмар, бүкіл тұрмыс-тіршілігі жылқымен байланысты, оны киелі, қасиетті, айрықша жаратылған түлікке балаған халқымыз ат жарыс, көкпар, бәйге десе ішкен асын жерге қойған. Балаша күтіп-баптап, үкілеп бәйгеге қосқан жүйрігінің жұлдызы жанып, бәйгеден озып келуі оның иесінің де мәртебесін асқақтатып, мерейін асырған. Жауларының Ақан серінің Құлагерін мерткітіру арқылы сағын сындыруы – сондай сандаған мысалдардың бір ғана көрінісі. Ата-бабаларымыз аңшылық, саятшылыққа, түрлі бәйге-байқауға, жорық-жортуылға төзімді, шыдамды деп жылқының еркегін, айғырын баптап мініп пайдаланған. Ал негізгі міндеті жылқы малын көбейтумен айналысатын, құлындайтын ұрғашы жылқылардан гөрі жарауы, бабы келіскен еркек малға басымдылық берілген. «Байтал мінсең, құлын жоқ » деген мақал сондықтан да айтылса керек.

«Байтал шауып бәйге алмас» деген мақалдың әуел бастағы шығу төркіні жоғарыдағы жайлармен байланысты болған. Уақыт өте келе келтірілген мақал ерлермен жарысып жоғары қызметке ұмтылған әйелдерге қатысты жағымсыз коннотацияда айтылған мақалға айналған. Мұнда әйелдің негізгі міндеті мен парызы – дүниеге бала әкелу, соны тәрбиелеу екені басты назарға алынып, ал еркектердің күш-қайраты да, білім-парасаты да әйелден жоғары, уақыты да жеткілікті, сол себепті билікке, жоғары лауазымға сол лайық деген ой аңғарылады. Алайда әлемдегі ауқымды өзгерістер мен қазіргі өмір ағысының әсерінен өндірістік қатынастар саласында қалыптасқан еңбек бөлінісінің дәстүрлі гендерлік жүйесі бірте-бірте өзгеруде. Бұнда қозғаушы басты күш ерлердің кәсібін тез меңгеріп, білім деңгейі бойынша еркектермен теңесе бастаған әйелдер, іскер

әйелдер типі болып отыр. Бүгінгі таңда әйелдердің өздерінің табиғи функциясымен қоса қызметін де абыройлы атқарып, биік лауазымға жетуі үйреншікті жай ретінде саналады. Қазір «Байтал шауып бәйге алмас» мақалы тек ауызекі стильде ғана сирек қолданылуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жылқыбаева А.Ш. Салт дәстүрлердің тілдегі көрінісі. –Өскемен, 2004. –84 б.
2. Толыбаев Қ. Бабадан қалған бар байлық. – Алматы: «Қазақстан» баспа үйі – 2000. – 256 б. – 239 б.

ӘОЖ 81.364.2

ФОЛЬКЛОРДАҒЫ ҚАРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ НАНЫМ-СЕНІМДЕР

Дуйсенова Камар Есбосынқызы

«Қазақ филологиясы» кафедрасының оқытушысы, магистр
Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Фольклор – белгілі бір кезеңдерге пайда болып отыратын табиғи құбылыс. Фольклор халық өмірінен жан-жақты, яғни шаруашылығы, салт-санасы мен әдет-ғұрпынан, наным-сенім, арман-мұратынан мәлімет береді. Қазақ фольклорында қарудың жаугершілік замандағы орны ерекше сипатпен жырланды. Қарудың соғыс құралы ретіндегі қызметі ашылып қана қоймайды, адамзаттың алғашқы наным-сеніміне байланысты бір кездері кең етек жайған, қазіргі уақыттарда көмескіленіп, мотив бойына сақталған ғұрыптар да көрініс табады. Қару – халықпен бірге жасасып, елдігін қорғаймын деген елдің басты құралы ретінде танылған құралдардың бірі. Соғыс құралы деп саналып, ердің асыл заттарының бірі болып табылатын қарудың қасиетіне ел ерекше сенген. Қазақстан жерінің ұлан-ғайыр кеңдігі осы қарудың күшіне байланысты болды десек, артық айтпаған болар едік.

Кілт сөздер: фольклор, қару-жарак, наным-сенім.

Қазақ халқында қару-жаракты қасиетті санаған. Сонымен қоса қаруға көз тиеді деген де сенім болған. Әсіресе, аңшылар қаруы нысаға дәл тимесе қаруына тіл өтті немесе көз тиді деп ойлаған. Қаруға байланысты наным-сенімдер халықтың оған деген сезімін білдіреді. Сондықтан халықта әр түрлі қаруды сақтауға арналған нанымдар болған. "Кедейдің үш баласы" ертегіде қарудың атын тұспалдап айту кездеседі. Мысалы, Үшінші ұл ұстаға барып, "Атам-ай, менің әкем де сіз сияқты ұста еді. Маған қырық темірдің қылауынан "Бір тартар" деп, кездік соғып беруші еді – дегенде, темірші: – Балам, тұра тұршы, – дейді де, қаңылтырдай темірді қырық бір қабат қып бүктеп соғып шығады да: – Балам, мынау жарым тартар болды – деп кездік соғып береді" [1,64]. Қару түрлерін нақты атын атамай, осы сияқты сөздермен беруді Қ.Ахметжанов өз еңбегінде соғыс құралдарына тіл тиеді деген сенімнен туындаған деп түсіндіреді. Сонымен қоса, қару түрлерін берен деген сөздермен алмастырып қолдануды да осы сенімнен туындаған деген тұжырым жасайды. Қаруға тіл тиеді деп ырымдау қазақ халқының да тұрмыс-тіршілігінде бар. Ол туралы ғалым Ш.Уәлиханов еңбектерінде кездеседі. "Егер қазақтарда сүйкімді бал өлсе, жақсы ат жоғалса, алғыр қыран қолдан ұшып кетсе, мылтық бұзылса – олар осының бәрін тіл тигеннен болды деседі".

Қару – атадан-балаға мұраға өтіп отыратын қадірлі зат. Бұл сюжет қазақ халқының "Желкілдек" атты архаикалық ертегісінде сақталған. Жеті жасар Желкілдек жауға аттанарда әкесіне адам жұмсап, "сен менің атама бар, оң батасын берсін, қара қоржынын берсін, семсерін берсін", – дейді. Қаруды бөтен біреуге беруге болмайды. Себебі өзіне айғақ болуы мүмкін. Лұқман хакім жас жігітке үш түрлі ақыл үйретеді: Бірінші, мыңның

түсін білгенше, бірдің атын біл. Екінші, төрде отырып, кейін келгенге орын берме. Үшінші, қасындағы кісіге пышағыңды берме. Осы ақылды дұрыс ұқпаған жігіт пышағын көршісіне беріп, үлкен дауға қалады. Қазірде де осы ырым өз мәнін жойған жоқ. Туыс арасында бір-біріне пышақ сыйлауға, беруді жаман ырым санайды. Себебі, туыс арасында алауыздық туады деп сенеді. Пышақ немесе өткір темір заттарды иесіне көрсетпей ұрлап алуды жөн санайды.

Жалпы соғыстан тыс кездері қару үйдің төріне ілініп тұратын. Бұл біріншіден, қаруды қастерлеудің белгісі болса, екіншіден, қару зиякес тылсым күштерді жолатпайды деген түсініктен болса керек. Халық шығармаларындағы "төрде семсер ілулі тұр екен" деген сипаттамалары да осыны білдіреді.

Қарудың қынсыз жалаң тұруы жаман ырым саналады. Жалаң қаруды тек салтқа бағынбайтын, қарақшы типтес адамдар ұстайтын болған. Жалаң қылыш ұстаған адамнан шошынатынын сондықтан. Қаруын жалаң ұстап үйренген адамдар еш нәрседен тайынбайтын найсап образын еске түсіреді. Қылышты жалаңаштап ұстау есер адамдардың ісі. Қазақ халқында "Қынапсыз қылыштан шошын, күтпеген ұрыстан шошын" деген мақал осыны аңғартса керек. Егер батырлар бір шешімге келіп, достық ниет танытса, басындағы дулығасын алып, атынан түсетін болған. Бұл тұрғысындағы ой батырлық жырларды оқығанда келді. "Аңшыбай батыр" жырында батырдың ерлігіне, өрлігіне мойынсұнған қарсыласы Аюбай дос болуға ұсыныс жасайды: сонда Аюбай атынан түсе қалды, басындағы дулығасын қолына алды [2,43].

Қарудың магиялық қасиетіне сену ол арқылы зиянкестерді қууға болады деген түсінікке бастау болған. Осы мақсатта ғұрып фольклорының бірнеше жанрына қару-жарак аатулары енген. Өлімнің бейнесі халық прозасы жанрларында "ажал оғы" тіркесімен өрнектеледі. Бұл жоғарыда айтылған халықтың найзағайды хақтың оғы деп түсінуімен байланысты. Ажал тек садақ оғымен салыстырылады. "Құрым сары айғыр мен сыншыл шолақ қасқыр" атты жануарлар жайындағы ертегіде аңшы адамдарды көргенде қасқыр "ажал оғы жеткендей сезінеді" [2,83]. "Ажалды оқ" деген қолданыс "Қобыланды батыр" жырында да бар. Жауға аттанған Қобыланның артынан қалмай зарлаған Қарлығаш ағасының ажалын өзіне аудармақшы болады. Бұл эпизодта дерт көшіру элементі бар сияқты. Мысалы, "Сізге деген құдайдың маған тисін ажалды оқ!". Бұл үзіндіде Қарлығаштың ағасына деген ажалды өз басына аударғысы келіп тұрғаны анық байқалады. Ежелгі халық түсінігі бойынша дертті көшіруге болады деген наным-сенім болған. Қобыландыны жеті рет айналып, зарлап жүтірген Қарлығаштың іс-әрекетінен осыныны аңғаруға болады. Бұл жырда ежелгі дерт көшіру ғұрпының элементі көрінеді. Соның ішінде ажалды өзіне көшіру мақсаты бар.

Бәдік мәтіндерінде де қару-жарак атаулары кездеседі. Бәдіктің жанрлық ерекшелігіне байланысты қару ауру иесін қорқыту, батыр образын жасау мақсатымен енген. Бәдік мәтіндерінің аз сақталуына байланысты бірнеше мәтіндерден ғана алынды: "Бәдік десе біз келдік шатырдай боп, Қаны тамған қылышынан батырдай боп" деген үзінділер дәлел [2, 43]. Ауру, індеттің тарқауы қаскөй күштердің әсерінен деп білген Жаңа Британия тұрғындары қолдарына ағаштың бұтағын немесе келдек ұстап, айлы түнде далаға жапа-тармағай лап қойған, жан-жағын, маңайын түгел ұрғылап, таң атқанша шуласқан. Батыс Африкадағы Алтын жағалау тұрғандары жұқпалы аурулар эпидемиясы кезінде шоқпар, сойылмен қаруланып, түн ішінде құлақ тұндырған шумен үйлерді сабалаған. Ниас аралының жұрты қолына қылыш алып, оңды-солды сермеген, дамылсыз дабыл қағып, қатты айғай-шу шығарған. Жоғарыда келтірілген мысалдарда қолға қару (бұтақ, келдек, сойыл, шоқпар) ұстап, оларды әрі-бері сермеудің, шапқан, ұрған, сабаған болып қорқытудың да мәні үлкен екендігі көрінеді. Бірақ бәдіктің кейінгі даму сатысында бұл ғұрып біртіндеп ұмытылған. Қолға қанжар, қылыш ұстап, оңды-солды сермеу, дабыл қағу, қамшымен сабау әдеттері біртіндеп бақсылыққа ауысқан. Темірден жасалған заттардың әртүрлі ғұрыптарды атқаруда кең қолданылатыны белгілі. Ол темірді, одан жасалған заттарды қасиетті санағандығынан. Қарудың зиянкестерді қуатын ерекшелігіне

халық сенген. "Ағаш ат" деген ертегіде ағаш атқа мініп ұшып кеткен адамды көргенде "сиқыршыдан құдай құтқарды. Бабамнан қалған найза, қылыштың қасиеті кем бе, үрейі ұшып көкке көтеріліп кетті" – деп қуанады [2, 15]. Бақсы сарыны батырлық жыр негізінде пайда болған деген пікір негізінде, жыр мазмұндарындағы қару атаулары жын образын асқақтатып суреттеуде көркемдік тәсіл ретінде енген деп тұжырымдауға болады. Сонымен қатар, зерттеуші ғалымдар бақсы ойынын суреттеген жазбаларда қарудың өзі де ғұрыпты атқару құралы ретінде қатысатынын көрсетеді. "Төрт дәруіш" атты ертегіде темірдің пәлекетті қуатын қасиеті туралы анығырақ айтылады. "Көсеу темірді отқа қыздырып, "бісміллә" деп аурудың басына апарсаң мойнына жабысып тұрған кенедей дерт темірдің басына жабысып шығады". Бақсы ойын көрген зерттеушілердің естеліктерімен салыстыра қарағанда, ертегіде кездесетін осы сюжет бақсы ойының нақты сипатын беретінін көруге болады.

Ертегілерде серттен тайғандарды жазалайтын мынадай тәсіл көрінеді: "Хан он бес шақырым жер өткірлігі алмастай екі темір жүргізді. оның бір жағы от, бір жағы қайнаған су. Бақпай екеуі бірінен соң бірі осы темірдің үстімен жүрмекші болды. Кімде-кім темірден тайып кетсе, ол не отқа не суға түсіп өлешақ. Әуелі Бақпайды жіберіп, ханның өзі соңынан жүрді, бірақ ханның ойлаған залым пікірі болмады. Көзді ашып-жұмғанша Бақпай атымен темірден өте шықты. Хан баласы "ақсүйек", өзі хан, халық алдында темірден өтуге шарт жасады, орта кезге бара бергенде, екі көзі алақтап, тісі ақсиып, құлаған теректей, күрілдеп жанып жатқан отқа шалқасынан дүре түсті, дүниеден өтті. Міне, осылайша жауыз хан өзіне-өзі орды қазып, қаза тапты, арам ниеті өзіне көрінді" [1, 99]. Халық түсінігі бойынша адал адамға құдай жақ, оған атқан оқ өтпейді. Егер адамның ойы арам болатын болса, кез келген қанғырған оқ тиіп мерт қылады. Эпостық жырларда жекпе-жек кезінде қарсыластар біріне-бірі оқ жаудырып, кескілескен ұрыс қимылдарына көшеді. Жаңбырша жауған оқты арасында жүрсе де, халық батыры аман қалады. Эпостарда жиі кездесетін "ақ сауыттан өтпеді, адал жанға жетпеді" деген жолдардағы "адал жан" деген тіркес көп нәрседен хабар береді.

Қару атысу арқылы сөзге тоқтау, тоқтамға келу – қарудың қасиетіне сенгеннен туындаған секілді. "Көкжан батыр мен айдаһар" ертегісінде анадайдан қара жігітті көрген батыр ата бастайды, бірақ қанша оқ атса да дарымайды. Ата-ата оғы таусылады. Бұның себебі, қара жігіт өзінің артында қалған еш күнәсі жоқ баласы болады [2, 24]. Адал адамдарға өлім жоқ. Егер де асығыстық жасап күнәсіз адамды өлтіріп алғанымен, тірілтуге мүмкіндік бар. "Әйеліммен ойнадың деп ашу үстінде інісінің басын қылышпен қағып түсіріп, қателігін түсінген соң шөппен емдеп тірілтіп алады [2,87]. Арамдық ойлап, алдап үйіне шақырып басын алмақшы болған жендеттердің өз қаруларынан өздері қаза болатындығы айтылады. "Сонда екі босағада тұрған екі жендет адам екен деп, тұмақты шауып қалады. Қамшыдан тайған қылыш екпінмен жендеттердің өздерін шабады". Арамдық ойлаған адам өзінің қазған орына өзі түседі не өз қаруынан өзі қаза табады. Тарихи деректерде де майдан даласында шепті бұзып, айқаста осалдық танытқан жауынгерлер, батырлар жазаланатын болған. Кенесары ондай адамдардың басын қылышпен тілдіріп жазалаған, оны "шік" деп атаған. Қару жазалаушы қызметінде көрінген сәтте көбіне, адалдықтан ауған, серттен тайған, сатқын адамдарды жазалаған. Соғыс кезінде жауынгерлердің адалдығы, сертке тұрақтылығы аса қажет болған.

Түркі халықтарында жерлеу ғұрпында қаруды сындыру салты болған. Халқымызда адам өлген үй найзаға қара байлап немесе сындыратын ғұрыптың боланын этнография саласын зертеушілер айтып жүр. Қазақтарда өлім белгісі ретінде тудың ағашын немесе найзаның сабын сындыратын ғұрып болған. Ы.Алтынсарин «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі» атты этнографиялық еңбегінде осы дәстүрді жақсы ашып көрсетеді. «Өлген адамның ертұрмандары, киімдері, қару-жарақтары және басқа жақсы заттарының бәрі үй ішінде ілулі тұрады. Үйдің сол жағында ұшы сыртқа шығарылып ұзын найза қойылады. Найзаның ұшына үлкен орамал байланады, егер өлген адам жас болса – қызыл, орта жастағы болса –

кара, қарт болса – ақ орамал байланады. Мұның мәнісі – бұл үйде қандай жастағы адамның өлгенін осы белгі бойынша жүргіншілерге білдіру. Бұл заттардың бәрі кейде бүкіл жыл бойы сол қалпында тұра береді. Бәйгеден кейін қонақтар тарайды, өлген адамның үйіне ілініп қойылған заттардың бәрі жиналып алынады, ұшына белгі тағылған найза сындырылады» [2,63]. Адам өлген соң оның жаны өзіне жақын заттарға сақталады деген түсінік –«тұлдау» салтының негізі. «Тұлдау салтының мәнісі мынадай: қайтыс болған адамның қымбатты сырт киімдерін сыртына қаратып ілу, ер-тоқым әбзелдерін жинап, ұйғарған орынға қою, мінген атының жал-құйрығын күзеу, оған осы заттардың арнайы таратылуы, асына жылқысының сойылуы, найзасының майыстырылуы, ең соңғы «жылап-сықтау» [2, 60–72]

Тұжырымдай келгенде, қарумен аластау қаруды қасиет тұту, қорғаушы мәнінде ұғынудан туындаған. Дерт көшіру ғұрпында қарумен сабау, шабу сияқты қимылдар көрсете отырып, зиянкестерді қорқыту мақсат етілген, яғни аластау қызметі бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. – Алматы:Арыс, 2006.- 166б.
2. Толыбаев Қ. Бабадан қалған бар байлық. – Алматы: «Қазақстан» баспа үйі – 2000. – 256 б.

ӘОЖ 94(574)(045)

АҚПАН БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ТӨҢКЕРІСІ КЕЗІНДЕГІ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Исаева Ләззат Нығметқызы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы

Андатпа. Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында сөз болған «Туған жер» бағдарламасының, патриотизмді қалыптастыру шарттарының бірі – тарихи сананы арттыру екені белгілі. Мақалада осындай маңызды тарихи тақырып –XX ғасырдың басында Ресейдің отары болған Қазақстандағы Алаш зиялыларының 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі қоғамдық-саяси қызметі, олардың Алаш автономиясын құру жолындағы әрекеттері қарастырылады.

Кілт сөздер: патриотизм, Алаш партиясы, Алаш зиялылары, Құрылтай жиналысы, Алаш Орда, Жалпықазақ съезі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылы жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қазіргі күннен күнге өзгеріп отырған әлемде, бағыты бұлыңғыр, жаңа тарихи кезеңде дамыған елдермен қатар болу үшін санамызға сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылып, заманның жағымды жақтарын бойымызға сіңіріп, өзгеруіміздің қажеттігін айтты. Әр қоғамның өзінің тамырын тереңнен алатын рухани коды болады. Жаңғырудың басты шарты – сол ұлттық кодты сақтай білу. Тұңғыш Президент бүкіл қоғамның, әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы сияқты бүкіл қоғамның, әрбір қазақстандықтың санасының жаңғыруының бағыттарына тоқтады, сондай-ақ қоғамдық сананы жаңғыртудың жобаларын сөз етті. Сондай жобалардың бірі – «Туған жер» бағдарламасы, патриотизм. Патриотизм туған жеріне, өскен ауылына, қалаң мен өңіріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады. Жастар бойында патриотизмді

тәрбиелеудің бір жолы – олардың тарихи санасын арттыру екені белгілі. Біз сөз еткелі отырған тақырып, Қазақстан тарихының өзекті тақырыптарының бірі – Алаш қозғалысының тарихы, XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі тақырыбы.

1917 жылғы Қазандағы большевиктік төңкеріске қарағанда Ақпан төңкерісін қазақ мәдени элитасы қолдаумен және түсіністікпен қарсы алды. Бұқаралық сана үшін Ақпан төңкерісі партиялық құрылыс процесін басып озған азаматтық құқықтар мен демократиялық бостандықтарға қол жеткізудің мүмкіндігін дәл түсініп-сезінуге, бірігушілік көңіл-күйлердің өсуіне итермелеген фактор еді. А.Байтұрсынов атап көрсеткендей, «қырғыздар төңкерісті дұрыс түсіне білді және қуанышпен қарсы алды, себебі, біріншіден, ол оларды патша үкіметінің езгісі мен зорлық-зоблығынан құтқарды және екіншіден, өздерінің асыл арманы – дербес түрде басқаруға қол жеткізуге деген үмітті күшейтті» [1, 214].

Мәдени элитаның бірқатар өкілдерін Уақытша үкімет жауапты қызметтерге, оның ішінде бұрынғы губернаторлар орнына облыстық комиссарлар етіп тағайындаса да, бұл олардың үкіметтің саясатын мүлтіксіз, бұлжытпай жүргізуіне әкелген жоқ. Кадеттермен арадағы айырмашылықтармен қатар маңыздырақ басқа да үрдістер көрінді.

Біріншіден, 1917 жылғы көңіл-күй қазақ ұлтының автономияға деген ұмтылысымен сипатталды, қоғамдық санада еркіндік идеалдары мен өзін-өзі билеу мәселелері басты орын алды.

Екіншіден, 1917 жылдың наурыз-сәуір айларында өткен облыстық қазақ съездерінде қазақ ұлттық демократтарының кадеттердің саяси ықпалына тәуелсіздігін көрсеткен түрлі саяси талаптар ұсынылды. Торғай және Орал съездері федеративтік демократиялық республиканы жақтады және кадеттердің конституциялық монархия құруға деген бағдарын қабылдамады.

Үшіншіден, 1917 жылы 21-28 шілде аралығында Орынбор қаласында өткен І-Жалпықазақ съезінде «Алаш» партиясының ұйымдық жағынан құрылуы жүзеге асты. Осы съезде 14 мәселе бойынша, олардың ішінде Ресейдің мемлекеттік құрылысының формасы (парламенттік федеративті республика) қазақ облыстарының автономиясы, қазақ тұрғындарын жерге орналастыру, дінге деген қатынас, қазақ әйелінің жағдайы, Құрылтай жиналысына сайлауға дайындық сияқты маңызды мәселелер бойынша шешімдер қабылданды.

Мәдени элита сол кезеңде ұлттың көшбасшысы болып, мүдделерді шоғырландырып, оларды пікірталастар арқылы келістіре алды және олардың арасында басымдықтардың сатысын орнатты. Бұл міндетті орындау осы кезеңге дейінгі жинақталған саяси тәжірибенің негізінде жеңілденді. Мәселелердің осылайша қойылуы сол кезеңдегі мәдени элитаның Еуропа мен Ресейдің демократиялық көзқарастарына ашық болу, күн тәртібіндегі өткір қойылған әлеуметтік, саяси, мәдени, экономикалық және аграрлық мәселелерге көңіл аудара білу қабілеттерін аша түсті. Либералдық-демократиялық көзқарастар оларды Қазақстанның нақты жағдайлары мен ерекшеліктеріне қарай қолдану қажеттігімен үйлестірілді. Қазақ қоғамының түрлі топтарының мүдделерін жақындастыру және үйлестіру, қабылданып жатқан ұсыныстар мен іске асырылып жатқан іс-әрекеттердің мәнін үгіт-насихат жұмыстары арқылы түсіндіру міндеттері қойылды.

Ресейдің Құрылтай жиналысына сайлау алдында жарияланған «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасында ең басты міндеттер ретінде жалпыға бірдей сайлау құқығы, пропорционалды түрдегі ұлттық өкілділік, президенті және заң шығарушы Думасы бар демократиялық Ресей федеративті республикасы, Ресей құрамына кіретін автономиялардың теңдігі, демократиялық бостандықтар, шіркеудің мемлекеттен бөлінуі, тілдердің теңдігі және т.б.

1917 жылы қарашадағы Құрылтай жиналысына сайлауда «Алаш» партиясы көпшілік дауыс алып, 43 депутаттық орынға ие болды. Құрылтай жиналысына сайлау

кезінде жинаған дауыстың саны бойынша (262404 дауыс) ол Қазан төңкерісі қарсаңында Ресейде әрекет еткен елу шақты партиялар арасында сегізінші орында болды [2, 100].

Қазақстандағы Алаш Орданың беделінің өсуін бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайлаудың қорытындылары да дәлелдейді. Семей уезі бойынша Алаш тізімі сайлаушылардың ең көп – 85,6% дауысын жинаған, ал Семей қаласы бойынша бұл көрсеткіш – 33,3%. Уезд бойынша Алаштан кейінгі үш орынды эсерлер, казактар және большевиктер алса, ал қалада большевиктер бесінші орында болған, тек Семей гарнизонында олар жеңіске жеткен (51,3% дауыс). Торғай және Орал округтерінде Алаш тізімі сайлаушылар дауысының 75%-ын алған, ал Жетісу уезінде басқа мұсылмандармен бірге – 57,5%. Жалпы алғанда, Әлихан Бөкейхановтың мәліметтері бойынша, Құрылтай жиналысына 43 Алаш қатысушысы сайланған, олардың ішінде Ә.Бөкейхановтың өзі де бар, сонымен бірге Ж.Ақпаев, А.Байтұрсынов, А.Бірімжанов, С.Дощанов, Ж. және Х. Досмұхамедовтар, М.Тынышпаев, М.Шоқай және т.б.

1917 жылы желтоқсанда өткен II Жалпықазақ съезінде «Алаш Орданың» Жалпықазақ уақытша халық кеңесі құрылды (яғни іс жүзінде қазақ жерлерінің «Алаш» автономиясының үкіметі), оның міндеті «Алаш» автономиясын жариялау, Жалпыресейлік Құрылтай жиналысында оның конституциясын бекіту болды.

1917 жылы ақпанда патша өкіметі құлатылғаннан кейін ұлттық өзін-өзі билеу органдары ретінде барлық жерлерде қазақ комиеттері құрылған. Олар ұйымдастырған облыстық, кейін 1917 жылы 21 - 28 шілдеде Орынборда өткізген I Жалпықазақ съезі жаңа демократиялық билікті қолдады. Соңғы съезде ұсынылған Ресей демократиялық федерациясының шеңберіндегі облыстық аумақтық ұлттық автономияны талап ету бүкіл елде оянған орталықтан бытырауды жақтаған күштердің ықпалын көрсетті, алайда олар қандай да болсын нақты әрекеттерге және формаға ұласпады. Алайда көп ұзамай Алаш көшбасшысы Ә.Бөкейханов жалпыресейлік кадеттер партиясының (халық еркіндігі партиясы) Орталық Комитетінің құрамына енгізілуіне қарамастан, бұл партиядан шықты және өзінің бұл шешімінің басты себептерінің бірі ретінде «кадеттер партиясы ұлттық автономияға қарсы. Ал Алаш туы астына жиналған біздер, ұлттық автономия құруға шешім қабылдадық», - деп 1917 жылғы желтоқсандағы «Қазақ» газетінде өз позициясын түсіндіреді [3, 268-269].

Автономияны жақтаушылардың басшысының бұл позициясы ол кезде идеяны жүзеге асыру бағытындағы нақты қадамдармен бекітілмеді. 1917 жылы 8 -17 қазанда Томбыда өткен I облыстық Сібір съезінде ол былай деп мәлімдеген болатын: «Біз Сібірмен бірге өзін-өзі билеуге қол жеткізгіміз келеді». Съезд Сібір автономиясының құрамына «бүкіл Қырғыз өлкесін мекендеген тұрғындардың өз еркін білдіру арқылы өлкені енгізуді жақтады». Бұл жерде революцияға дейінгі кезеңнен бастап және 1917 – 1918 жылдары қазақ ұлтшылдары мен сібір облыстық күштерінің арасында объективті себептерге және саяси прагматизмге негізделген тығыз байланыс орнағандығын айту қажет.

Сібір облысшылдығының беделді өкілдерінің бірі, казактар «қасиетті рухты ақсақал» деп атаған, казактардың тұрмысын, салт-дәстүрлерін, фольклорын және әдет-ғұрыптарын зерттеуге өзінің көптеген жылдарын арнаған Г.Н.Потанин сол күндері былай деп жазған болатын: «... қырғыз бағдарламасы өзін-өзі билеу мәселесіне келіп тіреледі». Сібірге қарағанда Қырғыз өлкесі өзінің саяси және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктеріне байланысты «біртұтас жалпы дене» болып табылады дей келе, ол автономия құруға батылы бармаған «қырғыз халқының көсемдерінің» реализмін атап көрсетті. Оның пікірінше, Алаш көшбасшылары үшін автономия мәселесі «қырғыз халқында жаңа тәртіптер ретке келтірілгеннен кейін, ... қырғыз зиялыларының саны артқаннан кейін ғана негізгі мәселеге айнала алады». Олардың Сібір автономиясының құрамына кіруге деген ұмтылысын мемлекеттілік бағытындағы дайындық, ұлттың саяси және мәдени артта қалушылығын жою кезеңі деп қарауымен түсіндірді. Олар үшін

мемлекеттік құрылыстың тиімді формасы «туыс автономия емес, түрлі халықтардың бейбіт қатар өмір сүруін қамтамасыз ететін жерге бекітілген автономия».

Съезд президенттік басқару формасындағы Ресей демократиялық федеративті республикасын және оның құрамына басқа да халықтармен бірге қазақ автономиясын енгізуді, ұлттық теңқұқықтылықты қамтамасыз етуді, ана тілінде «әдетке сай» сот жүргізуді ұйымдастыруды, прогрессивті табыс салығын, шіркеудің мемлекеттен бөлінуін жақтады. Автономия «казак-қырғыз тегі бір, бірыңғай мәдениеті, тарихы бар және тілі бір тұрғындар басым болған» облыстарды біріктіруі тиіс еді [4, 73-75]. Осылайша, бұл жерде шоғырланған этникалық қауымдастық ретіндегі ұлтты түсінудің маңызды белгілері бөліп көрсетілген болашақ ұлттық-мемлекеттік құрылымның белгілері анық көрінеді.

1917 жылы сәуірде өткен облыстық қазақ съездері жер-жерлерде жалпыдемократиялық және маңызды ұлттық талаптардың қосылуынан туындаған шешімдер қабылдады. Соғыс пен сыртқы саясат мәселелерінде олар Жұмысшылар мен солдат депутаттарының Петроград Кеңесінің платформасын қолдады; жер мәселесінде монастырь және басқа да жеке меншік жерлерді тәркілеуді, ал басқаруда – қазақтарға міндетті түрде кең аумақтық-ұлттық автономия берілген федеративті демократиялық республиканы жақтады.

1917 жылы 1-11 мамырда Мәскеуде І-Бүкілресейлік мұсылман съезі өтті, оның жұмысына Қазақстаннан Ж.Досмұхамедов, Х.Досмұхамедов, Г.Әлібеков, К.Жаленов, рухани тұлғалар Ғұбайдулла ишан және Дәулетов ишан, заңгер Уәлихан Танашев, студент Шафкат Бекмұхамедов және баспашы Көлбай Тоғысов қатысты.

Съезді ұйымдастырушылардың бірі Ахмет Цаликов меньшевиктердің платформасына негізделген шешімдерді өткізуге күш салды, алайда оның бұл әрекеті ұлттық шет аймақтар, әсіресе Қазақстанның, Әзірбайжанның («Мусаваттың» көшбасшысы Мамед-Эмин Расул-заде) және Түркістанның (Ұбайдулла) өкілдері тарапынан қарсылыққа кездесті. Шет аймақтардағы көптеген басқа да қозғалыстар сияқты олардың барлығы да эсерлерге жақын болып, «өздері үшін аумақтық автономияны, ал бүкіл Ресей үшін федеративті республикалық құрылысты талап етті».

Мәселені талқылау өткір және қызу түрде жүріп, делегаттардың тізімі бойынша жеке-жеке дауыс беруге дейін барды. «Шет аймақтағылар» үстем болып, Ресейдің шет аймақтардың: Қазақстанның, Өзбекстанның, Башкирияның, Әзірбайжанның, Қырымның және т.б. аумақтық-ұлттық республикаларға айналуын өздері анықтайтын федеративті республикаға ұласуы туралы қарар қабылданды. Делегаттар оларды қарсы алуға келген кадет партиясының көрнекті өкілі князь П.Д.Долгоруковты съезден қуды және жалпы съезд кадеттерден қол үзді. Сол кезде Бүкілресейлік мұсылман кеңесі және А.Цаликов (комитеттің төрағасы), қазақтардан Д.Досмұхамедов (төрағаның орынбасары), В.Танашев және т.б. кірген оның атқарушы комитеті.

1917 жылы 21-28 шілде аралығында Орынбор қаласында өткен І Жалпықазақтық съезі мынадай қарар қабылдады: «... Ресейде демократиялық федеративті парламенттік республика болуы тиіс» және «қырғыз облыстары ұлттық ерекшеліктері мен тұрмыстық жағдайларына байланысты облыстық автономия алуы тиіс», сонымен бірге қазақтардың аты аңызға айналған ата-бабасының Алаш деген атауымен аталған «дербес қырғыз саяси партиясын» құруы тиіс. Партияның бағдарламасын дайындау съездің тапсырмасы бойынша А.Тұрлыбаевқа, А.Сатпаевқа, В.Танашевқа, А.Байгуринге, Ж.Досмұхамедовке, Н.Маметовке, М.Шоқайға және Г.Оразаевқа тапсырылды. Жоба облыстық қазақ комитеттерінде талқыланып, Құрылтай Жиналысының ұлттық депутаттарының жиналысымен бекітілуі тиіс болды. Алайда оқиғалардың тез өрбуіне байланысты болуы керек, комиссия бұл шешімді жүзеге асыра алмады. 1917 жылы 5 қазанда «Қазақ» газеті Алаш партиясының бағдарламасын жасағандығын хабарлады: «Төмендегі 15 қазандағы Жанша Досмұхамедовтың хатына қарағанда, өкілдер ... әлі күнге дейін келмеген. Оның (Досмұхамедовтың) жолдастары үйлеріне кеткен және барлық комиссияда бір ғана Досмұхамедов қалған, оған партия бағдарламасын жасауға уақыт жоқ болып көрінген».

Ақырында, 1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде жарық көрген партияның бағдарламасын Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, И.Ғұмаров, Т.Жаждыбаев, А. Бірмақанов жасаған.

Автономияны құру себебін анархия мен басталған азамат соғысы жағдайында халықты қорғауға деген ұмтылыспен түсіндірген және бұл мемлекеттік институттардың жаппай күйреуі және орталықта да, жергілікті жерлерде де басқарудың күйреуі жағдайындағы өзін-өзі сақтап қалудың табиғи реакциясы болды. Мұндай құбылыстар казактардың өзін-өзі басқару аумақтарында және 1918 жылдың ортасына қарай құрылған 20-дан аса түрлі үкіметтер мен автономиялар құрылған Ресейдің барлық аймақтарында да көрініс берген. Түркістан комитетіндегі Уақытша үкіметтің комиссары И.Н.Шендриков, Алаш қозғалысының мүшелерінің қатысуымен пайда болған Түркістан (Қоқан) автономиясының жариялануын былай деп бағалаған: «Түркістан автономиясы идеясының мәні неде, бұны түсінгендер аз еді... Автономияны құрушылардың өздерінің биліктің өкілеттілігінің шегі, жарияланған автономияның құзіреттілігі туралы түсініктері аз болды. Оларды істің материалдық-құқықтық жағы: қаржы, әскери күш және т.б. мәселелер аз толғандырды. Түркістан қоғамының қалың топтары автономияның жариялануын, ең алдымен, Ташкентте өзін көрсетіп, ол кезде өз ықпалын жүргізуде әлі табысқа жетпеген, әлі кеңестерге тиесілі болмаған Түркістанның басқа қалалары мен облыстарына өз билігін таратуға тырысқан большевиктік биліктің жүгенсіздігі мен анархиясына қарсы ұйымдасқан наразылық ретінде қарады» [5, 7].

1917 жылдың соңында Алашордалықтар дағдарыстан конституциялық жолмен шығу ұмтылыстарын байқатты және легитимді ұлттық құрылтай жиналысы негізінде автономия жариялауға, одан әрі оның конституциясын Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы арқылы бекітуге бағыт ұстанған болатын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. А., 1995.
2. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. М., 1994.
3. Бөкейханов Ә. Шығармалар. А., 1994 // Мен кадет партиясынан неге шықтым. «Қазақ» газеті. 1917, 23 желтоқсан, № 256.
4. Алаш-Орда. Сб. документов. Кзыл-Орда, 1929.
5. Аманжолова Д.А. Этнос и власть в России: очерки истории и законотворчества. XX век. Т.П. Киров, 2003.

ӘОЖ 94(574)(045)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ПРОЦЕСТЕР

Исаева Ләззат Нығметқызы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы

Андатпа. Мақалада Қазан төңкерісінен кейін большевиктердің билігі жағдайында қазақ ұлттық-либералдық зиялыларының Ресейдің отарлық шет аймағы болған Қазақстанда демократиялық бастамалар негізінде ұлттық өзін-өзі билеу идеясын іске асыруға тырысу әрекеттері, олардың сәтсіздікке ұшырауы, оның орнына тоталитарлық мемлекеттің құрылуы туралы сөз болады. Осы жүйенің, большевизмнің идеологиялық қарсыластары болған қазақ элитасының білімді, жоғары интеллектуалды бөлігінің репрессия ұшырап, тоталитаризмнің құрбанына айналуы туралы қарастырылады.

Кілт сөздер: большевиктер, ұлттық-либералдық зиялылар, ұлттық автономия, Алаш Орда, тоталитаризм, репрессия.

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін, теориялық жағынан болса да, Қазақстанның алдында демократиялық жолмен даму мүмкіндігі пайда болды. Тарихи сценарийдің мұндай нұсқасы 1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде алғаш рет жарияланған «Алаш Орданың» бағдарламасында анықталған болатын. Ә.Бөкейхановтың басшылығымен құрылған қазақ кадеттері партиясының бағдарламалық мақсаты туралы да осыны айтуға болады. «Алаш Орданың» бағдарламасынан мемлекеттік құрылыс жүйесіндегі құқық пен заңнамалық органдардың басымдылығы анық және нақты көрінді. Онда былай деп жазылған болатын: «Заң алдында барлық адамдар тең. Құдайдан кейінгі ең күшті би мен сот болып танылып, барлық адамның солардың үкіміне мойынсұнуы тиіс» [1, 89]. Сот, құқық, бұл жерде «әділеттілік», «құдайдың алдын-ала жазмышы» сияқты жалпыадамзаттық ұғымдардың синонимі ретінде анықталып тұр.

Бағдарламаның тарихи маңызы сонда, ол алғаш рет қазақ тарихында демократиялық жолмен даму, құқықтық мемлекет құру мүмкіндігін ашты. Яғни сөз, жетпіс жылдан аса үстемдік кеңестік дәуірден кейінгі, қазіргі Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан мәселелер туралы еді.

«Алаш» партиясы Қазақстандағы «ұлттық автономия» ұранын алғаш рет жүзеге асырушы болды.

Ресейде билікке большевиктер келгеннен кейін, партияның басшылары кеңес үкіметімен диалог жүргізуге ұмтылды. Большевиктердің идеологиялық догмаларына қарамастан, ұлттық-либералдық қозғалыстың көшбасшылары большевиктердің «Ресей халықтары құқықтарының Декларациясында» жарияланған ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын, тіпті бөлініп, дербес мемлекет құруға дейінгі құқығын беру жөніндегі өз бағдарламалық міндеттемелерін ашық түрде жоққа шығармайды деп үміттенді. Алайда бұл жалған иллюзия болатын, себебі, сол кезден-ақ, ұлттық мәселе бойынша өз теориялық қондырмаларында айтылғандарға қарамастан, большевиктердің бұл құқықты тек қана пролетариат диктатурасы тұрғысынан қарастыратындығы белгілі болды. Дегенмен де, 1918 жылы наурыздың аяғында Мәскеуге Орал қаласынан алаштықтардың делегациясы (Жанша және Хәлел Досмұхамедовтар) жіберілді, олар Ленинмен және ұлт істер жөніндегі халық комиссары И.В.Сталинмен кездесті. 1918 жылы сәуірдің басында Ә.Бөкейханов, Х.Ғаббасов және А.Ермеков Ленин және Сталинмен тікелей келіссөздер жүргізді. Бұл кездесулер барысында бір ғана мәселе көтерілді, ол – аумақтық-ұлттық автономия мәселесі еді. Алайда Алаштың бағдарламалық қондырмалары большевиктік көшбасшылар тарапынан қолдау таппады. Бұл түсінікті де еді, себебі, ұлт зиялылары Ресей Демократиялық Федеративтік республикасы құрамындағы ұлттық автономия туралы сөз қозғаған болатын. Большевизм идеологтары ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерін кеңестік империя шеңберінде ғана шешуді ойлады. Олар федеративтік құрылыс идеясын шет аймақтық құрылымдарға орталықтың қатаң бақылауын орнататын орталықтандырылған кеңестік мемлекет құру жолындағы өтпелі кезең, уақытша құрылым ретінде қарастырды. Сондықтан да большевиктер жариялаған ұлттардың өзін-өзі билеуі құқығының «еңбекшілер бұқарасының революциялық жолмен құрылған өкілетті орган» ретінде Кеңестерге ғана берілуі кездейсоқ емес еді. Ал Кеңестер бұл кезде толықтай, оның ішінде ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерінде де (барлық басқа да салалардағы сияқты) большевиктендіріліп, «пролетарлық интернационализм» және «тар буржуазиялық-ұлттық мүдделерге қарағанда жалпыәлемдік таптық мүдделердің» басымдылығы идеясын көздеген большевиктік догманы ғана қолдады.

Осылайша, қазақ ұлттық-либералдық зиялылары Ресей империясының отарлық шет аймақтарында демократиялық бастамалар негізінде ұлттық өзін-өзі билеу идеясын іске асыруға тырысқан басқа да ұлттық қозғалыстар сияқты большевиктік казуистиканы танып білді. Сонымен бірге «Алаш-Орда» Қазақстан тарихына ұлттық мемлекеттілік

идеясын жариялаған және қорғап қалуға тырысқан алғашқы партия ретінде енді. Алайда, кейін тарих көрсеткендей, дамудың бұл тарихи таңдауы Қазақстанда іске аспады. Оның орнына келесі бір тарихи балама жеңіске жетті: белгілі бір билік пен құқық қатынастары тән болған тоталитарлық мемлекеттің құрылуы жүзеге асты. Алайда дамудың іс жүзіндегі мұндай баламасы елде бірден пайда болған жоқ. Қоғамдық-саяси жағдайдағы біраз өзгерістер 1920-жылдардың аяғы – 1930-жылдардың басында, яғни социализмнің дамуындағы сталиндік кезең деп аталған кезеңнің басталуымен байланысты болды. Егер бұрын құқықтың кез келген түрімен – ресми болсын, әдеттегі құқықпен болсын санасу орын алып, оның салыстырмалы түрде алғанда дербестігі мойындалған болса, енді сталиндік кезеңнің басталуымен құқықтық нормалар мен адамның мінез-құлық ережелеріне мемлекеттік-партиялық биліктің қатал әмірі орнады.

Мемлекеттік биліктің тоталитарлық табиғаты, атап айтқанда, үздіксіз жүргізген саяси репрессиялардан көрінді. Кеңес өкіметінің орнауынан бастап большевизмнің идеологиялық қарсыластары қамалатын концентрациялық лагерьлер құрыла бастады. Ұжымдастыру мен бай-қулактарды тәркілеу, сонымен бірге «халық жауларының» үстінен жүргізілген алғашқы саяси процестер барысында КСРО Ішкі істер халық комиссариатының лагерьлерінің бас басқармасы өзінің қаһарлы рөлін атқарды. ГУЛАГ ауыр каторгалық еңбектен, тоя тамақ ішпеуден, моралдық қорлаудан жүз мыңдаған еш кінәсіз адамдардың қаза тапқан орны болды. Орасан зор концентрациялық лагерь Қазақстан аумағында да құрылды. Қысқаша түрде ол КарЛАГ – Қарағанды лагерьі деп аталды.

«Отанына опасыздық жасағандардың» әйелдері мен отбасы мүшелерінің Ақмола лагерінде («Алжир» деген атпен белгілі болған) сталиндік билік «халық жауларының» қатарына қосқан елдің көрнекті партия және әскери басшыларының, ғылым және өнер қайраткерлерінің әйелдерін өз туыстары мен жақындарына көрсетпей ұстады. Бұл әйелдер барлық қиыншылықтарды ержүректілікпен жеңе білді, алдағы күнге деген сенімдерін жоғалтпай, үмітпен қарап, өз ерлерінен бас тартпады.

Бүгінде біз бұл адам төзгісіз ауыр қайғы-қасіретті мыңдаған біздің отандастарымыздың да өз бастарынан кешіргендігін білеміз, себебі, Қазақстанда да, бүкіл елдегі сияқты, репрессиялар жаппай сипат алған болатын. Әлі де толық анықталмаған, толық емес мәліметтерге қарағанда, 1920 – 1953 жылдары 110 мың адам саяси репрессияға ұшыраған. Қайғылы мартирологтың тізімінде 80-нен аса ұлттың өкілдері бар. Олардың ішінде қазақтар (35-40%), поляктар (2%), корейлер (1,5-2%), сонымен бірге татарлар, өзбектер, мордвалар, латыштар, финдер, армяндар, шешендер және т.б. бар.

Тұтқындау және соттау үшін сылтау іздеген Ішкі істер халық комиссариатының тергеушілері ешбір қисынға келмейтін, сандырақ айыптауларды ойлап тапқан (сауатсыз, өмір бойы ауылдың шет түкпірінде өмір сүрген адамды шетелдің барлаушысы деп айыптаған). Ішкі істер халық комиссариатының есептеріне сенсек, Қазақстан бойынша «агенттерінің» жалпы саны 3720 адам болған шетел барлаушының 183 контрреволюциялық ұйымдары мен резиденциялары ашылған (яғни, республиканың әрбір квадрат метріне бір «агенттен» келген) [2, 20].

Ұлттық-либералдық зиялылардың бетке ұстар, маңдай алды өкілдері өлтірілген. Істері сотта қаралмай-ақ Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Тынышпаев және тағы да басқа алаш идеясын жақтаушылар атылған. «Алаш-Орда» деп аталған іс бойынша 4297 адам жазаланған, олардың ішінде 2062 адам атылған [2, 21]. Бұл жылдары зиялылардың ескі, революцияға дейінгі толқыны (Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов) – ұлттық-либералдық қозғалыстың өкілдері мен идеологтарымен бірге «ұлттық-ауытқушылар» (С.Сәдуақасов, С.Қожанов, Ж.Мыңбаев және т.б.) деп аталып, «оңшыл» және «солшыл» ауытқушылар ретінде айыпталған көрнекті партия және кеңес қайраткерлері де репрессияға ұшыраған.

Репрессия жылдары әсіресе, қазақ зиялылары үлкен шығынға ұшырады. Академик М.Қозыбаевтың мәліметтері бойынша, Кеңес өкіметі жылдары 101 мың қазақ зиялылары

репрессияға ұшыраған, оның ішінде 27 мың адам атылған. Шынында да, казак элитасының білімді, жоғары интеллектуалды бөлігі тоталитаризмнің құрбанына айналған.

Зиялылардың қатарында Ресей империясынан тыс жерлерде де білім алған адамдар болды. Олардың кейбіреулерін атап кетейік. Жанақ Сұлтанбайұлы – Варшава ветеринар институтының түлегі. Ғазымбек Бірімжанов Германияда агрономиялық білім алған. Ғабдулғазиз Мұсағалиев Каир (Египет) университетінің заң факультетін бітірген. Дінмұхамед Сұлтанғазин екі жоғары білім алған тұңғыш қазақтардың бірі. Ол Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдер факультетін, ал кейін осы жоғары оқу орнының заң факультетін бітірген. Ал алғашқы қазақ дипломаты, халықаралық қатынастар маманы Нәзір Төреқұлов бірнеше шетел тілдерін қатар меңгерген, 1928 – 1936 жылдары Сауд Аравиясындағы КСРО-ның төтенше өкілі және өкілетті министрі болған.

Зиялыларды жою ауқымы өте қорқынышты болды. Тағы бір мысал келтірейік. 1938 жылдың қаңтарында Қазақ КСР-інің Ішкі істер халық комиссары Сталиннің туысы Реденс Станиславич Францевич болды. 25 ақпан мен 13 наурыз аралығында оның басшылығымен Қазақстанның бүкіл басшылығы өз басшыларынан айырылған. Әскери коллегия арқылы 650 адам атылды, олардың ішінде бірінші сайланған Жоғарғы Кеңестің төрағасы, Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы мен орынбасарлары, жеті халық комиссары, облыстық атқару комитеттерінің барлық төрағалары, облыстық комитеттердің хатшылары, республика прокуроры, Жоғарғы сот төрағасы, жазушылар С.Сейфуллин, И.Жансүгіров, Б.Майлин және тағы басқалар да бар еді. Қазан төңкерісінен бері Қазақстанның партиялық және мемлекеттік жоғары органдарын басқарып келген ел басшылары да атылды. Олардың ішінде республика Халық комиссарлар кеңесінің төрағасының орынбасары, Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің төрағасы – Ұзақбай Құлымбетов, И.Сталиннің «Ленинизм мәселелері» атты еңбегінің алғашқы аудармашыларының бірі, Қазақ КСР-інің ағарту халкомы – Нұрман Манаев, Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы, республика Жоғарғы сотының төрағасы – Шаймерден Бектұрғанов, 1917 жылдан партия мүшесі, азамат соғысы жылдары партизан отрядының комиссары болған, Қазақ Орталық атқару комитеті мен Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы, Қазақстанның әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссары – Абдолла Асылбеков, Орта Азия мен Қазақстанның алғашқы профессоры, дәрігер, тарихшы, Қазақ АКСР-інің денсаулық сақтау халкомы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті болып қайта құрылған ҚазМУ және ҚазМИ ректоры – Санжар Асфендияров, большевиктердің РКП ОК-нің қызметкері, «Сауатсыздықты жою қоғамының» (Мәскеу) төрағасы, «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, Қазақстанның Жазушылар одағының төрағасы, «Революцияға дейінгі қазақ ауылы» атты белгілі кітаптың авторы – Ғаббас Тоғжанов та бар еді [3,141].

Басқарушы кадрлардың бұл когортасы сотсыз, тергеусіз, «ерекше үштік» пен «ерекше мәжілістердің» шешімімен, ойдан шығарылған және дәлелденбеген саяси айыптаулар негізінде атылды.

Тоталитарлық үстемдік атмосферасын сезіну үшін кейбір құжаттарға көңіл аударайық. 1937 жылғы 13 шілдедегі партия жиналысының Жүсіпбековтың баяндамасы бойынша қабылданған қаулыда, мысалы, былай деп атап көрсетіледі:

«1. «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Казахстанская правда» газеттерінің беттерінде келтірілген Қазақстан Жазушылар одағындағы шіріген либерализм мен большевиктік қырағылықтың мұқалуы туралы барлық фактілер мен қорытындылар өте дұрыс деп саналсын.

2. Қазақстанның кеңестік жазушылар одағы басқармасының басшылары, атап айтқанда Мұқанов, Сейфуллин, Жансүгіров, Тоғжанов және басқалар әліге дейін большевиктердің РКП ОК-нің ақпан-наурыздағы Пленумының және Сталин жолдастың нұсқауларынан қажетті қорытындылар жасаған жоқ, өз кемшіліктері мен қателіктері туралы большевиктік тұрғыдан сын пікірлер білдірген жоқ, нәтижеде әліге дейін Қазақ Жазушылар одағында нақұрыстық ауру – саяси шалағайлық және революциялық қырағылықтың әлсіреуі орын алуда. Қазақстанның кеңестік жазушылар одағы басшылары

әдебиеттегі контрреволюциялық троцкийшіл-ұлттық контрабандамен аяусыз күрестің басты міндеттерін түсінген жоқ» [2, 82-83].

3. Сейфуллин және Жансүгіров жолдастардың саяси тақырыптардан бас тарту, өзін-өзі сынаудан қорқу, Одақты саяси басқаруға енжар түрде қатысудан көрінген шығармашылық жұмыстағы және Одақты басқарудағы өз қателіктері мен кемшіліктерін мойындауы туралы арыздарын назарға алу.

4. Келесі шығармаларды тез арада таратудан алып тастау қажет деп танылсын:

1. Сейфуллин, «Тар жол, тайғақ кешу».

2. Мұқанов, «Адасқандар», «Бай баласы».

3. Мұқанов шығармаларының 1-ші томы.

Алайда іс бұнымен де біткен жоқ. Большевиктердің Қазақстан Коммунистік партиясының ОК-нің 1938 жылғы 28 маусымдағы сауалнама нәтижесіндегі «Жаулық пиғылдағы әдебиетті алып тастау туралы» шешіміне сай қазақ және орыс тілдеріндегі 97 кітап, кітапшалар айналымнан алынды. Бұл – С.Асфендияров, А.Әлібаев, О.Беков, А.Байділдин, Ә.Қоңыратпаев, И.Жансүгіров, Ғ.Тоғжанов, Н.Нұрмақов, Т.Жүргенов, Ұ.Құлымбетов, И.Құрамысов, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, Ж.Сыздықов, Қ.Сарымолдаев, С.Сейфуллин, Т.Шонанов, М.Жолдыбаев еңбектері болатын. Алайда бұл да соңы емес еді. Сонымен бірге тез арада алынып тасталуы тиіс қазақ тіліндегі граммофонды пластинкалардың тізімі де анықталды» [2,87].

Мемлекеттік билік ойына келгеннің бәрін істесе, ол сандыраққа айналады. Соған қарамастан, большевизм түріндегі Қазақстандағы мемлекеттік билік өзі қажет деп тапқанның бәрін істеуге болады деп есептеді. Және бұл теория жүзінде ғана емес, сонымен бірге іс жүзінде де мүмкін деп есептелінді. Қазақстанның капитализмге соқпай, социализмге өтуінің авантюралық жоспары және қазақ аулының өмірінде «Кіші Қазанның» қажеттігі жарияланды, бұл тұрғындардың жаппай аштығына, тап күресін жасанды түрде тұтандыруға, барлық мешіттердің жабылуына, түркі жазуын жоюға, ұжымдық шаруашылықтар құру арқылы ауылды қысқа уақыт ішінде толығымен қоғамдастыруға, басқа ойлаушыларға күштеуді кеңінен қолдануға және т.б. әкелді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алаш-Орда. Сборник документов. Сост. Н.Мартыненко. А., 1992.
2. Орынбаева Д.Ш. Политические репрессии в Казахстане. 1937 – 1938 г. Сравнительно-исторический анализ. Автореф. Дисс.канд.историч. наук. Алматы, 1999.
3. Первые лица государства: политические портреты (с точки зрения истории и современности).

ӘОЖ 94 (574) (045)

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ

Сидешова Роза Азизменқызы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, «Тарих» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі

Аңдатпа. Биыл Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 75 жыл толып отыр. Бұл соғыс кезінде елімізді фашист басқыншылары таптамаса да, жерімізде соғыс қимылдары болмаса да, Маңғыстау халқы соғыстың барлық қиыншылығы мен ауыстпалығын көтерді, суық пен аштықты көрді, соғыста туғандарын, жақындарын жоғалтты. Қазіргі кезде тарихшыларымыз өткен тарихтың ақтандақ беттерін көтеріп, тарихқа әртүрлі көзқарастар айтып, бағалар беруде. Алайда қаншама колхозшы, жұмысшы, еңбек адамдарының

мандай терін, еңбегін бүкіл бір елдің сол бір ауыр жылдардағы өмір тарихын ұмыту мүмкін емес. Оған куә - сарғайған құжат жолдары.

Кілт сөздер: Ұлы Отан соғысы, Маңғыстау, соғыс жағдайына бейімделу, бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін, Қызыл Армияға көмек, Социалистік Еңбек Ерлері.

«Біздің тарих-бұл да бір қалың тарих, мұқабасы жұп-жұқа бірақ-тағы»-деп акын Қ.Мырзалиев айтқандай, қалың тарихтың бір тарауы кешегі өткен жойқын соғыс - Ұлы Отан соғысы.

Ұлы Отан соғысы басталған кезде Маңғыстау өлкесінде негізінен екі аудан - Маңғыстау және Форт - Шевченко аудандары болды. Маңғыстау ауданы соғыс алдында 1939 жылы Шевченко ауданын өз алдына бөлек шығарды да, негізгі сала – мал шаруашылығымен айналысты. Облысымыздағы архив құжаттарын пайдалана отырып, біз Маңғыстау ауданының сол кезеңдегі тыныс-тірлігі туралы айтпақпыз. Аудан экономикасының негізі – мал шаруашылығын жедел дамыту, малды сұраптау, тұқымын асылдандыру, өнімділігін арттыру – басты міндеттер болатын. Осынау міндеттерді жүзеге асырудың нақтылы шаралары жасалып, аудан еңбекшілері іске жұмыла кіріскен, алғашқы нәтижелердің дәмін тата бастаған кезде, Ұлы Отан соғысы басталып кетті. Маңғыстаулықтар соғыс жағдайына сай бұрынғы бағыт пен бағдарды қайта қарады, барлық саланы әскери тәртіпке бағындырды. Кәнігі малшылардың біразы майданға аттанды. Олардың орындарын әйелдер мен жастар басты. Малшылар қауымына келген жаңа лекті үйрету, жауапкершілікке баулу, қиыншылық алдында мұқалмастан, оған қарсы тұра білетін қасиетке шыңдау керектігі анықталды.

Аудан экономикасы негізінен мал шаруашылығы болуына байланысты еңбекшілер «бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген уақыт талабын басшылыққа ала отырып, малды өз төлі есебінен өсіруге, соғыс уақытының талабына сай шаруашылық жұмысты қайта құрып, майданға көптеп көмек беруге тырысты. Соғыс басталар қарсаңында Маңғыстау ауданында 1 балық шаруашылығы, 28 мал шаруашылығы колхоздары, барлығы 20 сиыр, 29 жылқы, 28 түйе, 28 қой фермаларында 2360 сиыр, 6533 жылқы, 2663 түйе, 40193 қой-барлығы 51700 бас мал болды.

Кеңестер депутаттары Маңғыстау аудандық атқару комитетінің, аудандық партия комитетінің 1941 жылғы 13 тамыздағы, 23 қыркүйектегі өткен мәжілістерінде ауданның ауыл шаруашылық орындарында соғыс уақытының талабы бойынша қайта құру және ер азаматтардың майданға көптеп кетуіне байланысты үй шаруасындағы әйелдерді шаруашылық жұмыстарына, құрылыс мекемелеріне кеңінен тартып, олардан маман жұмысшылар даярлау туралы мәселелер қарап, онда шаруашылық басшыларына жұмысты майдан қажеттерін өтеу үшін жүргізу, еңбек тәртібін қатаң сақтау, еңбекшілердің бірлігін, ұйымшылдығын, қырағылығын, іскерлік қабілетін арттыруды тапсырды. Малшылар жемшөптің тапшылығына, шабындық, жайылымдық жерлердің қуандығына қарамастан барлық мүмкіндіктерді пайдаланды. Дәстүрлі әдіс – малды жайып бағу үшін шұрайлы жайылым учаскелерін іздеу, уақытша қос болып, көшіп қонуға машықтану мал шаруашылығымен айналысатын барлық адамның абыройлы борышы еді. Олар Үстіртті игеруді көздеді. Мемлекеттік жер қорындағы – Үстірт ауданы малдың жазғы жайылымына таптырмайтын қоныс. 1942 жылдың мамыр айында ауопартком бюросында шалғайдағы Үстірт мал жайылым учаскесін игеру жөнінде шешім қабылданды. 10 колхоздың (Жыңғылды, Ұшқын, Орпа, Жаңажол, Алғабас, Жаңа қорған, Қызыл қорған, Елтай, Бірлік күш, 1-Май) малын жаңа жайылымға көшіру ұйғарылды. Алдымен малшыларға жағдай жасаудың жолдары қарастырылды. Қызыл отау, дүкен, бастауыш мектеп ұйымдастырылды. Арнайы мәдени жасақшылар арқылы сауат ашу мектебі жұмысын жалғастырды. Үгітшілер тобы құрылды.

1941 жылдың қаңтарында аудан көлемінде 14 мың мүшесі бар 3373 жанұя, бір балықшы колхозын қосқанда, 27 колхоз болды. Колхоздар 89135 бас мал өсірді. Мал басы 1940 жылмен салыстырғанда 109,8 пайызға көбейді. 1941 жылы аудан колхоздарында

еділбай тұқымды қойларды қаракөл тұқымды қойлармен будандастыру қолға алынған еді. Ең алғаш 39642 саулық қолдан ұрықтандырылды. Соғыс басталғанда Қызыл Армияға 252 ең таңдаулы жылқы жіберілді.

Ауданда ауыл шаруашылық еңбеккерлері егіншілікпен де айналысты. 1941 жылы 143 гектарға, 1943 жылы 406 гектарға әртүрлі дақыл екті. Краснодар өлкесі колхозшыларының үндеуіне сай, Жыңғылды, Ақырап колхоздарының егіншілері Отан қорғау қорына арнап егін салды.

Маңғыстаудың жер асты байлықтарын зерттеген барлаушылар өзге қазба байлықтар түрімен бірге Маңғыстау көмірі жайында да нақтылы деректер жинады. Елімізде отын энергетика қажетін өтеу мақсатында Маңғыстау көмірін игеру жөніндегі нақты шешім 1939 жылы алынды. СССР отын өнеркәсібі Халық комиссариаты өзінің бұйрығымен одақтық шахта құрылысы басқармасына Маңғыстаудан тәулігіне бір мың тонна көмір өндіретін 6 шахта салуды, 3-бесжылдық аяғына дейін жылына 1 миллион тонна көмір шығаратын 12 шахтаны толық іске қосуды тапсырды. Шахтерлар поселкесін салу үшін 234 гектар жер бөлінді. Шамамен алғашқыда 10 мың адамдық тұрғын үйлер салу, парк орнату үшін терек отырғызатын алаң болады деп белгіленді.

Аудан азаматтары соғыстың алғашқы айларынан бастап, Қызыл Армия қатарына майданға алына бастады. Көптеген жанұялардың бас көтерер ер азаматы қолына қару алып, майданға аттанды. Ауданда Қызыл Армия жауынгерлерінің отбасыларына, соғыстан жараланып қайтқан мүгедек азаматтарға үнемі көмек көрсетіп отырды. Мысалы, 1943 жылы наурыз-желтоқсан айларында айлық жарияланып, барлық әскери жауынгерлер үй-ішінің тұрмыстары тексеріліп, қорытындысы бойынша аудандық жабдықтау бөлімінен 798 жанұя ақшалай көмек алды. 968 жанұя соғыс салығынан, 688-і міндетті салықтан босатылды. Аудан орталығындағы жанұяларға 125 тонна отын түсіріліп беріліп, 3207 жанұя жұмысқа орналастырылды. Аудандық жабдықтау бөлімі құрылғаннан бастап, 1943 жылдың аяғына дейін аудан еңбекшілерінің инициативасымен әскери қызметкерлер отбасыларына көмек үшін 112349 сом ақша, 219 бас мал, 943 килограмм түрлі азық-түлік, 7289 дана түрлі сырт киім жиналып, сауда орнынан 110 метр мата бөлініп тексеру барысында күйсіз деп танылған 1333 жанұяға осы жиналған заттар көмекке берілді, отын, жарықпен қамтамасыз етілді.

Ер азаматтар майданға аттанғанда, олардың орнына қалған әйелдер үлкен жұмыс атқарды. 1944 жылғы сәуірдегі есеп бойынша 52 әйел партия қатарына алынды, 368 кадр жоғарылаған болса, оның 128-і әйелдер. Колхоздар мен жергілікті Кеңестер жанынан 32 жерде құрылған әйелдер кеңесінің жұмысына олар белсенді түрде қатысты. Соғыс жылдарында ауылдық Кеңес төрағалығына-13, төраға орынбасарлығына-12, ферма меңгерушілігіне-52, басқа шаруашылық жұмыстарға 1189 әйел ұсынылған. Маңғыстау аудандық партия комитетінің әйелдер арасындағы жұмысы жөніндегі хатшысы И. Жанболатовнаның 1943 жылы 23 қазанда облыстық партия комитетінің хатшысы Бегалиеваға жазған баяндамасында: «Отан соғысы басталмастан бұрын аудан көлемінде тек қана 14 әйел жұмыс істеген. Қазір 150 әйел ауданның басқару орындарында жұмыс жасап отыр. Оның ішінде ауылдық Кеңес төрағалары-3, колхоз төрағалары-5, төрағаның орынбасарлары-6, қой фермасының бастықтары-5, сиыр фермасының бастықтары-11, мал бригадирлері-7, егіс бригадирлері - 6, бұлардан басқа 250 әйел бас малшы болып жұмыс істейді. Көмір тресінің қарауында 363 әйел жұмыс істейді. 5-шахта өндірісіндегі 15 стахановшы әйел, 7-шахта өндірісінде 12 стахановшы әйел бар. Олар күнделікті жұмыс көлемін 116-150% орындайды. Аудан бойынша 63 әйел партия мүшелігіне кандидат, 380 әйел мен қыздар комсомол мүшелері». Майданға көмектесудің ең бір маңызды саласы - Қызыл Армияға жылы киім жинау жұмысы болатын. Шаруашылықтар мен мекемелер ұжымдарында майданға жылы киімдер мен сыйлықтар жіберу жұмыстары жиі жүргізіліп, соғыс жылдарында Маңғыстау және Форт-Шевченко аудандарының еңбекшілері 2140 тон, 564 жұп тоқыма шалбар мен күпі, 1675 жұп байпақ, 1782 жұп етік, 10927 жұп қолғап, 24689 жұп шұлық, 8713 жұп шұлғау, 2961 бас киім (бөрік), 1978 қой терісін, 2824

ХАЛҚЫНЫҢ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН

Сидешова Роза Азименқызы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы,
«Тарих» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі

Аңдатпа. Мақалада халқының қамы, елінің болашағы, жеке адамның, елдің теңдігін ойлаған, шын мағынасындағы халық перзенті болған, «Парасат» қоғамдық-саяси қозғалысын құрған, көпшілік көкейінде ұялаған көптеген прогрессивті, маңызды проблемаларды облыс, республика басшыларының алдына қойып, олардың оң шешілуіне мұрындық болған Сайын Шапағатовтың қоғамдық-саяси қызметі туралы баяндалады.

Кілт сөздер: С.Шапағатов, Парасат, ұлттық салт-сана, қоғамдық-саяси қозғалыс.

«Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру» жобасы аясында, еліміздің егемендік алып, дербес ұлттық мемлекет құрамыз деп, өмірлерін осы жолда құрбан еткен қазақ халқының еңіреген ер, зерделі ұлдарының жарқын бейнесі, рухани, тарихи қазыналарының жарыққа шығып жатқаны белгілі. Халқының көзін ашып, оларды еш нәрседен кенде қылмай, сол үшін аянбай қажыр-қайратын, саналы өмірін жұмсап, қайтсем халқыма пайдам тиеді деген шоқтығы биік азамат, адал дос, жақсы жолдас, үлкен күрескер «қалың елім қазағым, қайран жұртым» деп ұлы Абай айтқандай қабырғасы қайысқан өз заманының қайраткерлерінің бірі - Сайын Нәдірұлы Шапағатов болатын.

1962 жылы Алматы тау-кен институтын, 1969 жылы Мәскеуде Губкин атындағы мұнай-газ институтын бітірген ол зерек те сезімтал, қоғамшыл - көпшіл болып өсті. Каспий аймақтық Тау-кен комбинатында, Маңғыстау мұнай бірлестігі жүйесінде тікелей өндірісте және бөлім бастығы қызметтерінде, одан әрі облыстық, қалалық, партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарында басшылық жұмыстарында болды. Қайда жүрсе де, қалың бұқарадан қол үзбей саяси-көпшілік, патриоттық тәрбие, мәдениет, өнер спорт жұмыстарына кең араласты. Халқының болашағына, әлеуметтік, мәдени тұрмыс жағдайларына, жастар арасындағы жұмыстарға көңіл бөлді.

1989 жылғы Өзен оқиғасынан кейін халықтардың бірлігін, достық, татулық қарым-қатынастарды сақтау, кейбір қызбалықтарға жол бермеу мақсатында Ақтау қалалық «Парасат» қоғамын құрды. Бұл қоғам еліміздегі қайта құру, демократия, жариялылық, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту, ұлттық салт-сананы жаңғырту және ұлтаралық қарым-қатынасты нығайту секілді игі істерге белсене атсалысты.

«Парасат» қоғамының игілікті бастамалары республикамыздың басқа аймақтарына тарап, С.Н.Шапағатовтың өзі барып тікелей қатысуымен Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыс орталықтарында «Парасат» қоғамдары құрылып, жұмыс жасады. Бұл қоғам көп ұзамай-ақ қалың жұртшылыққа танылып, үлкен қоғамдық күшке айналды. Түрлі мемлекеттік, көпшілік-қоғам ұйымдары «Парасат» қоғамының ұсыныстарымен санасып, пікірлесіп отыратын болды. Орынсыз таратылған Маңғыстау облысын қайта құру, 1960 жылдары өктемдік саясат кезінде өзгертілген Ақтау қаласының атын орнына келтіру жөнінде «Парасат» қоғамы, оның басшысы С.Шапағатовтың өзі барып, Республика басшыларымен кездесті. «Парасат» қоғамы мен облыс жұртшылығының осындай талаптарының арқасында Маңғыстау облысы қайта құрылды және Ақтау қаласы өзінің байырғы атағына ие болды.

Облыстың қайта құрылуына байланысты келген сол кездегі Республика Президенті Н.Назарбаев өз сөзінде «Парасат» қоғамы жөнінде айта келіп, «...Облысты құруда және басқа келелі мәселелерді шешуде «Парасат» сияқты қоғамдардың көмегі көп болды. Жаңадан сайланған облыс басшылары жергілікті жердегі көптеген мәселелерді «Парасат» қоғамының басшыларымен ақылдаса отырып, шешулері тиіс...», - деген болатын. Қай

кезде де тәртіптілік, шындық, әділдік жолын мықты ұстанған С.Н.Шапағатов өз міндетіне аса жауапты, табанды болатын. Тек инженер ғана емес, қоғамдық өмірдің қай саласына да араласып жүретін дүние танымы мол, шебер ұйымдастырушы болды.

Облыстық мемлекеттік мұрағатта сақталған С.Шапағатовтың Д.А.Қонаевқа, сол кездегі облыс, қала басшыларына жазған хаттарында С.Шапағатов араласпаған өзекжарды мәселелері кем де кем болар. Тіл, дін, жұмыссыздық, атом, экология, уран, газ мұнай, тарих, әдебиет, төрешілдікпен күрес, спорт, өнерді өрістету, кадр мәселесі, салт-дәстүрді қалпына келтіру, қариялар мен мүгедектердің жайы, жастардың мамандық алуы, көші-қон мәселесі, халық байлығын талан-таражға салмау - осының бәрі оның қалам тартып, жанын қинаған мәселелер.[1].

Мезгіл талабынан туып, көпшілік көкейінде ұялаған көптеген прогрессивті проблемаларды, келелі идеяларды облыс, республика басшыларының алдына қойып, олардың оң шешілуіне мұрындық, ұйтқы болып, шешімін тауып кетуі жолында ақыл-ой күш жігерін аямағанын, осындай сан алуан жайлар оның жанын жай таптырмағанын байқауға болады. Өндірісті ұйымдастыруды жетілдіру, өнімді арттыру жөнінде бірнеше рет бағалы ұсыныстар жасап, баспасөз бетінде жариялады. 1989 жылы «Қазақстанның мұнайы мен газы» деген атпен 77 жыл (1911-1988жж.) ішіндегі мұнай өндірісінің дамуын көрсеткен түрлі-түсті деректі жинақ жасап шығарды. Оның ерен еңбек үлгілері туралы журналист А.Бектұрғанов «Сен кімсің?» деген кітап жазды. Сондай-ақ көрнекті ақындар Ф.Оңғарсынованың «Жапандағы жанар тау», Т.Медетбектің «Жетібай түлегі» деген шығармаларына да С.Шапағатовтың еңбек үлгілері арқау болды. С.Н.Шапағатов өзінің ойлаған армандарын көре алмай, халқына тиер пайдасы бірте-бірте айқындалып келе жатқан шағында 1991 жылы 1 желтоқсанда 52-ге қараған жасында қапияда көз жұмды. Бойындағы күш-жігерін, нәрін халқына толық бере алмай, ерте кетті өмірден.[2].

...Өткен өмір болды көзден таса,
Өлді, өшті – оны ешкім ойламаса.
Ол кетсе де белгісі жоғалмайды,
Керектісін ескеріп, ұмытпаса...

-деп ұлы Шәкәрім айтқандай қазіргі таңда С.Шапағатовтың есімін есте қалдыру үшін көптеген шаралар жүзеге асырылды. Қазір оның есімі туып-өскен ауылына және Ақтаудағы №59 қазақ балалар бақшасына берілген.

Ол халқына, халқы оған сеніп еді. Ер сенімді ақтады, елі де құрметін жасап жатыр. Есіл ерлердің рухы өлмейді деген осы.[3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маңғыстау облыстық мемлекеттік архиві материалдарынан. Жеке адамдар мен қоғам қайраткерлері қоры, 355-қор, 5-тізімдеме.
2. К.Сақашев. Абзал азамат. Маңғыстау газеті. 12-қараша, 1992ж.
3. Ғ.Әріпов. Желтоқсан. Маңғыстау газеті. №225, 2-желтоқсан, 1992

ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЁЖИ – ПУТЬ К РАЗВИТИЮ ТОЛЕРАНТНОСТИ

Дальмуханова Феруза Козибаевна

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени
Ш.Есенова

Аннотация. В статье рассматриваются понятие духовно-нравственное воспитание, цели и задачи воспитания гражданственности молодежи, реализация процесса духовно-нравственного воспитания и образования на уроках иностранного языка.

Ключевые слова: духовно-нравственное воспитание, толерантность, урок иностранного языка, методические инновации.

Духовно-нравственное развитие и воспитание личности гражданина Казахстана является ключевой задачей современной государственной политики Республики Казахстан. Молодёжь – специфическая социально-демографическая группа в структуре общества, выделяемая на основе определенных, присущих только ей характерных однородных признаков: возраст, духовный мир, интересы, социальные ценности, устремления, поступки, характер поведения, являющаяся активным участником социальных взаимоотношений и на определенных этапах своего становления выполняющая роль объекта или субъекта общественного воздействия.

Под духовностью понимается способ человеческого существования, где основную роль играет становление человеческого в человеке, основа человеческой жизни. Нравственность – это социальный результат человеческой жизни. Одним из факторов, способствующих развитию человечности в человеке, является формирование толерантности. Понятие толерантности имеет многогранное значение. В энциклопедических словарях и справочниках толерантность преподносится с точки зрения проявления терпимости. Мы придерживаемся позиции, провозглашенной в декларации о принципах толерантности ЮНЕСКО, где отмечается, что толерантность – это уважение, принятие и понимание богатого многообразия культур нашего мира, наших форм самовыражения и способов проявлений человеческой индивидуальности. Ей способствуют знания, открытость, общение и свобода мысли, совести и убеждений. Толерантность – это гармония в многообразии.

Развитие современного общества, коренные изменения в социально-экономической и политической жизни Казахстана, порождают новую парадигму в отношениях государства и гражданина.

В сложившихся условиях важными являются актуальное осмысление понятия гражданственности, патриотизма, выработка критериев активной гражданской позиции членов современного общества, преобразование отношений внутри школы, социума, становление демократических традиций.

В настоящее время воспитание гражданина находится в центре внимания казахстанской педагогической общественности. Гражданское воспитание – сложный и многосторонний процесс формирования гражданского мировоззрения в результате сознательного освоения научных социальных, политических и культурологических знаний. Приоритет отдаётся научным знаниям и гражданским ценностям. Гражданское мировоззрение должно определять понимание человеком своего социального окружения, своего места и роли в современном обществе, что составляет особый набор гражданских ценностей и оценок, с помощью которых молодое поколение казахстанцев может эффективно взаимодействовать в парадигме «человек-общество». Образовательным учреждениям принадлежит ведущая роль в воспитании личности, характеризующейся

толерантностью, гражданской культурой, гражданским сознанием, патриотизмом, чувством гражданского долга, совестливостью[1].

Иностранный язык как учебная дисциплина гуманитарного цикла, обладает большим потенциалом в деле гражданского и интернационального воспитания.

Целью воспитания гражданственности у учащихся на уроках иностранного языка является формирование гражданина, способного реализовать себя в свободном демократическом государстве, обладающего совокупностью общественно значимых качеств личности, в числе которых гражданский долг, знание и уважение законов демократического государства, а также прав и обязанностей его граждан.

Среди основных задач воспитания гражданственности на уроках иностранного языка необходимо отметить следующие:

- приобщение учащихся к культуре своего отечества, народа;
- осознание особенностей национальной культуры, через приобщение к культуре страны изучаемого языка;
- воспитание общечеловеческих норм морали, толерантности и уважения к культурным ценностям страны изучаемого языка;
- развитие способности к объективной самооценке, регуляции собственного поведения, самоуважения;
- формирование умений работать в группе, чувствовать ответственность за свои поступки, учитывать потребности других членов группы, сформулировать и обосновать свое мнение;
- стремление к приобретению новых знаний;
- воспитание осознания важности изучения иностранного языка и потребности пользоваться им как средством общения;
- формирование чувства свободы, гражданского и человеческого достоинства личности.

Реализация процесса гражданского воспитания и образования на уроках иностранного языка зависит от ряда условий, среди которых: социализация подростков через взаимодействие с родной и иноязычной культурой в ходе освоения ими иностранного языка; разработка содержания, форм и методов учебной и воспитательной работы в рамках исследуемой проблемы; подготовка педагога, обладающего правовой культурой и опытом гражданского воспитания учащихся; осуществление гуманизации межличностных отношений, индивидуально-личностный подход к учащимся; усиление внимания к изучению и распространению передового педагогического опыта гражданского воспитания учащихся образовательных учреждений; осуществление мониторинга сформированности показателей гражданственности у учащихся и коррекция воспитательного процесса.

Перед преподавателями иностранных языков стоит серьезная задача - отбор учебного материала, адекватного вышеуказанной цели и выбора интерактивных методик проблемного обучения; проектно-исследовательской технологии.

Многие основные методические инновации связаны сегодня с применением интерактивных методов обучения. Понятие «интерактив» образовано от английского слова «interact». «Inter» - это «взаимный», «act» - «действовать». Следовательно, интерактивное обучение - это, прежде всего, диалоговое обучение, в ходе которого осуществляется взаимодействие преподавателя и учащегося[2].

Суть интерактивного обучения состоит в том, что во время учебного процесса все учащиеся оказываются вовлечёнными в процесс познания, имеют возможность рефлексии по поводу того, что они знают и думают. Совместная деятельность учащихся в процессе познания, освоения учебного материала означает, что каждый вносит свой индивидуальный вклад, идёт обмен знаниями, идеями, способами деятельности. Причём, это происходит в атмосфере доброжелательности и взаимной поддержки, что позволяет не

только получать новое знание, но и развивает познавательную деятельность, переводит её на более высокие формы кооперации и сотрудничества.

Интерактивная деятельность на уроках предполагает организацию и развитие диалогового общения, которое ведёт к взаимопониманию, взаимодействию, совместному решению общих и значимых для каждого участника задач. Интерактив исключает доминирование как одного выступающего, так и одного мнения над другим. В ходе диалогового обучения ребята учатся критически мыслить, решать сложные проблемы на основе анализа обстоятельств и соответствующей информации, взвешивать альтернативные мнения, принимать продуманные решения, участвовать в дискуссиях, общаться с другими людьми. Для этого на занятиях организуются индивидуальная, парная и групповая работы, применяются исследовательские проекты, ролевые игры, идёт работа с документами и различными источниками информации, используются творческие работы.

В настоящее время методистами разработано немало форм интерактивного обучения. Наиболее известные из них - «большой круг», «вертушка», «аквариум», «мозговой штурм», «дебаты». Эти формы эффективны в том случае, если на занятии обсуждается какая-либо проблема в целом, о которой у учащихся имеются первоначальные представления, полученные ранее на уроках или в житейском опыте. Кроме того, обсуждаемые темы не должны быть закрытыми или очень узкими. Важно, чтобы уровень обсуждаемой проблемы позволял перейти от узко экономических вопросов к широкой постановке проблем.

Наиболее простая форма группового взаимодействия - «большой круг». Группа рассаживается на стульях в большом кругу. Преподаватель формулирует проблему. В течение определённого времени (примерно 10 минут) каждый учащийся индивидуально записывает предлагаемые меры для решения проблемы. По кругу каждый ученик зачитывает свои предложения, группа молча выслушивает (не критикует) и проводит голосование по каждому пункту: включать ли его в общее решение, которое по мере разговора фиксируется на доске.

Другая форма групповой работы - «Аквариум». Учащимся предлагается обсудить проблему «перед лицом общественности». Малая группа выбирает человека, которому доверяют ведение диалога по проблеме. Все остальные ученики выступают в роли зрителей. Данная форма работы даёт участникам возможность увидеть, как их сверстники общаются, реагируют на чужую мысль, улаживают назревающий конфликт, аргументируют свою мысль и т. д.

Существуют правила организации интерактивного обучения.

1. В работу должны быть вовлечены в той или иной мере все участники образовательного процесса.

2. Необходимо позаботиться о психологической подготовке участников. В этой связи полезны разминки, постоянное поощрение учащихся за активное участие в работе, предоставление возможности для самореализации ученика.

3. Количество участников, обучающихся в технологии интерактива должно быть немного. Важно, чтобы каждый был услышан, каждой группе была предоставлена возможность выступить по проблеме.

4. Необходимо проговорить с учащимися процедуру проведения занятия и регламент выступления. Полезно поговорить о том, что все участники должны проявлять терпимость к любой точке зрения, уважая право каждого на свободу слова.

5. Необходимо поделить участников семинара на группы. Первоначально его лучше построить на основе добровольности. Затем уместно воспользоваться принципом случайного выбора.

Таким образом, интерактивное обучение развивает коммуникативные умения и навыки, помогает установлению эмоциональных контактов между учащимися, формирует умение работать в группе, чувствовать ответственность за свои поступки, учитывать

потребности других членов группы, сформулировать и обосновать свое мнение. Иностранный язык как учебная дисциплина имеет большой потенциал в деле гражданского воспитания и образования. Благодаря данному предмету учащиеся узнают не только отдельные факты, иллюстрирующие жизнь других государств, но и историю, культуру, традиции и образ жизни народов; знакомятся с их своеобразием, особенностями менталитета и поведения. Через иностранный язык происходит понимание людей, населяющих эти государства, желание вступать в различные контакты, общаться, осознавать культурное наследие народов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Голова В. Воспитание педагогической толерантности // Учитель. – 2014, № 4, С. 79-80.
2. Соколова Е.Н. Подготовка учителя иностранного языка с учетом современных тенденций обновления содержания образования // Иностранные языки в школе. – 2017, №4, С. 8-11.

ӘОЖ 94 (574) (045)

ИРАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бекенжанова А.А.

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы,
магистр

Аңдатпа. Мақалада Ирандағы Маңғыстау қазақтарының әлеуметтік-мәдени бейімделу ерекшеліктері, Иранда тұратын қазақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, рухани және материалдық мәдениеттің ерекшеліктерінің сақталуы және Иранда тұратын түрлі халықтардың әсерінен мәдени дәстүрлердің өзгеріске ұшырауы туралы қарастырылады.

Кілт сөздер: рухани жаңғыру, қазақ диаспорасы, шетел қазақтары, ұлттық мәдениет, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, бейімделу.

«Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы – бұл ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін батыл шешімдер негізінде қалыптасқан маңызды құжат. Халықтың ұлттық болмысы, ұлттық сананы қайта жаңғырту, оны әлемдік құндылықтармен және Қазақстанның игілігі үшін үйлестіру мақсаттары мен мүдделері туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс, рухани байлықтың кемел болғаны бұл әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін өте маңызды үдеріс.

Еліміздің тарихында ұзақ жылдар бойы айтылмай келген, зерттелмей келген мәселелерді жан жақты ашық айтуға, бұрын жабық болып келген тақырыптарды еркін талқылауға, өткен оқиғаларға жаңаша баға беруге тәуелсіздік алған кездеп бастап көп мүмкіндіктер пайда болды. Қазақ халқының тарихында осы уақытқа дейін жабық мәселелердің бірі болып келген алыс шетелдегі қазақтардың тарихы, саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуы, ұлттық психологиясы мен дүниетанымы, тұрмыс салтының сақталуы мен өзгеруі, өзге этникалық ортаға байланысты мәдениетіне енген өзгешеліктерді, ата мекеніне қайта оралуы, бейімделуі туралы мәселелерді зерттеуге жағдай туындады.

Осыған байланысты шет жерлерде тұрып жатқан қандастарымыздың тарихын, тұрмысын зерттеп, әлеуметтік-экономикалық және мәдени рухани тыныс тіршілігіндегі мәселелерді де талдап ұлт бірлігін нығайту тарихшылардың бірден-бір міндеті. Шет жерлерді мекен етіп отырған қандастарымыздың тарихы мен мәдениетін зерттеу ұлт бірлігін нығайтып, ұлтымыздың дамуына, жандануына, жаңғыруына мүмкіндік береді.

Әлемнің 40-тан астам елінде тарыдай шашылып жүрген қазақтардың рухани және заттай мәдениетіне назар аударуымыз керек, алыс, жақын шет елдердегі халқымыздың игі дәстүрлерін сақтап қалған тамаша қасиеттерін тірілтуге, дәстүрімізді қайта жаңғыртуға ат салысары белгілі, онда біздің тарихымыздың, мәдениетіміздің бір құрамдас бөлігі болып, мөлдр арнасы болып рухани байлығымыз еселене түсері сөзсіз.

Тарихтың аласапыран жылдарында тағдыр тәлкегіне ұшырап, небір қиыншылықтарды бастарынан өткізіп, ел асып, қыр асып, соның ішінде Қазақстанның батыс аймағы Маңғыстаудан Түркменстанға өтіп, теңіз арқылы көршілес орналасқан мемлекет Иранға пана іздеп кеткен қандастарымыздың өткені мен бүгіні және болашақтағы өмірі туралы жан жақты саралап, тарихи зерттеулер жүргізу тарих ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі.

Маңғыстаудан көшкен қазақ халқы Азияның оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан Иран Ислам Республикасына қоныстанған. Иран бүгінде Парсы шығанағындағы, Азиядағы, қала берді дүние жүзіндегі табанды, беделді елдердің бірі - саяси, экономикалық, мәдени жағынан тәуелсіз, егеменді мемлекет. Иран мемлекетінің шет жақтарында Солтүстік Иран (Эльбурс, Түрікмен-Хорасан), Оңтүстік Иран (Загрос, Мекран), Шығыс Иран (Серхед, Пеленган, Боран, Кепат) таулары, орталығында Кухруд жотасы, Деште-Кевир, Деште-Лук шөлдері орналасқан. Солтүстік-батысынан Оңтүстік Каспий және Кура Аракс ойпаттары, солтүстік-шығысынан Горған жазығы, оңтүстігінен – Гермезир шөлі алып жатыр. Ірі өзендері – Карун, Сефидруд, Гильменд, солтүстігінде Атрек, Аракс өзендері бар. Тау беткейлері орманды, өзендер бойы шалғын, ішкі аудандары шөл, шөлейіт [1,307 б.].

Иран қазақтары 1929-1933 жылдар аралығындағы «Қызыл табан, шұбырынды» кезінде Маңғыстаудан Түрікменстан аймағына өтіп, Иранның солтүстігіндегі аудандарда орналасты. Қоныстанған жері Тегеранның солтүстік шығысында, Каспий теңізі жағына жайғасқан 1937 ж. құрылған Иранның бай өлкесінің бірі Мазандаран провинциясы [2, 3 б.].

Кәмпескелеу мен қолдан жасалған ашаршылықтың зардабынан мал-мүлкі, баспана, туыс-туғандары мен ел-жерден айырылған аталарымыз жоқтан бар жасауға әрекет етті. Отырықшылыққа, егін егіп диқаншылықпен айналысуға бірден мойынсынбай көндіге алмағандықтан бір жерден екінші жерге жайлы жер іздеп, жиі қоныс аударуына тура келіп отырды. Сөйтіп, қазақтар бірте-бірте Горған, Бендершах (қазіргі Бендер-Түрікмен) және Гомбед-Кавус қалаларына көше бастады. Осылай қазақтар негізінен Мазандаран провинциясының Горған, Гомбед-Кавус, Бендер-Түрікмен деген үш қаласында шоғырланып, әр қаланың екі ауылына қоныстанды [3, 3 б.].

Диаспоралардың басқа этнолингвистік әлеуметтік-мәдени ортаның тұрмысы мен қоғамдық жағдайына өздерін икемдеу, көну жаңа ортаға үздіксіз үйрену, сол жерде тұруға бейімделу процесі өз алдына үлкен мәселе. Ирандағы қазақтар да басқа этносаяси кеңістікке, этномәдени ортаға еніп, қоршаған әлем мен табиғат құбылыстарына, үстем этностың психологиясына, қоғамдық-әлеуметтік жағдайларына, тұрмыс-тіршілігіне, қоршаған ортаға бейімделе бастайды.

Орналасудың алғашқы кезеңінде босқындар әлеуметтік жағдайларынан, қаражаттарынан, бірегейліктен, биліктен және т.б. айрылғандықты сезінеді. Бірінші және екінші жылдары босқындар жоғалтқандарын толықтыру үшін көп жұмыс істеп, жаңа өмір үшін жаңа мүмкіндіктер іздейді. Сонымен бірге бұл жаңа ортаны тану үшін қарқынды кезең.

Сөйтіп, шетелдегі қазақтар басқа этнодиаспоралық кеңістіктерде уақыт өте әлеуметтік-экономикалық, құқықтық жағдайлары бір қалыпты арнаға түсіп, үстем этностың қарым-қатынас тілін үйреніп, соның ішінде парсы, көрші түрікмен мәдениетін құрметтей отырып, үздіксіз үйрену мен субъектенудің нәтижесінде кәсіп істеп, бірте-бірте қоғамға, қызметке араласып, түзеліп, қоршаған ортаға бейімделу процесі барысында өзінің рухани дүниесіне, ұлттық болмысына назар аудары бастайды.

Маңғыстау қазақтарында рулық тұрмыс сипаттары басқа жерлермен салыстырғанда анығырақ сақталады. Оны әсіресе олардың жанұялық қатынастарындағы көне әдет-ғұрыптардан байқауға болады. Қазақ халқының ұлын үйлендіріп, қызын ұзатуға ғасырлар бойы желісін үзбей жалғасып келе жатқан өзіндік салт-дәстүрлері бар. Бұл әдет-ғұрыптардың барлығы көбіне жастарды тәрбиелеуге, оларды отбасын құрудағы жауапкершілікке үйретуге бағытталған. Иран қазақтары арасында қыз ұзату, келін түсіру әдет-ғұрыптарында ұлттық дәстүр жалғасын тауып отыр, басқа этникалық ортада өмір сүру себептерінен өзгеріске ұшыраған кейбір ерекшеліктері болса да негізгі өзіндік қазақ халқына тән ұлттық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ұмытпай атадан балаға жалғасын тауып сақтап келген.

Қазақ халқының ажырамас бір бөлшегі болып табылатын Ирандағы этникалық топтың тұрмыс тіршілігінде өз ортасы тудырған өзіндік ерекшеліктері болғанымен Иран елінен келіп жатқан қазақтар өз бойына мұсылмандық сенім-тағылымын сіңіріп келді. Ираннан қоныстанған қазақтар осындай дінге берік, имандылығы, мұсылманшылығы жоғары деңгейде сақталған мемлекеттен келді.

Халықтардың бір-бірін танып-біліп, тілін үйренуі, бір-бірінің мәдениетін тануы олардың өзара түсінісу, сыйысу, дұрыс саясат пен дұрыс қарым-қатынас жасауына игі ықпал етті. Бұл құбылыстар диаспора адамының басқа әлеуметтік мәдени ортада өзін сенімді іс әрекеттер жасауға, сол халықтың мәдениетіне қызығушылығын туғызып, ұлтаралық өзара қатынастарда бір-бірін жақын танып білуге жол ашады. Тіл арқылы бар түсіністік, ұлтаралық өзара сыйысу үдерісі өрбиді, осыдан келіп тіл табысу басталады. Шетел қазақтары өздері өмір сүріп, тіршілік етіп отырған басқа этнолингвистік орта мәдениетін құрметтеп, тілін үйренуі өз мәдениетімен үйлестіре білуі қоғамдық, экономикалық әлеуметтік-мәдени қажеттіліктен туындады [4, 64 б.].

Иран қазақтарды этникалық құрамы жағынан кіші жүз қазақтарына кіреді. Қазіргі барған жеріне осы кіші жүз тайпалары орналасқан жерден ауып барғандар. Тілдік ерекшеліктері жағынан алғанда, көп құбылыстар қазақ тілінің батыс говорлар тобымен ортақтығы байқалады. Шет жерде жүрген әр ирандық қазақ ата-бабамыздың тілін асыл мұра ретінде қадірлейді. Иран қазақтарының жергілікті тіл ерекшеліктері, біріншіден өздерінің жағрапиялық орнына байланысты. Иран қазақтары парсылармен, түрікмендермен тығыз қарым-қатынаста болған. Тарихи жағдайға байланысты басқа тілдер ортасында болуынан парсы, түрікмен және басқа тілдердің әсері кездеседі, бірақ өз тілдерін біржолата ұмытқан халықтар қатарына Иран қазақтары жатпайды.

Ұлттық киім сан қырлы және өзгермелі құбылыс ретінде тарихтың көптеген мәселелерін шешу үшін үлкен қызығушылық туғызады. Әртүрлі кезеңдердегі киімнің ортақ белгілерін анықтау мен талдау бірыңғай қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Қандайда бір халықтың дәстүрлі киімінің өзіндік бітімі, оның қалыптасуы, бір ғана халықпен шектесіп қоймай, үнемі байланысып толығыуы және өзара ықпал етіп, бір-бірін байыту үшін тарихи кезең шеңберінде ұзақ уақытқа созылады. Түрік, Иран, Ауған мұсылман елдері болғандықтан көбіне әйел адамдары барлығы дерліктей қайырма жағалы, жеңі ұзын, кең және ұзын етек көйлек киіп, бастарына ішкі жағынан кішкентай орамал бүркеніп, сыртынан үлкен ақ жаулық тартады.

Этномәдени болмысымыздың нағыз айнасы болып табылатын материалдық мәдениеттің бір саласы - қолөнерді, соның ішінде осы уақытқа дейін зерттелмей келген алыс шет мемлекеті Иран қазақтарының қолөнерінің ерекшеліктері мол. Иран

мемлекетіне қоныстанған кезден бастап қазақтар өзінің ұлттық қолөнерін сақтауға тырысып, оны жергілікті халықтардың әсерімен жалғастырып дамытты.

Иран қазақтары бірнеше жылдар бойы кілем тоқу және киіз басу өнерінің ортасында болып жас кездерінен көрші халықтан бұл өнерге қанықты. Қазақ оюлары жеңіл өзгеріп түрлендіруге ыңғайлы. Сондықтан, қазақ және түрікмен оюлары байланыстырылып, жаңа өрнектер пайда болған. Кейінгі жылдары қазақ қыз-келіншектері кілемге Иранның әртүрлі нақыштарын өрнектей тоқып, қолөнеріндегі ою - өрнегінің негізгі тақырыбы гүл мен өсімдіктерді кеңінен пайдаланды.

Түркия, Иран не Ауғанстандағы қазақтардың қай-қайсысында болмасын үлкен «қаршын» деген жастық кең тараған. Оны көбіне отырғанда ыңғайлы болу үшін арқаға қояды, сондықтан оны кейде «арқа жастығы» деп те атап жатады. Олар қатты болу үшін арасына сабан немесе картон қағаздар салып жасайтын болған. Ал оған салынған ою-өрнектер қазақтыкінен гөрі Иран мен Ауған халықтарының өрнектері тәріздес өсімдік тектес, оның ішінде көбіне гүлді болып безендіріледі. [5,80 б].

Өзінің туған топырағына зар болған шет елдік қандастарымыздың тарихи-әдеби, фольклорлық-этнографиялық рухани мұрасынан ұзақ жылдар бойы еш нәрсе білмей дағдардық. Туған топырағынан қол үзген осы ағайындардың тұтасып, бірігіп, жинақталып, басқа миллиондаған халықтары бар мемлекеттерде жұтылып кетпей, өздерінің қазақ екендігін ұмытпаған, тарихын, өнерін, мәдениетін қастерлейтін, тілін сақтаған қазақтардың өз тарихи Отанында атқаратын қызметтері көп.

Қазақ диаспорасының бір бөлігі ретінде көптеген қандастарымыз қазақ мәдениетінің әр түрлі аспектілерін, әдет-ғұрпын сақтап қалған. Шетелдердегі қазақтардың репатриациясы Қазақстанда қазақ халқының санының көбеюіне, ұлтымыздың тілінің, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының дамуына, мемлекеттің экономикалық, сонымен қатар тәрбиелік қарым-қатынасына, рухани қасиеттердің кеңінен қалыптасуына жан-жақты өз үлесін қосуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедия – Алматы, 2002.
2. Исламская Республика Иран //Культурное представительство Посольства Исламской Республики Иран в Республике Казахстан, 2009
3. Жеменей И. Тарқаған шер // Қазақ елі, 2002 - № 7
4. Мехди Санаи. Взаимоотношения Ирана и стран Центральной Азии – Алматы, 1997 .
5. Б.К.Қалшабаева, А.Қ.Бейсеғұлова, Түркия қазақтары. – Алматы, 2013.

ӘОЖ 94 (574) (045)

ТӘУЕЛСІЗДІК АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Бекенжанова А.А.

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы,
магистр

Аннотация: Мақалада қазақ диаспорасының қалыптасу процестері, шет елдердегі, әсіресе Ирандағы диаспораның қалыптасу жолдары, саяси, әлеуметтік, тілдік-мәдени бейімделуі, басқа этникалық ортада қазақтардың әлеуметтік-мәдени бейімделудің қиыншылықтары мен ерекшеліктері қарастырылған.

Кілт сөздер: рухани жаңғыру, қазақ диаспорасы, тәуелсіздік, шетел қазақтары, дүниежүзі қазақтары, құрылтай.

Қазақстанның бүкіл әлемдік қоғамдастыққа тәуелсіз мемлекет ретінде танылуы қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасы жайлы терең зерттеу қажеттігін туғызып отыр. Түрлі тарихи кезенді тарихта басынан өткізу халқымыз үшін оңай болмағандығы анық. Ұлттық тарихты сақтай отырып жаңғыру және тағылымды тарихымызды оқып, сусындап өскен ұрпақ тәрбиелеу қоғамның алдында тұрған негізгі міндет, себебі салт-дәстүрі мен тарихына ерекше мән беретін елдің тұғыры биік, іргесі берік болатыны белгілі.

Қазақстан мемлекетінің өмірінде болып жатқа түбегейлі өзгерістер халқымыздың өткен тарихы мен мәдениетіне жаңа көзқараста талдау жасауға үлкен мүмкіндік туғызып отыр. Ұзақ уақыт ұмыт болып келген мұраларды қалпына келтіру, ұлттық өнерді жандандыру қазіргі кезеңнің ең бір үлкен парызы. Осындай жаңа көзқараста зерттелетін тақырыптар қатарына қазақ диаспорасының пайда болуы және қалыптасуы, соның ішінде алыс шет мемлекеті Ирандағы қазақтардың тарихы, тұрмыс салт дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының сақталуы мен өзгеруі, ата мекеніне қайта оралуы, бейімделуі туралы мәселелері жатады.

Қазақ диаспорасының негізінен екі жолмен түзілгендігі белгілі: оның біріншісі мемлекеттік шекараларды белгілеген кезде өзінің байырғы ата-жұртында тұрса да негізгі этникалық ортасынан бөлініп қалған қазақтар болса, екіншісі, тарихи жағдайларға байланысты әр кезеңдерде көшіп барып орнығып қалғандар [1].

Алыс шет мемлекеттерде қазақ диаспорасының басым көпшілігі 1920-1930 жылдары ашаршылық, қуғын-сүргін, ұжымдастырудың кері салдары, басқа да түрлі себептерге байланысты отандарын тастап кетуге мәжбүр болған, соның ішінде алыс шет мемлекеттер болып саналатын Қытайға, Моңғолияға, Иранға, Ауғанстанға қоныстанған қазақтар. Қазақ халқының бір бөлігі осындай тарихтың аласапыран жылдарында тағдыр тәлкегіне ұшырап, небір қиыншылықтарды бастарынан өткізіп, Қазақстанның батыс аймағы Маңғыстаудан теңіз арқылы көршілес мемлекет болып саналатын Иранға қоныс аударды.

Иран қазақтары Қазақстанның Маңғыстау өңірінен өткен ғасырдың 30 жылдарындағы әртүрлі қуғын-сүргіндердің салдарынан атажұртты тастап кетуге мәжбүр болғандар. Сол кездегі халықтың дәстүрлі шаруашылығының күйреуі, науқандар кезіндегі зобаландар, шаруа қожалықтарын кәмпескелеу, күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру, шаруаларды жазықсыз жалған жалалармен мен айыптаулар туындатқан босқыншылық салдарлары болатын.

Ирандағы қазақ диаспорасы сол уақытта 1929-1930 жылдардан бері тұратын 5 мың иран қазақтарынан және 1980 жылдардағы әскери оқиғалардың кезінде Иранға орналасқан 5 мың Ауғанстаннан кеткен қазақ босқындарынан құралды. Иран қазақтары этникалық құрамы жағынан кіші жүз қазақтарына кіреді. Қазіргі барған жеріне осы кіші жүз рулары орналасқан жерден ауып барғандар. Кіші жүздің Табын, Әлім руларынан да кездеседі, бірақ негізінен адайлардың төрт атасы-Жеменей, Көрпе, Тіней, Құнанорыстар өрбіп-өсіп жатыр [2].

Шетел қазақтары құт мекен, атажұрт-туған Отаннан бөлініп, жетім күйін кеше жүріп, шашырай, кей аумақтарда шоғырлана орналасқан қандастарымыз «қазақ» атын өшірмей, ұлттық келбетін сақтап өзінше қам қарекет – тіршілік етіп, өзінше күй кешуге мәжбүр болды [3]. Ондаған жыл бөтен саяси, әлеуметтік, тілдік-мәдени ортада өскен олардың қазақы дәстүрді, ана тілін мүмкіндігінше сақтаған ерлігін құрметтеп ұрпаққа үлгі етуге болады. Қазақтар балаларын парсы тілінде оқытқанымен қазақы тәрбие үрдісін қатаң сақтаған.

Ұлтжандылықты, атамекенге - Отан-анаға деген қимастықпен шексіз махаббатты әрбір этнодиаспоралық кеңістіктегі диаспора өкілі жан дүниесімен сезіне алғанда, рухани дүниесімен ұштастыра білгенде ұлттық рух қалыптасып, ұлт болып сақталу үрдісі жанданады және дамиды. Басқа ұлт мәдениетінің ықпалына ұшырап, туған тілі мен ділін, дінін сақтамаған басқа әлеуметтік-мәдени ортаның мәдениетінен өзінің табиғи ерекшеліктерін саналы түрде ажырата алмаған этнос өкілдері мәңгірттікке бет бұрады.

Қазақ ұлтының үштен бірі жақын және алыс шет елдерде өмір сүреді. Ұлтымыздың диаспора деп аталатын осы бөлігінің тағдыры, мәдениеті, тарихы, болашағы туралы мәселе қазақ зиялыларын, саясаткерлерін, ғалымдарын толғандыруға тиіс екені ешқандай дау туғызбайтыны хақ. Әсіресе, қазақ диаспорасының тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеп, оның бүгінгі тағдырына қорытынды жасап, келешегін болжау – қоғамтанушы ғалымдардың алдында тұрған өзекті мәселе.

Дүниеде қазақ деген ұлт – біреу, демек оның ұлттық болмысы, салт- санасы, әдет-ғұрпы барша қазаққа тән, оның ғажайып мол рухани қазынасы, ұлттық тарихы бөліп жаруға жатпайтын ортақ байлық. Сондықтан сырттағы қазақтың әдебиеті, мәдениеті, өнері, Қазақстандағы қазақтың әдебиеті, мәдениеті, өнері деген қолдан жасалатын шек-шекара болмауға тиіс.

Басқа этникалық ортаның, негізгі халықтың сол мемлекеттегі қазақ диаспорасына, оның тіліне, дініне, мәдениетіне, ұлттық психологиясына, менталитетіне, іс-қимылына, іскерлігіне тигізген әсерін зерттеу-бүгінгі таңдағы келелі мәселе.

Мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ ұлтына деген ең басты атқарған ісі мен игі әрекеті - Дүниежүзі қазақтары Құрылтайының шақырылуы еді. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың нақты тапсырмасы арқасында Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1992 жылғы 27 тамыздағы №709 қаулысы негізінде Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына әзірлену мен оны өткізу туралы нақты жұмыстар қолға алынды.[4].

Тәуелсіздіктің, егемен болған елдіктің куәсі аумалы-төкпелі заманның сүрлеуімен елден жырақ кеткен бабаларымыздың ұрпақтарының туған жерге оралуы, бауырларымен қауышуы. Көкірек көзін топырақ баспаған, жүрегінде ұлтына, халқына, туған топыраққа деген патриоттық сезімі бар адам үшін бұдан өткен жетістік бола қоймас.

Қазақстанның егемендігінің, тәуелсіздігінің арқасында Иранда тұратын қазақ ағайындарымызбен араласуға қол жетті. Көшу-қону серпіні Иран қазақтарын да шетте қалдырмай, көптеген отбасыларының Қазақстанға қоныс аударуына себеп болды.

Біздіңше, бүкіл дүние жүзінің әр тарабында жүрген қазақ жұртын өз Отанына топтастыру міндет емес, алайда біртұтас этнос етіп ұйыту, әлемге ұлттық қасиетін, дәстүрін, салтын таныту, біржола келем деушілерге жағдай жасау Қазақстан мемлекетінің қамқорлығы болуға тиіс. Бұл тұста Қазақстан мемлекеті алғаш рет бүкіл дүние жүзі қазақтарының құрылтайын да өткізді, көші-қон, демографиялық хал-ақуалға көп көңіл бөлінуде.

Ал, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымыз арқылы халқымыздың тұрмыс-тіршілігін, дінін, әлеуметтік жағдайын, мемлекеттік құрылымын жандандыра алатындығымыз туралы жан-жақты ойлану керектігі белгілі. Өзіміздің рухани құндылықтарымыз берік болып, ата-бабамыздың мыңдаған жылдар бойы ұстанған әдет-ғұрпына құрмет танытар болсақ, қазіргі жас ұрпақ теріс ағымдар мен басқа мәдениеттің жетегінде кетпесі анық.

Шетелдегі қазақ диаспорасы қанша қиыншылықтарды бастарынан өткерседе ата бабаларының жерін өзге елдің құрамында болсада қадірлеп, қастерлеп мекен етуде. Олардың негізгі арман мақсаттары қазақтың ежелгі мәдени рухани бай мұрасын келер ұрпаққа шашпай төкпей қастерлеп жеткізу. Сондықтан тағдырдың жазуымен туған топырақтан шеттеп кетуге мәжбүр болған ата бабаларымызбен олардан тараған ұрпақ жасаған мол рухани қазынаны шашпай төкпей жинап алуымыз, оны ата жұртқа және барша әлемге таныстыру аса маңызды шаруа. Халқымыздың игі дәстүрлерін сақтап қалған шетелдегі қазақтар тарихи отанына оралып ұлтымыздың тамаша қасиеттерін тірілтуге, тіліміздің мәртебесін көтеруге, ұлттық қолөнерімізді, дәстүрімізді қайта жаңғыртуға көп ат салысары сөзсіз.

Рухани жаңғыру арқылы тарихпен жүздесіп, бүгінмен қалыптасып, келешекке батыл қадам жасаудамыз. Бұл жаңа кезең Қазақстан үшін жаңа ынтымақтастық үдерістің жолын ашып, тамырлас жұрттар үшін де құтты болары анық.

1. Д.Ескекбаев. Қазақ диаспорасы: бүгінгі және болашағы. –А., 2003, 6 б.
2. Т.Кәкішев. Көш қонысты болсын десек. //Қазақ әдебиеті. 1995, 1 тамыз, 10 б.
3. Омарова Г. Қазақ диаспорасы, философиялық талдаулар. К., 2011
4. <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=45280>.

ӘОЖ 94 (574) (045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ТҰЛҒАНЫҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Махметова С.Д.

Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Аңдатпа. Мақалада рухани жаңғыру ұлттық болмыстың негізінде мемлекет өмірінде қалыптасатын интеллектуалдық өріс екендігі, жеке адамды, ұрпақты, ұлтты, халықты табиғаттан, өзінің төл болмысынан ажыратып алып кетпейді, керісінше өз болмысының әлеуметтік рухани негіздерін сақтай отырып оны нығайтуға, қорғауға, сақтап қалуға ықпал ететін ұғым, ұлттық деңгей, бір ұрпақтың мемлекеттің тархы мен болашағы алдында жасайтын, қол жеткізетін жетістігі сараланған.

Кілт сөздер: рухани жаңғыру, тұлға, ұлттық болмыс, рух, мемлекет, сана.

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Ұлан ғайыр қазыналарымызды қалпынша қолданып, қорғау, бір мақсатпен межелеген межеге жету арқылы түрлі саяси радикалды идеологияларға тосқауыл болудың бағдарын ұсынды. Ұлттық бірегейлікті сақтау. Елбасымыз халқымызға тән салт-санамыз, асыл мәдениетіміз бұлардың барлығы бойымызда жалындап, үні шырқалып тұруын баса айтты, сонда ғана алға басулар болатының ескертті. Білімнің салтанат құруы. Қазіргі таңда білім бағдарламаларының елімізге ұтымды үлес қосып келе жатқанын айта келіп, табыс тізгіні – білімді болашақ жастардың қолында екеніне баса назар аударатын кез келді.

Рухани жаңғыру – қазақстандықтардың салт-санасы мен дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш. Бұл ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол. Қазіргі қоғам көзқарасы қалыптасқан зерделі де, зерек тұлға тәрбиеленуі тиіс. Ол үшін ілім-білімге ұмтылып, жан-жақты жетілген жөн. Рухани жаңғырудың элементтері адамның санасында жатады және оның құбылысы ұлттық сана арқылы идеяға, өмірлік ұстанымға айналып отырмақ. Мәселен тарихи дүние ретінде бабаларымыз ертеден бастап ұрпақтың танымын тәрбиелейтін ертегілерді шығарды. Ұрпақты ерлікті иеленіп, елді қорғайтын дәстүрді қалыптастыруға үндеді. Батыр, би-шешен болып жаңа дүниелерді жасауды үйретті. Соның негізінде сонау көне заманда мемлекетті басқарудың үлгісін жазған грек философтары Платон мен Аристотельдің, «мемлекетті ойшылдар басқаруы керек» – деген идеялары дәстүрлі қазақ қоғамында орын алды. Тарихтағы қазақтың рухани өмірінде ойшыл адамдар қабілеті, ұлттық санасы және даналығы арқылы қоғам өміріне рухани өзгеріс әкелді. Сол арқылы ұлттың бірегейлігі, ұрпақтың азаматтық бірегейлігі сақталып отырды. Тарихтың тағылымы және бүгінгі уақыттың талабы негізінде қарайтын болсақ, рухани жаңғыру әр ұрпақ буынның тарихи сана негізінде өзіндік санасының қалыптасуы. Ұлттық сананы иеленген (ұлттық санасы бар) және өзі өмір сүріп отырған қоғамның өрісін кеңейте білген ұрпақ болмысын рухани жаңғыру құбылысымен өлшейміз.

Рухани жаңғыру идеясы ата мекенмен ұлттың бір болуын, үнемі ұрпақ пен туған жердің байланысуын, адам мен табиғаттың тұтастығын негіздейді. Рухани жаңғыру ұлттық болмыстың негізінде мемлекет өмірінде қалыптасатын интеллектуалдық өріс. Ол жеке адамды, ұрпақты, ұлтты, халықты табиғаттан, өзінің төл болмысынан ажыратып алып кетпейді, керісінше өз болмысының әлеуметтік рухани негіздерін сақтай отырып оны нығайтуға, қорғауға, сақтап қалуға ықпал ететін ұғым, ұлттық деңгей, бір ұрпақтың мемлекеттің тархы мен болашағы алдында жасайтын, қол жеткізетін жетістігі.

Ұлттық сана. Сана дегеніміз адам болмысында мағынасы терең әрі күрделі ұғым. Ғылыми әдебиеттерде адам миының атқаратын ерекше қызметі деп көрсетеді. Классикалық неміс философиясының өкілдері тарихта адамның ішкі рухани әлемінің картинасын жасауға ұмтылған. Бірақ бұл да адам санасының феноменін толығымен ашып бере алған жоқ. Сонау Аристотель заманынан бастап философияның өзі осы иррационалды (адамның тәжірибесіне бағынбайтын, ақыл ойдан тыс өмір сүріп жатқан) құбылыстарды зерттеумен келеді. Қалай десекте адамның тәжірибесіне көне бермейтін сана ұғымы адам болмысының рухани мәнін, әлеуметтік өрісін айқындап отыратын құбылыс, адам бойындағы рухани қасиеттерді біріктіріп отыратын нәрсе болып табылады. Философиялық тұрғыдан айтатын болсақ, сана дегеніміз адам танымының негізі, негізгі көзі, адам болмысының ерекше қасиеті. Сана болмаса адам ештемеге жарамайды.

Рухани жаңғырудың негізінде жеке адамның, халықтың тұлғаға айналатындығын ата бабаларымыз жете түсінген. Батырлықтың, шешендіктің, тума талант иесі болып ұлт өнерінің тарихта терең арнасын қалдырудың өзі қазақ баласының тарихтағы жасампаздық рухының биіктігін көрсетеді. Ал ұлтына игілік әкелетін жасампаздық қасиет бұл жаңашылдыққа биім, өресі биік адамның ғана қолынан келмек. Сырттан келетін, елді әлсірететін, ең соңында елді тәуелсіздіктен айыратын нәрселерге тарихтағы қазақ жастарының рухани деңгейімен қарсы тұруы, ауызбіршіліктің, білімі арқылы саясаты мен тәжірибесі күшті жаумен иығын теңестіре білуінде. Бұл жаста болса қазақтың ұл, қыздарының заманынан қалмай болашақты зерделеп, ұлттық мүдде деңгейінде ойланған деңдеңгейін көрсетеді. Рухани жаңғыру шыныменде ұлттың, елдің болмысына тән құбылыс және халыққа ортақ ұғым, ортақ ұстаным, тарихи қажеттілік. Мемлекет халықтың ортақ үйі, сол үйді күтіп баптайтын, рухын сақтайтын, қорғайтын адам мемлекеттен, қоғамнан бөлінбейді, мемлекетінің мүддесінен, төл мәдениетінің болмысынан қол үзбейді. Керісінше мемлекетті, халық үшін, ұрпақтың келешегі үшін заманның талабын зерделеп, одан өтудің жолын білімімен іздейді. Адамды, халықты бұндай дәрежеде ойлауға жетелейтін ұлттық сана. Ұлттық сана елдің тархы мен мәдениетіндегі тәжірибелер арқылы ұрпақтың уақытымен үйлессе елдің тұтас ұлттық зердесі қалыптасады немесе заман талабына сай өрісін кеңейте түседі. Бұндай ұлттық сананың құбылысы тарихымызда үнемі өзінің танымдық қызметін атқарып отырған. Уақыт бір орында тұрмайды, заман алға жылжиды. Уақыт өрісіндегі заман болмысының ерекшеліктері мен белгілері ұрпаққа жүктелетін міндетіне тәуелді. Өз дәуірінің ел болашағымен біріктіретін міндетін дұрыс орындай білген ұрпаққана мемлекетінің мүддесін сақтап, өзінен кейінгі буынға табыстап кетеді. Аға ұрпақтың кейінгі буынға табыстайтын дүниелері ұлттық құндылықтар. Олардың кейінгі дәуірде өмір сүруіне ықпал ететін ұлттық қасиеттер. Ұлттық қасиеттер болмаса ұрпақтың бірегейлікте өмір сүру ұстанымы қалыптаспайды. Абай айтқандай ұлттық сана болмаса қара басының қамынан аса алмаған, бас басына би болған өңкей қықым ұлттық рухы жоқ адамнан шығады. Осы себептен ұрпақтың заман талабына сай ізденуіне, рухан кемелденуіне, бірігуіне ықпал ететін ұлттық код.

Рухани жаңғырудың негізі ұлттың қасиеттері мен рухан құндылықтарға тәуелді болса, оның әлеуметтік өрісі қашанда білімге, еңбекке және табандылыққа келіп тіреледі. Қазақ баласына білімнің рухын түсіндерген. Жеке адамның білімге деген құрметі оның толыққандық білім алуына, рухани деңгейінің қалыптасуына қыпал етеді. Абай мен алаш зиялыларының заманында ел тұрмысының қиыншылығына қарамастан көзі ашық, көкірегі

ояу қазақ зиялыларының шығуына ықпал еткен қазақтың өнер, білім және ғылым туралы кемел түсінігі. Ұлттық тәрбедедегі уақыттан қалмайтын және білімі тозбайтын құндылықтар олардың талапты, арлы, жігерлі, еңбекқор, қиындыққа төзімді, ақылды және рухани терең болуына ықпал еткен. Осы тұрғыдан алаш зиялыларының болмысына, тархи қызметтеріне қарайтын болсақ рухан жаңғыру ұрпақтың тарих, отан, келер уақыт алдындағы кісілік қасиеттерімен тұлғалық ұстанымының әлеуметтік ортада қатар сақталуы. Ұлттық кодынан қол үзбеген жеке адам заманынан қалмайды, өз заманында алға ұмтылады, өз заманның жетістіктеріне қол жеткізеді және оны ұлт игілігіне айналдыра алады. Рухани жаңғыру жаңашылдыққа қол жеткізу, заманның жетістігін бағындыру. Жаңашылдық әлеуметтік ортадағы мәдениеттілікпен өлшенуі тиіс, паракорлық, жемқорлық күш алған тұста жеке адамның, әлеуметтік ортаның рухани жаңғыруы, жаңашылдығы тежеліп отырады. Туған жерін ұмытпайтын адам туған елін қадірлейді. Елді қадірлеу туған жердің рухын бойға сіңіріп өсуден басталған. Сондықтан да, елде туып, елде тұрып елге жаны ашымаған адам зиялылар қатарында болған емес. Зиялылықтың бірінші шарты адамның туған жерге, халыққа және ұлт болашағына деген шынайы жанаңшылығынан бастау алмақ. Ұлттық рух бар жерде рухани жаңару күш алады. Ұлттық сана рухани жаңарудың түп қазығы, ұлттың негізі арқылы жеке адамның, халықтың, елдің уақыт талабына сай ізденуі, еңбек қоғамын құруы, уақытты, еңбек пен білімді, денсаулықты қатар бағалап, қатар қорғай алған қоғам ұлттық рухымен мемлекетіне, қоғамына, еліне игілік әкелетін дүниелерді қалыптастырады.

Қорытындылай келе, рухани жаңғыру белгілі бір межемен аяқталмай, үздіксіз жүзеге асып жатуы керек. Себебі, қазіргі ғылым мен технология аса жылдам қарқынмен дамып бара жатқан заманда, бәсекеге қабілеттілігімізді арттырып, жасампаз ұлт ретінде үнемі түлеп, рухымызды көтеріп, жаңарып, өркендеп отырмасқа лажымыз жоқ. Рухани жаңғыру да ұлт ретінде жаңғырып, дамып отыруымызбен қатар жүруі керек. Бірақ, осы рухани жаңғыруды бесжылдықтармен, онжылдықтармен өлшеу қиындау. Себебі, бұл – рухани дүние. Ал рухани жаңғыруды адам, қоғам сезінуі тиіс. Қазақ халқының рухы биіктеп, бәсекеге қабілеттілігі артып, өнері өрлеп, ғылымы өркендеп, мәдениеті мен дәстүрі үстем болып, мейрімді, адал, ақылды, білімді, бауырмал, ұлтшыл, елшіл, кеңпейіл, отаншыл жандар қауымы қаумалаған қоғам құра алсақ, онда рухани жаңғырғанымызды еліміздің әр азаматы өзі-ақ жан-тәнімен сезінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру//Егемен Қазақстан.2017.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. — Алматы, «Әдебиет әлемі», 2013.
3. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты».
4. Наука Казахстана: аналитический обзор. Астана, 2013.

ӘОЖ 94 (574) (045)

МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Қамиева Гүлфарида Бағытжанқызы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы,
магистр

Аңдатпа. Мақалада халқының рухани мәдениетінің тарихындағы елеулі саланың бірі – ақын-жыраулар поэзиясының ерекшеліктері, жыраулық мұраның тарихи мазмұны және ақын-жыраулардың төл тарихымыздан алатын орны, шығармаларының өзіндік ерекшеліктері және маңызы, «Зар заман» өкілі, қазақ әдебиетінің алыбы атанған Мұрат

Мөңкеұлы мұрасының зерттелуі және шығармаларының тарихи маңызы мен деректік негіздері туралы қарастырылады.

Кілт сөздер: жырау, Мұрат Мөңкеұлы, әлеуметшіл ақын, «Үш қиян», шежіреші.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «...Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы», - деп атап көрсеткен болатын [1]. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихындағы елеулі саланың бірі – ақын-жыраулар поэзиясы екенін баяндай отыра, жанрлық белгілері мен сипаттары бойынша ерте кездерден-ақ жеке сала болып дамыған ақындық-жыраулық поэзия қаншама ғасырлар өтсе де өзінің тарихи құндылығы мен маңызын жоймайтындығы туралы батыл тұжырымдар жасауға болады. Оның себебі – жырау шығармасының әдеби туынды болып қана қоймай, тарихи дерек көзі ретінде де рөл атқаратындығында. Жыраулардың шығармашылығы XV – XVIII ғасырларда өзіндік ерекше әдебиетті қалыптастырды. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырда өмір сүрген жыраулар мен ақындар арасынан Дулат Бабатайұлы (1802 – 1871), Шортанбай Қанайұлы (1818 – 1881), Мұрат Мөңкеұлы (1843 – 1906) ерекшеленеді. Кеңес билігі тұсында оларды патриархалдық өмірді көксеуші, Ресейге қарсы болған керітартпа идеология, «Зар заман» өкілдері деп қарады («Зар заман» атауы Шортанбайдың осындай атпен әйгілі болған толғауынан алынды). Олардың аттары аталмайтын, толғаулары тарихтан сызылып тасталған еді. Байқап қарасақ, олар елді кері тартпақ болған идеология өкілдері емес, қайта қазақ жерінің тағдырын ойлап, елге ұран тастап, халықтың санасын оятпақ болған қайтаркерлер еді [2].

Мұрат Мөңкеұлы (1843 – 1906) – айтыскер ақын, жырау. Қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданының Қарабау ауылында дүниеге келген. Жасынан жетім қалып, ағасы Матайдың қолында тәрбиеленіп, ауыл молдасынан білім алған. Есет би мен Абыл ақыннан өнеге алып, өзі Мұрын жырау Сеңгірбайұлына ұстаздық еткен. Мұрат Мөңкеұлы 17 жасында Жылқышы, 20 жасында бала Ораз, 25-інде Жаскелең, Жантолы, Шолпан, Тыныштық сынды ақындармен айтысып, жеңіп шыққан. Ол өзінің өжет мінезі, қағытпаға жүйріктігі, тапқырлығымен әрдайым жеңіске жеткен [3]. Қазақ әдебиетінің алыбы атанған Мұрат Мөңкеұлы мұрасының зерттелуін заманның талаптарына сәйкес жүргізіліп отырған деуге болатын тәрізді. Оның өзіндік себептері бар. Алдымен, ақын дүниеден өткеннен кейін екі жылдан соң, 1908 жылы Қазандағы ағайынды Кәрімовтер баспасынан «Мұрат ақынның Ғұмар Қазы ұғлына айтқаны» деген кітабы басылып шығады. Оны нақты кімнің әзірлегені жөнінде әзірге мәлімет болмаса да, бұл – ақын шығармаларының алғашқы басылымы еді. Яғни, сол белгісіз жинаушы ақын мұрасын алғаш рет топтап, баспадан шығуына жол ашып береді [4].

Мұрат ақынның алғашқы шынайы зерттеушісі – Алаштың ардақты перзенті, Батыс Алашорданың жетекшісі Халел Досмұхамедұлы болды. Ол 1924 жылы Ташкент қаласында «Мұрат ақынның сөздері» деген атпен жинақ шығарды. Жинаққа өзі алғысөз жазып, ақынның шығармаларында кездесетін жер-су, ру аттарына, көне сөздерге түсініктер берді. Осылайша Мұраттанудың негізін қалады. Ақынның шыққан тегіне байланысты кітаптың «Мұрат ақын туралы қысқаша мағлұмат» деп аталатын алғысөзінде Халел былай деп жазған: «Мөңке баласы Мұрат 1843 жылы туып, 1906 жылы 63 жасында опат болды. Кіші жүздегі байұлы беріш деген рудың қаратоқай деген арысынан, аққолы деген бөлімінен болады. Туған жері Орал облысы, Гурьев (Үйшік) уезі, Қарабау деген жер. Жүрген жері – Бөкейлік, Орал, Маңғыстау. Мұраттың ата-тегі мал баққан шаруа

қазақ. Туысқан ағасы Матай деген ақын болған. ...Он бестен асқан соң той-тобырда өлең айтқанды мүсе тұтпай, заманындағы айтқыштардың бәрін айтысып, жеңген. Айтысқа өте шебер болған. Мұраттың өмірінде айтыстан жеңілген орны болмаған» [5]. Алғы сөзді оқи отырып, Халел Досмұхамедұлының екі мәселеге ерекше назар аударғаны байқалады. Біріншісі – Мұрат Мөңкеұлы шығармаларындағы тарихтық негізі бар деректер, екіншісі – ақын өлеңдерінің тілі. Сонымен қатар Халел Мұрат өмір сүрген дәуір мен ақын шығармашылығы арасындағы табиғи байланысты да асқан білгірлікпен ашып береді [6].

Халелден кейін Мұрат Мөңкеұлы туралы зерттеу жүргізген атақты Мұхтар Әуезов болды. Ол 1927 жылы Қызылордада жарық көрген «Әдебиет тарихы» еңбегінің «Зар заман ақындары» атты тарауында Мұрат шығармаларына кеңінен тоқталды. 1940 жылы Москвада зар заман поэзиясының бірқатар үлгілері енгізілген, «Песни степей» атты қазақ поэзиясының антологиясы жарық көрді. Кітап төрт тарауға бөлінген: хан сарайы маңындағы ақындар (Бұқар, Нысанбай, Досқожа), көтеріліс дәуірі поэзиясы (Ығылман, Махамбет, Шернияз), зар заман («эпоха скорби») ақындары (Шортанбай, Мұрат), XIX ғасырдағы жазба әдебиеті (Ыбырай, Шәңгерей, Абай, Жүсіп, Нұржан). Жинақты құрастырушы Леонид Соболев: «Екі жақты езгіге ұшырап, өз жұртының қалталылары мен патша отарлаушыларынан қорлық көрген қазақ халқының қайғысы «зар заман» ақындары – Шортанбай мен Мұраттың өлеңдерінде көрініс тапты», – деген пікір қалдырды. Жинаққа енген Мұрат ақынның «Үш қиян» («Три эпохи») толғауын орыс тіліне аударған кеңестік дәуірде кең танымал болған орыс ақыны, журналист, аудармашы Павел Николаевич Шубин (1914 – 1950) болды [7].

Мұрат ақынның мұралары Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының 1940 жылдардың орта шенінен бастап ұйымдастырған ғылыми экспедицияларының нәтижесінде жиналды. 1943 жылы Мұрат Мөңкеұлының «Қарасай-Қази» жыры бес мың данамен баспадан шықты. Негізсіз емес еді. Өйткені, соғыс жүріп жатқан мезгілде әр халықтың рухын өз мұрасын оқыту арқылы көтеру керек болды. Сөйтіп, «Қарасай-Қази» «Қызыл әскер кітапханасы» деген айдарында «неміс-фашист окупанттарына өлім келсін!» деген ұранмен жарыққа шығып, майданға жіберіледі. Осылайша ақын мұрасы жеңісті жақындатуға үлес қосты. Алайда, бұдан соң біраз уақытқа дейін Мұраттың өлең-жырларын кеңінен таныстыруға мүмкіндік туа қоймайды. Өктем жүйенің бағыт-бағдарын белгілеген партиялық құжаттар бұған барынша тосқауыл қойды. Қазақстан Компартиясы ОК-ң 1947 жылғы 21 қаңтар күнгі «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы» қаулысынан кейін Мұраттың өлең-толғаулары оқулықтардан алынып тасталды [4]. Ал, 1959 жылы Алматыда өткен, әдеби мұраны зерттеп, бағалауға арналған ғылыми конференцияда Мұрат, Шортанбай, Дулат шығармалары халыққа жат деп танылды. Олар тек жоғары оқу орындарында шолу түрінде оқытылуы қажет деген тұжырым жасалды [8].

М.Мөңкеұлы шығармаларының «қауіптілер» санатына жатқызылуының себебін көрнекті ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Х.Сүйіншәлиев былайша түсіндіреді: «... Мұраттың өз басы (бай, би баласы ретінде), творчествосы (ұлы халыққа достыққа қарсы феодалшыл-кертартпа) даулы боп құлыпталды. Оның үстіне, Мұрат еңбектерінің ең алғашқы жинағын шығарушы, оған алғы сөз жазып, тарихи жағдайға үн қосқан ерекше дарын иесі, төкпе ақын екенін танытқан Халел Досмұхамедұлы болатын...» [9, 610-б].

Осы жерде ескеретін бір жайт бар – ол Мұрат Мөңкеұлының шыққан тегі туралы мәселе. Ақын өмірін зерттеген Х.Сүйіншәлиев «XIX ғасыр әдебиеті» деген кітабында «Әкесі Мөңке өз еліне аты мәлім дәулетті адам. Тайсойған, Қарабау жерлерін мекендеген Қаратоқай ұлыстарының беделді биі», делінсе, жазушы Сәбит Мұқанов пен академик Қажым Жұмалиевтың еңбектерінде «Мұраттың әкесі Мөңке кедей шаруа, әрі момын адам болған», деп көрсетіледі. Қазірде «Мұраттың әкесі бай, сөзін өткізе алатын би болған екен» деген мағлұматтар жиі айтылады. Дегенмен, ақынның әкесі қайтыс болғаннан кейін жетім қалып қой баққаны, жеті жасынан өлең шығарғаны шындыққа жанасымды сияқты [8].

Бұрынғы Кеңестік кеңістікте шектеу қойылып, идеологиялық күрес науқанының салдарынан қыспаққа түсіп жатырса, 1958 жылы жарық көрген АҚШ-ң Дьюк университетінің профессоры Томас Густав Виннердің ағылшын тіліндегі «Ресейлік Орталық Азия қазақтарының ауызекі шығармашылығы мен әдебиеті» атты кітабында қазақ поэзиясының өзге де озық үлгілерімен қатар Мұрат Мөңкеұлының өлеңдеріне де талдау жасалды [7]. Аталған еңбектің түпнұсқасы қолға тимесе де, Мұрат Мөңкеұлы шығармаларының зерттелуі туралы мәселемен айналысып жүрген филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Омарұлының «Томас Густав Виннер зерттеуіндегі Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығы туралы ой-пікірлер» атты мақаласына сүйене отырып, автордың негізінен «Үш қиян» толғауы туралы қарастырғанын атап өтуге болады: «...Т.Г.Виннердің ғылыми еңбегі ауыз әдебиеті нұсқаларынан бастап қазақ әдебиетінің елуінші жылдарға дейінгі кезеңін молынан қамтиды. ...Автор зар заман дәуірі («Time of Lament») ақындарының санатында Шортанбай мен Мұратты атайды. Т.Г.Виннер зерттеуінде ...екі ақынның ағылшын тіліне аударылған өлең мәтіндері біршама талданған. Шортанбайдың «Зар заман» («Time of Lament») және «Алдаушы жалған» («Faithless Lying»), Мұраттың «Үш қиян» («Three Epochs») толғаулары орыс тіліндегі аудармасы арқылы ағылшыншаға тәржімаланған [7].

Кеңестік қазақ әдебиетінің тарихында Мұрат ақын шығармашылығы жабық тақырыптардың бірінен саналды. Соған қарамастан ақынның жоқшылары табылып, ол туралы әлсін-әлсін жазылып тұрды, яғни, Мұраттану қайта басталды. Өз дәуірінде Қ.Жұмалиев, Х.Сүйіншіәлиев, С.Мұқановтар түрлі зерттеулерін, танымдық мақалаларын жариялады. Мұратбек Бөжеев филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін жазған диссертациясының бүтін бір тарауын Мұрат Мөңкеұлына арнаса, Ысқақ Дүйсенбаев «Ғасырлар сыры» атты монографиясына «Мұрат Мөңкеұлы» деген бөлім енгізді. Ал М.Мағауин 1978 жылы Мұраттың «Үш қиян» толғауының аудармасын Ленинград қаласынан шыққан «Поэты Казахстана» атты антологияға енгізіп жіберді [4], [8].

Мұрат Мөңкеұлы қазақ халқының суырып салма ақыны, төкпе жырауы болып табылады. Мұсылманша сауатты, өз дәуірінің алдыңғы қатарлы азаматы. Халқының басына түскен замана ауыртпалықтарын көре де, көрсете де білген, елі мен жері, халқы үшін қасірет шеккен саналы суреткер [9, 608-б]. Мұрат шығармаларын құрастыра отырып, Х.Досмұхамедұлы жоғарыда сөз болған жинақта: «Қазақ тарихын жазған адам Мұрат секілді ақындардың сөзін елеусіз тастай алмайды», – деген болатын. Шындығында Мұраттың «Үш қиян», «Сарыарқа», «Шалғез», «Қазтуған», «Қарасай-Қази», «Орақ-Мамай», т.б. толғауларында қазақ халқының 5-6 ғасырлық тарихы асқан шеберлікпен баяндалады [3]. Ол отаршылдық заманында қазақ жұртының қаналып, әбден қажыған сәтінде елдің жарасын жамап, қарапайым халықты өлең жырларымен рухтандырып отырған. Ел тәуелсіздігін аңсап, халықтың бүгіні мен кешесін сынай отырып, салыстырған. Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығы негізінен Батыс Қазақстанда болған оқиғалармен тығыз байланысты. Мұраттың басты шығармасы – «Үш қиян» толғауы. Онда ақын Қазақстанды жаулап алу және отарлау жағдайындағы қазақ халқының күйінішті өмірін суреттеп, ескі дәстүрдің іргесі шайқалғанын, Асанқайғы, Қазтуған, Орақ, Мамай, Телағыс, Шора сияқты туған өлкесінде бақытты өмір сүре алмай, арманда кеткен батырлар туралы толғанып, сөз етеді [10, 548, 549-б.б.].

Мұрат ақын орыстың озбырлығын сынауды өте ерте кезден бастайды. Үш қиян – Батыс Қазақстан өлкесі, Атырау аңғары, Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз өзендерінің айналасы. «Үш қиян» толғауында осы жерлердің отаршылдардың қолында кеткені, елдің өрісінен айырылып торыққаны жырланады. Жаппай талап-тонап, таптай келген «аузы түкті» жұрттың өзінің әдет-ғұрпын, сұмпайы мінез-құлықтарын қазақ халқына енгізе бастағанын, халқымыздың бұрынғы өте әдепті, әділ ғұрпымызды лайлап, бүлдіргенін де бейнелі көрсетті. «Үш қиян» дастаны Мұрат ақынның жүрегін жарып шыққан ең мұңды, ең зарлы жыр. Ол – ақын тілімен айтқан халық үні, халық мұңы болды [11]. Сыпыра, Асан,

Қазтуған, Шалкиіз, Жиембет, Доспамбет, Махамбет, Шернияз, тағы басқалардың бірталай шығармалары бізге осы Мұрат секілді ақындардың айтуымен жеткен. Мұратты өз көзімен көрген Мұрын жырау Мұрат Мөңкеұлы: «Мұрат мен көрген ақындардың ішіндегі ең күштісі еді», – деп бағалаған [8]. Мұраттың «Сарыарқа», «Үшқиян» толғаулары шоқтығы биік туындылар. Бұл – тарих, берісі алшын, әрісі – алаш тарихы, сонау ноғайлы заманынан бергі халқымыздың шерлі шежіресі [3].

Қорыта айтқанда, ақын-жыраулар поэзиясының тарихилығы, табиғаты, тақырыптық ерекшеліктері жалпы қазақ халқының рухани мәдениетінің өзіндік, дара ерекшеліктерінің бірі десек қателеспейміз. Ал, жыраулар мұрасы – тарихи болып табылады. Солардың арасында көркемдік дәрежесі жағынан жоғары тұратын Мұрат Мөңкеұлы шығармаларының тарихи деректік негіздері де өлшеусіз болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://www.inform.kz>, <https://www.zakon.kz>: Нұрсұлтан Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.
2. <https://bulletin-history.kaznu.kz>: Мұхатова Оразкүл. Қазақ жырауларының шығармаларындағы тарихи ой. // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. №1 (84). 2017.
3. <https://bilimger.kz>: Ислямғалиева Айкен Муратовна. Мұрат Мөңкеұлы шығармаларындағы тарихи шындықтың бейнеленуі.
4. <https://atr.kz> ruhaniyat: Бауыржан Омарұлы. Мұрат мұрасы қалай зерттелді?
5. <https://tak-to-ent.net>: Мұхтар Құл-Мұхаммед. Халел Досмұхамедұлы – Мұрат ақын шығармаларын жинаушы һәм зерттеуші.
6. <http://old.e-history.kz>: Нағимов Ш.Н. Халел Досмұхамедұлы – мұраттанушы ғалым.
7. <https://egemen.kz/elbasy.kz>: Бауыржан Омарұлы. Томас Густав Виннер зерттеуіндегі Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығы туралы ой-пікірлер.
8. <https://qazaquni.kz>: Сансызбай Базарбаев. Ақынның мұңы мен жыры.
9. Ханғали Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. – А., 1997.
10. Қазақстан тарихы. Көне заманнан күні бүгінге дейін. Бес томдық. 3-том. – А., 2002.
11. <https://anatili.kazgazeta.kz>: Қадыр Жүсіп. Мұрат Мөңкеұлы: «Екі жақты, бір тілді, Сөйлейтін сөзге шешенмін...».

ӘОЖ 94 (574) (045)

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Қамиева Гүлфарида Бағытжанқызы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы,
магистр

Аңдатпа. Мақалада есімі дүние жүзіне мәлім болып, ғылыми және мәдени мұралары ғасырлар бойы ардақталып, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келе жатқан, мезгілдің қатыгез сынынан мүдірмей өткен, тарих перзенттерінің бірі және бірегейі – Әбу Насыр Әл-Фарабидің адамзаттың қалыптасуы, жеке тұлғаның дамуындағы тәрбиенің алатын орны мен атқаратын ролі туралы пікірлері, оқыту, білім беру мәселелері мен нағыз ұстаз жөніндегі көзқарастары қарастырылған.

Кілт сөздер: тәрбие, еңбек, білім, ұстаз, шәкірт.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді», - дей отыра, тарихи сананы жаңғырту үшін, ең алдымен, ұлт қаһармандарын үлгі тұтуға, олардың өнегелі өмірі мен артына қалдырған құнды еңбектерін елге, әсіресе жас ұрпаққа кеңінен насихаттауды тапсырған болатын [1].

Қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және жақсы өмірдің дұрыс жолын таңдай білу үшін және жаңа мыңжылдықта білімді, тәрбиені, адамгершілік пен ізгілікті дамыту үшін біз әр уақытта, әр дәуірде өзімізге дейінгі өткен идеялар мен қағидаларға сүйенгеніміз жөн. Оларды данышпан-ойшылдардың еңбектерінен ғана кездестіруге болады. Сондай құнды мұралардың иесі, қазақ топырағынан шыққан, жан-жақты және ғұлама ғалым – Әл-Фараби. Ол сонау ерте орта ғасырлардың өзінде адамзат ілімінің молайып, ақыл-парасаттың жетілуін, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын атап көрсеткен болатын. Әбу Насыр Әл-Фараби түркі руханиятындағы кемелдікті араб-ислам әлеміне танытып берді. Дүниетанымдық өресі мен қисындық зердесінің тереңдігінің арқасында араб-ислам әлемін бағындырды, сол кезеңнің ғылыми санасын дамытуға қызмет етті. Ғұлама ғалым түркілердің араб-ислам өркениетіне қатысын мұрасымен әйгілеп қалдырды [2]. Әл-Фараби педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға жемісті үлес қосқан. Сондай-ақ, ол парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист. Ол бірнеше ғылым салаларын қамтитын 150-ге тарта трактаттар жазған [3, 15-б.].

«Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығының астарынан бір ғана мәселені, яғни, бала тәрбиесінің өте күрделі процесс екендігін айқын ұғынуға болады. Тәрбиені қажет ету мәселесінің адамзат қоғамымен бірге келе жатырғаны да талас тудырмайды. Өйткені өскелең ұрпақ ғасырлар бойында қалыптасып, жүйеленген тәлім-тәрбиені, тиісті тәсілдерді санасына біртіндеп сіңіріп, оны дағдыға айналдырып отырады. Тәрбие мәселесі әрбір кезеңде озық ойлы ойшылдар мен тәлімгерлердің еңбектері мен пайымдық ой-пікірлерінен де көрініс тауып отырған. Солардың қатарынан, өз заманында «Екінші Аристотель» атанған Әбу Насыр Әл-Фараби де тыс қалмайды. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы» деген Әл-Фарабидің атақты қағидасына сүйене отыра, алдымен, ұлы ойшылдың тәрбие жөніндегі ілімдеріне тоқталуды жөн көрдім.

Әл-Фараби шығармашылығында көрнекті орын алатын мәселенің бірі де – тәрбие мәселесі. Тіпті, оқып-білім алу, ғалым адам болу мәселесін тәрбиемен тығыз байланыстырады. Мәселен, «Философияны үйрену үшін алдын-ала нені білу қажет» деген еңбегінде ол: «ғылым үйренуге кіріспекші кісі ... тәрбиелі, адамгершілігі мол, адал, құлық-сұмдықтан және басқа ағат мінез-құлықтан аулақ болуы қажет», - деп түйіндейді [4, 193-б.]. Әл-Фарабидің гуманитарлық көзқарастары мен пайымдаулары «Бақытқа жету жайында» атты философиялық еңбегіндегі түсіндірулермен көрінген. Тәрбиеге анықтама бере келіп, ол: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту әдісі деген сөз... тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындарына білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекет жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі, осы әрекетті жасау тілегі қоздырылады, осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан-дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді», - деп жазды.

Тәрбие мәселесін Әл-Фараби осындай кең мағынада түсіне отырып, тәрбиенің жалпы халықтар мен қала тұрғындарының өмірінде алатын, атқаратын орнын жоғары бағалайды. Дұрыс тәрбие берілмеген халықтар мен қала тұрғындары «надан» халықтар немесе қала тұрғындары (қоғам өкілдері дегені) деп аталып, ондай қалалардың түрлері, адамдарында кездесетін нашар мінез-құлық, іс-әрекеттер сипатталады [5]. Әл-Фараби тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп санады.

Ол ғылымды тарихи үрдіс деп түсініп, ғылым жүйелі түрде құрылған білімнің жоғарғы формасы деген анықтама берген. Фараби өмір сүрген дәуірде педагогика ұғымы болмағаны белгілі. Алайда ол оқу-ағарту мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады. «Еңбектің өзі – өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады», - деген болатын Фараби. Ол еңбек өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты деп қарастырды [6].

Фарабидің пікірінше, оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу адамгершілік және еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты. Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғы шарты етіп алды. Еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда ол Аристотель негізін салған теорияның анықтамасына сүйенеді. Демек, ол қандайда болсын құбылысты түсіндіруге бағытталған ұғымның, идеяның, белгілі бір саласының мәнді байланыстары мен заңдылықтары жөнінде толық түсінік беретін ғылыми білімді қорытудың ең жоғарғы формасы деген қағиданы ұдайы басшылыққа алған Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын «Өзінің ішкі құрылымы жағынан бір-бірімен логикалы байланыста болатын біртұтас білім жүйесін құрайды», - деп тұжырымдайды.

Педагогикалық тұрғыда қарастырсақ, бұл тұжырым – «оқушыларға саналы тәртіп, сапалы білім беру, пайдалы қоғамдық еңбекке баулу», - деген сөз. Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда еркін еңбектің адамның жан-жақты дамуы үшін маңызы зор екенін атап көрсетеді [7]. Адамдардың, әсіресе, жастарды тәрбиелеу жүйесінде Фараби бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Кең мағынада алып қарасақ ғұлама бұл тәрбие ауқымына еңбек, эстетика, дене, гуманистік, патриоттық т.б. тәрбиелер түрлерін енгізіп қараған сияқты [6].

Әл-Фараби өзінің «Азаматтарды бақытқа жетелеудің жолы» атты еңбегінде: «қала әкімі мен мұғалім бірдей дәрежеде тәрбиеші болып табылады. Мұғалім бала тәрбиелесе, әкім қала тұрғындарын тәрбиелейді», - деп тұжырымдайды. Оның пікірінше: «оқып-білім алу арқылы дүниені танып білуге, оның әсемдігі мен толыққандылығын байқауға болады. Әрі оқып-білу үшін, әртүрлі кәсіпті меңгеру үшін, адамгершілік қасиетті қалыптастыру үшін, талмай еңбек етіп, ерік-жігерді дамыту қажет, әрі оған тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу арқасында жетуге болады» [4, 193-б.]. Әл-Фараби тәрбие үрдісінде «Қатты әдіс» пен «Жұмсақ әдісті» ұштастыруды талап етеді. Ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтап кеткен. Қазіргі тәрбие үрдісі тұрғысынан қарағанда «қатты әдіс» деп отырғаны жазалау, ал «жұмсақ әдіс» деп отырғаны – мадақтау. Демек, Фараби педагогикалық ықпал ету әдістерін алғаш ұсынған, оның тиімділігін дәлелдеп кеткен ғалым [7].

Фарабидің ілімі бойынша, адамның рухани бет-пердесі, мінезі мен жүріс-тұрысы қоғамдық орта, тәрбие әсері, адамның еркі ауру сияқты көптеген объективтік және субъективтік себептердің әсерімен қалыптасады, өзгереді. Фарабидің пікірінше, тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын жас болмайды. Тек ретін тауып үйретуден, баулудан жалықпау керек. «Жаман қылық – ол жан ауруы. Бұл ауруды кетіру үшін тән ауруын емдеуші дәрігерге ұқсауымыз керек», - дейді ғұлама. Фараби «Бақытқа жету жолы» атты трактатында жастарды батырлық, жомарттық, қайырымдылық, қанағаттылық, шешендік, доспейілділік, т.б. қасиеттерді қалай тәрбиелеу қажеттігі жайлы нақты баяндайды [8]. Әл-Фараби өзінің педагогикалық жүйесінің белгілі құрамды бөлігі ретінде бала тәрбиесі мен оқыту мәселесін алып, баланың жеке және жас ерекшелігіне мән беріп, балаға қамқорлықпен қарап, қарым-қатынас жасауға баса көңіл бөледі. Ежелгі грек ойшылдарына сілтеме жасай отырып ғұлама балаларды белсенді түрде оқытуды 7-8 жасынан бастауды нұсқайды [4, 193-б.]. Фараби, сонымен қатар, оқыту, білім беру мәселелеріне үлкен назар аударып, бұл тұрғыда көптеген түбегейлі, терең пікірлер айтқан. Ол «Философтардың қойған сауалдарына жауаптар» деп аталатын еңбегінде педагогика, оқу, оқыту мәселелеріне қатысты жайларға тоқталады. Мәселен, оқып-үйренуге жаттап алу дұрыс па?, жоқ түсініп алу дұрыс бола ма?- деген сұраққа Фараби: «түсініп алған

дұрыс, өйткені барлығын жаттап алу мүмкін емес, оларды белгілі бір байланыстары арқылы ойда топтастыру пайдалы», - деп жауап береді [5], [7].

Бала тәрбиесі, қоғам мен халықтың балаларды оқыту жөніндегі қамқорлығы, жастарды халық өміріне байланысты білімдермен қаруландыру, балаға оның жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, шын жүректен қамқорлықты қарым-қатынас – мұның бәрі Әл-Фарабидің педагогикалық жүйесінің құрамды бөлігі болды. Халықтан алып пайдаланылған көптеген ережелер оның ілімінің демократиялық, гуманистік өзегін құрады және педагогикасының озық бағыттылығын күшейтті. Әрине, ұлы педагогтың халықтық тәрбие дәстүрлерін алып пайдаланып және оны өз жүйесіне енгізіп қана қоюмен шектелмеуі әбден табиғи нәрсе. Ол педагогикалық құбылыстардың жиынтығын байыптады, тәрбие және тәрбиелеу орындары мәнін түсіндіруге жаңа мазмұн беріп, әрі қарай шығармашылықпен дамыта алды [5].

Әл-Фарабидің айтуы бойынша, нағыз ұстаз ғана айтқанын екі еткізбейтін, ешкім шағым жасауға батылы бармайтын, білімі телегей-теңіздей, ақыл-ой парасаты да, ерік-жігеріне де ешкім тең келе алмайтын адам. Осындай қасиеттері бар ұстаз ғана шәкіртке үлгі-өнеге көрсетеді, ол халықты соңына ертіп, оның мұң-мұқтажын, талап-тілегін орындай алады. Фараби ұстаздың мінез-құлық нормасы қандай болуы керек? - деген сұраққа жауап бере отырып, балаға білім беру жөнінде, оған тәлім-тәрбие беру ісінде мұғалімге мынадай шарттар қояды: «Мұғалімдік еткен адамның өлшеуі (әдісі) тым өктем (қатаң) болмасын және асыра босаңсытқан төмендікпен де болмасын. Егер тым қатты, үнемі ызғармен болса, онда оқушы мұғалімін жек көретін халге жетеді. Егер де өте босатып жіберген кішіпейілділік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімді кем санау, ғылымына жалқау қарау қаупі туады», - дейді.

Бұл сияқты ұстамдылыққа, іскерлікке қол жету үшін Фараби атап көрсеткендей: «ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет, өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді». «Ұстаз ескерер бір жәйт – бұл шәкірттің мінез-құлқындағы жағымсыз мінезді, жағымсыз қылықты болдырмау, онда жақсы сипаттардың қалыптасуына мүмкіндік беру», - деп атап көрсетеді Әл-Фараби [9, 156-б.]. Адамның мінез-құлқын тәрбиелеуде ойшыл ұстаздардың жүріс-тұрыстарына, сөйлеген сөзіне, қимылына, жеке бас мәдениетіне баса назар аударып, оқушының сапалы білім алуына ұстаздың осындай қасиеттері үлкен роль атқаратынын айтады. Әл-Фараби педагогикалық ғылымдарға арифметика мен геометрияны, астрономия мен дыбыстар туралы ғылымдарды қосып есептеген. «Мұның мәнісі – бұл төрт ғылым оқушыларды тәрбиелейді, өте нәзік сезімтал етеді, идеяларын ұшқырлайды, басқа ғылымдарды оқып-үйренуге төте жол салады», - деп пайымдаған [9, 157-б.].

Сонымен, дүниежүзілік ғылым мен мәдениетке өлшеусіз үлес қосқан ғұламаның еңбектерінде білім беру мен тәрбие мәселесі де ерекше орын алады. Ұлы ойшыл өз шығармаларының көпшілігін тәлім-тәрбиелік мақсатқа орайластырып, тәрбиеші-ұстаз тұрғысынан жазған. Әл-Фарабидің жоғарыда атап өткен арифметика, геометрия, астрономия, музыка ғылымдарын педагогикалық, яғни тәрбиелік ғылымдар дейтін жүйеге жатқызуы да, сондай-ақ педагогика, әдістеме мәселелері жөнінде арнаулы еңбектер жазуы да осы айтылғандардың айқын дәлелі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрсұлтан Назарбаев. Ұлы даланың жеті қыры / Егемен Қазақстан, 21-қараша, 2018.
2. <http://almaty-akshamy.kz>: Г.Жүгенбаева. Тарихи танымдағы Әл-Фараби мен Абай мұрасы.
3. Әбсаттар Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.

4. Ф.Абдихаева, Е.Балабеков. Тәрбие жүйесіндегі музыканың алар орыны туралы Әл-Фарабидің ой-пікірлері. // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. (Әл-Фарабидің 1130 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары). – А., 2001.

5. <https://sites.google.com>: Әл-Фараби еңбектеріндегі халықтық педагогика мәселелері.

6. <https://akikat.kazgazeta.kz>, bankreferatov.kz: Ж.Исахметұлы. Фараби трактаттарындағы білім, тәрбие және адамгершілік мәселелері.

7. <https://melimde.com>

8. <https://baribar.kz>: Әл-Фарабидің еңбектеріндегі тәлім-тәрбиелік идеялары.

9. М.Ермекбаев, Р.Кенжебекова. Әл-Фараби тәрбие туралы. // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. (Әл-Фарабидің 1130 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары). – А., 2001.

ӘОЖ 94 (574) (045)

МАҢҒЫСТАУДА РЕСЕЙЛІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕНГІЗІЛУІ

Қамиева Гүлфарида Бағытжанқызы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы,
магистр

Аңдатпа. Мақалада Ресей империясының Кіші Жүзге ерекше қызығушылық туғызуының себептері, жаңа басқару жүйесінің Маңғыстау қазақтарына әсері, өлкедегі патшалық әкімшілік биліктің өзіндік ерекшеліктері туралы қарастырылады.

Кілт сөздер: ереже, дистанция, приставтық, Маңғыстау уезі, болыс.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «... «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады», - деп атап көрсете отыра, «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру мен оған әрбір азаматтың үлес қосуы керек екендігіне баса мән беріліп, өлкетану ісін дамыту мәселесі де қозғалған болатын [1]. Осыған орай, аталмыш мәселе өлкенің өткеніне жаңаша көзқарастар легімен назар аударып, тарихи тұжырымдар жасауға септігін тигізеді.

XIX ғасырдың басына таман Қазақстанның елеулі аумағы шын мәнінде Ресей империясының қоластында болды. Ұлы Жүзді бағындырғаннан кейін патша үкіметінің алдында отарланған өңірлерді Ресеймен біріктіре отыра, басқарудың жаңа жүйесін құру мәселесі тұрды. Самодержавие Қазақстанды өзіне түпкілікті бағындыруға және оны мұнда әкімшілік-құқылық басқарудың жаңа орыстық жүйесін енгізу арқылы бекітуге тырысты [2, 18-6]. Кіші жүз патша үкіметі үшін ерекше қызығушылық туғызды. Кіші Жүз аумағында Маңғыстау түбегі өзінің географиялық орналасуының арқасында патша үкіметінің басқыншылық мақсаттарына қолайлы әскери-стратегиялық жағдайды иемденді, өйткені солтүстік-батысында Маңғыстау Каспий теңізі арқылы Ресеймен, оңтүстік-шығысында – Хиуамен, ал батысында – Кавказбен шектесті. Маңғыстау аймақтары арқылы Орта Азиялық хандықтардан Ресейге қарай ең қысқа теңіз жолдары өтті – Қараған айлағынан Астраханьға және Гурьевке дейінгі қашықтық 200 верст болды [2, 22-6].

1824 жылы Кіші жүзде хандық билік жойылып, Орынбор қазақтарының облысы құрылғаны белгілі. Бұл облыс өз кезегінде Шығыс, Батыс, Орта бөліктерге, бөліктер – дистанцияларға бөлінді. 1824 жылғы реформа бойынша Маңғыстау қазақтары әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша басында басқарушы-сұлтан тұрған (Қаратай Нұралыұлы, кейін Баймұхаммед Айшуақұлы (1830 – 1847) және Мұхамбетқали Тякин (1847 – 1867)) Кіші Жүздің Батыс бөлігіне жатқызылды [3, 50-6]. 1824 жылғы Ереже бойынша, үш бөліктің қазақтары шартты түрде желілік және далалық болып бөлінді, желілік қазақтарды және Ресейдің өзге толық құқылы бодандарын басқаруды желілік дистанциялардың (дистанция

– екі бекініс арасындағы учаскелер) командирлері жүзеге асырды. Алғашында 11 желілік дистанция құрылды. Одан әрі 1831 жылдан бастап шекаралық тізбекке жақындаған көшпелі халықтан барлық жерде дистанциялар, олардың өз ішінде әрбір желілік форпостар немесе отрядтарға қарсы орналасқан жерлеріне байланысты ағамандықтар құрылды. М.С.Тұрсынованың еңбегінде бұл мәселе туралы былай делінеді: «...Маңғышлақтың жергілікті халқын Ресейге бағынуды заңды рәсімдеу 40-шы жылдарда барлық Кіші жүзге 1831 жылдың өзінде енгізілген және сол кезде казак желілерінде көшіп-қонған қазақтарды қашықтықтан басқару жүйесін тарату болып табылды. Осы жүйе қазақтардың көшіп-қонуы 32 аймаққа (қашықтыққа) бөлінді ..., кейіннен олар көбейді» [3, 49-50-66].

1833 жылы Каспий теңізінің жағалауында, Өліқолтық шығанағында Новопетровск бекінісінің негізі қаланды. Гарнизон зеңбірекшілер командасы бар 2 жаяу әскер ротасынан, 200 Орал казактарынан құралды. Сонымен қатар қару-жарағы – оқпаны әртүрлі 31 мыс және шойын зеңбіректері болды. Алайда орналасқан жері нашар, суы және климат жағдайы қолайсыз болғандықтан бекініс Түпқараған шығанағына көшіріледі және Ново-Александровск деп аталды. 1847 жылы 30-тамызда ресми түрде ашылады [4, 307-6]. 1844 жылы «Орынбор қазақтарын басқару туралы» жаңа Ереже бекітіліп, іске қосылды. Бұл Ереже 1824 жылғы Ереженің бірқатар шектеулі тұстарын толықтырды және шекаралық өкіметтердің, әскери соттардың және жалпы империялық заңдардың ролінің күшеюі, билердің соттық құқығының елеулі түрде шектелуі үрдістерін одан әрі дамытты. 1844 жылғы «Ереже» бұған дейінгі құжаттарға қарағанда нақты тұжырымдалған айқындамасы бар заң актісі болды [4, 314-6].

Маңғыстаудың патшалық отаршылдық аппаратқа бағынуының заңды түрде рәсімделуі XIX ғасырдың 40-жылдарынан, Кіші Жүзде дистанциялық басқару жүйесінің таралуымен байланысты, басталады. Маңғыстау қазақтары түгелдей Орынбор қазақтарының Батыс бөлігінің билеуші-сұлтаны басқарған 52-ші дистанцияға қарады [5, 18-6]. Ол адайлардың төрт бөлімінен: қырықмылтық, құнан орыс, түркімен-адай және Үстірттің оңтүстігін қыстаған Балықшыдан және Кіші Жүздің бірнеше өзге ру бөлімшелерінен тұрды. Дистанцияның бастығы Орынбор шекаралық комиссиясы тағайындаған және тікелей Жүздің Батыс бөлігінің билеуші-сұлтанына бағынған ірі би Есенжан Абызұлы болды. Дистанцияның 10 әкімшілік бірлігі болды, олардың бірқатары айтарлықтай ірі болды. 150 мыңдай аула 240 ауылды құрады, яғни орта есеппен ауыл 600 шаруашылыққа теңестірілді [3, 50-6].

1846 жылы Түпқараған шығанағының түбінде, алғашында Ново-Петровск, ал 1859 жылдан бастап – Форт-Александровск деп аталған, күшті әскери бекіністің негізі қалануымен қолайлы геосаяси жағдайының арқасында Маңғыстауға патшалық әкімшіліктің әскери-стратегиялық жоспарларында маңызды орын алды. Бұдан былайғы уақытта Маңғыстаудың өзіндік шекаралық орналасуы жиі өзгеріп отыратын әкімшілік-аумақтық басқаруды және оның әскери бағыныштылығын шарттап берді. Кіші жүз аумағында орыс бекіністері салынған сайын, Маңғыстаудағы адайлардың патша өкіметіне бағындырылуы күшейе түсті. 1867 жылы Адай қазақтары Жоғарғы дистанция деп аталынған әкімшілік жүйелік бірлікке біріктірілді. Бірақ, көп ұзамай бұлайша басқарудың қиындығына байланысты тағы да әкімшілік бөліністерге өзгерістер енгізілді [6]. Аумақтың кеңдігі және басқарудың қиындығынан 1868 жылы Маңғыстау дистанциясы: Жоғары және Төменгі болып екіге бөлінді. Жоғарғы дистанция үш бөлімшеден құралып, Үстіртте Бесакты, Сенек және Сұмса құдықтарын қыстаса, Маңғыстауда қыстаған бес бөлімше Төменгі дистанцияға қарады. Жоғарғы дистанцияның бастығы Бәймәмбет Маляев болды. Төменгі дистанцияны Ғафур Қалбин басқарды. Екеуі де елге беделі бар би және дәулетті адамдар болды, сонымен қатар үкіметтен тұрақты жалақы да алып тұрған [5, 18-6].

Маңғыстауды отарлау мен мұндағы Ресей әкімшілігінің басқа аймақтардан айырмашылығы – приставтықтардың құрылуы болып табылады. 1868 жылы 21 қазанда

«Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторлықтарының далалық облыстарын басқару туралы Уақытша Ереже» қабылданғаннан кейін Маңғыстау түбегі Орынбор генерал-губернаторлығы Орал облысының құрамындағы жеке Маңғыстау приставтығы болып бөлінді және негізгі қазақ жерлеріндегі әкімшілік-басқару жүйесінен бөлініп, алғашқыда Кавказ әскери округына енгізілді. Әрине, ол кезде Маңғышлақ приставтығы деген атпен белгіленген еді. Маңғыстау приставтығы 1868 – 1881 жылдар аралығында (кейіннен болыс, уезд, облыс, губерния ретінде) өмір сүрді. 1868 жылы Маңғыстау приставтығына Бозашы түбегі, Үстірт жоны, Каспий теңізінің Шығыс жағалауындағы Морской, Святой, Подгорный, Долгий, Орлов, Керел (Жандауыр) аралдары кірді [6]. Маңғыстау приставтығының басында подполковник Рукин тұрды. Ол патша саясатын белсенді жүргізушілердің бірі болды. Жергілікті басқарудың барлық желісі біртіндеп әскери шенеунік басқарған патша приставтығына бағындырылды. Маңғыстау халқына әкімшілік билік жүргізудің Қазақстанның өзге өңірлеріне қарағанда тағы бір өзгешелігі – болыстарды, ауыл ағамандарын, тіпті билердің өзін отаршыл әкімшіліктің тағайындап қоюы болды. Егер Қазақстанның көп бөлігінде 1868 жылғы Ереже бойынша, болыс басқарушылары мен ауылдық ағамандары, формальды түрде болса да, 3 жыл мерзімге халықтың қалауымен сайланатын болса, Маңғыстауда оларды отаршыл әкімшілік тағайындады. Осылайша, ірі билер Маяұлы мен Қалбиндер болыс басқарушыларына, ал дистанциялар болыстарға айналып үлгерді [7, 9-6].

Маңғыстауға жаңа Ереженің енгізілуі 1870 жылға жатқызылады. 1870 жылы 2 ақпанда патша әкімшілігінің Маңғыстау приставтығын Орал облысының құрамынан алып, Дағыстан облысы Қолбасшылығының қарауына берген жарлығы шықты. Сөйтіп, аймақтағы адайлар мен түркімендер Ресейдің әкімшілік жүйеде жүргізілген реформаларына байланысты еріксіз түрде өз руластарынан, ұлтынан бөлініп қалды. Енгізілген басқаруға негізделіп Маңғыстау приставтығы 2 қазақ, 1 түркімен – Бозашы, Маңғыстау, Түркімен болыстарынан құралды [6]. 1872 жылы Кавказ әкімшілігінің жобасы бойынша, Дағыстандағы тәрізді приставтықтың орынына әскери бөлімше құру, ал халықты Кавказ басқармасына ұқсас, орынбасарлыққа немесе 4 учасстке бөлу ұсынылды: 1. Түркімен; 2. Маңғыстау; 3. Бозашы; 4. Үстірт [2, 28-6]. 1870 жылы 2 ақпандағы Маңғыстауды Дағыстанға берген патша жарлығы бойынша Красноводск қамалы Кавказ Армиясының Бас қолбасшылығына бағынған приставтық болып қайта құрылды. 1874 жылы наурызда «Каспий сырты өңірін басқару туралы Уақытша ереже» жарияланды. Бұл Ереже бойынша Маңғыстау және Красноводск приставтықтары, яғни Каспий сырты өңірі әскери және әкімшілік тұрғыда Каспий сырты әскери бөлімін құрады, оның құрамына Құлалы, Киелі, Подгорный, Керел, Долгий, Шелекен, Огурчинский аралдары мен Бозашы және Маңғыстау түбектері енді. Маңғыстау өлкесі өткен ғасырларда әртүрлі құрамда болып, дәстүрлі көшпелі шаруашылық-әкімшілік бөліктерге бөлінген. Ал нақты географиялық шекаралық нышанға не болуы XIX ғасырдың орта шенінен басталады [8]. 1880 жылы маусымда Ресей Ахалтеке оазисін иемденіп, толық бағындырады. 1881 жылғы 6-мамырда Ахалтеке оазисінен және Каспий сырты әскери бөлімінің жерлерінен Каспий сырты облысын құру туралы император жарлығы шығады. Ал, осы жылдың 10 маусымында орталығы Ашхабад қаласы болған Каспий сырты облысы құрылып, ол Маңғыстау, Красноводск және Ахалтеке уездерінен құралған Кавказ әскери округіне бағындырылады. Сондай-ақ, осы жылы Маңғыстау приставтығы 10 қазақ және 1 түркімен болыстарынан құралған уезге айналдырылып, алғашында Кавказ әскери округіне қарады. Уездің әкімшілік орталығы Форт-Александровск қаласы (қазіргі Форт Шевченко) болды. Маңғыстау уезінің аумағы Каспий мен Арал теңіздері аралағында жатқан Каспий сырты облысының бүкіл солтүстік-батысын (жер көлемі 1 937 650 шаршы шақырым) алып жатты. Шығысында – Айбұғар бұғазымен, оңтүстігінде – Красноводск уезімен шектессе, солтүстігінде шекара белгіленбеген. Халық өте сирек орналасқан, барлығы – 77 000 адам, яғни, 1 шаршы шақырымға 0,3 тұрғыннан келген [7, 9-6]. XIX ғасырдың 80-жылдарының аяғына таман түркімен жерлерін одан әрі жаулап алудың

деңгейіне орай, Каспий сырты облысының аумағы анықталды. Ол солтүстігінде Орал облысының Гурьев және Темір уездерімен, солтүстік-шығысында және шығысында Арал теңізімен, оңтүстігі және оңтүстік-батысында Хиуа хандығымен және Бұхара әмірлігімен және шығысында – Ауғанстан және Персиямен шектесті, батысында бүкіл өн бойына Каспий теңізінің суларымен көмкеріліп жатты. 1888 жылы Маңғыстауда бұрынғыға қосымша тағы үш болыс құрылды: Түркімен-Адай, Жеменей және Райымберді [2, 44-6]. 1890 жылдың ақпанында тағы да бір «Каспий сырты облысын басқару туралы Уақытша Ереже» жарияланды. Ереже бойынша, облыс бес уезге бөлінді: Маңғыстау, Красноводск, Асхабад, Тежен және Мерв. Уездерді әскери шенеуніктерден шыққан бастықтар басқарды. Аталмыш Ереже негізгі бөлімдері және тармақтары бойынша 1874 жылғы Ережені қайталады. 1897 жылғы санақ бойынша, Маңғыстау уезінде 68.555 адам тұрды. 1 шаршы метр жерге 0,36 адамнан келді [6]. Каспий сырты облысын әкімшілік-аумақтық қайта құру бұнымен де аяқталмады. Патшаның 1897 жылғы 26-желтоқсандағы Жарлығына сәйкес, әскери министрге тікелей бағынған Каспий сырты облысының жеке өмір сүруі жойылды. Жарлық бойынша, облыс әкімшілік тұрғыда 1899 жылдан бастап Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына енді. Ал әскери тұрғыда – Түркістан әскери округіне қосылды [7].

1899 жылғы Маңғыстау уезінің бөлінісі төмендегі ретте болды: 1. құрамында – Ақбота, Бәйбіше, Қаратоқа, Кенже-Мамыр, Қойсары-Жақау, Олжашы-Бөкен ауылдары болған – 1-Бозашы болысы; 2. құрамында – Базар-Тоқтамыс, Бектемір, Жетітайлақ, Дәулетәлі, Ескелді, Кеще, Назар-Тастемір ауылдары болған – 2-Бозашы болысы; 3. құрамында – Бегімбет, Жомарт, Есен, Сұлтангелді, Өтебай-Көкше, Қожағұл-Шолақ ауылдары болған – Жеменей болысы; 4. құрамында – Әліқұл, Жаңай, Қамысбай, Қаржау, Табынай, Тоқсанбай, Өтеғұл-Тоқабай, Шоңай ауылдары болған – Маңғыстау болысы; 5. құрамында – Әли, Атембек, Беріш, Жанақ, Жанқозы, Қиыршы, Райымберді ауылдары болған – Райымберді болысы; 6. құрамында – Бәли, Жаман адай, Қараша-Бегей, Құнанорыс, Таңат-Шалбар, Тәңірберген, Құдайберген ауылдары болған – Түркімен-Адай болысы; 7. құрамында – Абдал, Бозашы, Дәли, Ығдыр-1, Ығдыр-2, Құрбан, Мендіқожа, Ұра, Қожа ауылдары болған – Түркімен болысы; 8. құрамында – Байбоз, Боққара, Көрпе, Медет, Сентібай-Сарболат, Сүгірәлі-Жәдігер ауылдары болған – Түпқараған болысы. Болыстан тысқары аумақтар: Долгое елді-мекені, Николаевский поселкесі. Әрине, болыстардың және әкімшілік ауылдардың аралығындағы шекаралар көп жағдайда нақты анықталған жоқ, бірақ жиі қайта қаралып отырды. Бөлшектеу XX ғасырдың басына дейін жалғасты: егер, 1899 жылы 59 ауыл болса, 1908 жылға таман олардың саны 90-ға жетті [2].

Сонымен, XX ғасырдың басына таманғы Маңғыстаудың аумақтық-әкімшілік құрылымының және патшалық биліктің отаршылдық басқармасы осындай көріністе болды. Сансыз «Уақытша Ережелермен» заңды түрде рәсімдей отыра, орыс басқармасының ұйымдары патша үкіметінің өлкені отар тәрізді берік бағындыруына және шаруашылықтық тұрғыда толық игерілуіне жағдай жасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 12-сәуір, 2017 жыл.
2. Жумашева Г.С. Политика царизма на Мангышлаке (30-е годы XIX – нач. XX в.в.). – А., 2003.
3. М.С.Тұрсынова. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Маңғышлақ қазақтары. – А., 2015.
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан күні бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – А., 2010.

5. Ә.Спанов, Ж.Нұрмұханова. Қарашаңырақ. – А., 1996.; Ж.Ж.Нұрмаханова. Көтеріліс күнделігі. – А., 2010.
6. <http://rusnauka.com>: Табылдиева О.Д. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы Маңғыстау.
7. Қалимаш Жанғанатова. Маңғыстау уезінің әкімшілік орталығы // Қазақ тарихы. – № 4 (151), сәуір, 2017. – 9-10-бб.
8. <http://qamba.info>: Серікбол Қондыбай. Маңғыстау географиясы. III том.

ӘОЖ 94 (574) (045)

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСТЕРІ ЖӘНЕ САУДАНЫҢ ДАМУЫ (XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

Қамиева Гүлфарида Бағытжанқызы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы,
магистр

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның ресейлік нарықтық қатынастарға тартылуы, XX ғасырдың басына дейінгі Маңғыстаудағы өндірістің негізгі салалары – балық аулау, итбалық кәсіпшіліктері, тұз өндіру және кен өндіру, жергілікті дәстүрлі кәсіпшіліктердің, сауда байланыстарының дамуы, жергілікті ұлт өкілдерінен шыққан жұмысшылардың жай-күйі туралы қарастырылады.

Кілт сөздер: балық шаруашылығы, итбалық кәсіпшіліктері, төз өндірісі, сауда, жәрмеңкелер.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында орындалу керек міндеттердің ішіне «Туған жер» бағдарламасын ұсынып, «Әрбір жұрт тарихтан өзінше тағылым алады, бұл – әркімнің өз еркіндегі шаруа. ...Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. ...Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады», - деген болатын [1]. Кез-келген халықтың бойында өз табиғатына ғана тән, қайталанбайтын қасиеттері, мінезі мен тілі, мәдениеті болатыны анық. Әрине, мұның барлығы ұлттық рухпен тікелей байланысты. Ал, ұлттық рухты қалыптастырудың негізі өлке тарихын терең танып-білуден, зерделеуден бастау алатыны күмән туғызбайды. Өйткені, өлке тарихын зерттеу мен зерделеу Отан тарихының мазмұнын байытумен қатар, тарихи сананы да қалыптастырады.

XIX ғасырдың 60-жылдарындағы отаршылдық реформалардан кейін Қазақстан тәрізді отар аймақтар біртіндеп ресейлік нарықтық қатынастарға тартыла берді. Қарастырылып отырған кезеңде Ресей үшін өнеркәсіптік тұрғыда қолайсыз жағдайда орналасқан өңірлердің бірі Маңғыстау болды. Мұндағы өндірістің негізгі салалары – балық аулау, итбалық кәсіпшіліктері, тұз өндіру еді. Анығын айтқанда, олар өнеркәсіп деңгейіне жете алмады, тек кәсіпшіліктер ғана болды [2, 83-б]. Тас көмір және мұнай өндіруді игеру әрекеттері табысты болмады. Маңғыстауда бұл кезде мұнайды барлау және оны өндіруге техникалық жағынан мүмкін болмады және бұл тұрғыдан артта қалған Ресей үшін тиімсіз болды.

XX ғасырдың басына дейінгі Маңғыстаудағы ең басты, тіпті жалғыз деуге де болатындай, өнеркәсіп саласы – Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы балық шаруашылығы еді. Негізінен, өңірдегі балықшылықтың тарихын әріде жатыр,- деген ғалымдар оны Құлалы аралынан табылған балық шаруашылығында қолданылатын тас құралдармен байланыстырады – жасалған уақытын неолит заманы деп есептейді [3].

Каспий теңізінің шығыс жағалауынан балық аулауды XIX ғасырдың 50-жылдары Николаевская станицасының қоныс аударушылары бастап берді. Керекті құралдарды олар Астрахань көпестерінен несиеге алды [4, 141-б]. Ал, балық аулаумен шұғылдануға арналған несие жалғыз Николаевская станицасының қоныс аударушылары емес, Ресейдің әртүрлі губернияларынан келген ұсақ және орташа кәсіпшілер де қолданды. Несие кез-келген адамға берілмеді. Тек мүлкі – қайығы, балық аулайтын ауы – бар адам ғана несие ала алды. Несиенің мөлшері борышкердің қаншалықты ауқаттылығына байланысты болды, яғни, неғұрлым ауқатты болса, соғұрлым несие мөлшері де көп берілді. XIX ғасырдың 80-жылдары несие көлемі 100-150 рубль арасында болса, 10 жылдан кейін 400-800 рубльге дейін жеткен [4, 142-б]. Осыдан кейін Николаевск станицасының тұрғындары қайықтар мен балық аулауға керек-жарақтарды тек Астрахань көпестерінен ғана емес, өздерінен де – Захар Дубскийден, ағайынды Климовтардан, т.б. – ала алатын болды. Маңғыстаудағы балық аулау мен итбалық кәсіпшілігінің жай-күйін зерттеген Д.Ливкин ауылдастарының бір ғана Захар Дубскийге қарызының 1897 жылы 40 мың рубльге жеткені туралы деректер келтіреді [2, 84-б]. 1852 жылғы 17 қаңтардағы жарлық бойынша түбекке қоныс аударушылар өздеріне бөлінген учасоктардан (150 верст) қызыл балықты тегін аулауға рұқсат алды. Каспий теңізінің шығыс бөлігінен балық аулау үшін Маңғыстау балық кәсіпшілері Каспийдің өзге бөліктері мен Еділдің және Жайықтың сағаларындағы тәрізді құрал-жабдықтарды қолданды. Түпқараған мүйісінің оңтүстігінен және Қасанкөл шығанағына дейінгі балық аулаумен айналысатын қазақтар мен түркімендер этлықты (қармақ) қолданды. Онымен қызыл балықтың ең ірілері ауланды [4, 143-б]. 1902 жылы Каспий сырты облысының бастығы генерал-лейтенант Куропаткин Николаевская қоныстанушыларына бұған дейін тек ірі балықшы-кәсіпкерлер ғана қолданған ағылшындық құрал-жабдықтарды қолдануға рұқсат берді. Бұл этлықты ығыстырып шығарды және Николаевская балықшыларының аулаған балықтарының көлемі мен табысы да артты. 1896 жылдан бастап станицаның кәсіпкерлері Сарытас шығанағындағы Долгий, Керель аралдарының айналасынан майшабақ аулауды бастады. Жақсы жабдықталған және қолдарында көптеген жұмысшылары бар олар бір айда әрбір қайыққа 25-100 мыңға дейін майшабақ аулады [4, 145-б]. Майшабақ аулауда әсіресе, Кіші Долгийдің тұрғындары ерекше көзге түсті. Үлкен және Кіші Долгий аралдарының суларындағы майшабақ және өзге де ұсақ балықтар аулайтын кәсіпшіліктердің негізін салушы астраханьдық балықшы-кәсіпкер Лбов болды. XX ғасырдың басынан бастап кәсіпкерлік балық аулаумен аз қамтылған қазақтар да айналыса бастады. Мәселен, 1905 жылы Бозашы, Түркімен-адай және Райымберді болыстарында балықшылықпен 223 отбасы айналысты [2, 87-б]. Кәсіпкерлік балық аулаумен бай малшылар да шұғылдана бастады. Олардың қолдарында қайықтар мен құрал-жабдықтардың мол мөлшері болды, тек майшабақтар ғана емес, қызыл балық аулауды да кәсіпшілік жасады. Кәсіпшіліктердегі негізгі жұмысшы күші кедейленген қазақтар, түркімендер, орыстар, қалмақтар және т.б. болды. Жоғарыдағы мәліметтерді тұжырымдай келе, Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы балық аулау кәсіпшілігі үш орыс поселкесінде: Николаевская станицасы, Кіші Долгий және Петров поселкелерінде кеңінен таралғанын айтуға болады. Азғантай халқы бар қалған елді-мекендер балық кәсіпшіліктерінде айтарлықтай роль атқармады [4, 149-б]. Ең бастысы, өңірдегі ірі теңіз балық аулау кәсіпшіліктерінің орыс балықшы-кәсіпкерлерінің қолына шоғырланғанын дәлелдейді. Қазақ балықшылары балық аулаумен Маңғыстау уезінің солтүстігінде – Кіші және Үлкен Долгий, Калпы аралдарында, Қошақ және Сарытас шығанақтарына дейінгі құрлықтық жағалау бойларында айналысты. Сонымен қатар Түпқараған шығанағы жағалауында және одан әрі Кендірлі шығанағына дейін түркімендермен бірге балық аулады [4, 155-б].

Балық аулаумен қатар Каспий теңізінің шығыс бөлігінде итбалық кәсіпшілігі де кең таралды. Бұнымен де орыс поселкелерінің ірі балықшы-кәсіпкерлері айналысты. Итбалықтың өзін соғумен негізінен қазақтар айналысса, қайықтардағы лоцмандық орыстардың қолында болды. Теңізден балық аулау басталғаннан кейін итбалықтар

оңтүстікке қарай ығысып кетеді. Сондықтан итбалық аулайтын негізгі аймақтар Түпқараған айлағы, Шешен, Құлалы аралдары болды [4, 150-6]. Итбалық аулау кәсіпшілігімен негізінен Николаевская станицасының ірі кәсіпкерлері мен Форт-Александровск слободкасының саудагер-кәсіпкерлері айналысты [2, 88-6]. Маңғыстау өлкесінде балық аулау ісі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында шарықтап, өңірдегі мал шаруашылығымен бірге балық шаруашылығын аяқтан тұрғызған, халықтың сұранысы жоғары өнімдерді сыртқа шығаратын негізгі өндіруші мекенге айналдырды [3].

Тұз тек жергілікті қолдану деңгейінде және шағын кәсіпшіліктерде ғана өндірілді. Маңғыстаудың балықшы тұрғындары тұз өндірумен ертеден айналысқан. Алайда, балық кәсіпшіліктерінің дамуы тұзға деген сұраныстың ұлғаюына және оны өндірудің кеңейтілуіне алып келді. Каспий сырты облысында Маңғыстау уезі өндірілген тұздың мөлшері бойынша екінші орын алды [2]. Тұзды көлдер мына өңірлерде орналасты: 1. ең жақсы және сапалы тұзды көл Форт-Александровскіде болды; 2. Түркімен болысында – Қошқар Ата, Қолтық, Бекдаш, Қызық; 3. Маңғышлақ болысында – Шопан Ата, Тұзбайыр, сонымен қатар I және II Бозашы болыстарындағы шағын көлдер. Форт-Александровскідегі тұзды көл Астрахань Акциздік Басқармасының шенеунігінің және бекініс комендантының бақылауында болды.

Маңғыстауда мұнай және бурыл көмір көздерінің бар екендігі туралы да айтыла бастайды. Аймаққа XVIII ғасырдың 70-жылдары академик С.Г.Гмелин екі рет келіп кетсе, одан кейін Э.А.Эверсман мен С.Г.Карелин зерттеген болатын. Олардың қай-қайсысы болмасын өлкенің тек табиғатын ғана емес, жер қойнауындағы кен байлықтарын да жіті назарда ұстады. Мәселен, С.Г.Карелин 1832 жылғы экспедициясы жұмысының жазба журналына: «Мен бір тамашаны көрдім; ескегіміз қайраңға әр тиген сайын майлақы жасыл бірдеңелер су бетіне жүзіп шығады. Сол бір үлкен дөңгелек майлақы шелпекшелерді тексеріп көріп едік, Каспийдің батыс жағалауы мен шығыс жағалауы шылқи бөгіп жатқан тап-таза ақ мұнай болып шықты», - деп жазып кеткен. 1840 жылы Маңғыстауға келіп кеткен ағылшын офицері Дж. Аббот та бұл өлкенің геологиясына ерекше мән берген. Ал, Александровск фортын саларда осы аймақта геодезиялық зерттеу жүргізген М.И.Иванин болса Кертті құдығының қасында тас көмір, Қаратау мен Ақтау арасындағы алқаптан, Бөрлі, Керт, Сиырсу құдығының маңынан мұнай мен темір кенінің нышанын байқағанын жазып қалдырады [5]. Форттан 100 аршын жерде Бешащы кенішінде және Сарытас бұғазынан 14 аршын жерде бурыл көмірдің кеніштері табылды. 1868 жылы осы жерлерден өндірілген шамамен 35 пұт көмірді «Кавказ және Меркурий» қоғамының кемелерінде және Тау-кен ісі департаментінде сынап көреді және ол пайдалануға жарамды, - деп танылады [2, 8-6]. 1871 жылы Маңғыстаудағы көмір кендерін аралап көрген патша сарайының кен істері жөніндегі кеңесшісі, инженер, князь Цулукидзе оны өндіріске аса пайдалы, деп табады. Ол Тарталы, Апажар құдықтары маңынан қазылып алынған тас көмірді бұмен жүретін «Бухарец» шхунасында отын ретінде пайдаланды. Бұл Маңғыстау кен байлықтарын игерудің бастамасы болды [5].

Маңғыстаудағы дәстүрлі кәсіпшілік – киіз басу болды. Жылына 20 данаға дейін киіз басып шығару мүмкін болды. Мұнда ешкі түбітінен де тоқыма бұйымдар дайындалды: жылына 5 дана мойынорағыштар, 100 орамал және 6000 жұп қолғап тоқылған. Қой терісін өңдей отыра, жылына 4800 дана он тікті. Түйе жүнінен 5300 данаға дейін шекпен дайындады [2, 90-91-66].

Қарастырылып отырған мезетте Маңғыстау қазақтары мен патшалы Ресей арасында орныққан қарым-қатынастың қатарында – сауда байланыстарын да атауға болады. Қазақ малы Ресей базарларына XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап көптеп тасыла бастады. Бір ғана 1745 – 1800 жылдар аралығында Орынбор қаласына 2 млн бас мал әкелінген. 1740 – 1770 жылдары әр жылда 36 мыңға таман, 1770 – 1780 жылдары 200 мыңнан астам мал сатылған [6, 27-6]. XIX ғасырдың 80 – 90-жылдарында түбекке Астрахань, Бакуден саудамен бірге балық өндірісімен айналысып жүрген көпестер көшіп келе бастады. «Кәсіпкерлік және көпестерге берілетін сословиелік куәліктерді тіркейтін

Кітап» мәліметтеріне сәйкес, 1900 жылы Маңғыстауда 92 саудагер және олардың 64 дүңгіршік пен 35 тауар қоймасы болды [4, 163-6]. Олардың ішінде 30 ірі саудагерлер, соның ішінде орыстар – 8, армяндар – 10, түркімендер – 7, қалғандары – 5. Алайда, қазақтардан шыққан ірі саудагерлер болған жоқ. Ұзақ уақыт сауда және балық аулау кәсіпкершілігімен астраханьдық көпестер Г.Франкулов, М.Челябовтар, М.Ериванцев, И.Аваковтар айналысты [4, 164-6]. Сырттан келген саудагерлер, әдетте, дүкеншілікке жергілікті адамды жалдап отырды. Кейін олардың ішінен қазақ дүкеншілері дараланып шыға бастады. Мәселен, 1897 жылы Александровский фортында 15 қазақ дүкенші болса, оның ішінде 4-нің ет сататын дүңгіршіктері болған. 1900 жылы енді 42 қазақ дүкеншінің 16-да ет сататын дүңгіршіктері болған [2, 95-6].

Александровск форты саудагерлері, әсіресе, кавказдық көпестер, жергілікті қазақтарды ашықтан-ашық тонап жүрді. Олар қазақ халқын қанау арқылы жоғалтып алған табыс орындарының өтемақысын артығымен қайтарып алып отырды. XIX ғасырдың 80 – 90-жылдарында олардың қарыздары көбейгені соншалық, одан құтылудың ешқандай мүмкіндік болмайтындай жағдайға жетіп, даулы мәселенің шешімін шығаруға арналған сот үрдістері көбейіп кетті. Алайда, бұл соттардың ешқайсысы да қарызға батқан қазақтың пайдасына шешіле қоймайтыны анық еді [4,166-6]. Кейін Куропаткиннің өкімі бойынша, «қырғыз балықшылары мен халқын қанағаны үшін» барлық кавказдықтар Маңғыстаудан жер аударылды. 1898 жылғы халық сотында 95 азаматтық іс, бітімгерлік сотта – 125 іс қаралған [4, 167-6].

Маңғыстау қазақтары жәрмеңкелік саудаға да тартыла бастады. Сол кезде қазақ даласында қызмет жасап тұрған ірі жәрмеңкелердің қатарында Қоянды, Шары, Қарқаралы, Әулиеата, Ойыл және Темір жәрмеңкелері еді. Осылардың арасында Маңғыстау қазақтарына жақыны Ойыл жәрмеңкесі болды. XIX ғасырдың екінші жартысында Батыс Қазақстанның Маңғыстау өңірінде Александровск фортынан 25 верст қашықтықта Ханға баба және Жаңа Өзен қалалық жәрмеңкелерінің негізі қаланып, кейін ірі сауда-айырбас орнына айналған [7]. Маңғыстау қазақтары жәрмеңкелерге негізінен мал өткізіп, өздеріне қажетті тұрмыстық заттарды айырбасқа алып отырды. Мәселен, 1900 жылы түбек қазақтары Александровск фортына 13 835 бас мал, Ойыл жәрмеңкесінде – 18 724 бас мал, Хиуада – 293 бас мал, Красноводскіде 399 бас мал сатқан [8].

Қорыта келе, өлкедегі өнеркәсіп пен сауда қарым-қатынастарының дамуында да жергілікті қазақтардың еркіндікті пайдалана алмай, керісінше шетқақпайланып, отаршылдық саясаттың озбырлығынан толық зардап шеккенін байқауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 12-сәуір, 2017 жыл.
2. Жумашева Г.С. Политика царизма на Мангышлаке (30-е годы XIX – нач. XX в.в.). – А., 2003.
3. <https://egemen.kz>. Г.Шынтемірқызы. Маңғыстауда балық шаруашылығын қалпына келтіру – шешімін табуы тиіс мәселе / Егемен Қазақстан. 11-сәуір, 2018.
4. М.С.Тұрсынова. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Маңғышлақ қазақтары. – А., 2015.
5. <https://www.wikiwand.com/kk>. Маңғыстау тарихы.
6. Джордж Демко. Орыстардың Қазақстанды отарлауы (1896 – 1916). – А., 1997. – 230 б.
7. <http://g.engine.org>: Демеуова Н.Қ. XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басындағы Батыс Қазақстандағы жәрмеңкелер: тарихи талдау (1867-1917 ж.ж.).
8. <http://emirb.org>: Құрманбеков Б. Батыс Қазақстанда сауданың дамуы.

**ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ДУХОВНОГО И КУЛЬТУРНОГО
СБЛИЖЕНИЯ КАЗАХСТАНА И РОССИИ В ХОДЕ ИСТОРИЧЕСКОГО
ПРОЦЕССА В РОМАНЕ «ПЛЕЯДЫ – СОЗВЕЗДИЕ НАДЕЖДЫ» ИЗВЕСТНОГО
КАЗАХСКОГО ПИСАТЕЛЯ АБИША КЕКИЛЬБАЕВА**

Бекенжан Жанилаш Бексиыққызы
КГУТИ имени Ш.Есенова

Аннотация. В статье проведен психологический анализ духовному и культурному сближению Казахстана и России в ходе исторического периода. В романе дается описание о тяжелом присоединении двух государств: борьба, тяготы, предательства, интриги. Абулхаир-хан охарактеризован, как думающий, умеющий слушать, терпеть и ждать исполнения своего предназначения. Затронута тема о вечных общечеловеческих ценностях: истина, любовь, совесть, справедливость.

Ключевые слова: Рухани жаңғыру, общечеловеческие ценности, моральный дух казахского народа, творчество Абиша Кекильбаева, психологический анализ.

В рамках Программы модернизации общественного сознания «Рухани жаңғыру», как известно основной целью нации на новый исторический период является сохранение и приумножение духовных и культурных ценностей, которые познаются только через конгруэнтность национальной духовной культуры [1]. Важно подчеркнуть, что ядром культуры является система ценностей. Казахская литература богата тем, что является сокровищницей национальных ценностей. Стоит напомнить, прежде всего, система ценностей определяет поведение человека в обществе, его менталитет и психологические особенности национального самосознания. Именно, система ценностей определяет принадлежность культуры к тому или иному типу цивилизации, «определяет отношения людей в семье, в быту, на производстве, в социально-политической сфере деятельности, в области научно-технического творчества, а также взаимодействие между этносами, нациями, государствами, цивилизациями» [2].

Изучая вопрос о взаимодействии между этносами, нациями, государствами, цивилизациями предстоит применить психологический анализ духовного и культурного сближения Казахстана и России в ходе исторического процесса, который описан в романе «Плеяды - созвездие надежды» (1987) известного казахского писателя Абиша Кекильбаева. Также он известен, как казахстанский общественный и политический деятель. Исторический процесс представляет собой сложный и многогранный процесс. В ходе исторического процесса возросло общение между государствами.

В целях популяризации достижений казахстанской литературы, считаю уместными слова Мишеля Монтеня «Не столько величественность той или иной вещи, сколько ее новизна побуждает нас доискиваться ее причины». Следует отметить, в романе Абиш Кекильбаев реконструирует судьбоносное событие в истории казахского народа — присоединение Казахстана к России, основано на историческом материале. Центральным образом является хан Младшего жуза Абулхаир. Этот роман со своим глубоким авторским размышлением отличается богатым, интересным и увлекательным сюжетом, яркими образами героев. В книге демонстрируется верность реализму, аккуратное обращение к историческим фактам.

Главным преимуществом этой книги является моральный дух казахского народа. Это произведение учит любить свою историю, культуру, народ. Писатель трактует присоединение Казахстана к Российской империи, как спасение для казахов от физического уничтожения. Оглядывая мысленно прошлое, с горечью замечаю, что чуть ли не вся история бытия — это история борьбы за право быть равным. Действительно,

встретив в лице России и сильного соперника, в 1741-1742 годах джунгары умеряют свой пыл и прекращают набеги на казахские земли. Это событие неоднозначное и противоречивое и требует на современном этапе новое качественное прочтение. Писатель дает удивительное описание хана Абулхаира - «Абулхаир сидел на торе, прямой, как тополь». Следующее описание об отношении и вызываемые чувства в Абулхаире к послу Койбагару - «Абулхаир с неприязнью следил за послом, знакомым и будто незнакомым. «Что же в Койбагаре почудилось такое, что делает его не просто неузнаваемым – чужим?... При каждом шаге хромовые его сапоги поют свою песню: «Скрип, скрип»... Словно дразнил Абулхаир-хана. От русской царицы, которая своими сафьяновыми сапожками равнодушно, как бы мимоходом, топчет нижайшее прошение Абулхаира». «Что же ждет меня? Золотая корона на голове, корона всего Казахского ханства? могущественное русское покровительство? Или же... или же упадет моя голова, покатится под ноги разъяренной толпы. Поволокут ее по пыли на волосяном аркане...»[3]. в этих строках дается точное описание состояния хана, о его переживании и сомнении, при котором внутри два сосуществующих, но конфликтующих желания, затрудняющих ему выбор поведения.

Герой Алдарбай - посол русского царя, показан несдержанным, перешедший на сторону русского царя. «В прошлом году этот самый Алдарбай явился к хану как посол русского царя и увез с собой в Уфу Сейткула и Кулымбета. Отчаянный когда-то, лихой бий не выдержал, устал от бесконечной борьбы с русскими и перешел на сторону царя. Год назад Абулхаир и Алдарбай приоткрыли друг другу свои замыслы. Гость одобрил желание хана снарядить к царю послов. «Может, - не раз думал Абулхаир, - Алдарбай хотел выслужиться перед русскими? Потому-то охотно согласился проводить казахских послов к своим хозяевам?...». «И еще он сказал: «Задержка путника в дороге вселяет надежду». Так, кажется, выразился Алдарбай. «Успокаивал он меня или насмеялся? – путался в догадках Абулхаир» [3]. Во всех словах, сказанные Алдарбайем, вырисовывается картина о двойственных мыслях, не дающих покоя Абулхаиру-хану.

Через впечатления бродяги Итжемеса, автор рисует колоритный образ необычного человека: «Губы плотно сомкнуты, тонкие, словно пером прочерченные, брови сурово нахмурены. Взгляд больших глаз пронзительный и отрешенный. Что такое копье или острый камыш по сравнению с таким взглядом? Они таили в себе тайну, удивительную загадку. Глаза эти были бездонными и в бездонности своей хранили, прятали не радость, не печаль, неудивление или растерянность, а нечто более сложное и глубокое. Автор подчеркивает его пронзительность, умение видеть отдаленную перспективу, особую притягательность необычного человека.

Внутренний мир Абулхаира, его нравственные переживания раскрываются через его глубокие размышления о судьбе народа. «Мы можем стать сильными и самостоятельными только при одном условии — если будем дружными и сплоченными. Если будем высовывать руки из одного рукава, а головы из одного ворота. А начнем раздоры, начнем грызню — опять окажемся в зависимости, попадем под чужую пята», или: «Если будет в народе согласие, будет в ханстве порядок — придут к ним и сила и мощь» — эти мысли не оставляют хана с молодых лет. Очень сильное впечатление произвела страница, описывающая клятву Абулхаир-хана на Кызылуюк — святом бугорке. Считая, что хан причастен к преступлению над глухонемой девушкой Толкын, народ заставляет его пройти тяжелое моральное испытание. Автор с большим мастерством описывает накаленную обстановку на красной насыпи и кровавую расправу над беззащитной Толкын, душевные переживания самого хана. Чтение романа рождает новое понимание о роли Абулхаира в истории казахского народа, выявляет, кто есть кто и кто чего стоит на исторической арене. Думаю, прав немецкий поэт Шиллер, который писал: «Тот, кто сделал все, что мог для своего времени, останется жить на все времена».

В романе представлена также целая плеяда знаменитых личностей того времени: Тауке-хан, бии Толе, Казыбек, Айтеке, батыры Есет, Богембай и другие. Советы и

наставления знаменитых мудрецов буквально рассыпаны на многих страницах романа: «У каждого свой холм, своя вершина, с которой следует смотреть на мир», «Не кори молодость за то, что сияет, — все мы из нее вышли! Не кори старость за то, что ковыляет, — все мы войдем в нее», «На вершину поднимешься, душа распахнется, с добрым человеком побеседуешь — сердце раскроется». Для этой книги характерно множество деталей, раскрывающих быт, традиции казахского народа XVIII века. Писатель создает настолько живые исторические моменты, что чувствуешь себя причастной к ним, как будто сама участвуешь в этих событиях. Именно это ощущение делает книгу интересной. Чтение романа Абиша Кекильбаева принесло мне удовлетворение, вызвало уважение к его творчеству. Он увековечил славное имя хана Абулхаира. Очевидно, что Абулхаир не только преследовал свои цели, но и стремился сохранить генофонд нации. «Природа наделила Абулхаира упорством и цельностью характера. Потрясения ни раз чуть не разбивали ему сердце – яростное, трепещущее, беспокойное... Не раз тщетные ожидания, жестокие разочарования брали его в свой безжалостный плен. Но он вырывался из него снова и снова, вырывался чтобы оказаться опять в плену и опять вырваться к свету и надежде».

Становление каждого казахстанца, как гармонично развитой целостной личности, а эта задача – задача гармоничного развития личности – может быть решена только через воспитание и образование, и в первую очередь через ценностное освоение человеком лучших образцов мировой и национальной культуры. Ведь именно образование обеспечивает выработку мировоззренческих и поведенческих ориентиров личности. [4]. Несмотря на войны, трудности, наши предки сумели сохранить, донести до нас язык, культуру народа. Вовремя прочитанная книга — огромная удача и бесценный дар. Предлагаю читателям окунуться в мир творчества Абиша Кекильбаева и придти к собственным открытиям т.к. читающий человек внимательно относится к деталям, и подмечает то, чего другие не видят.

ЛИТЕРАТУРА

1. Н.Назарбаев. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».
2. Яковец Ю.В. Глобализация и взаимодействие цивилизаций. – М., 2003. – С. 330-331.
3. А.Кекильбаев. «Плеяды - созвездие надежды». https://www.bookol.ru/proza-main/istoricheskaya_proza/264171/fulltext.htm
4. Б. Кудышева Вечная страна – вечные ценности // Самопознание.kz - № 2(50), 2014. – С. 18-20.

ӘОЖ 374.33

ҰЛТТЫҚ РУХАНИ МҰРАЛАР НЕГІЗІНДЕ САЛАУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Айджанова З.Ж., п.ғ.к., доцент
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада салауаттылық арқылы адамның дене және рухани саулығына қол жеткізу мәселесінің маңыздылығы жайында баяндалады. Салауаттылықты қалыптастыруда қазақ ұлтының көздеген мақсатқа жету жолындағы салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, өмір тіршілік әрекеттері жан-жақты қарастырылады.

Кілт сөздер: салауаттылықты қалыптастыру, адамның дене және рухани саулығы, құндылықтар, ұрпақ саулығы, руханилық, салауатты тұлға.

Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамасында «Жан-жақты мәдениетті тұлға – беделді тарихи сана иесі. Оны тәрбиелеп, жетілдіріп, қалыптастыру үшін этникалық та, жалпы адамзаттық та, мемлекеттік те сананы меңгеруімізге негіз болатын ғылым көздері мен ұлттық салт-дәстүр, заң, әдебиет, мәдениет байлықтарын игеруге көңіл бөлу керек» - делінген [1].

Адамның қажеттіліктерінің бірі – физикалық дене мүшесінің саулығы. Демек, бүгінгі күн тәртібіндегі бірінші мәселе – салауаттылықты қалыптастыру. Яғни адамның денесінің саулығы, сақталуы, нығаюы, ширауы, сергектенуі, еңбекке қабілеттілігі, құлшынысы, құштарлығы, ниеттілігі, ынталылығы. Бір сөзбен айтқанда қалыпты биологиялық процесте тұруы. Ал рухани қажеттілік деген ұғым – рухани жетілу, яғни жанның тазалығына, адалдығына, салауаттылығына байланысты. Осы мәселе тәрбиенің қай жүйесінде болмасын толық қалыптасып, сынаржақ қалып қоймауы қажет.

Қазіргі заман талабы дүниежүзілік проблемаға айналып отырған денсаулық дағдарысын қайта қалпына келтіру мақсатында салауаттылықты қалыптастыру. Салауаттылық арқылы адамның дене және рухани саулығына қол жеткізу мәселесін шешуге болады. Сол себептен, бүгінгі таңдағы педагогика ғылымы оқушылардың салауаттылығын ұлттық рухани мұралар негізінде қалыптастыру қажеттілігі құнын қай кезде де жоймайтыны белгілі.

Келешек ұрпақтың салауаттылығы да, имандылығы да олардың рухани құндылықтарын таза ұстауларымен тікелей байланысты. Сондықтан да Ұлы Абай «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» - дейді. Адамның адамзаттық қасиетінің үш-ақ өлшемін «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп нақты көрсетеді [2].

Адамның рухани ішкі және сыртқы тазалығы адамгершілік, имандылық қасиеті, ақыл-ойының, дене бітімінің саулығы, тәлім-тәрбиесі туралы мәселелерді адамзат тарихи тамырын тереңнен алады. Руханилық идеялары ғылымда белгілі бір деңгейде зерттелгенімен, салауаттылықты ұлттық рухани мұралар негізде қалыптастыру идеясының әлі де болса теориялық негіздерінің жоқ екенін дәлелдеудеміз. Ұрпақты ұлттық мәдениет, ұлттық мүдде, ұлттық сана-сезім, ұлтымыздың өзіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, жазба мұралары аясындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан асыл мұраларын жинақтап, зерттеп зерделеу арқылы ұлттық рухани мұралар негізінде салауаттылыққа тәрбиелеудің құндылығы арта түсуде.

Қазақ отбасы тәрбиесінде өзінің ғасырлар бойы саяси экономикалық, әлеуметтік-тарихи ерекшеліктеріне байланысты атап айтқанда, кең байтақ жерін, шаруашылық дәстүрін әр түрлі шапқыншылық, жауынгерлік және табиғаттың дүлей апатынан сақтап, қорғап қалу үшін ұрпағын бала жастан іскерлікке, ептілікке, батырлыққа, мергендікке шымырлыққа, саулыққа, салауаттылыққа тәрбиелей отырып, жаны мен тәнінің бірдей жетілуін дәстүрге айналдырған.

Қазақ ұлтының болашақ ұрпағының санасына туған халқына деген сүйіспеншілік, ұлтының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, дінін, тарихын сезіне білетін жылы жүрек, тоқтамды ақыл мен рухани байлық өте қажет. Бұл айтылып отырған құндылықтар тек қана дені сау жаны мен тәні таза, адал иманды, салауатты тұлға бойынан табылатын қасиеттер. Сондықтан, қазақ ұлтының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының, салауаттылықты қалыптастыруда, көздеген мақсатқа жету жолындағы өмір тіршілік әрекеттеріне тоқталып көрелік.

Қазақтың әдет-ғұрыптарының бірі – тыйым сөздер. Тыйым сөздердің әлеуметтік қызметі адамның шаруаға ұқыптылығын, мақсаттығын, барды қадірлей білу, өзін-өзі тәрбиелеуі, айналаға қырағы, қамқор бола білуін арттыруға бағытталған деуге болады. Қадым замандардан бастау алатын мұндай тыйым сөздердің ісін қазақтың бар ұрпағы бесік жырымен естіп, зердесіне құйып отырған, талқылауға жатпайтын, сөзсіз орындалуы тиіс ақиқат ретінде қабылдаған. Үлкенді сыйлап айтқанын екі етпеген бала – бабаларымыз байыбына бара бермесе де, осы нақылдарды ылғи есіне алып, жаман әдеттерден бойын таза сақтаған.

Қазақтың ұлттық ойындары – адам ағзасы үшін өте маңызды, теңдесі жоқ сауықтыру, денсаулықты нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру шараларының бірі. Қазақтың ұлттық ойындары – ептілікті, өжеттілікті, ширақтылықты, шапшаңдылықты, тапқырлықты және т.б. қасиеттерді талап етеді. Адамды дәлдікке, мергендікке, ептілікке, жауапкершілікке, адалдыққа, шыншылдыққа, ширақтылыққа тәрбиелейді.

А.Байтұрсынов «Тәні саудың – жаны сау» екенін айта отырып, «Ең әуелі бәрінен бұрын тазалықтың қадірін біл. Тән саулығының тамыры тазалықта, жан саулығының тамыры тән саулықта» – деп денсаулықты сақтаудың маңызды жолын меңзейді. Себебі, денсаулықтың кепілі – тән мен ардың тазалығы. Ол саулықтың іргетасын қалайды [3].

М.Жұмабаевтың пікірінше тәрбие саласы төртке бөлінеді. Олар: дене, жан, ақыл тәрбиесі, сұлулық пен құлық тәрбиесі. Автор олардың бір-бірімен байланыстылығын былай түсіндіреді: «Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егерде ол ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сықылды жұмыстарға жиі ұшырайтын күштерді елемейтін мықты берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы. Балам – адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын» – деген [4].

Дені сау салауатты, рухани бай, ақылды ұрпақтың дүниеге келуін армандаған қазақ ата-бабаларымыздың асыл мұраларына көңіл аударсақ, «тәрбие тал бесіктен басталады» – деп бекер айтапаған. «Қазақ!.. Балаңды сұлу, сымбатты қылып өсір. Адам сұлулықты сүйсе, тазалықты сүйеді. Тазалықты сүйсе оған ауру үйір болмайды» – деген халық даналығы. Сол тазалық тал бесіктен басталмай ма?

Міне, қазақ ұлтының, ұлттық ұғымының ұрпақ саулығына, руханилығына деген ұлағаты.

Қазіргі заманда еліміздегі ғылыми техникалық прогрестің, педагогикадағы инновациялық технологияның дамуы бастау алған кезеңде, қоғам болашағы үшін имандылық негізінде салауатты өмір салтын қалыптастырудың алатын орны ерекше.

Салауаттылық – жалпы адамзаттың құнды қасиеттерді қамтитын ауқымды ұғымды білдіреді. Салауаттылыққа бастайтын жағымды қасиеттерге: әділеттілік, адамгершілік, адалдық, имандылық, білімділік, еңбеккерлік, терең ойлылық, кісілік, қайырымдылық, махаббат, арлылық, намысқойлық, сертке беріктік, ынтымақтық, татулық, тәуекелшілдік, қанағатшылдық, шыншылдық, мейірімділік, парасаттылық, салиқалылық, сабырлылық жатады. Ал жағымсыз қасиеттер: арамдық, азғындық, әділетсіздік, қиянатшылдық, арызқойлық, сараңдық, алдампаздық, әдепсіздік, тәртіпсіздік, пәлекорлық, өсекшілдік, ұятсыздық, менмендік, еріншектік, жалқаулық, жөн айтпаушылық, жалақорлық, залымдық, жылпостық, ойсыздық, жағымсыз-жасанды мінез-құлық, құлық, сұмдық, пасықтық, салқындық, парықсыздық өмір барысында имандылыққа қайшы іс-әрекеттер. Салауаттылықты қалыптастыруда тек дене саулығын қалыптастырып қана қоймай, рухани сауығуын да қалыптастыру қажет деп ұсынамыз.

Салауаттылықты қалыптастыруға байланысты төл педагогикамызда әлі де өз шешімін таппай отырған мәселелер де аз емес.

Қазіргі қоғамымыздағы әлеуметтік жағдай, білім сапасының реформалануы, мемлекеттік жаңа заңдар, экономикалық, экологиялық дағдарыстар, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, денсаулық ұғымына деген жаңа көзқарастар, салауаттылыққа тәрбиелеудің мүмкіндіктері мен жағдайларына жол ашты. Қазіргі заманғы адамның денсаулығы тек дене және физиологиялық дефектісінің болмауы ғана емес, ол толығымен рухани және әлеуметтік саулығын сипаттайды.

Салауаттылық (дене саулығы) пен жан саулығы (рухани саулық) қатар дамитын физиологиялық процесс. Заңдылықтар мен экономиканы басқаруда біз саналы түрде оқытуда маңызды роль атқаратын көптеген факторларды босатып алатынымыз шындық.

Салауатты тұлғада ізгілік, қайырымдылық, махаббат, ілтипат, инабат, парасат т.б. осындай құнды және қарапайым құндылықтар арқылы адамның рухани және дене саулығының шыңына жете алатындығын өмірдің өзі дәлелдеуде.

Денсаулықты сақтау дүниежүзілік проблема болғандықтан, оның ең тиімді жолы – салауаттылықты қалыптастыру. Жалпы, адам денсаулығының 20%-ы тұқымқуалаушылыққа, 20%-ы қоршаған ортаға, 7-10%-ы денсаулық жағдайына, ал 50%-ы адамның өмір салтына байланысты екені белгілі (Ю.П.Лисицын, Г.К.Зайцев). Олай болса, денсаулық деңгейі тек салауатты өмір салтына байланысты екені түсінікті [5].

Салауаттылық пен рухани байлық қана ішкі және сыртқы саулықты нұрландырып, жарқырата алады. Сондықтан, жас ұрпаққа ғылыми білім берумен шектеліп қана қалмай, рухани байлық пен салауаттылықты ұштастыра отырып қалыптастыру арқылы толыққанды, кемелденген, салауатты тұлғаға қол жеткізе аламыз.

Қай ғасырда болмасын, тәрбие мәселелері назардан тыс қалып көрген емес. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» деген сөзді Платонның өзі де бекер айтпаған. Сондықтан, салауаттылықты қалыптастыру өскелең ұрпақ тәрбиесінде ең маңызды өзекті мәселе болып қала бермек. Сонда ғана біз тән саулығы арқылы рухани саулыққа қол жеткізеріміз анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамасы. //Егемен Қазақстан, 1996.
2. Құнанбаев Абай Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2 т., Алматы, Қазақстан, 1977, 183 б.
3. Байтұрсынов А. Ақжол. Өлеңдер мен тәржімелер және зерттеу. – Алматы, 1991. – 460 б.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992. – 112 б.
5. Третьякова Н. В. Основы организации здоровьесберегающей деятельности в учебном заведении. Монография. – Екатеринбург, 2009. – 176 с.

ӘОЖ 82.091

ШЕШЕНДІК ДӘСТҮР ЖӘНЕ Ә.КЕКІЛБАЕВТІҢ СУРЕТКЕРЛІК ШЕБЕРЛІГІ

Абай Түзелбай, МНКЯЛ-18-1 тобының магистранты
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. **Ә.Қабылов**

Аңдатпа. Көрнекті халық жазушысы Ә.Кекілбаевтың суреткерлік шеберлігінің бір қыры ретінде қаламгер тілінің шешендік сипатын айту لازым. Сөйлеген сөздері мен публицистикасындағы секілді, көркем шығармаларында да халық тілінің қаймағын бұзбай, қазақтың шешендік дәстүрін дамытқан ділмарлық сипаттар молынан ұшырасады. Мақалада жазушының тарихи романдары тілінің шешендік сипаттары, тіл көркемдігі сөз болады.

Кілт сөздер: көркем тіл, шешендік, ділмарлық, проза, тарихи роман, авторлық баяндау, кейіпкер сөзі, көркемдік құралдар.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев Ә.Кекілбаевтың 80 жылдығына арналған Ақтау қаласындағы жиында сөйлеген сөзінде: «Әбіш Кекілбайұлы – адамзаттық болмыстың жоғары деңгейіне көтерілген біртуар тұлға, қазақ халқының ұлы перзенті. Зиялы қауым оған айрықша құрмет көрсетіп, «Қазақтың таңдайы» деп атады. ...«Аңыздың ақыры», «Елең-алаң», «Үркер», «Шыңырау» – қайталанбас туындылар. Классик қаламгердің бұл

еңбектері әлем әдебиетінің алтын қорына тиесілі. Жазушы қара сөздің құдіреті арқылы елдің намысын оятып, рухын көтерді» [1], – деп атап өткендей, Ә.Кекілбаевтың әдеби шығармашылығы – қазақтың сөз өнерін биікке көтерген, тіліміздің байлығы мен оралымдылығын, бейнелілігі мен шешендігін паш еткен ерекше феномен екені шындық.

Көркем әдебиеттің құдіреті – оның тілінің көркемдігі мен бейнелілігінде болса, көркемдіктің сан тарау сипаттарының бірі – шешендік. Ділмарлық пен шешендік қасиет – сөзді қадірлегін ата-бабаларымыздан келе жатқан руханият мұрасы. Ауыз әдебиетінен басталатын шешендік өнер кейін жазба әдебиетінде жалғасын тауып, жаңа әдебиеттің идеялық-көркемдік сапасының бір қыры ретінде тұрақталды. Әдебиеттегі сол ділмарлықты өткен ғасырда М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин сияқты сөз зергерлері дамытса, оны іліп әкетіп біздің заманымызға жеткізген, орайлы айшықтармен, ұтырлы тапқырлықпен жасанта түскен қаламгердің бірі – Әбіш Кекілбаев.

Қазақ прозасын, оның ішінде роман жанрын дамытуда Ә.Кекілбаевтың еңбегі зор десек, прозадағы суреткерлікті, атап айтқанда қиюын тауып, қиыннан қиыстыра баяндау мен бейнелеудегі шешендікпен өрілген жазушы шеберлігінің орны үлкен. Жазушының «Үркер», «Елең-алаң» және «Аңыздың ақыры» романдарындағы қазақтың шешендік дәстүрінің бейнеленуі мен өзінің де шешендік қырларының осы шығармаларындағы көріністерін әдебиеттанушылық тұрғыдан пайымдап, нақты ғылыми ой тұжырымдау қаламгердің суреткерлік шеберлігін танытуға қосылатын үлес болады деп ойлаймыз.

Шешендік өнер – қазақтың ауыз әдебиетінен келе жатқан, сөз өнерінің көркемдік қасиеттерін көрсететін жанр болса, шешендік дәстүр – ұлттық сөз өнеріндегі көнеден келе жатқан айтқыштық, тапқырлық пен бейнеліліктің тоғысындағы сөйлеу шеберлігінің жоғары сипаты, ділмарлық дәстүрдің бүгінгі өміріміздегі жарқын көрінісі.

«Шешендік дегеніміз – белгілі бір оқиғаға байланысты тапқырлықпен, көркем тілмен айтылған және жұртшылық қабылдап, елге тараған белгілі, үлгілі ойлар, тұжырымдар», – дейді қазақтың шешендік өнерін зерттеуші ғалым Б.Адамбаев [2,7].

Шешендік тек тарихи құбылыс қана емес, қоғамдық та құбылыс болғандықтан, ол қашан да қоғамға қызмет етеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері шешендік өнердің қажеттілігі артып келеді. Демократизм қоғам өмірінің барлық саласына еркін енуінің арқасында пікір еркіндігі жолға қойылып, түрлі тақырыптарда көсіліп сөйлеуге мүмкіндік туды. Мұның бірі қазақ тілінде шешен сөйлеудің талабын күшейте түсері сөзсіз. Г.З.Апресян қазіргі шешендікті былайша топтайды: әлеуметтік-саяси мәндегі шешендік; академиялық шешендік; соттағы шешендік; әлеуметтік тұрмыстағы шешендік, діни қызметтегі шешендік [3,321].

Көркем әдебиеттегі шешендік – жоғарыда көрсетілген қазіргі шешендіктің бес түрінің де сипаттарын жинақтап, өз бойына сіңірген, шығарманың мазмұны мен суреткердің мақсатына сай және қаламгердің стильдік ерекшелігіне, стильдік қолтаңбасына қарай қалыптасатын ұлттық сөз өнеріндегі стильдік құбылыс.

Суреткерлік шешендік дегеніміз – жазушының мол білімімен, айшықты әсем тілімен оқырмандарына әсер етіп, оқиға мен кейіпкер, өмір құбылысы туралы сендіріп, рухани ләззат сыйлайтын сөзге тапқыр, ойға терең, білімдарлық қаламгерлік қолтаңбасы. Шешендік, алдымен, шығарманың тіліне байланысты. Тіл арқылы туындының бүкіл болмысы, мазмұндық-идеялық арқауынан бастап, стильдік сипаты танылатыны белгілі. Көркем дүниенің шынайылығы мен нанымдылығының, әсерлілігі мен суреттілігінің осындай ділмарлық-шешендік сипаттарына қатысты болатынын қазақтың көрнекті сөз зергері, халық жазушысы Ә.Кекілбаев шығармашылығының мысалында көз жеткізуге болады.

Айтпақ ойды әсерлі, бейнелі етіп білдіру үшін шешендік керек, ал жазған сөзін шешен болып шығуы үшін әсерлілік, образдылық керек. Мұның алдыңғысы – басты ерекшелік те, соңғысы – сол тудыратын екіншілік сипат. Және шешендік – тума талант ақындық, суретшілік сияқты туа бітетін табиғи талант болса керек. Шешендік те, жазушылық та – құдай берген қасиет, ол екеуі бір кісінің бойынан табыла бермейді,

табылса екі шақпақтың соғылысынан пайда болатын ұшқындай, оқырманның жан дүниесін шарпып өтетін от жалынды, жарық шығармалар дүниеге келері хақ.

Ә.Кекілбаевтың суреткерлік шеберлігі туралы көрнекті лингвист ғалым Рабиға Сыздықова: «Тарихқа арналған шығармаларды жазудың тек композициялық құрылысы, сюжеттік мазмұны, тарихи реалийлердің көрінісі жағынан ғана емес, тілдік-стильдік сипаты жағынан да әр алуан болып келетіндігін және бұндай жоғары сатыға қазақ көркем әдебиетінің де жеткендігін Ә.Кекілбаевтың шығармашылығы анық көрсетеді» [4,129], – десе, ақын Тұманбай Молдағалиев: «Жазушының тілінде де, ділінде де мін жоқ. Қашан да сергек, қашан да сезімтал, бәйгенің алдынан ғана келетін тұлпарларға ұқсатам мен Әбішті. Ал, аспанға қарасам оның жұлдызын оңай танымын. Оның жұлдызы сол Әуезов, сол Шолохов, сол Айтматов, сол Нұрпейісов жұлдыздарымен қатар тұр. Ол да жарық жұлдыз, мәңгі жанатын жұлдыз» [5,56], – деп жазған болатын.

Ә.Кекілбаев шығармасында шындықты көркемдік бейнелеудің түрлі құралдары орнымен әрі кеңінен қолданылған. Соның ішінде тұспалдың, астарлап айтудың кеңінен қолданылатынын айта кеткен жөн. Қазақтың дәстүрлі сөз өнері, оның жанрлары қашанда белгілерге, ишараға, тұспалдарға толы болды және ұлттық далалық дәстүрлі интеллектуализмнің бір көрінісі боп саналады. Кешегі кеңестік кезеңде астарлап айту социалистік цензураның бақылауынан айналып өтудің бір жолы болғаны да аян. Жазушы көптеген шығармаларында осылайша тұспалдап отырып шындықтың бет пердесін ашуға ұмтылды және онысы сәтті де болды. Бұлайша астарлап, тұспалдап сөйлеу – қазақтың шешендік өнерінің де бір тәсілі, көркемдік-идеялық бір қыры болса, жазушы қаламына етене тәсілдірден де бірі.

Қазақ рухани әлемінің ірі тұлғаларының бірі Ә.Кекілбаевтың халықтың тіл қайнарларынан терең сусындап, әлемдік ақыл-ой аңсарларын жан-жақты жіті зерделеу арқылы даралық биігіне көтерілуі – ұлттық мәдениетіміздегі жаңа құбылыс. Оның шығармашылық қуатының алтын өзегі, адастырмас темірқазығы – тіл, ұлттық тіліміз. Дүние құбылыстарына ол осы тіл арқылы зер салып кестеледі.

Тіл құнарын терең игеріп қана қоймай, оны тамаша түрлендіре де білетін сөз зергерінің ойшылдық стихиясы басым жатады. Бұл ретте оның шығармашылығы жиырмасыншы ғасырдағы философиялық пайымдаудың әдеби мектебін қалыптастырған дүниежүзілік атақты жазушылардың шығармашылығымен үндес келеді. Ойшыл қаламгер көркем сөз кестелерін көңіл аударарлық қызыл-жасыл бояу ретінде емес, өзіне тартып барып, өзегін тануға жетелер өзгеше жолбасшы ретінде пайдаланады. Ол үшін сөз сұлулығы мен ой тереңдігі – бірін бірі толықтырып тұратын тұтас категория секілді. Тұтас бір болмыс десек болады. Сондықтан да көпшілік оның ойы мен сөзін бірдей жақсы көреді. Ойшыл үшін де, суреткер үшін де бұл аз бақыт еместігі түсінікті болса керек.

Жазушының авторлық баяндаулары көбінесе кейіпкер ойымен, тіпті оқырманның толғамымен де астасып жатады. Бұл жерде автордың шешендік шеберлігінің, тапқырлық қуатының ролі зор. Мына бір үзіндіде ел бірлігін жоғары қоятын автордың қазақтың рушылдық мінезін сынап, бетіне басса да, өзгеше тәсілмен толғаныстық мақаммен танытады: «...Үш арыс үш жаққа тартып, арыс басы екі-үштен хан ұстағылары келеді. Екі ұдай жұрттың өзі мынандай болып жатқанда, үш ұдай жұрт қайдан оңсын! Соны жеке-жеке тілдессең, бәрі де ұғатын сияқты. Қай-қайсысы да: «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығармай тұрып біз қайдан оңайық?» – деп сарнап қоя береді. Ал сондай үш ауыз жұрттың пиғылын түзейтін дуалы ауызды қайдан табар екенбіз деп қармана бастасаң, баяғы пәтуаның барлығы ұмыт қалып, әр қайсысы әр жаққа тартып шыға келеді. Бәрі де ондай ортақ тізгінді өзінің ауылының белдеуіне қарай сүйрей жөнелгісі келеді де тұрады. Біреуді: «Осы лайық-ау!» – деп атай қалсаңыз, байғұстың баяғыдан бері байқалмай келе жатқан барлық міні бір күннің ішінде баттиып-баттиып көзге түсіп шыға келеді. Біреуі өзін, біреуі көзін ұнатпайды. Біреуі қайын жұртын, біреу нағашы жұртын жақтырмайды. Ең құрығанда, астындағы атының аяқ басқаны көңілден шықпайды. Әйтеуір мін табады. Ондай тал бойында бір міні жоқ пайғамбарлар мен періштелерді сорлатқанда қай

қазақтың қатыны күнді топырлатып туып жатыр. Талай пайғамбар мен талай періштенің абыройларының асып жүргендері де біздің керауыз далада тұмағандығында шығар. Біздің даладағы көп тал шаңырақтың біреуінің астында туса, солардың көбінің абыройы әрқашан-ақ айрандай төгілген болар ма еді, қайтер еді... Құдайдың құдайлығы да сонда ғой... Ешкімнің көзіне көрінбейтіндігінде ғой... Әйтпесе, біздің қазақ оның бойынан да бір кемшілік тауып шықылықтап күліп ала қайқаяр еді.» [6,343].

Жазушы шығармаларында күрделі ойларды жинақтап, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініндейтін мақал-мәтел, нақыл сөздер, қанатты сөз тектес қолданыстар да молынан ұшырасады. Оларда көбінесе бірер ауыз сөзбен тағылымды ой түйіп, сәтті қорытындылар шығарып отырады: «Пышағы бар сүйгенін жейді, пышағы жоқ тигенін жейді» [6,116], «Бастағы бақыт – тақымдағы тақыт» [6,489], «Барақ барақтығын істеп төне сөйледі, Күшік күшіктігін істеп көне сөйледі» [6,286], «Көңіл итке көз бен сөзден өтімді не бар?!» [7,161], «Елжіреуік сезім де бір, ұстамайтын ышқыр да бір – екеуі де абыройынды айрандай төгеді» [7,161], «Сабырсыз ерді орынсыз дәме болдыртады, сабырлы ерді орындалмайтын арман болдыртады» [7, 263], «Қызғаныштың тілінде шоқ, ұртында мұз. Шоғымен бетінді, мұзымен жүрегінді қарып сөйлемесе, қызғаныш бола ма!» [7,122], т.б.

Мұндай жеке сөйлемдер мен тұтас абзацтар шешендіктің ұғым-түсініктің алды-артын тапқырлықпен орап, бейнелілікпен астарлай баяндайтын, ойлы салыстырулар арқылы жеткізетін сипатымен ерекшеленеді. Мысалы, ата-баба, аруақ, тек, ақыл, мансап секілді абстрактілі ұғымдар туралы пайымдары қызықты ұқсатуларымен ұғынылып, қазақтың ұғымына тән материалдық байлық арқылы қарастырылады: «Ата-баба, аруақ, тек деген де алысқа қыстатып қойған малың сияқты ғой. Санын айтып, айбарымен қорқытпасаң, керек кезінде табыла бермейді. Ал, ақыл деген жарықтық, керек жерінде орнымен жұмсай қоятын, қолға ұстап отырған қоңыр қошаканың сияқты», «Мансап деген де етегін жел ашпаған балапан бойжеткеннің уыз ықыласындай өтпелі неме көрінеді. Дер кезінде қапы жібермей қауып қалмасаң, өмір бақи өкінумен өткенің» [6,527].

Көркемдік құралдар мен амал-тәсілдердің бірі синтаксистік құралдарының ішінде жазушының көбірек қолданатын құрылымдары – өзара мәндес әрі қайшылықты ұғымдарды шендестіру жолымен салыстыру күйінде кейде мәндес, кейде қарама-қарсылықты мәндерді ашуды, сөздегі ассоциациялық, аллитерациялық үндестіктерді әсерлілікпен қолдануды атауға болады. Олар бір ойды екінші оймен байланыстыра отырып, оқырманға күтпеген жерден ассонанстар тудырады: «Билікті ерлік бекемдесе, ерліктің атын билік шығаратыны ежелден белгілі. Бірақ, ерлік, тапқырлық, жомарттық, мәрттік көп кісінің қолынан келеді. Ал билік қашан да бір кісінің уысында. Ол кімнің ерлігі мен кімнің мәрттігіне көз тоқтататынын өзі біледі. Барлық гәп, міне, осында!» [6,264], «...Бағына білмегеннің сірә бағы жанған ба? Айбына білмегеннің айдыны асқан ба? Гәп бағынбауда, айбынбауда ма екен! Гәп кімге бағынып, кімнен айбынуда емес пе!» [6,342], «Ұрғашының қашанға қайраны біреу-ақ. Еркек басын беріп құтылатын жерде әйел намысын тонатып құтылады.» [7,162], «Алтын басты азаматтың асқар абыройын көбелек көңіл ұрғашының етегіне тәуелді қылып қойған құдай шебер-ай! Жаратқан иенің еркек кіндікке жасаған жалғыз қысастығы – осы шығар» [7,163].

Әбіш Кекілбаев шығармашылығының шырайын кіргізіп, шұрайын шығарып тұрған – шешендік, тапқырлық сипат. Ә.Кекілбаевтың парасатты өріммен өрілген, нақылға айналып кеткен көптеген өте сөздері бар. Оларды көркем шығармаларынан да, танымдық-зерттеу еңбектерінен де, мақалаларынан да ондап, жүздеп кездестіруге болады. Солардан аз ғана келтіре кетелік:

- Куана білмегенге құт қонбайды, бағалай білмегенге бақ тұрмайды;
- Адам нәсілін жер бетінде баяндатып тұрған бірден-бір күш – мейірім мен рақым ғана;
- Тарих қанмен жазылып, қанмен түзеетіледі;
- Өнерде шәкірттік сезімін ұмытқан адам ұстаз да бола алмайды;

- Кез келген нәрседен үркіп, бетін шымшитын дарақы күлкі ілгері басуға емес, кері кетуге қызмет етеді;
- Күлкі – шабуын білмесең, өз тірсегіңді өзің қиып түсіретін наркескен қылыш сияқты қатерлі қару;
- Адамдар әділ болса, өмір әрқашан әділ;
- Қандай заманда да өз бақыты жолында күресе білмейтін адамның өз өмірін мазмұнды, мағыналы ете алуы еш мүмкін емес;
- Мақтау мен масаттану – даусыз мойындаудың күнгей беті де, күндеу мен қызғаныш – көлеңке беті;
- Арлы адам – ең күшті адам. Өйткені, ол өткінші бақыттың, өткінші қайғының ырқына мойын ұсынбайды. Сондықтан оның тағдыры қиын болуы мүмкін, ауыр болуы мүмкін, өкінішті болуы мүмкін емес;
- Әдебиеттің міндеті – сергелден жүректі басу, бейғам жүректі ояту;
- Қиындық пен алданыш, қиянат пен жалғандық майлы қасықтай: екеуі қоян қолтық бірге де жүре береді;
- Аңғалдық, аңғырттық – дүниеге, адамдарға деген аяусыз сенімнің көрінісі;
- Бейқамдық пен аңғалдық – аузы күйе қоймаған адамшылдық;
- Өлімін сатқан өзімшілдік – өлмеші сорлылықтың белгісі;
- Ақын тілін бал мен удан жаратылған деседі. Тілінің балы басым ақындар да, уы басым ақындар да болады;
- Қикарлық қайсарлық емес, есерлік ерлік емес;
- Поэзия – жаратқан иенің әмәнда жалғыздық торындағы пенделерімен пейілдессін, пікірлессін деп әдейі жаратқан ақ қанат періштесі;
- Атақты шатақпен де табуға болады ғой. Хал-қадірің жеткенше ешкімді жарылқап тастамасаң да, ешкімге қиянатың тимей өмір сүре алсаң, міне, сол ғанибет;
- Биік талғамсыз биік парасат жоқ;
- Әділет бар жерде ынтымақ бар.

Әбіш Кекілбаев – болмысынан шешен тұлға. Ірі қоғам қайраткері, майталман сөз зергері, ауызша сөйлеу мен жазбаша көркем бейнелеудің ерен шебері ретінде оның сөйлеу шеберлігін бүкіл ел мойындап, шешендігіне бас иген. Оның көпшілік алдында сөйлеген сөздері тыңдаушыларына ерекше әсер етіп, көпке дейін көңіл түкпірінде қалатыны туралы замандастары айтып келеді. Оның түрлі жиналыстарда сөйлеген сөздері мен өзі жазған жүздеген мақалаларынан шешендіктің небір шебер үлгілерін табуға болады. Мысалға мына бір оқиғаны еске түсіре кетелік.

Кеңес Одағы кезінде Ә.Кекілбаев депутаттыққа Павлодар облысының Баянауыл ауданында сайлаушылармен кездесу кезінде сол елдің бір ақсакалы Әбішке: «Жігітім, бұл – Қаныш Сәтбаевтың туған жері. Бірақ ол да бұл жерден сайлауға түскен емес. Сенің өз елің бар емес пе, сол жақтан неге сайлауға түспедің? – дейді. Сонда Әбіш көп ойланбастан: Жүйріктігіңді сынағың келсе, жүйрік өсірген елге бар – құлын кезінді көрген жоқпын деп жалыңнан сипамай қалмас, жігіттігіңді сынағың келсе, азамат өсірген елге бар – атаңмен табақтас болмадым деп сағыңды сындырмас» деп ойлады», – деген екен. Кейін Павлодардан Алматыға жүрерде өзіне сұрақ қойған әлгі ақсақал бастаған бір топ қария келіп батасын беріп тұрып: «Текті адамның аузынан шығатын сөзді айттың, парасаттылығыңа көзіміз жетті, ойға алған шаруаң орындалсын, – деп ризашылықпен шығарып салыпты. Міне, мұндай тапқырлықпен айтылған орынды уәждер, аталы сөздер, орылымды пікірлер Әбіш ағамыздың өмірін жолында көптеп кездеседі.

«Үркер» мен «Елең-алаң» романдарының бас кейіпкері Әбілқайыр ханның санасында пісіп жетілген жан сақтау идеясы тарихи қажеттіліктен туған ел тағдырының ең жүрекжарды мәселесі еді. Романның алғашқы тарауында алдынан жолбарыс болып, одан қасқырға, одан түлкіге айналып кететін түсін, әлде елесін жорыған Мәті ақсақалдың: «...Ол кезде оны (қазақты) жолбарыстан да жүрегі шайлықпайтын нар тәуекел ғана билей алады. Одан кейін ол тап бергенге шап берген көк жұлын арландай намысқой болды. Енді

міне, ақылдан пәтуа, қайраттан айбын кеткен кезде халық қырық құйқылжыған қызыл түлкідей қырық бұлтақ қырқылжың болмаса шарасы бар ма? Бұндайда бұлтартатын жерде бұлтарып кете алатын, жалтарар жерде жалтарып кете алатын әмбебап айла ғана ел қорғаны бола алады», – деген сөзін бүкіл шығарманың лейтмотиві деуге болады. Бұдан жазушының белгілі шешеннің аузына салған сөзі арқылы шығарманың жинақтық мәнін астарлаған көркемдік тәсілін аңғарамыз.

Мәті бидің Әбілқайырға айтқаны деп «Үркерде» мына сөздерді келтіреді автор: «Алаштың талағының биті, көкірегінің көзі бар азаматтарының қатарынан озбаққа ұмтылғаны жақсы. Одан жігіт бойкүйездік жасаса, өзінің де, елінің де бағын байлайды. Ал қолының ебі болғанмен, көкірегі соқыр пысықайлардың төрге шапшығаны бақыт емес, тықсірет. Сорлатқанда біздің қазақтың жақсысы бойкүйез, жаманы өлермен келеді». Осы сөзді Мәті би айтты дегенмен, Әбіш аға бүкіл қазақты алға жетелегісі келгені айтқызып отырғаны анық. Жалпы, «Үркер» мен «Елең-алаң» романдарында да, жазушының басқа шығармаларында да мұндай оқырманға ой салатын, ойландыратын сәттер молынан ұшырасып отырады. Осының бәрі суреткерлік позицияның шығарма кейіпкерлері мен оқиғаны баяндау арнасындағы оқырманға бағытталған бағдарлаушы мотивтер болып табылады.

Жинақтап айтқанда, Ә.Кекілбаев – халықтық тілдің байлығын өте жақсы игерген, сонымен қатар, қазақ тілінің бейнелелік табиғатын, құнарын, астарлы-тұспалды қасиетін, кеңінен қарпып, алысқа сермейтін шешендік сипаттарын бойына мол сіңірген, сонымен қатар оны жасанта, жаңғырта қолдана білген сөз шебері. Оның көркем шығармаларында қазақ тілін құлпырта қолданудың небір комбинациясын көрсетсе, сөйлеген сөздерінде, мақалалары мен зерттеу еңбектерінде сөзді өз орнымен қолдана отырып, айтпақ ойды мейлінше дәл, әсерлі, тұжырымдап жеткізудің үлкен үлгісін танытты. Бұл жазушының көркем тіліндегі шешендіктің, тапқырлықтың маңызды орнын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алаш жұрты абызын ардақтады // Егемен Қазақстан. 11 қазан, 2019 ж.
2. Адамбаев Б. Шешендік өнер. Алматы, 2009.
3. Апресян Г.З. Ораторское искусство. Москва. Издательство МГУ, 1972.
4. Сыздықова Р. Сөз құдіреті, А., 1997.
5. Молдағалиев Т. // Әбіш Кекілбаев әлемі және қазіргі заман. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Астана, 2009.
6. Кекілбаев Ә. Елең-алаң. Роман. Алматы. Жазушы, 1986.
7. Кекілбаев Ә. Үркер. Роман. Алматы. Жазушы, 1982.

ӘОЖ 82.091

Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ ТАРИХИ РОМАНДАРЫНДАҒЫ БИ-ШЕШЕНДЕР БЕЙНЕСІ

Абай Түзелбай, МНКЯЛ-18-1 тобының магистранты
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. **Ә.Қабылов**

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» мен «Елең-алаң» романдарындағы қазақтың шешендік дәстүрінің бейнеленуі, атақты Төле, Қазыбек, Әйтеке секілді Үш жүздің атақты билері мен автор сомдаған төлтума образ – Мәті бидің образдары пайымдалады. Романдарда суреттелетін кезең шындығына сәйкес, бас кейіпкер Әбілқайырдың іс-әрекеттеріне қатысты билер бейнесінің шынайылығы мен көркемдігі қарастырылады.

Кілт сөздер: билер институты, көркем образ, роман, тарихи шындық, көркемдік шешім, деректі роман.

Ә.Кекілбаев – әдебиетімізге кемел ой-пайымымен, көркем сөз кестесімен келген гуманист жазушы. Оның шығармаларының негізгі бөлігі халқымыздың тарихымен, өткен жолымен тығыз байланысты. Әдебиет – халық өмірінің айнасы, рухани мәдениеті, елдің арманы мен мүддесі болса, тарих – оның өшпес шежіресі. Жалпы тарих пен әдебиет қатар жүреді, әрқашан тығыз байланыста болады. Әдебиет көп жағдайда тарихқа сүйеніп, соның материалдарын пайдаланады, тарихи шындықтан сабақ ұсынып, көркемдік шешімге келеді.

Қазақ тарихындағы билер институты жазбаша заң жүйесі жолға қойылмаған заманда қара қылды қақ жарған әділдіктің жүйесі болды. Ә.Кекілбаев Әйтеке биге қатысты барлық деректі жан-жақты зерттеді әрі билер институтының ролін көркем шығармаларында жан-жақты танытуға үлкен үлес қосты. «Үркер» мен «Елең-алаң» романдарында да билердің қазақ қоғамындағы орнын көркем бейнелегенін көреміз.

Ә.Кекілбаевтың қазақ тарихына қатысты зерттеулерінде ерекше орын алатын тарихи тұлғалардың бірі – Әйтеке би. Жазушы Әйтеке биге қатысты барлық деректі жан-жақты зерттеген. Өйткені аталмыш романдарда Әйтеке бидің өзіндік орны бар. Әйгілі «Жеті жарғыны» жасақтаған әйгілі үш бидің тарихтағы орнының аса үлкен екенін айта келіп, Әйтеке би туралы: «Алаш ішінде Алшыннан, Алшын ішінде Әлімнен, Әлім ішінде Төртқарадан, Төртқараның Қарашы, Қараштың Сейітқұлы», – деп көрсетеді. Ә.Кекілбаевтың шығармашылығын зерттеуші ғалым Ж. Дүйсенбаева жазушының тарихи деректерден ауытқымай, тұлға таныту шеберлігін, тарихи деректер мен халықтың аңыздарды қоса отырып тұлға жасау, тарихи деректерді көркем қолдану шеберлігін ерекше атап өтеді [1,49].

Романдағы бүкіл оқиға дамуы, әрекет, тіршілік шындығы Әбілқайырдың сараптауынан өтіп, соның ойы, толғанысы арқылы өрістейді. Басқа да сұлтандар тәрізді ол да билікке құмар, эгоистік сезімнен де құр емес. Алайда оның басқа туыстарынан өзгешелігі – өзін қарапайым ұстап, ішкі сезімдерін сыртқа шығармай баса алады, ел алдында әділ болуға тырысып, халық қолдауынан үміт күтеді. Өзі батыр, әскери қолбасшы қатарына қайратты, шешен, алғыр жігіттерді (Есет, Бөгенбай, Жәнібек, Тайлан т.б.) жинап, оларға сүйенеді, соларды ақылшы тұтады. Төле, Қазыбек, Әйтеке, Мәті билердің даналық сөздерін тыңдау, қалмақтарға қарсы күрес әрекеттері Әбілқайырдың ойына ой қосып, елдің азаттығы, бірлігі жайлы тың бастамаларға жол салады. Әсіресе Мәртөбеде, Күлтөбеде, Ордабасыда өткен жиындар оның дұрыс түсінігіне бағыттайды. Жазушы Әбілқайыр өмірінің барлық кезеңін тізіп, оның жеке басының тіршілігін күйттемейді. Оны Кіші жүз ханы тағында отырып, Ресейге қосылу туралы ұсыныспен патшаға өкілдік жіберумен арадағы келіссөзге байланысты оқиғаларды роман тақырыбына айналдырады.

Ә.Кекілбаев романдарында көптеген батырлардың бейнелері Әбілқайыр ханға қосақталып, оқиғалар арнасында ашылып отырса, «Үркерде» би-шешендер тобы өзгелерден оқшау, анығырақ көрінеді. Онда қазақтың Төле, Қазыбек, Әйтеке билермен қатар, Мәті бидің образы айрықша суреттелген. Билердің ел алдында атқарған әлеуметтік қызметі сол тарихи кезеңге дәл келеді. Бұрынғы шешендердің қалай сөйлегенін келешек ұрпақ бізге жеткен шешендік сөздер мен осындай көркем шығармалардағы шеберлікпен сомдалған тағылымды эпизодтар арқылы білетін болады.

Жазушы тұтас тарихи кезеңнің дүрбеленді оқиғаларын сол дәуірде ғұмыр кешкен тарихи тұлғалармен сабақтастыра алған. Романда суреттелетін көптеген билер – Тәукенің тұтастары болған. Тәуке ханның елді біріктіру ісінде батырлардан гөрі билерге арқа сүйегені – тарихи шындық. Мысалы, романда: «Тәукеден кейінгі аруақты, атақты адамдар солар болыпты. Ұлы жүздің тізгіні де, қамшысы да Үйсін Төле бидің, Орта жүздің тізгіні де, қамшысы да Арғын Қазыбек бидің, Кіші жүздің тізгіні де, қамшысы да Әлім Әйтеке

бидің қолына көшті. Ол тұста тайпа басы төрелердің қатарынан табылғанға билер емес, орда басы билердің қатарынан табылғанға төрелер масаттанып қалушы еді», – деп көрсетеді [2,80].

Бұл жайтты «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы» былайша көрсетеді: «Төле би мен Ұлы жүздің аға биі Қазыбек Келдібекұлы, Кіші жүздің аға биі Әйтеке Бәйбекұлы – бәрі Әз-Тәуке ханның бас кеңесшісі, ақылшысы болды. Төле би Тәукенің Түркістан қаласын орталық етіп, үш жүз ұлыстарын бір орталыққа бағындыруға, сөйтіп бірегей Қазақ хандығын нығайтуға жоңғар-ойрат шыпқыншылығына қарсы бауырлас қазақ, қарақалпақ, өзбек халықтарының жауынгерлік одағын құруға бағытталған шараларын жүзеге асыруға қатынасады» [3,244-245].

Тәукенің тұсында билердің дәурені жүріп, қазақтың төл заңы жазылғаны белгілі. Хан бытырап кеткен рулардың басын біріктіру ісінде атадан қалған асыл сөздің иелері арқылы халыққа ықпал етуді көздеді. Қаламгер бұл саяси жәйтті Ордабасыдағы басқосудың шағын суретін жасау арқылы көрсеткен.

Романның: «Әйтеке жарып айтады, Қазыбек қазып айтады, Тәуке тауып айтады», – дегені бұрынғыдан қалған ұлы сөз еді. «Үш арыс қазақ оларды сөйлетіп қойып қақаған қаңтарда арқардың сорпасын ішкендей бусанып, тал бойы түгел еріп, балбырап отырап еді-ау!» [4,82], – деген қуатты жолдар халқы қадірлеген би-шешендердің бітімін дәл беріп тұр. Сол заманның билерге деген сенімі мен сөзге тоқтап, лебізді қадірлеген қазақтың болмысын бейнелеген. Шежіре сөз бен шежіре-билердің бейнесін жасау кезі болған. Оның үстіне жазушының тарихты терең білетіндігі қосылып, билер бейнесін сәтті шығаруға септігін тигізген.

«Әділ сөйлеу, ойды шегелеп, нақтылау, жарып айту – батырлық пен байлықтан, даналық пен білімпаздықтан туады», – дейді жазушы Н.Төреқұлов [5,157]. «Үркерде» Ә.Кекілбаев үш биді татулық пен бірліктің ұраны еткен. Әйтеке би жөнінде суреткердің ішкі ойлары да көрініс бермей қалмайды. Жазушы «Әйтеке би» деген танымдық, зерттеу еңбегінде билер жөнінде былай дейді: «Бір ғасырда, бір кезеңде, бір мақсат жолында тізе ажыратпай бірге күрескен үш сабаздың тағдыры үш қилы болғанға ұқсайды. Біреуі асарын асап, жасарын жасап, ағайын ортасында, сонау бейіштей әсем Баянауыл аймағында дүние салып, әуелі аманат ретінде сол араға қойылып, артынан Түркістандағы Әзірет Сұлтанның киелі қорымына әкеліп жерленді. Біреуі төбе би болып қана қоймай, өле-өлгенше бір ұлыстың төре билеушісі бола жүріп, қастандыққа ұшырап, шейіт кетеді де, иісі түркі байтағы Шаш шаһарының қақ ортасынан топырақ бұйырып, үлкен-кіші бірдей тәуеп етер әулие атанды. Ал үшіншісі... Туған жылы – белгісіз. Өлген жылы – белгісіз. Жатқан жері – белгісіз. Белгілісі – Алаш ішінде Алшыннан, Алшын ішінде Әлімнен, Әлім ішінде Төртқарадан. Төртқараның Қарашы, Қараштың Сейітқұлы [6,512].

«Үркер» романында қазақтың үш биінің халық алдындағы ділмарлық шешендігін суреттейтін тамаша фрагмент бар. Күлтөбедегі жиыннан кейін, әз Тәукені күллі қазаққа ортақ хан сайлап, сұпы Әжіні күллі қазаққа пір сайлап, Жеті жарғының жосығын қабылдаған ұлы жиын аяқталғасын жұрт тараса қоймайды. «Етең елге барғанда айта баралық, үш би біізге не дейді екен? Соны естіп кеткіміз келеді», – деп тұрып алады. Осы жиын үстінде жиылған жамағат үш бидің сөзін тыңдап, өздері қойған сұрақтарына жауап алады. Жазушы шығармасындағы бұл эпизодты қазақ билерінің көркем әдебиеттегі образын сомдаудағы ерекше үлгі деп қарауға болады. Романдарда суреттелетін қазақтың басына түскен ауыр жағдайда, жалпы ел бірлігін сақтау ұлы міндет болып тұрған кезеңде қазақтың үш биінің бірауызды болып, ел мүддесі үшін күрескенінің дәлелі ретінде елдің есінде қалып, ұрпақ үлгі, өсиет етіп ұстар мазмұнды ойларды, тағылымды даналық сөздерді, елге ұран болар бірлік пен ынтымақтың қағидаларын «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» ретінде осы үш бидің аузымен айтқызады. Бұның келер ұрпаққа тағылымы зор.

Ханның екі сүйенерінің бірі – әр кез оған ақылшы, қысылғанда демеуші, сыйынар пірі, алдағы заманның жайын батыл болжаушы – Мәті би де, екіншісі – тарихи оқиға

тұсында кезігіп, елді жауға қарсы күреске жұмылдырушы Әйтеке би. Бұларды ортақ тілек, елдік мүдде табыстырған. Екі бидің екеуі де бас мүддесін ел мүддесімен ұштастыруды алдыңғы кезекке қойған. Тәуке хан заманында қазақты бір тудың асынна жинауға үгіттеуге батырлардан гөрі билердің салмағы басым болды. Қаламгер ханға екі бірдей биді тегін кеңестіріп, сөйлетпеген. Сол билердің бағасы – тарихи тұлғаның бағасын да бергендей. Билердің бағасы – халық бағасы, халықтың ойы. Жазушының мақсаты – билердің халық алдында атқарған өнегелік істерін сол кезеңге сай әрекет үстінде нанымды бейнелеу болып табылады.

«Үркер» романындағы ханның ақылшысы әрі халық қамқоры ретінде билер ортасынан дараланып, ерекше сомдалған образ – Мәті би образы. Мәті би – нақты тарихи тұлғаның өміріне негізделген, өмірде болған кейіпкер емес, жиынтық бейне. Ол туралы жазушы шығармаларының тарихи, өмірлік негіздерін көп зерттеген әбіштанушы ғалым Ж.Дүйсенбаева: «Мәті би бейнесін қалай сомдағаны жайында сұрағанымызды жазушы: «Мәті би ойдан шығарылған. Бірақ баласы Тайланның бейнесі арғы түбі Тайлақ батырдан алынды. Бидің бейнесін сомдауда Әлім Мөңке бидің және басқа халық шешендерінің сөзі пайдаланылды. Романдағы бірнеше билер, батырлар өз атақ-жөндерімен алынды», – деп жазады [7,166].

Тарихта Мәті би деген адамның болғаны айтылады. Мысалы, «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясында мынадай дерек келтірілген: «Мәті би (1627 – 1711) – би, тарихта болған адам. Шыққан тегі Кіші жүздің Керейіт руынан. Тәуке ханның кезінде шешендік өнерімен, әділ төрелігімен көзге түсіп, кейінірек Әбілқайыр сұлтанның кеңесшісі болған» [3,123]. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйіп, тура айтатын Мәті бидің шешендігі жөнінде халық арасында «Сөздің мәтінін мәтелдеп, Мәті бидей айтсаңшы», – деген сөз қалған. Ә.Кекілбаевтың романдарынан бөлек, М.Есламғалиевтің «Әйтеке би» кітабында да Мәті би туралы мәліметтер берілген.

Кейбір тарихшылардың жазбаларында Мәтінің шын есімі Малдыбай, енбі бірі Мамыр болған деген пікірлер бар. Жазушы Мәті би образын сомдағанда оған жиынтық мән үстеп, басқа да билердің сипаттарын дарытуы мүмкін екенін де ескеру керек. Мысалы кейбір зерттеушілер Мәтінің образында басқа да билердің, мысалы Сейіт бидің шешендік сөздерінің де сипаттары кездесетінін айтады. Көркем жиынтық бейне болғандықтан, ондай болуы заңды.

«Үркер» және «Елең-алаң» романдарындағы Мәтінің баласы Тайлақ батыр – тарихта болған адам, ол туралы тарихи деректер біршама кездеседі. Тайлақ – Әбілқайыр ханның бірге өскен досы, құрдасы, үзеңгілес жолдасы. Ақылшысы әрі кеңесшісі болған. «Досыңның кім екенін айт, мен сенің кім екенінді айтайын» деген қазақта сөз бар. Сол айтқандай, Әбілқайырдың жанында осы Тайлақ секілді батырлардың болғаны оның қандай болғанын көрсетсе керек.

Бидің билігі – оның бітімгершілік қасиетінде. Романдардағы билерге қатысты суреттелетін оқиғалардың барлығы да елді біріктіруге, елдің арасына сызат түсірмей ынтымақшылыққа үндеуге, ортақ жауды жеңуге жұмылдырылған. Қалай болғанда да, бітімге келу, тұтанған дауды өршітпей тоқтату – басты мақсат болған. Ә.Кекілбаевтың суреткерлік, ойшылдық шеберлігі – сол би-шешендер айтқан билік сөздерді ұстартып, көркемдік мақсатқа жұмсауында жатыр. Ел арасында арагідік айтылып жүрген сөздерді өз жанынан жаңғыртып, сырлап-өңдеп, сондай көркемдік деңгейге жеткізген – жазушылар. Ә.Кекілбаевтың романдардағы билер сөзіне жан бітіріп, жасанта құбылтуы – соның жемісі.

Ә.Кекілбаев романдарында Төле, Қазыбек пен Әйтеке секілді Үш жүздің атақты билерінен басқа да шешендердің аттары аталып, билік сөздері келтіріледі. Солардың ішінде дараланып суреттелетіні – осы Мәті би. Жазушының сөзіне қарағанда, оның ойдан шығарылған кейіпкер болғанымен, шығарма оқиғасына шебер кіріктірілгені сондай, оны ойдан шығарылған кейіпкер деп атау қиын. Асылы, Мәті бейнесінде қазақтың көптеген

билерінің ортақ сипаттары жинақталып, жазушы оларды оқиғаның өрбуіне қарай ұтымдылықпен жинақтай білген.

Тайлан батыр мен оның әкесі Мәті би және келіні Патшайым – шығармадағы сүбелі халықтық образдар. Романдағы Мәті – халық даналығының, шешендік ерекшелігінің, азаматтығының үлгісі десе болғандай. Мәтінің шешендігі – оның замананың жайын пайымдап, болжағыштығында, нақты жағдайларға баға беруінде, сөйлер сөзге тапқырлығында, санаға сіңіріп айтатын ділмарлығында. Оның келіні Патшайым да – шешен.

«Үркер» оқиғаларына естелік күйінде, лирикалық шегіністер арқылы араласатын Төле, Қазыбек, Әйтеке билер бейнелерінде де әділдік аңсаған халық ойларының, даналықтың сипаттары жинақталған. Әбілқайыр хан қысылған шақтарында елге сөзі өтімді, өзі өмір тәжірибесін жинақтап, ұтымды жол таба білетін тіл жүйріктерінің отбасына жүгініп отырған. Тайлан секілді бұқара арасынан шыққан батырмен дос болуы, Мәті секілді қарапайым халық өкілін аға тұтуы – осындай мінез, қасиеттің көрінісі деуге болады.

Ғалым Ж.Дүйсенбаева жазушы шығармашылығы туралы ізденіс барысында жазушының Мәті бидің бейнесін жасауда Мөңке биден басқасының атын атамаса да, Садыр-Жомартқа қатысты Найман аулын тұтас шауып, рулы елдің жұртында жалғыз бала қалатын оқиғаны Мәті биге қатысты кірістіргенін анықтағанын айтады [7,166]. «Орта жүзде Найман ішінде Садыр деген ел едік. Жомарт деген батырымызды кешқұрым мезгілде аулымызды жау шауып, тоғыз баласымен өлтіріп кетті. Ауылды түгел қырды. Мына баланы қазан астына жасырып аман алып қалдым. Рулы елдің артында қалған жалғыз тұяққа батанды бер», деген сөз қалған екен. Жоңғар салған ойранның Жомар, Бөрте батырлардың ауылдарын шабудан басталғаны бірнеше көркем шығармаға арқау болған. Мысалы, «Елім-ай» романында оқиға әп дегеннен Жомарт батырдың жау батырымен жойқын жекпе-жегімен басталады. Бұл оқиға «Жаушы» романында да сипатталады.

Осындай оқиға «Үркер» романында да суреттеледі. Онда: «Тайлан қараң қалған жұрттың басына байыз тауып тұра алмай, сенделіп кетті. Жер ошақтың басында Патшайым ұстаған көсеу аман қалыпты. Патшайым жақында ғана теріп әкелген тезек аман қалыпты. Баласы ойнап жүріп, осында әкеп тастаған болуы керек. Қынаға салып боялған бес-алты асық жатыр. Тайланның кешегі жиын-тойдай дәуренінен қалған бір жұрнақ сол» [4,259], – деп суреттейді.

Жазушы мәтіннің көркемдік әсерін күшейтіп, шабылған елдің қайғылы халін, сүреңсіз сиқын таныту үшін ошақ басының күлінен бастап суреттейді. Трагедиялық оқиғаны сатылай өсіре келе: «Тайлан әкесінің қасына барып, жер тізерлеп, етпеттей құлаған мүрдені шалқасынан аударды. Сол баяғы Мөтекең. Жүзінде өкініш те, ашу да жоқ... «Ә, келдіңдер ме?» дегендей, әлі ашық жатқан нұрсыз ала көздері телміре қарайды. Ешкімге, ештеңеге реніші жоқ, жайбарақат жүз», – деп суреттейді. [4,260]. Автор Мәтінің өлер алдында жай кетпей, ұрыс салып, бірнеше дұшпанын өлтіріп, өзінің батырлығын тағы бір көрсетіп өлгенін осы суреттемелермен байқатып отыр.

Әбілқайырдың «жалғыз пірінің» айтқан сөзі көңілге демеу. Соны әрқашан үлгі тұтты. Ұмытпай көкейінді ұстайды, көңіліне түйеді. Мәті би – халық даналығының үлгісі, елдің даналығы мен батырлығын бір басына жиған айтары мен ұқтырары көп ақылман. Ол – келер ұрпаққа сонысымен үлгі, сонысымен қымбат. Жазушы осы кейіпкері арқылы оқырманына көп нәрсе айтпақ болған.

Екінші бір ескерілетін мәселе – Мәтінің бейнесін жасауға жазушы адайдың Сейіт биінің сөздерін де пайдаланған. Адайдың Шылым тайпасынан тарайтын Өрдектің баласы Есен әрі батыр, әрі шешен болыпты. Мырзалық атағы да белгілі болған. Ел арасында «Кенженің аулына қонғанша, Есеннің жұртына қон» деген нақыл сөз қалыпты. Сол Есеннің ұлы Сейіт би де қызыл тілге дес бермеген шешен болған екен.

Сейіттің: «Жарлылығымды сұрасаң, жалғыз түйемен ел соңында кешіп жүрдім, жарлылық бұдан өтіп не болсын; Мырзалығымды сұрасаң, сол жалғыз түйемді сүйіншіге беріп, ал көшкенде жұртта қалдым, мырзалық бұдан өтіп не болсын; Батырлығымды сұрасаң, Есекмерген батырды жау қамағанда қарттығыма қарамай қоршауды жарып өтіп, Есекмергенді алып шықтым, батырлық бұдан өтіп не болсын; Соғыста қапияда тұтқынға түстім, пақырлық бұдан өтіп не болсын; Сол тұтқында жүріп қызыл тілмен балқытып, жаудан басыма бостандық алдым, шешендік бұдан өтіп не болсын; Байлығымды сұрасаң күндердің күні болғанда бес балам бес ауыл болып, әкем Есенге ас бергенде бес ақ отау тігіп, бес жүз асау бие байлап, бес саба пістіріп, бес астау әкелдім, байлық бұдан өтіп не болсын», – деген сөзі әлі күнге дейін айтушының шабытын көтерер, тыңдаушының құлақ құрышын қандырар, қолмен ұстап кезбен көргендей, құлақпен естіп көкірек сезгендей, сөз қадірін өз қадірім деп білген халықтың шешендік өнерін жылдан жылға арттыра түскен аталы сөз, асыл мұра сияқты. Бұл шешендік сөзде – байдың мырзалығы, батырлығы, жарлылығы, шешендігі сөз болып, сол сөздерді жоғары шешендік деңгейде танытады. Бұл – халықтық шешендік дәстүрдің өміршендігін көрсетсе керек.

Сейіт биге қатысты эпизодтар романда былайша берілген: «Жалғыз, үй, жалғыз шал қаршадай қара бала мен шудасы тізесіне түскен қара бурамен қала беріпті. Қалың жауға талай жалғыз шапқан Мәті би батырды білмейтін қазақ кемде-кем. Баяғыда Салқам Жәңгірді қамап тұрған қалың қолға бір өзі тиісіп, ханды қашырып, өзі тұтқынға түсетін Мәтіні кім білмесін! Артынан мынадай төтен ерлігіне тәнті болып, алдына шақыртып алған қонтайшының: «Дүниедегі ең тәтті нәрсені қателеспей айтып берсең, басыңа бостандық берем», – дегенінде: «Ақ некелі жардан тәтті не болушы еді, ақтан туған ұлдан тәтті не болушы еді, азамат екенінді біліп өлген ажалдан тәтті не болушы еді! Иен дүниеде осы үш тәттінің үшеуінен де дәм таттым. Енді, өлтірсең де өзін біл, босатсаң да өзін біл!» – деп қас дұшпанынан ат-шапан айып алып қайтатын Мәтіні кім білмесін! Қызыл тілім мен сара көкірегімнің жолына тұзақ болады деп, иініне асыл ілмей, алдына мал түсірмей, жанына ағайын, жекжат жолатпай, «қара қылды қақ жарған тура би» Мәтіні кім білмесін! Биліктен әлдеқашан қалған кезінде бір замандасының артынан бата оқи барғанда: «Көкірегі жарылқаушы – жалғыз тәңір, жердегі жарылқаушы – Мәті би екенін рас болса, жарылқа! – деп, шаужайына жармасқан бір есалаң кемпірге астындағы тақым артар жалғыз көлігі – шудасы жерге түскен қара бурасын түсіп беріп, жаяу қалатын мәрт Мәтіні кім білмесін!» [4,256].

Жазушы шешендік сөздің мазмұнын сақтап, оған аздаған көркемдік өң берген. Сейіт биді Мәті бимен алмастырған. Шешендік сөз мәтінін сөзбе-сөз алмай, көркемдік бояу дарытқан. Мұнда Мәті бидің ұлылығын көрсету үшін адамгершілік асыл қасиеттерді соның бойына үйіп-төгеді. Қартайып, бала-шағасына қараған кезде де сара жолынан таймаған Мәтінің жомарттығы мен қайырымдылығын кейінгі ұрпаққа үлгі етеді. Сонымен қатар, бидің қартайған кезінде аз ғана жерге егін салып, соны қарап, еңбек еткен ісінің де үлгі-өнегелік орны бар.

Романдағы Мәті бейнесі – халықтың батырлығы мен елжандылығын жинақтаған даналығының бейнесі. Мәтінің ойлары нақта жағдайларда, романдағы Әбілқайырмен кездесу кезінде, баласы Тайланмен арақатынасында, баласын Патшайымға үйлендіру жағдайына қатысты айтылады. Сонымен бірге, жазушы түрлі шегіністер арқылы әрқилы жағдайлардағы Мәтінің шешендік сөздерін келтіріп, оның образын толықтырып отырады.

Тайланның батырлығының негізі Мәтідей әкесінің тәрбиесінде жатыр. «Әке көрген оқ жонар» дегендей, текті атадан туған Тайлан соның арқасында халқының қамқорлығын көріп, ел қатарына қосылады, Әбілқайырмен дос болады, Жомарттың Патшайым секілді ақылды қызына үйленеді. Халық даналығының үлгісі Мәтіні Әбілқайыр да танып, ақылшы қылады, сыйлап өтеді. Оның ақыл-кеңестері қашан да ханның есінде болып, ел билеу ісінде ойында жүреді. «Жөн білетін текті жігітке ел ұстау деген де сөз бе екен! Ол үшін үлкенге ізет, қатарға қадір, ініге ілтипаттан басқа не қажет болушы еді! Бұл жұрттың

соңына ереміз бе деп үміттенетін азаматынан бар дәметері сол-ақ қой!» – деген Мәтінің сөздерінде ел басқарар жас тұлғаға өсиет боларлық үлкен сенім жатыр.

Жинақтап айтқанда, «Үркер» романында суреттелетін Мәті образы – қазақ қоғамында сол заманда берік орын алып, қоғамдық-әлеуметтік зор роль атқарған билер институтының белді өкілі Мәті би арқылы Әбілқайыр секілді ел билеушісінің берік қорғаны әрі ақылшысы бола білген және халықтың көңілінен шығып, ел тұтқасы болған қарапайым халық қалаулысының бейнесін сенімді де шынайы бейнелеген образ болып табылады. Бұл қазақ әдебиетіндегі билер бейнесін сомдау дәстүрін жалғастырған әрі оны көркемдікпен дамытқан жазушының зор білімдарлығы мен шеберлігінің белгісі деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дүйсенбаева Ж. Әбіш Кекілбаев шығармасындағы тарихи тағлым. – Алматы: 2007.
2. Кекілбаев Ә. Елең-алаң. Роман. Алматы. Жазушы, 1986.
3. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә.Нысанбаев. I том. – Алматы. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. 1998.
4. Кекілбаев Ә. Үркер. Роман. Алматы. Жазушы, 1982.
5. Төреқұлов Н. Даланың дала ділмарлары. Алматы. Қазақстан, 2001.
6. Кекілбаев Ә. Сапарнама // 12 томдық шығармалар жинағы. 7-том. Алматы. Өлке, 1999.
7. Дүйсенбаева Ж. Әбіш Кекілбаев және заман шындығы // Алматы. Нұрлы әлем. 2009.

ӘОЖ 82.091

«АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ»: ШЕБЕРЛІК ПЕН ШЕШЕНДІК

Абай Түзелбай, МНКЯЛ-18-1 тобының магистранты
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. **Ә.Қабылов**

Аңдатпа. Мақалада қазақтың көрнекті жазушысы Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романындағы жазушы тілінің көркемдік кестесінің бір қыры ретінде шешендік, ділмарлық қасиеттері зерделенеді. Оқиғаны баяндау мен кейіпкердің ой-толғаныстарының астасып, қабысып жататын жазушының баяндау мәнерінен бастап, шығарманың оқырман жүрегіне жол табуына ықпал ететін көркемдік құралдардың ішінен шешендік дәстүрдің жалғасы – ділмарлық сипаттар талданады.

Кілт сөздер: роман, аңыз, фольклорлық мотив, көркемдік шешім, авторлық баяндау, кейіпкер сөзі, ішкі монолог.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев: «Әбіш Кекілбайұлы – адамзаттық болмыстың жоғары деңгейіне көтерілген біртуар тұлға, қазақ халқының ұлы перзенті. Зиялы қауым оған айрықша құрмет көрсетіп, «Қазақтың таңдайы» деп атады. ...«Аңыздың ақыры», «Елең-алаң», «Үркер», «Шыңырау» – қайталанбас туындылар. Классик қаламгердің бұл еңбектері әлем әдебиетінің алтын қорына тиесілі. Жазушы қара сөздің құдіреті арқылы елдің намысын оятып, рухын көтерді» [1], – деп атап өткендей, Ә.Кекілбаевтың әдеби шығармашылығы – қазақтың сөз өнерін биікке көтерген, тіліміздің байлығы мен оралымдылығын, бейнелілігі мен шешендігін паш еткен ерекше феномен екені шындық.

Тіл – ұлттық ерекшеліктердің бірі әрі бастысы. Ұлт мәдениетінің бір формасы. Сондықтан онда әрбір халықтың ұлттық сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысаналары сақталады. «Ұлттық кодтың» бір көрінісі осы ана тілінде жатыр. Халықтың

ұлттық ерекшеліктері, мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдеби мұралары, оның психикалық қалпы тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады.

Қазақ халқы ежелден шешендікке әуес, тіл өнеріне жетік, сөзге шебер халық. Ол тіл өнерін басқа өнерден жоғары қояды. Қазақ қаламгерлері тіл өнерінің небір әсем кестелерін, орасан көп тіл байлықтарын тудырды. Соларды игеру, халықтың тіл байлығын жасанта, жарқырата көрсетуде қазақ жазушылары көп еңбек сіңіріп келеді. Солардың бірі – халық жазушысы Әбіш Кекілбаев.

Қазақтың шешендік дәстүрі – ауыз әдебиетінен бері келе жатқан, сан ғасырлар бойы халықтың асыл сөз өнерінің асқар шыңы әрі билік пен бітімгерлік секілді елшілік, отаншылдық пен адамгершілік мақсатта қызмет етіп келе жатқан феномен. Ол кейін көркем сөз өнеріне, әдеби шығармаға көркемдіктің бір қасиеті ретінде кірігіп, уақыт пен замана талабына сай жаңғырып, жасана дамып келеді. Жыраулар поэзиясында шешендіктің дидактикалық, насихаттық сипаты басым болса, Абайдан басталатын жазба поэзиямызда азаматтық, саяси-әлеуметтік лирикаға көктей еніп, идеялық-көркемдік қуатын асыра түсті. XX ғасырдағы қазақтың жаңа әдебиетінде әдебиеттегі шешендік-ділмарлық сипаттар ұлттық поэзиямен қатар, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов секілді көптеген прозаиктердің шығармашылығында кеңінен орын алып, көркем әдебиеттің поэтикалық ажырағысыз құрамдас бөлігіне айналды. Халықтық шешендік дәстүрді кеңінен меңгеріп, оны суреткерлік шеберліктің бір қыры ретінде дамытқан қаламгерлердің бірі әрі бірегейі – көрнекті қазақ жазушысы Әбіш Кекілбаев.

«Әбіш суреткер ретінде адам өмірінің әлеуметтік мән-мағынасына үңіліп, оны философиялық ойшылдықпен өрнектейді. Жазушы өнерінің кейінгіге ғибраттық, ой саларлық, сабақ боларлық мәні де осында. Ол ашқан өз замандастары мен тарихи кейіпкерлердің жас ұрпаққа ұсынар тағылымы да әдебиеттің мазмұнын байытуға қызмет етеді», – деп академик С.Қирабаев айтқандай [2,18], қаламгер шығармашылығында халық өмірі жан-жақты суреттелуімен қатар, қазақтың шешендік дәстүрі де жалғастықта дамып келеді деп айта аламыз.

Жазушы қолтаңбасында шешендік-ділмарлық сипат маңызды орын алады. Оның түрлі сөйлеген сөздері мен жазған мақалаларынан шешендіктің небір сұлу да сырлы түрлерін кездестірсек, көркем шығармаларынан (поэзия, проза, драматургия) шебер сомдалған шешендік шиырлар мен дәлмарлық сарынды, көркемдік тапқырлықтың іздерін молынан ұшыратамыз.

Жазушылық өнердегі шешендік шеберліктің ауқымы кең. Ол – оқиғаны баяндаудағы сөз байлығы, тіл тазалығы, ой дәлдігі, мағынаның ауыспалылығы мен астарлылығы, қолданыс қисындылығымен қоса мәтіннің көркем айшықтылығына дейінгі сан алуан параметрлерді қамтитын күрделі құбылыс. Оның басты мақсаты – айтылатын ойдың әсерін күшейтін, тыңдаушының (оқырманның) сезімін ояту, айтқанына шүбәсіз сендіру және жанын тебіренгісіз, рухани рахатқа бөлеу.

Жазушының «Аңыздық ақыры» романы – көркемдік сипатымен, терең ойшылдық концепциясымен, адам психологиясын талдай отырып өзгеше баяндау машығымен ерекше туынды. Ол туралы көптеген зерттеушілер айтып келеді. Мұнда тарихи деректер мен ауыз әдебиетінің мұралары, автордың көркем қиялы мен реалистік суреттемелер көркем қиюласып, жазушының көркемдік концепциясын жүзеге асыруда керемет роль атқарып тұр. Романның ерекше табысы – мұнда оқиғаны құрғақ баяндау емес, кейіпкердің жан әлемінің түрлі толқыныстары, сезім шырғалаңдары мен іштей көңілдің толғамдары авторлық баяндаумен жігі білінбей жымдасып отырады. Адам психологиясын керемет аша білген туынды бастан-аяқ «сана ағымына» негізделіп, соны тәсілімен баяндалып отырады.

Романға есте жоқ ескі замандардағы өткен оқиға арқау болғанмен, сол арқылы бүгінгі адамгершілік мәселелерді көтереді. Өйткені, адамның жан әлемін барлау, оқиғаларға баға беру, өмірден сабақ алу, түрлі психологиялық жайларды бастан кешіре отырып, тәубеге келу – қай заманда да адам баласына тән.

Автордың баяндау шеберлігі қазақтың ұлттық шешендік дәстүрінен бастау алып, әлемдік әдебиеттің озық тәсілдеріне арқа сүйей отырып, өзіндік жазу машығын танытады. Ондағы өмір, заман, табиғат туралы пәлсапалық ойлар мен адамның ішкі психологиялық иірімдері сабақтасып, оқырманын да осы әлемге жетелеп отырады. Сол арқылы оқырман кейіпкердің өзі болып ойланып, сол арқылы шешім шығаруға бейіл. Шығарманың бұл қасиеті туралы сыншы С.Әшімбаев былай деп жазады: «Әбіш бұл романда өзінің суреткерлік екі қасиетін – философиясы мен терең психолог екендігін, бір сөзбен айтқанда, жазушылық жоғары интеллектін айрықша дәлелдейді» [3,418].

Романның оқиғасының тарихы негізі болғанымен, Әмірші бейнесі нақты Ақсақ Темірдің емес, сол секілді билеушілердің жиынтық бейнесін жасаған. Бұл туралы жазушы: «Әмірші образын жасауда Ақсақ Темірдің өзі жазып қалдырапты-мыс делінетін, «Ақсақ Темірдің өмірбаяны», «Ақсақ Темірдің ғибратнамасы» еңбектерінде, сарай шежірешілерінің мадақ шығармаларында, сол тұста Самарқандта болған Европа мемлекеттері елшілерінің жазбаларында келтірілген деректердің пайдаланылғаны рас. Бірақ романда нақты Ақсақ Темірдің емес, сол замандағы шығыс деспотының, дәлірек айтқанда, деспотизмнің бейнесін жасауды мақсат тұттым, – дейді [4,244].

Шығарманың композициясы өзара сабақтасып, оқиғалардың бірі мен бірінің тұтастығын қамтамасыз етіп, тұтастыққа жинақтаған үш тараудан тұрады. Бірінші тарауы – «Қызыл алмада» жорықтан оралған Әміршінің өзіне сәлемдеме ретінде Үлкен ханым жіберетін өзегіне құрт түскен қызыл алманың астарын түсіну үшін терең ойлануы мен өзі жоқта салынған биік мұнарадан сыр іздеуі, екінші тарауы «Мұнарада» Жаппар деген шебер жігіттің ішкі сыры мен биік мұнара соғу арқылы бар сырын тілсіз тасқа тіл бітіру арқылы Кіші ханымға деген сезімін білдіру әрекеті, ал «Махаббат» деген үшінші тарауда Кіші ханымның ішкі сезім арпалыстары мен жан құбылыстары ашылатын трагедиялық халі суреттеледі. Осы басты үш кейіпкер – Әмірші, Кіші ханым мен Жаппар шебер – үшеуінің жас мөлшері, әлеуметтік орны мен таным-түсініктері әр түрлі болса да оларды байланыстырып тұрған нышандық белгі – биік те маңғаз мұнара арқылы тағдырларын оқырман алдына жайып салады.

Шығармада үлкен символдық мәнді көрсетіп тұрған екі нысан – мұнара мен қызыл алма. Мұнара – асқақ сезімнің өше қоймайтын адамның ұлы сезімінің белгісіндей болса, өзегіне құрт түскен қызыл алма – адалдыққа дақ түсіріп, махаббатқа сызат салған баянсыздықтың, тайғанақ сезімнің белгісі. Жорықтан оралған Әміршіге оңаша жолығудың сәті түспегесін Үлкен ханым оған Кіші ханымның қылықтарын осы шірік алма арқылы ишараламақ болады.

Романның бас кейіпкері – Алмас хан, барлық оқиға соның айналасында өтіп және өзінің ойы арқылы беріледі. Әмірші, аты айтып тұрғандай, қолында есепсіз байлық пен билік, қаншама әскер күші бар, талай елді тізе бүктіріп, қол астына алған, атқаны тиіп, айтқаны жүріп тұрған билеуші. Бірақ бұл атадан мұралыққа ие болған билеуші емес, талай би-батырлардың бәсекесіне түсіп, күшпен де, айламен де дұшпанын қырып, өзара қырқыстырып барып, осыншама билікке жеткен адам. Ол – ақылды да айлалы, қатал да қатыгез. Осынша билікті ұстап тұруы үшін оған ақыл-айла ғана емес, қулық-сұмдықтың да неше түрі керек. Ол – осылардың бәрін қапысыз меңгерген сұңғыла.

«Аңыздың ақыры» (1971) романында жазушы тарихи тақырыпты игерудегі жаңа қадамын танытты. Ол Алмас ханның болмысын ашу арқылы адам жанына үңіле білді, психологиялық талдауларға ден қойды. Бұл ізденістер сол тұстағы қазақ прозасының ерен табысына айналды. Авторлық ұстаным мен кейіпкер ойының, баяндаушы мен қаһарман үнінің кейде қосылып, кейде кезектесіп кететіндігі, түрлі жағдайлардағы адам психологиясының иірімдерін көрсету, талдау молдығы жағынан романның әдебиетімізге тың жаңалықтар алып келгеніне әдебиетшілер баса назар аударды.

Романда Алмас ханның өмірін бір хан ретінде ғана емес, жалпы жиынтық бейнеде алып, қарапайым адамның, үйлі-баранды еркектің рухани жалаңаштанған жан дүниесінің арпалыстарын, жанын жегідей жеген сыршыл әлемінің үлкен күдікпен құлдырауын

көрсетеді. Романда махаббат, қызғаныш, күдік, арман, даңқ сияқты адам баласының негізгі сезімдері, рухани құндылықтары бір ортада жинақталған. Түркі халықтарына, жалпы шығыс елдеріне тән түсінік, ерекшеліктер ретінде шығыс философиясын өзек ету дәстүрін жалғастырады.

Алғашқыда «Махаббат мұнарасы» деген атпен жарық көрген, кейін «Аңыздың ақыры» деген атпен кітап болып басылған роман – осынау тарих пен аңызды астастыра пайымдау мен аңыздық оқиғаны пайдаланудың ең бір жетілген мықты үлгісі деуге болады. Көркем де келісті баяндау бұл жолы өзінің шынайы шешіміне ойшылдық пайыммен жетеді. Авторлық ойдың айтары астармен беріледі.

Роман сюжетінде шым-шытырық оқиға, қат-қабат тартыс, сандаған кейіпкерлер жоқ. Барлық тақырыптық желі мен идеялық түйін санаулы адамдардың ғана қатысымен өріледі. Бұл жердегі басты қызмет атқарып тұрған – санаулы кейіпкерлер ғана. Әміршіден бөлек, екі кейіпкердің орны бар, олар – Кіші ханым мен Жаппар шебер.

Кіші ханым жары жорықта жүргенде оған арнап махаббат белгісіндей мұнара салғызбақ болады. Ол алғашында ерін шын сүйген адал махаббат иесі болып көрінеді. Оның Әмірші алдындағы жалғыз ғана күнәсі – өңінде емес, түсінде ерінің көзіне шөп салғандығы. Осы көріністің өзі-ақ, жазушының бейнелеуінше, Кіші ханымның Әміршіге деген махаббатының сенімсіздігін көрсетеді. Жаппардың жастығы мен келбетті өңі, шеберлігі ханым мойындамаса да, оның жүрегіне әлдеқандай сезім отын тұтандырғаны анық. Жас келіншек түсіндегі осалдығынан кейін Әміршінің алдында адал еместігін мойындағандай болады.

Жаппар болса – өнері асқан шебер. Ол өзіне тапсырылған дүниеде теңдесі жоқ мұнара салу ісін ыждағаттылықпен орындауға кіріседі. Көңілінде Кіші ханымға деген ерекше ықылас оянып, мұнараны басқаларға ұқсамайтын ерекше мәнерде салмақ болады. «Жаппар қанша қара тасқа жан бітіретін шебер болғанымен, өз бойына біткен дарынының жемісін жеп, рахатын көрудің орнына, керісінше, азам шегеді. Оның маңдайындағы бағы мен сору да шеберлігінде. Даңқ пен мансапқа өнерді қарсы қою арқылы автор алғашқылардың баянсыздығы мен соңғысының мәңгілігіне оқырман көзін жеткізуді мақсат тұтады» [4,251]. Жаппарды жазалауды ұйғарған Әмірші оның екі көзін ойып, қаладан шығартып жібереді. Ол кезекті бір жорыққа аттанып бара жатқан жолында қарсы ұшырасқан жебер оған басын имей, кеудесін тік ұстап, жанарсыз көзін алысқа қадап, мелшіе қарайды. Бұл жерде автордың айтпақ болғаны – хас шебердің, өнер адамының рухын сындыру, жігерін жасыту мүмкін емес, олардың қолынан шыққан өнер туындылары мәңгілік, адамзатқа қызмет етіп, ғасырлар бойы жасай береді деген ойды білдіреді. Тек шынайы, махаббатпен жасалған өнер шығармалары мен адамға жасаған жақсылық қана ұмытылмайтынын меңзеп тұр жазушы.

Әміршінің психологиясын ашуда автор сана ағымын бейнелей отырып, талдау механизмдерін сәтті пайдаланады. Кейіпкердің өз тарапынан баяндалғандықтан, оның ой-сезімдері сенімді шығады. Кейіпкердің ойлары авторлық баяндаумен астасып жатады. Жігі білінбейтін мұндай ағымды баяндаулар кейіпкердің түсінігі мен принциптерін, ұстанған жолы мен талдаушылық, бағалаушылық толғамдарын білдірсе, екінші жағынан авторлық позициямен тоғысып, жазушының психолог ретіндегі сараптау амалдарын да көрсетеді. Әміршінің ойлары арқылы өмір, тағдыр, жақсылық пен жамандық, билік пен қайыршылық секілді адам тұрмысының мәселелерін талдата келе, адам баласының бәріне ортақ, қалай да қашып құтыла алмайтын тағдыр жазмышы туралы толғам алға шығады. Қаншама билігі зор әмірші бола тұра, оған да адам баласына тән әлсіздік, жаратылыс заңдарының алдындағы дәрменсіздік тән екен.

Әмірші қаншама ойланса да, өмірдің ақыры бәрібір қайсыбір тұйыққа тірелетінін, оны жеңе алмайтынын сезеді. Ол бәрібір дұрыс шешім шығара алмай, құлқынның құлына, биліктің ығына жығылады. Әміршінің сөздерінде (ойларында) әрі автордың толғамы болып келетін талдауларда шығыстық түсінікке тән ойлар, талдаулар мен топшылаулар қазақтың шешендік дәстүрі негізінде, аса ділмарлықпен, тапқырлықпен баяндалады.

Мысалы, мына бір үзіндіге үңіліп көрелік: «Неткен тамұқ дүние... Ашса – алақанында, жұмса – жұдырығындағы жарты әлемдегі жан біткеннің жаны да, тәні де – бәрі өзінікі, бірақ бәрі жат... Бәрі де бұдан бұйрық күтеді. Бұрын ол өзінен басқалардың бәрі де өкіметтің өктемдігі деп аталатын көзге көрінбес қыл тұзақпен шаңдаулы, тырп етерге дәрмен жоқ тұзақ торда екенін жақсы білетін. Бірақ ондай тордан өзін азатпын деп ойлайтын. Бүгін келіп байқаса, сол өзгелерді матап келген тұзақ, енді, міне, өзінің де аяқ-қолын шырмай бастапты. Жұрт бұрын Әміршінің көзі мен сөзінен қорқатын болса, енді, міне, Әмірші де жұрттың көзі мен сөзінен қорқатынды шығарыпты», – деп жазады жазушы [5,165]. Ә.Кекілбаев шығармашылығындағы бір сипатты ерекшелік – жазушы кейіпкерінің ішкі жан дүниесіне дендеп еніп, психологиясының ұңғыл-шұңғылдарын керемет ашып беретіндігі. «Аңыздың ақыры» романында барлық оқиға, тартыс сыры, негізінен Әміршінің ой-пайымдары арқылы ашылып отырады. Көркем шығарманың жаны – образ болса, осы Әмірші образы арқылы бүкіл шығарманың көркемдік түйінін осы бейненің бойына шоғырландырып, жан дүниесінің өзгерістері арқылы ашу – автор шеберлігінің дәлелі болса керек. Бір ғана адамның ой-толғаныстары, жан жүйесі мен сезім күйі, мінез-құлқы арқылы ашатын шығарма некен-саяқ. Бұл бағыттағы ізденістерде Ә.Кекілбаевтың аталмыш шығармасының орны бөлек.

«Аңыздың ақыры» романының романтикалық сарыны мен лирикалық саипаты басым. Мұндай деректілік пен реалистік бастаулардан гөрі романтикалық сарын, қияли, фантастикалық шыртылықтар мол. Халық жадындағы аңыздарды бүгінгі шындықты бейнелеу үшін философиялық мән дарыта орырып, ойнақылықпен, сыршылдықпен баяндау – жазушының суреткерлің тиімді амалдарының бірі десек, бұл шығармасында да аңыздарды романтикалық леппен әсерлі пайдаланған. Сыншы Т.Токбергенов ол туралы былайша пайымдайды: «Жетпісінші жылдарда бірін-бірі қуалай келген осынау тарихи романдардың ішінде айрықша сөз болуға лайығы – «Аңыздың ақыры». Қазақ романы тарихында тарихи деректерге байланбай, авторлық таза қиялдан туған роман да осы. Мұнда бәрі де шартты алынған. Романда романтикалық сарын, философиялық түйін, шартты тұспал түгел араласқан. «Аңыздың ақыры» – қалай да қазақ әдебиетінің роман жанрындағы үлкен жаңалықтарының бірі. Лирикалық сипаттағы роман-новелла десе де болғандай» [6,252]. Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романында суреткерлік ауқымындағы автордың шешен тілінің қисындарын, шешендік-тапқырлық қырларын осыдан көруге болады. Қарадүрсін баяндаудан бойын аулақ салып, авторлық баяндаудың ой ағыны мен толғаныс астасқан өзгеше әдісіне иек артқан шеберлігінде шешендік, тапқырлық сипаттар айқын танылады. Ол әрбір сөйлемдегі құрылымдық, мазмұндық бітіммен, жеке сөйлемдер, сөз тіркестері мен сөз таңдауда автордың талғампаздығынан бастап, халықтың шешендік сөз үлгілерін пайдалануынан, оны жаңа сипатпен байытып, мәтінге терең ой үстейтін амалдарынан танылады. Жазушының басқа да барлық шығармалары секілді, «Аңыздың ақыры» романы да – суреткерлік шеберлікпен жазылған, баяндау стилі мен психологиялық иірімдері, философиялық түйіндерді кейіпкер ойы мен авторлық баяндаулардың тоғысында шебер қиюласып, қазақ әдебиетіне жаңалық әкелген шығарма. Романның тілінде ұлттық тіліміздің шешендік, дәлмарлық, тапқырлық, айтқыштық қасиеттері шебер пайдаланылып, жаңа заманғы әдебиеттің ұрымтал формаларымен жасана білген. Қазіргі заманғы роман дәстүріндегі жазушының шығыстық нақышты, ұлттық тілді шебер пайдалануының мысалын көре аламыз.

Ә.Кекілбаев – ата-бабаларымыздан келе жатқан қазақтың шешендік дәстүрін жаңа әдебиет заңдылықтарына лайықты дамытып, ұлттық сөз өнеріміздегі айтқыштық, тапқырлық, ділмарлық, шешендік қасиеттердің мүмкіндіктерін жете көрсеткен қарымды қаламгер. Оның әдеби мұрасы болашақ ұрпақтардың рухани тәрбиесіне де дарып, еліміздің болашағы үшін де қызмет ете беретініне сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алаш жұрты абызын ардақтады // Егемен Қазақстан. 11 қазан, 2019 ж.
2. Қирабаев Ә. Әдебиет пен Әбіш – егіз ұғым // «Әбіш Кекілбайұлы және Ұлы дала ұлағаты» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Нұр-Сұлтан, 5 желтоқсан, 2019 ж.
3. Әшімбаев С. Ой мен оқиға // Ә.Кекілбаев. Шығармалары. 12 томдық. 3-том. Алматы, 1999.
4. Әбіш Кекілбаев. Шығармашылығы. Энциклопедия. I том. Алматы. Арыс, 1999.
5. Кекілбаев Ә. Аңыздың ақыры. Роман. Алматы, 1986.
6. Тоқбергенов Т. Қос қағыс. Әдеби сын мақалалар. Алматы. 1981.

ӘОЖ 82.091

ҚАЗАҚ-ТҮРІК ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСЫ ЖӘНЕ МЕХМЕТ АКИФ ЭРСОЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Абыл Бақытжанов, КЯЛ-19-1 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. **Ә.Қабылов**

Аңдатпа. Мақалада соңғы жылдары тәуелсіздіктің арқасында бауырлас халықтар – Қазақстан мен Түркия елдерінің арасындағы әдебиет саласындағы мәдени байланыстар жайы сөз болады. Сонымен қатар, Түріктің атақты ақыны Мехмет Акиф Эрсойдың өмірі мен шығармашылығы туралы айта келіп, оның қазақ ақыны Абаймен үндестігін алға тартады және осы екі ақынның шығармашылығындағы сабақтастықты зерттеу қажеттігіне тоқталады.

Кілт сөздер: қазақ әдебиеті, түрік әдебиеті, мәдени байланыстар, аударма, мазмұн, тақырып, поэзия.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген саясаты арқасында Қазақстан мен Түркия елі арасындағы байланыс стратегиялық әріптестік деңгейіне дейін көтерілді. Ел мен елді әдебиеті мен мәдениеті жақындатады. Түбі бір түркі әлемі кеңестік зобалаң жылдары бір-бірінен қаншама зорлықпен ажыратылса да, түпкі туыстық тамырынан бөлінген жоқ. Түркі әлеміне ортақ әдеби мұраларымыз бен жеті қат жер астына көмілген жауһар жәдігерлеріміз халық жадынан өшпеді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ және түрік халқының кейбір ақындарының шығармалары ғалымдар тарапынан зерттеулерінің мақсат-міндеттеріне орай қарастырылған. Әсіресе «Түріксой» халықаралық ұйымының құрылуы қазақ-түрік мәдени байланысына жаңа өріс ашқанын да айтуымыз керек. Соңғы жылдардағы қазақ және түрік әдебиетінің арасындағы мәдени байланыстарға шолу жасап көрелік.

Дана Абайдың шығармаларын түрік тіліне аударып, насихаттаушы ғалым Кибар Зариф: «Абай – түркі дүниесіне ортақ тұлға. Оның пәлсапалық ойларға толы шығармашылығы – түркі дүниесінің мақтанышы. Қыпшақ түркілерінің ішінде ең бай әрі көркем саналатын қазақ тілінің дами түсуіне Абай ерекше үлес қосты. Ақынның еңбектері осынысымен құнды. Абай өз шығармашылығында тіл, дін және дәстүр секілді мәдениеттің қайнар көзі болып саналатын негізгі тіректерді басшылыққа алды. Өлеңдеріне араб, парсы, түрік және орыс тілдерінен сөздер қосу арқылы қазақ тілінің өрісінің кеңейе түсуіне ықпал етті. Діни тұрғыда қасиетті Құран сөздерін пайдаланып, шығармаларын мұсылман дүниесінің бөлшегі ретінде тарата білді. Осыған қарап, Абайдың түркі әлеміне ғана емес, мұсылман дүниесінің ерекше тұлғасы ретінде қарастыра аламыз. Ұлттың дәстүрі мен ғұрыптарын өз шығармашылығына арқау ету арқылы қазақ халқының өркениетін таныстырды. Міне, осы үш тұғырды басшылыққа алған ақынның

мұралары барша адамзатқа ортақ болып отыр» [1,24], – деп, ақын мұрасын түркі еліне насихаттаудағы үлкен істі қолға алып, дана Абайдың түрік тіліндегі аудармасының тұсаукесерін өткізіп, қазақтың кемеңгер ақыны мұрасын түрік халқына насихаттауды мақсат еткен болатын.

2014 жылы «Қазақ үні» газетінде «Бауырлас Түркия ақындарының поэзиясы» тақырыбында Мехмет Акиф Эрсойдың, Зия Гөкалыптың, Хусейін Ниһал Атсыздың өлеңдері Фәдли Әлидің жолма-жол тәржімасы бойынша өлеңге айналдырған Жұмаш Көкбөрінің аудармасымен жарияланғанын білеміз [2,3].

2016 жылы Түркияның Мехмет Акиф Эрсой университеті өткізген халықаралық конференцияда ғалым Имаханбет Р.С. «Түрік елінің тарихи тұлғасы Мехмет Акиф Эрсойдың өмір жолы барша мұсылманға өнеге» тақырыбында баяндама жасап, қаламгердің ұлтына қызмет еткен қайраткерлігіне тоқталған. [2,24].

2018 жылы Қазақстанда түрік ақыны Юнус Эмренің жыр жинағы жазушы, аудармашы Мәлік Отарбаевтың аударуымен жарық көрді. Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің қолдауымен жарық көрген кітаптар Ұлттық кітапханадағы Түркия мәдениет орталығының жеке қорын толықтыруға айрықша үлес қосатыны анық.

Қазақстан Республикасының Түркиядағы Елшілігінің бастамасымен қаншама қазақ қаламгерлерінің шығармалары түрік тіліне аударылып, түрік оқырмандарының да рухани игілігіне айналды. Абай, Мұқағали шығармаларынан бастау алған осынау әдеби үрдіс болашақта да жалғасатыны сөзсіз.

Сопылық ілімінің көшбасшысы саналатын Қожа Ахмет Яссауидің жолын жалғастырушы рухани шәкірттерінің бірінен саналатын Юнус Эмре жырлары қазақшаға аударылып, қазақ оқырмандарына толыққанды тұрғыда тұңғыш рет жол тартты.

Айтыс өнерінің алтын діңгегі Сүйінбай Аронұлының 200 жылдық мерейтойына орайластырылып түрік тіліне аударылған ақынның шығармалар жинағы жарық көрді. Еуразия кеңістігінің «Бауырлас қаламгерлер» (Kardeş Kalemler) атты айлық әдебиет журналының арнайы шығарылымы жарық көрді. Оған Сүйінбай Аронұлының таңдаулы шығармаларымен қатар, Қазақстанның, Түркияның және Еуразия кеңістігінің басқа да елдерінің ақын шығармашылығын зерттеуші ғалымдарының мақалалары енгізілген.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауы мен «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында Анкара қаласында Гази университетінде Алаштың ақиық ақыны Мағжан Жұмабайдың 125 жасқа толуына орай халықаралық конференция өткізіліп, 2018 жыл Түркі мәдениетін дамыту ұйымының бастамасымен «Мағжан жылы» деп жарияланған болатын.

Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 25 жылдығы аясында «Тәуелсіздікке арналған ғұмыр: Махамбет Өтемісұлы» атты жыр жинағы басылып шыққан еді.

Қазақ ғалымдары Керімбекова Б.Д., Сейілхан Х. ақиық ақын Мұқағали Мақатаев пен түрік ақыны Ахмет Ариф поэзиясындағы ортақ мотивтер мен танымдық ерекшеліктерді тануға бағытталған еңбегінде поэзия – әрбір ұлттың генетикалық коды екендігіне баса назар аудара отырып, ақын өз ұлтының перзенті ретінде өмірді өзінің дербес ассоциациялары арқылы бейнелейтініне тоқталған. Түрік ақыны Ахмет Арифтің абақты жырлары мен М.Мақатаевтың емхана жырлары, хаттары салыстырыла сөз етілген. М.Мақатаев поэзиясындағы «кіндігін байлаған», «отау», «қара шаңырақ», «ақ кимешек», «Махандар сарқыты» сияқты қазақтан басқа ұлт өкілдері үшін «лакуна» (әр елдің мәдениетінде сол ұлттың өзіне ғана ұғынықты болатын, өзге ұлт өкілдеріне интерпретациялап жеткізбесе, түсініксіз болатын ұғым-түсініктер) талданған. А.Арифтің өлеңдеріндегі «Қына», «Шай» сөздері заттық код ретінде қарастырылған [3, 276].

Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің қолдауымен Анкарада көрнекті қаламгер Бексұлтан Нұржекеұлының «Бір өкініш, бір үміт» атты романы, Қазақстанның белгілі ұйғыр жазушысы Ахметжан Аширидің «Идикут» атты романы, қазақ әдебиетінің классик

жазушысы Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» атты романы, әлемге әйгілі ақын Олжас Сүлейменовтің он түркі тілдерінде жыр жинағы, аудармашы-жазушы Мәлік Отарбаев аударып құрастырған «Сырлас буын» атты әңгімелер жинағы және түрік әдебиеттанушы-ғалымы Жәмиля Кынаджының қазақ романдарын зерттеу монографиясы жарық көрді.

Еуразия Жазушылар одағының ай сайын шығатын «Қардеш калемлер» («Бауырлас қаламгерлер») журналында қазақ әдебиетінің бетке ұстар өкілдерінің шығармалары жарық көрген. Бұдан бұрын аталмыш басылым Қасым Аманжолов, Шерхан Мұртаза, Бердібек Соқпақбаев, Сүйінбай Аронұлы сынды тұлғаларымыздың шығармашылығына бір-бір санын арнаған болатын. Түркиядағы әдеби ортаға мәлім аталмыш журнал бір санын толығымен Жамбылдың шығармашылығына арнады. Журналға Жамбылдың өлеңдері мен өмірбаяны, ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Д.Қасейіновтің «Мәдениетіміздің бәйтерегі», Анкара қаласы Кечиөрен муниципалитетінің мэрі М.Ақтың «Көңілге ортақ», Еуразия Жазушылар одағының төрағасы Якуб Омароғлының «Ұлттық рухтың өкілі», М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры У.Қалижанның «Феномен», академик С.Қирабаевтың «Жамбыл шығармашылығына жаңаша көзқарас», қоғам қайраткері Ш.Беркімбаеваның «Жамбыл – менің жай атым, халық – менің шын атым», Мұғла университетінің оқытушысы, ғылым докторы Әкрам Аянның «170 жасқа толған Жамбыл Жабаев», «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы Ж.Шаштайұлының «Жамбыл және заман», жазушы Нағашыбек Қапалбекұлының «Ұлылардың үндестігі», Гази университетінің оқытушысы, ғылым докторы Жәмиля Кынаджының «Қос құрлықтың сарындары: қазақ ақыны Жамбыл мен Анадолу ақыны Пір Сұлтан Абдал», М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері Г.Орданың «Ұлы Дала жыршысы», Жамбылтану және халық ақындары институтының директоры Б.Ыбырайымның «Жамбылдың әзілдері», Памуккале университетінің оқытушысы, ғылым докторы Нергис Бирайдың «Жамбыл Жабаев, туындылары және Өтеген Батыр дастаны» сияқты Жамбыл шығармашылығын кеңінен насихаттайтын ғылыми-зерттеу мақалалар мен эсселер енген.

Сол сияқты «Көроғлы» атты әдеби журнал биылғы санын қазақтың көрнекті ақыны Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арнап, ақынды кеңінен насихаттады. Сонымен қатар, Еуразия кітапханашылар одағының тоқсан сайын шығарып отыратын «Билги» журналы әр санында қазақ қаламгерлерінің әңгімелерін жариялайды. «Хедже» атты поэзияға арналған журнал да қазақтың қара өлеңін насихаттап, түрік оқырмандарына ақындарын таныстырады екен.

Мехмет Акиф Эрсой – түріктің белгілі ақыны. Түрік Республикасының Ұлттық әнұранының авторы. Акиф Эрсой 1873 жылы Стамбул қаласында дүниеге келген. Ол – Түрік Республикасы әнұранының авторы. Түркияның “Ұлттық ақыны” деген атағына ие болған. 1911-1933 жылдары жазылған жеті поэзиялық кітабы түрік халқының әдебиетінде сақталған ең маңызды шығармалардың бірі болып табылады.

Мехмет Акифтің әкесі тақуа адам болғандықтан, кішкентайынан имандылық әлеміне терең бойлаған, ескіше білім алған. Бірнеше жыл бойы (1893-1913) Түркияның Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты мал дәрігері болып жұмыс істейді. Ол Балқанда, Анатолияда, Арабияда эпидемиялық ауруларға қарсы күреске қатысты. Мүмкіндігінше Стамбул университетінде және ауылшаруашылық мектебінде сабақ берді. 1920 жылы түрік парламентіне Бурдур депутаты болып сайланды.

Мехмет Акиф араб, парсы және француз тілдерін еркін меңгерген. 1921 жылғы 17 ақпанда түрік халқының ұлттық әнұранын жазып, 12 наурызда мәтінін Түркия Парламенті қабылдады. Ақын кейін Ататүріктің билігіне риза болмай, Түркиядан кетіп, Мысырға көшіп келді, онда 1926 жылдан бастап мемлекеттік университетте сабақ берді. Сол кезде ол Құранның ақындық аудармасымен жұмыс істей бастады, бірақ бауыр дертіне ұшырайды. Санаулы ғұмыры қалғанын сезген ақын еліне оралады. 1936 жылы Стамбул қаласында өмірден озады.

Мехмет Акиф поэзиясы ХХ ғасырдың басындағы Түркияның әлеуметтік моральдық және саяси мәселелерін бейнелейді. Оның барлық шығармалары «Сафахта» жинағында жинақталған. Оның жырлары халқын азаттыққа үндейді. «Сырат-ы Мустаким», «Жас қауырсындар» атты журналдар шығарып, онда «таза поэзия», тіл, өнер, мәдениет және ұлттық құндылықтар туралы жазып, жұртшылыққа насихаттаған.

Туыстас екі халықтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы ақындардың шығармашылық жолын зерделеу, өлеңдерінің үндестігін анықтау, туындыларының көркемдік ерекшеліктеріне талдау қазақ және түркі халықтарының дүниетанымының жақындықтары мен қос ақынның өмірлік көзқарастары мен поэтикалық бағдарын көрсетеді. Сондықтан Абай мен Эрсойдың шығармашылығындағы үндестіктің мысалында қазақ-түрік әдеби байланыстарын зерттеу қажет деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ersoy, Mehmet Akif, Zulmetten Nura, İstanbul, 1990
2. «Қазақ үні» газеті. 7 қараша, 2014 жыл
3. Керімбекова Б.Д., Сейілхан Х. Мұқағали Мақатаев пен түрік ақыны Ахмет Ариф поэзиясындағы ортақ мотивтер мен танымдық ерекшеліктер //БҚМУ Хабаршы №1-2016 ж.

ӘОЖ 821.519. (048)

ШАЙЫРЛАР САБАҚТАСТЫҒЫ (Абай мен Эрсой өлеңдеріндегі үндестік)

Абыл Бақытжанов, КЯЛ-19-1 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. **Ә.Қабылов**

Аңдатпа. Мақалада қазақ ақыны Абай мен түрік ақыны Мехмет Акиф Эрсой шығармаларындағы тақырыптық-көркемдік үндестік жайы сөз болады. Автор екі ақынның шығармашылығын байыптай отырып, олардың махаббат, өнер-білім тақырыбындағы өлеңдерінің үндестігіне тоқталып, ақындар поэзиясының көркемдік ерекшеліктерін пайымдайды. Өлең өрнегіндегі көркемдік айшықтардың қызметін мазмұнды ашу мақсатымен ұштастыруға тырысады.

Кілт сөздер: ақындық поэзия, түрік әдебиеті, қазақ әдебиеті, көркемдік құралдар, эпитет, теңеу, метафора.

Ақындар поэзияның алтын арқауына өз жүрегінің түкпірінен сырланып шыққан ой өрімдерін арқау етсе, ол тақырыптар тек автордың өзінің ғана емес, жалпы адам баласына тән құбылыстар мен сезімдер болып жатады. Олар көбінесе автордың өмір сүріп отырған қоғамына, өмірлік тәжірибелері мен дүниетанымдық көзқарастарына, бастан кешкен оқиғаларына қарай қалыптасады. Басқа жерде, әр дәуірде өмір сүрсе де, белгілі ақындардың шығармашылығында кездесетін тақырыптық ортақтық, поэтикалық үндестіктер де ақындық стихия мен көзқарастар жүйесіндегі үндестікті көрсетсе керек. Осы орайда қазақ пен түріктің атақты ақындарының шығармаларын қарастыруды жөн көрдік.

Абай Құнанбайұлы мен Мехмет Акиф Эрсой шығармаларындағы үндес тақырыптардың бірі – махаббат тақырыбы. Ақын Абай шығармашылығында махаббат тақырыбы айрықша орын алады.

Махаббатсыз – дүние бос,
Хайуанға оны қосыңдар, –

дейді саф алтындай асыл сезімді дәріптеген ақын. Жүрегінде махаббат сезімі жоқтарды хайуанға теңеп, махабатсыз бұл өмірдің мән-мағанасы жоқ екеніне көз жеткізеді.

Ғашықтың тілі – тілсіз тіл,
Көзбен көр де, ішпен біл.
Сүйісер жастар қате етпес,
Мейлің илан, мейлің күл, –
десе, келесі туындысында:

Ғашықтық келсе жеңер бойынды алып,
Жүдетер безгек ауру сықылданып.
Тұла бой тоңар, суыр үміт үзсе,
Дәмеленсе өртенер күйіп-жанып, –

деп ғашықтық дертін суреттейді. Бойынды, сананды билеген сезімді құмарлықпен шатастырма дейтіндей:

Ғашықтық, құмарлық пен – ол екі жол, Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол. Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым, Мен не болсам болайын, сен аман бол.

Абай ғашықтықты, сүйуді өз басынан өткізіп, жан-жүрегімен сезіне, тебірене толғанады [1,37]. Ал түрік ақыны Мехмет Акиф Эрсой:

Ferdâ Kadın! Ferdâ Kadın!
Ben görmeden sevdim seni.
Sen galiba gördün beni,
Pek ihtiyar, hoşlanmadın.

деп, Ферда деген жанды көрмей ғашық болғанын, оған деген сезімін екенін жырға қосады:

Ferdâ Kadın! Ferdâ Kadın!
Ey yavrumun ilk yavrusu
Pek tatlı şeysin doğrusu
Lakin neden çirkin adın? –
Tatlı tatlı esiyorsun dünyama
Ruhum seninle huzurlu
İçim mutlu seninle
Sen olmasan sessizlik ağlar
Yüreğim sonsuz dek yanar
İyi ki doğmuşsun sevgilim
İyi ki aşkımız var! [2,42] –

деп, түрік ақыны екі ғашық арасындағы махаббатты көркем сөзбен кестелейді.

Екі ақын да ынтық жанның сезген, көрген, білгенін еш мүлтіксіз ақындық зор шабытпен ақ қағазға түсіре алған. Абай да, Мехмет Акиф те ғашық болды, сүйе білді, сонымен бірге күйінді, сағынды, аңсады махаббаттың қиындығын тартты. Абайдың «Қырық бесінші қара сөзінде»: «Адамшылдықтың алды – махаббат, ғаділет сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, керіспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан Тәңірінің ісі», – дейді [3,67].

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ал білім сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл – ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы.

Әр ұлттың тарихында, әр ғасырда, кем дегенде, халқының жағдайын ойлап күңіренген, олардың көзін ашуға ұмтылған қоғам қайраткері шығып отырған. Олар халқын оқу-білімге шақырған.

Хакім Абай жас ұрпақтың білім алып, ғылымды игеруіне айрықша мән бергендігі оның өлеңдері мен қара сөздерінде мейлінше байқалады. Өйткені білім мен ғылым

өркениетке бастар алғышарт екендігін ұлы ойшыл жете түсінген, жан-тәнімен терең ұғынған.

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» және т.б. өлеңдері ақын Абай Құнанбайұлының ағартушылық идеяларын танытады.

Түрік ақыны Мехмет Акиф Эрсой:

Bana sor sevgili kâri' sana ben söyleyeyim

Ne hüviyyette şu karşında duran eş'ârım:

Bir yığın söz ki, samîmiyyeti ancak hüneri;

Ne tasannu' bilirim, çünkü, ne san'atkârım.

Şi'r için "göz yaşı" derler, onu bilmem, yalnız,

Aczimin giryesidir bence bütün âsârım! –

деп, Акиф Эрсой өзінің жақсы педагог екенін айтып, оған кез келген оқушы келе алатынын жазған. Түрік ақыны осы өлеңі арқылы халқын оқу-білімге шақырған.

Ağlarım, ağlatamam; hissederim, söyleyemem;

Dili yok kalbimin, ondan ne kadar bîzârım !

Oku, şâyed sana bir hisli yürek lâzımsa;

Oku, zîrâ onu yazdım, iki söz yazdımsa [2,53], –

деп, «ақын тілі жоқ жүрегімнің мұң-жарын айтып жеткізе алдым ба» дейді. Оның мұңы – халқының көзі ашық болып, айналасындағы болып жатқан жайттарға көңіл аударуы. Көкірегіне білім нұры құйылып, жүрегі мен санасы ізгілік білімді игеруге ынтызар болса, білімін еліне қызмет жолында жұмсаса дейді.

Kimse evlâdını câhil komak ister mi ayol?

Bize lâzım iki şey var: Biri mektep, biri yol!

Felâketin başı, hiç şüphe yok, cehâletimiz;

Bu derde çare bulunmaz-ne olsa-mektepsiz [2,53], –

деп, дәулетті немесе қолында билігі бар жандардың оқушыларға мектеп ашып беруін, балалардың жасынан білім алуы қажеттігін ерекше жырға қосады. Екі ақын да білімнің пайдасын дәріптеп, жас кез оқуға талаптанар шақ екенін, білім арқылы надандықтың бұлтын кері серпіп, ақиқатты анық тануға болатынын жеткізеді.

Көркем шығармаларын Абай таза қазақ тілінде жазып, өлеңге керекті бар бейнелі сөздерді, нәрді, кестені түгелдей халық тілінде тапты. Сондықтан да ол өлеңге:

Бөтен сөзбен былғанша сөз арасы –

Ол ақынның білімсіз бишарасы [3,78], –

деген талап қояды.

Абай өлеңнің мазмұнына ғана емес, мақсатына, тіліне де шарт қойды. «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ», – дейді ол. Ақынның:

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы [3,116] –

деген сөзінің де өлең тіліне тікелей қатынасы бар. Оның өлеңдері көркем, мағыналы, көпке түсінікті, бас-аяғы жинақы келеді.

Абай, ең алдымен, қазақтың ұлттық тілін еркін меңгерген, тілдік қоры бай ақын. Ол халықтың ғасырлар бойы жасаған сөз өнерінің бар асылын, ең шұрайлысын тандап ала біліп, керегіне жаратты, оны дамытып, жоғары мәдениеттік сатыға көтерді.

Абай өлеңдерінде теңеу мен эпитеттің неше түрлі бай үлгісі бар. Олар өлеңнің бейнелігін артырып, оқырманға шындықты жаңаша ашып жеткізеді:

Өз үйінде өзендей.

Күркірейді айтса дау.

...Қабағын итше өшігіп шыға келер.

...Болатша дірілдеген жалын көрген.

...Піскен алма секілді тәтті қызды.

...Құйрықты жұлдыз секілді.

Мұндағы теңеулер әр түрлі жолмен жасалған. Тың теңеулер арқылы ақынның көркем сөзді қанша түрлендіргенін, бейнелікті арттырғанын көруге болады.

Ал, эпитет Абайда тым мол, әрі жаңа мағынаны ашуға пайдаланылады.

Қан жүрек те қайғылы-ау.

...Ызалы жүрек, долы қол

...Асау жүрек аяғын шалыс басқан.

Осындағы жүрек сөзіне қосылған эпитеттер сол сөзге қаншама өзгеше мағына беріп тұрғанын көруге болады. «Қан жүрек» қайғының белгісі болса, «ызалы жүрек» кектенуді бейнелейді, ал «асау жүрек» – бұлқынған қайраттың ісі. «Адасқан күшік секілді», «Жел қорғаған желкек шал», «Өрбілген жүрек басылмай», тағы басқа тармақтарда эпитет үлгілері Абайға дейінгі поэзияда көп кездесе бермейді.

Байдың ақындық тілінде ауыстырудың (троптардың) түрлері де мол. Онда метафораның жай түрі де, ұлғайған түрі де көп кездеседі:

Сұлу аттың көркі – жал,

Адамзаттың көркі – мал.

Өмір сүрген кісіге

Дәулет – қызық, бала – бал.

Қайғың – қыс, жүзің – жаз.

Сенсің – жан ләззаты,

Сенсің – тән шәрбаты.

Сен – жаралы жолбаыр ең,

Мен – киіктің лағы ем.

Бұлардың бәрі де құбылысты, адам бейнесін көркемдікпен тануда үлкен қызмет атқарып тұр. Ақын метафораның ұлғайған түрін жиі пайдаланады. Олар, көбінесе, бір нәрсені екінші нәрсеге балау арқылы немесе бірнеше метафораны қатар қолдану аарқылы жасалады. Мысалы:

Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,

Кәрі құдаң – қыс келіп әлек салды.

... «Күн – күйеу, жер – қалындық сағынышты,

Құмары екеуінің сондай күшті».

...Беркелі болса ел,

Жағасы – жайлау ол бір көл.

...Жүрек теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас.

Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.

Абайда кейіптеу де жиі кездеседі. Табиғаттағы құбылыстарды қимылға келтіріп, жанды бейнеге түсіру үшін ол кейіптеуді қолданады.

Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай,

Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай.

Азалы ақ көрпесін сілке салып,

Жер күлімдер өзіне беріп шырай.

Мұнда суреттелетін ай мен жұлдыз кісімсінеді, жер ақ көрпесін сілке тастап, күлімдейді. Ал «Қыс» өлеңіндегі «басқан жері сықырлап келіп қалған» қыс та жанды бейнеде кейіптеледі. «Теректің сыйы» өзеннің асау ағысы түгелдей осы үлгіде суреттеледі.

Абай өлеңдерінен фигуралардың да неше түрі табылады. Ол адам психологиясын, күйініш-сүйінішін суреттеуде дамытуды көп қолданады. Бұларды «Желсіз түнде жарық ай», «Қызырып, сорланып» өлеңдерінен байқауға болады. Ал «Балалық өтті, білдің бе?» арнау түрінде жазылған.

Балалық өтті, білдің бе?

Жігіттікке келдің бе?

Жігіттік өтті, білдің бе?

Кәрілікке көндің бе?

Мұнда айтайын дегенін сұрай арнаудың бір түрі – риторикалық сұрау арқылы айтып берген. Риторикалық сұрау арқылы оқушының өзі жауап бере алатындай түсінікті болады. «Балалық өтті, білдің бе?» дегенде «білдім» деген жауап көңілінде тұрады.

Фигураның шендестіру түрін де Абай көп қолданады. Бұл түр, әдетте, ұқсамайтын екі нәрсені қарама-қарсы суреттеп, соның арасынан үшінші бейнені таныту үшін пайдаланылады. Абай шендестірудің бұл үлгісін кеңейте түскен.

Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,

Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға.

Қара шашын көтеріп екі шынтақ,

Ол да бүлк-бүлк етпей ме сипағанда?

Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,

Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда.

Мұнда үш нәрсе (ақ қар, қара бүркіт, қызыл түлкі) бір-бірне қарсы қойылып, содан төртінші нәрсе – шомылып жатқан сұлу – (еті аппақ, шашы қара, беті қызыл) көзге елестейді. Сол арқылы ақ қардың үстінде қара бүркітке қызыл түлкіні алдырған аңшылық көріністің бейнесі толық ашылады.

Бұл мысалдар Абайдың ақындық күшін, тілге шеберлігін, тіл бейнелігін жақсы пайдалана алғанын көрсетеді. Мұның негізінде өмірді терең, жетік білу жатыр. Өмір құбылысын жақсы білген, байқағыш ақын шындықты да жарқын суреттей алады.

Қара көз қарап маған көп қадалған,

Құпия қайғы өртеніп бойын алған.

Болатша дірілдеген жалын көрген,

Бір күңгірт тартып және оттай жанған, –

деген үзіндідегі сөздердің көркемдік мәніне көз жіберіп көрейікші. Жалын сәулесі түскен болат бірде күңгірт тартып, бірде оттай жанады. Ақын осыны білген де, өз қалпына түсірген. Немесе:

Аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап,

Ол да талас қылады шыбын жанға.

Қырық пышақпен қыржындар тұрған түлкі

О дағы осал жау емес қыран паңға.

Сегіз найза қолында көз аудармай,

Батыр да аял қлмайды ертең таңға.

Қанат, құйрық суылдап, ысқырады,

Көктен қыран сорғалап құйылғанда.

Бұл жанды сурет те шындыққа негізделген. Мұндай өлеңді аңшылық кәсіпті жақсы білетін, аңдардың арбасуы мен алысын дәл байқай білген адам ғана жаза алады. Абай өмірді терең білген дегенде осы сияқты оның өлеңдеріндегі шындық суреттеріне сүйенеміз.

Абайда дыбыс қайталауы да жиі ұшырасады. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың қайталануы өлеңнің әуезділін арттырады:

Самородный сары алтын,

Саудасыз берсең алмайды,

Саудырған жезіне,

Саудасыз қара қамқаны,

Садаға кеткір сұрайды,

Самарқанның бөзіне [3,54].

Осы үлгіні «Оспанға» («Жайнаған туың жығылмай») деген өлеңнен де кездестіреміз. Мұнда 16 тармақтық өлең түгелдей «Ж» әрпінен басталады.

Сөйтіп, Абайдың ақындық тілі өзінің байлығымен, алуан түрлі үлгілердің молдығымен қазақтың жазба әдебиет тіліне негіз болады. Абай оған халықтың тілдік қорын мол пайдаланып, оны ұстарту арқылы, әдеби тілді қалпына келтіру арқылы жетті.

Туыстас екі халықтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы ақындардың шығармашылық жолын зерделеу, өлеңдерінің үндестігін анықтау, туындыларының көркемдік ерекшеліктеріне талдау қазақ және түркі халықтарының дүниетанымының жақындықтары мен қос ақынның өмірлік көзқарастары мен поэтикалық бағдарын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Абайдың лирикасы. // Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монография. Алматы, 1993.
2. Ersoy, Mehmet Akif, Safahat, İstanbul, 2006.
3. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1992.

ӘОЖ 821.519. (048)

АБАЙ МЕН ЭРСОЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК

Абыл Бақытжанов, КЯЛ-19-1 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. **Ә.Қабылов**

Аңдатпа. Мақала қазақтың ұлы ақыны Абай мен түріктің атақты ақыны Мехмед Акиф Ерсой шығармаларындағы үндестік табиғатын саралауға арналған. Автор екі ақынның өмір жолы мен шығармашылығын сипаттай келе, поэзиядағы үндестік сипаттарын тануға талаптанады. Ақындардың дін, табиғат туралы өлеңдеріндегі ортақ мотивтерге, көркемдік құралдарға назар аударып, рухани сабақтастықтың сырына үңіледі.

Кілт сөздер: поэзия, дін тақырыбы, табиғат лирикасы, көркемдік құралдар, шығармашылық өмірбаян, тақырып, мазмұн.

Ұлы ақын, ағартушы, қазақтың жазба әдебиетінің және әдеби тілінің негізін салушы – Абай Құнанбайұлы 1845 жылы 10 тамызда Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында, Шыңғыс тауының бауырында дүниеге келді. Абай Орта жүздің Арғынынан, оның Тобықты руынан. Ол ауыл молдасынан оқып жүрген кішкентай кезінен-ақ зеректігімен көзге түседі. Семей қаласында үш жыл медреседе, үш ай «Приходская школада» білім алады.

Абай көпті көрген әжесі Зеренің тәрбиесінде болды. Шешесі Ұлжан да ақылды ана еді. Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы орта жасқа келгенде атқа мініп, ел билеу жұмысына араласқан заманы Ресей патшалығының Қазақстанның батысы мен орталық аймағын отарлап, ел билеу жүйесін өз тәртібіне көндіре бастаған кезі еді. Құнанбай ел билеу ісіне балаларының ішінде Абайды баулыды, үлкен үміт күтті. Абайды оқудан шығарып алуы да сол билік тізгінін ұлына қалдыру мақсатында Абайды ел ішіндегі істерді тындыруға үйрете бастауы еді. Әке еркімен ел ісіне жастай араласқан Абай тез есейіп, балалықтан да ерте айырылып, жастайынан ел ішіндегі әңгіме, сөз өнерін, билердің шешендік өнеріне ден қойып, бойына сіңіре білді.

Абай өз бегінше оқудан қол үзбейді, бос уақытында Шығыс әдебиетінің алыптары Низами, Хожа Хафиз, Науаи, Физули т. б. ақындарының өлеңдерін; орыс әдебиеті мен тілін өздігінен үйреніп, Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Щедрин, Некрасов т. б. шығармаларымен танысады. Сонымен бірге ағылшын ғалымы Дарвиннің, Шекспирдің шығармаларын да оқиды. Соның арқасында дүниетанымын кеңейтіп, білімін шыңдайды.

Мехмет Акиф Эрсой – түріктің белгілі ақыны. Түрік Республикасының Ұлттық әнұранының авторы. Акиф Эрсой 1873 жылы Стамбул қаласында дүниеге келген. Ол – Түрік Республикасы әнұранының авторы. Түркияның “Ұлттық ақыны” деген атағына ие болған. 1911-1933 жылы жазылған жеті поэзиялық кітабы түрік халқының әдебиетінде сақталған ең маңызды шығармалардың бірі болып табылады.

Мехмет Акиф әкесі тақуа адам болғандықтан, кішкентайынан имандылық әлеміне терең бойлаған, ескіше білім алған. Бірнеше жыл бойы (1893-1913) Түркияның Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты мал дәрігері болып жұмыс істеді. Ол Балқанда, Анатолияда, Арабияда эпидемиялық ауруларға қарсы күреске қатысты. Мүмкіндігінше Стамбул университетінде және ауылшаруашылық мектебінде сабақ берді. 1920 жылы түрік парламентіне Бурдур депутаты болып сайланды.

Мехмет Акиф араб, парсы және француз тілдерін еркін меңгерген. 1921 жылғы 17 ақпанда түрік халқының ұлттық әнұранын жазып, 12 наурызда мәтінін Түркия Парламенті қабылдады. Ақын кейін Ататүріктің билігіне риза болмай, Түркиядан кетіп, Мысырға көшіп келді, онда 1926 жылдан бастап мемлекеттік университетте сабақ берді. Сол кезде ол Құранның ақындық аудармасымен жұмыс істей бастады, бірақ бауыр дертіне ұшырайды. Санаулы ғұмыры қалғанын сезген ақын еліне оралады. 1936 жылы Стамбул қаласында өмірден озады.

Мехмет Акиф поэзиясы XX ғасырдың басындағы Түркияның әлеуметтік моральдық және саяси мәселелерін бейнелейді. Оның барлық шығармалары «Сафахта» жинағында жинақталған. Оның жырлары халқын азаттыққа үндейді. «Сырат-ы Мустаким», «Жас қауырсындар» атты журналдар шығарып, онда «таза поэзия», тіл, өнер, мәдениет және ұлттық құндылықтар туралы жазып, жұртшылыққа насихаттаған.

Тарих қойнауына үңіліп, беттерін парактасақ, қай ұлттың болмасын, қалыптасуы, даму қарқыны, көркею үдерісі жайында тілі, діні, мәдениеті, өнері, кәсібі мол ақпарат береді. Дін ұзақ жылдар бойы, ғасырлар бойы қалыптасып таралған.

Әлемдік діндердің ішіндегі тазалықты дәріптейтіні – Ислам діні. Ислам діні – адамның абыройы мен ар-ожданын жоғары қойып, әділдік пен бейбітшілікті ту етіп, он сегіз мың ғалам иелеріне қылдай қиянаттың болмауын қадағалайтын дін. Бейбіт қарым-қатынаста тіршілік етіп, тыныштықта тату-тәтті өмір сүруді уағыздайтын бұл дін адамды мейірімді іске шақырып, жүрегінің ақ ниетті болуына септігін тигізеді.

Абай Құнанбайұлының және Мехмет Акиф Эрсойдың шығармаларындағы дін тақырыбы өзара үндестік тапқан. Екі қаламгердің де имандылық тақырыбында сыр шертетін шығармалары бірқатар екендігін байқадық. Дана Абай «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңінде:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас,
Көп кітап келді Алладан, оның төрті,
Алланы танытуға сөзі айрылмас [4,239], –

деп, Алладан түскен кітаптар туралы жырлайды. Кеменгер ақын үш сүю – иманигүл жайында «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті», «адамзаттың бәрін сүй – бауырым деп», «және хақ жолын әділетті деп» сыр шертеді.

Абай дүниетанымының құбылысты қалыптағы мәселесі – толық адам болса, мәндік өзегі – үш сүюден тұратын иманигүл. Қазақ әдебиеттану ғылымында Абай мұрасы мен дүниетанымына қатысты мәселе біршама мол сөз болғанымен, шығыстық жағалаудан нәр алып қорланған, сөйтіп дүниетаным деңгейге жеткен ақындағы толық адам танымы сексенінші жылдарға дейін өзегі тұрғысынан танылмақ түгілі, сыртқы сарайы, қаңқасы дерлік құбылыстық қыры тұрғысынан да білгір болжанып, тиянақты қарастырылмады. Хакім Абай:

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз жол емес.

Ынталы жүрек, шын көңіл
 Өзгесі хаққа қол емес [4,240], –
 деп адамзаттың Құдайға деген сенімі, хақ жолының мүбаракатығы туралы айтса,
 түрік ақыны Мехмет Акиф Эрсой:
 Ey kudreti insanları lal eyleyen Allah!
 Acizlere ey bahş-i mecal eyleyen Allah!
 Teslim ediyor akl-ı selim hayrette her dem
 Her karda izhar-ı kemal eyleyen Allah! [5, 51], –
 деп, Алла Тағаланы мақтайды. Оның ұлы есімдерін мадақтайды.
 Акиф Эрсой мұсылмандық туралы былай дейді:
 Müslümanlık nerde! Bizden geçmiş insanlık bile...
 Adem aldatmaksa maksad, aldanın yok, nafil!
 Kaç hakiki müslüman gördümse, hep makberdedir;
 Müslümanlık, bilmem amma, galiba göklerde, –
 деп, түрік ақыны бұрынғы сахабалар мен дін жолына берілген адамдарды үлгі
 тұтып, Исламды өз халқының жүрегіне жеткізгісі келді.
 Baksana kim boynu bükük ağlayan?
 Hakk-ı hayâtın senin ey müslüman!
 Kurtar o bîçâreyi Allah için,
 Artık ölüm uykularından uyan!

Bunca zamandır uyudun, kanmadın;
 Çekmediğin kalmadı, uslanmadın.
 Çiğnediler yurdunu baştan başa,
 Sen yine bir kerre kımıldanmadın!
 Мехмет Акиф «Ah O Din Nerde» атты өлеңінде:
 Ah o din nerde, o azmin, o sebatın dini;
 O yerin gökten inen dini, hayatın dini?
 Bu nasıl dar, ne kadar basmakalıp bir görenek?
 Müslümanlık mı dedin?
 ... Tövbeler olsun, ne demek! [5,57] –

деп, Ислам дінін сабырлылықтың, ықыластықтың діні деп мадақтайды.

Әл-Фараби, Низами, Руми, Науаи, Абай, Мехмет Акиф Эрсой имани гүл сарыны – жүрек культін сол негіздегі адамшылық жолын көтермелеп, өз шығармаларында үнемі рақым, шапағаттың баламасы ретіндегі жүректі шешуші орынға қояды. Ал имани ақылды, яғни ақылдың культін мадақтайтын сарынды Рудаки, Фирдауси, ибн-Синадан байқаймыз. Қазақ және түрік ақындарының дін тақырыбындағы үндестік бастауы екі ақын да нәр алған шығыс поэзиясы мен дүниетанымының ықпалы екендігін аңғарамыз.

Табиғат – адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Бар байлық, қазына, тіршілік, табиғат дүниежүзі әдебиетіндегі ірі классик ақындардың барлығының да шығармаларынан орын алды. Әр дәуір, әр жағдайға лайықты табиғатты әркім әртүрлі жырлады. Біреулер табиғат арқылы өмір сүретін, біреулер табиғатты суреттеу арқылы көңіл күйін, өз көзқарасын жеткізді. Ал кей қаламгерлер белгілі бір кезеңдерде өмірдегі күрес-тартыстардан безіп, табиғатты ғана жырлады. Табиғат тақырыбы көркем әдебиеттен үлкен орын алды. Абайдың да айрықша жырлағанының бірі табиғат болды. Ол табиғат аясында өсіп, оны сүйе білді. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Күз», «Қыс», «Жаз» деген өлеңдерін оқығанда, табиғаттың әр түрлі құбылысы көзіңе елестейді. Жаратылыстың жайдары жазын, дымқыл тұманды күзін не болмаса сақылдаған аязы мен қарлы боранын жан-тәніңмен сезгендей боласың. Мәселен, «Желсіз түнде жарық ай» өлеңінде суреткер ақын:

Желсіз түнде жарық ай
 Сәулесі суда дірілдеп,

Ауылдың жаны – терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.
Қалың ағаш жапырағы,
Сыбырласып өзді-өзі.
Көрінбей жердің топырағы
Құлпырған жасыл жер жүзі, –

деп, жазғы түннің әдемі суретін алдыға тартады, жаз кезінің желсіз тымық күні, аспандағы жарық айдың суға түскен сәулесі, жазғы ауыл, оның жанындағы терең сай, гүрілдеген өзен суретшінің бояуы арқылы тұтас бір картина ретінде көз алдыға келеді [6,57].

Ал Мехмет Акиф Эрсой:
Ağacı bir güzel dalı bir güzel
Nasıl anlatılmaz nasıl övülmez
Yağmuru bir güzel rüzgarı bir güzel
Baharda yeşile boyanır dağlar [5,18], –

деп, өзінің туған ауылының табиғатын көркем жеткізеді. Осы шумақта ақын ауылының әсем ағашын, жел тұрғанда ағаш жапырақтарының сыбырласа көркем тербелетінін оқушының көз алдына елестететіндей.

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі, –

деп, Абай ақын жазғытұры мезгіліндегі күннің өзінің ата-анадай елжіреп, шуағымен баурап, жаныңды рақат сезімге бөлер тамаша кезді жеткізеді.

Ağacı bir güzel dalı bir güzel
Nasıl anlatılmaz nasıl övülmez
Yağmuru bir güzel rüzgarı bir güzel
Baharda yeşile boyanır dağlar [5,23], –

деп, Мехмет Акиф өзінің туған ауылының көктем кезіндегі табиғатын көркем жеткізеді. Осы туындысының келесі шумағында түрік ақыны:

Karı eriyince sel olur çağlar
Güneşi görünce çirişi ağlar
Yaylası bir güzel çayı bir güzel
Herkesin köyü de herkese cennet, –

деп, туған аулын қоршаған биік тауларын суреттейді. Кейіптеу тәсілі арқылы тауды кіштентай бала кейпінде көрсетеді. Көктем келіп, күнді көрген кезде, одан қорқып, үстіндегі қарлардың еруін оның жылағаны деп көрсетеді. Абайдың да табиғат құбылысын адам бейнесінде жеткізуі – қос ақынның суреткерлігіндегі үндестік болып табылады.

Ақын жайнаған жаздың әдемі көркін осылай суреттесе, сол сұлу сурет өзгеріп, гүл, жапырақ солып, түсі қашқан күздің суық кескінін:

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болса, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма?
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай [6,59], –

деп, айналаның солып, ағаштардың сидиып, жапырағынан айрылғанын, жазда мәз-мейрам жастардың, асыр салып ойнаған балалардың енді көрінбейтіндігін, қысқасы, көңілсіз күздің бейнесін тамаша түрде елестетеді.

Her sabah karım açılırken güne

ayak sesinden tanırım
buğu buğu sıcaklığını
durmadan yayılır içime
sonra avuçlarımda kristal bir bardak
ve dudaklarımda sımsıcak
hiç tükenmeyen hoyratlığını
her gün adına ve rengine dair
şairane sözler dolandır dilime [5,24], –

деп, Мехмет Акиф күн сайын қысты күні далада серуендеп жүргенде, ауаның салқын болып, дем алған кезде, буда-буда бу шығатынын, ол одан әрі қарай таралып, ауада көрінбей кететінін көркем тілмен кестелеп береді.

Абай қыстың кескінін де аса шеберлікпен суреттейді. Үскірік бораны бұрқырап тұрған қысты рақымсыз адам бейнесіне ұқсатады. Қыстың малға да жағдайсыз соқыр, мылқау күш екендігін аңғартады.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды [6,60].

Мехмет Акиф Эрсой:

Ne zerre rehavet ne kış uykusu,
Havada mis gibi bahar kokusu.
Elimle dokundum tavlı toprağa,
Şarkılar söyledim Yeşilirmak'a.
Ne güzel bir mevsim ne güzel diyar,
Bir hayat busesi Tokat'ta bahar! –

деу арқылы көктем мезгіліндегі ауаның қандай таза екенін, ауаны жұтқан кездегі адам кейпі мен көңіл-күйін көркем суреттейді:

Yeşil Dünya'nın içindeki
Annedir çam ağaçları
Ormanların neşesi
Sevdikleri yerlerdir okulların bahçesi [5,26].

“Жасыл әлемнің ішінде” деген өлеңінде түрік ақыны балалық шағындағы ауылының жанында өскен ағаштарды еске алады, әсіресе, балқарағай ағаштарының арасында сабақ кезінде қашып тығылғанын, балалармен бірге ойнағанын еске алады. Ол бұндай табиғатты еш жерден көрмегенін айтады.

Түрік ақыны Мехмет Акиф Эрсой өзінің Сағдиден аударған шығармасында көктем туралы былай жырлайды:

Bahâr olmuş, çemenler, lâleler, güller bütün bitmiş;
Gülüm, bir sensin ancak bitmeyen hâlâ şu topraktan.
Rebî'î bir bulut şeklinde ağlarken mezârında,
Nihâyet öyle yaş döksem ki, artık sen de fişkırısan! [5,27]

Мехмет Акиф өлеңді «Көктем келді, гүлдер шешек атты» деп аударған. Бұл жерде ақын сөздерді ауыспалы мағынасында қолданған. Мысалы, өзінің жарын гүлге теңейді, әдебиетте тың қадамдар жасайды, көркемдік ізденістерін танытады. Абай Құнанбайұлының өз шығармаларында табиғат пен адам жанын астастыра суреттеуі, көркем сөз кестесімен өлеңін өрнектей білуі оның шебер суреткер екендігін көрсетке керек. Абай Құнанбайұлы мен Мехмет Акиф Эрсойдың өмірі мен шығармашылығындағы үндестіктерқос халықтың рухани мұрасының өміршеңдігін, екі ұлттың көркем әдебиетінің

сабақтастығын, екі ақынның ортақ дүниетанымы мен поэтикалық сабақтастығын танытады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1992.
2. Ersoy, Mehmet Akif, Safahat, İstanbul, 2006.
3. Әуезов М. Абайдың лирикасы. // Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монография. Алматы, 1993.

ӘОЖ 821.512.122

МЫСАЛ ЖАНРЫНЫҢ ТАРИХИ ТАМЫРЛАРЫ

Урынбасарова Жансая Ерболқызы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, 2 курс студенті

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., проф. **Қобланов Ж.Т.**

Аңдатпа. Мысал шығармалары әдебиеттің бастау бұлағындағы халықтық проза және поэзия түрінде пайда болған мұралар. Ал сол әдебиеттің өзі – халық өмірінің айнасы, халықтың салт-дәстүріне, оның рухани дамуына тигізетін әсері орасан зор. Осыған орай көне дәуірдегі әдебиетті түсініп, талдау үшін, ең алдымен сол әдебиетті тудырған мысалдың өзі мен қарапайым халықтардың өмір сүрген кезімен танысып, олардың өмірі жайлы деректерге қанық болу керек.

Мақалада мысал жанрының тарихи негіздері, ерекшеліктері талданып, ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

Кілт сөздер: мысал, аллегориялық форма, эпос, жанр, миф, әдебиет.

Адамгершілік, ар-ождан мәселесі – адамзат тарихының өн бойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бүгінде барша адамзат өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген кезеңде де рухани асыл мұрат – адамгершілік, азаматтық парыз, ар тазалығы қалпында қала бермек.

Бүгінгі таңда барша ізгі ниетті адамды елеңдетіп отырған үлкен көкейкесті мәселе – ғасырлар бойы тірнектеп құраған адам баласының рухани байлығының құнсыздана бастауы. Мыңдаған жылдар бойы ұрпақтар санасының елегінен өтіп, жинақталған рухани игіліктердің арзандауына, ең бастысы адамгершілік асыл қасиеттердің төмендеуіне, тіршіліктің алтын қазығы іспеттес махаббат сезімінің әлсіреуіне жол берілуде. Мәселен, өркениет биігіне көтерілген Батыс Еуропа, Италия, Америка елдерінде рухани құлдырау өріс алуда. Бұл жағдай енді ғана қаз басып келе жатқан біздің мемлекетіміздің жастары арасында да көрініс беруде. Еш мән-мағынасы жоқ, тек қана дыбысқа құрылған музыка, кісіні қорлау, зорлау турасында жазылған детектив кітаптар, ату, асу, небір адам жаны түршігерлік оқиғалар туралы түсірілген кинофильмдер адамдар санасына кері әсерін тигізуде. Адамды рухани мәңгүрттікке жетелеуде.

Адамның ар тазалығы, рухани байлығын, ішкі жан-дүниесінің сұлулығын, сезімінің мөлдірлігін қалыптастырудағы әдебиеттің қызметін ешқандай да сыртқы күштер ауыстыра алмайды, әдебиетіміздің ең жауапты да, абыройлы миссиясы да осында жатыр. Бұл жөнінде орыс ғалымы Ф.Ф. Кузнецов: «Шын мәніндегі әрбір әдебиет үшін, егер ол әдебиет, яғни адамтану болса, онда адамгершілік ізденістердің болуы міндетті»[1,44],- деп жазады.

Олай болатын болса, әлемдік өркениетке жетуге ұмтылып отырған Қазақстан халқын біртұтас бірлік пен отансүйгіштік рухында баулудағы, өзімшілдік пен қара бастың

камын ойлауға (эгоизм), тоғышарлық пен мансапқорлыққа, жексұрындық пен сұрқиялылыққа қарсы тәрбиелеудегі қазақ әдебиетінің орны айрықша.

Осы орайда қоғамдағы келеңсіздікті, теріс мінез бен барлық жаман қасиеттерді келемеждейтін, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетке ортақ аллегориялық формадағы мысал жанрының мәңгілік ізденісі адамгершілік, гуманизм мәселелері, қоғам келеңсіздіктері мен моральдық проблемалар екені даусыз. Олай болса, мысал дегеніміз қандай жанр және шығу тарихы туралы сауалдарға жауап іздеп көрейік.

Бұл жанрдың қалыптасуы мен дамуы және оның жанрлық ерекшелігі жөнінде көптеген ғалымдар ғылыми теориялық тұжырымдар жасады. Солардың ішінде, атап айтсақ, мысал жанрының шығу тарихы жайында Ә.Диваев, М.Әуезов, С.Қирабаев, С.Қасқабасов, Е.Костюхин, Т.Қожакеев, Б.Ысқақов, С.Нұрышев, Т.Еңсегенов т.б. ғалымдар іргелі зерттеулер жасап, оның идеялық, тақырыптық, көркемдік ерекшеліктерін саралай келе, мысал жанрының ғибраттық-философиялық қырына ден қояды.

«Мысал» сөзінің түп-төркінін зерделейтін болсақ, ол арабтың «мәсәлә» сөзінен шыққанын көреміз. Осы түбірден туындайтын «тәмсіл», «тимсәл» тәрізді сөздерді қазақ ақындары үлгі, өнеге, насихат ретінде қолданған [2,16].

Мысал жанрының тарихы мен сюжеті И.А.Крыловтан басталып, И.А. Крыловтан аяқталмайтыны даусыз. Тұңғыш қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы мысал жанрының генезисіне, теориясына қатысты зерттеуін былайша негіздейді: «... алғашқы адамдар басқа мақұлықтардан ұзап жарымаған. Олар түрлі табиғат, түрлі тәсілмен тіршілік ететіндерін көріп, олар да адамша ойлайды, сөйлеседі, кеңеседі деп білген. Осыдан барып хайуанаттар жайлы ертегілер шыққан», - деп ғылыми құнды тұжырым жасайды [3,451].

«Осы жанрды теориялық жағынан түсіндіруге көп мән берілген. Көне дәуірдің ғалымдары Аристотель, Булан еңбектерінен кездестіре аламыз» деген [4,172] пікірді Г.В.Москвичева айтса, қазақ ғалымы Т.Шаңбаев «Аристотель заманынан бастау алған, негізінен философтар да көңіл аударған, кейіннен Г.Э.Лессинг, В.Перри, А.Потебня, М.Н.Гаспаров еңбектерінен көрініс тапқан» [2,16], - дейді.

Орыстың ұлы сыншысы В.Г.Белинский бұл жанрды: «Сатираға суғарылған поэзияның нағыз ерекше жанры» десе [5,300], академик З.Қабдолов «Мысал адамгершілік мұқтаждығын өтеу мақсатында жанр ретінде әдебиет арнасына тоғысты» [6,300], - дейді.

С.И. Радцигтың «Көне грек әдебиетінің тарихы» атты оқулығында мысалға мынадай түсініктеме берілген: «Мысал – көне халық ауыз әдебиетінің жанры болып есептеледі. Себебі, мысалдардың мазмұнында хайуанаттар эпосының сарқыны сақталып қалған. Дегенмен тарихи тұрғыдан алғанда мысал жанры күнделікті өмірдегі келеңсіз жағдайлар мен адамгершілік, ізгілік мәселесін насихаттауға арналған» [7,300].

Ал, академик Зейнолла Қабдолов мысал жанры турасында мынандай пікір ұстанған: «Мысал - эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Әрқашан сатиралық сипатты, көбіне аң, хайуанат, кейде зат түрлері жазылады да сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік, күлкіге, келекеге, мазаққа айналдырып, сықақпен сыналады. Мазмұны бүкпелі болғанымен, идеясыз, астарсыз, ашық, тура, тілі мірдің оғындай өткір, шымшыма, шымыр келеді

Ежелгі Грекиядағы аты шулы Эзоп (б.э.б. VIғ.) шығармаларын өз алдына қойғанда, мысал көне дүниеден күні бүгінге дейін көбіне өлеңмен жазылып келеді: Италияда Федр, Францияда Лафонтен, Германияда Геллерт, Англияда Мур, Россияда Крылов, қазақта Абай – бәрі солай жазған. Біздің тұсымыздағы мысалшылардан Сергей Михалков пен Асқар Тоқмағамбетовты бөліп айтуға болады» [6,312], - дейді.

Кейіннен жарық көрген доцент М.М. Иманғазинның «Антика әдебиеті» атты еңбегінде автор: «Мысал - әріден келе жатқан, эпостың шағын да өткір жанры. Мысал жанры көне дәуірден біздің заманымызға дейінгі әлемнің іргелі ақын жазушыларының назарында болған, қызықты форма, ұғымды идея, халық тұрмысына ет жақын суреттеулерге толы әдеби жанр» [5,251] деген тұжырымдама ұсынады.

Жоғарыда көрсетілген зерттеуші-ғалымдардың мысал жанрына берген анықтама, түсінік, тұжырым, пайымдауларынан кейін мынадай қорытындыға келеміз, демек осылай пайда болған мысал жанры әр халықтың өзінің дүниетанымына, қаламгердің шеберлігіне, рухани байлығына қарай өзгеше түр, реңк, сипат алып, сол елдің әдеби қорынан орын алады. Сонымен қатар тамырын Эзоптан, «Панчатантрадан» алатын мысалдардың табиғаты, болмысы қазақ әдебиетіне «Мың бір түн», «Калила мен Димна» сияқты араб әдеби шығармаларының сюжеті арқылы Ыбырай, Абайлардан бастап, А.Байтұрсынов, М.Көпеев, М.Байзақов, С.Дөнентаев, Б.Өтетілеуов, С.Көбеев т.б. мысал жанрына қалам тартқан қазақ мысалшыларының да туындыларынан көрініс тапқан.

Басқа сөз өнері жанрларына қарағанда, мысал жанрының көне дәуірден біздің заманымызға дейінгі әлем ғалымдарының ерекше назарында болғанын тарихи ұзақ уақытта дүниеге келген іргелі теориялық еңбектер мен қалыптасқан ғылыми бағыттар дәлелдейді. Бұның өзі: мысал жанры сөз өнерінің ең көне, ең бай және ең дәстүрлі де өміршең, шағын да күрделі формасының бірі екенін байқатса керек. Алайда, мысалды аударма жанр ретінде таныған кезеңдер де болды. Сондықтан, біздің ойымызша әдебиеттану мен фольклортану ғылымы саласындағы теориялық еңбектерге сүйене отырып, мысал жанрының табиғатын тану - басты мәселенің бірі.

Қазақ ғалымы Т.Шаңбаев өз зерттеу еңбегінде әдебиеттану ғылымындағы мысал жанрының үш түрлі теориялық бағытын айқындайды.

Біріншісі - рационалды бағыт. Яғни, бұл бағыт Аристотель еңбектерінен бастау алып, негізінен философтар да назар аударған, кейіннен Г.Э.Лессинг, В.Перри, А.Потебня, М.Н.Гаспаров т.б. ғалымдар еңбектерінде айқын көрініс тапқан, мысал жанрының басты, өзге жанрдан өзгешелендіріп тұратын негізі ғибрат деген негізде аталмыш жанрдың философиялық-дидактикалық мазмұнына ден қойған. Рационалды бағыттағы ғалымдар мысал жанры адамзат қоғамының дамыған кезінде тіршіліктегі түрлі жағдай, ерекше оқиғалар салдарынан туындаған ғибраттық мазмұнды теңеу, мақал мен мәтелдер негізінде қалыптасты деген тұжырым, пайымдауларға барып, «ғибрат» жанрдың негізгі қасиеті деген ой түйеді.

Екіншісі - романтикалық бағыт. Бұл бағытты қолдаушылар мысал жанрының негізі - әңгімелеу, ал ғибрат кейіннен алған қасиеті деген, Я.Гриммнің «миф - жануарлар туралы ертегі-мысал» дегені эволюциялық даму концепциясын ұстанған, кейіннен А.Хаусрат, И.Левин, Е.А.Костюхин т.б. негізінен фольклортанушы ғалымдар еңбектерінде қолдау тапқан.

Үшіншісі - психологиялық-эстетикалық бағыт. Поэзиялық мысал жанры проблемасы негізінде өзгеше көзқарасты ұстанған Л.Выготскийдің еңбектерінде көрініс тапқан [1,13].

Жалпы, мысал теориясындағы ғылыми бағыттардың әр саласындағы ғалымдар өзіндік ұстанымдары негізінде тұжырымдар жасаған.

Мысал жанрының теориясына арналған еңбектердің бірнеше бағыттарда дамуы, мысал әдебиет жанры бола тұрып, фольклор мен дәстүрлі байланысының сақталуы және лирикалық, эпостық, драмалық элементтердің жанр тұлғасынан көрініс табуы, ішкі жанрлық түрлерінің сырттай ұқсастығы болғанымен, әрбір даму кезеңінде, ұлттық әдебиеттерде жаңаша бір көркемдік шешім тауып, серпінді қозғалыс, өзгеше түр-сипатта байқатуынан туындап отырды. Бұл жөнінде, Е.А.Костюхиннің: «Теорияда мысал тек қана әдебиет жанрының бірі ретінде қаралмайды, сонымен бір ойды берудің өзіндік бір ерекше формасы және тіпті жалпы сөз өнерінің іргелі формасы ретінде қаралады» [8,164] - деген пікірі көп нәрсені аңғартады. Мысал жанры табиғатының көп қырлы сипаты, оның тек қана әдебиеттану ғылымының ғана емес, фольклортану, философия секілді ғылымдардың да назарын өзіне аудартады. Белгілі ғылыми бағыттардың, қарама-қайшылықты ой-пікір, тұжырымдардың және болжау-пайымдаулардың жан-жақты, сан-салалы болуының себеп-салдарының жұмбағы осында болса керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кузнецов Ф.Ф. Размышление о нравственности. Кн. Публицистики.- Москва: Сов. Россия, 1979. - 411 с.
2. Шаңбаев Т. Мысал жанрының стилі мен тілі. –Алматы. 1994.-260 б.
3. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы. 1991. - 464 б.
4. Москвичева Г.В. Русский классицизм. – Москва, 1986. -472 с.
5. Иманғазин М.М. Антика әдебиеті. – Талдықорған, 2006. -253 б.
6. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 2002. -312 б.
7. Радциг С.И. История древнегреческой литературы. – Москва, 1974. -420 с.
8. Костюхин Е.А. Типы и формы животного эпоса. – Москва, 1982.-164 с.

ӘОЖ 82/821(100-87)

ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРКЕМ ФОРМАЛАРДЫҢ АРХАИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Әбілхасанова Береке Бақтиярқызы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, 1 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., проф. **Қобланов Ж.Т.**

Аңдатпа. Әдебиеттегі көркемдік формалар мен әдіс тәсілдердің көпшілігі архаикалық түсініктердің негізінде қалыптасқан. Адамзат өркениетінің, мәдениетінің, әдебиетінің негізгі бесігі – Шығыс елдері болған. Шығыстық ренесанс антикалық ренесансқа қарағанда ерте басталды. Шығыс ренесансы антика әлеміне - мәдениетіне, әдебиетіне, өнеріне әсер еткен.

Мақалада мифтердің танымдық маңызы, оларды жіктеу мәселелері тұрғысында айтылған пікірлер сарапталып, пайымдалады.

Кілт сөздер: миф, антика, архаика, фольклор, сана, наным, образ.

Мифтер шын мәнінде әлемнің, жануарлардың, өсімдіктердің және адамның шығу тегі туралы ғана емес, сонымен қатар, адам және оның қазіргі кездегі жағдайы, қоғамға ұйымдастырылған және өмір сүруге, белгілі бір ережелерге сәйкес жұмыс істеуге мәжбүр болған маңызды оқиғалар туралы да баяндайды. Мифология - рухани мәдениеттің тарихи алғашқы түрі. Ол қоғамдық дамудың ең ерте сатысында пайда болады. Сол кезеңде адамзат миф түрінде, яғни ертегілер, аңыздар формасында адамдарды толғандыратын сұрақтарға жауап беруге тырысты. Қазақ жері ұзақ кезеңдер бойы түрлі саяси, мәдени, әлеуметтік байланыстардың тоғысқан мекені болды. Бұрынғы заманда елдердің шекарасы бүгінгідей болған жоқ, сондықтан ежелгі адамдардың түсініктері де бір халықтың меншікті рухани дүниесі болмасы анық. Ежелгі түсінік бүгінгі қазаққа да, грекке де, басқа халықтарға да ортақ болған. Тарихи-мәдени байланыстардың нәтижесінде сюжеттер мен образдар бір елдің екінші елдің шығармаларына енген.

Ахмет Байтұрсынов: «Жер жүзіндегі жұрттардың шығармалары бір-біріне ұқсас келеді. Ондай ұқсас болатын себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір ананың қолында өскен балалар сияқты көргені, өнегесі, үлгісі бір болған. Ол уақытта қай халықтың болса да, табиғат бауырында болып, табиғат тауқыметінде тұрып, табиғат қабағына қарап, өмір шеккен» - деп, ертедегі халықтардың түсініктерінің ортақ болғандығы туралы ой өрбітеді [1,106].

Жазба әдебиеттің алғашқы үлгілері Грекияда пайда болды. Ол б.з.б. III ғасырда Рим мәдениетінің қалыптасуына негіз болды. Ертедегі халықтардың жасаған мәдениеті мен әдебиетін «антика» дәуіріне жатқызамыз. Латын тілінен аударғанда «антика» (antigus) сөзі «ежелгі» деген мағынаны білдіреді. Антикалық әдебиет ежелгі рим және грек

әдебиетін қамтиды. Бірақ антика дәуірінің ескерткіштерінің көбі сақталмаған, ал сақталғандардың ішінде бізге толығымен жеткендері аз. Грек шығармаларының ежелгі нұсқаларынан біздің заманымызға дейін жеткен жәдігрелер – Эсхил, Софокл, Еврипидтің шығармалары.

Көне дәуірдегі грек ақындары мифологиялық сипаттарды адамгершілік пен ерлікті сипаттап, таныту бағытында өз туындыларына арқау етті. Мифологиялық дүниетаным Эсхилдің «Бұғауланған Прометей», «Орест» трилогиясы, Софоклдың «Антигона», «Эдип патша», «Электра», Еврипидтің «Медея», «Ипполит» шығармалары осының дәлелі деп айта аламыз. Мифтік сарын грек классикалық әдебиетінің басты сипаты болуымен ерекшеленеді.

Көне дәуірлерден жеткен түркілік жазба әдеби мұраларынан мифтік сарынды VII-VIII ғасырлар мұрасы – Орхон жазба ескерткіштерінен көре аламыз. Бұл әдеби ескерткіштер түркі қағанатының тарихын, экономикалық - әлеуметтік, саяси ахуалымен бірге, сол қағанат құрамындағы тайпалардың наным - сенімінен, яғни түркілік мифологиядан хабар береді.

Ғылымда антика әдебиеті дегенде грек, рим әдебиетін тану қалыптасқаны анық. Осы түсініктерден ең ежелгі әдебиет грек-рим әдебиеті деген түсінік тұмау керек. Себебі, ең ежелгі әдебиет Мысыр, Вавилон және шығыс әдебиетінде де болғаны белгілі. Көне дәуірдегі грек-рим әдебиеті өзіне дейінгі мысыр, вавилон әдебиетінің жетістіктерін, озық үлгілерін пайдаланып, өз әдебиетіне сіндіріп отырды. Бұл халықтардың алғашқы әдебиет үлгілеріндегі антикалық сарын, сюжет, образдардың көптеген елдерге ортақ болғандығы дәлелденіп келеді.

Антика әдебиетін грек-рим әдебиетімен байланыстырғанымен, өркениет пен мәдениеттің негізгі бесігінің Шығыс елдері болғаны анық. Грек-Рим әдебиетінің ежелгі үлгілері көптеп сақталып, әдебиет әлемінде әлі күнге дейін қайталанбас дүниелер болып отыр. Оған дәлел Гомердің «Илиада» мен «Одиссея» дастандары [2,11]. Осы уақытқа дейін қазақ халқының фольклорлық санасында сақталған антикалық әдебиетпен үндес сарындарына зерттеу жүргізіліп келгенмен, әлі де толық танылмай, тылсым боп тұрған жақтары бар.

Миф – алғашқы пайда болған қоғамдық сананың формасы ретінде өзінің ішінде болашақта дүниеге келетін өнер, дін, саясат, мораль сияқты құбылыстардың элементтерін бойында сақтайды. Мифте адам мен табиғаттың бірлігі, қоршаған ортаны антропоморфизациялау, табиғаттың құбылыстары мен заттарының адам сияқты жаны, ойы, сезімі бар деген түсінік жатыр.

«Адамзат ұрпағының балғын, бала кезеңінде олар жаратылыстың терең сырларын білмеді, табиғаттың алдында өздерінің дәрменсіздіктерін сезді. Сондықтан күнге, отқа, найзағайға, тағы да басқа дәл сондай қаһарлы табиғат құбылыстарына табыну, оларды құдай санап сыйыну белең алды. Бұл әдет-ғұрып, жоралғылардан кейін мифтер, аңыз-әңгімелер, фольклорлық шығармалар туды»[3,86].

Миф – нақты бір тарихи уақытта, нақты бір географиялық кеңістікте, нақты бір саяси - әлеуметтік, мәдени, шаруашылық жағдайында тірлік етіп жатқан адамзат қоғамының өзі өмір сүріп отырған орта туралы, ғалам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адамға ықпал ететін ішкі – сыртқы күштер туралы, өз қоғамының ғаламдағы орны, дәрежесі туралы түсініктерінің жиынтығы [4,21].

Қазақ әдебиеті теориясы мектебінің негізін салушы әрі қалыптастырушы ғалым, академик Зейнолла Қабдолов «Сөз өнері» атты монографиясында мифті шағын көлемді эпикалық шығармалардың қатарына жатқызады. Кітапта мифке мынадай анықтама берілген:

«Миф – табиғат құпияларын, адам не қоғам өмірінің сан алуан сырын қиял-ғажайып оқиғаға айналдырып бейнелейтін фантастикалық баян. Бұл байырғы халықтардың бәрінде бар».

Мифтің негізгі кейіпкерлері – құдайлар, батырлар, әр алуан сиқырлы кереметтер. Әрқайсысы адам таң қалғандай тартымды, соншалық қызық сюжетке құрылады. «Миф – «адам баласының сәбилігі туралы» шежіре, ендеше оның біздер үшін таным тарапындағы мәні де үлкен» [5,291].

Зерттеуші Серікбол Қондыбай «Арғықазақ мифологиясы» деп аталатын қазақ мифологиясының қыр-сырына талдау жасаған кітабында миф туралы мынадай пікірді келтіреді: «Миф деген сөзді жұрт екі түрлі, біріне – бірі кереғар келетін мағынада түсінеді. Баспасөз беттерінде осы «миф» деген сөздің «ертегі сияқты, яғни өтірік, жалған, ойдан шығарылған қиял» мағынасында берілгенін байқаймыз. Ал шындығында «миф» деген сөздің нақты мағынасы осы келтірілгендерге қарама-қарсы.

Ал әдебиеттану сөздігінде мифке мынадай анықтама беріледі: «Миф – халық шығармашылығының өте ертеден қалыптасқан ең көне жанрларының бірі. Миф алғашқы қауымдық қоғам адамдарының дүние туралы, әлемге әмір етер сыртқы күштер, яғни құдайлар мен рухтар образдары туралы және табиғаттан тыс құбылыстар мен оқиғалар жөніндегі түсінігі, сонымен қатар осылар жайындағы қалыптасқан мифтер» [6,37]. Басқаша айтқанда миф – алғашқы қауымдық қоғам адамдарының әлем, дүние жөніндегі танымының көрінісі. Ғылымда мифке берілген анықтама өте көп және ауқымды.

Қазақ фольклорындағы мифтік жанрлар туралы фольклортанушы С.Қасқабасов: «Стадиялық жағынан келгенде, қазақ мифі – алғашқы қауымға және австралиялықтар мен африкалықтар, солтүстік азиялықтар мен американдықтардың көне мифі мен антикалық Греция, Рим мифтерінің арасындағы аралық жанр», - дейді» [7,238].

Мифтер қазақ ғалымдарының зерттеу еңбектерінде жан-жақты қарастырылды. Оның көрнекті өкілдері Шоқан Уәлихановтан бастап, Ә.Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібай, Е. Тұрсынов, О. Сүлейменов сияқты тұлғалар болып табылады. Жиырмасыншы ғасырдың басында өмір кешкен қазақ зиялысы, әдебиеттанушы Ахмет Байтұрсынов та миф туралы тың ойлар айтып, қазақ мифтерінің ерекшеліктерін айқындап еңбектеріне негіз етті.

А.Байтұрсыновтың ойынша, мифтер табиғатта болып жататын өзгерістердің (күн күркіреуі, жел, дауыл, құйынның соғуы, күн тұтылуы, т.с.с) әрқайсысының істеуші иесі бар деп білген алғашқы адам баласының табиғат ісін танымаған күйде шығарған ертегілері, ертегі сияқты әңгімелері.

Табиғаттағы зат атаулының иесі (тау иесі, жел иесі, күн иесі, су иесі, тас иесі, көл иесі т.б.) болады деген көне мифтерді ғалым-фольклорист С.Қасқабасов алғашқы қауымда пайда болған рух-иелік мифтерге жатқызады. Көне наным-сенімдерге негізделген ауыз әдебиетінің кейбір жанрлары мифтік наным-сенім аясында пайда болған.

Демек әдеби жүйедегі мифтік зерттеулер, бір жағынан алғанда, сол халық ауыз әдебиетінің үлгілерімен терең байланысты болса, екінші жағынан, оның астарында небір сырлардың жасырынып жатқанын, оның жан-жақты зерттеу кезінде ғана ұғынылатынын байқай аламыз. Алғашқы қоғамдағы адам санасында орын алатын миф туралы Ш. Уәлиханов былай дейді: «Жаратылыс пен адам! Міне, осы жаратылыс пен адам керемет. Олардың сыры неде болмақ? Әлемді, оның кереметтерін білудің қажетігі, өмір мен өлім туралы мәселе және адамның жаратылысқа қатынасы шамаң дінін туғызды – әлемді немесе жаратылысты және өлген адамның рухын ұлы көруді туғызды. Осылайша келіп, сәбилік дәрежедегі адамдар күнді, айды, жұлдыздарды және жаратылыс немесе әлем деп атайтын ұшы-қиыры жоқ, мәңгі жасайтын әрқилы құбылыстардың бәрін зор тұтатын болды.

Әр халық өзінің әдеби бастауларын ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан ауыз әдебиеті үлгілерінен алады. Демек, ең бірінші қалыптасқан әдеби үрдістің көркем түрін біз фольклорлық шығармалардан табамыз. Фольклор мен оның сансыз көп салалары тұтас бір ұлттың сөз өнерінің бір жүйеге түсуіне әсер етеді.

М. Иманғазин: «Алға қойылған мақсат – шығыстық ренесанстың антикалық ренесансқа қарағанда ерте басталғанын, антика әлеміне - мәдениетіне, әдебиетіне, өнеріне

әсер еткенін, бір сөзбен айтқанда, еуропацентристік көзқарасқа жаңаша ой дарытуға бағыттаған [8, 14]. Мифтік туындылардағы тәңіриелер мен құдайлардың, қаһармандар мен батырлардың грек, рим әдебиетіндегі орны анықталып, оның қазақтың ескі дәуіріндегі ұғымындағы образдармен ортақ ұқсас элементтерін зерттеген.

Мифті білгенде не, білмегенде не – онда тұрған ештеңе жоқ сияқты. Бірақ фольклордағы кәкір-шүкір болып көрінетін тұстарға үңілу жауап туғызбаса да сұрақ туғыза алады. Осыларды дұрыс талдау арқасында бүгінгі, пенде қазақтың қанында, тәнінде, түйсігінде орын алып, бірақ әрекет жасауға дәрменсіз болып отырған «басқа («мәңгі») қазақ» - «ішкі қазақтың» немесе «арғықазақтың» танымы мен сенімін оята аламыз. Адамзат өзгере отырып та өзімен-өзі болып қалып отыр (яғни өзгермейді), сондықтан өткен шаққа және өркенитеттерге деген менсінбеушілік, үстірттік, салғырттық ендігі жерде болмауы тиіс [3,7]. Ата-бабадан қалған ғажайып дүниеге бет бұратын уақыт болды. Мифке оралатын сәт келді...

Мифологиялық образдар деп отырғанымыз - мифтік дәуірде өмір сүріп, мифтік әлемдегі нәрселерді жасаушы, тіршілік атаулының дүниеге келтіруші күш ретінде суреттелген кейіпкерлер.

Грек әдебиеті діннің даму сатысының шарықтау шегіндегі мифологияға жақын келеді. Қоғамның кешуілдеген, дамудың бәсеңдеген тұсындағы антроморфтық политеизм (адам келбеті мен мінезіне сай көпдінділік) кезінде шексіз мифтік және құдайлар жөніндегі шығармашылыққа еркіндік берген уақытқа жүгінеді.

Гомердің, не болмаса Гесиодтың поэмаларындағы құдайлар әлемді жаратушы емес, өздері адам секілді туған деп көрсетілген. Гректің тұңғыш натурфилософтары мифологияға жүгіну арқылы өздерінің космогониялық теорияларын ойлап шығарған. Олардың түсініктері бойынша кеңістік, қозғалыс пен материяны мифологияда Хаос, Эрос (махаббат) және Гея (жер) жаратқан деп айтылады. Қазақ фольклорында да мифологиялық кейіпкерлер көптеп кездеседі. Олар өзінің шығу тегі мен мезгіліне, іс-әрекетіне қарай келесідей 2 топқа жіктейді. Біріншісі - архаикалық мифте бейнеленетін ілкі ата және жасампаз қаһарман. Екінші топтағы кейіпкерлерлер - қастандық ойлаушы албасты, жезтырнақ, жалғыз көзді дәу, айдаһар сияқтылар. Осы уақытқа дейін халық ұғымында албасты, жезтырнақ, жалғыз көзді дәу, күлдіргіш тәрізді кейіпкерлер көне мифтен туған хикаяларда, айдаһар мен жалмауыз кемпір көбіне ертегілерде болады деген түсінік бар. Сонымен қатар пері, дию, шайтан сияқты ежелгі заман кейіпкерлері де қазақ әдебиеті жәдігерлерінде көптеп кездеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Алматы, -Атамұра, 2003. -208 б.
2. Қобланов Ж. Антикалық әдебиет. Ақтау, КМТИУ, 2013. – 259 б.
3. Қоңыратбаев Ә. «Қазақ фольклорының тарихы», Алматы, 1993.
4. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы.1-кітап. –Алматы: «Арыс» баспасы,2008 ж. – 528 б.
5. Қабдолов З. Сөз өнері, Алматы, Қазақ университеті 1993.
6. Әдебиеттану терминдер сөздігі / құраст. З. Ахметов . - Алматы : Ана тілі, 1996. - 240 б.
7. Қасқабасов С. Жаназық, Астана, Аударма, 2002.
8. Иманғазин М. Қазақ және антика әдебиеттеріндегі сюжеттік үндестіктер. Филол. ғыл. докт. ... дис. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Алматы, 2008. -288б.

ӘНГІМЕ ЖАНРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗДІҢ БЕЙНЕЛЕУІ

Адайбаев Нұрлыбек Болатбайұлы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, 1 курс магистранты

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., проф. Қобланов Ж.Т.

Аңдатпа. Әңгіме – көркемдік мүмкіндігі бай жанр. Проза жанрының өз тарихы, даму жолдары бар және оның өмірге келуі, қалыптасуы әр ел әдебиетінде әрқилы. Ұлттық салт-дәстүрдің, ұлттық ойлау жүйесінің (менталитет), ұлттық тұрмыс-тіршіліктің көріну деңгейіне баға беру, соны сараптау, саралау бүгінгі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі. Мақалада қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрында ұлттық мінездің бейнеленуі талданып, оның көріну деңгейіне ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

Кілт сөздер: ұлттық характер, образ, әдеби дәстүр, дәуір кейіпкері

Ұлттық мінездің көркем әдебиеттегі көрінісі де көркем шығармамен қабат өріліп, біте қайнасып жатыр. Суреткер образ жасап, характер, ұлттық характер сомдағанда шығармашылық әдіс қолданғанда өзіне дейінгі әдеби дамуға дәстүрге сүйеніп, даралық жолына түседі.

Әдебиет – ұлттық топырақтан нәр алып, көркем өскінге айналған асыл сөз қазынасы. Халық ауыз әдебиетімен бой көтерген. Қазақ әдебиеті де орыс, шетел әдебиетінен бұрын алдымен ұлттық әдеби дәстүр негізінде тамыр жайған. Ал ұлттық әдеби дәстүр дегеніміз басқа халықтардың көркемдік әлемінен айырықшаланатын мазмұн мен пішін.

Ғаббас Тоғжановтың анықтауынша: «ұлт дегеніміз ...тілі бір, жері бір, ғасырлар бойындағы тіршілік күресінен, тұрмыс салтынан, жиі қатынасынан туған мінез-жан сипаты бір жұрттардың қосылуы, бір жұрт болуы» [1,6]. Қаншама қиын-қыстауды басынан өткерген, кері кетсе де болмысын жоғалтпауға тырысқан ұлтымыздың түпкі таным-түсінігі «ұлтты жоғалтпау» идеясынан бастау алғандығын көруге болады. «...Әрбір халықтың өзін өзгеден айрықшалайтын дара мүсінін, дербес мінезі мен мәдениетін танып-түйсінуі ең әуелі этникалық төркін-тамырын бажайлаудан бастау алатыны белгілі» [2,8] екендігін ескерсек, Кеңес өкіметі тұсындағы сөз зергерлері Бейімбеттің, Сәкеннің, Мұқтардың, Ғабиттің сомдап жасаған типтік тұлғалы кейіпкерлерінің ізін басып, заман төріне ентелей ұмтылған, өз арамызда күнделікті иық қағысып, елеусіз ғана ғұмыр кешіп жүрген кейіпкерлер екенін аңғарамыз.

М.Әуезов: «...жазылатын пьесаларда, романдарда, әңгімелерде, поэмаларда қазақтың негізгі мінездерін айқын көрсететін типтер жасау керек» [3,234], - деп айтқан пікірінің Мүсірепов әңгімелерінен көріну дәрежесі бағаланды. Суреткердің әдебиеттегі айрықша қолтаңбасы, сол түп қазық арқылы қазақ әңгімесіндегі тартыс пен дәуір кейіпкері айқындалды. Ғ.Мүсірепов, Әуезовше айтқанда «қазақтың негізгі мінездерін айқындайтын тип» кескіндеуді мұрат тұтқан. Әңгіме жан тазалығына бас иген. Әңгіме тартысы осыған құрылған. Кейіпкер ойы арқылы еліміздің кешегісі мен бүгінгі тарихына назар аудартатын астарлылық суреті келісті берілген. Әңгіменің компоненттік құрылысы естелікті әңгімелеушінің баяндауы арқылы байланыстырылған. Бұған: «...жазушыны кейіпкерінің мінез-құлқы ғана емес, мұнымен қоса, сол мінездеменің ішкі қабаты, яғни, түйіні қызықтырады, себебі мінез-құлық нәтижесінде олардың тарих, саясат, қоғамдық ортадағы қарым-қатынасы және т.б қалыптасады және ықпалы басқа әрекеттерден көрінеді» [4,144], - деген пікір дәлел.

Дулат Исабековтың шығармашылық шығармашылық ізденістерінен осы ерекшеліктерді көреміз. Қазақтың мінін жазған Абайдан тақырып пен идеялық бағытты айқындап, ақын дәстүрін өзіне сара жол еткен. Абай адам мінезінен образ жасаған. Ал Дулат Исабеков характерден типтік мінез жасаған. Жазушы Абай жасаған ел мінезінен

қоғамның өгей жандарын айырып алып, бөлектеді. Абай бес дұшпанға (өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашу) бес асыл істі (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) қарсы қойса, Дулат әлді мен әлсізді шендестіре суреттеп, мінез бен әрекет қақтығысын тудырады.

Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін ұлттық таным, ұлттық рух талап еткен фольклорлық сарын қазақ әдебиетіне жаңа леппен, соны сарынмен қайта оралды.

Жазушы Дулат Исабеков өз әңгімелерінде қазақы ауылдың тұрмыс– тіршілігін бейнелей отырып, отбасы құндылықтарына да мән беріп, үлкен мәселелерге бой ұрады. Оның шығармаларының ерекшелігі де сонда: көңілге сондай жылы тиетін, таза бұлақ суындай мөлдірлік астарынан ұлттық мінезді, психологияны байқай аласыз. «Шалдар» әңгімесіндегі Қарекен қарттың баласы – Ерғабылдың ойда жоқта апыр-топыр үйленуі қарттың көптен діттеп жүрген ойының құл-талқанын шығарады. Ол ойы – көрші ауылда Ерғабылға айттырғалы жүрген, өзі әкесін жақсы танитын сын-сымбаты мен мінез-құлқы келіскен қыз бар еді. Бұрынғы ата-баба ізімен сол қызды баласына «құдай қос көрсе, жекжат боламыз түбі» деп алып бермекші болып жүрген Қарекен мұраты орындалмады. Дегенмен де бұрынғының салтымен Қарекен көрші колхоздағы құдасының үйіне жол тартты. Қазақы салт-дәстүр жолымен құдасы Молдабайдың алдынан өтуі, екі құданың бір-бірімен сыйластығы – бәрі-бәрі сәтті баяндалған. Жазушы қазақы мінез-құлықты, ұлттық психологияны, отбасы ғұрпын шынайы жеткізген.

Ал, жастар бойындағы сезімсіздік, аңғарымсыздық, ата-ана тілегін аяқасты ету бір шаңырақтың шайқалуына алып келді. Отбасының бұзылу себебін ашудағы қарттың мына пікіріне үлкен мазмұн сыйдырылған. «Келіндерінің өз үйлерінен неге кеткенін Қарекен мен Бибінұр ауылдағы кейбір жас жігіттерден есітті. Олардың ажырасу себебін естігенде Қарекен күйініштен өртеніп, шоқ болып кетті. «Ойбай-ай, ойбай ғана ақымақтар-ай! Не дерсің, не дерсің бұларға енді. Сол инедей нәрсе үшін... Пай-пай-пай, тентектер-ай! Кісіні жерге тірідей көмесіндер-ау! – деді ол ауыл сыртындағы төбеде отырып. – Бала тәрбиелеу жөніндегі екеуінің пікірі қайшы кепті! О, тоба, бұл не бұл, осындай да жанжал, осындай да талас бола ма екен? Үлкен, ер қабырғасы қайысатын нәрсе болса бір-сәрі-ау» [5, 332].

Ата-баба абыройын, отау құрудың салмағын, ата-ана алдындағы борышты терең сезінген ұл мен қыз қоғам игілігі үшін пікірдің қайшы келуінен шаңырақты шайқалтпайтыны анық. Бұл сол кездегі ұрпақтың басында ұлттық санадан гөрі қоғамдық сананың басым жатқанын аңғартады.

Жазушының «Кемпірлер» атты әңгімесі таза ұлттық болмысқа, қазақы мінезге құрылған. Әдемі өрнектеліп, табиғи өрбіген диалог пен іс-әрекет астарынан ұлттық қасиет пен ұлттық психология менмұндалап жатады. Ең бір сүйсінетін жайт – жазушы ауыл кемпірлерінің бір-бірімен әңгімесі арқылы қазақы мінез-құлықты тап басып, шынайы көрсете алған. Немересімен қалған кемпірдің мінезі табиғилығымен, нанымдылығымен көңілден шығады. Автор әңгіменің басынан-ақ кемпірдің тілегі арқылы халқымыздың небір қазақы салт-дәстүрін тамсана суреттейді. Оның шығармаларындағы ізденістің бірқатары – жеңіл тілмен-ақ игілік пен ізгілік, мейірімділік пен бауырмалдық, тәубешілдік, барға қанағат, жоққа нысап сияқты қазақ халқының бойындағы тамаша қасиеттерді оқырман көңіліне жеткізеді. «Үй болып, түгін құрып отырғанымызға шүкір. Балам өліп, келінім кетсе де, жалғызымның көзіндей болып немерем қалды. Ішіме құса болып, өзің тіл тигізген кезім болса, кешіре гөр жаратқан, қуартып, қу басымды қалдырсаң қайтер едім. Немере сүйдіріп, ит асыратқаныңа, оны шәуілдетіп үргізіп қойғаныңа құлдық...» [6,337].

Кейуананың осы ризашылық көңілін қазақ ұлтына тән тәубешілдікпен аузына салады және мұнда ауыл әжелерінің, отбасы болып бір-бірімен араласуы жарасымды әңгімеленген. Суреткердің арнасынан асқақтамай, қысқа да жинақы жазылған шағын жарында адам өмірі, табиғи тазалық, адамгершілік, қазақы мінез, қоғамдық өзгерістер шынайы беріледі.

М.Айымбетовтің «Қара шаңырақ» атты әңгімесінің де негізгі тақырыбы болып табылатын туған жер, туған үй мәселесін – ежелгі жердің өзгермеуінің, мәңгіліктілігінің, тұрақтылығының символы ретінде келісті өрген. Онда туған жердің тауы мен тасы, өзен суы – бәрі де киелі қасиетке ие. Ол «қара шаңырақты» – адамның кесір күштерден қорғанатын панасы, саясы деген ұғымға жинақтайды.

«Әжемнің маған түсіндіруінше, «қара шаңырақ» аталуымыздың себебі – атам мен екеуінің бізбен бірге тұратындығынан екен. Сәрсет көкем мен Бәтиса жеңешем олардан тиесілі еншісін алып, бөлек үй болып кеткен, яғни өздерінің шаңырағын көтерген»[7,374].

Шығарманы оқып отырғанда үйдің адам өміріндегі маңызы жайлы ежелден келе жатқан таным-түсініктердің, әдет-салттардың сипаты танылады.

Осы орайда жазушының «Шел» әңгімесін айтуға болады. Әңгіме өтпелі кезеңдегі қазақ қоғамының интелгенциясына арналған. Жазушы зиялымыз деп жүрген интелгенттер өмірін, олардың өсу баспалдақтарын кестелі тілмен көркем суреттеген.

Байқасақ, Т.Әбдіковтың «Қонақтар» әңгімесіндегі Ерғабыл қарт, «Ата» әңгімесіндегі Бекең, Айымбетовтың «Қара шаңырақ» әңгімесіндегі Шөмішбай бейнелері ұлттық таным белгілері ретінде көрінеді. Себебі, аталған туындыларда өзінің сөзі мен ісі арқылы өткенді қадірлеп, бүгінгіге баға беретін, болашаққа деген сенімі мен күдігі аралас келетін қарттар бейнесі айқын сомдалған. Адам тіршілігінің бар мәні бүгінгі мен болашағында, артқа қарайлаудың қажеті жоқ деген жалаң ұранның, желбуаз ойдың өткінші екенін біле тұра бала тәрбиесінде қателік жіберіп алған қарттар бейнесі – М.Айымбетовтың «Шел» әңгімесіндегі Тәнтей шалдың бейнесімен мағыналас. Қариялардың қай-қайсысы болмасын жалғыз емес, арттарынан ерген тұяқ бар. Балаларының бәрі де оқып білім алған саналы жандар.

Қарттардың басындағы трагедия – ұлт трагедиясы деуімізге болады. Сапабек, Баған, Есіркеп, Меліс ауыл тәрбиесін көрген, ана тілінде тілі шыққан жастар. Өсе келе қала салтын көреді, қалада білім алып, қызмет істейді. Сөйтіп жүріп, бұл ұрпақтардың ұлттық танымнан күннен күнге жырақтап, алыстап кететіндігі, жалпы, жоғарыда аты аталған көркем туындыларда шебер бейнеленген. Онда авторлар өз кейіпкерлерін үлкен адамгершілік сынына түсіреді. Жайлы пәтер, жоғары қызмет, сұлу жар, ғылыми атақ кез келген адамның армандайтын, қол жеткізгісі келетін мақсаты болып табылады. Ал сол мақсатқа жету жолында кімді, нені құрбан етуіміз мүмкін. Міне, бұл әңгімелерде осы мәселе төңірегінде сөз қозғалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Ғылым, 1991. - 208 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
3. Қабдолов З. Жебе (әдеби толғаныстар). – Алматы: Жазушы, 1977. – 236 б.
4. Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1993. – 491 б.
5. Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т.2. – Алматы: Жазушы, 1993. - 496 б.
6. Кекілбаев Ә. Дала балладалары. – Алматы: Жазушы, 1971. – 206 б.
7. Ысқақ Қ. Қара орман. – Алматы: Жазушы, 2005. – 368 б.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЛИРИКА ЖАНРЫНЫҢ ӨЗІНДІК СИПАТТАРЫ

Бөлекбаева Қаламқас Мақтымқұлықызы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, 1 курс магистранты
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., проф. **Қобланов Ж.Т.**

Аңдатпа. Көркем сөз өнеріндегі лирика дегеніміз ақынның ішкі құпия сезім қалтарыстарына, нәзік ой тұңғыығына жетелейтін ерекше жанр. Осы жанрдағы туындылар әр ақынның дүниені танудағы, сезінудегі өзіндік ерекшеліктерін айшықтап, жеке шығармашылық тұлғаның дара болмысын ғана танытумен шектелмейді. Сонымен қоса, олар тұтастай әдеби даму үрдісіндегі лириканың жанрлық құбылу, өсу, өркендеу, құлдырау жолын дәуірлік сипатта анықтауға мүмкіндік береді.

Мақалада қазақ поэзиясындағы лирика жанрының өзіндік сипаттары, ерекшеліктері, талданып, ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

Кілт сөздер: эпос, лирика, сатиралық өлең, эпикалық жанр, арнау өлең.

Әдебиеттегі үш жанр – эпос, лирика, драма. Әр жанрдың, әрине, өзіндік ішкі болмысы, өзгеге ұқсамайтын табиғаты, жеке тынысы бар. Мәселен, эпос неғұрлым кең құлашты оқиға желісін баяндауға негізделіп, соған сәйкес көркемдік жүйе құратын болса, драма қою тартысқа, сахнадағы шешуші іс-әрекеттерге арқа сүйейді. Ал лирика жанрының өз алдына ерекшеліктері бар. «Лирика – адамның дүниетанымы мен көзқарасын, ішкі сезімі, сүйініш-күйінішімен ұштастыра жырлау және ешкімге ұқсамау», – дейді Қ. Жұмалиев [1,67]. Ғалым сөзіне тереңірек зер салсақ, лирика дегеніміз – ішкі эмоционалдық-экспрессивтік көңіл-күй әуенін ашуға деген ақынның ұмтылысы және өз сезімін өзгені қайталамайтындай айрықша соны құбылыс ретінде жеткізуі. Мұндай ерекше сезімді түрлі жағдайлар тудыру мүмкін. Қандай жағдаятта болмасын, ақынның өзіндік көзқарас білдіруі, өмір құбылыстарын өзінше жеке позициядан тұжырымдауы субъективті ой-сезімнен тамыр тартады. Поэзияның өзге түрлерінен лириканы ерекшелейтін осы қасиет екені белгілі.

Жалпы лирикалық туындылар тақырыбына, мазмұнына байланысты бірнеше топқа бөлінеді:

- махаббат лирикасы. Мұнда лирикалық қаһарманның басынан өткен ғашықтық сезім басты өзекке айналады да, өмір, жаратылыс, болмыс жайлы философиялық толғаныстардың өзі осы негізде өрнек табады. Бұл өлеңдер лирикалық қаһарманның тіршілікте кешкен тағдырлық оқиғаларына байланысты бірде қайғылы, бірде шаттық күйді суреттейді;

- табиғат лирикасы дегеніміз – табиғаттағы әр алуан құбылыстарды ақынның жеке дүниетанымы тұрғысынан суреттеуі. Мұнда лирикалық лепті үстейтін фактор табиғаттың әсем көрінісі ғана емес, ақынның оны өз жан дүниесімен астастыра өрнектеуі. Ақын айналадағы ортадан нақты жағдаяттағы өз көңіл-күйіне туыс, жақын көріністі іздейді. Я болмаса, қоршаған ортадағы табиғи құбылыстардың өзі ақын көңілінде ерекше бір сезімді оятып, шабыт сезіміне бөлеуі мүмкін. Қай жағдайда болмасын, басты мәселе лирикалық қаһарман көзімен танылатын әлем келбетінің өзі ғана емес, оны қабылдаушы субъектінің өзіндік зердесі, әлемді сезіну, қабылдау қасиеті болмақ;

- саяси-азаматтық лирикада ақынның негізгі толғаныстары әлеуметтік мәні зор ірі мәселелерді арқау етеді. Мұндағы лирикалық белгі ақынның айтар ойының субъективтивизмге бағытталғандығынан, қоғамдық, саяси құбылыстарға жеке-дара көзқарас танытуынан байқалады. Лириканың бұл түрі қазақ поэзиясында кеңінен дамыған;

- философиялық лирика ақынның өмір, тіршілік, әлем жайлы кесек ойларын қамтып, осы тұрғыдағы дара көзқарасын өрнектейді. Философиялық лириканың бір ерекшелігі туындының көркемдігінен гөрі идеялық, мазмұндық жағына баса назар аударылады.

Біз талдау нысанына алатын туындылардың көпшілігі табиғат лирикасына жатады. Олар – жаз, күз, қыс, теңіз, тау, орман, тоғай тәрізді әр алуан табиғат құбылыстарын жырлауға арнаған лирикалық өлеңдер. Лирикалық өлеңдердің мазмұны да, оларда байқалатын көңіл-күйлері де, әрине, ақынның өмірге көзқарасымен байланысты болып келеді. Алайда тікелей табиғат суреттемесіне арналмаған лирикалық өлең-жырлардан да ақынның ішкі бір нәзік сезім иірімдерін, ой қозғалыстарын бедерлеуге бағышталған ұлттық дәстүрлі образдарды кездестіруге болады.

Лирика – көркем әдебиеттің негізгі саласының, жанрының бірі, басты ерекшелігі – адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді. Лирикада ой мен сезім бірлесіп, терең қабысды. Оған тартымды қуат-күш дарытатын терең оймен суарылған, нәрленген жалынды сезім, әсерсіз, құрғақ қағида-тұжырымдар оқырманды тебіrentпейді. Өмір, дүние, адам тағдыры туралы үлкен толғаныстан тумаған, жәй сезімшілдік лириканы жандандыра алмайды. Лирикаға жан беретін сезімнің отты нәзіктігі. Лириканың басқа жанрлардан, айталық, сан алуан адамдардың қарым-қатынасын, қоғамдық тұрмыс-шиеленісті баяндайтын көлемді, оқиғалы шығармалардан айырмасы да, өзіндік артықшылығы да – міне осында.

Егер эпикалық жанрдың ең басты ерекшелігі уақиғаны қалай баяндалып, суреттелетініне байланысты болса, лирикалық шығарманың күші, қуаттылығы алдымен адамның көңіл-күйін, өмірдегі жағдай-құбылыстан алған әсерін бейнелеп жеткізу шеберлігімен ұштасып жатады. Адамның жан-сезімін, көңіл-күйін тікелей, лирикаға тән ерекше сыршылдықпен айтып жеткізудің ұтымдылығы өмір құбылыстарын, табиғатты айрықша сергектік, сезімталдықпен қабылдаудан, сезім-әсер байлығынан туады.

Лирикалық шығармада негізінен алғанда жеке адамның көңіл-күйі, сезімі суреттеледі. Ақын көбінесе өз жайын, өзінің айналадағы өмірге, әр түрлі құбылыс-жағдайларға көзқарасын сипаттайды. Бірақ ақын өз жайын, өз басының мұңын, өзінің арманын, қуаныш сезімін жыр етсе де, ол қалайда халықтың тағдырын, қайғы-мұңын, күйзелісін, қуаныш-шаттығын, тілек мақсаттарын көрсетеді. В.Г. Белинскийдің «Ұлы ақын өзі туралы, өзінің жеке басы туралы айтса да, көптің тағдырын, адамзат жайын сөз етеді» деуі тегін айтылмаған.

Нағыз лирикалық туындылар жеке адамның жан дүниесін, толғанысын, тағдырын бейнелеп, сол арқылы бүкіл бір ортаны, қоғамды, заманды сипаттап береді. Лирикалық қаһарманның ой-сезімі, тағдыры өз заманының арман-мүддесі, тілек-талаптарымен неғұрлым терең байланысты суреттелсе, соғұрлым ол типтік қасиеттері мол, сомдап жасалған ірі тұлғаға айналып, дәуірдің көрнекті өкілі болып шығады.

Лирикалық шығарма ақынның ой-сезімін, толғанысын көрсету арқылы жалпы адам баласына, қоғамға тән сипаттарды, заман, дәуір келбетін танытатын қасиет-ерекшеліктерді жақсы аңғартады. «Лирикалық жанрға ауыз әдебиетіндегі өлеңнің барлық түрлері – еңбек туралы, төрт-түлік туралы өлеңдер, тұрмыс-салт жырлары, нақыл-өсиет жырлар, тағы басқалар, терме, толғау, тақпақ секілді нұсқалар жатады. Жазба әдебиет өркендеген кезде жаңа түрлер – саяси-әлеуметтік лирика, философиялық лирика, көңіл-күй лирикасы, махаббат лирикасы, табиғат лирикасы қалыптасып, дамиды. Лирикалық шығармалар тақырыбы, құрылысы жағынан да сан-алуан. Кейде, айталық, арнау өлең, сатиралық өлең-жырлар, немесе, хат түріндегі лирикалық шығарманың бөлекше үлгілері ретінде қарастырылады»[2,217].

Сыншы, әдебиеттанушы ғалымдар лирикадағы елгезек сезім мен сыр жайын, олардың тұтастығы мен тұнықтығы, шынайылығы тұрғысынан алғанда, өлеңді қимылсыз кейіпте қарастырмаған жөн деген пікірді қолдайды. Лирикалық өлеңдегі әрбір лексикалық бірлік лирикалық қаһарманның қас пен көздің арасындай көз ілеспес бір мезеттік жалт

етіп жоғалатын сәулелі сырын арқау етеді. Бірақ оның бейне бір суретке басып алғандай үздіксіз үдерістің тек бір ғана көрінісі екенін ұмытпаған абзал. Мұндай құбылысты академик Зейнолла Қабдолов «лирикадағы адамның жан диалектикасы» деп атаған еді.

«Лириканың бас қаһарманы – ақынның өзі. Мұның эстетикалық қасиеті де, тәрбиелік күші де айрықша үлкен. Себебі бұл арада өлеңді жазған адам, оқыған адамға айналып, ақын мен оқырманның көңіл-күйлері бір-біріне ұштасып, бірігіп, біте қайнасып кетеді. Ақын оқшау образ жасап, оқырманға «содан үйрен, не жирен» дегендей тенденциямен ғана тынбайды, оған тура өз басындағы сезім мен сырды тұтас көшіре салады. Сонда ақын көкірегіндегі сезім – оқырман сезімі, ақын көңіліндегі сыр – оқырман сыры болады да шыға келеді», - дейді З. Қабдолов [3, 310].

Лирика өзінің табиғатында сезім мен ойдың поэтикалық нәтижесі болып табылады. Көркем туындының тарихы адамның сезімімен үнемі тікелей қарым-қатынаста болады. Сондықтан осы лирикалық жанрды талдап зерттеу саласында осы жайт үнемі ескеріліп отыруға тиіс. Мұны кейде өнердің өзіндік бір табиғи ерекшелігі деп те атайды.

Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі қазақ лирикасының эстетикалық сипаты мәселесі – поэзияны, эстетиканы зерттеушілердің көкейкесті сауалдарының бірі.

Лириканы алдымен, өнер туындысы сапасында зерделейтін болсақ, оның көркемдік, құрылымдық ерекшеліктерін саралаудың бүгінгі әдебиеттану аясында қаншалықты маңызды екенін байқауға болады. Себебі өнерде қол жеткізілген жетістіктер санмен емес, сапамен өлшенеді. Және мұның өзі өзгелер үшін абстрактылы, тек тар аяда ғана өзекті мәнге ие, қазіргі лириканың көркемдік қыры поэтикалық кейіпкер сомдау жағынан кемшін соғады. Белгілі ақын Қадыр Мырзалиев бұл туралы былай дейді: «Ал, егер бүгінгі бірқатар жырларымызда бір жетпесе, өмірдің өзін білу, әсіресе еңбек адамдарының қат-қабат жан дүниесін білу жағын жете меңгермегендіктен, жетіңкіремейді. Кәнеки, өмір есігін енді-енді ғана ашқалы тұрған жасөспірім бозбала жігітке, жаңа-жаңа бой жетіп келе жатқан қарындас – қыздарымызға үлгі-өнеге боларлық қандай әдеби кейіпкерлеріміз бар... Расын айтсақ, ондай поэтикалық көркем персонаждар жоқ» [4,4].

Шындығында, лириканың даму барысы әдебиеттегі ағым-бағыттардың шеңберінде жүзеге асады. Яғни жалпы саяси-қоғамдық аяда орын алған хал-ахуал жеке ақынның лирикасынан да көрініс табады. Себебі, М. Шаханов айтқандай: «Ақын – қоғамдағы көңіл-күй барометрі». Кейінгі кезеңде лирик ақындарымыздың шығармашылығында әсіре жекешілдік сипаттағы көңіл-күй ауанынан шыға алмаушылық, құлазыған сезім-әсер эмоциясына берілушілік байқалады. Мұның өзі соңғы жылдардағы әдеби ағымдардың салдары деп білеміз. Сюрреализм, модернизм, постмодернизм сынды қоғамдағы хал-жағдайды боямасыз, жеткізуге тырысатын ағым-бағыттар көп жағдайда жеке тұлғаның, лирикалық қаһарманның даралануын, күйректікке салынуын өрнектейді. Жалпы жеке адамның ұсақ күйбеңін, болмашы құлазуын күйттеп, соның шеңберінде қалып та басқа ешкімге ұқсамауға болады. Бізге ондай даралық керек емес. Жеке адамның көңіл-күйін даралап, шынайы жеткізе отырып, сол арқылы мыңдардың сезімін шарпыса, даралай отырып жинақтаса, біз соны қалаған болар едік. Бірақ, жинақтаудың да жинақтауы бар. Лирикалық қаһарманның өзіндік сезім толғанысын ашпай, құр жалпылама кетушілік пен көркем жинақтаудың айырмасы жер мен көктей. Бұл мәселе жөнінде Зәки Ахметов мынадай дұрыс пікір айтқан: «Поэзияда қорытындылап жинақтау мен даралау, ортақ сипаттар мен жекелік сипаттар ұштасып, ұласып жатады. Осы екі жағы тұтасып бірігіп келгенде ғана көркем образ, көркем бейне туып, өмірдің көркем суреті жасалады» [5,8].

Қашанда көркем образ бен поэтикалық тілдің түп қазығы – идея. Мазмұннан түрді бөліп қарауға болмайтыны сияқты жазушы, ақын шығармашылығын зерттеу үстінде оның идеялық-тақырыптық, жанрлық ерекшеліктерін ғана қарастырып қоймай, көркем тіліндегі табыстары мен жетістіктеріне де тоқталу шарт.

Көркем шығарманың бейнелеу тілінде толып жатқан нақыш өрнектері болады. Мұны біз көркемдік құралдар деп атаймыз. Қалай болғанда да әдебиет өзінің ең негізгі мұратына – өмірді көркем бейнелеп көрсетуге осы құралдар арқылы жетері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969.
2. Ахметов З. Әдебиеттану терминдер сөздігі – Алматы: Ана тілі, 1998.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.
4. Мәшһүр-Жүсіпов К. Өлең-сөздің патшасы. – Алматы: Жазушы, 1991.
5. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973.

ӘОЖ 821.512.122 (043.3)

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сарбас Анар Қайыржанқызы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, 2 курс магистранты

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., проф. **Қобланов Ж.Т.**

Аңдатпа. Ақселеу Сейдімбектің көркем шығармалары мен ғылыми еңбектері бір-бірімен сабақтасып, бір мақсатқа жүгінуімен ерекшеленеді. Оның повестері мен әңгімелерінде қазақ даласы мен қазақ баласы, олардың қилы тағдыры ұлт болмысымен тығыз байланыста суреттеледі. Ғасырлар бойы үзілмей, жалғасын тауып келе жатқан дәстүрлі өмір сүру салтының сан қырын жарқырата жазып, бүгінгі ұрпаққа сол атадан қалған асыл мұраны үлгі-өнеге ету – жазушының о бастағы мақсаты.

Мақалада ғалым, қаламгер Ақселеу Сланұлы әңгімелерінің өзіндік ерекшеліктері, ондағы дәстүр жалғастығы талданып, ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

Кілт сөздер: қаламгер, әңгіме, дәстүр жалғастығы, жанр, көркемдік ерекшелік.

Алты Алаштың ардақтысы, дара болмыс иесі, ғұлама ғалым, сұңғыла білімпаз, сүлей суреткер Ақселеу Сланұлының шығармашылығы жайында бірқатар зерттеу еңбектері мен мақалалар жарияланды. Атап айтар болсақ, С.Ақатаев, М.Серғалиев, Ж.Әбдіхалық, М.Кемел, Н.Жүсіп және т.б.

Жазушы прозасының табиғат құбылыстарын көркем оймен қабылдаудағы және жеткізудегі көркемдік танымы мен тарихилығы өзара тереңнен тамырласып жатқан тақырыптық-идеялық, эстетикалық, философиялық ізденістері мен даму жолдары, стильдік, тілдік, бейнелеу амал-тәсілдері, жазушылық шеберлігінің қалыптасуы жайында зерттеу жүргізілуде. Ал қаламгер шығармаларындағы көркемдік шеберлікке, көркемдегіш-суреттегіш құралдардың қолданылуына барынша назар аудару, зерттеу – қазіргі әдебиеттану және тілтану ғылымдарындағы өзекті мәселе. Біз жазушы әңгімелерінің көркемдік ерекшеліктеріне тоқталмақпыз. Осы орайда А.Сейдімбектің 2002 жылы «Атамұра» баспасынан шыққан «Аққыз» жинағына енген әңгімелері зерттеу нысаны болып отыр.

Жазушы - әр жанрдың табиғатын терең меңгерген суреткер. Әңгіме сияқты шағын жанрда табиғатты кең суреттеуге мүмкіндік жоқ. Сондықтан да айтайын деген ойды сол шағын көлемге сыйдыру – міндет. Бұл міндетті дарынды қаламгер өзіндік қолтаңбасы мен шығармашылық ізденістері арқылы жүзеге асырады. А.Сейдімбек әңгімелерінде оқиғаны қызықты тұсынан бастау, оқырманын елітіп отырып бейнелеу, бұрын-соңды естімеген жайды баяндау секілді шеберлік қырлары анық көрінеді.

Ақселеу Сейдімбектің табиғат тақырыбына арнап, жүйелей жазған әңгімелері - көлемі жағынан қысқа, айтары көл-көсір, ыңғайлы шағын шығармалар. Мазмұны мәнді. Әсіресе табиғат жайлы қаламгер былай деп тебіренеді:

«Егер маған біреу «Дүние дидарындағы ең сұлуды, ең қымбатты, адам баласына ең жақынды, ең қаталды, ең дананы, қара қылды қақ жарған ең әділді аташы» десе, мен соның бәріне де «Табиғат» деп бір ғана сөзбен жауап берер едім.

Түсіне білгенге табиғат жаюлы кітап сияқты. Керек десеңіз, жұмыр Жердің бетіндегі тіршілік атаулыны бір ғана өз заңдылығына бағындырып, ұлы тұтастықта қозғалысқа келтіруші де Табиғат. Бұл орайда оны жұмыр Жердің құдіретті әміршісі және өз дегенін үйретуден жалықпайтын ұстазы десе де болғандай.

Табиғат өзінің қайталанбас сұлулығымен, таусылмас қызығымен, мың сан жаратылысымен, асқақ та өрлігімен, өрең жетпес шексіздігімен, ал кейде мизамдай нәзіктігімен қайран қалдырады. Тек қайран қалдырып қана қоймайды, өз баурындағы тіршілік атаулыға жайылып төсек, иіліп жастық болып, ең асылын солардың аузына тосады.

Ал табиғатты сүю – Отаныңа қамқор болу деген сөз»[1,214]. Жазушының аталмыш жинағына енген әңгімелерде табиғат, саятшылық, құсбегілік керемет баяндалады. Саятшылық, құсбегілікті бейнелеу қазақ әдебиетінде молынан кездеседі. Алайда А.Сейдімбек әңгімелерінің басты ерекшелігі - табиғат сырларын, саятшылық, құсбегілік жайын арнайы суреттеуді мақсат тұтқандығында.

«Тәтті тіршілік», «Қақпаншы», «Рамазан мерген», «Айқас» сияқты әңгімелері табиғаттың таңғажайып тамаша сырлары жайында сыр шертеді. Мәселен, киіктерді аңдыған қасқырдың әрекетін бұрын-соңды ешкім суреттемеген шығар. Жазушы табиғатта осындай сирек кездесетін жайларды әңгімелеу арқылы жас оқырмандарына жақсы мен жаманды, әлді мен әлсіздің болатынын ұғындыра түседі. Табиғаттағы қызықты оқиғаларды көзбен көріп, қолмен ұстарлықтай нақты суреттеу арқылы оқырман жүрегіне терең бойлайды.

«Аңшы өтірік айтпайды», «Айқас» әңгімелерінде сирек ұшырасатын оқыс оқиғалар баяндалады. Жыландар мен бақалар айқасы сенімді суреттеледі. Жалпы «Аққыз» жинағы тәрбиелік тәлімі мол, ғибратты шығармалардан құралған. Олардың әрқайсысы жеке-жеке тақырып, бөлек-бөлек оқиға болғанымен, адам мен табиғат, адам мен адам арасындағы байланыстың астарын ашып, мағынасын түсіндіретіндей жауапкершілікпен жазылған. Автордың тың теңеу, оралымды ой, айшықты сурет, кестелі сөз таңдаудағы шеберлігі қызықтыра түседі.

«Тәтті тіршілік», «Қақпаншы», «Рамазан мерген», «Зерде» сияқты әңгімелерінде аңшының қатаң ұстайтын дәстүр-салт қағидалары сияқты жайлармен қатар, әрбір тіршілік иесінің өмір үшін күресі ерекше байқампаздықпен суреттеледі.

Сөздік қордың молдығы мен тіл шұрайлылығының ғажайып иірімдері әсіресе, оның көркем шығармаларына ерекше реңк береді. «Күзеуде» деп аталатын хикаяттың оқи бастағаннан-ақ кез келген дала перзентінің жүрегі сәулелі сезім, аяулы нұрдың шұғыласына шомылып сала берері сөзсіз. Мәселен, «Сарыарқаның саумал иісті, сары ала жапырақты күзі еді. Бұл кездің жер бауырлап жатып алатын қорғасын бұлты да, көк иық етіп ұзақ сілбілейтін жауыны да, бой жаздырмас ызғарлы суығы да әзірше білінбей тұр. Оның орнына күзгі таңның хабаршысындай болып басталатын майда леп, күн арқан бойы көтерілгенше толқи есіп, күй сазындай көңіл сергіте тербеумен болды. Күн көтеріле қоңыр күздің қоңыр лебі елеусіз ғана тынады. Осы сәтте әбден бояуы қанған табиғат қыс түспей соңғы рет дәурен күйін шертіп қалғысы келгендей малына құлпырады...»[4,6]. Осылайша басталған хикаят тілі өзінің иірімдеріне оқырманың еріксіз тарта береді. Өйткені бұл баяндау дала перзенті үшін таныс, ыстық суреттер. Жазушының көркем шығармаларында кездесетін «томарылған май», «ернеуін сүйіп келген шара толы қымыз», «жол соғып, суық сорып келген қонақ», «қазан суыт болған қарақасқа ат», «таң алдындағы алагеуім тымық шақ» сияқты сөз тіркестері қазақи ұғымға аса жақын және өте таныс-

беймәлім сөздер емес пе?!.. Мұндай сөйлемдер, әсіресе бүгінгі ұрпақ үшін таныс та бейтаныс сөз тіркестері Ақаң мұрасында өте мол кездеседі.

А.Сейдімбек әңгімелерінде көркемдік құрал ретінде теңеуді көп қолданған. Ол әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосып, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландырып тұр. Мысалы, Сүмбідей сүйірленіп біткен биіктің басына бір шыққан соң, онша көп табан тоздырғамыз жоқ [1,217]. Кешікпей-ақ өңшең жас жігіттер Саңғырудың қия бетімен таутекедей ырғып, жоғары көтеріле бердік[1,217] Қазіргі сәттегі еппен қозғалған нәзік қимылының өзісуреттей тартымды еді [1,222]. Ойпырым-ай, қақпанға тақалғаныңда алақанымен екі көзін басып шырылдайды дейсің, құдды жетім баладай сай-сүйегінді сырқыратады ғой [1,226]. Бірақ кім біледі, көзі алақандай боп мөлдіреп, мұқыл мүйізді құлтеке қақпан үстінде ойнақ салып, бір жерде тұрған шығар деп сүйретінді сорабымен алға озамын[1,229]. Үй сыртындағы ат байларға түсе бергенде іштен желіні жер сызған сұқсырдай сұр қаншық шықты.[1,238]. Маған ақықтай мөлдір отты көзін төңкере бір қарап алды да, керенау керіліп қойды[1,238].

«Салыстыру, теңестіру дегеніміз ойлау, сезінудің нәтижесі болғандықтан, оған негізделіп жасалған астарлы мағынасы бар көркем бейне оқушының ой сезімін қозғап күшті әсер етеді... Және сол салыстырудың негізі болған ой неғұрлым өткір, терең болса, көркем сезім неғұрлым нәзік, күшті, әсерлі болса, салыстырмалы бейненің, балама тұспал бейненің оқушының жан-жүйесін тебіренгізіп, ойын өрістетіп, сезімін оятып, тұтандырып, ұшқындатып тұратын қуаты да соншалық зор болады», - дейді академик Зәки Ахметов [2,16].

Қаламгер шығармаларындағы тағы бір көркемдік ерекшелікке ие тұсы – фразеологиялық тіркестерді қолдануында: «жұмыр жер», «темір қанат бүркіт», «тілін тістеу», «сілікпесі шығу», «қылығын бетке басу», «бір киер», «қызғалдақтай құлпыру», «быжылдақ тобық», «аяқты аң, қанатты құс» сияқты тұрақты тіркестер жоғарыда аталған әңгімелерге өң бере түскені анық.

Көркем әдебиетте көп қолданылатын тілдің көріктеуіш тәсілдерінің бірі – мақал-мәтелдер және қанатты сөздер. А.Сейдімбек шығармаларының өн бойында кездесетін: «салы суға кетіп жүр», «досқа күлкі, дұшпанға таба болып», «аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін», «тазы ашуын тырнадан алар», «бір жылға қоян терісі де шыдайды», «қартайған, да кәрі боз жорға шығыпты», «жел болмаса, шөптің басы қимылдай ма», «бір аяғы көрде, бір аяғы жерде», «есті жігіт елдестірер, есер жігіт жауластырар», «бөрік кигеннің намысы бір», «уәде-серт, мақтан – дерт» сияқты мақал-мәтелдер аз сөзге көп мағына сыйдырып, туындының мазмұнын салмақты ете түскен.

Жазушы әңгімелерінде сонымен қатар эпитеттер де көптеп кездеседі. «Айқындау, яғни эпитет,- дейді Зейнолла Қабдолов -заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз»[3,214]. Әрине мұнымен толық келісеміз. Алтын күрек, май қара жусан, жібек көде, қунақ көңіл, шытқыл аяз, шиті мылтық, шымыр қару, жазау бет, сырқынды қу, ақша қар, қызыл жон, кобыз кеуде, тәтті тіршілік, т.б эпитеттер әр әңгімеге шырай беріп, өңін ашуда.

Табиғатынан талғампаз жазушы әңгімелеріне арқау боларлық тақырыпты да дәл тауып таңдай білген. Қазақ ұлтының болмысын, қадір-қасиетін көрсететін ерекше дәстүрі құсбегілік, саятшылық жайын сөз ету арқылы жас оқырмандарын осы өнерге тартуды мақсат еткендігін, соған қызықтыра түсуге талпынғанын байқаймыз. Қарапайым тірлігінің өзі терең философияға толы қазақты тануға және оны танытуға еңбек еткен қаламгердің туындылары осы ерекшелігімен-ақ мәңгі жасайды.

Өзіне сын көзбен қарайтын жазушының «Егер менің әңгімелерім тірліктің мәнін, өмірдің сәнін, тіршілік атаулының күреске толы құбылыстарын, туған өлке дидарындағы нелер тамашаны бір мысқал болса да оқырман жүрегіне ұялата алса, онда мақсаттың орындалғаны» деп ағынан жарылады. А.Сейдімбек - өз мақсатына жеткен жазушы.

Бұл туралы Н. Жүсіп жазушы жайлы мақаласында: «...осы мақсатына жазушыны жеткізген оның дара дарыны, суреткерлік сөзінің сарабалдығы. Талғамы биік, талабы зор қарымды қаламгердің зерделеуінше, көркем шығарма жазушының оқырманмен ой бөлісіп, пікір алысып, сырласып, ішкі жай-күйін шертуі. Қаламгердің қиялы қанатты, ойы өрнекті, сөзі суретті, тіл бояуы бедерлі, оқиғалар өрімі өрісті, шабыты шалқар, арманы асқақ, таланты таңғажайып, зердесі зейінді, болмысы бекзат», - деп жоғары баға береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейдімбек А. Аққыз. Алматы: Атамұра, 2002.- 288 б.
2. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы: Мектеп, 1973. - 212 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Санат, 2002. - 360 б.

ӘОЖ 32.019.51(045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА ҰЛТТЫҚ СИПАТТЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ БОЛАШАҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Тасболатова Ф.

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, 1 курс магистранты
Ғылыми жетекші: **Жеткізгенова Ә.Т.**, ф.ғ.к., доценті

Аңдатпа. Форсайт қоғам өмірінің алуан түрлі салаларына қатысты және осы тақырыпты зерттеу үшін қолданылатын және қажетті әдістердің тақырыбы мен байлығымен ерекшеленетіндігі, рухани жаңғыру аясында ұлттық сипатты білім берудегі форсайт, «өзін-өзі тану пәнінің» болашаққа деген нық сенім, нақты қадамды анықтай алатындығы сараланған. Әрбір тұлғаның шығармашылық белсенділігін ескеріп, интеллектуалдық әлеуетін арттыру бағытында ұлттық құндылықтармен тәрбиелеу бағдаршамы болуында және осы құндылықтардың қазақ халқына тән қасиеттер екендігін баса ескерілуі халқымыздың қанымен сіңген асыл қасиеттердің «Өзін-өзі тану» пәнінің мақсат-міндеттерінен жатсынбай, жатырқамай көрініс табатындығын жүйеленген.

Кілт сөздер: форсайт, әдістер, білім беру, инновация, рухани жаңғыру

«(Ағылшын. Форсайт) мерзімді форсайт тікелей аударма орыс тілінде, болашаққа сеніммен қарауға, болашақты ой көзімен көру болып табылады. анықтау бойынша, Бен Мартин, көрегендігі басты экономикалық және әлеуметтік пайда әкелуі үшін, ең алдымен, стратегиялық ғылыми зерттеулер мен технологиялар бағыттарын анықтау мақсатында ғылым, технология, экономика мен қоғамның ұзақ мерзімді болашаққа қарауға жүйелі әрекет байланысты процесс болып табылады. 30 жыл бұрын пайда болған, форсайт инновациялық экономиканың негізгі құралдарының бірі болды. Алдымен технологиялар саласында болашақтың бейнесін қалыптастыру үшін қолданылды, онда ол әсіресе жақсы жұмыс істеді. Содан кейін форсайт технологиясы іскерлік жол карталарында қолданыла бастады, ал форсайт жобаларының нәтижесі бизнес-стратегияларды әзірлеуге негіз болды.

Форсайт - пайдаланылған әдістердің барлығын біріктіру арқылы нәтижелерге қол жеткізетін күрделі механизм»[1].

Сандаған ғасырлық уақытты артқа тастағанымен грек философы Сократтың «Өзін-өзі тану – өмірді тану» деген қанатты сөзі маңызы мен мазмұны, тәрбиелік сипаты жағынан өміршеңдігін ұлылата түсуде. Ұлтына, нәсіліне, туып-өскен жеріне қатысы жоқ, бірақ ықпалы жалпы адамзатқа ортақ әсері бар осы пікірдің басты тұжырымы – әр адам өмірден өз орнын табу.

Осы орайда рухани-адамгершілікке негізделген ізгілікті біліммен өскелең ұрпақтың сезіміне селкеу түсірмей, көңіліне қаяу салмай, өзінің жарқын болашағына деген

сенімділігін ұялататып, өмірлік позициясын айқындауға жол салатын «Өзін-өзі тану» жобасын ұсынған Назарбаева Сара Алпысқызы ұстанған бағытындағы білім беру стратегиясында жалпы ұлттық рухани құндылықтармен қоса әлемдік озық тәжірибелер жетістігін орайластыра, жымдастыра беруі қазіргі заманауи педагогикаға қосылған жаңалық болды. Автор «Өзін-өзі тану» пәнін оқу бағдарламасына енгізу ұсынысын беру себебін – еліміздегі білім беру жүйесінің бүкіләлемдік білім талаптарына сай келуі – әрбір тұлғаның өзін-өзі дамыту қабілетіне сенімі мен жетістіктерге жету жолындағы қажеттіліктері мен сұраныстарын қамтамасыз ете алатын басты жол екендігімен айқындаған.

Демек, адамзат тарихында әлімсақтан-ақ сабақтаса жалғасқан ізгілікке толы қарым-қатынас, қамқорлық, мейірім, жанашырлық, кешірімділік, өз іс-әрекетіне жауапкершілік, адалдық секілді толып жатқан адами абзал қасиеттердің күнделікті сабақ үдерісінде қоса қабат үздіксіз, үзіліссіз сіңірілуі саналуан мәселелерді адамгершілік қағидалар жетегінде шешуге мол мүмкіндік берері сөзсіз.

Нақты бір ақпараттар жиынтығынан тұратын білім санамен, оймен тоқылатындығы, өмірде өзіндік орны бар кірпіш боп қаланудың материалдық желісі болса, тәрбие адамның жан-дүниесімен біте қайнасып, адами абзал қасиет жинақтап, бала шағынан болашағына апаратын жолдың білім саласында алатын ілімімен қоса ізгілік әліппесін қалыптастыратын басты қайнар көзі. Осы екі ұғымның бір-бірімен тығыз бөлініссіз байланысын тәжірибе жүзінде көрсетіп, мазмұнына рухани-мәдени келбетін толық сыйдырған «Өзін-өзі тану» пәні қоғамдық құндылықтарды қалыптастыруда жетекші рөлге ие боп отыр.

Алаш тарихында есімі алтын әріптермен сақталған ұлт зиялысы А.Байтұрсыновтың «Балам деген жұрт болмаса, жұртым деген бала қайдан шықсын» деген сөзінен балаға берер тәлім-тәрбиенің көргенділік тұсы басым болу керек деген ойын қапысыз тануға болады. Осылайша ұлт көсемі бала тәрбиесіне жұмсаған өлшеусіз мейірім мен шапағатты шарапаттың қайтарымы келешегінде екенін меңзеген.

«Форсайт қоғам өмірінің алуан түрлі салаларына қатысты және осы тақырыпты зерттеу үшін қолданылатын және қажетті әдістердің тақырыбы мен байлығымен ерекшеленеді» [1]

Тек түркі ғана емес күллі адамзат атаулыға даналығымен бас игізген ғалым, дара данышпан Әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп тұлғаға тағлымды тәрбие беру мен зердесіне жол табудың ең басты назарда болатындығын нұсқаған.

Сандаған ғылымның негізін қалап, сүбелі еңбектер жазып қалдырған Аристотель «Ғылымда ілгері ұмтылғанмен, адамгершілігі ақсап жатса, ондай адамның алға басуынан гөрі, кері кетуі тезірек» деген еді. Бұны өз заманында белгілі болған ғылыми мәліметтердің бәрін білген ғалымның тәрбие, адами құндылықтар мәселесінен ешуақытта айналып өтпегендігін көрсететін философиялық пайымы деуге болады.

Осы орайда елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» бірінші бөлімінде: «XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғыруға айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни, болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, сол адасуға бастайды.

Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды» [2] деп атап көрсетуінің мазмұнында тәрбие иісі аңқыған салт-дәстүрге құрметпен қарау, саралап, салмақтап, ел игілігіне қызмет ететін тұстарын көзден таса, көңілден ада етпеу, ұлттық ерекшелігімізді айқындау арқылы ұрпақ тәрбиесіне қажетті алға бастайтын элементтерді пайдалану қажеттігін айтқан пікіріне тоқтағымыз келеді.

Н.Ә.Назарбаевтың аталмыш пікірі елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алу нәтижесі арқылы жан-дүниеміздің рухани жаңғыру жолының кедергісіз даңғылына түсетіндігін қапысыз аңғартады.

Аталмыш мақалада «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» [2] деп қорытындыланатын елбасының үмітті тілегі 1999 жылы жазылған «Тарих толқынында» еңбегіндегі «... қазақтар үшін ұлттық дәстүрді сақтап-сабақтастырып отыратын мәнді тетік – ру болған.

Өз руын, тайпасын, ата-бабасын жеті атасына дейін білу әрбір қазақтың ру аясындағы міндетті және сол білігі арқылы өз халқының дәстүрін сабақтастырып отырудың шарты болған. Мұның өзі қазақтардың этникалық ерекшелігін танытып әрі орнықтырып отырған, тағдыр тәлкегіне тегінен көз жазып қалмауға және ассимиляцияға түспеуіне себепші болған» [3,32] деген жолдарындағы тұжырымдардың жалғасындай. Елбасы осы сөздері арқылы шыққан тегін қадірлеп, отанын сүйген ұрпақтың туыстық қатынаста қалыптасқан парызын орындауға талаптанар бағытын айтып отыр.

Автор осы пікірі арқылы өзін таныған тұлғаның айналасына деген құрмет сезімінің ұлғая түсерін тектілік ұғымы мен адамдық қасиеттің толыққанды жинағы беретінін көрсетеді. Халқымыздың «Өзіңді өзің жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» деген сыйласымға толы нақыл сөзі әуелі өзіңе, өз туысыңа, өз тегіңе деген құрметіңе бастау беріп, көпшілікпен ортақ ымырашылдық, татулыққа көш бастататын көшелі ойдың түйіні.

Психолог, философ Карл Юнгтың «Өзгенің бойындағы ұнамаған қылықтардың бәрі өзімізді түсінуге көмектеседі» деген қанатты сөзінің беретін түп мағынасы ынтымақтастық, бірлік, берекелік бағытта кісілігі қалыптасқан жеке адамның көпшілік ыңғайына бейімделуге, өзгенің пікірімен санасып ой қорытуға, сыйласуға тырысқан әрекетін көрсетеді. Рухани кесел – жаман мінезден арылып, білімге негізделген этикалық әдептілік, ізгіліктерге тәрбиелейтін тәжірибелік ережелер жиынтығын теорияға салған «Өзін-өзі тану» пәнінің де алға қойған нәтижелі мақсаттарының басты міндеті осы болып табылмақ.

Осы мақсат жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесін қолға алған аталмыш пәннің ұлттық құндылықтарды меңгере отырып, балаға шын жүректен қуана білу, шаттана күлу сезімдерін шынайылықпен үйретуді көздейтін, өзгенің қуанышы мен қайғысын өзіндей сезіне алу сәтін сіңіретін рухани бай мазмұнға ие екендігін танытады.

Карл Юнгтың «Өз жаныңның тереңіне үңіле алған кезде ғана көңіл көзің қырағылана түседі» деген келесі қанатты сөзінің астарынан айналаны бағдарлауда ақылмен, адал көңілмен аңдаған адамның асыл армандар жетегіне ілесе алып, адамзат басында кездесер кез-келген сезімді үлкен жүрекпен терең түсіне алатындығы аңғарылады.

Сонымен, әлем ойшылдары, алаш зиялылары баса назар аударған тәрбиенің білім беруде басты орында тұратындығы мәселесінен «Өзін-өзі тану» – рухани жаңғыру бағытында ұлттық сипаттағы білім беру стратегиясын қалыптастыруға мүмкіндік беретін пәні екендігі көрінеді. Себебі, пәннің өзекті міндеті етіп адамзат атаулының бақытты өмір

сүруге толық қақылы екендігі, өзінді тану арқылы өзгелердің жанын түсіну, кез келген тұлғаның қуаныш үшін жаралғандығын, әрбір ұлт өзінің ұлттық құндылықтарын меңгере отырып, Адам деген ардақты атқа лайық болуын сәби шағынан түйсігіне түйіп өсуін көздейтіндігі жататындығын ескеруінде.

Пәннің ең ұтымды тұсы – әрбір тұлғаның шығармашылық белсенділігін ескеріп, интеллектуалдық әлеуетін арттыру бағытында ұлттық құндылықтармен тәрбиелеу бағдаршамы болуында және осы құндылықтардың қазақ халқына тән қасиеттер екендігін баса ескеруінде. Халқымыздың қанымен сіңген асыл қасиеттердің «Өзін-өзі тану» пәнінің мақсат-міндеттерінен жатсынбай, жатырқамай көрініс табатындығын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың пікіріндегі: «Сұхбаттасқан адамының жан-дүниесін тануға деген құлшыныс, оның ой-сезіміне деген құлықтылық, әсіресе, сырласының жүрек түкпіріндегі мұң-сырға ортақтасуға бейім тұру – әрбір қазақтың қарапайым қатынасынан бастап барша болмысына дейін айқын көрініс тауып отырады.

Өзгенің талғам-танымы көңілге қонбай жатса да түсіністікпен қарауға бейім. Өзгенің дүниетанымын, құндылықтарды тануын сергек сезімталдықпен түсіну – қазақ болмысының аяулы қасиеті. Мұның өзі қазіргідей қарқынды өмір ахуалына бейімделе білудің қажеттілігі туындап отырған заманда айрықша мәнді» [3,30], - деген ой тізбектерімен нақтылай түскен жөн.

Осы ойымызды айқындай түсу мақсатында педагог, ғалым Ә.Табылдиевтің қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының тәрбиелік мәні баяндалған «Қазақ этнопедагогикасы еңбегінде»: «Текті білу дәстүрі ататекке байланысты туыстық қатынастарды әдептілікпен, имандылықпен орындай отырып, одан әрі дамытып, жекжат-жұрағаттармен, отандастармен, жалпы адам баласымен халық қалыптастырған адамгершілік қатынастардың болуын уағыздайды» [4, 108], - деген пікірін келтірген орынды. «Өзін-өзі тану» пәнінде жақсы ескеріліп, ерекше мән берілетін мәселелердің маңыздысы жеті ата, тек, туыстық қарым-қатынас атауларының «Көшпелі қазақтың өз шыққан тегін және рулық байланыстарын міндетті түрде білуі шарт. Бұл бүкіл ұлттың әрбір мүшесі үшін моральдық-этикалық қағидаға айналған. Мұның бәрі біздің тарихымыздың ежелден бергі қасиеттері. Сондықтан да, жеті аталық ұстаным қазақ халқының этнобиологиялық, этномәдени, жалпы рухани тұтастығын табиғи түрде қамтамасыз етіп отырған» [3, 35], – деп қазақ халқының ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән бере назар аудартуының себебі де осыдан туындап отыр.

Сондай-ақ, ғалымдар Т.Ғабитов, Қ.Затовтың «Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі» атты қазақ мәдениетінің рухани, этикалық, діни және әлеуметтік құндылықтарына мәдени-философиялық тұрғыдан талдау жасаған ғылыми еңбегіндегі: «Қазақ әдебіндегі жиі қолданылатын кісілік құндылықтың бірі – тектілік. Бұл ұғым ортағасырлық түркі философиясында да жан-жақты қарастырылған. (Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн және т.б.). Дәстүрлі қазақ мәдениетінде тектілік рулық және генетикалық қатынастардың басым мүдделілігін білдіреді. Тектіліктің нақты тарихи формасына жеті аталық үрдіс жатады. Қазақтың «жеті атасының атын білген бала, жеті рулы елдің қамын жейді» деген накыл сөзі бар. Жеті аталық үрдісті әдебиетте инцестке тыйым салудың дәйекті түрі десе, көптеген зерттеушілер жеті аталық үрдісті «туысқандық қоғамның» айқын көрінісі деп қарастырады» [5,178], - деп пікір қорытуын негізге ала отырып, «Өзін-өзі тану» пәнінің бағдарламасы мазмұнына тұтас тарихты, мәдениетті сыйдырғандығын байқаймыз. Тәрбие берудің көрнекі құралдары осы айтылған атаулар аясында өз тақырыбын толық аша алатын мәреге жетпек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://info-4all.ru/kk/>
2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2017 жыл.

3. Назарбаев. Н.Ә. Тарих толқынында.-Алматы, 1999. – 296 б.
4. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы.\Оқу құралы\.- Алматы: «Санат», 2001. – 320б.108 б.
- 5.Ғабитов Т., Затов. Қ.Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – Алматы, «Қазақ университеті» /Оқу құралы/ 2012, – 382 б.

ӘОЖ 80.075

БАТА – ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ МҰРА

Байекеева Р.Б.,

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, 1 курс магистранты,

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., проф. **Қамарова Н.С.**

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының бата беру дәстүрінің тамыры тереңде жатқандығы сөз болады. Халық тарихымен тағдырлас, қиын уақыттың небір талқысына да түссе де, елдің тұрмыс салтында тайға таңба басқандай айқын із қалдырған, бүгінгі күнге жетсе де, тынымсыз талғампаз талай ұрпақ үшін тәлім-тәрбие болған тағылымы мол бата тамаша мұрамыз ретінде қарастырылған. Батаның ақ тілек, ізгі ниет, береке-молшылық, аман-саулық тілеп, жалбарыну түрінде айтылатыны, оның ерекше қасиетті деп саналғандығы мысалдармен дәлелденіп, бата беру рәсімі де талданады.

Кілт сөздер: Бата, ұлттық қазына, бата беру дәстүрі.

Халқымыздың қаймағы бұзылмаған, тұңғығы тұнық, бедері анық, ұлттық бояуы қанық асыл туындыларының бірі – ауыз әдебиетінің мұралары десек, бата сөз – халықтың сан ғасырлық соқпақты даму жолында барынша қадір-қасиеті мен өзіндік көркемдігін жоғалтпай, онымен бірге жасасып келе жатқан ауыз әдебиеті жанрларының бірі. Бата сөз – көлемі шағын болғанымен қомақты ойға, дархан даналыққа толы, бойына халықтың ақыл-нақыл сөздерін сараптай сіңірген, адамшылыққа, азаматтыққа шындайтын, сөйтіп жас ұрпақтың ұлттық «бет-бейнесін», «бітімін» сомдайтын, сана саңылауына сұлулықтың, рухани тазалықтың, өнегелік пен көргенділіктің дәнін себетін парасатты пайымдауларға құрылған ұлттық тәрбиенің де қуатты құралы.

Сөздің магиялық күдіретіне сеніп, сол арқылы сыртқы ортаға әсер ету мақсатында пайда болған бата сөздер келе-келе дамып, оның негізгі мазмұны адамгершілік насихатқа ұласты. Бата сөздердің тақырыбы өте бай, онда ар-ождан, арман-мұрат, әдет, сұлулық, отаншылдық, бірлік, ынтымақ, от басының берекеті, т.б. тақырыптар қамтылады. Ар-ождан тазалығы, көпшілдік, халықшылдық, әділдік, инабаттылық, иманжүзділік, т.б. биік мұраттар ғибрат егіледі.

Қазақ фольклортану және әдебиеттану ғылымдарында бата сөз жанры жөнінде ауқымды зерттеулер болмаса да, бірқатар еңбектерде ауыз әдебиетінің жалпы мәселелері шеңберінде, сондай-ақ өзге жанрлар көлемінде бата сөздерге қатысты мәселелер қозғалып келді. Алайда, бата сөздердің жалпы халық поэзиясы жіктемесінде ауыз әдебиетінің бір жанры ретінде аталып қана кетсе, кейде жалпы ескерілмей қалған.

Бата сөздердің жиналып-жариялануын сөз етсек, халықтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклордың өзге жанрлары сияқты бата сөздердің де жиналып-жариялануы XIX ғасырдың екінші жартысында ғана қолға алынды. Бұл ретте алғашқы аталатын еңбек-түркі тектес халықтардың ауыз әдебиеті үлгілерін қамқорлықпен жинап, көптомдық етіп жариялаған орыс академигі В.В.Радловтың «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» деген он томдық еңбегі. Оның 1870 жылы жарық көрген үшінші томында қазақ ауыз әдебиетінің басқа үлгілерімен қоса, бата сөздер де жарияланған. Бұл еңбектің «Батасөз» тарауында 76 жолдан тұратын көне үлгідегі 5 бата сөз берілген. В.В.Радловтың жинағындағы бата сөз үлгісінің бірі:

Е,құдайым, оңдасын!

Мың саулығың қоздасын!
Сегіз түйең боталап,
Сегіз келін қомдасын.
Тіленшінің биесін берсін!
Үйсін, Қоңыраттың түйесін берсін!
Біткен аруақ бәріне тие берсін!
Аллаһу акпар! [1, 15],

немесе

Құдайым жарылқасын!
Бай қылсын!
Төрт түлігін сай қылсын!
Кетпес дәулет берсін!
Кең бейіл берсін!
Құрмалдығың қабыл болсын!
Тілегің дұрыс болсын!
Мұратың асыл болсын!
Тілеген тілегінді берсін!
Аллаһу акпар! [1, 16],

Бата сөз үлгілері шығыстанушы ғалым Г.Н.Потаниннің жазбаларында да кездеседі.

Сабаң жиылмасын, іркітің басылмасын,
Жанторсық жаныңнан кетпесін,
Қойың өрістен кетпесін,
Биен желіден кетпесін,
Сауғаның бие болсын,
Жиғаның торсық болсын.

Бата сөздердің жинақталып, жарық көруінде аталатын бағалы еңбек – А.Васильевтің «Қазақтың халық ауыз әдебиеті үлгілері» бойынша 1905 жылы Орынборда жарық көрген «Бата сөз» деп аталатын жинағы. Бұл жинаққа бата сөздердің 43 нұсқасы енген. Соның бірі:

Е, патша құдайым, жарылқағанмен жандас ет,
Ораздымен оттас ет.
Кімді жарылқасаң, соның қасында ет,
Алдағым әзір, шүкір тәубе,
Астыр-тастыр
Үзілістірмей ойластыр,
Жақсылармен жанастыр,
Жамандармен адастыр!
Дәулетің зияда болсын,
Дұшпаның пияда болсын
Құдайым тілегінді берсін.
Тұсауыңды алсын!
Ерлердің дұғасы,
Жарандардың батасы,
Болмағай менің бұл батамның қатасы!
Тағы да бір құдайым жарылқасын,
Басыңа Қыдыр дарысын,
Иманың мен жасыңа Қыдыр дарысын!
Ішіп жүрген асыңа Қыдыр дарысын! [2, 85].

Бата сөздер жарияланған келесі еңбек – қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, бастыруға өлшеусіз еңбек еткен Ә.Диваевтың еңбектері жарияланған «Қазақ халық творчествосы» (1989). Бұл еңбекте 59 жолдан тұратын бата үлгісі берілген.

Қазақ әдебиетінде ақындығымен ғана емес, халық ауыз әдебиетін жинаушы ретінде де белгілі Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Мес» деп аталатын жинағында бата сөздердің жеті-сегіз буынды, он бір буынды қара өлең түріндегі нұсқалары жарияланған. Жалпы жинаушының қолжазбаларында жинақталған бата сөз үлгілері-үш жүз елу жол.

Бата сөз ауыз әдебиетінің өзге үлкенді-кішілі жанрлары сияқты, мәселен мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, аңыз, ертегілер, ғашықтық жырлардай, кез келген жерде айтыла бермейді. Ол белгілі бір ғұрыпты, атап айтқанда бата беру ғұрыпын орындау кезінде айтылады, ал оны орындаушы – аузы дуалы, сөзге шебер, азаматтығы мен ақылы, даналығы көпке үлгі боларлық, ел сыйлаған батагөй ақсақал. Бата сөз айтушы да халық ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдерінің бірі болып саналады. Бұл жанр ауыз әдебиетінің өзге жанрлары сияқты белгілі бір поэтикалық заңдылықтарға бағынады, сонымен өмір сүреді. Батагөйдің негізгі мақсаты көркем шығарма тудыру емес, белгілі бір наным-сенімдерге негізделген салтты орындау. Бата сөз негізінен дәстүрлі фольклорлық сөз формулаларға негізделгенімен, әр бата беруші айтатын батасына өзінің тарапынан өзгертулер енгізіп, өз шама-шарқынша шығармашылықпен, табан астында импровизаторлық танытып өзіндік қолтаңбасын қалдырады.

Бата беру рәсімі кезінде орындалатын бата сөз – көлемі мен формасы жағынан да, орындалу тәртібі жағынан да оқшауланатын жанр. Пікірімізге дәлел үш бірнеше негіз бар:

1.Бата сөздер кез келген жерде айтыла бермейді. Белгілі бір салтпен байланысты, белгілі бір рәсімнің орындалу барысында айтылады. Мысалы, нәресте дүниеге келгенде, тұсау кескенде, ұлыстың ұлы күнінде, үйлену тойында, қыз ұзатқанда, т.б.

2.Бата беру рәсімін кез келген адам орындамайды.Жұртқа беделді, көпті көрген, жолы үлкен, сөзге ұста, қадірлі саналатын батагөй ғана бата беру рәсімін орындайды.

3.Бата беру рәсімінің өзіндік орындалу тәртібі бар: ақ бата беру кезінде рәсімге қатысушылар батагөймен бірге алақандарын өздеріне қаратып жайып, бата беру рәсімі біте бере: «Әумин!Айтқаныңыз келсін!» деген сияқты бекітусөздерімен бет сипайды. Ал теріс бата беру кезінде, керісінше батагөй алақандарын теріс қаратып жаяды.

4.Салттың орындалу барысындағы бата беру кезінде батагөй – өз атынан ғана емес, дүйім жұрт, алқалы топтың атынан сөйлейді.

5.Бата сөздер шығу төркіні жағынан наным-сенімдерге негізделіп, тіршілік қажеттігінен туындағандықтан, көркем фольклордан функциональды сипатының басымдылығымен ерекшеленеді.

6.Бата сөздер әндетіліп айтылмайды, мәнерлеп тақпақтата, көтеріңкі үнмен, әуезбен айтылады.

Аталған ерекшеліктер барлық түркі – монғол халықтарының алғыс, бата беру рәсімінде анық байқалады.

Қазақта өлең немесе шешендік сөзбен айтылатын батаның түрі көп. Қонақтың үй иесіне, дастархан иесіне беретін батасы ма, ұзатылатын қызға берілетін бата ма, әлде жолаушыға айтылар бата ма,жарапазанның батасы ма – бәрібір барлық бата жақсы тілектен туады. «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Жүректің кілті – аузында» деп түсінген қазақ ақ пейілден төгілген батаны үлкен абыройдан кем көрмеген. Батаның әсем сөз, оралымды тапқыр ой арқылы айтылуы тыңдаушысының жан- дүниесіне жағымды әсер етіп, жанын жадырататындай эстетикалық ләззат, эмоциялық күш- қуат беріп отырған.

Бата сөздер қазақ тұрмыс- салт жырларының ішіндегі анағұрлым көбі, әрі алуан сипатта келетін түр жағынан байы. Бата нұсқаларының айрықша көптігі – ауыз әдебиетінің бұл жанрының көбінесе, импровизаторлық дәстүрге негізделетіндігінен. Әр бата беруші батаны өз атынан жаңаша айтуға тырысып-ақ бағады. Мәселен, қыз ұзату тойында берілген мына батаны алайық:

Жай қолыңды, жарқыным,
Мен берейін батамды,
Етек-жеңің кең болсын
Торы менен күреңдей.

Қорлық көрме, қарағым,
Жағың түсіп қартаймай,
Жазды күнгі тікеннің
Алты қанат үй болсын.
Отыныңа жаққаның
Тобылғы, жыңғыл, қи болсын.
Торы болсын мінгенің,
Торқа болсын кигенің.
Ұлыңыз жүйрік мініп бұлаңдасын,
Қызыңыз жорға мініп сылаңдасын....
Батаның көбінен де азы жақсы,
Осыған риза бол, қарындасым! [3, 47].

Келтірілген үзінді бата сөздің дәстүрлі ерекшеліктерін, ұзатылған қызға айтылмақ жақсы ниет-тілектерді ғана білдіріп қоймайды, өз кезеңінің өмір шындығынан азды-көпті түсінік береді. Одан көшпелі қазақ ауылының тіршілік қарекетін, болмысын, соған лайық арман-тілегін көру қиын емес.

Бата сөздерде байқалатын басты нәрсе- оның жеке адам атынан айтылса да, жеке адамға айтылса да көпшілік сипат алуы, көпке ортақ мәселелерге арналуы, сол арқылы өзекті тақырыптарға өзінше үн қосуы.

Бата сөздер белгілі бір шамада сөз етіліп келген бүгінге дейінгі әдебиеттерге бата сөз үлгілерін оның айтылу орнына, тақырыбына қарай топтау: тұсау кесу батасы, үйлену тойы батасы, келінге берілетін бата, қоныс той батасы, қыз ұзатқанда берілетін бата, т.б. қалыптасқаны белгілі. Біз қазақ қауымы арасында аса қадір қасиетке ие, арқауы әдеп пен тағылымнан, асыл мұраттан тұратын бата сөздердің ғұрыпқа тікелей немесе жанама қатыстылығын басты бағыт ете отырып, оларды былайша топтастырар едік:

Бірінші, әдет-ғұрыпқа байланысты бата сөздер:

а) отбасы ғұрпына байланысты бата сөздер (бесікке салғанда, тұсау кесерде, үйлену тойында, қыз ұзатқанда, қаралы үйге бата оқу кезінде берілетін баталар, дастархан батасы,ерік батасы);

ә) маусымдық ғұрыпқа байланысты бата сөздер (наурыз батасы, жарамазан батасы).

Екінші, тұрмыс, кәсіпке байланысты бата сөздер (бие байлағанда, қоныс тойларына сапар шеккенде, көшкенде, еркіндікке шыққанда, аңға шыққанда берілетін баталар).

Қазақ халқында дастарқан киелі болып саналады. Сондықтан да ол арқылы серттеседі, ымыраға, келісімге келеді, құдандасады. Мәселен, нан ұстау немесе тұз ұсату арқылы ант не серт береді. «Нан соқсын» деп серттеседі, құдандаласқанда құйрық-бауыр, бас, төс, жамбас жеседі. Нанды құраннан да қасиетті санайды, нанды басып құранды алуға болмайды, ал құранды басып нанды алуға болады дейді.

Мысалға,

Береке-дуа асыңнан кетпесін.
Бакыт-дәулет басыңнан кетпесін.
Лұқпандай мың жаса,
Ер дарысын жасыңа,
Дуа тисін асына [3, 72].

Қазақ үшін кең жайылған дастарқан үй іші берекетінің белгісі. Тіпті, жозының үстінде жайылатын дастарқанның өзі де киелі.

Рамазан батасы немесе жарапазан батасы. Бұл бата түрі мұсылмандардың қасиетті айы – рамазан айында беріледі. Рамазан батасы ораза айында айтылатын жарапазан өлеңдерімен қоса немесе жеке де айтылады. Жарапазан айтушылар көбінесе ораза ұстаушылар (ауыз бекітушілер) күн батқан соң ифтарлық жасап, яғни ауыз ашып тамақтанған соң, әлденіп, елдің көңілі көтеріліп, дастархан басында жадырай бастаған кезде үй-үйді аралап жарапазан айтатын болған. Көбірек қалыптасқан рамазан батасы мынадай:

Байдың көңілі жай болсын,
Мың жылқылы бай болсын.
Айдағаның қой болсын,
Шайнағаның май болсын,
Азын аулақ дәулеті
Күнде өзіне той болсын... [3, 74].

Бата: ақ тілек, ізгі ниет, береке-молшылық, аман-саулық тілеп, жалбарыну түрінде айтылады, ол ерекше қасиетті деп саналған. Бата бергенде дәм-тұздың болуы да шарт екен. Ертеде батаны көпшілікке де, жеке адамға да беретін болған. Топ алдында батаны көбінесе елге сыйлы, жасы үлкен ақсақал көпшіліктің атынан үй иесіне және барлық сондағы қауымға арнаған.

Қазақтың бата сөздері – тамыры тереңде жатқан, тарау-тарау халық тарихымен тағдырлас, қиын уақыттың небір талқысына да түссе де, елдің тұрмыс салтында тайға таңба басқандай айқын із қалдырған, бүгінгі күнге жетсе де, тынымсыз талғампаз талай ұрпақ үшін тәлім-тәрбие болған тағылымы мол тамаша мұрамыз. Осынау кәделі қазынаны игеріп халықтың өз игілігіне жарату, жас ұрпақтың санасына сіңіру – уақыт талабы.

Бата көбінесе жастарға беріледі. Бата беретіндер: көпті көрген құрметті ақсақалдар мен кемеңгерлер, дуалы ауызды билер, атақты адамдар, өз ісінің хас шеберлері. Қазақ халқында бата берудің өзіндік орны мен жолы, жөні бар. Батаны халық арасында (қонақтар ішінде) үлкен адам болмаса, көптің рұқсатымен, жас болса да бас боларлық жолы, жөні бар адам береді. Ерлер отырғанда әйел бата бермейді. Әйелдер арасында сөз білетін бір ер бала отырса, әуелі сол бата беруге тиісті. Халқымызда батырларға, билерге ардақты аналардың да бата берген кезі көп. Батаның өз қисыны бар, қуаныш пен тойдың ретіне қарай лайықты бата берілетін болған [4, 116].

Бата сөздердің тәлімдік-тағылымдық мәні арнайы сөз етуге тұрарлық маңызды мәселе. Мұнда халықтың моральдық-этикалық, әдеп-қалып ережелері барынша мол жинақталған, бұл жағынан келгенде ауыз әдебиетінің бұл жанрының таптырмас тәрбие құралы болып табылатыны айдан анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Радлов В.В. Народные образцы литературы тюркских народов. – Т. 3. –СПб., 1865. – 225 с.
2. Дербісәлин Ә.Дәстүрмен жалғастық.-Алматы: Қазақ ССР «Ғылым» баспасы, 1976,- 203 б.
3. Кенжеахметов С. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. - Алматы: Ана тілі, 1994. -79 б.
4. Негимов С., Қазіұлы Т. Ақ бата. – Алматы: Жазушы, 1992. - 102 б.

ӘОЖ 80.075

ҚАЗАҚ ЖҰМБАҒЫНЫҢ ТАБИҒАТЫ

Исамадин Н.А.

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, 1 курс магистранты,
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., проф. **Қамарова Н.С.**

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқы рухани тарихында сан ғасырлар мен замандар бойы мұхиттың тоқсан дариясындай қайнап жатқан небір тамаша үздік фольклорлық жауһар үлгілерді тудырғаны, халықтың ақыл-ойының, жан сезімінің, берекелі, бейнелі іс-әрекеттерінің, тағылым-тәжірибесінің, білімпаздық зердесінің көрінісі, жемісі іспетті осынау көркемдік сұлулыққа бөленген фольклорлық дүниелер оның тұрмыс-тіршілігімен,

шаруа-кәсібімен, ғұрып-дәстүрлерімен, дүниеге көзқарасымен тамырлас екендігі, жұмбақ жанрының тапқырлықтың, ойшылдықтың, суретшілдіктің, ұшқырлықтың, ақындықтың негізі болып келе жатқандығы айтылады. Сондай-ақ ақындар айтысындағы жұмбақ, ақындардың хат арқылы жұмбақтасуы да сөз болады.

Кілт сөздер: қазақ халқының ауыз әдебиеті, жұмбақ жанры, жұмбақтағы салыстырулар мен ұқсастырулар, жұмбақхат.

Қай халықтың болмасын ойлау тарихында ауыз әдебиетінің алар орны айрықша. Халықаралық ғылыми тілде ауыз әдебиетін фольклор дейді. Бұл сөз ағылшын тілінде халық даналығы дегенге саяды. Жазу пайда болғанға дейін әдемі айтылған көркем сөздер халық арасына ауызша айтылып, ауызша таралып отырған. Ол шығармалар жұртшылықтың тұрмыс-тіршілігінің, түсінік-танымының, ой-парасатының көрінісін бейнелеген. Ауыз әдебиетіндегі тапқырлыққа, ойлау қабілетін дамытуға сүбелі үлес қосқан соқталы жанрлардың бірі – жұмбақ. Ертеде жұмбақ ауызша шығарылып, ауыздан--ауызға көшіп отырған. Әрбір жұмбақтың бірнеше нұсқалары болған. Ұқсас болып келетіндері де ұшырасады. Яғни өзге бір адам өзіндік түсінігіне орай әлгі жұмбақты басқаша өрнектейді. Сөйтіп бір жұмбақтың түрлі-түрлі сыңарлары пайда болады. Мұның өзі әр жұмбақтың даралық сипатын сақтай отырып, ауыз әдебиетін байыта түсуге қызмет етеді.

Тапқырлықтың, ойшылдықтың, суретшілдіктің, ұшқырлықтың, ақындықтың негізі – жұмбақтар әлемі. Жұмбақ табиғатын саралап сипаттауда А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин сияқты оқымыстылардың ой-пікірлері өміршеңдігімен ерекше. Десек те халықпен бірге жасасқан қазақ жұмбағының беймәлім қырлары мен сырлары өлшеусіз екендігін қадап айтуға болады. Осы орайда әдебиет зерттеушісі, шығыстанушы, исламтанушы Шәмшәдин Керімнің «Қазақ жұмбағы» (Алматы: Арыс, 2007) атты еңбегінде [1] аталмыш көне жанрдың табиғаты, түп-негізі, даму жолдары, көркемдік әлемі, сөз саптау тәсілдері, дәстүр сабақтастығы және ғалам әрі түркітілдес халықтардың жұмбақтарымен ортақ сарын-сипаттары жарқын мысалдармен дәйекті дәлелденеді, зерделенеді. Қолжазба қорындағы, түрлі-түрлі жарияланымдардағы, ел аузындағы телегей материалдарды екшеп, сүзіп, сапалылықпен сараптап, қазақ жұмбағының зерттеу тарихнамасы мен жанрлық сипатын бажайлап түсіндіреді. Арғыдағы қыпшақтың жазба мұрасы «Кодекс Куманикустан» бастап, Ш.Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, М.Ибрагимовтың, Я.Лютштың, М.П.Мелиоранскийдің, Е.А.Алекторовтың, А.В.Васильевтің, Г.Н.Потаниннің, Ә.Диваевтың айтулы жинаушылық, жариялаушылық еңбектеріне тоқталады. Сондай-ақ, жұмбақ мәтіндері тіркелген қолжазбалардың нөмірін атап көрсетеді. Бұл мәліметтер зерттеудің ғылымилығын, деректемелердің шынайылығын айғақтайды. Жұмбақ жанрын зерттеуші Ш.Керім текстологиялық түзетулер жасап отырады. Түсіп қалған жолдарды қалпына келтіреді. Мәселен, «Дүниеде бір айдаһар білесің бе? Жаны жоқ қимылдайтын денесінде. Ішінде бақша-бақша сүйегі бар, Жарқылдар жалғыз көзі төбесінде. Тұрады адам келсе, аузын ашып, Кетпейді келген адам одан қашып, Барады ақырын-ақырын қадам басып (шешуі - Киіз үй). Зерттеуші осы жұмбақтың соңғы үш жолын қосқан. Ш.Керімнің зерттеуі ауқымдылығымен, қарымдылығымен ерекшеленеді. Моңғолия мен Қытай қазақтарының жұмбақтары да зерттеменің нысанасына айналады. Мәселен, Венгриялық мадияр профессор Мандоки Қоңыр Иштван (1944-1992) ағылшын тілінде «Моңғолиялық қазақтардың жұмбақтары» деген атпен 1 томдық жинақ әзірлеген. Ш.Керімнің көрсетуінше, ол жұмбақ мәтіндерінде қазақтардың ауызекі сөйлеу тіліне тән фонетикалық, диалектілік ерекшеліктерін, ерін үндестігіне байланысты туындайтын заңдылықтарын ескерген дейді. Немесе Шыңжан өлкесінің «Шалғын», «Мұра» журналдарында қыруар жұмбақтар жарық көрген. Қазақ жұмбағының жанрлық бітімі, жіктемесі, түрлері, композициялық құрылысы яки «байлауы» мен «шешуі» астарлы, тұспал қасиеттері, тақырыптық әдет, ұқсастық белгілері кеңінен әңгімеленеді. Орыс фольклортанушысы

С.Г.Лазутиннің: «Жұмбақты жасыру және жұмбақты шешу – бұл поэтикалық жарыс, метафоралық образдар сайысы, адамның поэтикалық ойлау қабілетін сынау. Жұмбақтау және жұмбақты шешу кезеңі, сөз жоқ, эстетикалық ләззат береді, біз ондағы халықтың поэтикалық ой жүйесінің сұлулығына тамсанамыз, оның өткір ауыстыруларымен, жұмбақтың тапқырлыққа құрылған поэтикалық-ассоциацияларымен, шымшыма юморымен қанаттанамыз» [2, 46], - деген түйінді тұжырымы оның таным құралы, көркемдік-шеберлік ұстаханасы, сөз меруерттерінің алтын құндағы, адамзат ақыл-ойының сұлулық әлемі екендігін дәлелдейді. Қазақ жұмбағының жып-жинақы керемет келісті кемел суретшілдігін көрсететін киіз үйдің қасиетін былайша мөлдірете сипаттайды:

Бұғы, бұғы ұзын,
Бұғыдан да бойы ұзын.
Алтын қошқар мүйізі,
Аба киік терісі.

Немесе:

Қазша қанатын жаяды,
Үйрекше мойнын созады,
Құсша қонады,

– деп, тастүйін құрылып, жинақталып жатқан мезетін бейнелесе, мына жұмбақта киіз үйді былайша жасырады:

Ұқсайтын шеңберге
Қабырғасы жиылып, керіледі.
Жиһазы ол кең бөлме,
Төбесінен жұлдыздар көрінеді.
Ал енді бірде киіз үй былайша жұмбақталады:
Төбедегі көзінен
Күн сәулесі түседі.
Бұрышы жоқ төрінен,
Самал еркін түседі.
Әрі қарай:
Алтынменен аптадым,
Күміспенен күптедім.
Бірін өрге шығарып,
Бірін жерге түптедім
– деп, керегені көз алдыға келтіреді.
Ал енді бірде керегені былайша жұмбақтайды:
Керсең,
Алып тор жолды парақтай,
Жайсаң,
Қатарлап сызған жолақтай.
Ал шаңырақты былай жұмбақтайды:
Жетпіс екі найзаны,
Біріктіріп ұстап тұр,
Ата – бабаның қай жаны,
Ие болса оған – ұшпақ бір.

Мұндағы салыстырулар мен ұқсастырулар халықтың ақындық ойлау мәдениетін терең танытады. Профессор Ш.Керім қазақ жұмбағының тек-төркіні мен даму тарихын талдап таразылау барысында әлемдік фольклортанудағы тұжырымды ой-пікірлерге жүгіне отырып, өзіндік ой-пікірлерін, байламдарын ортаға салады. Бағзы заманның мифологиялық, этнографиялық, космогониялық айғақтар, табу мен әдептілікке негізделген эвфемизмдер, тұспал, тыйым сөздер, тотемдік түсініктер мәнісі тексеріледі. «Халық поэзиясындағы жұмбақтар өздерінің алғашқы қауымдық мифтік сипатын таза

сақтаған» (Ф.Н.Буслаев), «Халық жұмбақтары – көне метафоралық тілдің жаңғырықтарын бізге жеткізуші» (А.Н.Афанасьев) дейтін түіндеулер ақиқат шындық.

Татарларда Нардуган мейрамы кезінде Күн, Ай, Жер, Су, Жыл, Жаңбырды ардақтап, жұмбақ айту дәстүрі болған. Қазақтар Ұлыстың Ұлы күнінде айтыс, би, жаңылтпаш, жұмбақ айту жарысын ұйымдастырған. Әр халықта жұмбақ айтудың белгілі бір мерзімі болған. Мұны көптеген мысалдармен дәлелдеп жеткізеді. Түркі-монғол тектес халықтарда «жұмбақ» атауының этимологиялық тегіне ой жүгіртеді. Ұлт руханияты тарихында жұмбақтың кең қолданысқа ие болғанын, нешеме алуан түрлерінің (тыйым жұмбақ, ертегі жұмбақ, ойын жұмбақ, айтыс жұмбақ, әдеби жұмбақ, таза жұмбақ) пайда болғанын, сан қырлы қызметін (магиялық, тұрмыстық, эстетикалық, педагогикалық) айқындап саралайды. Жұмбақ – соншалықты таңғажайып күрделі құбылыс. Халықтың ғұламалық зердесінен, дүниені мейлінше терең әрі жан-жақты ұшқыр қабылдауынан, суреткерлік табиғатынан, көркемдік ойлау мәдениетінің жоғарылығынан, ассоциациялық тұрғыдан байланыстыру шеберлігінен туған өзгеше бір тастүйін байтақ әлем.

Көркемдік дәстүрдің жалғастық табуы және оны шығармашылықпен меңгеру, ақындық дербестікке ұмтылыс, құлшыныс жасау, суреткерлік колтанба қалдыру – айтыс ақындарына тән қасиет. Зерттеуші Ш.Керім айтыс ақындарының өнернамасына, шеберлік қабілетіне, фольклор жұмбақтарына, қалайша ұтымды пайдаланғанына, жаңаша тыныс, рух беріп жырлағанына зейін аударады. Нақтылы келгенде, ұлттық поэзия тарихындағы классикалық жұмбақ айтыстарына (Әсет пен Ырысжанның, Сапарғали мен Нұржанның), сондай-ақ Бармақ Мұқамбаевтың, Қарасақал Ерімбеттің, Мәшһүр Жүсіптің, Молда Бәйімнің, Малыбай Рақымжанның, Мәлике мен Данышпанның, Нұралы Нысанбайұлының, Шораяқтың Омарының, Сәттігүл Жанғабылұлының, Кердері Әбубәкірдің жұмбақтарындағы жаңалықты, құбылыстарды, таңдамалы сөз-образдарды ғылыми-теориялық тұрғыдан саралап таразылайды.

Тұтас дәуірдің мәдениеті мен әдебиетін қоғамның дамуынан бөлек қарауға болмайды. Сондықтан жұмбақты зерттегенде, бағалағанда, оны тарихи кезеңнің немесе қоғамдық өмірдің нәтижесі, соның жетістігі ретінде қараймыз. Сонда ғана жұмбақтың болмыс-бітімін, даму, қалыптасу жолдарын аша алатын боламыз. Қазақ жұмбағының тарихы жөнінде, оның түп-төркіні жайында айтарымызды бір кезең аумағында ғана емес, қоғамдық эволюциялармен тұтастыра алып, зерттеу ғана жұмбақ жанрының қалыптасу кезеңдерін ашып берері сөзсіз. Ал енді қазақ әдебиетін жанрлық жағынан бөлсек, ол ауыз әдебиеті және жазба әдебиеті болып екіге бөлінеді. Жұмбақ ауыз әдебиетіне де, жазба әдебиетіне де тән. Адамдар қашан да табиғатпен етене туыс, соның аясында өмір сүрген. Алайда табиғаттың құпия белгісіз сырлары орасан көп. Адамдар соның сырын білуге, жұмбақ жайларды түсінуге талпынды. Яғни белгісіз нәрсенің анық-қанығын айыруға машықтанды. Өзіндегі барды жасыра білу және оны табу сезімі қалыптасты.

Кеңестік кезеңге дейінгі уақыт аралықтарындағы жұмбақта бұқара басындағы алмағайып заман, қым-қуыт өмір құбылыстары, азамат-ердің арманы, хан ордасындағы қаздай тізілген жемқор билер, т.б. көрініс тауып жатады. Соның бір мысалы, Махамбет Өтемісұлының Шернияз ақынға айтқан жұмбағы. Махамбет ақын Шернияздың ауылынан аттанбақ болып, атқа қона бергенде Шернияз:

Көлдеуде көкала үйрек көл көріпті,
Ғалымдар кітабынан жол көріпті.
Жолдасы ер Исатай, ер Махамбет,
Сөз бар ма тыңдағандай ескілікті?, - депті.

Сонда Шерниязға жалт қараған Махамбет:

Арғымақ алты айшылық жер сойқаған,
Өтерін бұл жалғанның кім байқаған?!
Тастүлек темір үзіп тепсінгенде,
Көп қағып дауылпазды көл шайқаған.
Күн тұман, ай қараңғы, жортар құлжа,

Шернияз, ақын болсаң, мұны болжа.
 Болғанда таң мезгілі мұнар шалып,
 Төрт бүркіт бір аққуды қылған олжа.
 Он бүркіт, отыз аққу көлден ұшқан,
 Бір сұңқар дамыл көрмей қанат қаққан.
 Телегей теңіз толып шамданғанда,
 Жемсау құс тұғырдағы қайда жатқан?!
 Болғанда тапа-тал түс күні батқан,
 Болғанда үш ай тоқсан көктем жатқан.
 Болғанда үш ай шілде мұзы қатқан.
 Отыз қаз, он екі үйрек шыр айналып,
 Бір кезде көгі шығып шешек атқан.
 Тар жерде сөз сөйледің бол әзір деп,
 Сөз айттым талай айға қыл әзір деп.
 Баласы Жарылғастың ер Шернияз,
 Қайтқанша жауабыңды қой әзірлеп.

Ақжігіттің аңызы мен ақиқаты «Батырдың сөзін шеше алмадым, дегенмен өзіне айтайын» деп, Шернияз жұртқа жария етіпті. Естіген ақындар да шеше алмапты дейді. Абыл ақын ғана жұмбақты өлеңмен шешіпті. Бірақ өкінішке орай онысы сақталмаған. Бұл туралы Қ.Сыдиықұлы «Маңғыстау ақындарының абызы» мақаласында жазған [3, 17-18].

Жұмбақты ауызша ғана емес, хат түрінде жолдау да кең етек алған. Мәселен, маңғыстаулық ақын, діни сауатты Бәли Көкен Төлепбергенұлының (1882-1970 ж.ж.) Жібектің жұмбағын шешіп, хат жолдауын айтуға болады.

Көкеннің жолдаған жұмбағы

Нәдібас жауап жазайын,
 Астана елге айтылған
 Жетісал қиын жұмбаққа
 Асылы бұйым қымбатқа,
 Қалың малсыз қалыңдық
 Әркімдер қолын сұнбаққа.
 Сөз мәнісін білгесін
 Қиялым кетті тұрмасқа,
 Ықтиярға қоймады
 Қолымды саған сұнбасқа.
 Алладан болсын рахмет
 Жетістірсе сөзімді
 Әуелі басып кім тасқа.
 Мысыр деген шәһәрдің
 Айнала қырық қақпасы,
 Ашылмаса біреуі
 Ашылмайды басқасы,
 Сол қақпаның ішінде бір есік
 Оннан-оннан баспасы
 Одан арғы бір есік
 Оннан-оннан тақтасы.
 Сол күйменің ішінде бір сандық
 Һәммеге есеп берер ақшасы.
 Мұны жазған кім десең?
 Нұрнияз ахұн ағасы.
 Шариғаттың шарқына
 Қалайда келген шамасы,
 Мұны жазған кім десең?

Көкен ахүн – өз атым,
Төлепберген баласы.

Сәттігүлға жолдаған жұмбағы 1961 жылы Сәттігүл ақын Көкеннің үйіне Қырымқұл Сақан деген кісіні арнайы хатпен жіберулі. Хатында өзінің қартайғанын, баласының жоқтығын айтып, «Балаң Нығметті маған бір айға жібер, өзі әнші, дарынды, сөзді бұзбай, халыққа таратуға қабілетті көрінеді, әр жерде сынап байқадым. Мен батамды беріп, сөздерімді қалдырғым келеді» депті. Көкен хатты оқып болып, үлкен ойға қалады. Біраз отырады да Сақанға: «Сәте кем маған қиын сауал қойған екен. Менің баламның жалғыз екенін білетін еді ғой. Балаларым көп болса, қиналмай-ақ жіберер едім, тілегін берер едім. Мен Сәтекеме жұмбақ жазайын, соны апарып бер, өзі шешетін болар» деп төмендегі жұмбақ сөзді жазып беріп жіберулі. ...

Құрметлу сәлем жазайын
Жездеміз дүлдүл Сәттігүл,
Дүние-фәни жалғаннан
Ахырет жолын жақсы біл.
Достың сөзі – рахат,
Дұшпанның тілін ащы біл,
Өркімнің бақыт-дәуірін
Құдіреттің асты біл.
Қызыл тілмен балқытып,
Еріттің темір тас түгіл,
Жас дәуірін жақсылап
Қатарға жүрсің қарсы алып.
Абыройға толғанда
Миы толық қарт түгіл.
Бұ дүние кімнен қалған жоқ,
Кімдерді бақи алған жоқ,
Таудай бақыт орнаған
Қай пендеден қалған жоқ?
Бұл күнде жансың білімді –
Жанғабылов атағың
Қай жерде де білінді,
Абыл, Ақтан, Қашаған,
Беріш Мұрат, Нұрымды
Соларға тай деп айтып жүр!
Өнерлі қызыл тіліңді.
Аштарханды армандап
Тағы да айттың мұңыңды
Алдыңа салған ажарлап
Әлдилеп сүйген ұлыңды.
Қай орында айтсаң да,
Қатар халқың тыңдады
Арнаған асыл жырыңды.
Айтылып жауап біздерден
Шешіліп жауап сіздерден
Бірінші әріп ОУ мен КЕП
Біздерге айтты ол не деп?
Екінші РЕ, БИ мен ТИ
Арабша айтып тілменен
Әуелде ғылым үйреніп
Кім еді дүние билеген?
Бір Алланың пендесін

Кім болады сүймеген?
Сөйлесуге кез келдік
Сәттігүлдай көсеммен,
Табылар деп ойладым
Тілге жүйрік шешеннен,
Осыған берсең жауапты
Мен – тілекші балдызың
Дабылыңды көтерген...

Хат арқылы жұмбақ жазуға көптеген мысалдар келтіруге болады. Мысалы, «Әлім Медетбайдың адайларға жолдаған жұмбағы» (1949 жыл, мамырда), «Қараш Ыбырайым Құлбайұлының шешкен жауабы» (1949 жыл, тамызда), «Сәттігүл мен Сүгірдің жұмбақ айтысы» (хат арқылы), т.б. «Жоғарыда аталып өткен жұмбақхат жазысуларда ислам дінінің ықпал-әсері бірден байқалады. Мұндай жұмбақтарды шешу үшін үлкен діни сауаттылық керек» [4], - дейді Е.Дүйсен.

Жұмбақтар – қазақ халық ауыз әдебиеті ішінде атадан балаға мұра ретінде беріліп, ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу, толығу үстінде келе жатқан асыл мұра. Жұмбақтардың асылдық қасиеті, оның дүниеге келуі сонау ерте заман болса да, бүгінгі біздің дәуірімізде қажеттілігі күшейіп мән-маңызының артып отырғандығында. Жұмбақтар халық ауыз әдебиеті ішінде ұсақ жанрлар қатарына жатады. Жұмбақтар ұсақ жанрлар деп аталғанымен, халық ауыз әдебиетінің күрделі бір саласы. Жұмбақтар балалардың байқағыштық, зеректік қасиетін дамытып, ақыл-ойын дамытады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Керім Ш. Қазақ жұмбағы. Алматы: Арыс, 2007. – 272 б.
2. Лазутин С.Г. Поэтика русского фольклора. Учебное пособие. Москва: Высшая школа, 2001. – 480 с.
3. Сыдиықұлы Қ. Абыл, Қалнияз, Нұрым. Алматы: ҚАЗАқпарат, 2013.
4. Дүйсен Е. Жұмбақ жанрының Маңғыстау әдебиетіндегі көрінісі <https://mangystaumedial.kz/kk/adebiet/61395>

ӘОЖ 379.8

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қуатова А.

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, 1 курс магистранты,
Ғылыми жетекші: **Сапарбайқызы Ш.**, п.ғ.к., доцент

Аңдатпа. Мақалада қазіргі кезеңдегі әлемдік білім беру кеңістігінде көшбасшы тұлғаны қалыптастыру мақсатында маңызды деп саналатын оқушының шығармашылық қабілетін дамытуды ұйымдастырудың алғышарттары көрсетіледі. Бірқатар педагогикалық-психологиялық еңбектерде талданған (шығармашылық қабілет, белсенділік, қызығушылық, іс әрекет т.б.) тұжырымдарды негізге ала отырып, шығармашылық қабілетті дамытудың тиімді әдіс, тәсілдері ұсынылады. Оқу-тәрбие барысында білім алушы мен мұғалімнің арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығы түсіндіріледі.

Кілт сөздер: шығармашылық қабілет, танымдық белсенділік, қызығушылық, танымдық іс әрекет, педагогикалық технология.

Қазақстан Республикасының бүгінгі әлемдік білім кеңістігіне ұмтылуы жас ұрпақтың бойында білімі мен тәрбиесі, іскерлік қабілеттері, ойлау белсенділігі

шығармашылық деңгейде дамыған, өмірге үйлесімді бейімделе алатын, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңының 7-бабында: «жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы интеллектіні байыту керек» деп білім беру жүйесінің міндеттерін көрсетеді [1]. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту бұл білім берудегі басты мәселе. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мәселесі сонау ерте кезең-дерден, ежелгі грек философы Сократтың «эвристикалық әдістерінен» бастау алды. Кейінен XVII-XIX ғасыр педагогтары Я.А.Коменский, А.Дистверг, И.Г.Пестолоцци, Ж.Ж.Руссо, К.Д.Ушинский және т.б. еңбектерінде (таным, ойлау, дербестік, белсенділік, қызығушылық, іс әрекет т.б.) жалғасын тапты. Зерттеушілер таным – ойдың білмеуден білуге қарай ұмытылатын ой өрісінің күрделі процесі, адам танымы байқаудан, сезіп қабылдаудан, нақты аңғарудан, заңдарды теория жүзінде ашуға, содан кейін ол заңдарды практикада қолдануға қарай жүріп отырады деп қарастырады. Таным – оқуға деген белсенділіктің алғы шарты. Танымдық белсенділік – психологиялық белсенділіктің жоғарғы түрі. Адам санасы нақты, өмірді ғана бейнелемей, сонымен бірге оны іс-әрекетпен жасайды [2.5б]. Танымдық белсенділік пен оқушы дербестігі бір бірінен ажырағысыз үдеріс. Белсенді шығармашыл оқушылар, өзіміз көріп жүргендей көп ретте дербес болып келеді. Шығармашыл тұлғаның ерекшелігін В.И. Андреев: «...белсенді шығармашыл тұлға өзімен және қоршаған ортамен қайшылыққа келуге қорықпайды, негізгі ерекшелігі – батылдығы; мәселені қоя және аша білетіндігі, мақсатқа жету жолындағы табандылығы, өзіндік пікірі мен жолы, бай қиялы» деп сипаттайды. Бұл жерде шығармашыл тұлғаның дербестігін, өзіне деген сенімділігімен байланыстыруға болады.

Оқыту үрдісінде танымдық іс-әрекетті қалыптастырудың негізін қарастырған отандық психолог-ғалымдар В.К.Шабельников, С.М.Джакупов, Ә.Алдамұратов т.б. танымдық қызығушылықтың, танымдық іс әрекеттің қалыптасуы оқушының таным объектісіне деген эмоциялық қатынасына байланысты дейді. Оқуға деген ынта-ықылас танымдық белсенділіктің қозғаушысы екені белгілі. Оқушыны қандай да бір іс-әрекетке жұмылдыру үшін оны ең әуелі қызықтыру керек, сонан соң оның осы әрекетке әзірлігін, дербестік деңгейін анықтау қажет. Бұл туралы: «Маған айт – мен ұмытып қаламын; маған көрсет – мен есімде сақтаймын; маған өзіме жасауға бер – мен үйренемін» деген ежелгі қытай даналығындағы ой түйінмен байланыстыруға болады. Шығармашылық іс-әрекет – бұл тұлғаның өзіндік қасиетін тереңірек, жаңа қырынан көрсете білуі. Тұлғаның дамуы – бұл шығармашылықтың қалыптасуы. Іс-әрекет тіршілік етудің, әлеуметтік белсенділікті көрсетудің амалы болады. Шығармашылық іс-әрекет – бұл тұлғаның өзіндік қасиетін тереңірек, жаңа қырынан көрсете білуі. Жалпы адамның өзіндік шығармашылық белсенділігі мен шығармашылыққа қабілеті іс-әрекет сипаты мен жеке бастың қасиеті бойынша анықталады. Шығармашылық әрекетке деген ішкі қажеттілік тұлға дамуының шынайы заңдылығы ретінде де қарастырылады. Бұны Л.С.Выготский: «Шығармашылық – бала дамуының қалыпты жағдайы; шығармашылыққа бейімділік - барлық балаларға тән қасиет. Баланың шығармашылық қабілетін дамытуда психологиялық-педагогикалық ықпалдар үлкен әсер етеді. Сол сияқты шығармашылық қабілет балалардың ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбиесін жетілдіруде үлкен рөл атқарады» деп тұжырымдайды [3].

Сонымен қатар, қызығушылық - оқыту, ақыл-ойды жетілдіру және адам тәрбиелеуде байланыстырушы буын болып есептеледі. Қызығушылықтың арқасында білім де, оны игеру үрдісі де, интеллектіні дамытуда қозғаушы күш және жан-жақты дамыған адам тәрбиелеудің маңызды фактор болуы мүмкін. Сонымен, ғалымдар мен педагогтардың заман талабына сай оқу тәрбие үрдісін жетілдірудегі негізгі нысана етіп ұстаған қағидалары мыналар:

- оқушыларға білім беру барысында ақпараттар қорын толтырумен шектемеу;

- оқушы белсенділігін дамуының тәсілі ретінде қарастыру.

Себебі, белсенділікті дамыту шығармашылыққа жеткізеді, ол межеге жетуді белсенді оқыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осы тұрғыда негіздейтін болсақ, шығармашылық қабілетті дамытуда педагогикалық технологиялармен белсенді оқытудың жүйесі қажет.

Бүгінгі оқыту жүйесінің өзіндік ерекшеліктері білім берудің мазмұндық негізін анықтауда оқушыны оқу материалдарын дайын күйінде алуға емес, өз бетімен ізденуге, өзіне қажетті білімді іздестіруге үйрету болып отыр. Оқу-тәрбие үрдісінде тұлға құзіреттілігін дамыту – педагогтың құзіретті тәсілдерді меңгертуі, білім беру мазмұнын жетілдіруі, сапасын арттыруы нәтижелі білім беруге бағыттайды. Пәндерді оқытуда педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану, пәнді интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыда түсіндіріп, меңгеру оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыра отырып, өз бетінше ойлауға, ізденуге, нәтижеге жетуге дағдыландырады. Осыған орай, мұғалім әр сабақты жоспарлап, ұйымдастыруда бағыттаушы, ал оқушы білімді өз бетінше іздеуші рөлін атқарады. Білім теорияға негізделмей, практикалық бағытта жүргізіліп, құзыреттіліктерінің кеңейуіне зор ықпал етеді. Сондықтан әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, белсенділігін арттыруды, дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған білім мазмұнының бойынша оқытудың маңызы ерекше.

Әрбір педагог ізденушілікпен жұмыс жасаған жағдайда ғана еліміздің дарынды азаматтарын, шығармашыл, қабілетті іскер тұлғаларын тәрбиелеуге мүмкіндік зор. Демек, педагогтың басты міндеті – педагогикалық технологиялар арқылы оқушының шығармашылық, интеллектуалдық деңгейін көтеріп, тұлғалық даралығын қалыптастыру. Оқу-тәрбие барысына технологияларды тиімді қолдану мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттырып, шығармашылық әрекеттің биігіне көтерілуіне ықпал етіні сөзсіз.

Оқыту, білім беру үдерісіндегі педагогикалық технология - қойылған мақсатқа тиімді жолмен қол жеткізуді қамтамасыз етуші жүйе және білім мазмұнын жүзеге асырудың тәсілі. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, кәсіби маман болуда мүмкін емес.

Бүгінгі білім беру жүйесі оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлерін оқушының жеке тұлғалық қасиетін ашып көрсетін, өздеріне деген сенімдерін дамытатын, белсенділіктерін қалыптастыратын бағдарламаларға негізделіп оқытылуды көздейді.

Біздің зерттеуімізге өзек болып отырған шығармашылық қабілеттің дамуы туралы мәселе өз бастауын шығармашылық туындауынан алады. Шығармашылық қабілетті дамытатын іс-әрекеттің бірнеше белгілерін атап кетсек:

- таныс нысаннан жаңа функция көре білу;
- қызығушылық тудыратын нысанның құрылымын түсіне білу;
- альтернативті шешімді көре білу және оны іздестіру;
- мәселені шешудің бұрынғы танымал тәсілдерін жаңа тәсілге байланыстыра білу

т.б.;

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мүмкіндіктері мен талаптары оқы-ту мақсатына сәйкес келуі тиіс.

Зерттеушілер шығармашылық қабілетті ынталандырудың мынадай тәсілдерін ұсынады:

- Ынтымақтастық атмосфераны қамтамасыз ету;
- оқушыны қоршаған ортаны және пәндік білімге қызығушылық құштарлығын арттыру үшін жағдай жасау;
- ерекше идеялар айтуды марапаттау;
- әр ғылым саласында қолданылатын ойлаудың дивергентті типінің сұрақтарын кең қолдану;
- өзекті мәселені шешу мақсатында шығармашылық мысалдар қолдану;
- оқушыларға белсенді сұрақтар қоюға мүмкіндік туғызу.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуды ынталандыру шарттарына ғалымдар мына факторларды жатқызады: ата-аналар мен ұстаздардың, оқушылардың ынты-мақтастық қарым-қатынасы, өзіндік жұмыстар тапсыру, ашықтық, сыни ойлау, жауап-кершілікті марапаттау.

Оқушылардың шығармашылық жұмысы - оны орындау үдерісі, нәтижесі - тұлғаның барлық күштерін жұмылдыруды талап етеді. Соның ішінде шығармашылық тапсыр-маларға: деңгейлік, шығармашылық тапсырмалар, тақырыптық таныстырылымдар, жоба, эссе жазу, ментальді карта, т.б. жасауға дағдыландыру керек. Оқу әрекетінде оқушыларға неғұрлым көбірек бостандық пен өз бетімен әрекеттенуге жол берілсе, соғұрлым оқушылардың қызығушылығы арта түседі. Тек осындай жағдайда шығармашылық тапсырманы орындау танымдық қызығушылықты дамытудың түрткісіне айналады. Сондай ақ, кез келген шығармашылық тапсырманы бастамас бұрын, оқушының оны орындай алатындай білімі мен қатар дағдысы да басты назарда болуы керек.

Шығармашылық қабілеті дамыту оқу үдерісіндегі мұғалім мен оқушының қарым-қатынасына тәуелді болмақ:

- сабақ үстіндегі оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас оқушының іс-әрекетіндегі эмоционалдық көңіл-күйі арқылы пайда болады.

Бұл эмоционалдық көңіл-күй көптеген факторларға тәуелді, атап айтқанда:

- мұғалімнің эмоционалдық көңіл-күйі оқушылардың эмоционалдық көңіл-күйін қалыптастыруда үлкен рөл атқара отырып, қызығушылықтың тууына ықпал етеді;

- оқушының танымдық күштеріне, мүмкіндіктеріне сенім білдіру - оның оқуға деген қызығушылығын қалыптастырудың негізгі қозғаушы күшіне айналады;

- жарыстыруда - оқушылардың арасындағы танымдық қызығушылықтың қозғаушы күші ретінде рөл атқарады;

- оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынаспен байланысты шығармашылық қабілеті дамытудың қозғаушы күштерінің ішінде қолданылатын мадақтаудың орны ерекше;

Осы тұжырымдарға сүйене отырып, оқу-тәрбие үдерісінде педагогикалық технологияларды пән мазмұна, мақсатына бағдарлап тиімді пайдалану, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылыққа деген қабілеттерін дамытады.

Қорыта келе айтарымыз, оқушының білімге деген қызығушылын, белсенділік іс-әрекетін, шығармашылық қабілетін ояту мұғалімнің міндеті. Сонымен қатар, шығармашылық қабілетті дамыту дегеніміз – оқушының танымдық қызығушылық бағдары мен интеллектуалдық, жеке тұлғалық іс-әрекет сапаларынан көрінетін мотивациялық, креативті рефлексиялық әдістер негізінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған оқытуды ұйымдастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының білім беру туралы Заңы. - 2007, 27 шілде, Ақорда, Астана, 10б.
2. Джакупов С. М. Психологическая структура процесса обучения. - Алматы: ҚазҰУ, 2013. – 311с.
3. Выготский Л.С. Проблемы развития психики //Сборник соч. – М.: Педагогика, 2000. – т.
4. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика, Оқулық Дарын-2004.
5. Жүсіпова Ж.А. Педагогикалық шеберлік. Алматы, Оқулық 2011 ж. 316 б.
6. Кларк Б. Основания физиологической психологии. – СПб, 1980. – 177 с.
7. Матюшкин А.М. Развитие творческой активности школьников. - М: Педагогика, 1991. - 155 с.

ОТБАСЫ – ТӨМЕНГІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚАБІЛЕТІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ АЛҒЫШАРТЫ РЕТІНДЕ

Мухси Айдана Рүстембекқызы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, 1 курс магистранты

Ғылыми жетекші: **Айджанова З.Ж.**, п.ғ.к., доцент

Аңдатпа. Бұл мақалада төменгі сынып оқушыларының тұлғалық қарым-қатынас қабілеттерінің қалыптасуына отбасы, отбасылық қарым-қатынас, отбасының психологиялық ахуалы, білім беру мекемелеріндегі тәрбиелеу стилінің маңыздылығы жайында баяндалады. Балалардың жеке басының дамуына үлкендер ықпалының негізгі жолдары жан-жақты қарастырылады.

Кілт сөздер: төменгі сынып оқушылары, коммуникативтік қабілеті, отбасы, отбасының балаға ықпалы, мінез-құлық үлгілері.

Ата-бабаларымыздың «Ел боламын десең бесігіңді түзе» деген ұлағатты сөзінің өзі адамзат тарихының фило және онтогенетикалық дамуындағы тұлға қалыптасуы үшін төменгі сынып шағының маңыздылығын, ал бұл мәселенің ғылыми негізделген жүйесінің өзектілігінің қашанда өміршеңдігін дәлелдейді.

Адамды адам ететін қоршаған орта және тәлім-тәрбие десек, төменгі сынып оқушыларының тұлғалық қарым-қатынас қабілеттерінің қалыптасуына отбасы, отбасылық қарым-қатынас, отбасының психологиялық ахуалы, білім беру мекемелеріндегі тәрбиелеу стилінің маңызы зор екенін естен шығармаған жөн. Тіпті, бір ортада өскен, бір әке, бір шешеден туған балалардың өзара бір-бірінен тұлғалық сапаларымен қатар тұлғалық қабілет ікемділіктерінің табиғаты жағына да бір-бірінен ерекшеленетіні табиғи заңдылық болып табылады.

Өртүрлі әлеуметтік факторлардың арасында төменгі сынып оқушыларының коммуникативтік қабілетінің дамуына әсер ететін ең маңызды факторлардың бірі ол – отбасы. Себебі, отбасы – тәрбиенің негізгі институты. Отбасынан үйренгенін адам өмір бойы санасында сақтайды. Отбасының бұлай маңызды болу себебі адам өмірінің біршама уақытын отбасында өткізеді. Отбасында тұлғаның негіздері қалыптасады. Анасы, әкесі, бауырлары, атасы, апасы және де басқа туыстармен арадағы қарым-қатынас бала дүниеге келе салғаннан басталады. Және осы адамдармен қарым-қатынас орнату арқылы балада тұлғаның құрылымы қалыптаса бастайды [1].

Отбасында тек баланың тұлғасы ғана емес, оның ата-анасының да тұлғасы қалыптасады. Балаларды тәрбиелеу ересек адамның тұлғасын байытады. Оның әлеуметтік тәжірибесін күшейтеді. Көбіне ата-анада бұндай процесс санадан тыс жүреді. Бірақ кейінгі кезде саналы түрде өздерін де қоса тәрбиелеп жатқан жас ата-аналар да бар. Өкінішке орай ата-аналардың бұл позициясы кең тарала қойған жоқ.

Баланың дүниеге келгендегі бірінші көретін адамы ата-анасы, отбасы. Оның қоршаған әлеуметтік ортасы бала дамуына жан-жақты әсер етеді. Өйткені, әрбір отбасының мүшесі дара тұлға болғандықтан бір-бірінің дамуына едәуір ықпал жасайды. Жас сәби шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, әр адамның өзіндік, қайталанбас психологиялық өмірбаяны басталады. Қоршаған ортаны танып білуге көмек беріп, сүйеніш, қамқоршы болатын оның өз ұясы, жақын туыстары. Баланың ана мейірімін сезінбеуі оның келешектегі ақыл-ой дамуына кенжелеп қалуымен мінез-құлқының нашар болуының негізін қалайды.

Адам іс-әрекеті, сезімі мен ойлау ерекшеліктері оның өмір сүріп отырған қоғамдық-тарихи жағдайларына тәуелді болады. Әрбір ата-ананың, қоғам мен

мемелекеттің бүгінгі таңда шешуін таппай келе жатқан көкейкесті мәселелерінің бірі – балалардың жеке басының тұлғалық дамуы.

Төменгі сынып шағында қалыптасқан баланың жеке басы дамуындағы алғышарттар төңірегіндегі адамдар тарапынан балаға ықпал жасалуының жаңа жолдарының негізін қалайды. Өсіп жетіле келе бала мінез-құлықтың жаңа формалары мен психологиялық белгілерін игереді, осының арқасында ол адамзат қоғамының кішкентай мүшесі болады.

Төменгі сынып шағында бала біршама тұрақты жан дүниесіне ие болады, ал мұның өзі әлі де болса толық қалыптаса қоймаған, бұдан әрі де дамып жетілуге қабілеті бар, жеке адам деп санауға бастапқы негіз болады.

Төменгі сынып оқушыларының даму шарттары алда өткен жас кезеңі шарттарынан айтарлықтай өзгеше. Оған үлкендер тарапынан қойылатын талаптар да едәуір арта түседі. Қоғамдағы жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерін, қоғамдық мораль нормаларын сақтау – өзекті талапқа айналады.

Қоршаған дүниені танудың өскелең мүмкіндіктері баланың ынтасын өзіне жақын адамдардың тор шеңберінен шығарып іс-әрекетті өзара қарым-қатынас формаларының байсалды түрлерін (оқу, еңбек) үлкендер арасында болатын алғаш игере бастауға жеткізеді.

Бала өз құрдастарымен бірлескен іс-әрекетке кіріседі, өз іс-әрекеттерін олармен келісуде жолдастарының ықылас, пікірлерімен санасуды үйренуді, төменгі сынып шағында бойына балалар іс-әрекетінде қабылдау, ойлау, есте сақтау және басқа психикалық процестерде ғана емес, сонымен бірге өз мінез-құлқын ұйымдастыра білуге де жоғары талаптар қоятын өзгерістер мен бетбұрыстар орын алады.

Осының бәрі баланың жеке басын қалыптастырады, оған қоса адамның жеке басын қалыптастырудағы әрбір жаңа қадам шарттардың ықпалын өзгертеді, одан әрі тәрбиелеу мүмкіндіктерін арттырады. Адамның жеке басының даму шарттары дамудың өзімен тығыз кіріккендігі сонша, оларды практика жүзінде ажырату мүмкін емес [2].

Баланың жеке басының дамуының екі жағы бар: оның бірінші жағы – баланың қоршаған ортаны біртіндеп біліп, өзінің, одан алатын орнын түсіне бастауы, осыдан мінез-құлық мотивтерінің жаңа типтері пайда болады, соның әсерінен бала белгілі бір қылық көрсетеді. Екінші жағы – сезім мен еріктің дамуы, олар осы мотивтердің ықпалдылығын, мінез-құлықтың тұрақтылығын және оның сыртқы жағдайлардың өзгерістеріне тәуелділігін қамтамасыз етеді.

Балалардың жеке басының дамуына үлкендер ықпалының негізгі жолы – олардың адамдар қоғамындағы мінез-құлқын реттейтін мораль нормаларын игерулерін ұйымдастыру. Бала бұл нормаларды мінез-құлық ережелері мен үлгілерінің ықпалы арқылы игереді. Балалар үшін мінез-құлық үлгілері – үлкендердің өздері, олардың іс-қылығы, өзара қарым-қатынастары болашақ. Балаға оның айналасындағы ең жақын адамдардың мінез-құлқы айтарлықтай ықпал етеді. Бала оларға еліктеуге, олардан үлгі алуға, олардың адамдарға, оқиғаларға, заттарға берген бағасынан тәлім алуға бейім тұрады. Әйтсе де іс жақын адамдармен бітпейді. Төменгі сынып шағында бала үлкендер өмірімен көптеген жолдармен: олардың еңбегін бақылау, әңгімелер, өлеңдер, ертегілерді тыңдау арқылы танысады. Айналасындағы адамдардың сүйіспеншілігіне, құрметіне, қошеметіне бөленген адамдар бала үшін үлгі болады. Құрдастарының балалар тобында қолдау тауып, кең тараған қылықтары да бала үшін үлгі болуы мүмкін. Ақырында, белгілі бір моральдік қасиетке ие кейіпкерлерінің әрекеттерінде көрініс беретін мінез-құлық үлгілерінің мәні аз емес.

Бала төңірегіндегі адамдардың мінез-құлық шеңберінен тысқары шығатын мінез-құлық үлгілерін игеруге шешуші сәт – ол баланың өзі жақсы көретін және ол үшін пікірі ерекше беделді болып саналатын адамдардың өзге үлкендерге, балаларға, әңгімелер мен ертегілердің кейіпкерлеріне берген бағасы [3].

Төменгі сынып оқушылары мінез-құлық үлгілеріне қатты назар аударады. Мысалы, ертегіні немесе әңгімені тыңдағанда олар кімнің жақсы, кімнің жаман екенін міндетті түрде анықтауға тырысады, бұл жағынан ешқандай екі ұштылыққа төзбейді және осы тұрғыдан тіпті жақсы заттараға да баға беруге тырысады.

Үлкендер балаға мінез-құлық ережелерін үйретеді. Төменгі сынып шағында оқушының бойында күрделене беретін ережелер күнделікті мінез-құлқын қалыптастырады, жағымды қылықтар жаттығуларын қамтамасыз етеді. Балаларға талап қою және олардың қылықтарына баға беру арқылы үлкендер балалардың ережелерді орындауына қолдарын жеткізеді. Балалардың өздері біртіндеп айналасындағылардың олардан қандай мінез-құлықты күтетіні жөніндегі түсініктерді негізге ала отырып, өз қылықтарын бағалай бастайды [4].

Төменгі сынып оқушылары режимді сақтаумен, мәдени-гигиениалық дағдылармен байланысты ережелерді, оқу-жаттығу ережелерін меңгереді. Олар тек үлкендердің талаптарына бағынып қана қоймайды, сонымен бірге ережені өздері меңгеріп алуға тырысады. Мектепте оқушылар шағымдарын және құрдастарының мінез-құлқын бұзғандығы жайлы мұғаліміне айта бастайды. Оқушылардың бұл мәлімдемелері ережені бекіту жөніндегі өзіндік өтініш, оның баршаға міндетті екенін көрсету болып табылады. Кейбір жағдайларда өзге баланың мінез-құлқы жөніндегі айтқандары жаңа белгісіз ережені анықтауға бағытталады, олай істеуге болатыны не болмайтыны жөніндегі берген сұрақ мағынасында да болады.

Отбасында бала үлкендерге еліктеуді үйренеді, өмірге қажет тәжірибе жинақтайды. Отбасының балаға ықпалы өзіндік ерекшелігімен көзге түседі. Бала өз үйінде ғана шын мәнінде еркін сезінеді, дамиды, ойнайды, ересектерден жылы сөз, мейірім күтеді. Басқа жерде байқала бермейтін шығармашылық ойлау қасиеттерінің бойына сіңіруіне үй іші қарым-қатынасының ықпалы өлшеусіз маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Баймұқанова М.Т. Отбасымен әлеуметтік педагогикалық жұмыс. – Астана: Парасат әлемі баспасы, 2005. – 180 б.
2. Жаназарова З.Ж. Отбасы социологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 239 б.
3. Жаназарова З.Ж. Современная семья в Казахстане и ее проблемы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 257 с.
4. Мұқашева Ғ. Тәрбиенің бастауы - отбасынан //Бала тәрбиесі. – 2005. - №2. – Б.9-11.

ӘОЖ 801.82

ӘБІШ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЭТНОГРАФИЗМДЕР

Нұрдәулетова Б.И., ф.ғ.д., профессор

Тінікұлова Ж., Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының магистранты

Аңдатпа. Мақалада жазушы Ә.Кекілбаев шығармаларындағы этнографизмдер қазіргі этнолингвистикалық зерттеу парадигмасында талданады.

Кілт сөздер: Ұлттық бейне, этнографизмдер, таным-түсінік, образ, наным-сенім.

Әр ұлттың ұлттық бейнесін айшықтайтын материалдық және рухани байлығы болатыны, ол байлық ұлттық сана-сезім, жан дүние, таным елегінен өтіп барып дүниеге келетіні, ал оны жеткізуші құрал тіл екені, тілін жоғалтқан халықтың өз тамырынан, тарихынан, ұлт ретіндегі бейнесінен, болмысынан айырылатындығы белгілі. Бұл әр

ұлттың – қазақ ұлтының – өз тілін, тілімен бірге ұлттық мәдениетін тануға, ұлттық ерекшелігін сақтауға деген қажеттілігінің тууына себеп болды.

Әдеби тіл – жалпыхалықтық тілдің құнды, дамыған, барлық халыққа түсінікті, стильдік жағынан сараланған түрі. Қазақ әдеби тілінің дамып отыруы қаламгерлерге де тікелей байланысты. Көркем әдебиет тілі жегелеген қаламгерлердің сөз қолдану машығын талдау, таразылау бүгінгі күндегі жалғасын тауып келе жатқан маңызды мәселелер қатарын құрайды. Қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдерінде халықтың рузани дамуына өз туындылары арқылы үлес қосқан сөз шеберлерінің тілін зерттеу, стильдік дәстүрлерін саралау, қорыту арқылы әдеби тілімізді молайтуға қосқан үлестерін ашып көрсетудің мәні зор.

Жазушы Әбіш Кекілбайұлының шығармаларының тілінен жалпы қазақ болмысы анық аңғарылады. Әсіресе, Маңғыстау жұртшылығының бітім-болмысы, тұрмыс-тіршілігі сезіліп тұратыны ақиқат. Ұлттық қолданыстағы этнографизмдер Әбіш тілінде де молынан кездеседі.

Академик Ә. Қайдар: «Этнографизмдер дегеніміз – тұрмысымызда болған, әлі де қолданылып келе жатқан күнкөріс бұйымдарының белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, наным-сенімге, баспанаға, киім-кешекке, ішер асқа, туыстық қатынасқа, ел билеу ерекшелігіне, заң тәртібіне, әдеттік құқыққа байланысты қолданылатын, халқымыздың тұрмыстық және тілдік өзіндік ерекшелігін көрсететін арнаулы атаулар мен сөз тіркестері», - дейді [1, 19].

Әбіш Кекілбайұлы «Шыңырау» повесінде тас атауларына үлкен мән бере сипаттайды. Мысалы, шеген тас, сұр тас, қылауытқан тас, тастақ тас, сандық тас, сар кемік тас, тоқаш тас, көк тас, қиыршық тас. Шеген дегеніміз – құдықты шегендеуге арналған құрсау тас, қима ағаш, өрме тал. Құдықшылар осындай тастардан шыңырауларды өруге пайдаланған екен. Осыған байланысты кейде біз шеген құдықтар деген атауларды да кездестіреміз. Бұлай аталуы сол тастарға байланысты болса керек.

Жазушының тілінде өзі туған өлкесінде ғана қолданылатын жергілікті аймақтық сөздер де аз кездеспейді. Мысалы, жүлге. Ол шыңырауды дәл сол арадан, ала қырдың үстінде оқшау қылауытқан тастақ жүлгенің терістігінен қазатын болды [2, 219]. Жүлге – жылға, сай, жыра. Кәтеп (Ол үшін белді-белді нарды кәтептеп, ауыттап қомдайды да, екі жағына бір-бір шеген тас сыйып кететін екі үлкен кебеже теңдейді [2, 219].) – нар түйеге жүк арту немесе міну үшін салынатын ағаш әбзел түрі. Бұл сөйлемде кәтеп сөзімен қоса, ауыттау сөзі де берілген. Бұл сөз де Маңғыстау өңірінің тұрғындарының лексиконында бар. Мұның мағынасы түйені қомдау дегенді білдіреді. Метей (Қазір күн ауа екі атанды қомдап, метейлерді теңдеп, таңдайларына қойдың көкше құртын басып, күн өтіп кетпесін деп, бастарына шекпен бүркеніп жолға шығады да, ертең күн ыси қайтып оралады [2, 221].) – теріден, ағаштан жасалған кішкене күбі, ыдыс түрі. Күрке (Ала қырдан су іздеп, құдық қазуды ата кәсіп қылып алатын Қараш әулеті бесіктен белі шықпай жатып еститіні мазақ: «Қараш, тіккені күрке, асқаны бақыраш, иті үрегеш, қызы күлегеш, ақ боз үйге кіре алмас, шоңқайма етік кие алмас, шөккен түйеге міне алмас [2, 221]!..) – бес-алты ағаш басын біріктіріп жасаған баспана, итарқа. Теппе (Қыл арқаннан шірене тартып тағы бір теппе төмен түсті [2, 222].) – баспалдақ, саты. Жаңғыз (Кенет көз ұшында сығырая жылтыраған жаңғыз саңылау да бітеліп қалды [2, 223].) – жалғыз. Сыңғырама құлып (Абысынын қой сойып, қол қусырып қонақ етті; бетін сүйектеп, сыңғырама құлып салған әшекейлі сандықтан мата алып көйлек тікті, басына жарқыратып жаулық тартты [2, 229].) – құлыптың түрі. Құлып мағынасы түсінікті, ал сыңғырама сөзінің мағынасы түсініксіз. Жидіп кету (Еңсеп сонау жетім көкірек бала кезіндегі жүрегіне қона қалған осы бір ыстық ықылас пен жылы мейірімді ойлағанда әлі күнге ет бауыры елжіреп, жидіп кеткендей болады [2, 229].) – босап кету, елжіреу. Нәшіне келтіру (Ашаң, қара торының әдемісі, аттың құлағында ойнайды; шырқау биік болғанмен майда қоңыр даусы бар, әнді нәшіне келтіріп, тыңдаушысының құлағын кесіп алардай қып, қылқылдатып, ерекше бір назбен салады [2, 231].) – мәніне, ырғағына келтіру. Самиян (Көл-көсір далиып жатқан жазғы

даланың самиян самалы көп тұрып, көнетоз тартқан мүліктен қыс бойы тұралаңқырап қалған қыр тірлігінің барша шаң-тозаңын сілкіп қағып, түү-түү алысқа аластап, бездіріп жатқандай [26, 238].) – самал жел. Көр төмpek (Алақандай шұқырдың айналасындағы күн сайын бөксесі бұлтиып көтеріле түскен көр төмpekтен басқа көз қуаныш та жоқ [2, 238].) – төмpek түрі. Адам жерленген орынды осылай атаса керек. Көлкештеу (Еңсептің де есіне күні кешегі бостан шағы түспі, басы мең-зең тартып, көзінің алдын қоймалжың буалдыр көлкештейді [2, 238].) – көлегейлеу, тасалау. Бұл сөз де басқа сөздер секілді Атырау, Маңғыстау қазақтарының тілінде кездеседі. Мимырт (Екі шұқып, бір қараған мимырт жұмыс қандай жүйкені де жүнжітіп, қандай жүректі де қаралай күпті қылып бітетін болса керек [2, 246].) – баяу, жай. Мелмию (Көкке қарасаң да – мелмиіп жатқан көлкөсір құба сұр кеңістік. Жерге қарасаң да – мелмиіп жатқан көлкөсір құба сұр кеңістік [3, 5].) – мелшиген, өзгеріссіз, бірқалыпты. Жентек саз (Жалдарын жел желбіреткен жарау аттардың қатқыл алатағанақ дөңді қадап басып, тағалы тұяқтардың көптен жаңбыр көрмей еңіреп жатқан жентек сазды қарш-қарш асап, дүсірлетіп-ақ баққандары [3, 6].) – бір-біріне кірігіп жентектелген саз. Монтаны көз (Оның қасындағы қою қас, қыр мұрын, монтаны көз Мұқанбет қожа томсарып келе жатқан серігі мен сары ала күймеде ойға батып келе жатқан орыс елшісіне кезек-кезек жалтақтап қояды [3, 12].) – момақан, момын.

Маңғыстау халқының таным-түсінігіне, наным-сеніміне байланысты туған ұғымдар жұртшылық арасында кеңінен қолданылып келеді. Ондай сөздердің бірқатарын ғалым Б. Нұрдаулетова «Ә. Кекілбаев тарихи романдарының тілдік әлеуеті» мақаласында атап көрсетеді. Ғалым аталған мақаласында: «Алда төмpek (Ат суытып алайын деп, жусаны мен жапағы қалың көлдеу ойдың ортасындағы алда төмpekтің қасына кеп тоқтады. 9-б) – Маңғыстау даласында ғана кездесетін кішкентай- кішкентай төмпешіктер. Жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша, ол сары құмырсқалардың (ғылымда термиттер деп аталады) илеуі көрінеді. Неліктен жай төмpek емес, алда төмpek (Алла сөзімен байланысты болуы да мүмкін) аталатыны түсініксіз. Осы өңірден шыққан тағы бір сөз зергері С. Нұржанның өлеңдерінде де алда төмpek сөзі қолданылады:

Шығып алып алда төмpek үстіне,

Керіледі сұр кесіртке кенептей [7, 168]», – дейді.

Ғалым алда төмpek сөз тіркесіндегі алда сөзін Алла сөзімен байланыста болуы мүмкіндігі туралы айтады. Сары құмырсқалар (термиттер) Жер шарының Антрактидадан басқа өңірлерінде кездесетінін ескерсек, олар тек тропиктік, субтропиктік аймақтарда ғана өмір сүре алатын жәндік. Демек, бұл жәндіктер тек шөлді, шөлейтті жерлерді ғана мекендейтінін аңғарамыз. Алда төмpek тіркесі ақын Сайын Назарбекұлының өлеңдерінен де байқаймыз:

Сар құмырсқа кеулеген, енді отыр,

Алда төмpek басында қалған жұрттай [5]. Термиттердің ұясының төмpekке ұқсағанымен, неліктен алда төмpek аталғаны қызық жайт.

Ғалым: «Сондай-ақ, сарыүйек жылан («Сары үйек жыландай шұбар ала дойыр қамшысын сылқ еткізіп ортаға тастай салды») [2, 119] туралы мифологиялық таным да негізінен Маңғыстау фольклорына тән. С. Қондыбай зерттеулерінде сарыүйек ертедегі мифтік жыланның атауы ретінде түсіндіріледі [8, 320]. Оның түпкі этимологиясы «отты жылан», «киелі жылан» ұғымына барып тіреледі. Маңғыстауда сарыүйек жылан қасиетті, киелі саналады. Дауасыз дертке шипа болады деген де түсінік бар» [4, 77]. Қазақта жыланды аруақпен байланыстыратын наным-сенім бұрыннан кездеседі. Адайдың ішіндегі Шоңай руынан шыққан Бекбаулы атты әулиені сынау мақсатында Бекет ата сарыүйек жыланға айналып алдына барғаны туралы әңгіме кеңінен таралған. Бұл да сары құмырсқа сияқты түсіне байланысты сарыүйек аталып кетсе керек. Алайда осындағы үйек сөзінің мағынасын жеке дара алғанда шөбі шұрайлы жер деген мағынада келеді. Сарыүйек жыланды кейде сарыүйрек деп те атайды. Бұл жыланды көбіне емдік мақсатты жиі қолданады.

Әбіш Кекілбайұлы тілінде образды тіркестер молынан ұшырасады. Мысалы, тентек

жел (Қайта тентек жел күймелер мен жүктерді құла түзге бет-бетіне қуып әкетуі де мүмкін), әумесер жел (Әумесер жел бұл мініп келе жатқан сары күймені де жер бетінен жұлып ап, төбесінде бедірейіп жатып алған сұп-сұр кеңістіктің әлдебір тұңғиығына жітіріп жібергісі келгендей, екілене жұлқылайды), сұрқай кеңістік (Қайта көңіліңе тіршілік дегенің өзі де құм бетіндегі осы бір мән-мағынасыз құр шимайдай мынау ұлан-асыр сұрқай кеңістіктегі бүгін бар, ертең жоғалып кететін өткінші бедер ғана емес пе екен деген күдік қашырғандай), әжім-әжім құм (Көз жетер жердің бәрі – әжім-әжім құм), кесір құм (Міне, сары ала күйменің ішінде отырып, көз салғанының өзінде жанарын пышақтай кескілеп келе жатқан кесір құм мұның талай борбайын оскылап, табанын күйдірмеп пе еді).

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қайдар Ә. Этнолингвистика. // Білім және еңбек. 10, 1985. -19 б.
2. Кекілбайұлы Ә. Он томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. – Т. 2. – 1999. – 400 бет.
3. Кекілбайұлы Ә. Он томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. – Т. 4. – 1999. – 464 бет.
4. Нұрдаулетова Б.
5. Назарбекұлы С. Менің ақ ордам. elarna.net.

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СӨЗДЕР

Тиникулова Жанар Нурлыбековна

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: проф. Нұрдәулетова Б.И.

Аңдатпа. Мақалада жазушы Ә.Кекілбаев қолданысындағы авторлық сөздер суреткер тілін зерттеу теориясы бойынша талданған.

Кілт сөздер: Жеке қолданыс, теңеу, эпитет, автор, әйел бейнесі, кейіпкер

Қазақ халқының заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаевтың шығармалары кез келген көзқарақты оқырманды өзіне тартып, әрбір шығармасы оқырман жүрегінен өзіндік орын алары сөзсіз. Әбіш Кекілбаев шығармаларының тілдік ерекшелігі басқа жазушыларға ұқсамайтын дара, әрі дана шығармалар десек те артық етпес. Туындыларының көрінісі көркемдігімен, кейіпкер бейнелері шежірелі шешендігімен, оқиғасы тарихи деректілігімен қатар өріліп, астарлы сөз, ой дариясының тұңғиығына шомылдырады. Ол өзінің көркем сөз зергерлігімен біздің рухани өмірімізді байытты, көзімізді ашты, көкірегімізге ұлттық сенім, сана ұялатты.

Қандай да болмасын жазушы шығармаларының тілін зерттеу барысында, оның өзіне ғана тән тілдік ерекшеліктерді қамту жағына баса назар аударылатыны табиғи құбылыс. Бұл зерттеу мақсат үшін негізгі мәселе болса, зерттеу жұмысы үшін жаңалықты тұстарымен тығыз байланыса келіп, мақаланың өзектілігін де қалыптастырып жатады. Осындай әр қаламгер туындыларына тән айрықша сипатты танып білуде автордың жеке шығармашылығынан туған соның шығармаларына ғана тән сөздердің орны ерекше. Қандай да болмасын қаламгер шығармалары тіліндегі қаламгер авторлық сөздерді зерттеу, сөз жоқ, оның шығармаларының лингвистикалық тұрғыдан алғандағы ерекше сипатын айқындауға бастайды.

Авторлық сөздерді зерттеуде қиындық тудыратын кедергінің үлкені – әсіресе, қазақ тіл білімінде қажетті термин сөздердің қалыптаса қоймауы болып табылады. Дегенмен мұндай авторлық сөздерді «тосын сөздер», «бір қолданылар сөздер» деп атайды.

Жеке қолданыстағы сөздердің дүниеге келуі – ең алдымен тілдің жанды организм екендігін, оның түрленіп поэтикалық болса да жаңа, тың сөз жасауға бейім екендігін көрсетеді. Екіншіден, қаламгердің тіл саласындағы нәтижелі ізденістерін, солардың еркін шығармашылық қиялын байқатады. Үшіншіден, жеке қолданыстағы сөздер қашанда экспрессивті мәнде тұрып жазушының стиліне де ықпалын тигізеді.

Жазушы тіліндегі мұндай сөздердің кездесуі, әрине автор тілінің сан алуандығын, кеңдігін көрсетіп береді. Оның қай-қай шығармасын алсаң да, қарапайым сөйлемдері әсем сөздермен құрылады.

Жазушының «Шеткері үй» повесінде де авторға тән жеке қолданыстағы сөздер жетерлік. Қиқуда жүріп, қуғында өткен тұлғаның төңірегінде ешқандай екі ұштылық пен екі ұдайылық кездеспей, бәрі де айдан анық, күннен сұлу боп, сараланып, сайрап тұрмағы ақылға сыймас еді. Тамұқта жүріп, тауқымет шегіп, қияметте жүріп, хикмет шегіп баққан жанықас жан турасында өзге түгілі өзі де көсіле сөйлеп кете алмас еді [1, 1]. Мұнда жаны қиналған жанның сезімдерін нақты көрсетеді. Қиқуда жүріп, қуғында өткен тұлға. Осы бір тіркестерден-ақ жазушының кейіпкері жай тұлға емес, үнемі күреспен жүрген адам екенін аңғарамыз. Мұндай адамның өмірі де оңай болмасы анық.

Қалың ағаштың арасын сирек қондырылған сықсима шамдардың сұйқылт жарығында тәлтіректеп барып келе жатқан мас кісідей қисаландаған рабайсыз көлеңке

әлгі абажа қақпаның алдына келгенде бойын тіктеп ала қоярды. Беймезгіл уақытта келе жатқан жолаушының әрекеті осы сөйлемге толық сиып тұрғандай. Бұл сөйлемде көркемдегіш құралдардан теңеу де, эпитет те бар. Теңеу – мас кісідей, эпитет – сықсима шамдар, рабайсыз көлеңке. Адам көлеңкесінің қимыланан кейіпкердің көңіл-күйін аңғару қиын емес.

Сылдыр еткен кілт дыбыс мен қаңқ еткен қақпа сықыры кешкі тымық ауада құлағыңды бір тырнап өтер еді. Іштегі адамдардың сырттағы дыбысты естуін, жай естіді деп қана қоймай, құлағыңды бір тырнап өтер еді деп көрсетуі жазушының шеберлігі емей немене? Әдетте, дыбыс құлақты тырнамайды. Бұлай қолдана алу да – жазушының шеберлігі.

Күні бойы топырлатып торға қамап қойған ақ сазандардай кеңсе-кеңседе жіпсіз байланып отырған көп балтыр көшеге атып-атып шығады. Бұл кәдімгі кеңседе күні бойы телміріп отыратын қызметкерлерді ескі алады. Олар да жұмыс уақыты біткен бойда үйлеріне асықпас па?! Жұмыста күні бойы отырып шаршаған қызметкерлерді торға қамаған ақ сазандарға теңеу керемет шеберлікті талап етеді. Екеуінің де қалағандары – еркіндік. Қызметкерлер үйіне асығады, сазандар суға асығады.

Тағы бір мысал: Орындық тиіп жайғасып алғандар болмаса, түрегеліп тұрғандардың жіліншігінің жыланқарағы үзіле жаздағанда, өрге қарай ышқына ыңыранып келе жатқан көксау автобус көшенің тау жақ шетіне шығып та үлгерер. Адамдарды лық толтыра жүктеп алған автобустың күндегі әрекетін байқаймыз. Көксау деген ұғым әдетте жаны бар тіршілік иелеріне қарата айтылады. Ауыр сырқатқа ұшырап, жөтеліп жүрген адамды көксау дейміз. Ал автобустың көксаулығын қалай түсінеміз? Демек, бұл жерде ішіне лық толған адамдарымен ыңырына өрге ұмтылған ескі автобусты солай атап тұр.

Сайқымазақ көлеңкелерді даусыңызды шығарып балағаттауға мәдениеттілігіңіз шаужайыңызға оратылып, ішіңізден зіп-зілдей қып бір сыбап ап, тау жақтан кешқұрым сирек қатынайтын автобусты күтіп, екі көзіңіз төрт болып сарғайып тұрарсыз да қоярсыз. Дерексіз ұғымды жаны бар нәрседей етіп суреттей білу жазушының қарымын көрсетері хақ. Жазушы бұрын көлеңкені рабайсыз етіп суреттесе, енді сайқымазақ көлеңке деп отыр. Мәдениеттілігіңіз шаужайыңызға оратылып... Бұл сөйлемдегі кейіпкердің әлденеге зауқы соқпай, соншалықты шарған кейпі осылай суреттелер, сіре?! Қанша жерден ашу қысып тұрса да, қоғамдық орында өз абыройына дақ түсіргісі келмеген адамның әрекеті.

Жазушының әйел бейнесін суреттеуде қолданатын теңеулері де ерекше. Кейде теңеуді, кейде эпитеттерді қолдану арқылы бір қолданалар сөздерді жасап шығарады. Мысалы, «Мынау төр жақ қабырғадағы шынылы рамадағы әдемі келіншек дәл мынау суреттегісіндей шырадай жалтыраған шара көзін төңкеріп тастап, ақ жұмыр иекті ақ борықтай білекке асып тастап, бетінен бейнең көрінетін жылмағай столдың басында жылмиып қана отырмас па еді». Бұл жерде тек әйел бейнесі емес, оның үстел басындағы әрекетіне дейін суреттеліп тұр. Шырадай жылтыраған шара көз. Шыраның шам екенін ескерсек, әйел көзін суреттеуде мұнан артық теңеу таппаспыз. Ақ жұмыр иек, ақ борықтай білек - әйел мүсіндерінің сипаты. Жылмағай стол – эпитет. Бұл көркемдегіш құрал арқылы столдың тазалығынан хабар беріп тұр. Әрине, сол стол басында отырған әйел де жай кейіпкер болмасы анық.

Автордың «Автомобиль» әңгімесінде мынандай бір сөйлем бар: Салақ үйдің дастарқанындай сатпақтанып жататын жұтаң дала [2, 1]. Мағынасы бір-біріне мүлдем сәйкес келмейтін ұғымдарды бір ғана сөйлемге сыйдыра алу да үлкен таланттың нәтижесі. Салақ үйдің сатпақтанып жататын дастарханы мен бетіне шөп шықпаған жұтаң даланы байланыстыру үлкен шеберлікті талап етеді.

Жеке қолданыстағы сөздер тек жазушының өзіне тән бір қолданар сөз деп есептесек, оның жасалуы да сан алуан. Бұл сөздердің жасалу жазушы тілінің шеберлігіне тікелей байланысты. Окказионал сөздер кейде теңеу боп келсе, кейде эпитет күйінде келеді. Теңеулерді ретіне қарай қолдана білу жазушыға тән құбылыс. Мысалы, Теңбілкөктің тақымы қыза қыз тіккен кестедей құлпыра сала беріпті. Жылқының тақымын

қыздың тіккен кестесіне теңеу байланыссыз дүние сияқты болуы мүмкін. Бірақ шеберліктің арқасында сөйлемге өзіндік бояу беріп тұр.

Тенеулерді бейнелі, әсерлі, бояулы ету үшін суреткер көп сөздіктен де қашпайды. Мысалы, Сабаздардың суға қанбайтын жаман жабының бүйіріндей шеңбірек атып кеткен қарындарына ие бола алмай жүріп, дәмелерін көрмейсің бе! Адамның қарнын жабының бүйіріне теңеп тұр. Кейіпкердің әліне қарамай өзіне тең емес дүниеден дәмелі боп жүргенін аңғарамыз.

Қорытындылай келе, жазушының еңбектерінде бір қолданылар сөздердің соншалықты мол екенін аңғарамыз. Кейіпкер бейнесін жасау немесе белгілі бір оқиғаны, құбылысты, іс-әрекетті баса көрсету мақсатымен жеке сөздер мен тіркестерді стильдік объект ету де – жазушы шеберлігінің айнасы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кекілбаев Ә. Шеткері үй. 25 желтоқсан, 2015 ж., alashainasy.kz
2. Кекілбаев Ә. Автомобиль. 19 ақпан, 2018 ж., bilim-all.kz

ӘОЖ 81.373.211.1.

ҚАЛАЛЫҚ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ІСКЕРЛІК АТАУЛАР

Абдрахманова Жұмазия

филология ғылымдарының кандидаты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Аңдатпа. Мақалада қалалық ономастикалық кеңістіктегі іскерлік атаулардың (эргоурбонимдердің) тілдің деңгейлері және олардың мәні мен ерекшелігі қарастырылады. Атырау қаласындағы эргонимдер жүйесіне талдау жасалады. Мемлекеттік тілді дамытуда эргонимдердің маңыздылығы тұжырымдалады.

Кілт сөздер: қалалық ономастикалық кеңістік, эргоурбонимдер, этноэргонимдер, мемлекеттік тіл.

Елімізде болып жатқан тарихи-әлеуметтік үрдістер қоғам өмірінің басқа салалары сияқты тілдік-коммуникациялық ортаға да өзгерістер мен трансформациялар алып келуде. Лингвистика ғылымы бағытында сондай жаңа зерттеу объектісі ретінде еліміздегі урбанистік тілдік-әлеуметтік кеңістікті айтуға болады. Урбанизм деген сөз латынның «urbanus» – қалалық деген сөзінен шыққаны белгілі, яғни, бұл сөз адамзат мәдениетінде қала рөлінің артуына байланысты өнер мен әдебиетте қала тіршілігін бейнелеуден туындады, сондықтан бұл ұғым әлемдегі урбанизация үрдісінің жылдан-жылға өсуінің заңды мәдени-әлеуметтік нәтижесі болып табылады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл процесс лингвистикалық тұрғыдан да жаңа құбылыстарға әкелді, соның тікелей көрінісі – қалалық ономастикалық кеңістіктің тілдік құбылыс ретінде өз алдына дамуы, оның жаңа бағыттарының пайда болуы еді.

Бүгінде лингвистиканың бұл саласы да елімізде өз орнын табады деген сенімдеміз, себебі қаланың рөлі барған сайын артуда, ауылдан-қалаға миграция жылдан-жылға үдеу үстінде, соның ішінде бұрынғы көшпелі, кейінгі ауылдық мәдениеттің өкілдері барған сайын қалалықтарға айналууда. Яғни, бүкіл әлемде болып жатқан жергілікті жерден қалаға көшу, қаланың өсу үрдісі біздің елімізде де көрініс табуда. Демек, тіл білімі саласында көп жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі комонимикалық атауларды зерттеуден урбанизациялық үрдістің нәтижесі болып табылатын урбонимикалық атау жүйесін талдауға бетбұрыстың қажеттігі туып отыр. Оның негізгі мәні мен бағыты қаланың топонимиялық тезаурусын, соның ішінде эргоурбонимдер

тезаурусын жасақтау, зерттеумен байланысты. Бірақ, біздің қалалардағы ономастикалық-топонимиялық процесс осыған байланысты тек қазақы сипат алу үстінде екен, болмаса, қазақ тіліндегі атаулар мемлекеттік тіл болуына байланысты басымдықта екен деп айтуға тағы болмайды, себебі қаладағы онимдер, ономастика жүйесінде шетелдік, басқа тілдік, екі немесе үш тілдік құбылыстар жиі кездеседі, тіпті олардың саны кейде қазақ тіліндегілерден көбірек екенін мойындау керек, бұл әсіресе осы біз талдап отырған эргоурбонимге әбден тән құбылыс болып келеді. Сондықтан осы тілдік феномен де зерттеуді, жүйелеуді, лингвомәдени және жалпы лингвистикалық талдауды қажет етеді. Сондай-ақ этнолингвистикалық, этнолингвомәдени атаулардың заманауи эргоурбоним түрінде қалыптасуының ұлттық-дүниетанымдық мәні мен жасалу жолдары да ерекше құбылыс болып табылады. Ол құбылыстардан қазақ халқына тән мәдени-лингвистикалық айшықтарды іздеу, олардың тілдік және дүниетанымдық сырын ашу да дәстүр мен жаңашылдықтың, көшпелі мәдениет пен қалалық өркениеттің арасындағы сабақтастықтың қазіргі көрінісі ретінде тілдік және мәдени ерекше қызық құбылыс.

Осы себептен қалалық ономастиканы зерттеу бір жағынан жалпы ұлттық, әлемдік ономастикалық зерттеулердің аясындағы мәселе болса, сонымен бірге этнолингвистика тұрғысынан бұрын негізінен жер-су атауларын, ауыл-аймақ атауларын зерттеп келген ғалымдар үшін қызықты әрі болашағы зор ғылыми ізденіс бағыты болып табылатыны сөзсіз. Екіншіден, бұл үнемі зерттеліп жүрген таптаурын мәселелерден шығып, жаңа, тың бағыттар іздеудің жолы, үшіншіден, бұл егемен еліміздегі қалалардың мәдени-тілдік құрылымын айқындауға көмектеседі, соның ішінде қалалық тілдік кеңістіктегі мемлекеттік тіл – қазақ тілінің орны мен ролін, болашағын талдауға, болжамдауға мүмкіндік береді, себебі қазақ тілінің бүгінгі жағдайы мен болашағы оның қаншалықты қалалық (урбанизациялық) тіл болып, қаланың әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігінде қолданысқа ие болуымен тығыз байланысты. Егер ол қаланың тілдік микрокеңістігіне кең қанат жаймаса, таралмаса, қазақ тілді атаулар барлық қалалықтар еркін пайдаланатын, қолданыста бұрмаланбайтын, басқа тілдік топтардың негативтік қатынасын шақырмайтын ономастикалық бірліктерге айналмаса, ол ешқашанда толыққанды мемлекеттік тіл бола алмайды және көптеген қазақ тілінің қарсыластары айтып жүргендей, аудандық, болмаса ауылдық ономастикалық кеңістіктен әрі таралмайды. Себебі, ауыл мен аудандарда атауларды қазақыландыру құбылысы кең қанат жаюда және ол атаулардың сол ортаға сіңіп, кең тарап кетеріне ешқандай да күмән жоқ. Ал қаладағы жағдай мүлдем басқаша және оның өзіндік субъективтік әрі объективтік себептері де бар.

Қалалық ономастика кең диапазонға ие құбылыс. Оған көше атаулары, шағын аудандар, әлеуметтік-мәдени құрылымдар (мектеп, аурухана, балабақша және т.б.) атаулары сияқты көп нәрселер енеді. Осының бәрі қалалық әлеуметтік-кеңістіктегі тіл құбылысын қамтиды. Бірақ біз үлкен құбылыстың бір ғана саласын – қаладағы іскер кәсіпорындар, жалпы экономикалық іскерлікпен, кәсіпкерлікпен байланысты атауларды қарастырғымыз келеді.

Бұл бағыт – қазір «эргоурбонимдер» деген атау алған тілдік, лингвомәдени зерттеу саласы болып табылады. Атау екі сөзден құралады, ол «эрго»–грекше «ergon»–жұмыс және түбірі «қала» сөзінен тараған «урбоним» сөздерінен құралған. Бұл терминді енгізген зерттеуші ретінде ресейлік филолог Р.И.Козлов саналады. Осы саладағы тағы бір зерттеуші Ю.В.Вайрах есімі де алғашқылардың бірі ретінде танымал. Соңғы аталған зерттеушінің пікірінше: «Эргоурбонимы как знаки лингвокультуры в полной мере дают представление об обычаях, традициях, системе ценностей и образе жизни, усвоенных человеком как членом городского лингвокультурного сообщества» [1.344]. Демек, біздегі эргоурбонимдер де қоғамдағы қалыптасқан мәдени, тілдік, дүниетанымдық қайшылықтар мен құбылыстардан хабар беруге тиісті, міне, осы саладағы зерттеулердің маңызы да осында.

Ұлттық тіл мен ділдің (менталитет) қалалық лингвомәдени кеңістікке ену, оны игеру жағдайын қазіргі заман үшін аса маңызды болып табылатын бизнес, кәсіпкерлік

саласы бойынша зерттеу маңызды тілдік ақпарат көзі болып табылады. Осы тұрғыдан еліміздегі экономикасы дамыған, шетелдік инвесторлар кең тараған қала ретінде – Атырау қаласының эргоурбонимдері ерекше орын алатыны сөзсіз. Бұл облыс халқы, негізінен, қазақ ұлты болып келетін аймақтардың бірі болып саналады, бірақ соған қарамастан эргоурбонизм тұрғысынан тілдік құрылымы мүлдем басқа көрініске ие болып келеді.

Қаладағы эргоурбонимдерді бірнеше салаға бөлуге болады: сауда-саттық орындар, қызмет көрсету орталықтары, фирмалар, кіші кәсіпорындар және т.б. Олардың қалалық тілдік кеңістіктегі орын алу, көріну түрлері: маңдайшалар, жарнамалар, баньерлар және т.б. Жалпы түрде Атырау қаласының эргоурбонимдік номинациялар номенклатурасын шартты түрде былайша бөлуге болады:

1. Халықаралық эргоурбонимдер;
2. ТМД көлемінде туындағандар;
3. Шығыстық тілдік мәдени сипаттағылар;
4. Қазақстандық немесе автохтондық эргоурбонимдер.

Тілдік жасалу жолдарына келер болсақ, бұларды қазақ тілді немесе ұлттық нақыштағы, таза орысша, орысша-ағылшынша, таза ағылшынша, қазақша-орысша, қазақша-орысша-ағылшынша және түрікше, түрікше-ағылшынша деп айыруға әбден болады. Ал мазмұн-мағынасы жағынан жеке сөздерден құралғандар, туынды сөздер, жергілікті аудан, көше атауынан құралғандар, әлемдік брендтер, басқа тілден алынғандар болып бөлінеді.

Енді қала көлеміндегі іскерлік атауларды жүйелеп көрсек, облыстың мұнай-газ өндірісі ошағы болуына байланысты түбірі мұнай мен газдан құралған эргонимдер болып келетіні ешқандай талас тудырмайтын әлеуметтік, тілдік заңдылық және олардың ішінде шетелдік, аралас тілді номинациялардың да кең қолданылуы сұрақ тудырмаса керекті. Мысалы, «Теңізшевройл», «Казнефтегазсервис», «Казтрансойл», «Трансойл», сияқты атаулар бүкіл елімізге, тіпті шетелге белгілі эргоурбонимдер, олар бір жағынан қазақ халқын, елді, жергілікті атауларды танытушы бренд сияқты эргоурбонимдер деуге де болады.

Әрине, мемлекет құрушы ұлт – қазақ халқының ана тіліндегі атаулар да өз орнын тапқан. Ол атауларды «эргэтноним» немесе «урбоэтноним», болмаса, толықтай «этноэргоурбоним» деуге де болады [автор-А.Ж.]. Этнонимдердің ішінде қазақ халқының әлі де сақталып отырған дәстүрінен туып отырған ру атауларынан шыққан этноэргоурбонимдердің жиі кездесуі назар аудартады. Мысалы, «Адай Петролеум Компании», «Тама», «Бегіс», «Арғын» дүкендері және т.б.

Эндемиялық, яғни, жергілікті топонимдерден құралған атаулардың ішінде Атырау, Каспий, Теңіз, Орал, Жайық, Ембі (көбіне орысша «Эмба») топонимдерінен құралғандар да жиі кездеседі. Атап өтсек, «Атырау монтажсервис» ЖШС, «Атырау нефтегазмаркет», «Абис Атырау», «Атырау жилстройиндустрия», «Атырау болашақ LTD-ТОО», «Каспийойл монтаж», «Каспианпроджектсервисес-ТОО», «Каспийстройконтракт-АО», «Тенгизнефтестрой-АО», «ОралГазСервис» ЖШС, «Жайық Бетон Инвест» ЖШС, «Жайық LTD-ТОО», «Эмбанефтекайрат», «Эмбаведьойл» т.б.

Географиялық аймақтық атаудың ішінде Евразия, евро, Азия, Батыс сөздері де кеңінен қолданылады: «Евро-Азия эйр-АО», «Евротранзит плюс-ТОО», «Азия-Вектор», «Азиясеть.kz.», «Батыс техносервисиз ТОО», «Батыс СИМ»,

Еліміздің басқа аймақтарының атауларынан құрылған номинациялардың ішінде іскерлік қатынаста Астананың орны бөлек екені байқалады: «Астана элитстрой», «Астана-Финанс», сонымен қатар «Алатау-Авто спецтехника», «Қапшағай горстрой», «Қапчагайтязстрой» деген атаулар бар.

Қалада басқа тілдегі атаулардың да көптігі назар аудартады, негізінен олар орыс, ағылшынша және түрік тілінде. Орыс тіліндегі атауларды айтпастан бұрын ағылшын және түрік тіліндегі эргонимдерге тоқталсақ. Бұл жерде шетелдік атаулардың үлкен іскерлік топты құрайтынын айта кеткен жөн: «Columbus travel», «Kart blansh», «Имидж», «Дизайн

бюро», «Люкс», «Альянс полис», «Онур Трэвел» және т.б. Шетелдік атаулардың «Caspian offshore», «Vita dent», «Moody International», «Aguatropik» сияқты латын әрпімен жазылғандарымен қатар кириллицамен жазылғандары да көптеп кездеседі: «Аджип Казахстан Норт Каспиан Оперейтинг Компании Н.В.», «Тодини коструциони дженерали С.П.А.» «Уорли Парсонс Казахстан», салон «Перина Перони» тәрізді компания атауларын кездестіруге болады.

Іскерлік саласында, соның мұнай өндірісінде, оған қызмет етуде түрік компанияларының да үлесі жоғары, сондықтан да түрік тіліндегі атаулар өте жиі кездеседі. Мысал үшін кейбіреулеріен ғана атап кетуге болады: «Гате иншаат таахают санайи ве тиджарет», «Синам Иншаат»ЛТД, «Эко иншаат ве тиджарет лимитед ширкети», «Хайтек иншаат» және т.б.

Ал банк саласы сияқты ірі бизнес құрылымдарда ұлттық атаулардың өте аздығы, тіпті жоқтың қасы екендігін банк атауларын жай ғана тізіп шығудан көруге болады: «БТА» (Банк Тұран-Әлем), «Каспийский банк» (аймақтық атау деуге болады), Метрокомбанк, «АТФ», «Центр КредитБанк», «Альянс банк», «Евразийский банк», «Казкоммерцбанк», «Позитивбанк», «Цеснабанк», «Сбербанк России», «Народный банк» (көбіне латын әрпімен HALYK BANK деп жазылады), тек қана «Темір банк», «Нұр банк» таза қазақы атауға ие.

Дегенмен де іскерлік номинацияда ұлттық атауларға ие адам есімдерінен құралған антропонимдік атаулар. Бұлардың көбі меншік иелерінің туыстарының, қазақ туыстық қатынасынан туған белгілі ата-бабаларының немесе тарихқа белгілі адамдардың есімдері болып келеді, оған қаладағы «Алтынай», «Ай-жан», «Әл-Фараби», «Жамбыл», «Шанырақ», «Қызыл жар», «Жайнар» мейрамханалары, ЖШС «Мәтен», «Адал» Сауда үйі», «Сұлтан би» және т.б. этноэргорбонимдер мысал бола алады.

Сондай-ақ кейбір эргорбонимдер мифологиялық, наным-сенімдік дүниетанымнан туған, мысалы, «Гермес», «Аманат Иншуранс» (сақтандыру компаниясы), «Сәттілік», «Молшылық», «Олжалы», «Ырыс», «Береке», болмаса, такси қызметін көрсететін «Сұңқар», «Такси Тұлпар», «Такси Жорға» деген әдемі қазақы атауларға ие.

Этнонимдердің ішінде мағынасы жабық түрлері де, ашықтары да бар, «У Гаджи», «У казаха», «У Айгуль», «У Петровны», «Адана», «Иверия», «Фирма Родник», «Василец». Бұл атаулардың ерекшелігі белгілі бір ұлттық нышаннан хабар беруінде. Сонымен бірге тарихи атаулар да, соның ішінде қаланың бұрынғы атауы да жиі кездеседі, мысалы, «Гурьевснаб-АО», «Аптека на Гурьевской», «Такси Гурьев»

Сондай-ақ екі тілден құралған гибрид атаулар да жиі кездеседі. Мысалы, «Арба Сервис» (автокөлік оңдау орны), «Ак сункар курылыс сервис», «Казсаудашина», «Заманквантор», «Батыр секьюрти», «Шебер-Мастер» дүкені және т.б.

Іскерлік саласындағы маңызды бағыттың бірі – шаштараздар мен сұлулық салондар атауларына талдау жасау арқылы эргорбонимдердің кең тараған жүйесін көре аламыз. Оларды гендерлік тіл жағынан қарайтын болсақ, негізінен әйел есімдерінен құралғанын байқауға болады. Соның ішінде «Асель», «Макпал», «Баян-сұлу», «Жанар», «Бақыт», «Илона», «Камилла», «Диана», «Вэлла» сияқты есімдермен қатар «Золушка», «Имидж», «Персона», «Балдырған», «Байтерек», «Пирамида», «Чародейка», «Эксклюзив», «Интер-Бьюти», «Нефертити», «Шарм», «Жайық қызы», «Сәнді», «Batlurfly», «Эффект», «Вип Азия» тәрізді бірнеше тілдегі, әр түрлі лингвомәнді атаулар да бар.

Қазіргі кезде қалада көбейіп отырған жеке стоматологиялық клиникалар да өзге тілдік атауларға көбірек ие, әрине, бұл да орыс, ағылшын тілді іскерлік топты өзіне тарту үшін істелгені сөзсіз. Мысалы, «Доктор стом», «Улыбка», «Смагул Дент», «Люкс», «Venta dent» т.б

Қаладағы іскерлік сала атауларын топтастырып, жүйелеп қарайтын болсақ, ірі өндірістер: мұнай, газ өндірісі мен оларға қызмет ету саласында шетелдік атаулардың көптігін байқаймыз, себебі, бұл бағытта шетелдік инвесторлар, жұмыс істеуші компаниялар көп болып келеді, ал басқа бағыттарда, мәселен, компьютерлік техника сату,

оған қызмет көрсету сияқты бағытта орыс тілінің кең қолданыс тапқаны байқалады. Этноэргоурбонимдердің супермаркеттерде, дүкендерде, бала-бақша, мейрамхана, базар, шаштараз сияқты кәсіпкерлік саласында мол екені көзге түседі. Қаладағы ірі сауда орталықтары (базарлар) «Дина», «Көктем», «Мұрагер», «Мерей», мал базары «Тума» деп аталады.

Осы жерде этноэргоурбонимдердің бірнеше өзіндік ерекшелігінің де бар екендігін атап кетуге болады:

1) антропонимдерден жасалған іскерлік атаулардың көптігі, әсіресе, ру атаулары қолданылуы;

2) қазақтардың ішінде ауылдан миграция жасағандардың көп болуына байланысты өздерінің туған, өскен жерлерінің атауын жиі қолдану байқалады, бұл «ауылдас», «аудандас» сияқты микро жерлестік топтардың шартты бөлінісінен хабар береді;

3) бұл этнономинациялардың кеңістік тұрғысынан қала маңында немесе жаңадан салынған мөлтек аудандарда жиірек кездесетіні байқалады. Оған керісінше орысша немесе ағылшынша атаулар қаланың орталық көшелерінде жиі кездеседі, олардың қала шетіндегі, негізінен қазақтар қалың тұратын жерлерде кездесуі оғаш болып көрінеді. Этнонимдік тұрғыдан қазақ сөзінен туындағандар сирек, көбіне олар «шығыс», «азия» деген сөздермен алмасады. «Қазақ» сөзі көбіне үлкен іскерлік, халықаралық компания, мемлекеттік мекеме атауларында жиі қолданылады. Осының бәрі лингвомәдени тұрғыдан ұлттық құндылықтардан, салт-дәстүрден хабар береді. Сонымен қатар меншік иелерінің атау таңдауда олардың меншік түріне қарамастан белгілі бір қағидаларға сүйенгенін де байқауға болады. Соның ішінде, әрине, біраз атаулар аймақта көптеп тұратын шетелдіктерді тарту үшін қойылған, ал кейбір атаулар меншік иелерінің мәдени, салт-дәстүр, дүниетаным ұстанымдарынан туған, олардың мәдени, дүниетаным деңгейінен хабар береді, мысалы, олардың шыққан жерінен, рулық, ауылдық-мекендік түбірінен ақпарат береді. Бұл да ХХІ ғасырда жаппай жүріп жатқан қазақтардың қалаға миграциясы сияқты тенденцияның бір көрінісі болып келеді. Соның ішінде, ұлттық, тілдік құндылықтардың өз ролін ойнағаны сөзсіз.

Қорыта келгенде, бір ғана Атырау қаласының іскерлік орындары, мекемелер атауы – эргоурбонимдерге қысқаша шолу жасаудан бірнеше заманауи тенденцияларды көреміз, олар қаланың тілдік кеңістігінің үш-төрт деңгейін көрсетеді:

- мемлекеттік тілдегі;
- ҚР-дағы ресми тіл әрі ТМД халықтарына кең тараған орыс тілінде;
- әлемдік іскерлік қатынас тілі – ағылшын тілінде;
- бізде іскер топтары әр салада кең тараған туыстас түрік тілінде;
- қалада тұратын ұлттық-мәдени орталықтар өкілдері, басқа да ұлттар тілінде аздаған атаулар бар екендігін атап кеткен жөн.

Сондықтан Атырау қаласы – жаһандық іскерлік, мәдени қарым-қатынастардың көрінісін беретін заманауи қала болып табылады деуге болады, бірақ мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің аясы іскерлік атаулар саласында әлі де пассив екендігі, ал өзге тілді атаулардың тым басымдығы алаңдатады. Қазақ тілі және оның болашағы үшін оның маңызы қандай екенін осы мақаламыздың басында айтып кеткенбіз. Сондықтан бұл тенденциялар осы бағытта жұмыс істейтін арнаулы мемлекеттік орындар мен жеке кәсіпкерлер, мекемелер, билік орындары үшін тек жай ғана лингвистикалық номинация немес жарнама ғана емес, мемлекеттік, азаматтық, ұлттық патриоттық деңгейдегі мәселе болып табылатынын ескерген жөн деп санаймыз.

Қаладағы әлеуметтік-коммуникативтік кеңістіктегі тілдік бәсекелестікке төтеп берген жағдайда ғана, қазақ тілі толыққанды мемлекеттік тілге айнарудың бір мүмкіншілігін жеңіп алады деп есептейміз.

Ал жалпы алғанда, урбонимдерді, соның ішінде эргоурбонимдерді Қазақстан топонимикасының эволюциясын көрсететін ономастиканың саласы деуге әбден болады

және оның қазіргі жаһандық дәуірмен астарлас болып табылатын мән-мағынасы кең көлемдегі лингвомәдени, когнитивтік зерттеулерді қажет ететіні сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вайрах Ю.В. Этнокультурная информативность эргоурбонимов// Социально-гуманитарные знания. - №5. 2008.

ӘОЖ 82.091

ТАРИХИ ТУЫНДЫЛАРДАҒЫ ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТТЕРІ (С.СМАТАЕВТЫҢ «ЕЛІМ-АЙ» ТРИЛОГИЯСЫ ХАҚЫНДА)

Аяпова Гульзира Борамбайқызы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Филология ғылымдарының кандидаты

Қазақ прозасының ендігі буынының көш басында «Елім-ай» романының авторы – Софы Сматаев тұратыны сөзсіз.
Ғабит Мүсірепов

Аңдатпа. Мақалада С.Сматаевтың «Елім-ай» трилогиясы құрылымына талдау жасала отырып, ақын-жыраулар өткен жол, оның қоғамдық, азаматтық қызметтері – кейіпкердің өзі өмір сүрген дәуірдегі қазақ тарихымен, қазақ-жоңғар соғысының қиянкескі суреттерімен тығыз байланыста суреттелетіндігі, осы дәуірде өмір сүрген ақын-жыраулар туралы жырларда көрінетін халық өмірінің шындық оқиғалары да романда кеңінен қамтылатындығы сараланған. Жазушының тарихи оқиғаның мазмұнын көркемдік ойлау заңдылықтарына орай пайымдай отырып, адам характерін ашуға ерекше назар аударатындығы пайымдалған.

Кілт сөздер: тарихи туынды, рухани жаңғыру, трилогия, кейіпкер, ақын-жазушы

Рухани жаңғырудың басты сипатының бірі және бірегейі ретінде ұлтымыздың жүріп өткен тағылымды тарихы мен ұлттық дәстүрі басты орында тұруы сөзсіз. Бұл орайда Елабасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы» [1,1] деп қазақ халқының өткен дәуірінің тарихын суреттеуге, сол заманда өмір сүрген тұлғалардың бейнесін халық өмірімен бірлестікте алып қарастыру рухани өзектілікке алып келетіні хақ.

Себебі, «тарихтың қызметі – бүтін адам баласының яғни бүтін бір жұрттың, я бір халықтың өткен өмірін болған күйінде айнытпай айту» [2,87] болса, ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген ақын-жыраулардың әдеби мұрасында тарихтың таразылық сипаты жан-жақты көрініс тапты. Осындай келелі жағдайды арқау етілген шығарма жазушы, ақын, көрнекті сөз зергері Софы Сматаевтың «Елім-ай» роман-трилогиясы. Себебі «суреткер — өз заманының ұлы, өз дәуірінің үні. Ол өзі өмір сүріп отырған мезгіл мен мекендегі қандай құбылысқа болса да енжар, бейтарап қарай алмайды. Оны бәрі тебіренгенді, ол бәріне араласады. Ендеше, оның қаламынан туған шығармалар да бір емес, бірнеше тақырыпқа жазылады; бір емес, бірнеше проблемаға құрылады» деп жазған академик З.Қабдоловтың пікірінің жаны бар екенін айтуға тиіспіз [3, 106].

«Елім - ай» трилогиясы алғашында екі кітабы сонау қылышынан қан тамып тұрған Кеңестік кезеңде жазылды да, (1978, 1981) үшінші кітабы тәуелсіздік алған

жылдары (2000-2002) жазылды. Тоғыз тараудан тұратын «Елім-ай» романының бірінші кітабы ХҮІ ғасырда өмір сүрген Шәлғез Тіленшіұлының толғауымен басталыпты:

Жағаласса жыртылмас,
Ерлердің жеңсізден игі тоны болар ма?!
Дулығалы бас кескен,
Ерлердің алдаспаннан игі қолы болар ма?! [4,9].

Шығарманың атауына келсек, ХҮІІІ ғасырдағы елі мен жерінен айырылып, ата-ана, бауырдан жұрдай болып, босып кеткен халықтың көз жасымен жыр болып төгілген «Елім-ай» жырымен байланысты өрбіген. Шығарма да жоңғарлармен ұрыс кезіндегі жекпе-жекпен басталады.

«- Жекпе-жек! –Жекпе-жек!

Жентектескен бұлттай бір-біріне төніп келіп, қарсы тұра қалған екі қосынның өңештерін жыртардай қарлығып, булығып, ызаланып, екіленіп айтары осы бір ғана сөз.

-Жекпе-жек!

-Жекпе-жек!

Үйіріліп, толқындап кеп бетпе-бет тоқтаған қос тоғанды біріне-бірін лақ еткізетін де осы жамыраған үннен кейін кешікпей басталатын жекпе-жектің кәдесін бұлжытпайтын намысқой сәт. Соны асыға күткен шыдамсыз көіейлер сайын сахараны тұс-тұстан дүрліктіре жаңғыртып барады.

-Жекпе-жек!

-Жекпе-жек!

Өркімнің де тұл бойындағы ерлік рухы мен ашу-кегін, жауынгерлік айбаты мен намысқой қайратын ду-ду қоздыратын жалғыз сөз екі жақтан да суылдаған жебедей борап, өршіккен үндерді түү-түү қиянға алып қашып жатыр» [4,9].

С.Сматаевтың трилогияның бірінші томынан бастап, әр тарауы ақын-жыраулардың поэзиясынан эпиграф ұсынылып отырған. Атап айтқанда:

..Арту-арту бел келсе,
Атан тартар бүгіліп,
Алыстан қара көрінсе,
Арғымақ шабар тігіліп.
Алыстан жанжал сөз келсе,
Азулы сөйлер жүгініп..(Бұқар жырау)

Қынаптан қылыш суырмай,
Қарысқан жау бүлк етпес.
Жумай қастың қанымен,
Намысқа тиген кір кетпес (Ақтамберді жырау)

Құяр жауын аспаннан,
Қара бұлт торласа,
Пәлекет елде көбейер,
Жігітті жігіт қорласа (Ақтамберді жырау)

Арғымаққа оқ тиді,
Қыл майқанның түбінен (Доспамбет жырау)

Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің (Асан Қайғы)

Керегеге ілінген,

Шабылмаған семсер тұр.

Жаудан алмай кегімді,

Есіл де өмір өткен құр (Жиёмбет жырау)

Ақын-жыраулар поэзиясынан алынған үзінділер біріншіден, тарихи туындының негізі осы шығармалардан алынғанын білдірсе, екіншіден, әр толғауға байланысты әр тараудың желісі сол эпиграфқа орайластырылған. Яғни, автордың айтайын деген ойын сол аңдатпадан-ақ ұғынып қаламыз. Бұл жазушының ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулар поэзиясын басшылыққа алғандығын байқатады. Өзге тарихи туындыларға қарағанда С.Сматаевтың «Елім-ай» шығармасында Ақтамберді жырауға, Бұқар жырауға және Үмбетей Тілеуұлына ерекше орын берілген. Себебі, нағыз Жоңғар шапқыншылығы заманын да біз осы жыраулар поэзиялары арқылы танимыз.

«Астындағы жал-құйрығы төгілген нардай жүрдек торысының жүйткү жорғасын тежей түсіп, қайырма жағалы шапанының бір жақ етегін тақымының астына қыстыра беріп Ақтамберді жырау Қазыбекке күлімсірей тіл қатты.

-Қазеке, үндемес ойнағандай тымырайып жым-жырт келеміз. Аға тұрып іні сөйлегеннен без дейді ғой. Арамыздағы жеті-сегіз жасты базынамыздың садақсына бұйырып, бірер сауал берсем айып етпеңіз!

Манадан атының басын өзгелерден оздырыңқырап мүлгіп келе жатқан Қаздауысты Қазыбек би жайнаң етіп бұрылып, тізгін ірікті. Қою сұлу сакалын дір еткізе келісім танытып, бас изеді де, мұңды көзін әнтек қысыңқырай қарады.

Ақтамбердінің тостаған жанарлы нұрлы жүзін, қайратты қасын, етті келген толық ернін, шалғылы қияқ мұртын жаңа көргендей бір-бір шолып өтті де, оң жамбасына қисайып, сол қолымен ердің артқы қасын таяды.

-Е, сұра, Ақтамберді. Сауалың қандай еді?

- Ендеше бар ғой, Қазеке, тас шатқалдан тамшылап ағып, жылымшылап басталатын таусылмас тұмадай тулайтын ойларым бар. Сонымды айтайын.

-Айт! Айта бер, жырау.

-Осынау елсіз жотада атаусыз мола көп. Жер қайыстырған қалың қол осыдан жүз жыл бұрын да, екі-үш жүз жыл бұрын да адырнасын шірене тартып, көк найзасын көкке білемдеп өткен. Сонда да бір тыншымайтын аласапыан тірлік. Мың сансыздың ортасында жалғыз мұңды мен бе десем, қасірет шегіп жас бұлаған жанар көп. Көкірекке аяныш ұялатпай, ібіліс пен әзәзілдей абыройынан жұрдай болған пенде шіркін жағаласып жалбағай жыртып, беттесіп перде сыпырып, екі көзден ерегіс шоғын төгіп өте берер ме? Ел жүрегіне қадалған ортақ мұң темір тікеннен де тұтқыр еді ғой. Өмірбақи қыр соңымыздан қалмайтын бұл неткен сиқыр? Түсіндіріңізші осыны! – деп ақырын қоңырлата бастаған үнін қызу леп, шапшаң екпінмен бітірді» [4,84].

Бұл Ақтамберді жыраудың ел басына түскен ауыр заман туралы атақты Қазыбек биге қойған сауалы. Осы жаугершілікте кінә кімде жатыр ел билеушінің бармақ басты, көз қысты аярлық бітім шартында ма, я болмаса елді қорғайтын батырлардың аздығы ма, әйтеуір халықтың көз жасын төгілітп, қорлыққа бейімдеуге неге қазақ жұртының бейім тұратындығы турасында жас жыраудың ішкі жан қиналысынан туған күйзелісті ойы еді.

Қазыбек бидің жауабы да күрсініске толы торығуы басым ойдан шыққанымен сөзінің соңы сүйсініспен аяқталды.

«Қатал үкім, қатты кесім айттың-ау, Ақтамберді. Қызуың басылмай, сабырың ұстатпай тұр-ау. Шапқыншылық – шабылғандықтың қарымтасы. Жорық – жоғалмаудың айласы. Рас, тірліктің тірегі олар емес. Мал бағып, жан күйттеу, бейбіт тұрмыс қаракеттеу жақсы ғой. Бірақ оны бізге кім берген? Ел армаеы, ер кегі, туған топырақ жоқталса – қайралған қылыш пен ұшталған найза қолдан түсер ме?! Ақтамберді, жағаласып жалбағай жыртып жүрміз дедің. Ал мен айтсам, кердеңдеп кері кетіп барамыз деймін. Өлгінде Қасым мен Хакназар тұсындағы бірлікті жақсы атадың. Ал мені қинайтыны сол бірліктің бүгінгі іруі. Татулығы ыдыраған ел жаман. Үш жүз боп бірікпей, үш жақ боп бөлініп, шетінеп, шытынап бара жатқан тұтас халқыңның туын көтеріс! Адасып азапқа түскен

елінді, талпынтып азаттыққа бастаңдар. Жамандықта жасымаған жұртың, жақсылыққа қуана білер. Құлдық бұғауы жоқ көкірегі тазаның көзі де, өзі де таза болар. Сол таза көңілді сенен тапқандаймын, жырау. Иншалла, ылайым артқы айылдың қатты батқанын дәл осылай ұғып өт!» [4,86]. Қазыбек би мен Ақтамберді жыраудың диалогы жалпы «Елім-ай» туындысының басты идеясы іспеттес еді. Себебі, шығарманың өн бойы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» сынды босқыншылық өмірдің негізін қазақтың басы бірікпей, тақ үшін қақтығыстың болуынан және сыртық жауға назардың төмендігіне деген ойдан тұрады.

Екі арыстың ішкі күйзелісі бір Алланың құлағына шалынды ма, арада екі ай өткен соң ұлыстың үш жүзінің игі жақсылары Телікөлге келіп ат басын тіреді. Бұл жиынға білікті би, атақты батыр және от ауыз, күміс көмей ақын-жыраулар қатысты. Хан мен сұлтанның бірі де жоқ. Халық өзі бас болып, хабарды ханға емес, қараға таратыпты. Қорғанса – қалқаны, шапса – қылышы, сауын айтса – ұраны болған батыры мен жырауын шақыртыпты. Әсіресе, ақын-жыраулар сапына тоқталсақ: Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар атты шашасына шаң жұқпайтын дарабоздар келіпті. Қазақтың әр жерде дауы да қатар жүретіні белгілі. Ел қорғау ісін толық қарап болған соң, Найман жұртының бір дауы қаралды. Найманның қызына күйеуі ұрын келетін күні Арғын руының бір жігіті қалыңдықты алып қашады. Найман жағы қатты бүлініп, тіпті Арғынның біраз елін шауып та алады. Жүздің үстінде жігіттер найзаға түйреліп, сойылға жығылады. Енді қалғаны өзара соғысу. Осы жиынның арты осы дауға нүкте қою мақсатында, аға –Ұлы жүзге даудың билігін ұстатпақ. Дулат Ошаған би даудың басын татулықпен шешуге тырысты. Алдымен сөз алған Бұқар жырау тұрған жерінде бір тізерлеп алып термесін төге жөнелді:

Ер жігітке жарасар,
Қолына алған найзасы.
Би жігітке жарасар,
Халқына тиген пайдасы.
Ақсақалға жарасар,
Тілеуқорлық айласы.
Келіншекке жарасар,
Емшектегі баласы.
Қыз он беске келгенде,
Шашынан көп жаласы.
Бұл жалғанда бір жаман
Ағайынның аласы, -

С.Сматаев романда үш жыраудың (Бұқар, Үмбетей, Ақтамберді) басын қосып, ел дауын шеше отырып, ел басқарушы да, дау шешуші бас би де халықтың риза болатындай шешіміне тоқталатындығын көрсетеді. Үш жырау да халықтың атынан сөйлеп, өздері куә болған заманның қыртыс кезеңдерін термелеп, шешен тілмен өрнектеп сөйлетеді.

С.Сматаевтың «Елім-ай» романында бірінші кезекте қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресі емес, жоңғар шапқыншыларының қазақ халқына қарсы қимыл-қарекеті суреттелгендей әсер қалдырады. Бірақ жазушы жоңғар нойандарының, қоңтайшыларының айналасын, үй-ішілік өмірін қатар алып көрсетеді. Халық, бұқара тіршілігіне кең орын беріледі. Осы дәуірде өмір сүрген ақын-жыраулар туралы жырларда көрінетін халық өмірінің шындық оқиғалары да романда кеңінен қамтылады. «Ұлттық идея дегеніміз — этностық мезгілдік һәм мекендік факторлар арқылы айқындалатын тәжірибесі, танымы және талғамына байланысты бірте-бірте жыңғырып-жаңаланып отыратын, бірақ өзіндік ілкі белгілерін жуық арада жоғалта қоймайтын табиғи-тарихи әрі тылсымдық бітім-болмысының, сана-сезімінің, мінезі мен мәдениетінің, соған сәйкес туындайтын әлеуметтік мұрат-мүдделері мен қимыл-қозғалыстарының жалқылық та, жалпылық та мәнін жинақтаған ұйытқысы» [5,130].

Жазушы тарих шындығын тиісті жерінде басқа қырынан да көрсетеді. Тарихи оқиғаның мазмұнын көркемдік ойлау заңдылықтарына орай пайымдай отырып, адам характерін ашуға ерекше назар аударады. «Бұқар жыраудың жүзінде әлде кекесін, әлде мысқыл күлкі табы тұнып қапты, бірер рет есінеп алғаннан кейін де әлгі күлкі ажарлы бетке қайта тепті. Ақтамбердінің қабағы түсіп кетіпті. Жыраудың көптен көп баққан бір адамы барын Бөгенбай Ақтамбердінің көз қиығының нобайымен іздеп тауып алды. Ол – Сәмеке сұлтан. Ханның інісі, Тәукенің ортаншы ұлы. Сәмекенің бұлтың-бұлтыңы дауласуға дайындығы екен. Айналасындағы қабақ қимыл, бет-жүзді түгендеп болған соң, отырған орнында қопаң етіп кеудесін тіктеп алды да, бойына сай емес жуан дауыспен сапылдап сөйлеп кетті.

- Әу, Батыр, Барақ, Әбілқайыр!-деп үш сұлтанды іріктеп бөлектеді. – Әй, сендер аяқ астынан неге желіктіңдер осы! Әу, әз Тәукенің аруағы ұмытылғаны ма? Әлбетте, Болат ағам менің, Бірақ ханды сардар сайламайды. Ендеше, үлкен керсен ұсталмаса ыңғайлы тегешке ас құйылады. Мен – тегешпін! Менмін – сардарың!

Сұлтандар даурығаса сөйлеп, өрекіп жатқанда Ақтамберді жырау қасындағы Бұқардың иығына қол салып, өзіне қаратты. Көзі тікірейіп, бір ұшқыр сәулені қарашығында тұтып қалыпты. Аузын құлақ түбіне жақындатып әкеліп, құрбылас ақынға сыбырлап екі жол өлеңді айтып салды:

Сардар болса Сәмеке, -
Біз болармыз келеке.

Бұқар езудегі мысқыл күлкіні бүлк еткізді де, шапшаң күйде бірер жолды о да сыбырлап қосып жіберді.

Аңдысып күнім өткен соң,
Табылар ма береке?

Екеуі түсіністі де күрсіністі. Күрсіністі де, үнсіз қалды» [6,384]. Екі жыраудың күрсініске толы үнсіздіктерінің негізі хан, билеушілердің құр сөз бен бос кеудеге толы өкіремдік мінезіне ел тағдырын сеніп бергендігі ойлары. Үш жүздің басы бірігіп, ел шетіне келген жауды түре айдап салатын қол басшысы Сәмеке болса, Ақтамбердінің қабақ түюі, құр сөзге жел беруші Болат сұлтанның сөзіне Бұқар жыраудың таңырқай қарауы да осы себепті еді. Көбіне көп С.Сматаевтың «Елім-ай» романында ұрыстың ұзын-ырғасы суреттелмей, ол туралы жұртшылық санасындағы ұғым-түсінік, тарихи баға алға тартылады. Бұқар жырау романда қалың жұрттың, өзі өмір сүріп отырған ортаның саяси бетін сол баға, халық санасына сіңіп қалған сол ұғымға сүйеніп анықтайды, өзгені де соған иландырады. Бұл ретте тарихи оқиға адамның немесе белгілі бір қоғамдық ортаның ой елегінен өтіп, сұрыптала келе танылған, бағаланған тарихи ақиқатқа, сапалық мәнге иеленген тарихи фактіге айналады. «Елім-ай» - жазушының сайын сахарасының ойы мен қырына, көлі мен шөліне, туған халқына, оның ұлттық дәстүріне, салт-санасына, мейлінше бай тіліне, дала төсіндегі қыбырсыз қорған –қорымдарда үнсіз жатқан ата-баба рухына табынған сүйіспеншілігі» [7,51] деп атап көрсетеді З.Серікқалиев.

Жалпы, туындыдағы ақын-жыраулар өткен жол, оның қоғамдық, азаматтық қызметтері – кейіпкердің өзі өмір сүрген дәуірдегі қазақ тарихымен, қазақ-жоңғар соғысының қиянкескі суреттерімен тығыз байланыста ашылады. Әркелкі жастағы ақын-жыраулардың ғұмыр-тіршілігі де, ой-арманы да халық тағдырымен бірге екенін танысың. Бұқар жыраудың өткен өмірін суреттеуде жазушы ішкі монологқа көбірек жүгінеді. Сұңғыла жырау домбыра күйіне елтіп отырып, өткенін еске түсіреді. Қазақ даласының жау табынында тапталған жылдары, қазақтың еңсесін бір емес, үш рет басқан ойраттар жайлы естеліктер жырауды өмір сахнасына екпіндетіп алып шығады. Роман Абылайдың хан тағына отырған кезеңін қамтымайды. Барақ сұлтан Абылайдың болашағын танып, Бұқар жырау оған батасын береді, ақылын айтады. «Сал барынды, бауырым! Халқыңның бабын да, бақытын да тап. Бүлінгенді емес, бірлігімді тілер түрінді бақтым. Әділет қуған жаныңның ақтығынан шырылдаған үнін де естідім. Қыл мойныңды қылышқа төсеп, келеге түсер кесектігіңді де байқадым. Ел үмітін, ел тілегін сенен, өзіңнен

күтермін-ақ...Қара бастың қамы – қаңғытып кетер тұрлаусыз соқпақ. Түспе оған. Өзің де түспессің... Көлденеңдеп жолыңда тұратындарға зәру де болмассың. Өз зердеңнің өзгешелігі құт болсын. Шыжыммен ұшырып, шырғамен қондыратын күйкентай емессің. Томағасы сыпырылған ақиық қырансың. Еркін қалықтап, қарыштап қанат қақ, баршыным. Биіктегінің көрері көп, шолары мол..Орысқа да, қытайға да өңінді берсең де, өзегінді ашпа, ішіңе енгізбе. Еңкейіп те сынба, шалқайып та сіреспе! Шынға өтірік қоссаң да, өтіріктен шындық іздеме...Ішке түйерің көп болсын. Күшке салу – қияметтің ісі. Оған орайласа да берме. Сынбау үшін күресіп бақ. Сөнбеу үшін жанталасып күрес. Бір сынған белдің сауығуы қиын. Бір сөнген оттың тұтануы ақырет. Халқыңның ендігі соқпағы да, үміті де сенде» [8, 351] - депті данышпан жырау Абылаймен қоштасарда.

Тарихи туындыда бейнеленген ақын-жыраулардың образдары және олардың шығармалары арқылы тарихи кезеңдердің бірінен соң біріне өту сәттерін көргендей боламыз. Сонымен бірге ақын-жыраулар тұлғасы өткен ғасырдың орта шенінен басталған қазақтың тарихи прозасына тарихи сипатты қалыптастырған өзіндік үлестерін қосты. Олай болса, ақын-жыраулар бейнесінің әдеби-тарихи негізінің ұлттық прозада даму, қалыптасу үдерісі қазақ әдебиеттануын жаңа белеске көтерді деп айта аламыз.

ӘДЕБИТТЕР

1. Назарбаев Н. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»// Егемен Қазақстан газеті, 2017 ж., 12.04. №7, 1-бет
2. Байтұрсынов А. Ақжол Алматы, Жалын, 1991. -464
3. Қабдолов З. Сөз өнері Алматы, Санат, 2002. -360
4. Сматаев С. Елім-ай Т.1. Алматы, Алманар, 2009. – 432
5. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея Алматы, Педагогика Пресс, 2000. - 358
6. Сматаев С. Елім-ай Т.2. Алматы, Алманар, 2009. – 496
7. Серікқалиев З. Ақ жол Алматы, Жазушы, 1990. -464
8. Сматаев С. Елім-ай Т.3. Алматы, Алманар, 2009. – 616

ӘОЖ 32.019.51(045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ҰЛТ

Өмірбек БЕКЕЖАН

философия ғылымдарының докторы,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры

Аңдатпа. Мақалада Рухани жаңғыру әлемдік модернизация үдерісінің аясында қарастырылып, жаһандану жағдайындағы ұлттық мәдениеттің болмысын сақтау мәселесі сөз болады. Ұлттың бірегейлігін, мәдениетін сақтауда заманауи ақпараттық технологиялардың маңызы және рөлі айтылып, ұлттық рухани құндылықтарды, мәдени кодты жаңа ақпараттық форматқа көшірудің маңыздылығы қаралады.

Кілт сөздер: модернизация, Рухани жаңғыру, жаһандану, ұлттық құндылықтар, ақпараттық технологиялар.

Адамзат өркениеті дамуының әрбір тарихи уақыт пен кеңістігінде өзіне тән басым болып келетін терминдері мен концепциялары болатыны мәлім. ХХІ ғасырда әлемдік саяси-әлеуметтік лексиконда кең тараған ұғымның бірі – «жаңғыру» (модернизация) сөзі болып отыр. Бұл дискурс әсіресе, жаңа тәуелсіздік алған елдерге кеңінен тарап отыр. Бұл қазіргі әлемдегі мемлекеттер мен ұлттардың ұстанған бағыт-бағдарын, мақсат-мүддесін білдіретін әмбебап терминге айналды. Әрине, ондай ұғым осы заманда пайда болған, жаңа

мемлекеттердің еншісіндегі ұғым емес. Бірішіден, қазіргі еуропада сонау Ренессанс дәуірінен басту алған, сосын XIX-XX ғасырлар бойы жалғасып отырған модернизм және постмодернизм аталып жүрген жаңғырудың осы елдерде өзінше, ұлттық нақышта көрініс табуы. Бұл бүкіл Батыс пен Шығысқа үлгі болған, әлем халқының өз жұртында жаңғыру жүргізу істерінің негізгі моделі, парадигмасы түрінде жүзеге асып отырған негізінен европалық жетістіктер мен ғылымға, технологияға сүйенуден туған кешенді жаңғырулар көші. Тек оған бір елдер ерте бір елдер кеш түсіп жатады. Бізге қай жағынан да жақын, түркі баласының алға ұстар бағыт-бағдары Түркия елі де осы жолға түсіп, Ататүріктің елге жасаған түбегейлі модернизациясының арқасында бүкіл түркі халқынан суырылып алға шықты. XX ғасырда Түркиядан басқа шығыс халықтары да замана көшінен қалмау үшін саяси-мәдени, экономикалық модернизациялар жасады. Ол үшін елді сондай жаңғыруға жұмылдыратын ұлттық идеологияда қалыптасты. Мысалы, Жапонияда ұлттың рухын көтерген, жапон халқының ұлттық идеясы мен ұлттық бірегейлігінің негізіне айналған «Кокутай» доктринасы, Қытайда Дэн Сяопиннің (Компартияның) «төрт негізгі қағидасы» (төрт модернизация), Малайзияда премьер-министр Абдулла Ахмад Бадавидің «Ислам хадари», Индонезияда «Панчашила» (5 қағида), Түркияда Мұстафа Кемалдің «Алты Оқ» концепциялары қабылданды. Бұл жаңғыру реформаларының саяси, діни, мәдени кейбір ерекшеліктері мен сипатына қарамастан өз елдерінің әлемдік қауымдастықтан ойып өз орнын алған заманауи мемлекет болуына үлкен септігін тигізді дей аламыз.

Модернизацияның бағыты мен саласы да көп, жүйелеп, нақтылайтын болсақ, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және т.б, болып кете береді. Біздің елімізде көп жыл бойы экономика мен әлеуметтік-саяси модернизация алдыңғы орынға қойылып келді, яғни, қоғамның базистік, материалдық жаңғыруы мәселесі басым сипат алды. Жас мемлекет үшін оның маңызын да жоққа шығаруға болмайды. Соңғы жылдары, бірінші Президенттің мақаласына орай, рухани жаңғыру да болашақтың негізгі құндылығының бірі ретінде жарияланып, арнайы бағдарлама бойынша кешенді жұмыстар жасалуда екені белгілі. Ғаламдану дәуірінің бір қыры - елдер мен ұлттардың өзін өзі сақтау үшін, заманауи өркениет көшінен қалмау әрекетіне көшуі екені белгілі. Оның өзі осы заманның «жаһандық» сипатына байланысты бола отырып, соған реакция жасау, қарсы тұру, амалы жетсе тайталаса өмір сүріп, өз болмысын, мәдениетін әлемге көрсету, қара үзіп кеткен елдерге ілесу мақсатынан туындайды. Өткен ғасыр бойы бұрынғы бодан, колония елдер өз тәуелсіздігі үшін күресумен болды және ғасырдың аяғында кеңес елдерінің тарауымен деколонизация үрдісі аяқтала келді. Енді ХХІ ғасырда осы және басқа да елдердің алдында тұрған мақсат-барлық жағынан жаңғыру болып табылады. Бұл процестің көптеген қырлары бар екенін естен шығармаған жөн. Мысалы, кейбір ғалымдар, соның ішінде баяғы «Рим клубы» өкілдері және басқа да футуролгтар техногендік өркениет, жаһандық қоғам, әлемдік біртұтас эконмика қалыптасуына байланысты жеке ұлттардың аясы тарылады деген пікір айтқаны белгілі. Осындай пікірлерді атақты А.Печей, Ф.Фукуяма сияқты ойшылдар да айтады. Еуропалық гуманизм ұлт мүддесіне назар аудармайды, ол үшін әрбір ұлттың жеке өкілінің мүддесі жоғары. А.Печей өзінің белгілі кітабында осы туралы айтады, ол жаһандану үрдісінің кең жайылып келе жатқаны туралы алғашқылардың бірі болып айта отырып, адамзаттың болашағы біртұтас глобалдық (жаһандық) қоғамда деп санайды, осыған байланысты дүниеде белең алып бара жатқан ұлттық мемлекеттердің тәуелсіздік алу (ол ұлттық мемлекеттердің суверендігі қағидасы деген ұғым қолданады- Ө.Б.) процесі тоқтау қажет екенін айта келіп аймақтық, субаймақтық және аймақтық одақтар мен коалициялар құрудың арықшылығына назар аударады. Оның ойынша әлемдік көкейтесті мәселелерді тек бірлесіп және ұлттық мүддеден жалпыадамзаттық мүддені жоғары қойғанда ғана шешуге болады. Печей техникалық революцияны тізгіндеу үшін адамның өзі, оның сапасы өзгеру қажет екенін алға тартып бірнеше қағиданы іске асыруды ұсынады:

-негізгі мәні тұтас жеке адам болатын жаңа гуманизм;

-әлемнің бірлігі және адамзаттың тұтастығы;

-ұлттық мемлекеттің суверендігі (егемендігі) қағидасынан бас тарту;

-ұлттық және аймақтық ұзақ мерзімді жоспарларды әлемдік контексте қарау.

Жалпы батыстық зерттеушілердің техногендік қоғам дәуірлеуіне қатысты қазіргі көптеген ұлттар, ұлттық мемлекеттер орнына әлдебір әлемдік ұлт немесе әлемдік ортақ мемлекет, қала берді жаһандық корпоративтік құрылым келеді деген болжам жасауға бейім екенін көреміз. Сондықтан батыс ойының өкілдері қазіргі әлемдік мегақоғам мен ұлттық мемлекеттер бәсекесінде соңғылары жеңілуі мүмкін деген жорамал жасауға тырысады. Міне, осының бәрі әлемдегі ұлттар мен олардың мемлекеттік өмір сүру формасына деген қауіпті көрсетеді. Менің ойымша, Рухани жаңғыру идеясының да осындай жаһандық қауіптердің алдын алу мақсатынан туындап отырғаны сөзсіз. Осындай жағдайда ұлтқа төнер қауіп пен мүмкіндік те қатар туады.

Н.Назарбаев өз мақаласында ұлттық кодты сақтау мәселесін қозғайды. Қазір ғалымдар мәдени кодтың үш кезеңі туралы пікір айтып жүр: 1.дәстүрлі.2. жазбаша (кітаби).3. экрандық. Қазақ мәдениетінде үшеуі де бар. Біз дәстүрлі мәдениеттің озық үлгілерін кітап түрінде жарияладық («Мәдени мұра» бағдарламасы). Ендігі мақсат оларды экрандық үлгіге көшіру. Порталдар, сайттар, роликтер, вайндар арқылы ұлттық дәстүрді вербальді және вербальді емес формаларда беру мүмкіндігі молайып келеді. Олар арқылы ұлттық символды, тұспалды, ишараны, ымды беруге мүмкіндік туып отыр. [1]

Біздің ұлттық жаңғыруымызға кері ықпал етуге тырысатын сыртқы мәдени күштердің барлығын да естен шығармау керек. Алға қарыштап кеткен еуропа немесе АҚШ жолымен кету ме, болмаса әлі де өзіміздің ешкімге ұқсамайтын евразиялық жолымызбен кетеміз деп бұра тартатын Ресейге ілесу керек пе, әлде жалпы түркілік ортақ құндылықтар айналасына шоғырланамыз ба, болмаса ислам дінін ұстануды «арабтану» деп түсінетіндердің жолына ереміз бе, осының бәрі шешуді талап етеді. Егер біз мәдениет жолынан өркениет жолына түсетін болсақ, ол өркениетті біз қалайша түсінуге керек, егер оны Шпенглерше қабылдасақ, онда біз дәстүрді, салтты, рухани жан-дүниемізді материалдық зат-дүниеге саналы түрде алмастырғанымыз болып шығады.

Жаһандану міндетті түрде ұлттық мәдениетке, рухани құндылықтарға инвентаризация (С.Қондыбай сөзімен айтсақ) жасауды мәжбүр етеді (тозығы мен озығын айыру), мысалы келешектің өкілдері, бүгінгі жасөспірімдер мен балалар кейде өз таңдауын жасағандай көрінеді, олар баяғыда-ақ Ертөстікті Бетманға, Алпамысты «өрмекші адамға» ауыстырғандай, солайша, біз, үлкендер орнап жатқан компьютерлік, нарықтық базистік қоғамға қондырма тапқанша, болашақ өз қалауын жасап үлгерді. Сондықтан мақсат, жаһандық бәсекелестікте өз рухани құндылықтарымызды сақтау мен дамыту һәм тарату.

Біз жаңа ақпараттық технологиялар арқылы, заманауи арнайы техникалық әдістермен дайындалған жат ықпалдармен әлі де «кітаби» жолдармен, ауызша үгіт - насихат арқылы қарсы тұрғымыз келеді. Көп жағдайда бұл тиімсіз болып шығып жатады. Ұлттық мәдени мұралар мен салт – дәстүрлік құндылықтарды заманға сай озық технологияларды қолдану арқылы насихаттау ғана балама дүниетанымдық жүйе ретінде белгілі бір табысқа жеткізуі мүмкін. Қазіргі бала білімі аз болса да ақпаратты көп алады, сондықтан басқа елдер мен мәдениеттер туралы молынан хабардар, Америка мен Жапон мәдениетінің шоқтығы неге олар үшін өз мәдениетінен биік деген, жалаң патриоттық күйіну ештеңе әкелмейді, себебі әңгіме мүлдем басқа нәрседе. Әңгіме біз рухани, тарихи тұрғыдан мол әрі терең мәнді санайтын ұлттық мұраларымыздың өзінің формасы жағынан әлі ескі форматта сақталуында, тіпті жазбаша түрінің өзі модернизациялауды қажет етеді, тіпті оларды жаңа дәуірге бейімдеу үшін мазмұндық тұрғыдан да жаңарту жасау, ревизиялау қажет сияқты. Мысалы, Қобланды батырды, Ер төстікті болмаса Қыз Жібекті қазіргі жас ұрпақ өзінің ата-анасы қабылдағандай сезініп, түсіне алмайды. Себебі бұрынғы ұрпақта оларды түсінетін әлдебір архетиптік негіз болды, қарттар, ескі тұрмыстық артефактар, жылқылар, кең дала, қаймағы бұзылмаған ұлттық, образдық тіл- міне осының

бәрі санаға, эмоцияға, қиялға ерекше әсер етті. Қазіргі жастарда оның көбі жоқ, енді ондай атмосфераны тек қана жаңа технология жасай алады. Сондықтан Қобландының заманауи суперменге, ал Ер Төстіктің, Керкұла атты Кендебайдың танымал компьютерлік ойынға айналуы өзімізге байланысты. Ал әлемге өзін көрсетуі ұлттың техникалық, әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуымен байланысты. Бұл ешкім таласа алмайтын қағида, сондықтан кез-келген тәуелсіздік алған ел өзінің тәуелсіздігін шынайы егемендікке айналдыру үшін осыларды қатар дамытуға ұмылады. Бірақ онсызда тәуелсіз болу салыстырмалы болып табылатын заманда рухани және мәдени тәуелсіздік қаншалықты дәрежеде екенін анықтау тағы да көңілге қаяу түсіреді және күмән тудырады. [2]

Жоғары экономикалық жетістік, қарыштаған материалдық даму өзімен өзі рухани биіктіктерге жеткізбейді, себебі немістің немесе жапонның озық технологиясының барлық жерде сапасы бірдей, айырмашылығы бағасында, бірақ неміс елінде немесе жапон еліндегі жасалған фильм болмаса басқа да туынды, басқа да қоғамдық құбылыс басқа ұлт үшін құндылық болмауы мүмкін, міне рухани жағынан сақтық туралы осыны айтуға болады. Өз елінде шыққан бренд аталатын қазіргі ұғымның патриотизм, ұлттық құндылық жағынан орны осында. Сондықтан жоғары технологияларды игере отырып оған рухани нақыш беру, материалдық – техникалық құбылысты ұлттық семиосферамен байланыстыру және ұлттық санада бекіту, тәрбиелік аспектіде ұтымды мемлекеттік іс болып табылады. Бізде өкінішке орай символикалар жүйесінде, әсіресе жастар субмәдениетінде шетелдік белгілердің ролі үлкен және оған қарсы қоятын, жастарды баурап алатын ұлттық дискурстегі белгілер, бұқаралық мәдениеттік деңгейдегі «артезаттар» әлі тапшы.

Осы жағдайда ұлттың бәсекеге лайық болуы, рухани өресі биік болуы өзіне байланысты. Техника, ақпарат құралдары-адамзатқа ортақ, бірақ әрбір халық сол құралдан өзінше пайда көріп, өзінше заманауи көшке ілесуге тырысады. Міне осы жағдайда ұлттық антропологиялық дағдарыс әбден меңдеп кетпес үшін бізге бірнеше ақиқатты қағидаға айналдыру керек сияқты, біріншіден, техноцентрлік өркениетті әлдебір идолға айналдырмау, оның қоғамдағы ролін таза практикалық, құралдық сипаттан жоғары көтермеу, қазіргі ақпараттық-технологиялық жетістіктерді этноцентрлік ұстаным тұрғысынан барынша пайдалану. Екіншіден, ұлттық жанұялық, ағайындық-туыстық құндылықтарды дәріптеу, рулық-аталық генеологияны үзбеу, бірақ рушылдық дертіне ұшыратпау, ұлттық нақыштарды үнемі жарнамалау. Үшіншіден, ұлттық мәдениетті әлемге паш ететін дүниелер жасау, біздің мифологияны, әдеби-мәдени образдарымызды таныту. Төртіншіден, ұлттық бірегейлікті сақтау мен нығайту ұстанымын ұлттық тарихты зерттеудің әдістемелік қағидатына айналдыру. Бесіншіден, осының бәрінің негізі ретінде жағымды, гуманистік этноцентризмді қолдау. Бірақ оның бәрі қазіргі заманауи деңгейде, арнайы эффектілермен өтсе ғана өзінің мақсатына жетеді. Қазақ халқы көңіл-күйдің, терең сырдың, жасырын мұңның, тебіреністің иесі, қазақ та жалпы шығыс халқы сияқты өмірдің өзін сүйеді, сондықтан жалған дүниені прогресс, бәсекелестік, жоғарғы технологиялық жетістіктер үшін сүргісі келмейді. Балалары, жанұя, ар-ұят үшін, басқаның көңілін қалдырмай, аруақтардан қорқып тыныш тіршілік ету үшін өмір сүреді. Бұл әрине жаһандану дәуірінің жан-беріп жан алған аласапыран тіршілігі үшін тым қарапайым қағидалар болуы мүмкін, бірақ қазақтың ұжымдық-туыстық, жанұялық менталитеті үшін ең дұрыс жол. Бізде техника мен технология дамып келеді, ұлтық рухани құндылық пен менталитет әлі сақталуда, бірақ оларға төніп тұрған қауіп те баршылық, сол жағдайды ескере отырып әсіресе мәдениет, рухани салада, тәрбиеде, білім саласында техниканы пайдаланудың әлдебір ұлттық концепциясын жасау міндетті шарт. Әрине, әртүрлі идеялар, теориялар бар, бірақ олардың көбі теория түрінде тамаша болғанымен іс жүзінде іске аспайтын болып шығады. Бұл бағытта бізде әлде жалтақтық көп, әлде посткоммунистік сана әсері қатты, болмаса жаһандану жағдайында ол идеялардың тұзы жеңілдеу болып шығып тұр. Бірақ, менің ойымша техниканы, әсіресе ақпарат, интернет, компьютер құралдарын ұлттық нақышты тарату мен насихаттауға кеңінен қолдануға

болар еді. Мысалы, қазір айтыс өнерінің интернет арқылы кеңінен тарауын осы мүмкіндіктің бір көрінісі деп санаймын. Айтысты дәстүрлі ұлттық код ретінде заманауи ғаламторға салу, олардың үздік жерлерін тарату қазір жастардың да қызығушылығын тудыруда. Қазақта сөз мәдениеті жоғары деңгейде дамыған, ол әуелі ауызша болды, кейін жазбаша болды, мысалы, кешегі кеңес үкіметі кезінде қазақтар көп оқитын халықтың бірі екенін танытты, енді сол рухани жетістік компьютерлік, интернеттік сипат алуы керек, ол үшін жаңа формаға ие болып, халықты, әсіресе жастарды тартуы тиіс. Қазіргі кезде интернетте қазақ тілді сегменттің жақсы дамып келе жатқаны белгілі. Әрине, онда тәрбиелік, шығармашылық, жоғары мәдени (элиталық) нәрселермен қатар арзанқол - «бұқаралық мәдениет» элементтері де баршылық. Бірақ одан да қорқудың көп қажеттігі жоқ сияқты, бұл әсіресе қазіргі ұлттық мәдениеттің жаһандық интернет кеңістігінде қалыптасуы кезінде маңызды рөл атқаруы мүмкін [3]. Себебі, кез-келген мәдениетте бұқаралық міндетті түрде болады, сондықтан ұлттық тілдегі, ұлттық «бұқаралық» элемент дамуы да заңды және тиімді мәдени тенденция. Бұқаралықтың өзі де баяғы «халықтық» мәдениеттің заманауи түрі, М.Бахтин айтқан карнавалдық мәдениет. Егер ол болмаса бұқара оны басқа тілдегі, басқа мәдениеттік материалдармен толтырады. Ал бізге қазір заман талабына сай электрондық, коммуникациялық технологиялар мәдениетіне көшуді үдете жалғастыру қажет болады, сонда біз жаһандану дауылына қарсы тұра аламыз, ұлт ретінде өзімізді сақтаймыз және рухани жаңғырудың заманауи мүмкіндігіне ие боламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2017 жыл.
2. Назарбаев. Н.Ә. Тарих толқынында.-Алматы, 1999. – 296 б.
- 3.Ғабитов Т., Затов. Қ.Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – Алматы, «Қазақ университеті» /Оқу құралы/ 2012, – 382 б.

МАЗМҰНЫ

ПРОФЕССОР Т.ТЕБЕГЕНОВ – ӘДЕБИЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМ	
Қабылов Ә.Д.	4
ЕЛ МЕН ЖЕР ТАРИХЫ – ШЫҒАРМА ӨЗЕГІНДЕ	
Қабылов Ә.Д.	9
ҚАШАҒАН ЖЫРАУ КҮРЖІМАНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ	
Нүрдәулетова Б.И.	14
ФАРИЗА ОҢАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ	
МАҢҒЫСТАУ ТАҚЫРЫБЫ	
Қамарова Н.С.	24
ДАЛА АКАДЕМИГІ	
Қамарова Н.С.	27
МӘШҰҰР-ЖҮСІП ПЕН АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҮНДЕСТІК СИПАТЫ	
Отарова А.Н.	32
НАРМАНБЕТ АҚЫН ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ИДЕЯЛАРЫМЕН	
РУХАНИ БАЙЛАНЫСЫ	
Отарова А.Н.	37
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ	
Жеткізгенова Ә.Т.	42
РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ ҰЛТТЫҚ ТІЛДЕН НӘР АЛАДЫ	
Жеткізгенова Ә.Т.	45
ХАЛЫҚ АҚЫНЫ С.ЖАНҒАБЫЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ	
ҚҰНДЫЛЫҚТАР	
Жеткізгенова Ә.Т.	48
Ж.ТІЛЕПОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ТАРИХИЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
Жеткізгенова Ә.Т.	51
РУХАНИЯТ ӨЗЕГІ: ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ	
Аймуханова А.А., Жеткізгенова Ә.Т.	54
ӨМІР ҚАРАҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕР НЕГІЗІНДЕГІ	
ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КӨРІНІСТЕР	
Жеткізгенова М.Т.	59
ДРАМАТУРГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ШОҚТЫҒЫ БИІК ТУЫНДЫ	
Қаримсакова Б.А.	63
Қ. МЫРЗАЛИЕВ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ СЕРІЛЕР ОБРАЗЫНЫҢ СОМДАЛУЫ	
Қаримсакова Б.А.	66
СӘКЕН ПРОЗАСЫНДАҒЫ «ӘУПІЛДЕК» ӘНІНІҢ ТАРИХЫ	
Қаримсакова Б.А.	69
ӘНШІ МАЙРА УӘЛИҚЫЗЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ	
Қаримсакова Б.А.	72
АҚЫНДАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӘНШІЛЕР БЕЙНЕСІ	
Қаримсакова Б.А.	76
Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ «ӘНШІ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ ӨМІРЕ БЕЙНЕСІ	
Қаримсакова Б.А.	79
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: МАҢҒЫСТАУДЫҢ ДЕЙТҮРКІЛІК МӘДЕНИЕТІ	
Алтыбаева Г.Қ.	82
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: С.ҚОНДЫБАЙ МҰРАЛАРЫ	
Алтыбаева Г.Қ.	85
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ЖАНРЛЫҚ	
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ЛИНГВОТАНЫМДЫҚ МӘНІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ	
Алтыбаева Г.Қ.	90
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: С. ҚОНДЫБАЙ ҚАЗАҚТЫҢ МИФТІК-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ	
МЕКТЕБІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ.	
Алтыбаева Г.Қ.	93
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: С.ҚОНДЫБАЙ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ	
МИФОЛОГЕМАЛАРДЫҢ МИФТІК-ТАНЫМДЫҚ, СИМВОЛДЫҚ СИПАТЫ	
Алтыбаева Г.Қ.	97

ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМҒА СӘЙКЕС «ӘЙЕЛ» КОНЦЕПТІСІ	
Дүйсенова К.Е.....	101
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРДЫҢ САКРАЛЬДЫ МӘНІ	
Дүйсенова К.Е.....	104
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: «АҢШЫЛЫҚ» КОНЦЕПТІСІНДЕГІ ТІЛДІК-ТАНЫМДЫҚ БЕЛГІЛЕР	
Дүйсенова К.Е.....	109
ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЭТНО-МӘДЕНИ СИПАТЫ	
Дүйсенова К.Е.....	113
ФОЛЬКЛОРДАҒЫ ҚАРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ НАНЫМ-СЕНІМДЕР	
Дүйсенова К.Е.....	116
АҚПАҢ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ТӨҢКЕРІСІ КЕЗІНДЕГІ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ	
Исаева Л.Н.....	119
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ПРОЦЕСТЕР	
Исаева Л.Н.....	123
ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ	
Сидешова Р.А.....	127
ХАЛҚЫНЫҢ ҚАМЫҢ ОЙЛАҒАН	
Сидешова Р.А.....	131
ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЁЖИ – ПУТЬ К РАЗВИТИЮ ТОЛЕРАНТНОСТИ	
Дальмуханова Ф.К.....	133
ИРАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
Бекенжанова А.А.....	136
ТӘУЕЛСІЗДІК АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ	
Бекенжанова А.А.....	139
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ТҮЛҒАНЫҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ	
Махметова С.Д.....	142
МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУІ	
Қамиева Г.Б.....	144
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КӨЗҚАРАСТАРЫ	
Қамиева Г.Б.....	148
МАҢҒЫСТАУДА РЕСЕЙЛІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕНГІЗІЛУІ	
Қамиева Г.Б.....	152
МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСТЕРІ ЖӘНЕ САУДАНЫҢ ДАМУЫ (ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)	
Қамиева Г.Б.....	156
ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ДУХОВНОГО И КУЛЬТУРНОГО СБЛИЖЕНИЯ КАЗАХСТАНА И РОССИИ В ХОДЕ ИСТОРИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА В РОМАНЕ «ПЛЕЯДЫ – СОЗВЕЗДИЕ НАДЕЖДЫ» ИЗВЕСТНОГО КАЗАХСКОГО ПИСАТЕЛЯ АБИША КЕКІЛЬБАЕВА	
Бекенжан Ж.Б.....	160
ҰЛТТЫҚ РУХАНИ МҰРАЛАР НЕГІЗІНДЕ САЛАУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ	
Айджанова З.Ж.....	162
ШЕШЕНДІК ДӘСТҮР ЖӘНЕ Ә.КЕКІЛЬБАЕВТІҢ СУРЕТКЕРЛІК ШЕБЕРЛІГІ	
Түзелбай А., ғылыми жетекшісі: Ә.Қабылов.....	165
Ә.КЕКІЛЬБАЕВТЫҢ ТАРИХИ РОМАНДАРЫНДАҒЫ БИ-ШЕШЕНДЕР БЕЙНЕСІ	
Түзелбай А., ғылыми жетекшісі: Ә.Қабылов.....	170
«АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ»: ШЕБЕРЛІК ПЕН ШЕШЕНДІК	
Түзелбай А., ғылыми жетекшісі: Ә.Қабылов.....	176
ШАЙЫРЛАР САБАҚТАСТЫҒЫ (Абай мен Эрсой өлеңдеріндегі үндестік)	
Абыл Б., ғылыми жетекшісі: Ә.Қабылов.....	184

АБАЙ МЕН ЭРСОЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК	
Абыл Б., ғылыми жетекшісі: Ә.Қабылов.....	189
МЫСАЛ ЖАНРЫНЫҢ ТАРИХИ ТАМЫРЛАРЫ	
Урынбасарова Ж.Е.....	194
ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРКЕМ ФОРМАЛАРДЫҢ АРХАИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
Әбілхасанова Б.Б., ғылыми жетекшісі: Қобланов Ж.Т.....	197
ӘНГІМЕ ЖАНРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗДІҢ БЕЙНЕЛЕУІ	
Адайбаев Н.Б., ғылыми жетекшісі: Қобланов Ж.Т.....	201
ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЛИРИКА ЖАНРЫНЫҢ ӨЗІНДІК СИПАТТАРЫ	
Бөлекбаева Қ.М., ғылыми жетекшісі: Қобланов Ж.Т.....	204
АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
Сарбас А.Қ., ғылыми жетекшісі: Қобланов Ж.Т.....	207
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА ҰЛТТЫҚ СИПАТТЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ	
БОЛАШАҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ	
Тасболатова Ф., ғылыми жетекшісі: Жеткізгенова Ә.Т.....	210
БАТА – ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ МҰРА	
Байекеева Р.Б., ғылыми жетекшісі: Қамарова Н.С.....	214
ҚАЗАҚ ЖҰМБАҒЫНЫҢ ТАБИҒАТЫ	
Исамадин Н.А., ғылыми жетекшісі: Қамарова Н.С.....	218
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ	
МӘСЕЛЕЛЕРІ	
Қуатова А., ғылыми жетекшісі: Сапарбайқызы Ш.....	224
ОТБАСЫ – ТӨМЕНГІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК	
ҚАБІЛЕТІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ АЛҒЫШАРТЫ РЕТІНДЕ	
Мухси А.Р., ғылыми жетекшісі: Айджанова З.Ж.....	228
ӘБІШ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЭТНОГРАФИЗМДЕР	
Нұрдәулетова Б.И., Тінікұлова Ж.....	230
ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СӨЗДЕР	
Тиникулова Ж.Н., ғылыми жетекшісі: Нұрдәулетова Б.И.....	234
ҚАЛАЛЫҚ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ІСКЕРЛІК АТАУЛАР	
Абдрахманова Ж.....	236
ТАРИХИ ТУЫНДЫЛАРДАҒЫ ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТТЕРІ	
(С.СМАТАЕВТЫҢ «ЕЛІМ-АЙ» ТРИЛОГИЯСЫ ХАҚЫНДА)	
Аяпова Г.Б.....	241
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ЖАҒАҢДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ҰЛТ	
Өмірбек БЕКЕЖАН.....	246

Пішімі 60x84 1/12

Көлемі 253 бет

Шартты баспа табағы 21

Таралымы 50 дана

Ш.Есенов атындағы КМТИУ

редакциялық-баспа бөлімінде басылып шықты

130003, Ақтау қ., 32 ш/а